Шетелдік және отандық әдебиеттерде ғалымдардың педагогикалық технология ұғымына үш жүзден астам анықтамалар берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасуы мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейінгі кезеңдегі түрліше пікірлер бар. Олар авторлардың білім беру технологиясындағы үдерістің құрылымы мен құраушыларын қалай ұсынатындығына байланысты. Сонда да жалпыға бірдей анықтама жоқ.

«Технология» термині алғаш рет ХХ ғасырдың 1940-50 жылдары пайда болып және ол педагогикалық үдерісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты.

«Технология» ұғымы педагогика өндіріс аясынан енді. В.Дальдің түсіндірме сөздігінде «Технология-техника туралы ғылым. Өнер, білім, іскелік техника іс-әрекет арқылы жүзеге асырылды», - деп түсіндіреді. Технология сөзінің алғашқы мағынасы өнімді өндіру барысында шикізаттың қалпын, күйін өзгерту, жаңарту әдістерінің жиынтығы деген мағынаны білдірген. Егер, осы мағынаны педагогикалық ұғымға аударсақ, технология ұғымы (гректің *techne*-өнер, шеберлік, біліктілік, *logos*-оқу) сөздерінен шығып, маманның білім, біліктігін айқындайтын, сабақ жүргізу барысында іскерлігін көрсететін кәсіптік шеберлігі деген мағынада құлданылып жүр. Педагогика ілімінде технологиялық карта деген ұғым білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Технология түсінігі жайлы С.И.Ожеговтың орыс сөздігінде мынадай түсінік береді.

1. Белгілі бір тәсілмен және белгілі бірзділікпен іске асырылатын іс-әрекет жиынтығы;

2. Қандай да бір өндірістік үдерістерді іске асырудың тәсілдері туралы білімдер жиынтығы.

Педагогикалық сөздікте «Педагогикалық технология-әлеуметті мәдени өлшемді тұлғалық көрініс еркіндігін үйлестіру, әлемге қатынасын қалыптастыру мақсатында қоршаған ортамен дара қарым-қатынас мағынасында балаға педагогтық әсер етудің ғылыми негізделген кәсіби шешімін білдіретін педагогикалық шеберліктің компоненті», - делінген [2].

«Педагогикалық технология оқу үдерісіне белгілі бір мақсат көздей отырып, әсер ететін педагогикалық ықпал», - деп түсіндіреді Б.Т.Лихачев.

«Оқушы мен мұғалімге бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу-үйретім үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі», дейді М.Монахов [3].

Н.Ф.Талызинаның пікірінше: «Оқыту технологиясы- бұл оқу-үйретім үдерісін нақты сипаттаудың, мұғалімге қойылған мақсатқа жетуде басшылыққа алынатынының нақ өзі».

Ал, отандық ғалымымыз Ж. Қараевтың пікірінше, технология дегеніміз-әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық үдерістер кешеннің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана. Оның үстіне қолданылатын әдістер нәтижеге жетуге кепілдік бере алмайды.

«Жоспарланған оқыту нәтижесіне жету үдерісінің сипаттамасы», - деп есептейді И.П.Волков.

Г.К.Селевко педагогикалық технологияның құрылымына төмендегідей бөліктерге бөленді:

а) тұжырымдық негіз,

ә) оқытудың мазмұндық бөлімі:

- Оқытудың нақты және жалпы мақсаттары;

- Оқу материалдарының мазмұны

б) үдерістік бөлім-технологиялық үдеріс:

- Оқу-үйретім үдерісін ұйымдастыру;

- Оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен түрлері

- Мұғалімнің материалды игеру үдерісін басқарудағы іс-әрекеті

- Оқу-үйретім үдерісінің диагностикасын кіргізеді.

М.В.Кларин: «Педагогикалық технология- бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдар мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті»-деген пікір білдіреді.

Мәселені зерттеуші ғалымдардың ойын қорытындасақ, біздің пайымдауымызда, педагогикалық технология- педагогика ғылымын оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдістерін зерттеп қана қоймай, айқындаушы және педагогикалық үдерісті жобалаушы бір бөлшегі деген тұжырым жасауымызға болады. Демек, ол-білім стандартында көзделген

оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтас қызметін бейнелейтін үдеріс [4].

Сонымен, педагогикалық технология ұғымы-тиімді оқыту жүйелерін құрастырумен қатар, оқу-үйретім үдерістерін жобалаумен айналысатын педагогика ғылымының бағыты.

Педагогикалық технология ұғымы мынадай деңгейлерде қолданылады:

Сапалылық ( пәндік): бір пән шеңберіндегі оқыту мен тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы;

Локальдік (модульдік) жеке әрекеттер технологиясы ұғымды қалыптастыру, дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабақ технологиясы, жаңа материалды меңгеру технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы. Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология негізгі әдістемелік талаптарды қанағаттандыру керек:

Тұжырымдық негізінің болуы қандай да бір технология философиялық, педагогикалық, технологиялық, ғылыми тұжырымдамаға негізделуі тиіс;

*Жүйелілігі.* Педагогикалық жүйенің барлық бөліктері логикалық байланыста болуы;

*Басқаруға оңтайлылығы.* Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижеге өңдеу енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді ретімен пайдалану мүмкіндігі;

*Тиімділігі.* Білім беру стандартын міндетті түрде қанағаттандыруы тиіс;

*Қайталауға жарамды.* Басқа ұжымда дәл осы күйде қолдануға мүмкіндіктің мол болуы.

Педагогикалық технологияның даму көзімен құрамдас бөліктері:

- Әлеуметтік өзгеріс және педагогикалық жаңаша ойлау;
- Педагогика, психология, қоғамдық ғылымдар;
- Озат педагогикалық тәжірибелер;
- Отандық, шетелдік тәжірибелерді нысанға алу;
- Этнопедагогика.

Оқу бағдарламаларында барлық пән бойынша білім мазмұнының әзірше бірінші элементіне, яғни білімге үлкен мән берілуде. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік терең өзгерістер білім беруді дамытудың жаңа жолдарын, яғни педагогика ғылымының парадигмасы мен әдістемесін өзгертіді талап етеді. Бұрынғы әдетке айналған оқу-үйретім үдерісінде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, ол өздігінен оқуы керек. Қоғамды гуманизациялау, оқытуды дифференсациялау арқылы оқушылардың екі таңдауына жол ашады. Ал мұғалімнің көңіл аударатын мәселесі-әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Оқушының іс-әрекеті көптеген мінез-құлық параметрлерімен бағаланады. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Оқушылардың өз нәтижелерін бағалай білуге үйренуі аса маңызды. Сонда баға оның жіберген қатесіне берілген жазалау емес, жеткен жетістігіне берілген мадақтау, қызығуымен қажетін көтермелеу құралына айналады.

Алғашқыда педагогикалық технология бойынша зерттеу жұмыстарына рұқсат берілмеді. Әдістемеді мұғалімге барлық пән бойынша дайын тақырыптық жоспарлау беріледі. Оның нәтижесінде мұғалімнің педагогикалық технология саласында білім дайындығының болмауынан көп жағдайда технология мен әдістеме арасындағы айырмашылықты көре алмады.

Осыдан келіп, технологияның дәстүрлі әдістемеден негізгі өзгешеліктері неде?-деген сұрақ туындады.

Әдістеме оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде де, пәнге оқытудың әдістері туралы ғылым ретінде де беріледі. Оқыту әдістемесі оқу-үйрету үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған, бірақ жоспарланған нәтижеге жетуді қамтамасыз етпейді, бұл стандарттау жағдайында жеткіліксіз. Технологияның қажеттігі дәстүрлі мектептен жаңашыл мектепке өту мәселесінің шешімі ретінде туындағаны белгілі. Дәстүрлі педагогика мен әдістеменің дамуы еліміздегі бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыруды жүзеге асыра алмайтынын ғалымдар дәлелдеп отыр. Өз қадамын білім беру жүйелері мен оқу үдерістері

жобалаудың жаңа бағытында әрекет ететін, дәстүрлі педагогика категориялары мен негізгі объектілерін технологияландыру мен параметрлеуден бастаған технологиялық ғасыр басталды деп анық айта аламыз.

Педагогикалық технологияның ерекшеліктері, маңыздылығы, құрылымы тәрізді өзекті ұғымдарына деген бірыңғай көзқарас байқалмайды. Біздің байқауымызша, педагогикалық технологияның білім берудегі бағасы жалпы мойындағанмен, бүгінгі күні дәстүрлі оқу үдерісінде терминнің өзі қолданылмай мектеп мұғалімі пайдаланып жүрген оқытудың дәстүрлі технологиялары бүгінгі күнге дейін болып келеді және әлі де бар. Демек, педагогикалық технологиясының мәртебесі әлі де айқындалған күйде қалуда. Оқу технологиясын оқу әдістемесін ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы-оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу үдерісінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алмауы жиі кездеседі.

#### Әдебиеттер:

- 1.Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиясы. -Алматы, 2010
- 2.Наурызбаева Р. Жеке тұлғаны шығармашылыққа баулу).Қазақстан мектебі 2007
- 3.Омарова Р.С. Білім берудің жаңа прадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруды дидактикалық негіздері. Автореф. п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін. - Түркістан, 2008
- 4.Тәжібаев Т. Қазақстанды педагогикалық ойлар. Отырар энциклапедиясы. –Алматы: Арыс баспасы, 2005

УДК: 272.112.2

### ИНТЕРАКТИВНЫЙ ПОДХОД К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В СТАРШИХ КЛАССАХ В СРЕДНЕЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Акилбекова Г.А.

Магистрант образовательной программы 7М01702 Подготовка педагогов иностранного языка: два иностранных языка, университет имени Жумабека Ахметулы Ташенева

*Түйіндеме.* Мақалада жоғары сыныптарда шет тілі сабақтарында интерактивті әдісті қолданудың маңыздылығы теориялық негізделеді және мектептегі практикалық эксперименттің көмегімен осы әдістің тиімділігі дәлелденеді.

*Түйінді сөздер:* интерактивті тәсіл, байланыс, лингводидактика, интерактивті қызмет

*Resume.* The article theoretically substantiates the importance of using the interactive method in foreign language lessons in high school and proves the effectiveness of this method with the help of a practical experiment at school.

*Keywords:* interactive approach, communication, linguodidactics, interactive activity

На современном этапе развития методики преподавания иностранных языков наблюдается тенденция к переходу от коммуникативного подхода к его разновидности – интерактивному подходу. В то же время методисты все еще не выработали однозначного понимания понятия «интерактивный подход». К. Роджерс и некоторые другие зарубежные авторы полагают, что интерактивный подход можно отождествлять с коммуникативным подходом, полагая при этом, что «интерактивная модель овладения иностранным языком предполагает, что обучение происходит в процессе участия в языковых актах» [1].

Т. С. Панина придерживается иного мнения, согласно которому «основное внимание при коммуникативно-интерактивном подходе должно уделяться непосредственно процессу коммуникации и учебной ситуации», в то время как коммуникативное обучение учитывает именно коммуникативные функции языка.

М. Л. Вайсбурд считает, что интерактивный подход – это перспективное направление в современной методике и лингводидактике и отводит интерактивному взаимодействию всех участников образовательного процесса роль фактора, направленного на повышение эффективности обучения общению на иностранном языке [2]. Г.Д. Браун определяет интерактивность как «объединение, координацию и взаимодополнение коммуникативной цели и результата при помощи речевых средств». Другими словами, интерактивность способствует усилению коммуникативного результата взаимодействия учащихся на уроках иностранного языка.

Исходя из определения Р. П. Мильруда, мы заключаем, что интерактивный подход представляет собой средство достижения коммуникативной цели на уроках английского языка, при этом он отличается от принципа коммуникативности тем, что при интерактивном подходе на самом деле наблюдается сотрудничество учащихся, а основная нагрузка ложится на развитие умений коммуникации и интеракции при групповой работе. На основании вышеизложенного мы приходим к выводу, что в широком смысле понятие «интерактивность» является одним из основных принципов обучения. При этом ведущими признаками и инструментами интерактивного взаимодействия являются полилог, диалог, мыследеятельность, смысловторчество, межсубъектные отношения, свобода выбора, ситуация успеха, позитивность и оптимистичность оценивания, рефлексия и др., т.е. можно говорить о том, что интерактивность в обучении предполагает способность взаимодействовать или находиться в режиме диалога.

При интерактивном взаимодействии на уроках английского языка исключается доминирование одного участника общения над другим. Такой подход позволяет научить учащихся критическому мышлению, решению сложных языковых проблем при помощи анализа обстоятельств и соответствующей информации, взвешиванию предлагаемого мнения, принятию взвешенных и продуманных решений, участию в дискуссиях, обсуждения и уважительному общению друг с другом. Для этого на уроках необходимо организовать индивидуальную, парную и групповую работу, использовать исследовательские проекты, ролевые игры, творческие работы и др. как варианты проведения уроков.

Таким образом, интерактивный подход при обучении иностранным языкам в целом и английскому языку в частности включает активное взаимодействие всех учащихся группы, в процессе которого наблюдается взаимообогащающий обмен аутентичной личностно значимой информацией на иностранном языке, при этом приобретаются умения межличностного общения. Отметим, что важным является не только научить старшеклассников обмениваться информацией на английском языке, но и научить самому процессу общения, умению слушать и слышать других участников общения, умению логично и аргументировано выражать свои мысли в устной или письменной форме, уважительно принимать чужую точку зрения.

Основными методическими принципами интерактивного подхода к обучению английскому языку являются следующие:

- 1) общение на английском языке для получения и продуцирования аутентичной информации, которая является интересной и важной для всех учащихся группы;
- 2) совместная деятельность, в которой присутствует взаимосвязь говорящего, слушающего и ситуативного контекста;
- 3) изменение традиционной роли учителя в процессе обучения, которое заключается в демократическом стиле общения;
- 4) рефлексивность обучения, сознательное и критическое осмысление действий, мотивов, качества и результатов как учителем, так и учащимися [3].

Отметим также, что на эффективность процесса обучения английскому языку при интерактивном подходе влияет реализация нижеприведенных принципов:

- 1) комплексный подход к процессу обучения с учетом коммуникативно - ситуативного подхода;
- 2) интерактивность;
- 3) дифференцированный подход;
- 4) учет индивидуальных особенностей учащихся;
- 5) вариативность режима работы на уроке;
- 6) проблемность (как в процессе организации учебных материалов, так и при организации самого учебного процесса).

Мы полагаем, что вышеизложенные принципы интерактивного подхода должны составлять теоретическую основу для проведения уроков по иностранному языку в старших классах. Интересным представляется опыт обучения взаимодействию на иностранном языке на основе интерактивного подхода, предложенного Л. К. Гейхман. Так, модель интерактивного обучения общению является двухфазным образованием, в котором на первой фазе при помощи общения осуществляется обучение взаимодействию, в результате чего наблюдается групповая динамика, приводящая к развитию толерантности и формирующая умение сотрудничать. На второй фазе происходит целенаправленное обучение непосредственно общению как развиваемому на основе сформированного взаимодействия специально фиксированному 14 объекту. Отметим, что общение на данной фазе представляет собой прежде всего цель, а не средство обучения [4].

На основании вышеизложенного материала мы можем заключить, что интерактивное обучение сводится к следующему: - обучение общению в процессе общения и посредством общения; - обучение общению в процессе взаимодействия, которое осуществляется посредством общения и на его основе; - общение как самостоятельная цель обучения с учетом ранее сформированного сотрудничества. Интерактивное обучение общению приводит к тому, что учащиеся старших классов не только изучают язык, но и вырабатывают умения сотрудничать. Продуктивность данного умения наблюдается за счет изменений стратегий взаимодействия, включенности учащихся во взаимодействие на уроках английского языка и характера взаимодействия в учебной группе. Обратим внимание, что коммуникативная компетентность характеризуется изменением стиля общения, пониманием и преодолением барьеров общения, характером решений коммуникативных задач толерантностью, принятием мнения других участников общения, что, в свою очередь, приводит к полноте и адекватности общения в самых разнообразных жизненных ситуациях.

Мы полагаем, что предложенная выше модель интерактивного обучения общению на английском языке позволяет реализовать не только переход от педагогического воздействия к педагогическому взаимодействию, но и перевести учащихся из объектной в субъектную позицию. Успех интерактивного обучения зависит только от учителя, от его способности мотивировать учащихся и создать условия для интерактивного процесса получения знаний. Педагогическая деятельность в процессе интерактивного обучения носит характер специфической индивидуальной (авторской) деятельности учителя по координации учебной деятельности учащихся и ее практическому применению в конкретной предметной области, ориентируясь на организацию спонтанного взаимодействия учащихся. Как известно, в последние годы учителя английского языка в России получили значительную самостоятельность при выборе средств и методов обучения. Это, в свою очередь, привело к тому, что учителя начали чаще использовать лично ориентированные методики, при реализации которых учащиеся чувствуют себя комфортно и свободно, происходит стимуляция интересов учащихся, у них развивается желание пользоваться иностранным языком в жизни. Все это возможно только при учете реальных потребностей учащихся.

Описанные выше критерии могут быть реализованы только при правильном использовании интерактивных форм и методов обучения на уроках английского языка. Данные критерии позволяют наладить межличностное взаимодействие при помощи

внешнего диалога в процессе обучения. Учащиеся в группе вынуждены вступать в межличностные взаимоотношения, при этом успешность учебной деятельности полностью зависит от их включенности в работу, именно поэтому правильная организация взаимодействия со стороны учителя является весомым фактором повышения эффективности обучения иностранному языку в целом. Основу интерактивного обучения составляет интерактивный подход, который предполагает взаимодействие всех учащихся в группе. Так, интерактивное обучение представляет собой это специальную форму организации познавательной деятельности учащихся, которая включает весьма конкретные цели, сводящиеся к созданию комфортных условий обучения, т.е. таких условий, при которых учащиеся чувствуют собственный успех и интеллектуальную состоятельность, что делает процесс обучения иностранному языку продуктивным.

Суть интерактивного обучения английскому языку сводится к тому, что весь учебный процесс организован таким образом, что все учащиеся группы оказываются включенными в процесс познания, понимают и рефлектируют по поводу того, что они знают и думают. Совместная деятельность учащихся в процессе освоения учебного материала приводит к тому, что каждый вносит собственный индивидуальный вклад, происходит обмен знаниями, идеями, способами деятельности. При этом на уроке царит атмосфера доброжелательности и взаимоподдержки, что позволяет не только получать новые знания, но и развивать познавательную деятельность. Кроме того, интерактивное обучение основывается на прямом взаимодействии учащихся, каждый из которых имеет определенный жизненный опыт, что является особенно важным, т.к. большинство интерактивных упражнений учитывает опыт самих учащихся, причем не только по английскому языку, но и по другим предметам. Получаемые знания и умения формируются на основе предыдущего опыта. Соответственно, интерактивная деятельность на уроках английского языка включает в себя организацию и развитие диалогового общения, приводящего к взаимопониманию, взаимодействию, совместному решению общих значимых для каждого учащегося проблем.

Таким образом, интерактивное обучение является обучением, построенным на взаимодействии учащихся с учебным окружением и средой, служащей областью получаемого опыта. Учащиеся становятся полноправными участниками учебного процесса, их опыт является основным источником учебного познания. Учитель не дает готовых знаний, а побуждает учащихся к самостоятельному поиску. Сравнивая интерактивное обучение с традиционным, можно заметить, что при интерактивном подходе изменяется взаимодействие учителя и учащихся, которое заключается в том, что активность учителя уступает место активности учащихся, а задача учителя сводится к созданию условий для проявления инициативы учащимися.

#### **Литература:**

1. Андреев А. Л. Компетентностная парадигма в образовании: опыт философско-методологического анализа / А. Л. Андреев // Педагогика. 2005. № 4. С. 19–27.
2. Баукина С. А. Обучение коммуникативной тактике делового общения студентов экономического профиля (нем. яз., неязык. вуз): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / С. А. Баукина. Саранск, 1999. 169 с.
3. Бим И. Л. Личностно ориентированный подход – основная стратегия обновленной школы. Иностранные языки в школе. М.: Просвещение, 2002. 214 с.
4. Буева Л. П. Человек: деятельность и общение. М.: Мысль, 2008. 216 с.

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН НЕГІЗДЕУ

Джурабоева А.М.

7М01301- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев университеті

**Резюме.** В статье обосновываются психолого-педагогические особенности использования дидактических игр на уроках казахского языка в начальной школе.

**Ключевые слова:** обучение, воспитание, дидактические игры, начальное образование, общество

**Summary.** Methods and features of the use of didactic games in the lessons of the Kazakh language in primary school are based on psychological and pedagogical aspects.

**Key words:** training, education, didactic games, primary education, society

Оқыту мен тәрбие құралы болып табылатын ойынның көп ғасырлық тарихына үңілсек, ол туралы алғашқы пікірлер ежелгі грек философтары Платон мен Аристотель еңбектерінен бастау алатынын көруге болады. Бұл еңбектерден дидактикалық ойындар бұрын оқыту процесінде белгілі бір жүйесіз пайдаланылғанын байқаймыз.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде дидактикалық ойындардың маңызды роль атқаратынын Я.А.Коменский, Д.Ж.Локк, Ж.Ж.Руссо өз еңбектерінде ерекше атап өтті.

Я.А.Коменский (1592-1670) ойынды баланың қозғалуына табиғи қажеттілік ретінде қарастырды. Ол балаларға ойнау үшін көмектесіп отыру қажеттігін, олардың іс-әрекетін бақылау керектігін ерекше атап көрсетті: «Бала неғұрлым көп әрекет етсе, жүгірсе, жұмыс істесе, соғұрлым ол жақсы ұйықтайды, жақсы тамақтанады, тез өседі, денсаулығы мықты болып, дене ой дамуы жақсы жүреді; бірақ ол үшін баланы үнемі қорғап отыру қажет».

Я.А.Коменский ойынның еңбекпен байланысы жөніндегі күрделі педагогикалық проблеманы шешуге тырысты, сондықтан оның көзқарастары бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ. Ол «ойынды біз баланың рухани және дене дамуы қозғалысынан көреміз, сондықтан оларды саналы түрде пайда келтіретіндей етіп, жүргізуіміз қажет», - деп атап көрсетті.

Дж.Локк балалардың еркіндікке, бостандыққа ынталы келетіндігімен санасуды талап етті. Бұл мәселеде ол кейін Ж.Ж.Руссо дамытқан еркіндік тәрбие ұғымының негізін сала бастады.

Оқытудың әдістері мен құралдары жөнінде мәселелерді қарастырған да Дж.Локк та, Ж.Ж.Руссо да ең бірінші орынға баланың ойлануын тәрбиелеуді ойын арқылы жүзеге асыруды қойды.

Неміс педагогикасының көрнекті өкілі Ф.Фребель дидактикалық ойындардың негізін салушы болып есептелінеді, ол қимыл-қозғалыс ойындарының, құрылыс дағдыларымен еңбек ету қабілеттерін дамытуға бағытталған дидактикалық жаттығулардың жүйесін жасады. Бірақ Ф.Фребель ойындарының мазмұны баланың ой-өрісі мен қиялын дамытуды шектеді [1].

Жастардың болашаққа деген бағыт бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі. Мемлекетіміз осының бәрін ескеріп білім беру жүйесін дамытуға, оның дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне аса мән беруде. Білім беру, тәрбиелеу және балалардың ой-өрісі қабілетінің дамуы бұл сабақтың алға қояр мақсаты болып табылады.

Өмір сүру үшін білімді меңгерудің маңызды екендігі жайлы ғұлама бабаларымыз Әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, М.Х.Дулати, Ж.Баласағұн тамаша өсиеттер қалдырған.



Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Т.Тәжібаев т.б. ал ертедегі ұлы ойшылдар Ж.Ж.Руссо, И.Г.Пестолоции, ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген [3].

Бастауыш сынып оқушыларының негізгі әрекеті – оқу, қарым-қатынас ойын және еңбек болса, бұлардың әрқайсысы негізгі функцияларды атқарып, баланы дамытады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл құқығына көтерілуі, Білім туралы, Жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды көздейді.

Бүгінгі күн талабына орай тәрбиенің мазмұнын, мақсатын, қағидаларын, міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі өзгертуде дидактикалық ойындарды пайдаланудың маңызы зор.

Ойындардың маңызы баяғы заманнан бері жойылған жоқ. Ойындар ойлау қабілетін, логиканы т.б. дамытады. Ойындар әсіресе кішкентай балалардың дамуына көп көмек көрсетеді.

Алғашқы ойындар біздің заманымызға дейінгі мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Ол ойындар өте қарапайым болған. Бірақ сол кезеңде Үндістан жерінде өте қызық, әрі күрделі шахмат ойыны пайда болады. Аңыз бойынша бұл ойынды шах бұйрығы бойынша шах сарайының бір ғалымы ойлап тапқан екен. Шахқа ойынның ұнағаны сонша, ол өзінің көмекшілеріне ғалымға өзі қалаған сыйлықты тарту етіндер деген екен. Ғалым сыйлық ретінде оған шахмат тақтасындағы шаршылар санындай бидай дәнін беруін сұраған. Бірақ бидай саны былай саналуы керек болды: Әрбір келесі шаршыға оның алдындағы шаршының квадраты көбейтілуі қажет еді. Шах болса, бұл бір екі-үш қап бидай болар, неге алтын сұрамаған деп таң қалып кетіп қалады. Ертеңгісін көмекшілерін шақырып, ғалымға бидайын бергендігін сұрайды. Бірақ көмекшілері әлі бидай санын санап бітпегенін айтады. Шах ашуланып, ғалымды өзіне шақыртады. Ғалым шахқа егер ол өзінің бүкіл жеріне бидай егіп тастаса да, тіпті бүкіл жер шарын бидай алқабына айналдырса да керек бидай санын жинай алмайтынын айтады. Шах ғалымның даналығына риза болып, оны дұрыстап марапаттауын бұйырады. Міне, аңыз бойынша шахмат ойынының тарихы осындай.

Қоғамымыздың іргесін, білімін нығайту мақсатында ең алдымен сабақта дидактикалық ойындардың ерекшелігі мен тәрбиелік мәні бар оның негізгі мақсаты - баланы ойлауға, ізденуге, шығармашылық жұмыспен айналысуға, өз бетінше ізденуге баулу болып табылады.

Оның бүгінгі танда ұрпақ тәрбиесінде негізге алынуы-егеменді еліміздің мүддесі, халқымыздың болашағы.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес бастауыш мектеп білімінің дидактикалық ойын түрлерін жаңа тұрғыда дамыту, жетілдіру - педагогика ғылымының кезекті міндеті болып табылады.

Осыған орай бастауыш білімінің мазмұнын, білім беру жүйесіндегі орнын, оқы-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұймыдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің жолдарын білу керек.

Оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойынды қолдану барысында әр баланың бойында жеке басының ерекшелігін есепке алуы тиіс.

Қазіргі үздіксіз тасқындаған ақпарат тасқынынан оқушыларды ұлттық сана сезімде, төл халқының өзіндік әдет-ғұрпын, мәдениеті мен әдебиетін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелейтін деректерді оқыту үрдісіне енгізу әрбір қазақ тілі мұғалімінің міндеті болуы шарт. Өйткені қазақ тілі сабақтарында оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы халық педагогикасының алтын қазынасымен, кәусар бұлағымен сусындатуға болады.

Сондықтан қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгерту барысында шәкірттердің санасына ұлттық рухты сіңіру, өз халқының өткеніне мақтанышпен қарау сезімдерін ояту керек. Бұл оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің жетілуіне негіз бола алады.

Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр түрлі. Ең бастысы - әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу.

Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, дидактикалық ойын барысын да байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасы артып, еңбексүйгіштік білімге құштарлық қасиеттері қалыптасады.

Мұғалім оқушыларды дидактикалық ойынды ұйымдастырып, үйрету, қалыптастыру үшін, ең алдымен олардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек.

Балалар психологиясы психикалық дамудың негізгі компоненттерін зерттейді. Психологияда дамудың мынандай ерекшелігі бар:

1. Кіші мектеп жасындағы баланың бойындағы психикалық процестер. Олар мыналар: зейін, қабылдау, қиялдау, есте қалдыру, ойлау, сөйлеу, сезімдер.

Осындай психикалық процестер кіші мектеп жасындағы баланың бойында болуын, өзгеріп жетілуін қарастырады.

Бала мұндай ерекшелік пен іс-әрекетті қимыл жасау процесінде, дидактикалық ойын барысында шешеді.

Сонымен бастауыш сынып оқушыларының психологиялық психикалық дамуды, заңдылықтарды, іс-әрекеттің дамуын, жеке басының қалыптасуын зерттейді.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиясын білу, оқыту, тәрбиелеу практикасында жақсы байқауға болады.

Оқушының психикалық даму ерекшелігі-ойлауында, ақыл-ойында, ынтасында, қабылдауында оқу-тәрбие процесі кезінде негізгі ерекшелік болып табылады.

2. Балалар психологиясы бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуын зерттейді.

Бастауыш сынып оқушыларын зерттеудің негізгі әдістері мыналар:

1. Бақылау. 2. Эксперимент әдістері

Мұғалім оқушының дидактикалық ойын барысында мінез-құлқын табиғи жағдайда мақсат қоя отырып зерттейді.

Мұғалімнің бақылау процесінде-зерттеуші оқушы мінез-құлқындағы сыртқы белгілерді ғана қадағалайды.

Мысалы: Оқушының іс-әрекетін, сөйлеген сөздерін, мәнерлі қимылын.

Бұл жағдайда мұғалім бақылаудың екі түрін қолданғаны жөн.

1. Жаппай бақылау

2. Ішінара бақылау

Зерттеуші жаппай бақылауда - баланың мінез-құлқының көп жағын қамтып жүреді.

Жаппай бақылау - оқушының психикалық даму заңдылығын анықтау үшін фактілер негізінде жүргізіледі.

Ішінара бақылаудың жаппай бақылаудан айырмашылығы-оқушының мінез-құлқының бір жағы немесе бір мезгілдегі мінез-құлқы алынады, зерттелінеді.

Мысалы: баланың ойын кезінде, тамақтануы кезінде т.б. Ч.Дарвин, А.Н.Гвоздов сияқты мамандар өз ұлдарына ішінара бақылаулар жүргізіп арнайы қорытынды бойынша бақылаулар жүргізген.

Көп жағдайда балаға эксперименттер мектепте, сабақ үстінде, ойын, дидактикалық ойын барысында өткізіледі.

Бастауыш сынып оқушылары өздерін қызықтыратын іс-әрекеттермен айналысады. Іс-әрекеттің түрі оны атқаруға және жетілдіруге қажетті қимылдарды психикалық сапаны игеруге көмектеседі.

### **Әдебиеттер:**

1. Сағымбекова П «Ойыннан оқуға» // Б.М – 1991 №7 33-34-бет
2. Қайырбеков М. Ойын, оның педагогикалық маңызы және жаңа модульдік технологияда алатын орны. Ізденіс, №4, 2002 – 228б
3. Беркінбаева Ш.К., Құсайынов А.Қ Педагогика Алматы 2007ж. 75б.
4. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е., Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. Алматы. 2003 - 81-85б

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Аппазова Г.С.

7M01301- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев университеті

***Резюме.** В статье обосновывается с теоретико-экспериментальной точки зрения определение педагогических условий формирования готовности будущего учителя к профессиональному саморазвитию.*

***Ключевые слова:** профессиональные знания, педагогическое общение, инновационное образование, конкурентоспособность*

***Summary.** The article provides a theoretical and experimental basis for determining the pedagogical conditions for the formation of the readiness of the future teacher for professional self-development.*

***Key words:** professional knowledge, pedagogical communication, innovative education, competitiveness*

Мектепте білім беруді жаңғырту міндеттерін іс-жүзіне асырудың маңызды факторы – мұғалімдердің өзіндік кәсіби дамуға деген бағытталғандығы. Педагогикалық мамандықтардың студенттері нарық заманында еңбек рыногында бәсеке қабілетті маман бірінші кезекте кәсіби дайындық деңгейі жоғары болуы, сонымен бірге өзін-өзі кәсіби және тұлғалық дамытуға дағдыланған болуы керектігін жақсы пайымдаған болуы тиіс.

Білім берудің жаңалықтарға толы, икемді даму жағдайларында болашақ мұғалім өзін-өзі дамытудың мынандай дағдылары мен икемділіктерін меңгерген болуы керек:

- кәсіби білімдері мен икемділіктер жүйесін меңгерген болуы;
- педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын;
- инновациялық білім беру жағдайларына тез бейімделетін болуы;
- кәсіби ұтқыр маман болуы.

Дегенмен, бәсекеге қабілеттілік, оны сақтап тұру және дамыту өзіндік білім алу мен өзіндік даму икемділіктерісіз қалыптасуы да, дамуы да мүмкін емес. Сол себепті, жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлауда студенттерді кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлығын қалыптастыру арнаулы назар аударылатын мәселе болуы қажет.

Педагогтардың кәсіби өзін-өзі дамытуы олардың педагогтық қызметті жүзеге асырудағы қалыптасқан кәсіби бағыттылығын, кәсіби өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін, рефлексивті ептіліктерін дамығандығын қажеттейді.

Жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары оқу жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендерін жүйелі талдау нәтижесінде қазіргі таңда оқу-жоспарлау құжаттарда болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуы мәселесі әлі де жеткілікті көрініс таппай отырғандығын анықтауымызға мүмкіндік береді. Педагогикалық мамандықтардың оқу-әдістемелік кешендерінде болашақ маманды кәсіби өзін-өзі дамытуға бағыттаудың айқын көрініс таппай отырғандығы байқалады. Дер кезінде студенттің бүкіл жоғары оқу орнында білім алу кезінде кәсіби өзіндік дамуының жеке-дара ерекшеліктері ескерілмеген. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өзіндік дамуы отандық педагогикалық зерттеулерде жан-жақты зерттелінмеген. Отандық және ресейлік ғалымдардың осы бағыттағы диссертациялық жұмыстары мен мақалалары жарық көрген [1].

Атап айтқанда, тұлғаның өзіндік даму мәселелері философиялық, әсіресе психологиялық еңбектерде көбірек қарастырылған. Педагогикалық тұрғыдан болашақ мұғалімнің кәсіби өзіндік даму мәселелерінің зерттелінмеген аспектілері көп.

Жоғары оқу орындарында педагогтардың басым көпшілігі студенттерді өзіндік дамуға дайындауға қазіргі жаңа білім беру тұғырларының өзі жеткілікті деп есептейді. Кредиттік

оқу жүйесі студентті кәсіби білімдерді өзіндік игеруге, ал өзіндік білім алу тәсілдерін өзіндік оқу жұмыстарын орындау жолымен меңгеруге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындары педагогикасы адамның кәсіби дамуын жеделдетудың құралдарын әзірлеуге ерекше назар аударуда. Бірақ, педагогикалық зерттеу жұмыстарында кәсіби дамуға даярлау студенттің болашақ кәсіби қызмет жағдайларын модельдейтін, оқу жағдайларда жүзеге асырылады. Студенттерде кәсіби маңызды тұлғалық сапаларды қалыптастырудың шарты ретінде өзіндік кәсіби даму туралы түсініктерді қалыптастыру, жалпылай түсініктермен қарапайым икемділіктерді қалыптастыру шеңберінен әрі отпей отыр.

Тұлғаның өзіндік дамуының маңыздылығы оның түзетуші қызметімен анықталады. Студент өзінің айналадағы шындықтың әр түрлі тараптарына субъективті қатынасына қарай шешімдер қабылдайды. Бұл салаға өзіне әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретіндегі қатынасы да жатады. Маманның кемелділік дәрежесі өзіндік шешімдер қабылдау және күрделі жағдайларда саналы түрде таңдау жасаумен анықталады. «Психолог-ғалымдар кәсіпті өзіндік таңдаған, қалыптасқан қатынастар мен құндылықтар жүйесі негізінде, жұмыс жағдайларына жылдам және жеңіл бейімделеді», - деген тұжырым жасайды [2].

Студенттің тұлғалық өзіндік дамуы және оған байланысты педагогтың өзіндік даму мәселесі жоғары педагогикалық білім беру жүйесі оқу-тәрбие үдерісін ізгілендірудің факторы, шарты, құралы мен критерийсі болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында рухани-адамгершілік ортасын жасайтын барлық нәрселер кәсіби білім берудің құралы болып табылады. Студент тұлғасын кәсіби дамытатын, жоғары оқу орнында рухани-адамгершілік ортасын қалыптастыратын факторлар ретінде мыналарды атап өтуге болады:

- студенттер арасындағы қарым-қатынастың сипаты;
- оқыту үдерісінде педагогикалық қарым-қатынас және өзара әрекеттесудің стилі;
- біріккен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- оқытушылар мен студенттердің бейресми қарым-қатынастары.

Егерде жоғары оқу орнында бұл қатнастардың бәрінің руханилығы сақталынса, онда мұндай қатынастар студенттер мен оқытушылардың тұлғалық-кәсіби дамуының маңызды факторына айналады. Білім беру үдерісі субъектілерінің белсенді тұлғалық өзіндік дамуы бұл жағдайда жоғары педагогикалық оқу орнының дамығандығы өлшеміне айналады.

Студенттердің өзіндік дамуы үдерісін қамтамасыз ету жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үдерісінің маңызды элементі болып табылады. Өзіндік даму дегеніміз, тұлғаның өзіндік адамгершілік, зияткерлік және әлеуметтік қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өзінің дене, психикалық және рухани күштерін өзін тұтас тұлға идеалының бейнесі дәрежесіне дейін саналы, сапалы және артқа қайтпайтындай өзгертуі.

Өзіндік даму – тұлғаның өз бетінше, тұтас, құндылықтарға бағдарланған өзін-өзі үздіксіз өзгертуі және жеке-дара тәжірибесін ішкі «Мен» бейнесіне, өзекті әлеуметтік күтулеріне сәйкес байытуы. Өзіндік даму адамның өзін өзгертуге, мұндай өзгерулердің құралдарын меңгеруге ұмтылысы.

Кәсіби өзіндік даму мәселесінің негізгі идеясы – бұл тұлға дамуының іс-әрекет пен анықталуы. Сол себепті көптеген зерттеу жұмыстарында адам оның өзі айналысатын кәсіпке сәкестігі және ондағы қызметінің табыстылығы жағынан зерттелінеді. Кәсіби өзіндік даму тұлғалық даму мен кәсіпқойлықтың бірлігі нәтижесімен ғана мүмкін.

*Кәсіби дамудың мазмұндық сипаттамаларына мыналар жатады:*

- кәсіби өзіндік сана-сезім, өзін кәсіпқой адам ретінде қабылдау;
- ұдайы өзін-өзі анықтау;
- кәсіби қабілеттерді өзіндік дамыту;
- өз дамыун, кәсіби дамудың өзіндік стратегиясын жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру [3].

Кәсіби өзін-өзі дамытудың әртүрлі тұжырымдамаларын талдау арқылы өзіндік дамудың мәнін анықтаудың екі негізгі тұғыры анықталды. Олардың бірі – тұлғаның дамуы

және өзіндік дамуымен байланысты, екіншісі адамның кәсіби қызметтің белгілі бір жүйесіне кіруімен анықталады.

Бұл екі тұғырды бірлестіруші – адамның жеке-дара ерекшеліктерінің және әлуметтік-мәдени ортаның өзара әсерлесуі, тұлғалық даму мен кәсіби қалыптасуының тәуелділігі туралы тұжырым.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың педагогикалық шарттары ретінде психолог және педагог ғалымдар өзіндік білім алуды атап көрсетеді. Өзіндік білім алу өзіндік дамудың негізі болып табылады. Кәсіби өзіндік білім алу педагогикалық ынтымақтастық принциптері, рефлексивтік қабілеттерді дамытуға бағытталған өзіндік даму әдістерікөмегімен жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық біліктілігін қалыптастырудың жоғарыда аталған шарттарын анықтау педагогикалық қызметтің сипатының өзгеруі орын алатын жағдайға негізделген. Мынандай кәсіби әлеуеттерде орын алады:

- педагогикалық қызметтің білімді-бағытталған парадигмасынан жеке тұлғаға бағытталған парадигмасына көшуде;

- педагогикалық ынтымақтастық үдерісіндегі психологиялық мәдениеттің қалыптасуында;

- педагогикалық іс-әрекеттің ғылымды қажетсінуіне, инновацияға сұраныстарының артуында;

- педагогикалық іс-әрекеттің іргелі зерттеулермен өзара байланысында болуы [4].

Болашақ мұғалімнің өзін-өзі дамытуы қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын қарастырамыз. Қазіргі педагогика ғылымы, іргелі пәндік білімдер мен заманауи педагогикалық технологияларға негізделе отырып, педагогикалық білім берудің мазмұнына, деңгейіне, сапасына ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орнының оқу үрдісіндегі болашақ мұғалімнің кәсіби біліктілігінің қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарының ең бастысы ретінде мына тұжырымды атап өтуге болады:

Өзін-өзі дамытуға қабілетті субъектілі жеке тұлғаны дамыту бірінші кезекте студенттердің өзіндік дамуға деген мотивациясымен айқындалады.

Кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесіндегі педагогикалық үдерістердің ерекшелігін студенттердің олардың жоғары оқу орнында болу кезеңінің саналы әрекет технологиясын иеленумен жетектелетінінен тұратын білім субъектілері ретіндегі ерекшелігі құрайтынына негізделген.

Білім субъектісі ретінде студенттің қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуі үдерісі тұрақты іске асады, оның нәтижесі сананың өзгеруі болып табылады. Соның өзінде жеке тұлғаның дамуы және іс-әрекеттегі қажеттіліктің туындауы, іс-әрекет үдерісі мен нәтижесіне қанағаттану сезіміне жеке тұлғаның қол жеткізуімен, қиындықтарды бастан кешіруге талпыныстың болуымен, ауыр міндеттерді шешудің сәттілігімен, іс-әрекет үдерісінде өз мүмкіндіктерін көрсетуді қалауымен байланысты болады.

#### **Әдебиеттер:**

1.Ахмедова А.М. Педагогические условия профессионального саморазвития личности будущего учителя// Дисс. ...канд.пед.наук.- Махачкала, 2007.-169 с.

2. Жақсыбаева А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // Молодой ученый, 2014.- №1-2. - С. 55-57.

3. Панова Н.В. Личностно - профессиональное развитие педагога на разных этапах жизненного пути: монография СПб: АППО, 2009 .

4. Степанова Е.И. Психология взрослых: экспериментальная акмеология. СПб: Алетейя, 2000.

5. Власова, Е.А. История становления проблемы процесса саморазвития. – М.: Фолио, 2007.

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БАР ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ӘДЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аргинбаева У.К.

7M01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының магистранты, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев университеті

***Резюме.** В статье рассматриваются содержание, формы и методы работы социального педагога по формированию здорового образа жизни у девиантных подростков школьного возраста*

***Ключевые слова:** социально-педагогическая деятельность, здоровый образ жизни, дезадаптация, психопрофилактическое воздействие*

***Summary.** The article discusses the content, forms and methods of work of a social teacher in the formation of a healthy lifestyle in deviant adolescents of school age*

***Key words:** social and pedagogical activity, healthy life, maladaptation, psychoprophylactic effect*

Қазіргі уақытта еліміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер ең алдымен балалардың, жасөспірімдердің және жастардың тәрбиесіне, дамуына, әлеуметтік қалыптасуына әсер ететін жаңа әлеуметтік мәселелердің туындауына әкелді. Осыған байланысты балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсету бойынша әлеуметтік-педагогикалық қызметті дамытудың өзекті қажеттілігі туындады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет – балаға оның әлеуметтену процесінде көмек көрсетуге, әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгеруге және оның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға бағытталған кәсіби қызмет түрі.

Әлеуметтік педагог салауатты өмір салтын қалыптастыруда өзінің барлық қызметін балалар мен ересектердің жас және жеке морфофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізеді. Бұл ретте, әсіресе қарқынды өсу және дамушы ағзаның барлық өмірлік маңызды жүйелерінің функционалдық жай-күйін қайта құру кезінде жасөспірімдік кезең сияқты жас кезеңіне ерекше назар аудару керек. Қыздар мен ұлдардың жыныстық даму кезеңдері туралы ғылыми негізделген идеялар да міндетті болып табылады. Отбасындағы, медициналық мекемедегі, мектеп сыныбында, бейресми бірлестік пен жасөспірімдер клубындағы психологиялық жағдайды дұрыс бағалау да өте қажет.

Бұл әсіресе маңызды, өйткені кіші жасөспірімнің тұлғасы өздігінен емес, оны қоршаған ортада қалыптасады. Әсіресе жасөспірім басқа адамдармен қарым-қатынас жасайтын шағын топтардың рөлі маңызды. Бұл ең алдымен отбасына қатысты. Баланың девиантты мінез-құлқының қалыптасуына отбасының ұйымшылдық дәрежесі, ата-ана мен бала арасындағы жақындық, ағалар мен апалар арасындағы қарым-қатынас сипаты, отбасындағы басшылық стилі әсер етеді. Осылайша, өз үйінде зорлық-зомбылық көрген және өздері зорлық-зомбылық құрбаны болған жас жеткіншектер агрессивті мінез-құлыққа бейім болады.

Қолайсыз биологиялық, психологиялық, отбасылық және басқа да әлеуметтік-психологиялық факторлардың қосындысы жас жеткіншектердің өмір салтын, айналасындағы адамдармен эмоционалдық қарым-қатынастарын бұрмалайды; олар көбінесе өмірлік құндылықтардың асоциалды шкаласын құрайтын жасөспірімдер тобының күшті ықпалына түседі.

Өмір салты, қоршаған орта, стиль және әлеуметтік шеңбердің өзі девиантты мінез-құлықтың дамуына және шоғырлануына ықпал етеді. Жасөспірім агрессивті мінез-құлықтың үлгісін тек отбасында ғана емес, сонымен қатар құрдастарымен қарым-қатынас кезінде де алады. Дамуы, қызығушылықтары жағынан бір-біріне жақын, девиантты құндылықтар мен

мінез-құлықтарды бекітетін және дамытатын құрдастар топтары әр баланың жеке дамуына күшті әсер етеді.

Тілектерді дереу қанағаттандыруға, жауапкершілікті басқаларға аударуға бағытталған арнайы топтар бар. Бұл топтардағы жасөспірімдер оқуға деген менсінбеушілікпен, оқу үлгерімі төмендігімен, қандай да бір шаруашылық міндеттерін орындауға, үй тапсырмасын дайындауға дайын еместігімен ерекшеленеді. Бұл жасөспірімдердің басым көпшілігінің хоббиі жоқ. Олардың бос уақыты көп, оны мәнді өткізуді білмейді, сондықтан олар «толқынды» іздейді, бұл көбінесе денсаулығына байланысты проблемаларға әкеледі. Сондықтан да әлеуметтік педагог жас жеткіншектерде салауатты өмір салтын қалыптастыруда белсенді жұмыс жасауы қажет.

Бірқатар елдерде (Финляндия, Жапония, АҚШ, Швейцария, Скандинавия мемлекеттері және т.б.) салауатты өмір салтын қалыптастыру және жүзеге асыру бойынша кешенді шаралардың орындалуын талдау әлеуметтік педагогтар қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді немесе салауатты өмір салтын насихаттайтын және жүзеге асыратын басқа мамандармен, ең алдымен медицина мамандарымен және оқытылған кәсіпқой емес мамандармен тығыз байланыста аудандық деңгейде жұмыс істейтін «мектептегі әлеуметтік көмек қызметінің қызметкерлері». Олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалары мынадай жұмыс бағыттарын қамтиды: еңбек (оқу) мен демалыстың ұтымды режимі, оңтайлы және жүйелі дене белсенділігі; тиімді, ғылыми негізделген шынықтыру; адекватты тамақтану тұжырымдамасына сәйкес қалыпты тамақтану; психологиялық және психопрофилактикалық әсерлер кешені; қоршаған ортаның денсаулығына әсерін есепке алу және түзету; өзін-өзі емдеудің зияны мен пайдасы; денсаулыққа зиянды факторларды насихаттау – алкогольизм, шылым шегу, нашақорлық, уытқұмарлық; балалар мен жасөспірімдерде жыныстық жетілу туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыру, ЖИТС-тың алдын алу шараларын білу, көше және тұрмыстық жарақаттардың алдын алу шаралары мен жеке гигиена ережелерін үйрету [1].

Салауатты өмір салтының басқа бөлімдерінен әлеуметтік педагогтардың қызметінде тыныс алу және басқа аурулардың алдын алудың тиімді құралы - шынықтыруды насихаттауға көп көңіл бөлінуі керек.

Әлеуметтік педагогтың кіші жасөспірімдермен жұмысында зиянды әдеттермен күрес ерекше орын алады. Ең қол жетімді психостимулятор ретінде алкогольді тұтыну мәселесін бөлек көрсету керек [2].

В.Е. Қаған алкогольдік ішімдіктерге бейім жас жеткіншектермен жұмыс жасауда әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді:

1) ішімдік ішуге бейім жас жеткіншектің тұлғалық дамуы арқылы оның әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар;

2) жас жеткіншектердің бойында алкогольді тұтынуға теріс көзқарасты қалыптастыру мақсатында олардың профилактикасы бойынша іс-шаралар;

3) отбасын, оның өмір салтын және оның мүшелері арасындағы қарым-қатынас мәдениетін жақсарту мақсатында ата-аналарды тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар;

4) маскүнемдікке психикалық немесе физикалық тәуелділігі бар жасөспірімді әлеуметтік оңалту жөніндегі іс-шаралар;

5) дезадаптация құбылыстарын жеңу үшін жас жеткіншек пен оны қоршаған қоғам арасындағы делдалдық қызмет. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет әлеуметтік педагогтың келесі негізгі қызметтерді орындауын қарастырады [3]:

1. Балаларды алкогольмен таныстырудың қауіп факторларын жоюға бағытталған диагностикалық. Ол ішімдік ішуге бейім бала туралы ақпарат жинау арқылы жүзеге асырылады; оның жеке басының нақты ерекшеліктерін зерттеу және бағалау; баланың отбасы туралы мәліметтерді анықтау; балаға кері әсер ету көздерін және оның осы қысымға қарсылығын зерттеу; маскүнемдік жетекшілердің анықтамалары; балада маскүнемдікті тудыратын жағымсыз факторларды зерттеу; микроортаның балаға әсерін зерттеу.

Ақпарат жасөспірімнің өзінен, оның ата-анасынан, сынып жетекшісінен, қажет болған жағдайда бала үшін маңызды басқа адамдардан сауалнама жүргізу (ауызша немесе жазбаша) арқылы жинақталады. Стандартталған сұхбат, бақылау, отбасы мен бала құжаттамасын зерттеу де қолданылады.

Бұл функцияны жүзеге асырудың нәтижесі жасөспірімнің дамуының әлеуметтік диагностикасын тұжырымдау, оны маскүнемдік процесіне тарту, нақты міндеттерді анықтау, әлеуметтік-педагогикалық қызметтің нақты міндеттерін анықтау болып табылады. Олар алдын алу, түзету, оңалту немесе басқа да шаралар кешені болуы мүмкін.

2. Болжамдық, оның мәні мынада: диагностика негізінде алкоголизмге бейім девиантты мінез-құлқы бар жасөспіріммен іс-әрекеттің нақты әлеуметтік-педагогикалық бағдарламасы жасалады, ол кезеңдік өзгерістерді және әлеуметтік бейімделудің, түзетудің соңғы нәтижесін қарастырады. және оңалту.

3. Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03. – Алматы: 2010.

4. Бондаренко Г.И. Социально-эстетическая реабилитация аномальных детей // Дефектология. 1998. №3

5. Дементьева Н.Ф., Модестов А.А. Дома-интернаты: от призрения к реабилитации. — Красноярск, 1993, 195 с.

ӘОЖ: 811.111

#### ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Абдукадыр А., Абдурахманова Г., Есжанова Г.Д.

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші –аға оқытушы Есжанова Г.Д.

*Резюме:* В эту эпоху человека, не знающего и не уважающего своего языка и литературы, можно назвать не полноценным интеллигентом. Потому что, независимо от того, какую профессию он имеет, в духовном воспитании он останется невеждой.

*Мухтар Ауэзов.*

*Summary:* In this era, a person who does not know and does not respect his language and literature can be called not a full-fledged intellectual. Because, no matter what profession he has, he will remain ignorant in spiritual education.

*Mukhtar Auevov*

Ел болам десең бесігінді түзе дегеніндей осы мақаламды зерттеу барысында адамға ана тілдің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Тіл- қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға анасындай қымбат. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер- ана тілі.

Бүгінгі мақаламды осындай нақыл сөзбен бастағым келді. Себебі, өз ана тілін білмеген адам өзге тілді білуі де мүмкін емес. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. [1, 35]

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Мен өзбек ұлтының қызы болсам да, мемлекеттік тілді яғни туған далам тілін білуді өзім үшін парыз деп білемін. Осы елде ата-бабаларым туған, бір атаның балаларындай қазақ ұлтымен қарым –қатынаста болған. Мен де жақын достарым өзге ұлттардан; қазақ, түрік, тәжік, әзарбайжан ұлт өкілдерінен бар. Біз достарыммен ортақ тілде- мемлекеттік тілде сөйлесеміз.

Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. “Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас” демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М.Шахановша айтатын болсам, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәңгүрттеніп» жүргендер көп. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жәйт. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! [2, 85]

Мен осы салада ағылшын тілін таңдауымның да басты себебі, бүгінгі күні біздің елімізде тілдердің үш тұғырлығы деген жаңа термин де пайда болды. Әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білуді талап етуде. Жас ұрпақтың білім ордаланыда осыған орай шет тілін меңгеру үшін білім алып жатқаны да қуантады. Әрине, әлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қоюға болмайды. Бірақ онсыз да өз елінде еркін өркендей алмаған қазақ тілін кейінгі орынға ысыру қисынсыз деп ойлаймын. Мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі-әлемдегі барлық мемлекеттік тіл сияқты өзінің егемендігін алған тіл. Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Тілге деген құрмет, халыққа деген құрмет. Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар. Қай елде жүрсең де бұл дұрысы, Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

Елбасы: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескертті.

Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. [3, 56]

Көп тіл білу – әрине, мақтаныш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш; ал ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш. Ал мұндағы мақсат – ағылшын идеологиясын сіңіріп, ағылшын болып өмір сүру емес, ағылшынның тілін ғана үйрену және балаларымызды әлемге қанат жайған ағылшын тілімен қаруландыру.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мәртебесі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Сөзімнің соңын Елбасының ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы. Ана тілінен артық әр ұлт үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі».

#### Әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М.Балақаев. Алматы:Қазақстан, 2015.-186 б.
2. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда, 2019.- 230 б.
3. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық/ М.Балақаев, М. Серғалиев.-Алматы:Зият Пресс,2014.-140 б.
4. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

УДК: 81 373.43

### НЕОЛОГИЗМЫ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

**Абсаматова Мухлиса**

Tashenev University, г. Шымкент

Научный руководитель - ст.преп. **Кемелова Г.М**

Мы знаем, что все языки живут и развиваются, в том числе и русский, и казахский языки. Тенденция прихода новых слов коснулась наших реалий, так как мы живем в 21 веке. В нашей казахстанской жизни новые слова внедрились и в русский, и в казахский языки, потому что в жизнь пришли очень много новых явлений мирового масштаба, и название этих слов показывают эти новые понятия. Нужно сказать еще и о всемирной пандемии коронавируса, когда очень много людей вынуждены работать с современными средствами связи, это тоже играет свою роль в процессе прихода новых слов в язык – и в русский, и в казахский. Волей-неволей нам всем пришлось освоить современные технологии и быть активным участником социальных сетей. В этой работе речь пойдет о новых словах в русском языке, с которыми нам приходится сталкиваться в новой реальности.

На разных этапах своего развития русский язык заимствовал слова из других языков. Многие из этих слов давно укоренились в речевом обиходе. Появилось большое количество новых понятий, слов, терминов. Хорошо это или плохо? В русском языке много иностранных слов, потому что они пришли из других языков. Обойтись без употребления иностранных слов в современном мире нельзя, так как они приходят к нам как наименование предметов, явлений, новых понятий. Данная тема заинтересовала меня в связи с ее актуальностью на современном этапе. Большое количество людей употребляют новые слова в своей речи, часто даже не замечая, что у них не русское происхождение. Заимствование слов — естественный и необходимый процесс языкового развития. Лексическое заимствование обогащает язык и обычно нисколько не вредит его самобытности, так как при этом сохраняется основной словарь, а кроме того, неизменным остается грамматика, не нарушаются внутренние законы языкового развития. Заимствование не говорит о бедности языка. Если новые слова и их элементы усваиваются языком по своим нормам, преобразуются по потребностям «берущего» языка, то это свидетельствует как раз о силе, о творческой активности этого языка. Заимствование слов – процесс живой, развивающийся,

плодотворный — происходит и в наше время. Несмотря на то, что новые слова составляют неотъемлемую часть словарного запаса, русский язык сохранил свою полную самостоятельность и лишь обогатился за счет таких слов.

Язык – главное средство человеческого общения. С помощью языка люди научились получать и передавать нужную информацию. С помощью слов мы называем предметы и явления, общаемся, передаём мысли, желания, чувства. Состав русского языка постепенно изменяется, так как в нашем языке появляются новые слова из других языков: английского, немецкого, французского и других. В большинстве своём иноязычные слова обогащают язык, делают его словарь более гибким, например: компьютер, губернатор, футбол, реклама, ноутбук, сканер, гимназия и многие другие. Такие слова называют заимствованными.

Заимствование – это появление и закрепление в русском языке иностранного слова. Слова иностранного происхождения звучат во всех сферах человеческой деятельности: спорте, науке, политике, экономике, культуре и искусстве. Влияние одних языков на другие – процесс естественный, нормальный, поскольку народы, говорящие на этих языках, не живут изолированно друг от друга, а, напротив, более или менее тесно взаимодействуют. Заимствования вызваны необходимостью выразить при помощи слов другого языка многозначные русские понятия, пополнить выразительные средства языка. Подавляющее большинство людей знают, что в русском языке много слов, заимствованных из других языков мира, а опрос среди родителей и учеников показал, что им всем известно о существовании заимствованных слов. Можно сказать, что иностранные слова очень востребованы в профессиональной деятельности. Очень важно знать значение этих новых слов и правильно употреблять их в речи. Так же можно сказать, что как взрослые, так и младшие школьники не смогли бы обойтись в своей речи без употребления слов иностранного происхождения, так как все активно используют их в своей речи. Приход новых слов в русский язык из других языков не избежать, ведь люди разных стран активно сотрудничают друг с другом. Проблема состоит не в новых словах, а в том, кто и как их употребляет. Употребление иноязычных слов, как и других, регулирует лексическая норма. Поэтому, выбирая слова, люди должны обращать внимание на значение, стилистическую окраску, употребительность, сочетаемость с другими словами. Нарушение хоть одного из этих критериев может привести к речевой ошибке.

Причины прихода иноязычных слов.

Почему русский язык так активно сейчас заимствует новые слова? Во-первых, часто одно иноязычное слово заменяет длинное описательное словосочетание. Вместо «Официальное вступление в должность президента страны» употребляется слово «инаугурация», одно слово импичмент заменяет словосочетание отрешение президента государства от должности. Действует также известный закон экономии средств (ср.: маршрутное такси – маршрутка, мобильный телефон – мобильник и т.д.).

Можно выделить основные причины современного заимствования иноязычных слов.

Причины прихода новых слов:

1. Потребность в наименовании новых вещей, явлений, понятий: компьютер, интернет.
2. Необходимость в разграничении понятий :визажист и ранее заимствованное дизайнер.
3. Необходимость в специализации понятий: маркетинг (рынок), менеджмент (управление).

Иноязычные слова в средствах массовой информации

Для развития каждого естественного языка характерен процесс заимствования слов из других языков. Тем менее к самому этому процессу, и особенности к его результатам – иноязычным словам носители языка часто относятся к изрядной долей подозрительности. Зачем что-то брать у других ? Зачем нам имидж, если есть образ, к чему саммит, если можно сказать встреча в верхах? Чем модный нынче в кинематографии римейк лучше обычной переделки?

Язык современного телевидения

Почитайте, к примеру, названия популярных телепрограмм: «Пржекторперисхилтон», «Gomedy Woman», «Gosmopolitan», «Дорожное реалити-шоу» и др.

В телевидении так же, как и в газетах, информация должна быть четкой и понятной. Но не всегда это выполняется. И впоследствии слова теряют свой исконный смысл и употребляются уже так, как понимаются по-новому. На телевидении много употребляют новых заимствованных слов, непонятных для общей массы людей.

Кому адресована уличная реклама?

Вы идете по улицам города и читаете, если можете, на рекламных щитах, вывесках, афишах, в витринах магазинов и офисов фирм такие надписи: DISKONT JEANS, AVON, SELET, GRAND GLUB.

Кому адресовано это разноязычие? Для подавляющего большинства горожан все написанное – бессмыслица. Создается впечатление, что мы отказываемся от понятного языка и активно, бурно переходим на языки других стран. Рекламы, вывески соревнуются в стремлении к значительности, грандиозности.

Русский язык радушно принимает у себя новых «гостей», которые впоследствии становятся полноценными членами большой «семьи». Такие слова, как «джинсы», «бренд», «трафик», «метро» и другие, уже давно обосновались в нашем языке и постоянно используются в повседневной речи. С быстро меняющимся миром язык тоже модифицируется, обогащается, что-то в нем приживается, а что-то остается только на время. Вот примеры некоторых слов, пришедших к нам из других языков:

Зависание – состояние операционной системы или программного обеспечения, при котором они не реагируют на действия пользователя.

Зависать – проводить все свое время в сети.

Гуглить – искать в интернете. Происходит от названия поисковой системы Google. Хотя некоторым спокойно удается гуглить и в Яндексe.

Бан, банить – запрет на какие-либо действия. Например, забанить пользователя на форуме – запретить ему писать посты и комментировать других пользователей.

Респект (от англ. respect – «уважать»). Выражение крайней степени уважения, свидетельство того, что текст понравился комментирующему. Яркий пример: «респект и уважуха».

Рунет – русскоязычная часть интернета.

Спам – никому не нужные сообщения рекламного характера.

Тролль (от англ. troll – «напевать», «болтать»). Анонимный интернет-провокатор. Он специально вбрасывает в паблик что-нибудь горяченькое, чтобы вызвать конфликты между участниками, оскорбления и т.п.

Фейк (от англ. fake – «подделка», «фальсификация»). Как следует из названия, поддельная, лживая информация. Обычно статья, новость или видео.

### Список используемой литературы

1. Котелова Н.З. Первый опыт описания русских неологизмов / Котелова Н.З. - М.,1982.-456с.

2. Шанский Н. М. Лексикология современного русского языка / Шанский Н. М. М.,1964.-423с.

3. Социальная сеть [электронный ресурс]. URL: [http://otherreferats.allbest.ru/languages/00033754\\_0.html](http://otherreferats.allbest.ru/languages/00033754_0.html).

4. Социальная сеть [электронный ресурс]. URL: <http://kindlebook.ru/referat/dlya-studenta/neologizmy-v-russkom-iazuke/>.

5. Социальная сеть [электронный ресурс]. URL: <http://chrome-extension://oemmnadbldboiebfnladdacbdadm/http://cyberleninka.ru/article/n/neologizmy-i-problema-ih-izucheniya-v-sovremennom-russkom-yazyke.pdf>.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Адамбек Ұ.Б., Тулибай М.Қ.**  
Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекшісі-ғ.м., аға оқытушы **Мұса Н.Б.**

Мақалада қазіргі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі-жаңа технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері жайлы жазылған. Бастауыш сынып шығармашылық, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

«Бала дамуының ең шарықтау шегі- бұл тіл мен ойдың шығармашылығы» (Л.Выготский)

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. Қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі-бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз- мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі- жаңа технология негіздері болып табылады.[1]

Білім беру технологиясы бұл- әдіс-тәсілдер, кадамдар жүйесі, оны орындау дәйектілігі оқушының жеке басын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде ұсынылады, педагогикалық процестің компоненттерін кепілдендірілген нәтиже беретін іс-әрекеттер жүйесі түрінде әзірлеу жәнәпроцедуралық іске асыру болып саналады. Мұғалімдердің міндеті- баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына беретін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған.

Қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологиялар:

1. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
3. Жоба технологиясы
4. Дамыта оқыту технологиясы
5. Денсаулық сақтау технологиялары
6. Проблемалық оқыту технологиясы
7. Ойын технологиялары
8. Модульдік технология

9. Семинарлық технология
10. Іс- технология
11. Интегралды оқыту технологиясы
12. Ынтымақтастық педагогикасы
13. Денгей саралау технологиялары
14. Топтық технологиялар.
15. Дәстүрлі технологиялар (сынып-сабақ жүйесі)

Педагогикалық технологияның тиімді тұстары:

1. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік алады, соған үйренеді;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір-бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
5. Өзін-өзі тексеруге дағдыланады.
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.[2]

Қазіргі заманғы сабақтарда проблемасыз оқыту технологиясынсыз немесе оның элементтерінсіз оқыту мүмкін емес. Оның өзектілігі неде?

Бұл технологияның өзектілігі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, оқу іс-әрекетіне деген мотивацияның жоғары деңгейімен анықталады, бұл туындайтын қарама-қайшылықтарды шешуде, сыныпта проблемалық жағдайларды жасау кезінде мүмкін болады. Сол қиындықтарды жеңуде оқушыларда жаңа білім, актерлік іс-әрекеттің жаңа тәсілдері қалыптасады.

Тәрбие мәселелерін шешу оқушылардың эмоционалды сферасына жағымды әсер етеді. Балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауына қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, проблемаларды көру, сұрақтар қою, гипотезалар қою, тұжырымдамаларды анықтау, бақылаулар мен эксперименттер жүргізу, қорытындылар мен нәтиже жасау, мәтінмен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау қабілеттері білім берудің тәуелсіз нәтижелері сияқты білім нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі. Сыныпта проблемалық жағдаяттар жасау бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту тәсілдерінің бірі.

Оқушылар үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақ өткізу қызықты болады. Нәтижесінде білімді тиімді игеру пайда болады, сабақта анықтық деңгейі жақсарады. Әрине, бұған басқа әдістермен қол жеткізуге де болады (плакаттар, карталар, кестелер, жазу), бірақ компьютерлік технологиялар көрнекіліктің анағұрлым жоғары деңгейін жасайды.

Ойын технологиясы. Ойын - бұл өмірдегі керемет құбылыстардың бірі. Қазіргі педагогикада ойын, дидактикалық ойын тақырып тұжырымдамасын, тіпті тақырыптың бөлігін, сонымен қатар жалпы технологияның элементін игеру үшін тәуелсіз технология ретінде қолданылады. Ойын - баланы әлеуметтендірудің ең күшті құралы, өмірдегі әртүрлі жағдайларды модельдеуге, одан шығудың жолын іздеуге мүмкіндік береді. Ойын адам ретінде өзін-өзі тану саласы ретінде өте маңызды:

Денсаулық сақтау технологиялары. Менің ойымша, адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру - қазіргі адамның жетістігі үшін қажет.

Біздің бүгінгі міндетіміз - балаға денсаулығын сақтау мен нығайтудың түрлі әдістері мен тәсілдерін үйрету деп санаймын. Оқу-тәрбие процесінде денсаулықты сақтайтын технологияларды кешенді қолдану шаршауды азайтуға көмектеседі, эмоционалды көңіл-күйді жақсартады және жас балалардың еңбекке қабілеттілігін арттырады.

Сыни тұрғыдан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан

ойлау дегеніміз-ой қозғай отырып,оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни карап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау –оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы.Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сыни ойлауды дамытудың негізгі әдіснамалық әдістері:

1. «Кластер» қабылдау бөлмесі
2. Кесте
3. Білім беру ми шабуылы
4. Интеллектуалды жылыну
5. Зигзаг, Зигзаг -2
6. «Кірістіру» қабылдау бөлмесі
7. Эссе
8. «Идеялар қоржыны» қабылдау бөлмесі
9. «Синквейн жасау» қабылдау бөлмесі
10. Тест сұрақтары әдісі
11. «Мен білемін ../ білгім келеді ... / білдім ...» қабылдауы
12. Суда шеңберлер
13. Релдік жоба
14. Ия - жоқ
15. «Аялдамамен оқу» қабылдау бөлмесі
16. «Взаимопопрос» қабылдау бөлмесі
17. «Аралас логикалық тізбектер» техникасы
18. «Кросс-дискуссия» техникасы[3]

Педагогикалық технология - бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылымы, оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықпен ұсынылады, ал іске асыру қажетті нәтижеге қол жеткізуді болжайды және болжамды сипатқа ие болады. Бұл технологиялардың артықшылығы оқушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен пропорциясын күшейтіп қана қоймай, сонымен бірге басты назарда жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру процесін даралау және саралау, тиімді өзін-өзі бақылау және оқу нәтижесін өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологиялар болады. Оқытудың басымдығы оқушылардың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, оқушылардың өз бетінше білім алу, білім алып, оны өңдей алу, қажет нәрсені тандау, оны мықты есте сақтау және басқалармен байланыстыру қабілеті болуы керек. Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды.[4]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Бабаев С. Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: оқу құралы. - Алматы : NURPRESS, 2013. - 416 б.
- 2.Қасқатаева Б. Р. Математика бастауыш курс негіздері: оқуқұралы. - Алматы :Отанбаспасы, 2018. - 146 б.
- 3.Мухаметжанова А. О. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлау: монография /- Караганда : Medet Group, 2019. - 184 б.
- 4.Уристимбаева Л.М. Бастауыш сыныптарға арналған дидактикалық материалдар жинағы: әдістемелік құрал.-Жетісай, 2019. -80 б.

## **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

2 курс білім алушысы - **Адилбекова А.Б.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: магистр, оқытушы - **Тамабай Ә.М.**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, – деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1].

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіне қойылатын талаптар оның мүлде жаңа парадигмасын жасауды қажет етеді. Өйткені өмір сүріп келген жүйе үнемі даму үстінде болып отырған қоғамның сұраныстарына жауап бере алмайды. Сондықтан осы мәселеге мемлекеттік деңгейде үлкен мән беріліп, білім саласын жүйелі реформалау, түбегейлі өзгерістер енгізу қолға алынды.

Қазақстан білім саласының алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту әдістері арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында білімгерлерге жүйелі, нақты білім беру. Алайда, оқытудың белсенді әдістерін қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы студенттердің білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру еліміздің барлық жалпы білім беретін орындарында дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген жоғарғы оқу орындары оқыту процесін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда оқытудың белсенді әдістерін қолдану:

- білім сапасын түрлендіруге,
- білім сапасын көтеруге,
- студенттердің білімге деген қызығушылығын арттыруға,
- жаңашыл жобаларды енгізуге,
- оны тиімді басқаруға негіз болып,
- әрбір білімгерге өзіндік даму жолын табуға,
- әрбір болашақ маманға өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді.

Жас маманға сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өз білімін жетілдіріп, жеке ғылыми ізденістеріне барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Бүгінгі күнде жалпы жоғары білім беретін оқу орындары – жаңа қоғам оқу орындары, яғни мәдени саналы, халықтық мәдениетке интеграцияланған, болашақ маманның жеке білімінің дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және қазіргі заман талабына сай жүйемен байланыс түзетін, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жас маман өсіріп, дамыта алатын, ғылым мен білім саласына үлкен үлес қоса алатын жоғарғы оқу орындары болуға тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім сапасын арттыру үшін оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану үшін әр білімгер күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістерін мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет [2].

Инновациялық білім беруді ұйымдастыруда мәндік көзқараспен тығыз байланыста акмеологиялық көзқарас қарастырылады. Акмеология («акме» – грек сөзі, «шың», «төбе», «бір нәрсенің ең биік басқышы» дегенді білдіреді) – өмірдің әртүрлі өзін-өзі көрсету сфераларында өзін-өзі дамытушылық, өзін-өзі жетілдірушілік динамикасында қарастырылатын адам болып табылатын ғылыми пәндер кешені, ғылыми білімдердің жаңа аймағы.

Акмеологияның пәні – адамның шығармашылық потенциалы, субъектінің өзін-өзі жетілдірудің, айқындалуының түрлі деңгейлеріне, шыңына жетуінің заңдылықтары мен шарттары.

Міндет – барлық білімгерге өзін-өзі дамыту, жетілдіру, өздігінен оқу мен өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру, себебі, бұлар «акме» деңгейіне жетудің негізгі факторларды. Алайда, бұл акмеологиялық факторларды іске асыру үшін күшті қозғаушы себептер қажет. Бұл себептер жетістікке жетудің түрткілері (мотивациясы) болуы мүмкін. Оқытушының міндеті – студенттерге олардың мотивтері мен қажеттіліктерін қалыптастыруға көмектесу. Түрлі білім беру технологияларының да басты міндеті осында.

Осылайша, инновациялық білім беру өз құрамына – жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, мәндік және акмеологиялық көзқарастарды, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

Интербелсенді (интерактивті) оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*интерактив*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз «*өзара*» мағынасында, ал «*act*» - «*әрекет жасау*» дегенді білдіреді.

«Интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

– барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

– әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау [3].

Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара силасымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным процесін өзара ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді.

Интербелсенді оқу/оқыту диалогтық қатынасқа негізделеді, ал диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным процесінде туындаған мәселелер мен проблемаларды бірлесе шешуге алып келеді. Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға үйренеді:

– *терең олануға;*

– *ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екішеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға;*

– *ақпаратты жан-жақты талдауға;*

– *өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға;*

– *пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге;*

– *басқа да балама пікірлерді ескеруге;*

– *басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға.*

Интербелсенді оқу/оқыту келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

– *бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның),*

– *жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары,*

– *ситуативтік және рөлдік ойындар,*

–ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, басқа адамдар: мамандар, т.б.),

–шығармашылық жұмыстар, т.б.

Интербелсенді лекцияның негізгі қағидалары. Интербелсенді лекцияда ақпарат дайын күйінде берілмейді.

Интербелсенді лекция үйренушінің қандай да бір тақырып немесе мәлімет бойынша бірлескен әрекеттер негізінде (топтық пікір алмасу, талқылау, пікірталас, ой қозғау, т.б.) студенттерде өзіндік пікір мен көзқарас қалыптастыруға бағытталады. Интербелсенді лекцияда негізгі қағида «беру», «үйрету» емей – «**ұсыну**» болады. Ұсынылған мәлімет бойынша студенттер бірлескен белсенді әрекеттер арқылы өздігімен жаңа білім құрастырады.

Дәстүрлі монолог түріндегі лекция «студенттердің қарастырылатын тақырып бойынша білімі мен деректері жоқ немесе жоқтың қасы» деген қағиданы ұстанады. Сол себепті де дәстүрлі лекция ақпараттың көп мөлшерін «беруге» мүдделі. Студенттер мұнда әдетте белсенді (пассив) әрекеттер атқарады: тыңдайды, көшіреді.

Интербелсенді лекцияның негізгі ұстанымы келесідей болады: «Студенттер қарастырылатын тақырып бойынша сабаққа дайындалып келген, олардың белгілі бір білімдері бар болғандықтан, лекцияда сол білімдерді дамыту және тереңдету керек». Студенттер силлабуста берілген ақпарат бойынша бүгінгі лекция тақырыбы мен негізгі мәселелерінің қандай екендігін, оған қандай әдебиет көздері арқылы дайындалуға болатындығын, ол бойынша қандай тапсырмалар берілгендігін жақсы біледі. Сол себепті де олар лекцияға шама-шарқынша дайындалып келеді. Ал лекция олардың білгеніне негізделіп, сол білімдерін өрбітуді мақсат тұтады.

- Интербелсенді лекция диалог түрінде өтеді.

Қарым-қатынас келесі форматтарда өтуі мүмкін: *оқытушы – студент/студенттер, студент – студент, студент – тақырып, студент – басқа пікір (зерттеуші, оқулық, т.б.)*. Интербелсенді лекцияда ой қозғау мен өмірден алынған нақты ситуацияларды талқылау және шешу тәсілдерін қолданған тиімді.

- Интербелсенді лекцияда материал тұтастан емес, бөлшектеліп беріледі.

Дәстүрлі лекцияда оқытушы лекцияны ауызша оқып, студенттерден тындау немесе конспект жасау (көшіру) сияқты белсенді (пассив) әрекеттерді атқаруды талап етеді.

Интербелсенді лекцияда әдетте мәтін бірнеше бөлімге (тиімді мөлшері 3-4 бөлік) бөлінеді. Қағазға басылып, үлестермелі материал түрінде таратылып берілген бөлімдерді оқу мен зерттеу барысында студенттер белсенді әрекеттер атқарады: олардың қатарына туындаған қиын мәселелер мен сұрақтарды келтіру, берілген мәлімет бойынша өз түсінігі мен пікірін қалыптастыру, лекцияның тұжырымдарын өзара талқылау, кесте толтыру, жоспар жасау, графиктер сызу, т.б. әрекеттер кіреді. Бұл белсенді әрекеттер жеке және бірлесе жұмыс жасау форматтарында өтеді.

- Студенттердің белсенді әрекеттері бірлескен жағдайда өтуі керек: берілген тапсырмалар шағын топ немесе жұп қатарында орындалады. Студенттер лекцияның бір бөлімін оқып болған соң, жекелей жұмыс жасап, сонан кейін жұптасып (немесе шағын топ құрамында) өз түсініктері мен туындаған ойларымен бөліседі: олардың жаңа білімі мен өзіндік пікірлері осындай ой талқы нәтижесінде пайда болады.

- Интербелсенді лекцияда жана білім студенттердің ой-толғанысы арқылы құралады

Лекцияда студенттер қарастырылған материал бойынша «*Мен сабақта не үйрендім?*», «*Бұл білім маған қандай пайда келтіреді?*», «*Бұл білімді қалайша қолдануға болады?*», «*Бұл білім маған не үшін керек?*», «*Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/жалғастырамын?*», «*Тағы да не білгім келеді?*» деген сұрақтар ауқымында ойланып, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліскені орынды. Осындай ой-толғаныс нәтижесінде студент лекция материалы бойынша жаңа білім құрастырады.

Интербелсенді лекцияда бағалау жазба жұмыстары арқылы жүзеге асырылады

Студенттердің сабақта қалайша жұмыс жасағандығын, оның материалды қандай деңгейде игергендігін білу мақсатында лекция аяғында жазба жұмыстарын (ауызша ой-толғаныс әрекеттерінен кейін) орындау керек.

- Интербелсеиді лекция кері байланыспен аяқталады.

Кері байланыс дегеніміз сабақтың соңында студенттерге бірнеше сұрақ қойып, олардың ойларын, қандай сұрақтары мен мұқтаждары бар екендігін, бүгінгі сабақ туралы пікірлері қандай екендігін анықтау. Бұл жауаптар алдағы сабақтарды жоспарлауда қолданып, келесі сабақты студенттердің пікірлері негізінде құрастыруға бағыттайды.

Жоғары оқу орындарында оқып жүрген болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығы ондағы оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуымен тығыз байланысты.

Дидактикалық даярлық – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Мұғалімдердің дидактикалық даярлығына олардың оқыту үдерісінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы мен мүмкіндіктері жатады.

Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі - бағдарламалық-техникалық кешен болып саналатын «Белсенді экран» болып табылады.

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б. [4].

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығыда – мектеп.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептеймін.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // Қазақстан мектебі, 27 шілде, 2007.
2. Алимов.А. Оқытудың интербелсенді әдістемесі. –Алматы. 2010, -263б.
3. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар, Алматы, 2006. -180 б.
4. Исламкулова С.К. Оқу үрдісін технологияландыруға жаңаша көзқарастар: Оқу әдістемелік құрал. – Алматы: ББЖМБК ҚДИ, 2010. –160 б.

УДК 811.111

#### **BODYLANGUAGE**

**Айдарбек Э., Сапаралиева Н., Есжанова Г.Д.**  
Ж. Ташенев атындағы университеті  
Ғылыми жетекші: **Есжанова Г.Д.**

*Резюме: Если язык неправильный, то то, что сказано, не то, что имеется в виду; если то, что сказано, не то, что имеется в виду, то то, что должно быть сделано, остается невыполненным; если этого не сделать, мораль и искусство придут в упадок; если*

*справедливость нарушится, люди будут стоять в беспомощном замешательстве. Следовательно, в сказанном не должно быть произвола. Это превыше всего.*

*Түйін: Тіл дұрыс болмаса, айтылған сөз айтылмаған болып шығады; егер айтылған нәрсе айтылмаған болса, онда істеу керек нәрсе орындалмаған болып қалады; бұл орындалмай қалса, адамгершілік пен өнер азаяды; әділет адасса, халық дәрменсіз абдырап қалады. Демек, айтылған сөзде озбырлық болмауы керек. Бұл бәрінен де маңызды.*

Body language is a type of non-verbal communication in which, instead of words, physical movements and positions of the speaker's body are used to express and convey information. By means of body language you can tell other people what you are thinking or feeling at the moment of communication, whether you agree or disagree with your partner as well as whether you are inclined or not to be involved in conversation. This physical behavior may include facial expressions, a body posture, different gestures, an eyes movement, the tone of voice, the use of space, touch, and some other changes in a person's appearance, hence another name of the language "kinesics".

When expressing emotions through the body, facial expressions are the most integral part of communication. The set of facial expressions is very rich. Combinations of eyes, brows, lips, nose and cheek movements help express different moods of a person: happiness, sadness, depression, calmness, anger, etc. For example, a wide smile indicates that the person is happy, feels satisfied and the fact that he (she) is in a good mood. On the contrary, when your lips are pursed, this demonstrates your anger or dissatisfaction with something. Widely-opened eyes are the sign of unexpected joy or surprise whereas looking down means that the person is confused, nervous or depressed. One and the same emotion can be expressed differently. For example, people can show their feeling of surprise by raising their eyebrows or for a stronger reaction - by clasping their hands. How could you interpret the facial movement if somebody is licking their lips? In most cases this demonstrates that the person is thinking over something or calculating something. How can you feel if somebody you are talking to is bored? In this case they are usually yawning, looking absent-minded or some are twisting their hair[1,p.6].

Emotions may also be detected through gestures, i.e. movements made by body parts: hands, fingers, arms, legs or a head, which can be voluntary or involuntary. Arms gestures can express much in the process of communication. In a discussion when very one stands, sits or even walks with folded arms, this is not normally considered a welcoming gesture as it denotes a sort of opposition and someone's disagreement. It could mean that the persons have a closed mind and are most likely unwilling to listen to the speaker's viewpoint. There is another model of arms gestures an arm crossed over the other, demonstrating insecurity and a lack of confidence. It looks as if the person were trying to defend themselves from some imaginary attack[2,p.37].

Hands movements also present a vivid picture of the person's inner world. Thus, relaxed hands indicate confidence and self-assurance, while clenched hands may be interpreted as signs of stress and anger. Then, if a person is wringing their hands, this demonstrates nervousness and anxiety. Along with hands movements, finger gestures can also be very important and expressive in communication. They are commonly used to exemplify one's speech as well as denote the state of well-being of the person making them. In certain cultures pointing using one's index finger is believed acceptable. However, pointing at a person with the index finger may be viewed as insulting and aggressive in other cultures, for example in the Russian traditions. Likewise, the thumb up gesture could denote "OK" or "good" in countries like the US, France and Germany, but this same gesture is accepted as rude and insulting in Iran, Bangladesh and Thailand, where it is an equivalent of showing the middle finger in the US.

It would be interesting to research into body postures from the viewpoint of their participating in the process of communications. Surely one can easily detect the "message" sent by a certain body posture. For example, a person sitting till the back of their chair, leans forward with their head nodding along with a discussion implies that they are open, relaxed, and generally ready to listen.



On the other hand, a person who has their legs and arms crossed with the foot kicking slightly demonstrates that they are feeling impatient and emotionally detached from the discussion.

Body language is not universal though there are a lot of elements that can be recognised common for a number of cultures. However, in every culture some specific gestures can be found. Moreover, one and the same gesture may denote different even opposite things. Thus, in most countries the head nod is used to signify "yes" or agreement while shaking a head means "no" or disagreement. However, in Bulgaria and Greece these gestures are interpreted in quite an opposite way. Rubbing palms one against the other in Russia can be read as "everything is OK, successful", whereas in Japan this same movement will be interpreted as "help, I have some problems". In traditional Anglo-Saxon culture, avoiding eye contact usually shows a lack of confidence or certainty. But in the Latino culture direct or prolonged eye contact means that you are challenging the person with whom you are speaking or that you have a romantic interest in the person. In many Asian countries a prolonged eye contact may be a sign of anger and aggression [3,p.84].

Gestures as well as speech can be professional. For instance, some of them are used by referees during sports competitions; with the help of others stockbrokers communicate buying or selling shares in companies. Besides, as it can be seen from the examples given above, body language can be formal or colloquial, neutral or vulgar, otherwise it may possess characteristics typical for a verbal language.

It is quite evident that body language adds a lot to the process of communication making our conversation expressive, exact, and understandable. By becoming more aware of body language and understanding what it might mean, you can learn to read people more easily. This puts you in a better position to communicate effectively with them. What is more, by increasing your understanding of others, you can also become more aware of messages that you convey to them.

#### **Reference:**

1. Dudorova E.S, Razgovorniy angliyskiy: Actualnie temy dly svobodnogo odsheniya / Saint Petersburg: KARO, 2019-p.6
2. Barry, Michael V. "English in Ireland". In Bailey, 2020, p. 37
3. Richard W.; Görlach, Manfred (eds.). English as a World Language. University of Michigan Press. 2019 pp. 84–104.

ӘӨЖ 373.3

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІЛІК БЕЛГІЛЕРІ**

2 курс білім алушылары - **Алайдар Ә.Ж., Кинязова Ұ.Е.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: **Ғ.М., оқытушы Тамабай Ә.М.**

Қазіргі заман психологиясы мен педагогикасында психологиялық шығармашылық аумағындағы зерттеулер белсенділік байқалуда. Өйткені қоғамдық тәжірибе шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психология-педагогикалық ойларды осы проблемаға назар аударуына мәжбүр етті.

Шығармашылық психологиясының негізгі міндеті шығармашылық процесс пен креативтіліктің психологиялық механизмдері мен заңдылықтарын ашу. Креативтілік – ағылшынның “Creativity” сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді.

Шығармашылық психиканың даму механизмі мен негізі ретінде қарастырылады (Н.В. Кипиани, А.М.Матюшкин, Я.А. Пономарев, И.Н. Семенов және т.б.). Оны зерттеу ойлау заңдылықтарымен байланыстырылады (Н.Г. Алексеев, С.М. Бернштейн, В.С. Библер, В.Н. Пушкин, О.К. Тихомиров, Э.Г. Юдин және т.б.).

Ярошевский сияқты авторлардың айтуы бойынша креативтілікті зерттеудің қорытындылары айтарлықтай нәтижелі болмады. Шетел зерттеулерінің креативтілікке берген анықтамалары мен ұғымдарын талдай және жалпылай отырып, Р. Холлменн былай дейді: «Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар), жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби), жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс), жаңа шығармалардың туындауы (Меррей), жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль), жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті (Жерар), жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор), жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин)» [1].

Бірақ көптеген зерттеушілер креативтіліктің анықтамасында тұлғаның ерекшелігіне немесе қасиетіне басты назар аударады. Дж. Гилфорд креативтілік пен шығармашылық потенциалды табысты шығармашылық ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен басқа ерекшеліктерінің жиынтығы тәрізді анықталуы мүмкін деп есептейді.

Креативтіліктің жаратылысын қарастыру оны оқып-үйренудің негізгі сараптамалық бағытына негізделген. Жалпы алғанда оларды бағытталуына сәйкес үлкен екі топқа біріктіруге болады.

Бірінші топқа жалпы психологиялық және **концептуалдық** бағыттағы зерттеулерді жатқызуға болады (Д.Б. Богоявленская, 1983; К. Дункер, 1965; А.Я. Пономарев, 1976; С.Л. Рубинштейн, 1941; О.К. Тихомиров, 1969 және т.б.). Бұл топтың психологтары шығармашылық психологиясының методологиялық негіздерін, оның заңдылықтары мен шығармашылық қызметтің механизмдерін зерттеді. Шығармашылық психологиясында жалпы психологиялық теорияны құру мәселесі (Б.Ф. Ломов, Я.А. Пономарев, О.К. Тихомиров), педагогика мен психологияның әртүрлі бағыттарын зерттеудегі әлеуметтік тұрғыдан маңызды қорытындысын біртұтас ете алу қабілеті шұғыл шешім қабылдауды қажет етіп тұр.

Екінші топты шығармашылық іс-әрекетке қабілеттіліктің тұлғалық мінезін сипаттау мен анықтауға бағытталған дифференциалды-психологиялық типті шығармашылықты сараптамалық-эмпирикалық зерттеу құрайды.

Креативтілікті – жаңа өнім немесе шығармашылық ойлаудың қорытындысы деген пікірді ұстанған ғалымдар таласы әлі де жалғасуда (К. Тейлор, В.А. Терехов, О.К. Тихомиров және т.б.). Басқа зерттеулерде жаңаны құруда шығармашылық процестің басымдылығы көрінеді (Р. Арнгейм, А.В. Брушлинский, В.А. Моляко, В.Н. Пушкин, Р. Уоллес, П.М. Якобсон және т.б.). Бұл ұстаным әсіресе Р. Арнгеймнің еңбектерінде айқын көрінеді. Ол «шығармашылық туралы ол туындататын нысанға қарап айтуға болмайды... Креативтілік – бұл білім, әрекет және тілектердің толық ашылуы» [6, 376]. Психологиядағы эвристика мәселесін зерттей келе, В.Н. Пушкин: «Психологиялық процесс көмегімен шешілетін жаңа стратегия қалыптасады, эвристикалық іс-әрекет деген атауға ие жаңа дүние анықталады» деген пікірге келді [2].

Креативтілік маңызды және ерекше феномен болатын бұрынғы зерттеулер мен қазіргі зерттеулерде креативтілікті тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктері ретінде қарау беталысы айқындалады. Бұл креативтілік мәселесіне деген әр түрлі бағытталғандықты көрсетеді: ол әрине, барлық тұлға бірдей жете алмайтын креативтілік қорытындысы емес (бұл мәселе күрделірек, өйткені қорытынды ретінде тек ғылымдар мен қас шеберлер жететін объективті әлеуметтік маңызды жаңа қорытынды қарастырылады), рефлексия және субъективті өз-өзін бағалау негізіндегі тұлғалық маңызды жаңа сапа деп зерттеледі.

Әрбір ғылымның ұстанымы дәлелденген, мақұлдауды күтеді. Бірақ, педагогикада (креативтік андрагогикада) оның сапалы көрсеткіштері мен пайда болу деңгейін анықтау толық мүмкін емес. Егер креативтілік сипатталған ұстанымдардың тек біреуі арқылы ғана түсіндірілсе, онда мәселе бір жақты ғана қарастырылады. Тұлғаның шығармашылық потенциалы жалпы алғанда креативтілігі дамитын шығармашылық білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және басқару ретінде қарастыратын педагогикаға қатысты. Сол себепті креативті білім беру және тәрбиелеу процесінде тұлғалық категория ретінде креативтіліктің дамыту мүмкіндігін зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу пәніне байланысты қарастырылатын психология-педагогикалық құбылысты жүйелі түрде қарастыру керек. Мұндай әдістемелік бағдар педагогикада креативтіліктің бүкіл процессуалды кешенділігін қарастыруды талап етеді, яғни ғылым негіздерін тану процесі мен қарама-қайшылық негізіндегі жаңа идеяларының туындауының (ішкі және сыртқы) бастапқы сатысынан педагогтың шығармашылық гүлдену кезеңіндегі тұлғалық және әлеуметтік нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды.

Я.А. Пономарев шығармашылық психологиясында туған жаңа бағыттарды сипаттай отырып, пайда болып, содан соң өз бетінше өмір сүре бастаған әлеуметтік психологияны және шығармашылық психофизиологиясын бөліп көрсетеді. Шығармашылық психологиясынан жоғары қарай шығармашылық әлеуметтік психологиясы туындады. Әлеуметтік психологиясы арқылы қоғамдық ғылымдармен, ал шығармашылық психофизиологиясы арқылы биологиялық кең көлемді байланыс пайда болады. Шығармашылық психология және оған жақын психологиялық топтар маңында педагогикалық және сол сияқты басқа ғылымдар, олар арқылы практикамен байланыстыратын қолданбалы пәндер пайда болады [4].

Креативтілікті зерттеуде өткізілген талдау жалпы заңдылықтар мен ерекшеліктерді тауып, кәсіптік андрагогикада жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Креативтілік тұлғаның аса маңызды интеллектуалдық-эвристикалық сапасы ретінде емес, бағалы-тұлғалық, көп деңгейлі білім беру деп түсіндіріледі.

Креативтілік адамның рухани және тұлғаның шығармашылық өзіндік даму шартының ажырамас бөлігі болатын бағалы тұлғалық саналы категориясы. Ол оның өзіндік көкейтестілігінің айтарлықтай резерві болып табылады. Креативтілік тұлғаның білімнің жан-жақтылығымен емес, қабылдау, мәселелерге сезімталдығы, жаңа идеяларды қабылдауға икемділігі мен жаңаны құру мақсатында тұрақтап қалған стереотиптерді өзгертіп, өмірлік проблемалардың күтпеген және кездейсоқ шешімін табумен айқындалады.

Педагогикада креативтілікті зерттеу оның тұлғалық категориясы ретінде өздік білімін көтеру мен шығармашылық тұлғаның дамуына жету мақсатында оқыту және тәрбиелеудің шығармашылық процесі тиімді ұйымдастыру мен басқару формаларын табуға мүмкіндік береді. практикалық аспектідегі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру мазмұнды түрде инновациялық практикада қорытындылатын білім беру мен тәрбиелеу процесін модельдеуден көрінеді. Тұлғаның креативтілік потенциалы саналы іс-әрекетте дамитын болғандықтан білім беру әрекетінде тұлғаның креативті процеске тиімді кірісуіне жағдай туғызу керек. Шығармашылық дара тұлғаның саналы және бейсаналы ұғымдары қалыптасатын креативті процесі үздік ұйымдастыру мен реттеуде қиыншылық туғызады.

Зерттеу көрсеткендей креативтіліктің дамуының саналы диалектикалық процесіне тұлғалық жүйедегі сана және бейсана ұғымдары жатады. Креативтілік тұлғаның саналы және бейсаналы феномендарының психикасын зерттеу өзін-өзі тану мен өзіндік сана сатыларын айқындау қажеттіліктеріне әкеліп соғады.

Философтар мен психологтардың анықтамасы бойынша саналылық тұлғаның қоршаған орта, адамдар және өзі туралы әлеуметтік маңызды меңгерген саналы білім көлемі. Олар интериоризация мен экстериоризациядан кейін вербальды және вербальды емес әдістер, символдар, эмоционалдық көркемдік образдар көмегімен әлеуметтік және жеке тәжірибесі арқылы қорытындыланып, басқа адамдарға жетілдіріледі. Біз саналы түрде қабылдайтын мидағы оқиғалар мидың тілдік жүйесімен өңделетін оқиға болып табылады.

Сананың пайда болуы ішкі процестердің интериоризациясы мен өзін-өзі тануының пайда болуына әкеліп соғатын ой және вербальды диалогтар мен коммуникативті процестермен байланысты. Өзін-өзі тануды психологтар санамен генетикалық және функционалды байланыстағы тұлғаның орталық қалыптасуының бірі ретінде қарастырады. Сана әлеуметтік орта мен психиканың жоғарғы ықпалдық формасы. Сананың деңгейі интеллектуалдық дамудан, дара ақпараттық тәжірибеден және өзін-өзі танып білуге деген қабілеттіліктеріне байланысты. Түскен ақпарат санада өңделеді және тұлғаның интеллектуалдық тәжірибе, ойлау, дүниетану және саналылығының негізі болып табылады.

Тұлғаның креативтілігі мен шығармашылық ойлауын психологиялық тұрғыдан зерттеу олардың шығармашылық ерекшелігінің ғылыми-психологиялық әдістерін табуымен байланысты болды. Ойлау механизмдерін зерттеу проблемалар мен міндеттерді шешу материалдарымен өткізілді. Бұлай істеу абстракцияның сәйкес жүйесін құрастырып, шығармашылық ойлаудың өнімділігін айқындауды талап етеді.

Ойлау саласындағы психология-педагогикалық зерттеулерді талдай отырып, олардың тұлғалық шарттарының әртүрлі аспектілерін айқындауға болады: даралық-жіктеу айырмашылықтары, креативтілік қасиеттері, шығармашылық белсенділігі, бағыттылық, жинақылығы, қайраттылығы, түрткілік және эмоционалдық факторлар.

Шығармашылық ойлауды танып-білудегі әртүрлі бағыттарды саралай отырып, ойлау әрекетінің танымдық жоспарын айқындап алу керек.

Әлеуметтік орта танымдық сферамен тығыз байланысты санаға әсер етеді. Санада өндірілген ақпараттық, тұлғалық маңызды тәжірибе санасыздық, бейсаналылық, санадан тыс деңгейлерінде сақталады.

Бейсаналылық және санасыздық процестерін танып-білмей, шығармашылық тұлғаның дамуы мен креативтілікті тану жолдарын анықтау мүмкін емес.

Интуитивті фазадағы шығармашылық кездейсоқ, басқарылмайды, аяқ астынан туындайды. Шығармашылық пен аяқ астылықтың өзара байланысын Ф. Ницше ішкі себептермен пайда болған, сыртқы әсермен болмаған, яғни аяқ астылықты шығармашылықтың қозғаушы күші деп қарастырған. Бұл себепті зерттеу байланысымен ықпалдаспайды, сондықтан кездейсоқ болып табылады: «Мен кездейсоқтық арасындағы шығармашылық бастауын, белсенді күшті аштым: оқиға шығармашылық импульстардың қақтығысуы», - дейді Ф. Ницше.

Шығармашылық проблемасына әрекетті түрлендіру арқылы қарастыру тиімді бола бастады. Бұрыннан белгілі ғылыми, техникалық, әдеби, музыкалық, көркемділік шығармашылыққа ойын, оқыту, коммуникативті, жағдаяттық, әскери, басқару тағы басқа шығармашылық түрлері қосылды.

«Шығармашылық жалпыламалық сипатта бола ма, ол неден көрінеді?» - сұрағына жауап іздеген қазіргі заман зерттеушілерінің педагогикалық әрекетке көзқарастарын қарастырайық.

Л.И. Беляеваның пікірінше, «педагогикалық әрекет» ұғымы педагогиканың негізгі категорияларының арасынан лайықты орын алған жоқ.

М.М. Поташниктің ойынша: «педагогикалық еңбектің шығармашылықсыз болуы мүмкін емес, олай болмайды да, өйткені, қайталанбас балалар, түрлі жағдайлар, оқытушы тұлғасы және кез-келген педагогикалық шешім үнемі осы ерекше факторлардан туындайды. Балалармен жұмыс істеп жүрген мұғалімдер осы ерекшеліктерді ескермесе, оның әрекеті «педагогикалық» еңбектен тысқары жатыр деген сөз. Ғылым және өнер қортпасынан туындаған педагогикалық әрекет шығармашылықты туындатады».

«Педагогикалық шығармашылық» және «педагогикалық шеберлік» ұғымдарын талдай отырып, ғалым олардың мағыналары жағынан ұқсастығын атап көрсетеді. «Шебер деп өз мамандығын терең игерген қызметкерді атауға болады. Шеберлік үлкен тәжірибеге байланысты. Шебер бола қоймаған жас мұғалім де шығармашылықпен жұмыс істей алады».

XX жүзжылдықтың соңында психология мен педагогикада шығармашылық туралы әртүрлі мәліметтер жинақталды. Бірақ, жаңа білімге енгізіп, жетілдіру үшін, барлық ақпараттық материалдар өз кезегінде мағыналылықты, жүйелілікті қажет етеді. Бұндай жаңа білімге шығармашылық тұлғалардың типтерін, шығармашылық тұлғаның ақылының белгілері мен сапасы, шығармашылықтың пайда болуының механизмдері мен формалары, шығармашылық еңбек шарттары мен оның түрткісін жатқызуға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Чернилевский Д.В. «Білім беру жүйесінің қалыптасуының шығармашылық аспектілері». - М., 2016 ж.

2. Шевченко Л.Л. «Педагогикалық шығармашылық». - М., 2016 ж.
3. Рахимов А.З. «Шығармашылық психологиясы». - Уфа, 2015.
4. Гнатко Н.М. «Шығармашылық мәселесі және еліктеу құбылыстары». - М., 2014.
5. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. «Педагогикалық шығармашылық» - М., 2020.
6. Калмыкова З.И. «Оқудың негізі ретінде өнімді ойлау» - М., 2018 ж.
7. Козырева Л.А. Педагогика және шығармашылық психологиясы бойынша дәрістер. - Пенза, 2014 ж.
8. Морозов А.В. «Шығармашылық диагностикасы» // Монография. - М., 2002 ж.

ӘОЖ 82:398.91

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Анарбаева А.Н., Рысқұлбек М.Д.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – **а.о. Ормаханова Г.С.**

Бұл мақалада фразеологиялық бірлік, тұтастық, тізбек туралы түсініктер, айырмашылықтар қамтылған. Ағылшын, қазақ тілдеріндегі фразеологиялық сөздіктер және аудармадағы ерекшеліктер қарастырылады. Сөзбе-сөз аудармадағы мағына мен фразеологизмдердің жалпы білдіретін мағынасы мүлдем бөлек. Сондықтан әрбір тіркестің мағынасына көңіл бөлген жөн.

Фразеология – «phrasis» – орам, сөйлемше «logia» – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Екі немесе одан да көп сөздерден құралып, бір ғана лексикалық мағына беретін сөздерді фразеологизмдер дейміз.

Егер фразеологизмдерді сөзбе-сөз аударатын болсақ, онда біз өз халқымыздың және басқа елдердің сөйлеу мен жазба әдебиетіне нұқсан келтірген болар едік. Мысалы ағылшын тіліндегі, As busy as a bee – толассыз жұмыс жасау дегенді сөзбе-сөз дәл аударсақ, ол тіпті күлкілі «жұмысты арадай жасау» деп шығар еді.

Тұрақты тіркестер екі түрге бөлінеді: идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер.

Идиомалық топқа жататын тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің байланысы берік болады, олардың тұтас болып тұрғандағы мағыналарына қатысы болмай, мүлде бөтен мағына береді. Мысалы: «қабырғаңмен кеңес» (ойлан), «қой аузынан шөп алмас» (жуас), «салы суға кетіп отыр» (көңілсіз), т.б.

Фразалық топқа жататын тіркестер – тұрақты тіркестердің бірқатар мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса, бірінің лексикалық мағынасымен байланысы болады. Мысалы: «таяқ жеу» (соғылу), «бас көтеру» (қарсылық ету), «жаны ашу» (аяу), «есінен шығу» (ұмыту).

Амосова фразеологизмдерді – фразема, идиома деп екі топқа бөледі. Фраземалар – оларды құрап тұрған компоненттерінен шығады. Мысалы: beef tea, крепкий мясной бульон, кою майлы сорпа, knit one`s brows, нахмуриться, кеудесін қақты (жақтырмай қарады). Идиомалар құрамындағы сөз мағынасымен сәйкес келмейтіндігін айтады. Мысалы: play with fire играть с огнем, отпен ойнау. Мысалы ағылшын тіліндегі, «Storm in a teacup» болмашы жайт, ұсақ-түйек деген мағынаны білдіреді. Егер бұл тіркесті сөзбе-сөз аударсақ «кеседегі ызғарлы жел» деп шығар еді.

Жалпы қазақ тілінде тұрақты сөз тіркестері фразеологизмдер деп аталады, ал ағылшын тілінде фразеология немесе идиома деп аталады. Ағылшын идиомасын қарастыратын болсақ, оның өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен: фразеологиялық тіркестер және идиомалар ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көптеп қолданылады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қысқаша сөздігі:

A heart of stone - Тас жүрек  
Be all ears - Сақ құлақ  
Be childish - Бала болу  
Carry water on the both shoulders - Діңкесі құру  
Clear one`s mind of smth - Мүлде ұмыту  
Dance to one`s tune - Біреудің аузына қарау  
Hold one`s tongue - Тілді тый  
Make a mountain out of the molehill - Түймедейді түйедей қылу

Ағылшын тілінде әрбір идиома сөз таптарымен бірге қосарланып келеді. Егерде сын есімдермен тіркесіп келетін тұрақты сөз тіркестеріне келетін болсақ, ол екі немесе үш сөзден құралады. Мысалы: «light fingered» деген идиомалық тіркес ұрлыққа жақын, қолының сұғанағы бар адам дегенге саяды. «Long in the tooth» бұл тіркестегі «long» сөзі ұзын деп аударылып сын есім қызметін атқарып тұр. Сөзбе-сөз аударсақ тісі ұзын кісі. Аталған тұрақты тіркес (идиома) «кәрі» деп аударылады. Етістікпен қолданылатын тұрақты сөз тіркестері де жетерлік. Етістік «to go» және зат есім «song» қосарланып келсе, ол тұрақты сөз тіркесіне айналады. Алайда олардың қосарланып келгендегі мағынасын болжау өте қиын. «To go for a song» бір зат өз бағасынан төмен мөлшерде сатылған кезде қолданылады.

Ағылшын тілінде тұрақты сөз тіркестері фразеологиялық бірлік (motivated) және фразеологиялық тұтастық (non-motivated) деп екі топқа бөлінеді. Фразеологиялық бірліктердің мағынасын түсінуге болады. Оларға мақал-мәтелдер де кіреді. Мысалы:

All are not saints that go to church.  
Шіркеуге барғанның бәрі имам емес.  
All are not hunters that blow the horn. All are not gold that glitters.  
Жылтырағанның бәрі алтын емес.  
All bread is not baked in one oven.  
Бессаусақ бірдей емес.  
Everything comes to him who waits.  
Сабыртүбісарыалтын.  
Everybody`s business is nobody`s business.  
Қойшы көп болса қой арам өлер.

Ал, фразеологиялық тұтастықтың мағынасы тұрақты болады. Олардың жеке тұрғандағы мағынасымен жалпы білдіретін мағынасы сәйкес келмейді. Мысалы: to keep oneself in hand (өзін-өзі қолғаалу), to sit on one`s hands; not to do a hand`s turn (қолқусырып отыру), not to move a finger (қолының ұшын қимылдатпау), to kill time (уақытты босқа өткізу), to kill two rabbits with one stone (біроқпен екі қоянату), to give up all of it (қолын бір-ақ сілтеу), to keep the eyes shut (бірнәрсеге көз жұмақарау).

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл тұрақты тіркестер тілдік қолданыста әр уақыттың салт – дәстүріне, әдет – ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген.

Фразеологиялық ғылымда өзектіліктің негізгі белгілері, қасиеттері ретінде фразеологизмнің үш белгісі аталады:

- а) дайын түрдегі тұтыну туралы белгі;
- Б) мағынаның тұтастығы;
- Б) Мұқият тұжырымдау.

Фразеологизмнің дайын күйде жұмсалатындығының белгісі-тұрақты тіркестер қарым-қатынас, сөйлеу процесінде жасалмайды, бірақ дайын күйде біртұтас (бүтін, бір) тұтас ретінде жұмсалады. Фразеологиялық етістіктің бұл қасиеті еркін сөйлеммен салыстырғанда айқын көрінеді. Мысалы: тамақтану, қолды жуу, үйді тазарту және музыканы жақсы көретін еркін тіркестер, ақылды адам, үй салу қарым-қатынас процесінде бір-бірінің айтылуынан,

әңгімеде, ас үйдегі арқан, түйе сияқты түймедақ жасау, аузынан шөпті шығармау қой мен биенің ұясы туралы, таң туралы, күйеуінің шай кеші туралы және т. б. мұндай сөз тіркестері біздің жадымызда біріктірілген күйде, айнадағы қателіктерсіз тұтас күйде сақталады және айтылған кезде олардың дауыссыздары (сөздері) сөйлеушінің қалауы бойынша біріктірілмейді, олар тұрақты күйде, бүтіннің бөлігі ретінде, үздіксіз күйде қолданылады. өлеңдегі хор сияқты біртұтас бүтін. Бұл қасиет тек тұрақты тіркестерге ғана емес, сонымен қатар лексикалық бірлік (біріктірілген) тіркесіне де тән. Мысалға: әдемі, жылдам, үнсіз, сөзде сөйлесу, күлу, күлу, және белгілі бір дәрежеде оларға синонимдік фразеологиялық бірліктер "аузыңды үргендей", "көзді ашып-жұмғанша", "жабық аузыңды ашпа", әңгіме баста, күлдір, көзбен көру, мәжбүрлеу күлімсіреу дайын күйде өткізу қабілетімен сипатталады. Мысалы, егер біз қазақ-ағылшын тілдеріндегі тұрақты өрнектерді салыстыратын болсақ:

бір таспен екі құсты өлтіру-бір таспен екі қоянды өлтіру;

мысық пен иттің өмірі-ит пен мысық сияқты өмір;

құлақ түрту үшін;

батылдықты жеңу - жүрекке сіңу;

қарсыластармен кездесу-қиындыққа тап болу, қиындыққа түсу;

to take advantage of something-бір нәрседен пайда табу;

Біреудің сеніміне ие болу-біреудің сенімін ақтау;

ақымақ бол, ақымақ бол, ақымақ бол-аузыңда не бар екенін оқы;

кек алу – қазды дайындау - бірінші орынға қою;

сыртқы түрі бойынша бағалау-сырттан қарап, тонды төмендету;

елге қарсы агрессия-құпталады;

маймыл (жоғарыдан, үшін) — депрессияға түсу (депрессияға ұшыраған түр).

Фразаның мән-жайы фразеологизмнің негізгі белгілерінің біріне де қатысты. Мұқият сөз тізбегіндегі сөздер әркім қалағандай емес, белгілі бір жүйеде орналасқан. Бұл сөздер бір-бірімен тығыз байланысты. Егер олар бір-бірімен сөзбен сөйлескісі келмесе, олар тұрақты орналастыру тәртібін өзгерткісі келмейді.

Мысалы, red tape, kick the bucket тұрақты тіркесінде red, kick, blue, give немесе tape, Radio, The ball сөздерінің орнына қолданылмайды: егер біз оны осылай өзгертсек, олар тұрақты фраза болуды тоқтатады немесе тіпті мағынасыз, түсініксіз болады және кейбір жағдайларда сөз тіркесі мағынаның тұтастығын жоғалтады. Кейде бірнеше идиомалар қарапайым сөз тіркесінің бөлігі ретінде бір сөздің әртүрлі тұлғаларынан жасалуы мүмкін. Мысалы: оның жамбасы жерге тигенше (ол өлгенше), жамбасы жерге тиді (қайтыс болды, жерді тастады), жамбасы жерге тиген жоқ (ешкімнен құлап кетпейтіндей күшті). Кейде бір дыбыс жалпы сөйлемнің мағынасын өзгертеді.

Қорытындылай келе, халық санасының, дәстүрлерінің, мәдени өмірінің тарихын бейнелейтін фразеологиялық бірліктермен таныспай, тілдің байлығы мен оның ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тілдерлік қатынастарды дамытудың осы кезеңінде шет тілін ана тілімізбен салыстырғанда зерттеу лингвистиканың әрбір саласы үшін ерекше маңызға ие.

### Әдебиеттер :

1. Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ тілінің лексикологиясы және стилистикасы. – Қарағанды: Болашақ, 2009. –129 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. –712 б.
3. Куинин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 1996. – 381с.
4. Peter Watcyn-Jones. Test your idioms. – China: Penguin English Guides, 2002. –133 p.
5. Баймахан Т., Байтелиева А., Утешова Н. Английские пословицы и их эквиваленты в русском, казахском и турецком языках. – Туркестан: Туран, 2010. –176 с.
6. Kuzmin S.S. Translating Russian idioms. – Moscow: Vysshaya shkola, 1977. – 210 p.

## ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН САРАПТАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Торғаев Б.П.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – тар.ғ.к., қауымдастырылған проф.м.а **Апашева С.Н.**  
№81 Т. Тәжібаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп, география пәні мұғалімі

**Кундебаев Б.А.**

Кез-келген архив қағаз және электрондық негіздегі құжаттарды жинау, уақытша сақтау мен пайдалану мақсатында ұйымдастырылады. Ведомстволық архив құрамында электрондық құжаттар архивы пайда болады. Архив оның міндеттерін, функцияларын, толықтыру көздерін және қабылданатын құжаттар құрамын айқындайтын Ережеге сәйкес жұмыс жүргізеді. Қазақстан Республикасы архивтер мен құжаттаманы басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы, архивтер мен құжаттаманы басқарудың жергілікті уәкілетті мемлекеттік органы (бұдан әрі - уәкілетті органдар), Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивтері, Қазақстан Республикасы Президентінің архивы, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының мемлекеттік архивтері, облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтері және олардың филиалдары (бұдан әрі - мемлекеттік архивтер) осы Ережелерді ведомстволық архивтер жұмысының іс-тәжірибесіне ендіруде әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді және олардың орындалуына бақылау жасайды [1].

Кез келген архивті ( оның ішінде "электрондық архивті") құрудың мақсаты - орындалған құжаттар мен жабық істерді қайта пайдалануды ұйымдастыру. Бірақ мұндай мүмкіндікке ие болу үшін бірнеше шарттарды орындау қажет:

- ұзақ мерзімді құжаттамалық саясатты әзірлеу, яғни әлеуетті пайдаланушылардың шеңберін және оларды шешу үшін құжаттар қажет болуы мүмкін міндеттер шеңберін анықтау және осыған сәйкес құжаттардың жіктемесін жүргізу және оларды сақтау мерзімдерін бағалау;

- әзірленген саясатқа сәйкес архивтік сақтау үшін құжаттарды іріктеуді жүргізу;

- осы құжаттар бойынша тиімді іздеу-анықтамалық жүйесін құру;

- барлық сақтау мерзімі ішінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, яғни олардың тұрақты есебін жүргізу және құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайларын жасауға, олардың бүлінуіне жол бермеуге және олардың тұтынушылық қасиеттерін қолдауға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру, бірінші кезекте құжатталған оқиғалардың, процестердің, құбылыстардың шынайы дәлелі болуы үшін;

- құжаттарды жоғалту тәуекелін барынша азайтатын құжаттарды пайдаланудың осындай жүйесін енгізу [2].

Электрондық құжаттардың құндылығын сараптау ерекшеліктері. Электрондық құжаттарды архивтік сақтауға іріктеу ұйымның сараптау комиссиясы жүргізетін ЭҚ құндылығын сараптау нәтижесінде жүзеге асырылады.

ЭҚ сараптамасының бірінші кезеңінде Архив іс жүргізу қызметімен немесе ұйымда ақпараттық технологиялардың жұмыс істеуіне жауап беретін қызметпен бірлесіп, сараптаудың жалпы өлшемдеріне сәйкес құжаттары құндылығы болуы мүмкін жүйелердің, тақырыптар мен жобалардың тізбесін анықтайды. Тізбенің шеңберінде ПҚ тұрақты және уақытша сақтауға іріктеу жүргізіледі; тізбені ұйымның сараптау комиссиясы бекітеді.

ЭҚ сараптамасын сараптамалық комиссия дәстүрлі тасымалдаушылардағы ұйымның құжаттамаларымен өзара байланыста жүргізеді (жалпы және арнайы өлшемдер жүйесі кешенінде қолданылады):

- маңыздылығы;



- құжаттың толықтығы (аяқталуы);
- құжаттың түпнұсқалылығы;
- архивтік сақтауға қабылданған құжаттарда қайталанатын ақпараттың болмауы;
- ЭҚ архивке сақтауға қабылдау кезінде мынадай факторлар есепке алынады:
- ЭҚ қабылдауға шектеулер;
- ЭҚ құру процесінің аяқталуы;
- архивке қабылдау кезінде ЭҚ басқа форматқа аударылуы мүмкін құны;
- ЭҚ беруге кедергі келтіретін заңнамалық актілердің болуы;
- қажетті ілеспе құжаттаманың болуы;
- ЭҚ сақтаудың әртүрлі режимдеріне электрондық жабдық түрінің сәйкестігі;
- сақтауды қамтамасыз ету шығындары.

Электрондық құжаттардың құндылығына сараптаманы ұйымның сараптама комиссиясы қосымша белгілерді ескере отырып, қағаз тасығыштағы құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен жүргізеді, мысалы: электрондық құжаттың түпнұсқалылығы; электрондық қолтаңбаның болуы; түпнұсқалық бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланбай электрондық құжаттардың ақпаратын қайта шығару және өңдеу мүмкіндігі және т. б. [3].

Электрондық істерге электрондық құжаттарды қалыптастыру тиісті ақпараттық жүйелерде ұйымның құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

Электрондық іс келесі құрылымға ие:

- электрондық құжатты электрондық іске орналастыру кезінде Орындаушы (ақпараттық жүйені пайдаланушы) толтыратын істің электрондық құжаттарының ішкі тізімдемесі, істің индексі және Істер номенклатурасы бойынша істің тақырыбы көрсетілген.

- ішкі тізімдеме құжат парақтарының санын, файл пішімін және оның ақпараттық көлемін (байтпен) көрсете отырып, электрондық іске орналастырылған электрондық құжаттардың күндерін, индекстерін, тақырыптарын хронологиялық тәртіппен тізбектеп аударудан тұратын есеп ретінде ақпараттық жүйемен автоматты түрде қалыптастырылуы мүмкін.);

- хронологиялық тәртіпте, авторлардың, корреспонденттердің алфавиті бойынша немесе ақпараттық жүйемен қамтамасыз етілетін басқа да тәртіпте орналасқан, электрондық құжатты жасау (қол қою) кезінде оларға берілген атаулары бар электрондық құжаттардың файлы немесе файлдары.

Электрондық іске тұрақты немесе уақытша (10 жылдан астам) сақтау мерзімдерінің электрондық құжатын енгізу үшін ақпараттық жүйеде ұйымның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген және мемлекеттік немесе муниципалдық архивпен келісілген, жинақтау көзі ұйым болып табылатын құжатты архивтік сақтау форматына (pdf, pdf/A, tiff немесе басқа) айырбастау жүргізіледі.;

- электрондық құжат ақпараттық жүйеге енгізілген және оның көмегімен сәйкестендірілуі мүмкін метадеректер (есепке алу-тіркеу карточкаларының немесе өзге де "кіру" нысандарының) файлы немесе файлдары;

- электрондық құжаттардың электрондық қолтаңбаларының файлы немесе файлдары немесе электрондық қолтаңбалардың түпнұсқалығын тексеру нәтижелері туралы белгінің хронологиялық біріздігінде орналасқан белгіден тұратын файл (ақпараттық жүйеден есеп ретінде қалыптастырылуы мүмкін) [4].

Алайда, электрондық құжаттар әлі де ұзақ уақыт бойы кез келген ұйымның Құжаттамалық қорының бір бөлігі ғана болатынын ескеру керек. Қағаз құжаттарымен бірге олар ұйымның бірыңғай Құжаттамалық қорын құрайды. Көптеген ұйымдарда электрондық құжаттарды пайдалану осы күнге дейін, негізінен, көмекші, анықтамалық-ақпараттық сипатқа ие: қосымша мәліметтер (білім) алу мақсатында ақпаратты жедел іздеу және талдау үшін. Сонымен қатар қағаз құжаттары негізгі, дәлелді күші бар ретінде қарастырылады және әртүрлі ресурстарды: әкімшілік, қаржылық, материалдық, өндірістік, кадрлық және т. б. басқаруды құқықтық қолдауды қамтамасыз ету мақсаттарына қызмет етеді. Ұйым архивін,

сондай – ақ ақпаратты Құжаттаудың осы екі тәсілі бірлігінде, ал электрондық архив-ретроспективті ақпаратты жедел алу құралы ретінде, заңды маңызы бар құжаттарды пайдалану қорының қазіргі заманғы іске асырылуы ретінде қарастырған жөн. Бірақ ең бастысы, қағаз құжаттардың, олардың сандық көшірмелері мен деректер қорының құрамына енгізілген құжаттардың өзара байланысы болып табылады. Бұл өзара байланыс құжаттарды есепке алу жүйесімен (қағаз және электрондық), қабылданған индекстеу, бағыттау, топография және құжаттарға қол жеткізуді бақылау технологияларымен өзара байланысты болады.

Электрондық архивті құру кезінде кез келген құжаттардың " жағымсыз " ерекшеліктерін ұмытпау керек-жылдан жылға көлемдерде ұлғаю қажет. Гигабайттарда құжаттардың саны мен олардың мөлшерінің жылдық көлемдерінің болжамы электрондық құжаттарды орналастыруды сауатты ұйымдастыруға көмектеседі: жедел орындалатын және неғұрлым талап етілетін құжаттар – жылдам тасығыштарда (қатты дискілерде, RAID-массивтерде), архивтік құжаттар (олардың елеулі көлемі кезінде) – сыртқы тасығыштарда (оптикалық дискілерде, магниттік таспаларда).

Графикалық форматтағы электрондық құжаттар – цифрланған құжаттар ең көп көлемге ие. Практика көрсеткендей, ұйымдардың басым көпшілігінде құжаттар сканерленеді және TIFF форматында сақталады. Нәтижесінде, бір жерлерде цифрлау басталғаннан кейін үш-төрт жылдан кейін серверлік ресурстардың таусылуына тап болады. Мұндай тәсілде екі басты түсінік бар: цифрлау бойынша қолда бар ұсыныстар және сканерлеу жүргізілетін Жабдықтың технологиялық сипаттамалары (тек TIFF). Бұл ретте, цифрлау бойынша ұсынымдар 1990 жылдардың ортасына дейін әзірленгенін және олар, негізінен, сурет құжаттарына қатысты екенін, содан бері де-факто стандарты JPG форматы-неғұрлым үнемді және кең таралған және кемінде сапалы формат болатын Интернет пен сандық фото дамығанын ескереді. Кез-келген заманауи графикалық браузерде конверторлар бар, олардың көмегімен автоматты режимде жинақталған цифрланған құжаттарды JPG-ға тез айырбастауға болады. Сонымен қатар, электрондық бейнелерді PDF "архивтік" форматына айырбастауға мүмкіндік бар.

Төменде әр түрлі форматтарда сақталған бір мәтіндік құжаттың көлемі көрсетілген кесте берілген.

1 кесте – Форматына байланысты құжат көлемі

Форматы	Кбайттардағы көлем	TIFF-ке қатынасы
TIFF (сканерлеу 100 dpi, ч/б)		
PDF	113,5	0,30
XML	109,6	0,29
JPG (сканерлеу 100 dpi, ч/б, қысу – 20%)	93,6	0,25
MS Word – RTF	35,3	0,09
MS Word 9.0 (*.doc)	29,4	0,08
HTML	21,1	0,06
Мәтіндік файл (*.txt)	8,4	0,02

Жоғарыда келтірілген кестедегі деректертің өте ірі емес ұйымда жылдық құжат айналымы тек ұйымдық-өкімдік құжаттамалар (бұйрықтар, өкімдер, нормативтік құжаттар, хаттамалар, жоспарлар, есептер, хат алмасулар және т.б.) шамамен 20 мың құжатты құрайтынын нақтылайды. Сәйкесінше, олардың TIFF форматындағы цифрланған көшірмелерінің жиынтығы 7,5 Гбайт, неғұрлым үнемді JPG – 1,9 Гбайт, PDF немесе XML мәтіндік форматтағы көшірмелер 2 Гбайт, RTF немесе MS Word – 650 Мбайт және ақырында қарапайым мәтіндік форматта – 168 Мбайт құрайды [5].

Электрондық құжаттарды есепке алу бірліктері мен нысандары құжаттарды сақтаудың міндеттері мен мерзімдерімен айқындалады. Ұйымның іс жүргізуінде және архивінде есепке алуға қойылатын талаптар электрондық құжаттарды мемлекеттік есепке қойған кезде мемлекеттік архивке қарағанда едәуір қатаңдау болуы мүмкін.

### Әдебиеттер

1. Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № 93 бұйрығы.[Электронды ресурс] <https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/V030002679>. (қаралған күні 15.09.2022)

2. Authenticity of Electronic Records: A Report Prepared for UNESCO and the International Council on Archives. ICA, Study 13-2, January, 2004.

3. Ларин М. В. Проблемы совершенствования документационного обеспечения управления в современных условиях // Отечественные архивы. 2009 № 3. С. 26-33.

4. Михайлов О.А. Электронные документы в архивах: Проблема приема, обеспечения сохранности и использование. М., 2008. С. 244.

5. Жумер В. Важнейшие аспекты экспертизы ценности документов: анализ международного опыта (1950-1990-е годы) // Отечественные архивы. - 2000. - №4. – С. 10-17.

УДК 372.8

## МОДЕЛЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИИ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ДЕВУШЕК

**Жамалдин А.**

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
г. Шымкент

Научный руководитель: к. п. н. **Арзымбетова Ш.Ж.**

Рассматривая теорию формирования ценностных ориентаций у девочек девиантного поведения, ее экспериментально четкий и последовательный анализ требует сохранения и обобщения содержания и сущности. Она реализуется через раскрытие смысла понятия «модель». По мнению философа В. А. Штоффа, «модель - это понимание системы исследований, в которой материальный или мысленный образ воплощается или порождает объект, который способен дать нам новую информацию об этом объекте» [1].

Термин «модель» происходит от латинского слова «модули», что означает «размерность», «метод», «образ» . При изучении учебного процесса модель является средством визуализации связи между общей структурой и отдельными частями изучаемой проблемы. Создание модели называется «моделирование». В процессе моделирования одна система (объект исследования) превращается в другую (модель) своим способом познания (В.Г. Афанасьев). Исходя из перечисленных выше социально-педагогических и психологических теорий, в ходе исследования нами была создана структурно-содержательная модель развития эмоционально-волевой сферы девушек в соответствии с выводами, вытекающими из ведущих теорий[2].

Цель исследования - сравнительный анализ ценностных ориентаций девушек с формально нормальным поведением и девушек, которые уже имели зафиксированные конфликты с законом или находятся в группе риска. Под нормальным поведением контрольной группы мы понимали поведение, которое удовлетворяет социальным заданным критериям и по ним полностью получает социальное подкрепление и одобрение со стороны взрослых (хорошая учеба, проживание в благополучных семьях с расширенными межличностными отношениями, отсутствие документально зафиксированных конфликтов с законом). Основная обследуемая группа (далее экспериментальная) была представлена подростками, стоящими на внутришкольном учете или учете при подразделениях по делам несовершеннолетних районов города, а также подростками, проживающими в детских реабилитационных центрах, детских социальных приютах, поведение которых не соответствует выделенным критериям.

В модели определяются следующие критерии формирования ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением:

I. Умение видеть значение ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.

II. Умение видеть важность процесса ценностных ориентаций девушек девиантного поведения.

III. Уметь видеть педагогическую диагностику процесса ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.

IV. Уметь видеть научно-методологию процесса ценностных ориентаций девушек девиантного поведения.

Также включены отдельные показатели этих дифференцированных ключевых критериев



В модели определяются следующие критерии формирования ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением:

- I. Умение видеть значение ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.
- II. Умение видеть важность процесса ценностных ориентаций девушек девиантного поведения.

III. Уметь видеть педагогическую диагностику процесса ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.

IV. Уметь видеть научно-методологию процесса ценностных ориентаций девушек девиантного поведения.

Также включены отдельные показатели этих дифференцированных ключевых критериев:

1. Формирование «умения видеть» ценностные ориентации девушек с девиантным поведением.

2. Уметь «видеть» отдельные компоненты ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.

3. «Уметь видеть» механизмы ценностных ориентаций девушек с девиантным поведением.

4. «Уметь видеть» правомерность ценностной ориентации личности.

5. Уметь «видеть» противоречия в ценностях девушек с девиантным поведением.

Основные показатели способности «видеть» значимость процесса ценностной ориентации девушек с девиантным поведением:

1. Уметь «увидеть» важность процесса ценностной ориентации девушек с девиантным поведением.

2. «Уметь видеть» механизмы процесса ценностной ориентации девушек с девиантным поведением.

3. Уметь «видеть» составляющие процесса ценностной ориентации девушек с девиантным поведением.

4. Процесс ценностной ориентации девушек с девиантным поведением уметь «видеть» противоречия и закономерности.

5. Процесс ценностной ориентации девушек с девиантным поведением «видеть» взаимодействие компонентов [3].

Данная модель дополняется как содержательным характером, так и психологическим. Здесь опираясь на теоретические основы развития личности, выделяем три основные сферы развития: познавательную, деятельностьную, мотивационную/.

Содержание познавательной сферы определяется следующими знаниями: значение ценностных ориентаций девушек девиантного поведения; значение процесса ценностных ориентаций девушек девиантного поведения; значение педагогической диагностики ценностных ориентаций девушек девиантного поведения и осознанное усвоение основ знаний о научно-методической системе процесса ценностных ориентаций.

Основная цель, задачи, принципы и направления деятельности социального педагога с несовершеннолетними подростками, содержание работы и результат данной модели в развитии эмоционально-волевой сферы несовершеннолетних преступников.

Для определения содержательной, технологической структуры и механизмов реализации целей-задач, указанных в модели, были изучены нормативные документы: Закон Республики Казахстан Об образовании, Закон Республики Казахстан О правах ребенка, Закон Республики Казахстан от 9 июля 2004 года «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и учете детской безнадзорности и беспризорности», конвенция о правах ребенка и др [4].

Кроме того, при разработке модели социально-педагогической работы по развитию эмоционально-волевой деятельности несовершеннолетних мы руководствовались следующими социально-педагогическими принципами:

- социальная направленность образования;
- единство воспитательных воздействий;
- личностно-ориентированный;
- с учетом возраста и индивидуальных особенностей.

Принцип общественной направленности воспитания важен в установлении цели работы по переориентации несовершеннолетних преступников в общественную жизнь.

Руководствуясь принципом единства воспитательных воздействий, мы рассматривали каждую часть и элементы модели как педагогическую систему, составляющую единое целое. При организации и планировании работы с несовершеннолетними с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей основное внимание уделялось развитию эмоциональной и произвольной сфер, характеристике возрастных и индивидуальных особенностей с физиологической, психологической, педагогической точек зрения. Личностно-ориентированный подход объясняется в педагогике понятием «личностно-ориентированный». То есть общаться с человеком на основе субъективного подхода. Личностно-ориентированное общение – предполагает создание ситуаций, в которых видна личная деятельность учащегося (выбор, мотивация, рефлексия и др.).

### Литература

1. Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық. – Алматы: Print, 2005. – 296 с.
2. Акажанова А.Т., Курбаналиева М.К. Теоретическое исследования по психолого-педагогическому сопровождению несовершеннолетних/// Международный научно-популярный журнал «Наука и Жизнь Казахстана». - Алматы, 2016. - №4 (39). - С.140-142.
3. Акажанова А.Т., Курбаналиева М.К. Ювенальная юстиция и реабилитационно-коррекционная работа с несовершеннолетними в учреждениях закрытого типа /// Вестник КазНУ имени Аль-Фараби. Серия психологии и социологии. – Алматы, 2015.-№2(53) - С.110-115.
4. Закон РК «О правах ребенка» №345-ІІ от 08.08.2002 г., ст. 48, п. 2.

ӘОЖ 82:398.91

### Қазақ, ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ұқсастығы және айырмашылығы

**Бағдат А.С., Оралбек А.А.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – **а.о. Ормаханова Г.С.**

Халық қашан да өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған. Ауыз әдебиетіндегі шағын жанрлардың бірі – мақал-мәтелдер біздің ой-өрісімізді, дүниетанымымызды, қиялымызды, тілімізді дамытуда, тәлім-тәрбиесінде терең мән жатыр.

Мақал-мәтелдер – ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесінен түйінделген даналық жемісі. Мақал-мәтелдер - әр кезеңде ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың еншілеген мол қазынасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз. Мәтел – тұжырымды. Бейнелі әрі ықшам нақыл сөз.

Қай елдің мақал-мәтелдерін алмасақ та, барлығының ең басты ерекшелігі– тәрбиелік маңыздылығы. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді үйрену негізінде біз тек ағылшын халқының көп ғасырлық өмірлік тәжірибесімен, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастары мен дүниетанымымен танысып қана қоймай, ең бастысы сол нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсініп, сөздік қорымызды байытамыз.

Ағылшын тілінен қазақшаға аударуда қиыншылықтар кездесетіні де сөзсіз. Аударманы жасаған кезде басқа тілдің көмегі арқылы белгілі бір тілдегі мазмұнды мүмкіндігінше дәл жеткізу, ағылшын тіліндегі мақалды немесе мәтелді түсініп, оны өз туған тілінде түсіндіруге және керісінше жасау іскерлігіне ие болу міндеті қойылады. Екі тілдегі мақал-мәтелдердегі

немесе нақыл сөздердегі мағыналық реңктің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ұғыну ағылшын тілін үйренуіне елеулі көмек көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер жан-жақты қарастырылып талданды.  
Мәселен:

1. Ағылшын, қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер жеке тақырыптар бойынша сараланды;

**А) АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТІ**

**HUMAN BEING and HUMAN NATURE**

1) Әрелдің салты басқа, иттері қарақасқа.

Every country has its customs.

2) Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.

Appearances are deceptive – never judge from appearance.

3) Сиыр баласын торпағымдер, қарға баласына пағымдер.

Every cook praises his own broth.

**Ә) ЕҢБЕК пен КӘСІП туралы**

**WORK and LABOUR**

1) Іскеуақыт, ермеккесағат.

Business before pleasure.

2) Еңбектүбі – қуаныш.

The end crowns the work.

3) Қысарбаңдысайла, жазшанаңдысайла.

After dinner comes the reckoning.

**Б) ҒЫЛЫМ- БІЛІМ туралы**

**KNOWLEDGE and SCIENCE**

1) Білім – қуат.

Knowledge is power.

2) Ақылдыкөндімдесе, ақымақжеңдімдейді.

The fool does think he is wise,

but the wise man knows himself to be a fool.

3) Көргеніңдікөңілгетүй.

Learn wisdom by the follies of others.

**В) ДЕНСАУЛЫҚ туралы**

**HEALTH**

1) Денсаулық – зор байлық.

Good health is above wealth

2) Демі бардыңемі бар.

Take a hair of the dog that bit you.

3) Тазалық бар жерде денсаулық бар.

If each would sweep before his own door,

he should have a clean city.

4) Кесел батпандапкіріп, мысқалдапшығады.

Agues come on horseback but go away on foot.

**Г) ДОСТЫҚ туралы**

**FRIENDLINESS**

1) Досыңды қиналғанда бір сына,

Қуанғанда бір сына.

A friend in need is friend indeed.

2) Жүзсомыңболғанша, жүздосыңболсын.

A friend in court is better than a penny in purse.

3) Жаңа ДОС жаныңда жүргенде, ескі ДОС есінде жүрсін.

Old friends and old wine are best.

4) Ақымақ достан ақылды дұшпан артық.

Better an open enemy than a false friend.



2. Мақал-мәтелдер мағыналарына қарай сараланды:

а) Мақал-мәтелдердің 2 (қазақ, ағылшын) тілде сөздік баламасының әр түрлі мағыналарының бірдей болуы;

Мысалы:

Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді.

One drop of poison spoils the whole tun of wine.

Бұл мәтелде 2 тілдегі сөздік баламасы әртүрлі, бірақ мағынасы бір.

ә) Мақал-мәтелдердің 2 (қазақ, ағылшын) тілде сөздік баламасының дәл келуі;

Мысалы:

Білім – қуат.

Knowledge is power.

Бұл мәтелде 2 тілдегі сөздік баламасы және де мағынасы дәл келіп тұр. Бұл синонимикалық мәтелдер, яғни аудару барысында тікелей аудару арқылы аударылған, мағыналарыда, сөздері де бірдей. Бұндай ұқсас синонимикалық мақал-мәтелдерді шетел тіл меңгеруде қолдану өте қолайлы.

Мақал-мәтелдерге тән көркемдігі, ырғақты суреттеуі арқылы олар өте тез есте сақталып, ағылшын тілін үйренудің әр түрлі аспектілері мен кез-келген басқа мақсат үшін иллюстрация ретінде қолданыла алады.

Бұл бейнелік нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдану барысында, біз халық даналығының мағынасына тереңірек үңіліп түсінеміз. Мақал-мәтелдердің мәнерлі формасы оларды тез есте сақтауға мүмкіндік береді, бұл ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерінде кездесетін грамматикалық құрылыстарды өңдеуге көмектеседі.

Мағыналары бір екі фразаны екі тілде салыстыру қандай болса да тақырыпта әңгіме жүргізуге мүмкіндігін береді. Бұл қысқа нақыл сөздердің терең мағынасы ой өрісті кеңейтіп, дамытып қана қоймай, өзінің тәрбиелік маңыздылығымен құнды болып табылады.

*Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері және оларды топтастыру*

Мақал – мәтелдерді топтастырудың негізгі қағидалары. Тіл білімінде мақал – мәтелдерді топтастырудың бірнеше қағидасы бар, енді солардың негізгі түрлеріне тоқталайық.

1. *Әріптік, әліпбилік (алфавиттік) топтастыру.* Аты айтып тұрғандай, топтастырудың бұл түрінде мақал құрамындағы алғашқы сөздің басқы әрпі негізге алынады. И.С. Гварджаладзенің, Г.Л. Айшерсонның, В.С. Смиттің жинақтарында ағылшын мақал – мәтелдері әліпбилік тәсілмен түзілген, Тілдік бірліктерді осы тұрғыдан топтастырудың тиімділігін оның қарапайымдылығымен, қолдануға қолайлығымен, ал кемшілігін басқы әріп негізге алынатындықтан, мағыналас тіркестердің басқа топқа саралануымен түсіндіруге болады.

2. *Ұйытқы сөз арқылы (лексикалық энциклопедиялық) топтастыру.* Зерттеу барысында белгілі паремиологтар А.Жигулиев, М.В. Буковская және бірқатар шетел ғалымдарының осы әдіске зор мән беретіндігі байқалды. Қажет тілдік бірлікті ұйытқы сөзге сүйене отырып, оңай тауып алуға болатындығын аталмыш әдістің ерекшелігі деп танымыз. Ал кемшіл тұсы жоғарыда аталған әдіспен пара-пар, өзара мағыналас мақалдар бөлек, ал, керісінше, лексемалары бір, мазмұны бөлек түрлері бір топқа енеді. Мысалы,

*"Жуас түйе жөндеуге жақсы",*

*"Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты",*

*"Түйе көп болса, жүк сыймас"* тәрізді мақал – мәтелдер семантикалық алшақтыққа қарамастан, бір тақырыптық топқа біріктіріледі. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінде аталмыш әдіс бойынша құрастырылған мақал - мәтелдер жинағының жоқтығы анықталды.

3. *Монографиялық топтастыру.* Мұнда мақал – мәтелдер жинақталған уақытына, кезеңіне, таралу аймағына орай жіктелген. "Пословицы, поговорки, загадки в рукописных сборниках XIII-XX веков" және "Ақылдың көзі, Ташкент маңы және Сырдария

жағалауындағы Қазығұрт пен Қаратау бөктеріндегі ежелден тұратын қазақтардың мақалдары" атты жинақтар монографиялық топтастырудың айқын үлгісі.

4. *Генетикалық тұрғыдан топтастыруда* мақал – мәтелдердің шығу төркіні, белгілі бір халыққа, тілге қатыстылығы негізге алынады. М.Брагинскийдің жетекшілігімен жарық көрген "Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері" жинағы осы генетикалық әдіспен түзілген.

5. *Тақырыптық (тематикалық) топтастыру*. Бұл қағида бойынша мақал-мәтелдер мән-мағынасына қарай топтастырылады. Зерттеу барысында көп жағдайда қазақ мақал-мәтелдерінің осы қағидамен топтастырылғандығы байқалды. Топтастырудың бұл қағидасы мағыналас мақал-мәтелдерді бір топтан оңай тауып алуға болатындығымен ерекшеленеді. Себебі, ізденуші немесе тілді үйренуші өзінің мақсат –мүддесіне орай қажет мақал-мәтелді тақырыбына қарап оңай тауып алады, әрі қолдануға да өте ыңғайлы.

Мақал-мәтелдер — халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылады:

- мақал көп жағдайда үлгі – өнеге, өсиет айтуға құрылады. Ал мәтел, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты орамды сөйлемше түрінде келіп, көңілдегі ойды емеурін арқылы жеткізеді және нақты тұжырым, қорытынды пікір жасалмайды;

- ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұрақты тіркес ретінде қарастырылады;

- мақал-мәтелдер өзге тұрақты сөз орамдарына (қанатты сөз, нақыл сөз т.б.) қарағанда, тұлға жағынан ықшам, мазмұны жағынан тұтас, әмбебап болады;

- мақал-мәтелдердің тұлғасының тұрақтылығы мен тілде бұрыннан "дайын" материал ретінде қолданылатын сипаттары оларды фразеологизмдер қатарына қосып, осы салада зерттеуге толық мүмкіндік береді;

- мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық табиғатын айқындауда Табиғат - Адам - Қоғам" деп аталған үш бірлестікті қамтитын идеографиялық классификация тиімді;

- бірқатар қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі;

- ағылшын мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана құралса, қазақ мақалдарының басым көпшілігі екі, не бірнеше тармақты болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі айтылар ойдың басқа бір жағдай, не құбылыспен салыстырыла жеткізуін тілдік ерекшеліктер санатына жатқызуға болады;

- кейбір қазақ мақал-мәтелдерінің күндерегі қазақ қоғамында қалыптасқан билер институтымен, яғни Майқы, Төле, Әйтеке есімдерімен, Абай, Ыбырай, Жамбыл т.б. шығармаларындағы мазмұнды сөз үлгілерімен, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздерімен, жұмбақтар және діни мазмұндағы шармалармен, тығыз байланысты;

- ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің құрамында елді-мекендердің, атаулары мен кісі есімдері жиі кездеседі;

- туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келу қазақ және ағылшын халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты;

- тіл-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады;

- әртектес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу жұмыстары жалпы тіл білімін теориялық тұрғыдан соны тұжырымдармен толықтыра түседі және кейбір практикалық мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жүсіпова Р.Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал – мәтелдердің синонимдік мәні// Қаз ҰУ Хабаршысы – Филология сериясы // N 3- 2003.

2. Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары // Алматы-1996.
3. Ағылшын – қазақ тілдеріндегі кейбір ұқсастықтар туралы // Қазақстан мектебі – 2001, N 3.
4. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған: Ж. Дәуренбеков - А., 2001.
5. Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері // Мир языка. "Аударманың көкейкесті мәселелері" атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2001.
6. Әлімбаев М. Халық – ғажаптәлімгер. – А., 1994.

ӘОЖ 94 (574)

## **М.ӘУЕЗОВТІҢ «ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕ БАТЫРЛАР ЖЫРЫН СУРЕТТЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ПФ21- 1к тобының студенттері **Бақтыбай М., Садықов Ш.**  
Ж.А. Ташенов атындағы университет  
Ғылыми жетекшісі аға оқытушы **Арынбаева Р.А.**

М.Әуезовтің ғалымдық жолы көпке мәлім. Оның жасынан-ақ жазушылық қызметпен бірге әдебиеттану ғылымын зерттеу саласында да еңбек еткендігі белгілі. М.Әуезовтің қаламынан қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған көптеген зерттеулер шықты. Ол айтулы фольклоршы, өмірінің соңғы жылдарында да Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтында ауыз әдебиеті бөлімін басқарған болатын. Сонымен бірге М.Әуезовтің әдебиетіміздің тарихына, кеңес тұсындағы әдебиет дамуының өзекті мәселелеріне арналған еңбектері де көптеп табылады. Бұл М.Әуезов шығармашылығының ең зерттелмеген саласы.

«Мұхтардың әдебиет тарихы», оның басталуы мен дамуы жайлы ойлары тым қызғылықты. Бірақ қазақтың қоғамдық өмірінің дамуы жайларына сүйеніліп айтылған бұл ойлар кейін өріс ала алмай, Мұхтардың ұлтшыл ретінде айыпталуына (1930-1932) байланысты тоқталып қалды. Оның алғашқы күрделі еңбегі «Әдебиет тарихы» [1] пайдаланудан алынып, идеялық жағынан зиянды кітаптардың қатарына қосылды», - деп бұл кітап автор тағдырын одан да қиындата түскенін ескертеді.

«Әдебиет тарихында» мезгілінде объективті ғылыми тұрғыдан айтылған терең тұжырымдар қатарына қазақ елінің отарлануы, өз тәуелсіздігінен айрылуы, осыдан туған кесепаттардың әдебиеттегі көріністері туралы байлам-пайымдауларды жатқызу керек.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелеріне келгенде, автордың исламға дейінгі және исламнан кейінгі әдебиет деп ұзақ тарихты екі орасан үлкен кезеңге бөліп қарауында ғылыми негіз жатыр. Бұл, әсіресе, фольклорға ерекше дөп келеді. Мұндай идеяны ең алдымен А.Байтұрсынов айтқанын да естен шығармау қажет. Қазақ АССР-інің тұңғыш Халық ағарту комиссары болған ғұлама ғалым А.Байтұрсынов «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Әліппе астары» еңбектерінен кейін 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» оқулығын жазған еді. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» жеке шығармаларды тиянақты талдау мақсатын алдына қоймаған, негізгі нысана – қазақ әдебиеті үлгілерінің басты-басты жанрлық формаларын ұғындыру болған.

«Әдебиет тарихының» 2-бөлімін «Батырлар әңгімесі» деп атаған. Оны М.Әуезов орыс, Европа фольклористикасында сол кезеңде қалыптасқан таным үлгісімен «ұлы батырлар және кіші батырлар» деп екі жікке бөліп қарастырады. Бірақ оны жалаң алып жапсыра салмай, қазақ жырының өз табиғатына сәйкес саралай алған. Бұлардың негізгі айырмасы, алдымен жырдың тууының тарихи мерзіміне байланысты. Ұлы батырлар туралы жырдың тууы ерте дәуірдегі түрік бірлігі заманымен сабақтас болып келеді. «Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санау керек. Бұрынғы түрік, монғол дәуірі

жүрген заманда алтын орда, ақ орданың күндері айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл түрік жұрттарының жік-жікке бөлінбей тұрған күндері. Бірін-бірі жат демей бауыр көріп жүрген кездері» [2,56-б.], - деп батырлар әңгімесін қазақтың тарихымен байланыстыра отырып, мерзіміне қарай топтастырады.

Ол кездегі тыныштық, амандық, түгелдік ылғи найзаның ұшы, білектің күшімен алынатын, қара күштің ғана дәуірі жүрген заман. Сондықтан бұл кезеңнің батырлары туысы бөлек, орны басқа, ел қиялындағы баға – жоғары болған, ер- рудың басшысы, әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, ханы қатарлы болғандар. Олардың жаратылысын табиғат, әулие, пері сияқтылар араласып, кейбірі көп тілеуімен әулиеге ат, қорасанға қой айтқан күнде туған, айрықша жаратылған ерекше жандар.

Ал кіші батырлар бертінірек заманда, қазақтың тіршілігі тыныштық дәуіріне қарай ауысып, асау ханның жуасыған кезінде шыққан – батырлар. Әуелгі батырлар пірдің тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететін болса, «соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша туады... Уақыт өткен сайын кіші батырлардың пішіні алыстағы ерекше жан сияктанбай, өмірге жақындап келе жатқан сияктанады» [2,97-б.], - дейді автор. Бұл кезеңде ілгергі ірі бірліктер ыдырап, «әрбір ру отырған жер ыңғайына қарап, бөлек –бөлек елдік жасап кеткен кезде шыққан батырлар». Сондықтан «бұлардың ісі мен күшінің бәрі де қазақтың өз ортасындағы араздық пен жаулыққа жұмсалады. Болмаса үй іші, туыстың ғана жоғын жоқтайды», - деп сипаттайды.

Ұлы батырларға автор: «Едіге», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер сайын», «Нәрікұлы Шора батырлар» жырларын, кіші батырларға: «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» жырларын жатқызады.

Кітапта жазушы осы жырлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, оларды алдымен қысқаша мазмұндап алып, одан соң олардың мәнісіне тоқталып, ғылыми, әдеби талдаулар жасайды. Сол арқылы автор әдебиет тарихы, ауыз әдебиеті туралы алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымында шын мәніндегі зерттеу еңбектің де, оқулық құралдарының да үздік үлгісін жасап берген. М.Әуезовтің бұл еңбегіне бара-бар жоғары оқу орындарына арналған өте қажетті оқулықтар осындай үлгіде қалыптасқан жоқ. Сондықтан бұл оқулық қай жағынан алған күнде де үлгі тұтар еңбек.

Автор әдебиетімізде жырланатын оқиғалар мен «ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің» байланысы тек тұспалмен көрінетіндігін де арнайы атап өткен.

М.Әуезовтің «Батырлар әңгімесін талдауының негізгі бір ерекшелігі әрбір жырдың тарихи негізін, ел тарихымен жанасатын тұстарын айқындап, өзіндік болжамын айтқан. Мәселен, Едіге жырында Тоқтамыс, Ақсақ Темір заманының ізі бар десе, Қобыланды батырды Жәнібек, Әбілхайыр хандардың тұстасы, Ер Тарғын, Ер Сайын, Шора батырларды Ноғайлы, Қыпшақ бірліктері заманымен байланыстыра әңгімелейді.

Қорыта келгенде, автор бұл талдауларында әрбір жырдағы батырлар бейнесінің өзіндік жасалу ерекшеліктеріне де, олардың жан серігі, нәзік сезім, махаббат иесі бола алған әйел заты, «қыл құйрықты жел жетпес есті серігі – ер қанаты жүйрік аты» туралы да, жырдың көркемдік ерекшеліктері жазылу тілі жайлы да терең сыршылдықпен жазған. «Қобыланды батыр» жыры туралы былай жазған: «Күн батыс сыншылары: Барлық Азияның ақындық суреті ылғи алыстан, үлкеннен алған мысалмен келеді. Көпіртпей, аспандатпай салыстыра алмайды, - дейді. Ондағысы сұлуды ай, жұлдызбен, жақсылықты аспанмен, күнмен, құдайшылық сипатымен, діндарлық наныммен айтқан суреттерді айтады. Қобыланды батыр жырындағы суреттер ол күйден аман. Бұның суреті - өмір суреті. Әркімнің көз алдында көрініп жүрген халдан алған сурет. Бірақ ауаны үлкен, шұбарланған, түсі мол сурет... Көтеріп сөйлеген суреттерінің өзінде де көңілге қанықтығы толған суретті еріксіз қондырғандай болады»

Жырдың ең құнды жағы, оның тілінің өте бай, таза, көркем болып келуінде деп, «...Сипаттауға келгенде, көріктеу, ұқсатудан гөрі теңеу сөздерді молырақ қолданады»... Көп

жерде жырдың ұйқасы тек сыртқы жағынан ғана емес, көбіне ішкі жағында болады» [2,413-б.], - деп әдеби көркемдік талдаудың да үздік үлгісін көрсетеді

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Жазушы, 1989.-119б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы: Ана тілі, 1991.-240б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы: Жазушы, 1-кітап, I том, 1960.-430б.
4. Песни степей. -Москва: Просвещение, 1940.-230с.
5. Әуезов тағылымы. -Алматы: Жазушы, 1987.-430б.

ӘОЖ 811.111

### **ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ТІЛДЕГІ ОРНЫ**

**Барлыбай І., Арапбек А.**

Тәшенев университеті, Шымкент қаласы  
Ғылыми жетекші-ф.ғ.к. Темірбекова Г.Қ.

Қай тілдің болмасын ішкі ерекшеліктерін тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түп тамыры тіл иесі этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихының беттерімен, мәдениетімен, мінез-құлқымен байланысты. Ұлтқа тән қадір-қасиетті танытатын тіл болса, тіл деректерінің жинақталар жері – көркем шығарма. Көркем шығарма – ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс. Көркем шығарма мәтінінде кездесетін әр түрлі тілдік құбылыс ұлттық тілдің барлық қабаттарынан алынады. Жергілікті ерекшеліктер лексикологияда қолданылу өрісі тар, шектеулі қабатқа жатқызылады, олай болса, жергілікті ерекшеліктердің нақты көрінер, басқа танылар тұсы – көркем шығарма мәтіні.

Жазушы көркем шығарманы сөзбен көркемдеу барысында образ іздейді, ол үшін оқырманға әсер етіп, кейіпкерді «өз тілінде» сөйлетуге тырысады. М. Әуезов «Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек» [1,83], – деген екен, сондықтан әдеби тіл дамуының өр кезеңінде жергілікті ерекшеліктер, диалектизмдер, дисфемизмдер олардың көркем әдебиетте қолданылуы мәселесі көтеріліп отыруы заңды.

Көркем шығармада жазушы оқиғаны шынайы көрсету мақсатында кейіпкердің тіліне сыпайы, мәдени сөздер мен қатар дисфемизм сөздерді де қолданып отырады. Бұндай дөрекі сөздерді қолдауда жазушы өзі суреттейтін кейіпкерінің мінез-құлқын да ескереді. Күнделікті өмірде, әдеби қолданыста жағымды, сыпайы, әдепті сөздерді дөрекі, тұрпайы, анайы сөздермен ауыстырып айту дисфемизмдер деп аталады. Қазақ тіл білімінде басқа сөз топтарына қарағанда ғылыми тұрғыда зерттелуден кенже қалған сала дисфемизмдер деп айтуға болады. Әлі күнге дейін тілдік құбылыс ретінде оның мағыналық түрлері мен жасалу жолдары мен ерекшеліктері жайында қазақ тілінде зерттеулер өте аз деп айтуға болады. Дисфемизмдер туралы алғашқылардың бірі болып құнды пікір айтқандар Ғ. Қалиұлы мен Ә. Болғанбайұлы. Олар дисфемизмге мынадай анықтама береді: —Дисфемизм, какофемизм – тілде әдепті сөзді әдепсіз (дөрекі) сөздермен ауыстырып айту. Дисфемизм мағынасы жағынан эфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Белгілі контексте жөнімен дұрыс жұмсалған сөзді мағынасы неғұрлым дөрекілеу сөзбен алмастыру – сөзді ауыспалы мағынада (троп) қолданудың бір жолы [2, 232 б.]. Белгілі түрколог Б. Сағындықұлы: -Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эфемизмге қарама-қарсы тілдік құбылыс соңғысы сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілесе, алдыңғысы керісінше жағымды мағынаны дөрекілейді, қатайтады. Күнделікті өмірде, әдеби қолданыста жағымды, сыпайы әдепті сөздерді дөрекі, анайы сөздермен ауыстырып қолдану тәсілі тіл білімінде дисфемизм деп аталады.

Дисфемизмдер көркем шығармада көбіне ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлер тілінде беріледі. Сол арқылы өр жазушы өз қаһармандарының мінез-құлқын, білім дәрежесін, іс-әрекетін бейнелейді, шынайы образын жасайды, – деп жазады [3, 99]. Жалпытіл білімінде дисфемизмдер жеке алынып зерттелінбесе де, жанама зерттелімдер бар. Қазақ тіл білімінде дисфемизмдер күні бүгінге дейін қарапайым сөздердің құрамында қарастырылып келеді. Әсіресе дисфемизмдердің халық ауыз әдебиетінде кездесер орны, алатын орны ерекше. Дисфемизмдердің шешендік өнерде де алатын өзіндік орны бар. Оның мәнісі бірқатар жағдайда ащы шындықты айтуда тілдік құрал ретінде үлкен қызмет атқарады.

Бұл туралы Б.Адамбаев: —Шешендік өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік, ақындық өнер деп танымай, кейбір таңдаулы адамдардың жақсылар мен жайсандардың жеке бастарының қасиеті - ретінде бағаланған [4, 95 б.].

Халық қазынасының тамаша үлгісі лиро-эпостық жырларында да дисфемизмдер кездеседі. Бұл жырлардағы дисфемизмнің халықтық сипаты төмендегі мысалдардан көрінеді.

1. Қайғыменен қан жұтып,  
Қобыз алып қолыма  
Тартамын сонда күй,-дейді.
2. Қой боғындай қорғасын  
Ажалболыпжабысты (ҚызЖібек).
4. Сыртымнанқатыншылапкүңкілқылмай,  
Көзімееркекболсаң, айтшы баян (Айман-Шолпан).

Лиро-эпостықжырлардағыдисфемизмдерхалықтыңтұрмыс-тіршілігіне, үйленусалтына, әдет-ғұрпынабайланыстыпайдаболған. Дисфемизмдерішкісезім, қуаныш пен мұң, қайғы-шерді айқын суреттеу үшін таптыртпайтын тілдік құрал. Қазақ ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан тағы бір үлкен саласы – айтыс. Айтыс өлеңдеріндегі халықтық дисфемизмдер халқымыздың басынан кешірген өр замандағы тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына мәдениөмірі мен шаруашылығынабайланыстыпайдаболған. Дисфемизмдер, көбінесе, айтыс ақындарының жеңу құралы ретінде бір-бірінің кемшіліктерін бетіне басу үшін қолданылған.

Дисфемизмдердіңқайнар көздеріхалықауызәдебиетініңмаңызытуралы М. Ғабдуллин, Б. Ысқақовбылайдейді: —Қазақхалқыныңертезамандажасаған мәдениұрасыныңбір түрі – халықтың ауыз әдебиеті. Жазу-сызуөнеріболмағанертекезде-аққазақхалқыөзініңтұрмыс-тіршілігі, қоғамдықөмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтелдер, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауыз екі айту түрінде тудырған. Сондықтанда бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналықсөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз! [5, 3 б.]. Дисфемизмдердіңжиіұшырасатынжері – халық мақалдары, аңыздар, эпостықжырлар, лиро-эпостықжырлар, айтыстар.

Мақал-мәтелдермазмұныжағынан бай, көлемішағын, тілі көркемхалықшығармасы, белгілібірхалықтыңқоғамдықтіршілігінен, табиғатқұбылыстарына көзқарасыбейнеленгенқысқаша, тәрбиелік мәнізорхалықтыұндысы.

Мақал мен мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылған, тұжырымдалған ой-түйіні және бірөйдіұтымды, өткіретіп жеткізуі кейде дисфемизмдер арқылы да көрініс тапқан.

Заманына қарай күлкісі, тауына қарай түлкісі; Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі – деген ереже сөздер өр заманның тілі, көркем сөзі, әдебиеті сол заманның салт-санасына, сол заманның тұрмысына ол заман тұрмысынан туған мұратына ұқсай туады деген сөзді қуаттайды [6,295 б.].

М. Балақаев пен М. Серғалиев: —Мақал-мәтелдер - халық даналығының айнасы, оларды тудырған халық тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді. Олардың —бөрі заңның, өсиеттің, ереженің күшіндей күші бар қысқа-қысқа нақыл сөзге айналып, тілде сақталып қалады, – деп мақал-мәтелдерге үлкен баға береді [7, 94 б.]. - Оттама, сенің атың үшінші,

менің атым келеді! Түрі әкесіне ұқсағанымен, әлі денесі толықпаған талдырмаш, сондықтан бойшаң көрінеді, еріннің үстінде мұрты тайлақтың жүніндей болып шыққан...

– Кескен қара томар сияқтанған түрі қандай жаман өзінің!—деп іштей жаратпай отырғанын жасырмады...

– Әлдеқайда ит жеккен Үркітке барып тірілей шірігенше, сүйегім өз жерімде қалсын...

Дисфемизмдердің көркем әдебиетте қолдануы бұл тек қана күнделікті сөйлеу тілінің көрінісі ғана емес, жаман кейіпкерлердің мінездемесі, кейде өткір тілімен шындықты тура айтудың бір жолы іспетті. Көркем әдебиетте бүкіл халықтық қолданыстағы дисфемизмдер де молынан кездесетініне жазушыларымыздың әр түрлі тақырыпта жазылған шығармалары дәлел бола алады. Егер әр жазушының шығармасына статистикалық анализ жасасақ, бір шығарманың өзінде бүкіл халықтық қолданыстағы дисфемизмдермен қатар жазушының өз ойынан жасалған дисфемизмдердің кездесетіне көз жеткіземіз.

Қорыта айтқанда, көркем шығармалардағы, баспасөз беттеріндегі және қазіргі кездегі дисфемизмдерді саралай келсек, басы артық құлаққа жағымсыз естілетін дисфемизмдерді молайтпау керек, қайта оларды азайту, тіпті тоқтату қажет.

### Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Шығармалар жинағы. 12-том. – Алматы: Жазушы, - 1969. – б.533
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – б.232
3. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 99 б.
4. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 90 б.
5. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 3 б.
6. Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1964. – 295 б.
7. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 94 б.

ӘОЖ 1751

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕКТЕПТЕ ОҚИТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Бекташ М., Тұрсынбек Т.**

Tashenev University, Шымкент қ,

Ғылыми жетекші-магистр, аға о.Айтжанова С.Е.

«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»-деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткені есімізде. Қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды қарқынды түрде талап етуде. Осыған орай, ағылшын тілі тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етудің алғышарты - оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылуы, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне – халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Ағылшын тілі - халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі — БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі — дүние жүзіне ең кең таралған тіл. Үндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. А. т.

құрылымы жағынан флективті. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. Оған қоса көптеген мемлекеттердің ресми тілі болып саналады. Ағылшын тілі қоғамдық құбылыстың бір формасы. Бірден-бір фактор, өмірдің әмбебап бейнесінің дамуының үдеуінде - ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын тілі жанасушылықтың негізімен, сол салдардан осы айқын: ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің арасындағы жаһанды тіл болады. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Қазіргі таңдағы мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей кірген. Мектептерде бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі пәндік жүйе ретінде кестеге енгізілген. Тіпті балабақшалардың өзінде ағылшын тілінде сөйлеуді, оқуды үйретеді. Ғаламтор желілерінде, кішкене балаларға арналан түрлі-түрлі мультхикаялар баршылық. Керек дегенде, Ағылшын адамдары да ғаламторға оқыту, үйрету әдістерін енгізіп қойғаны да рас. Елімізде жыл сайын шет елдерде білім алатын жастарымыздың саны артуда. Сол себепті де ағылшын тілін тереңдетіп оқитын мектептер, жоғары оқу орындары, тілге күш салуда. Еліміздің біршама аймақтарында да, Ағылшын тілін жетік меңгеру үшін көптеген курстар ашылған. Елімізде сонау заманнан бері келе жатқан, Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетіміз тілдерді оқытуда үлкен күш салғаны баршамызға айқын. Қазіргі таңда университетімізде көп тілді оқыту курстары бар: Француз, Қытай, Түрік, Орыс, Ағылшын тілдері, т.б. Ағылшын тіліне жеке тоқталсақ, тілді үйренуде студенттеріміз өз білімдерін шыңдауда. Қазіргі таңда, заман талабы тек қана жоғары оқу орындарында «Бакалавр» дәрежесімен ғана шектелмейді, сонымен қатар «Магистратура», «Докторантура» сияқты жоғары лауазымдарды талап етуде. Ол үшін міндетті түрде ағылшын тілін жетік меңгеру қажет. Тілді меңгеру қиынға соғатыны арине рас. Сол себепті, ағылшын тілінде аудио-видео, онлайн программаларды көп көріп, тыңдау қажет. Ағылшын тілін оқып меңгеремін деген әрбір тұлға сөздік қорды байыту қажет. Ағылшын тілінде 34 шақ бар. Негізінен 12 шағын меңгеретініміз де бар. Оқу орындарында тереңдетілгендіктен осының барлығын қарастырамыз. Кейінгі жылдары ағылшын тілін оқытуда қолданылатын жаңаша оқу әдісінде білім беруді компьютерлендіру дейміз. Бүгінгі таңда адамзат өмірінде компьютердің қолданылмаған жері жоқ. Компьютер арқылы ағылшын тілінде онлайн бағдарламаларды көптеп көреміз. Ағылшын тілі- инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, әлемдік қарым-қатынас тілі, кейбір мамандық бойынша білім алу тілі, жастар арасында беделді тілге, БАҚ, әсіресе Интернет арқылы ақпарат алу тіліне айналып келеді. Міне, осымен байланысты «Үштұғырлы тіл мәдени жобасын» Қазақстан кеңістігінде тиімді қолданудың шешімдері ретінде мыналарды ұсынамыз:

- Ағылшын тілін оқытуды бастаудың жасын лингвопсихологиялық негізде дәлелдеу және жаппай ұстану;

- Ағылшын тілдерін ақпарат алудың, өз тілінің құндылықтық жүйесін салыстыра, салғастыра отырып танудың құралы ретінде оқыту.

Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Демек ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Орыс тілі арқылы қосымша білім алып, дүниетанымын байытып, араласатын ортасын кеңейтіп, іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан бұл жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік. Шетелдіктердің арасында біліктілігімен, сауаттылығымен суырылып алға шығу үшін де тіл білу маңызды. Егер сіз Қазақстанда ағылшын тілінен сабақ беретін болсаңыз, біз сізге сабақ беруге арналған пайдалы ресурстардың бірқатарын қуана-қуана ұсынамыз. British Council-да ағылшын тілінің оқытушыларына арналған тегін материалдардың кең ауқымы бар. Сізге:

- 1) Оқытушыларға арналған онлайн-курстарға жазылуға;
- 2) Сабақ жоспарлары мен материалдарын тегін түсіріп алуға;



- 3) Кәсіби даму, конференциялар және біліктілікті арттыру туралы ақпаратпен танысуға;
- 4) Оқу-әдістемелік материалдарды талқылауға қатысуға және пайдалануға;
- 5) Ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған Facebook бетіне жазылуға болады.

Ағылшын Тілі Маманы бағдарламасына АҚШ сыртқы істер департаменті сырт елдерде мерзімі екі аптадан 4 айға дейін созылатын бағдарламаларды жүргізуге, ағылшын тілін шет тілі ретінде үйрету (TEFL) және ағылшын тілінде басқа тілділерге үйрету саласындағы АҚШ академиктері мен мамандарын жалдайды. Жоба тақырыптарына оқыту жоспарын дайындау және бағалау, ұстаз дайындау, оқу құралдарын жетілдіру, немесе Арнайы Мақсаттарға арналған ағылшын тілі кіреді. Кей жағдайларда, кеңесшілерге дәріс беру үшін сандық видео конференциялар мен вебинарлар (онлайн семинарлар) қолданылады. Ағылшын тілі бағдарламаларының, шет елдерде оқу үшін арнайы маманданған елдер кіреді. Ағылшын тілін үйрету форумы — 1962 жылдан бері тоқсан сайын мұғалімдердің мұғалімдерге арнап жазып, ағылшын тілінің кеңсесі арқылы таратылып отыратын журнал. Ағылшын тілінде қазіргі заман талабына сай көптеген технологиялар жаңаруда. Тілді жақсы үйреніп, меңгеру, әрбір жастарымыз үшін қажет. Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген шара Қыздар университеттің 70 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды. Олимпиаданың негізгі мақсаты – болашақ мамандардың кәсіби білімі мен іскерлігін қалыптастыру, ынтасын және шеберлігін арттыру. Олимпиада 4 аспектіде, яғни «Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым» бойынша 3 кезең негізінде өткізілді. Олимпиадалар көптеп, мектеп қабырғаларында да болады. Ағылшын тіліндегі олимпиадалараға көптеген азамат, азаматшаларымыз қатысып бақ сынауда. Егер ағылшын тілін жетік меңгеріп, толықтай олимпиадалардан орындарға ие болса, шет елде білім алуға таы бір мүмкіндік туады. Ағылшын тіліндегі ең қысқа сөйлем үш әріптен тұрады (I am/I do), ал егер I am-ді I'm-ға қысқартса, онда тіпті екі әріптен тұрады. Ағылшын тіліндегі ең ұзын сөз – pneumonoultramicroscopicsilicovolcanoconiosis. Бұл тыныс жолы ауруының атауы. «The quick brown fox jumps over the lazy dog» сөйлемінің ерекшелігі сол, ағылшын әліппесіндегі барлық әріп кездеседі. Талай айтылған алғашқы сөз: «ОК». Қазір бұл сөзді айтып көрмеген адам кемде-кем. «The sixth sick sheik's sixth sheep's sick» жаңылтпашы ағылшын тіліндегі ең қиын жаңылтпаш болып саналады. Тіл сындырғыңыз келсе, осы сөзді қайталаңыз. Ағылшын тіліндегі month, orange, silver, purple - осы 4 сөзге ғана ұйқас табу қиын екен. Кейбір ақындар ізденістерінің арқасында orange сөзін courage, rotidge, arrange және т.б. ұқсас сөздермен үйлестіріп көрген екен, бірақ мағынасы жағынан бұл қисынсыз болып шыққан. & нышаны бір кездері ағылшын тілінің әліпбиінде болған екен. Ал қазір таңбаға «амперсэнд» деген атау берілген. Ағылшын тілінде құрлық атаулары басталған әрпімен аяқталады. Білесіз бе, оқиғаны ағылшын тілінде баяндау үшін 1500-2000 аралығындағы сөздерді білу жеткілікті. Алайда, көп білгеніңіз өзіңізге жақсы. Айта кетейік, ағылшындардың өзі шамамен 12000-20000 аралығында сөз біледі, бұл оның біліміне, ортасына байланысты. Атақты Шекспир шығармаларында 30000 сөз қолданған.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі – байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымда қолданылатын тіл. Жаһандық экономикадағы тіл десек, кем түспес едік. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Қазіргі таңдағы мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей кірген. Қазіргі таңдағы мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей кірген. Мектептерде бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі пәндік жүйе ретінде кестеге енгізілген. Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі XXI ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Республикасының Президентінің Жолдауы - 2012 жыл
2. «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі»
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4(48)2012
4. Мектептегі шет тілі №5 2008

## МЕКТЕПТЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚИТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ

**Бектұраш Ү.  
Сабиржанова М.**

Tashenev University, Шымкент қ,  
Ғылыми жетекші-магистр, аға о.Айтжанова С.Е.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыләрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде,осыған орай бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда. Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде оқушылардың ағылшынтілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. Ағылшынтілін оқытудың тарихы жүз жылдап есептелінеді.Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. Содан бері қарай көптеген өзгерістеренгізілді. XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиябағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болыптабылады.Жаңаша көзқарастардың дамуы шетел тілін оқыту, дамытуға ықпалынтигізуде. Білім алушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына,өмірдежақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен.Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамытаотырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерініңоқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағыинновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұныныңтолығымен жаңаруына себепші болуда.Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасызететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту,ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету,өзіндікпікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін жеке тұлғаның дамуына әсер етуші фактор ретінде танылып, әдістемелік-теориялық негіздерге сүйене отырып анықталды. Соның ішіндеинтерактивті, белсенді оқыту әдістерінің маңызды роль атқаратыны анықталды.[1.14] Жалпы білім беретін мектептерде ақпараттық коммуникативтік технологиялармен оқыту үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері осы бағыттағы ағылшын тілі сабақтарыжүйесін негіздеп,олардың педагогикалық, психологиялық шарттарын жасау арқылыайқындалды.

-инновациялық технологиялар жүйесімен оқыту-мақсатты түрде жобаланыпсаналы түрде ұйымдастырылатындығы зерттеу барысында нақтыланады;

-ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің өзарабайланыса, араласа қолданылуы зерттеуде айқын көрінеді.Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Жалпы білім беретін орындарда ағылшынтілін ақпараттық коммуникативтік технологиялар жүйесімен оқытудың әдістемеліктұғыр арқылы жасалған өзіндік құрылымдық –мазмұндық болмысы мен технологиясытуралы теориялық түйіндер мен дидактикалық ұстанымдар жүйесінің құрамдас бөлшегіретінде ағылшын тілін жаңаша жаңғыртып оқытуға қосылған үлес ретінде таныла алады. Зерттеудің практикалық құндылығы. Жұмыста қарастырылған нәтижелер жалпыбілім беретін мектептерде шет тілін оқытуда оқушыларды коммуникативті оқытутехнологиясы негізінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудың тиімді жүйесі ретіндеақпараттық технологияны, компьютерді мультимедианы қолданудың артықшылығытәжірибе жүзінде дәлелденіп, негізделді; зерттеу нәтижелерін мектепте ағылшын тілісабағында қолдануға болады.

Бірінші тараудың бірінші тарамшасында ағылшын тілін оқытудың құрылымдықжәне мазмұндық негіздері сипатталады. Ағылшын тілін оқытудың тарихы жүз

жылдапесептелінеді, әрине осыншама уақыт ішінде оқыту әдістемесі де әр кезеңде тілдің әраспектісіне назар аудара отырып көптеген өзгеріске ұшырап отырды. Ағылшын әдіскері Г.Пальмер бұл кезең туралы былай деген екен: «Take care of the first two stages and the rest will take care of itself». Бұл кездегі бағдарламада оқыту, түсіну және шет тіліндегі мәтінді аудара білу. Ауызша сөйлеуді түсіну, ауызша мен жазбашаның негізін қалау. Бағдарламада бөлімнің екі түрін рецептивті және өнімділікті айқындайды. Алғашқы кезеңге бірінші орынға оқып-түсіну және аудармақойылады. 1961 жылғы қаулыдан кейінгі өзгерістер. Бұл кезеңдегі бағдарлама бойынша бірінші орынға тәжірибелік мақсат қойылды. Ауызша сөйлеуде өз ойын айта алу және ауызша хабарлама жасауға (монолог) және ағылшын тілінде әңгіме жүргізе білуге (диалог) мән берілді. Оқуға қойылатын талап та өзгерді. Орта мектепте мынадай талаптар қойылды: ағылшын тілінде әңгімелесе білу; сөздіксіз күрделі емес мәтінді оқып-түсіну; оқи білу. Жазуға көмекші рөлі берілді. Лексиканың көлемі азайды. Бағдарламада тілді тәжірибелік білу жағына басты назар аударылды. [2.25] Тіл — сыртқы дүние мен қоршаған орта туралы білім алу көзі. Пәнді оқытуда оқушылар ағылшын тіліндегі атаулармен, құбылыстармен танысады. Танысу ауызша және жазбаша түрде жүреді. Осы екі түрді меңгеру ағылшын тілін игерудің тәжірибелік

мақсаты болып табылады. Яғни, оқушы ағылшын тілін ауызша және жазбаша түрде пайдалана білуі тиіс. Ағылшын тілін тыңдап түсіне білу және сөйлей білу ауызша түрге жатады. Жазбаша түрге тілдің жазбаша түрін пайдалана білу немесе жазу және ағылшын тілінде жазылған мәтінді оқи білу жатады. Тіл қатынас құралы, ол ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша түрге: тыңдау, түсіну және сөйлеу әрекеті жатады. Жазбаша түрге: оқу және жазу әрекеті жатады. Тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру оқушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер етеді. Оқушы тілді жақсы меңгеру үшін осы төрт дағдының негізі берік қалануы керек. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда. Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Оқытудың негізгі үш түрі бар: 1. тәрбиелеу, 2. ағарту, 3. дамыту.

Оқытудың тәрбиелік мақсаты. Оқушылардың көпшілігінің ағылшын тілін оқуға деген үлкен қызығушылықпен кірісуі, олардың ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Олар алғашқы кезде амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын біле бастайды. Осы кезеңде қарым-қатынас екі жақты болуды талап етеді себебі, олар тыңдай білуге де, сұрай білуге де үйретілуі керек. Оқытудың ағартушылық мақсаты. Кез-келген тілдің ағартушылық қызметі зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші және сол тілде сөйлейтін ел туралы

хабардарболуы; өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді. Оқытудың дамыту мақсаты. Оқу-ұйымдастыру білігі мен дағдысын қалыптастыру дамытушылық мақсаттарының негізіболып табылады. Себебі, оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілдеойлауды дамыту-тіл білімін дамытудың басты міндеті.Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінинновациялық тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады.Еліміздегі білім беру саласында оқытудың жаңа түрлері, әдістері,жаңа бағыттағытехнологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына себепші болуда.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан мемлекеті №3 2007ж
2. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2 2003ж
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №5 2007ж
4. Мектептегі шет тілі №3 2006ж

ӘОЖ:159.9.019.4

### **ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Тастанбек Б., Халметова Ф.**

3 курс білім алушылары

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі:– ғ.м., оқытушы **Бердібек А.М.**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз. Сонымен қатар осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» делінген [1].

Қазіргі уақытта құндылықтардың табиғатын әртүрлі түсіндіретін түрлі бағыттар дамыды. Шартты түрде аксиологиялық тұжырымдамалардың келесі түрлерін ажыратуға болады: объективті-идеалистік, субъективті-идеалистік, натуралистік, трансценденталистік, элеуметтік, диалектикалық-материалистік. Бұл аталған тұжырымдамалар түрлерінде құндылықтар құбылыстардың заттық-пәндік қасиеттері, адамның психологиялық сипаттамалары, адам немесе қоғам үшін оң және теріс мәндерді білдіретін қоғамдық өмір құбылыстары болып табылады [2].

Құндылық бағдар - бұл адамның белгілі бір құндылықтарға бағытталуы. В.А.Сластенин құндылықтық бағдарды адамның қоршаған әлемге және өзіне қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің белгілі бір құндылықтарына бекітілген көзқарастар түрінде тұрақты қарым-қатынас жүйесі деп тұжырымдайды. Соңғы уақытта жастардың құндылық бағдарларының материалдық құндылықтарға ауысуы байқалады, бұл біздің қоғамның болашағы үшін алаңдаушылық тудырады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде белсенділік пен қарымқатынастың реттеушісі ретінде құндылықтар мәселесі бұрыннан қалыптасып келе жатқанын атап өту керек. Құндылықтың мотивациялық-қажеттілік аспектісін С.Ф.Анисимов, Г.Р.Дилигенский, Б.Н.Додонов, Ю.М.Жуков, К.Клакхон, Ф.Стродбек, А.Маслоу, Е.Ю.Потева,С.Шварц, Ю.А.Шеркович, танымдық аспектісін Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, Л.Н.Леонтьев, В.Франкл, Р.Х.Шакуров, құндылықтар мен мақсат қоюдың өзара байланысын Е.Н.Головаха,

Л.Н.Иванко және т.б. ғалымдар қарастырды. Сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде жасөспірім кезеңдегі тұлғаның құндылық бағдарларының құрылымы мен динамикасы (О.И.Зотова, М.Н.Бобнева, Е.А.Васина), мінез-құлықты әлеуметтік реттеудегі құндылық бағдарларының рөлі (В.С.Мерлин), құндылық бағдарларының жеке тұлғаның типтік және сипаттамалық ерекшеліктерімен байланысы (И.В.Дубровина), кәсіби бағдар (В.С.Собкин), әр түрлі жастағы балаларда құндылық бағдарларының даму шарттары мен заңдылықтары (Б.С.Круглов, И.И.Прокопьев, Е.В.Шорохова және т.б.) ғылыми еңбектерінде зерттеледі.

Шетелдік психологияда құндылықтық бағдар мәселелерімен М.Рокич, Г.Олпорт, Ф.Вернон, К.Клакхон, т.б ғалымдар айналысты.

Құндылық бағдар – бұл адамның санасында стратегиялық өмірлік мақсаттар және жалпы дүниетанымдық бағдарлар ретінде танылған құндылықтардың көрінісі. Н.А.Кирилова құндылық бағдарларын қарастыра отырып, оларды «жеке тұлғаның қарымқатынас жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын, адамның әлемге, өзіне деген жалпы көзқарасын анықтайтын, жеке ұстанымдарға, мінез-құлыққа, іс-әрекетке мән мен бағыт беретін күрделі психологиялық құбылыс» деп санайды [3].

К.Клакхон үшін құндылықтардың функционалды рөлі қоғамдағы адам өмірінің фактісімен байланысты. «Құндылықтар не үшін қажет?» деген сұраққа ғалым оларсыз қоғам өмірі мүмкін емес еді... жеке адамдар басқалардан жеке және эмоционалды қарымқатынас тұрғысынан қажет нәрсені ала алмады, олар сонымен қатар тәртіп пен ортақ мақсаттар үшін қажетті шараны сезінбейтін еді деп жауап береді. Осылайша, құндылықтық бағдарлар адамға белгілі бір позицияны алуға, көзқарас табуға және бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құндылықтар белсенділік пен мінез-құлықты ынталандырады. Б.Ф.Ломов атап өткендей, «әлемдегі адамның ұйымы және жеке мақсаттарға жетуге деген ұмтылыс жеке тұлға құрылымына кіретін құндылықтармен байланысты». Құндылық бағдарлары тұжырымдамасы бойынша (В.А.Ядов, А.А.Ручка және т.б.) құндылықтарды тұлғаның іс-әрекетінің имманентті реттеушілері ретінде тану олардың санадағы көрінісіне қарамастан мінез-құлыққа әсер ете отырып, субъектінің өзі үшін құнды болып табылатын, барабар түрде көрсетілген саналы сенімдері немесе идеяларының бар екендігін жоққа шығармайды.

Негізгі элементтері ізгілендіру болып табылатын білім берудің заманауи реформасы гуманитарлық білімнің ерекше белгілерінің қатарына таным процесінің құндылығы мен мағынасын игеруді, өмірдің мәнін түсінуді жатқызады. Бұл ұстанымды В.Франкльдің мына сөзі жақсы суреттейді: «өмірдің мәні табуға болмас, оны түсіну керек».

Білімнің рөлі белгілі бір білімнің мөлшерін берумен шектелмейді, ол мәдениеттің абсолютті психикалық құндылықтарын қалыптастырады, бұл адамға өмірдің мәнін өзінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен түсінуге мүмкіндік береді. Гуманистік психологияның негізін қалаушылар К.Роджерс пен А.Маслоу адамның басты мақсаты – тұлға болып қалыптасу, өзін-өзі тану, өзінің потенциалын жүзеге асыру деп санайды. А.Маслоу психоаналитиктер жиі назар аударатын инстинктивті қажеттіліктерден басқа, адамның шындыққа, сұлулыққа, жетілуге, жан-жақтылыққа деген жоғары рухани қажеттіліктері бар деп санайды. Психологтар мен педагогтардың міндеті – адамға осы қажеттіліктерді түсінуге және белсендіруге мүмкіндік беру.

Э.Фромм, В.Франкл болашақ адамзаттың басты қаупі адамгершілікті жоғалту деп білді, өйткені рухани бағдарсыз адам өмірінің мәні де аз болады. Д.Бом ғылым да руханилыққа ие, ғылымға білім шекарасынан асып түсетін таңданыс пен қызығушылық сияқты қасиеттер тән. Оның шешуші қасиеті бар, ол біздің сенімімізбен сәйкестігіне қарамастан фактіні немесе оны түсіндіруді талап етеді. Мұндай қабілет пен дайындықты мен «ғылыми рух» деп атаймын. Дәл осы қағида ғылыми қызметті шабыттандырады. Ғылымның жүріп өткен жолының өзі де елеулі рухани мәнге ие. Егер бұл рух біздің өміріміздің барлық саласында басым болса, бізде проблемалар аз болар еді деп санайды.

Э.Фромм бағдарлау жүйесіне қажеттіліктің қарқындылығы көптеген зерттеушілерді әрдайым таң қалдыратын фактіні түсіндіреді, атап айтқанда, адамдар иррационалды– саяси, діни немесе басқа да ілімдердің арбауына ұшырайтын жеңілдікті түсіндіреді, ал олардың әсерінен тыс жерлерде мұндай құрылымдардың пайдасыздығы айқын көрінеді [4].

Шын мәнінде, соңғы жылдары бұқаралық сана мен нақты адамдарға әсер етудің күшті құралдары пайда болды. Бұл жеке және әлеуметтік сананы, адамдардың мінезқұлқын басқару техникасының әсер етуі. Мұндай әсерлерге өздерінің корпоративтік мүдделеріне сүйене отырып, адам құндылықтары әлемін қалыптастыруға тырысатын бұқаралық ақпарат құралдары мен жарнама жатады. Өмірлік құндылықтар жүйесі қалыптаспаған жастар осындай жоспардың жарнамасына ұшырайды, сондықтан оның құндылықтар жүйесі тұтынушылық бағдар алады. Тек моральдық адамгершілік нұсқаулықтар мен өмірлік құндылықтарды анықтайтын саналы әлем картасы бар психикалық агрессияға қарсы тұра алады.

Э.Днепров азаматтық қоғам құндылықтарын бекітуге, қазіргі әлемде оқушы тұлғасының қалыптасуы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін білімнің әлеуметтік-гуманитарлық бағытын күшейту қажет екенін атап өтті. Білім беру, бір жағынан, қазіргі қоғамның әртүрлі процестерінің тез өзгеруі жағдайында адамды өмірге дайындауы керек, екінші жағынан, қоғамдағы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан құндылық вакуумын толықтыруы керек [5].

Жастармен жұмыс істейтін педагог-психологтарға оқытудың, тәрбиенің және тұлға дамуының барлық деңгейлерінде инвариантты білім беру идеалдары мен құндылықтарын іздестірген тиімділік танытады. Б.Г.Гершунский толеранттылық мәселелерін талқылай отырып, білім берудің тәрбиелік, гуманитарлық, адамгершілік аспектілері, философиялық және білім беру, аксиологиялық идеялардың конвергенциясы мен интеграциясы ерекше маңызды екенін айтады. Ғылым, техника және өндірістегі жаңа және жоғары жетістіктерді ескере отырып, білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені кіріктіру, әртүрлі білім беру деңгейлерінде әртүрлі пәндерді оқытудың тиімді технологиялары мен әдістемелерін пайдалану, білім беру сапасын арттыруға бағдарланған психологиялық-педагогикалық және пәнаралық зерттеулерді ұйымдастыру қажет. Осылайша біз адамгершілік бағдарлар мен әртүрлі ғылымдарды оқытудың жаңа әдістерін іздеу мәселелері бір-біріне жақын деген қорытындыға келеміз [6].

Б.Г.Гершунский адамның қазіргі дүниетанымын, оның менталитетін қалыптастыру саласындағы процестерді қарастыра отырып, қазір білім мен сенім арасында терең бөлініс бар деп жазады. Сонымен қатар, мұнда «білім» ұғымы көп немесе аз дәстүрлі түсіндірмеге ие, ал «сенім» оның барлық көріністерінде материалдық және рухани болмыстың мағынасын түсіндіреді. Ғалым сенімнің вакуумы із қалдырмай өтпейтінін, оның көптеген көріністерінде қиын рухани деградацияға әкелетінін айтады. Білім беру осы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара алады, әр адамды белгілі бір қоғамның, жалпы адамзат өркениетінің мәдени және ақыл-ой құндылықтарымен байланыстыра отырып, осы құндылықтарды білім беру мазмұны мен процесінің мақсатты белгілеу жүйесіне тікелей немесе жанама түрде қосады [7].

Д.Бом Эйнштейннің шәкірті бола отырып, мәдениеттің негізгі мазмұны ғылым, өнер және руханият екенін айтады. Бұл элементтер бөлініп қоғам келісілмеген кезде, мәдениет біртіндеп мағынасынан айырылып, қоғам құндылықтар мен мақсаттарды жоғалтады. Сондықтан қазіргі уақытта ізгілендіру мәселелері ерекше өзектілікке ие болды, олар жаратылыстану біліміне терең еніп келеді.

Ғылыми білім стратегиясы фактіні зерттеушінің қалауына қарамастан ғылымда танылатын теориядан басым болады. Бұл фактіге деген көзқарас студентке мінезқұлқтың моральдық заңдылықтарын құруға әсер ететін объективті шындықтың мағынасын көрсетуге мүмкіндік береді. Ғалым фактіні ескермеуге немесе бұрмаламауға тырыспай, оның теориясына сәйкес келтірместен мойындайтындықтан, қоғамның моральдық заңдарын әркім өзін-өзі ақтауға немесе жеке тұлғаға азғындық жасауға мүмкіндік беру үшін түсіндіре алмайды. Басқа қажеттіліктермен қатар, адамға «шекараларды еңсеру» қажеттілігі, кез-келген тыйым салу шегінен өту ниеті тән екендігі белгілі. Барлық адамдарға тән бұл қажеттілік этикалық тұрғыдан бейтарап, бірақ адамның психоәлеуметтік бағытына байланысты оң және теріс құбылыстарға жатқызылуы мүмкін [7].

Моральдық-адамгершілік аспектілермен байланысты ұлы ғалымдардың өмірінен алынған драмалық оқиғалар тарихының үзінділері үлкен тәрбиелік мәнге ие болуы мүмкін. Адамзаттың игілігі үшін артықшылықтар мен материалдық пайдадан бас тартқан ғалымдардың жоғары моральдық мінез-құлқының мысалдарын келтіруге болады.

Сонымен психологиялық педагогикалық ғылымдар тәжірибелері жастардың өмірлік құндылықтары мен адамгершілік бағдарлары мен қағидаттары жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосуға болатындығын көрсетеді. Өзіндік құрылымы мен иерархиясы бар өмірлік құндылықтар жүйесі тұлғаны қалыптастырады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат /Орал өңірі газеті, 8 қаңтар 2021ж., №2 (20926) Б.2-3
2. Сластёнин В.А., Чижакова Г.И. Введение в педагогическую аксиологию. М., 2003.
3. Бом Д. Наука и духовность: необходимость изменений в культуре // Человек. 1993. №1.
4. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. 2004
5. Днепров Э. Попытка пересмотра содержания образования удалась не полностью // Учительская газ. 2002. №45.
6. Гершунский Б.Г. Толерантность в системе ценностно-целевых приоритетов образования // Педагогика. 2002. №7.
7. Гершунский Б.Г. Образование в XXI веке. Синтез Знания и Веры. М., 1998.

ӘӨЖ 373.3

#### **ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫНДАҒЫ АУЫТҚУШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ТИІМДІ ӘСЕР ЕТУ ЖОЛДАРЫ**

**Тастанбек Б., Халметова Ф.**

3 курс білім алушылары  
Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: – **ғ.м., оқытушы Бердібек А.М.**

Ата-бабамыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген сондықтан да «жаны баладай таза, бала сияқты ақкөңіл» деген сөз тіркестері белгілі бір пәк сезім суреттерін бейнелейді. Бірақ қазір жасөспірімдер арасында бұзақылық өршіген. Жақынына пышақ ала жүгіретіндері де аз емес. Жастар арасында қылмыс өршіп барады. Әсіресе, ауыр қылмыстың белең алуы аландатады. Ер балалардан қыздар да қалысып жатқан жоқ. Жылына төрт мыңға жуық жасөспірім түрмеге тоғытылады.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын көкейкесті мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Бала тәрбиесі салғырттыққа, себеп - сылтау іздеуге төзбейді. Оны жүргізу үшін педагогикалық ұжымның кәсіптік білгірлігі, ата-аналардың саналық көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз байланысқан одақ, нәтижелі жұмыс қажет. Соңғы кезде жасөспірімдер, жеткіншектер арасында мектеп қабырғасында жүріп- ақ кейбір келеңсіз оқиғаларға оқушыларымыздың көп ұрынуы, «қауіпті топтағы» бала есебін толықтыруы, сөз жоқ, мектеп ұжымы мен ұстаздарды ойландырады. Осының себебіне үңілсек, әр түрлі пікірлер айтуға болады.

*Қауіпті топ дегеніміз*- мінез-құлқында ауытқушылығы бар және де қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамайтын топ. Ғылымда қауіпті дегеніміз- девиация латынның «*deviatio*» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді. Осыған байланысты әдебиеттерде кездесетін «қиын бала», девиантты мінез-құлық», ауытқыған мінез-құлық» ұғымдары синонимдес болып табылады.

*Ауытқушы мінез-құлық* деп қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез-құлықты айтамыз (И.А.Невский). Белгілі әлеуметтанушы И.С. Кон девианттық мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе мораль қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады.

Девианттық мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден, бұл анық немесе жасырын психопатологияның (патологиялық) барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, олар құқық бұзушылық, ал салмақты болса, әрі жазаланса – қылмыс деп аталады [1].

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқушылық көріністері олардың адамгершілік және әлеуметтік дамуы жағынан дара ерекшеліктер мен тұлғалық көріністерін, нақты жағдаяттар мен өмір жағдайларына және іс-әрекеттеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін.

Оларды мынадай топтарға топтауға болады: итермелеуші жағдайлармен туындаған жағдаяттық, уақыттық көріністерге немесе реакцияларға және жағымсыз өмір ахуалдарымен, іс-әрекеттермен негізделіп, қандай да бір тип түрінде дамитын мінез-құлықтағы ауытқушылықтың тұрақты нысандары.

Мінез-құлықтық реакция бір рет немесе жүйелі түрде әсер ететеін өмірдің жағымсыз жағдайларымен және шарттарымен шақырылады. Соңғы жағдайда нақ осы немесе басқа ахуалға алып келетін мінез-құлықтағы өзгерістер біртіндеп жиналып көрінеді немесе бірден шарт кетеді. Бұған мысал ретінде тойтарыс беруді, қарсы шығуды, кетіп қалуды, агрессияны келтіре аламыз. Бұл реакциялардың көріну нысандары өте көп болуы мүмкін. Олар әрдайым қандай да бір психологиялық ахуалға жауап ретінде туындайды да, оның жойылумен қоса бұл да жоғалады. Бірақ егер жағдайлар жиі қайталанып, бірінің үстіне бірі қатпарлана берсе, онда реакциялар беки түседі де, осындай немесе басқа типтегі мінез-құлықтың дамуына алып келетін тұрақты психологиялық комплекстер туындайды [2].

Оқушылардың ауытқушылық мінез-құлқының себептері мен факторлары:

а) тәрбиеленгендігінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығынан немесе теріс тәрбиеден бұзылғандығынан, мінез-құлқындағы жағымсыз таптаурындардың қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік-педагогикалық олқылықтар;

ә) жайсыз жанұялық қарым-қатынастардан, баланы тәрбиелеуде ұлттық салт-санада қалыптасқан этнофункционалдық ерекшеліктерді мүлдем ескермеуден, жанұядағы жағымсыз психологиялық ахуалдан, оқудағы жүйелі сәтсіздіктерден, сынып ұжымындағы құрбыларымен өзара қарым-қатынастың орнамағандығынан, ата-аналарының, мұғалімдердің, сыныптас жолдастарының және т.б. дұрыс емес (әділетсіз, дөрекі, қатал) қатынастарынан туындайтын терең психологиялық жайсыздықтардан;

б) психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы жағдайындағы ауытқушылықтармен, жас ерекшелік дағдарыстарымен, мінез-ацентуациясымен және басқа да физиологиялық және психоневрологиялық ерекшеліктер себептерімен;

в) ішкі және сыртқы белсенділігінің саналы көріністеріне, өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасалмағандығымен; іс-әрекеттердің пайдалы түрлерімен айналыспағандығымен, жағымды және маңызды әлеуметтік және жеке өмірлік мақсаттары мен жоспарларының болмауымен;

г) қараусыз қалумен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамитын әлеуметтік-психологиялық дезадаптациямен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрге асуымен.

Балалар мен жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлылығы, зейін қоймауы негізінде дамитын әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыз қалу бұл тізбектегі ерекше рөл мен мағынаға ие. Нәтижесінде жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері пайда болады.

Өзінің ішкі әлеміне жақсы көретін, құрметтейтін адамдарының құндылықтары мен ұстанымдарын, нормаларын енгізген жасөспірім еліктеу арқылы өзінің қандай болғыс келетіндігі жөніндегі идеалын қалыптастырады. Жоғары адамгершілік ұстанымы бар адамдармен қарым-қатынас жасау – жасөспірімге мінез-құлқына қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді.

Сондықтан да, тәуекел тобындағы балалармен жұмыс жемісті болуы үшін, әртүрлі формадағы ауытқушыларды тудыратыны факторларды анықтап алу қажет.

Балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін сыртқы факторларға мыналарды жатқызуға болады.



— заңдардың және құқық қорғаушы орындардың жетілмегендігі, қылмыстардың жазаланбауы;

— экономикалық тұрмысы төмен балалы отбасыларға әлеуметтік кепілдіктердің және мемлекеттік қолдаудың жоқтығы;

— ұлттық құндылықтарға мән берілмеуі;

— бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылық және қатігездікті насихаттау;

— сапалы тегін қосымша білімге балалардың қолының жетпеуі (үйірмелердің, секциялардың және т.б.)

— отбасындағы тәрбие стилі (балаға бірыңғай талаптардың қойылмауы, ата-аналардың қатыгездігі, олардың жазасыздығы және баланың құқықсыздығы);

— оқушылардың білімін бағалауда объективтіліктің болмауы;

Аталып өткен тәуекел факторлары сыртқы, объективтік сипат алады. Сондай-ақ балаларға бұдан басқа да, педагогтар білімге тиісті ішкі тәуекел факторлары да әсер етеді. Оларға: өзінің қажетсіздігін сезіну, өзіндік бағасының төмендігі, өзіне-өзі сенімсіздік, өзін-өзі бақылау мен өзіндік тәртіптің жеткіліксіздігі, әртүрлі жағдайларда сындарлы ойлау мен адекваттық шешім қабылдай алмау, өз-өзіне және басқаларға өзінің сезімдері мен реакцияларын жеткізе алмауы жатады [3].

Балалар мен жасөспірімдердің тұлғасындағы және мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың алдын алу, оларды психологиялық имунизациялауды қажет етеді, яғни, әлеуметтік –құзырлы адам болып қалыптасуы үшін мінез-құлықтың психогигиеналық дағдыларына, дұрыс таңдау жасай алу біліктерін үйрету.

Балалар мен жасөспірімдер тұлғасы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтың алдын алу жұмыстары тек мыналардың негізінде жүзеге асса ғана тиімді болады:

1. оқу іс-әрекеті жемісті болғанда;

2. оқушыларды қанағаттандыратын, эмоционалдық жағымды өзара қарым-қатынас жүйелері (құрбылармен, мұғалімдермен, ата-аналарымен);

3. психологиялық қорғалуы болғанда.

Жүйелілік және тұтастық қағидалары болашақ маманнан мыналарды жете ұғынуды талап етеді: а) ұлттық сана-сезімді қалыптастыру бұл бірсәттік әрекет емес. Бұл ЖОО-дағы білім алудың барлық жылдары барысында ұлттық идеяның үш құраушылары контекстінде (мәнмәтінінде) қазақ ұлты мен Қазақстан қажет ететін ұзақ үрдіс. ә) бұл жүйеде, болашақ мамандардың (курстан курсқа көшкен халықтарының ұлттық мәдениетін меңгеру жүйесі ретінде қарастыруды сайын) ұлттық сана-сезімін, ділін, азаматтығын және патриотизмін қалыптастырудың және дамытудың үздіксіз үрдістер жүйесінде тұтастық студенттердің оқу және оқудан іс-әрекеттерінің бірлігі ретінде анықталады; б) ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ЖОО-да оқытылатын барлық негізгі пәндер бойынша (әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық және арнайы циклдегі оқу пәндері) білімді меңгеру үрдісінде; практиканың барлық түрлерін өтуде, тәрбиелік іс-шаралар жүйесіне қатысуда және т.б. жүзеге асырылады; в) тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында оқу танымдық, өздігінен білім алу, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру және басқа да іс-әрекет түрлері болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру құралдары болып табылады.

Мәдениет тұғыры. Мәдениет тұғырының өзегі «мәдениетті танушы және жасаушы адам болып табылады...». Сондықтан болашақ маманның ұлттық сана-сезімін, патриотизмін және азаматтығын қалыптастыру үрдісінде сонымен қатар білім берудің тұлғалық бағдарлық парадигмасы арнасында және білім үрдісі бағытында дамуы тиіс: а) студенттерді бүкіл дүниежүзілік қауымдастықта және қазіргі ұлттық саясатымен, ұлттық идеясымен; біздің мемлекеттің алтын қорын құрайтын саясат, ғылым, техника, білім, әдебиет және өнер саласындағы Қазақстанның барлық халықтарының ірі қайраткерлерімен, қазақтың ұлы ойшылдарының өмірі мен қызметімен, маңызды тарихи оқиғаларымен таныстыру; ә) оларда ақыл - ой, өздігінен білім алу және зерттеушілік мәдениетін, саяси, этникалық және этникааралық мәдениетін, эстетикалық және этикалық мәдениетін, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту; б) олардың әлемді ұлттық-жүйелілік тұрғыдан көруін дамыту. Аксиологиялық тұғыр. Аксиологиялық (құндылықтар) тұғыр тұлға адамзаттың жоғары құндылығы ретінде қатысатын барлық гуманистік тұжырымдамалардың негізі болып табылады. Аксиологиялық ойлаудың ортасында өзара тәуелді, өзара әрекеттесетін әлем тұжырымдамасы орналасқан. Ол біздің әлем тұтас адамның әлемі, сондықтан адамзатты біріктіріп қана қоймай, әсіресе әрбір жеке адамды сипаттайтын жалпыны көру қажет деп есептейді. Аксиологиялық тұғыр мәдениеттің өзегі болып саналады.

Ұлттық тәрбие контекстінде (мәнмәтінінде) тұлғаның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуының мәні болашақ мамандарда олардың құндылық қатынастарын анықтайтын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағдарлаумен сипатталады: а) өз халқына, бірге тұрып жатқан халықтарға, тұтас алғанда, әлемдік қауымдастыққа; ә) өзінің іс-әрекетіне, ұлттық мәдениеттің тасымалдаушы адам ретінде. Адамның құндылық қарым-қатынасы оның психологиялық жағдайын, өмірге ырзалығы мен толыққандылығын, оның мәнін анықтайды, ал құндылықтар жүйесі мінез-құлқы мен әрекеттерін реттейді, күнделікті және мотивациялық - қажеттіліктерін, оны кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алуға бағыттылығы мен дайындығын анықтайды.

Этнопедагогикалық тұғыр. Бұл әдіснамалық тұғыр «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының бірінші құраушысы – этнос қалыптастырушы контекстінде (мәнмәтінінде) ерекше маңызға ие. Этнопедагогикалық тұғыр негізінде болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеу (халықтың тілі, тарихы, өнері, ауыз әдебиеті, салты мен дәстүрі сияқты ұлттық категорияларды (құндылықтарды) тірек етеді. Этнопедагогикалық тұғыр негізінде болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру олардың ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтаудың, өз халқының тіліне, тарихына, дәстүрі мен салтына, мәдениетіне саналы-адамгершілік қатынасын тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады. Бұл әдіснамалық тұғыр: патриотизм сезімін, туған жеріне құштарлығын қалыптастыруға; өзінің туған жерінде тыныштық пен бейбітшілікті сақтауға өзінің халқының алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған.

А.С. Макаренко: «адамның қызығушылығына қызмет ететін тәрбие ғана шынайы болып табылады. Бұл талаптарға жауап бермейтін тәрбие халыққа қарсы және тәрбиеге қарсы деп сипатталады, өйткені ол адам тұлғасын аздырады», - деп жазды.

Болашақ мамандардың, мемлекет құраушы ұлт өкілдерінің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда этнопедагогикалық тұғыр оның географиялық, тарихи және экономикалық ерекшеліктерімен негізделген өмір сүруінің бірегейлігін, оның нанымын, өмірлік ұстанымын көрсету ретінде өз халқының менталитетін; соны- мен қатар ұрпақтан ұрпаққа берілетін, сөздерінде, моралдық ұстанымдарында, мінез-құлық нормаларында, құндылықтарында, салтында, әдет-ғұрпында, мерекелерінде және т.б. көрініс табатын әлеуметтік және мәдени мұра элементі ретінде дәстүрін зерттеуді ұсынады. Болашақ мамандардың этникалық әлеуметтенуі, этникалық сәйкестігі контекстінде (мәнмәтінінде) этнопедагогикалық тұғырды жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады: а) ұлттық сана -сезімі жоғары (өз халқының ана тілін, тарихын, төл мәдениетін, дәстүрі мен салтын білетін, Қазақстанда және бүкіл әлемдік қауымдастықта тұратын барлық халық пен ұлыстың тіліне, тарихына, мәдениетіне, салты мен дәстүріне сыйласымдық қатынасты меңгерген) ұлттық мақтаныш сезімі дамыған, өз халқының патриотын, жасампаз тұлғаны қалыптастыру; ә) этникалық толеранттылықты қалыптастыру. Этникалық толеранттылық әлеуметтік құбылысы ретінде басқа этникалық мәдениетке жағымсыз қатынастың жоқтығын көрсететін, атап айтқанда, өзінің тегінде жағымды қабылдауды сақтау барысында басқа мәдениеттің жағымды бейнесінің бар болуы. Демек этникалық толеранттылық өзінің мәдениетінен бас тарту ретіндегі ассимиляцияның / ұқсатудың салдары емес, ол өзінің этникалық мәдениетіне және сол топ байланысқа түсетін топтың этникалық мәдениетіне жағымды қатынасы немесе «қабылдауы» арқылы этникааралық интеграция сипаттамасы болып табылады.

Ұлттық мәдениет неғұрлым өркендеген сайын оның рухани қарым-қатынас саласына қосылу қабілеті артады және де соғұрлым оның тұлғаға ұлттық тәрбие берудегі мүмкіншіліктер аясы кеңейе түседі. Тәжірибеден байқағанымыздай, шығыс мәдениеті еуропа елдерінің мәдениетіне айтарлықтай мол әсер етуде. Мысалы, йога, ежелгі қытай гимнастикасы, нүктелі массаж және т.б. тағамтану индустриясында сергітетін шайлар, көк шай және т.б. үлкен сұранысқа ие. Дегенмен өзге мәдениетті түсіну үшін адам алдымен төл мәдениетін танып-білуі тиіс. Ұлттық дәстүрлерге деген құрмет арқылы ғана адам өзге елдің мәдениетін бағалауды үйреніп, жалпыадамзаттық мәдениетке араласа алады. Жастарға ұлттық тәрбие берудің өзектілігін арттыратын қуатты мега- фактор – жастардың әлемдің ақпарат кеңістігіне белсенді түрде кірігуі болып табылады. Бұл өзгеше дүниеқабылдауды қалыптастырып, құндылықтар жүйесі мен нормаларын өзгеріске ұшыратады. Сол арқылы олардың әлеуметтенуіне жағымды-жағымсыз әсер-ықпал орын алады. Жаһандық ақпараттық кеңістік пен еркін ақпарат айналымының ауқымы мен әсер-ықпалы шексіз, әр адам өз іс-әрекетінің нәтижелеріне дербес жауапкершілікке ие болуы тиіс, себебі ақпарат сапасын бағалау мәселесі заманауи білім берудегі маңызды мәселелер қатарынан орын алады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар дамуының жеделдетуіне орай адамдардың территориялды шектеуден аттамай-ақ байланыс орнату, қажет ақпаратты алу мүмкіндігі артты. Бұрын адам өзге мемлекеттегі адамдармен тек хат, жеделхат арқылы ғана қарым-

катынас жасай алған болса, қазіргі кезде адамдар арасындағы байланыс уақытпен де, қашықтықпен де шектелмейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.Қ., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И т.б. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлтық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. – Алматы, «Ұлағат», 2015. – 54б.
2. Гельвеций К.А. О человеке, его умственных способностях и его воспитании. Сочинения: в 2 т. Т.2. – М.: Мысль, 1974.
3. Панькин А.Б. Формирование этнокультурной личности. – М.: МПСИ, 2006.
4. Образование: сокрытое сокровище. Доклад международной Комиссии по образованию для XXI в., представленный ЮНЕСКО. – Париж, ЮНЕСКО, 1997.
5. А. Данилюк, А. Кондаков, В. Тишков. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России. – М.: Просвещение, 2014.
6. Ващенко Г.Г. Воспитательный идеал. – 3-е изд. – Полтава, 1994. 101

УДК 801.81

### **ФОЛЬКЛОРНЫЕ СКАЗКИ И ИХ ЖАНРОВЫЕ РАЗНОВИДНОСТИ.**

**Әбубәкірова Д., Юлдашбекова М.**

Tashenev University, г. Шымкент.

Научный руководитель - **к.ф.н. Ботабаева Ж.Н.**

Сказка - один из древнейших видов народной словесности, эпическое, преимущественно прозаическое произведение волшебного, авантюрного или бытового характера с установкой на вымысел, что не лишает сказку связи с действительностью [1,7]. По тематике и структуре сказки делятся на волшебные, бытовые и сказки о животных.

Изучением сказки как составляющей части духовной культуры народа занимается целый ряд наук фольклористика (Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп), этнография (А.Н. Афанасьев, Б.Н. Путилов), литературоведение (С.С. Аверинцев, О.М. Фрейденберг), философия (П.С. Гуревич, А.Ф. Лосев), культурология (Я.В. Боровский, М.Э. Матье), лингвистика (А.А. Потебня, С.М. Мокиенко) и другие науки [2, 43].

Теоретические аспекты жанра «сказки» освещались в трудах крупнейших представителей литературной эстетики и критики XVIII - первой трети XIX вв. Чрезвычайно симптоматично, что «сказка» интересовала прежде всего адептов и ревностных защитников классицизма - начиная с Мармонтеля, И.Г. Зюльцера, Ж.Ф. де Лагарпа и аббата Ш. Баттё и заканчивая графом Хвостовым, Мерзляковым и Остолоповым. Дело в том, что художественные принципы, лежащие в основе этого жанра, оказались необычайно созвучны всей классицистической литературе (несмотря на очевидные и нередко весьма существенные отклонения стихотворной комической новеллы в сторону рококо). Отмечая указанные особенности поэтики данных произведений.

Г.Н. Ермоленко пишет: «Средства типизации в сказках восходят к классицистической эстетике. Характеры отличаются однолинейностью, в них доминирует одна определяющая черта — лицемерие, скупость, тщеславие» [3, 6].

Передаваясь из уст в уста, сказки менялись, как и действительность, которую они отражали. Порой сказки разных народов очень схожи, так как несут эстетические взгляды трудовых слоев населения, их мечты, боль и ненависть к эксплуатации в любых ее проявлениях. Сказки разных народов имеют и ярко выраженные национальные черты.

Русские народные сказки чрезвычайно разнообразны. Их национальный характер выражается в языке, в бытовых подробностях, в характере пейзажа.

В русских сказках часто встречаются повторяющиеся определения: добрый конь; серый волк; красная девица; добрый молодец, а также сочетания слов: пир на весь мир; идти, куда глаза глядят; буйну голову повесил; ни в сказке сказать, ни пером описать; скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается; долго ли, коротко ли, палаты белокаменные. Встречаются также тавтологии: диво дивное, чудо чудное; сросшиеся синонимы: путь-дороженька, горе-несчастье.

Издавна сказки были близки и понятны простому народу. Фантастика переплеталась в них с реальностью. Живя в нужде, люди мечтали о коврах-самолетах, о дворцах, о скатерти-самобранке. И всегда в русских сказках торжествовала справедливость, а добро побеждало зло. Форма сказки идеальна. Сказка дает схему человеческих отношений. В ней чувствуется стремление народа восстановить справедливость.

Народной сказке свойственны все особенности фольклора. Сказочник зависит от традиций, в форме которых сказка дошла до него. Эти традиции создавались многими поколениями сказочников.

Русским народным сказкам присущи определенные образы героев: образ дурака, доброго, веселого, удачливого победителя всех жизненных невзгод; образ ловкого, смелого солдата, победителя самой смерти; образ чудесной работницы; образы коварного и мстительного царя, страшного чудовища, которое надо победить; образы чудесных помощников, будь ли это волк, верный конь, благодарный за привет старичок.

Сказке, как жанру фольклора, свойственны все черты искусства, традиционно сообщаемого народом. Это есть то общее, что объединяет сказку с любым видом фольклора. Сказочники нарушают правдоподобие. Смещение реального плана в изображении - отличительная черта всех сказок. В сказках о животных неправдоподобно спорят, разговаривают, ссорятся, любят, дружат, враждуют звери. В волшебных сказках свои чудеса: скатерть-самобранка, волшебный клубочек, живая имертвая вода, гребешок, превращающийся в дремучий лес, молочные реки в кисельных берегах, ковер-самолет и т.п. В бытовых сказках присутствует своя фантастика: батрак Иванумудряется собрать оброк с чертей; прилипчивое горе-горемычное; журавли, которые уносят мужика на небо вместе с лошадей и телегой и другие. Одним словом, сказки воспроизводят невероятные события, дела, поступки. В сказке реальность представлена неправдоподобно.

Сказочная фантастика выражает стремление устремления народа, его мечты, желания, надежды. В этой фантастике воплощалось все, что волновало сердце и ум народа. Глубокая народность - естественная особенность такого вымысла. Сказочный вымысел служит раскрытию жизненной правды. В этом состоит специфика сказки.

Условно сказки подразделяются на волшебные, авантюрные, бытовые и о животных. Причем в сказке традиционно присутствуют добрые и злые герои (отрицательные и положительные) [4,7].

В вопросе классификации сказок предлагались разные мнения. Так, классификация А.Н. Афанасьева признана фольклористами самой лучшей. Исследователь предложил следующую систему сказки о животных, волшебные, мифологические, фантастические, былинные, исторические сказания, новеллистические или бытовые, былички, народные анекдоты, докучные, прибаутки.

Э.В. Померанцева, в свою очередь, в исследовании «Судьбы русской сказки» выделяет «четыре основные группы сказок сказки о животных, волшебные сказки, авантюрные и бытовые». После выхода в свет книги Э.В. Померанцевой выступил В.Я. Пропп, предлагая свою систему классификации Относя сказку «к области народной прозы», он называет ее не привычным термином «жанр», а «одним из родов прозы», а далее определяет сказку по ее «структурным признакам» «В результате она распадается на сказки волшебные, кумулятивные, о животных, о людях» В качестве более узкого термина он предлагает слово «тип», а «типы распадаются» на сюжеты, сюжеты - на версии и варианты [5,4].

Финский ученый А. Аарне делит весь сказочный фонд на животные сказки, собственно сказка и анекдоты.

Наиболее распространенной считается классификация, в которой выделяются три группы (Э.Ф. Шафранская): сказки о животных, волшебные сказки, социально-бытовые сказки [6,8].

Социально-критическое начало породило в сказках о животных многочисленные и разнообразные приемы сатирического изображения действительности. Эти приемы сопутствуют воспроизведению постоянной и неослабевающей борьбы и соперничества зверей. Борьба, как правило, кончается жестокой расправой над противником или злой насмешкой над ним. Сказка не устает ставить осуждаемого зверя в смешное положение [7,11].

«Сказка - ложь, да в ней намек, добрым молодцам урок», - говорил о народных сказках А. С. Пушкин [8,12].

Все, о чем сказано выше, и определяет значение народных сказок как памятников творческой деятельности широких трудовых масс. Сказки ценим мы за подлинную народность содержания и за поэтическую национальную форму. А. Нечаева [8, 54].

Вспоминая своё детство, Максим Горький писал: «...сказки няньки и песни бабушки внушили мне смутную уверенность, что есть кто-то, кто хорошо видел и видит всё глупое, злое, смешное... кто-то очень умный и смелый».

Это народ, умный и смелый, в своих сказках, пословицах и поговорках смеётся и над царями, и над богами, и над попами... Борется с ними острым и метким словом.

И у каждого народа, сковывала его волю, внушая мысль о бессилии перед всемогущим богом. Н. Алембекова [8, 87].

Сказки - самый ценный народом вид искусства, их любили во все времена, любят их и сегодня, в век неслыханного взлета техники и высокого развития литературы, любят одинаково и взрослые и дети. Каждый народ бережно пронес свои сказки сквозь тысячелетия.

Много можно узнать из сказок. В них отражается дух народа, его быт, образ жизни национальный характер. Сюжет может быть сколь угодно фантастическим, но детали повествования всегда реальные точные, соответствующие той земле, где живёт сказка, соответствующие культуре народа - её творца. Историкам и этнографам удаётся по фольклорным материалам — по сказкам, эпосу - восстанавливать картины жизни далеких времён.

#### **Список использованной литературы.**

1. Померанцева Э.В. Сказка // Литературный энциклопедический словарь. — М., 2007.- С. 383.
2. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. - М., 2006. - С.87.
3. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А.Н. Николюкина. - М.: НПК «Интелвак», 2003. 989-990 стб.
4. КхерибишМунира. Диссертация по теме "Русский язык". [Электронный ресурс] Диссертации по гуманитарным наукам. Режим доступа: <http://cheloveknauka.com/leksikografichesloe-opisanie-russkih-narodnyh-skazok-v-uchebnyh-tselyah#ixzz32VYmRYra>
5. Кравцов Н.И., Лазутин С.Г. Русское устное народное творчество: Учебник для фил. спец, ун-тов. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Высшая школа, 2003. - С. 95-96; 100-101.
6. А.А. Скакун. Мировая культура XVI-XVIII веков как метатекст: дискурсы, жанры, стили. Материалы Международного научного симпозиума «Восьмые Лафонтеновские чтения». Серия “Symposium”, выпуск 26. СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2002. [Электронный ресурс] Философская антропология. Режим доступа: <http://anthropology.ru/ru/we/skakun.html>.
7. [Электронный ресурс] Устное народное творчество Вологодского края. Режим доступа: <http://www.booksite.ru/fulltext/ust/noy/ena/rod/noe/index.htm>
8. Шафранская Э.Ф. - М.: Издательский центр «Академия», 2008. –С. 38.

## МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**Әшімхан Ұ.**

Ж.Тәшенов атындағы университет

Шымкент қ.

Ғылыми жетекші-ғ.м.,аға оқытушы

**Байболова А.Ж.**

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – қазан төңкерісіне дейінгі әдеби процесте үлкен рөл атқарған ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті тұлғасы. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалымдарымыз оны осы кезеңнің белді де белгілі өкілдерінің бірі деп атайды. М.Ж.Көпейұлы туралы уақыттың талғам-талабына қарай әр кезде әр түрлі пікірлердің болғаны рас. Алайда оның кестелі өлеңдері мен келісті ойларын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін ешкім жоққа шығарған емес.

Мәшһүр Жүсіптің қалдырған мұрасынан оның араб пен парсы елдерінің тарихын, философиясын жақсы меңгергені мұндалап тұрады. Сонымен қатар физика, астрономия, химия, геология ғылымдарынан да хабары бары байқалады. Мәшһүрдің өмірі мен шығармашылығын қазақ әдебиетінің алыптары да өз зерттеу нысанына айналдырды. Атап айтқанда, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Қ.Бисенбиев, Ә.Қоңыратбаев, І.Жарылғапов, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, Д. Әбілов, Ә. Жиреншин, С. Дәуітов, З. Сейітжанов т.б.

Ең алғашқылардың бірі болып М.Көпеевтің шығармашылығы мен өмір жолына қызығушылық танытып, зерттеген ғалым Мәшһүрдің жерлесі –Әлкей Марғұлан болды. Жастайынан туған өлкесінен ақынның өлеңдерін жаттап өскен Әлкей Марғұлан ақынның шыққан тегі, өскен ортасы мен шығармашылығы туралы өте көп ақпарат береді. Ақынның шығармашылығындғы діни сарындар туралы зерттей келе, діни молдалардан сабақ алып, сол ортада өскендіктен «діншіл молдалардың айтқанынан біраз уақытқа дейін шыға алмады» [1] деген тұжырымға келеді. Мәшһүр Жүсіп жайлы зерттеу жасап, сын-пікірлерін білдірген ғалымның бірі – Бейсенбай Кенжебаев еді. «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты еңбегінде ақынды демократтық ақындардың қатарына жатқызып, Қазан қаласында басылған әр еңбегіне жеке тоқталады. Мәшһүр Жүсіптің «қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деген ұзақ өлеңін талдай келіп, «Бұл жинағында Мәшһүр Жүсіп негізінен демократтық-ағартушылық жолда бола тұрып, біраз қателесті де» [2, 127], – деп, бүгінгі күнге дейін дұрыс саналып келген идеологияны жақтайды. Әрине, білімдар сыншының бұл пікірін қаралауға еш негіз жоқ. Өйткені, Кеңес өкіметі орнағаннан бері қарай дінге деген теріс көзқарас қалыптасқаны мәлім. Профессор Б. Кенжебаевқа мұндай пікір айтқызып отырған сол сыңаржақ көзқарастың әсері.Сонымен қатар Мәшһүрдің еңбектеріндегі елді оянуға, өркениет пен мәдениетке шақыруын жоғары бағалайды.

Әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда 1959 жылы өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның маңызы айрықша болды. Себебі конференцияда ХІ Бұл конференцияда қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстар әдебиет тарихын тануға әрі жалпы қазақ әдебиеттануына кедергі болып келе жатқан проблемалардың бетін ашып алуға ықпал етті. М.Ж. Көпейұлының әдеби мұрасы жайында баяндама жасаған І.Жарылғапов болсын, не басқа баяндамашылар (Е. Ысмайлов, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Кәрібаев, Б. Кенжебаев) болсын, бері дерлік оның творчествосының құндылығын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін аса зор бағалады. Әрине, шығармаларының идеялық қайшылығы бар деп саналған М.Ж. Көпейұлының әдеби мұрасы талас тудырмай қойған жоқ. Бұл конференцияда сөз сөйлегендердің қатарында белгілі әдебиет алыбы М.Әуезов те болды. Біршама әдебиеттің

өзекті мәселелерін қозғай келе, М.Ж.Көпеевтің халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаудағы ерен еңбегін жоғары бағалады. М.Ж. Көпейұлы туралы баяндама жасаған, жарыссөзге шыққан сыншыларға сын-ескертпелерін айта келіп, былай дейді: «Мәшһүрдің ұзақ өміріндей шығармашылық жолының да талай-талай кездері болған. Соны ескерту қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға жақындаған. 1905 жылғы патша манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық заңды жайлар. Мұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ» [3]. Араға екі жыл салып, академик-жазушы М.Әуезов М.Көпеевтың еңбегін бағалай келе: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілу шарт» [4] дейді.

Қазақ фольклористика тарихында жасаған еңбегі ескеріліп, өз орнын алған адамдардың бірі де бірегейі М.Ж.Көпеев болды. Ол халық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін жинап, хатқа түсірді. Атап айтқанда: айтыстар мен дастандар, шежірлер мен хикаялар, тарихи жырлар және зар заман ақындарының әдеби мұрасы т.б. З.Сейітжановтың зерттеуі бойынша, Мәшһүрдің ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығы бала кезінен ояңған. Тоғыз жасында Бұқардан келген Қамар хазіретке шәкірт болып, «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Төрт жігіттің өлеңі» т.б. жырларды жазып, жаттап алады. Жаттап алған қиссаларын ел алдында айтып, аты көпшілікке таныла бастады. Бұл туралы Мәшһүрдің өзі былайша жырлайды:

Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды,  
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.  
Аузынан сілекейі шұбырумен  
Тамаша естіген жан аң-таң қалды [5, 356].

Көпейұлы Жүсіптің Мәшһүр атануы да осы талантына қатысты. Өзі жазып алып, жатқа айтатын қисса-жырларына көпшілік тамсанып: «Көпейдің ұлы сайрап тұрған бір бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің мейірін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ»[5, 357]дейді екен. Сол кездері Шорманның ұлы Мұса Баянауыл дуанына аға сұлтандық еткен екен. Бір күні Баянауылдағы хазіретке сәлем беруге келгенде, ел аузынан «Осында Көпейдің бір баласы бар, білмейтін сөзі, айтпайтын қиссасы жоқ» дегенді естіп, Жүсіпті өзіне алдырады. Сол отырыста Жүсіп «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын орындап, тағы да елді аузына қаратады. Тоғыз жасар баланың бұл өнеріне тамсанған Мұса Шорманұлы: «Өз заманында халыққа мәшһүр болар бала екен» дейді. Осы оқиғадан кейін Мәшһүр деген атқа ие болған екен. Осылайша Мәшһүр атанған Жүсіп он бес жасына дейін Қамар хазіреттен сабақ алып, одан әрі бала оқытады. Оқытушылықпен айналысып, мал жинап «көшпелі қазақтың» қатарына қосылған соң, өлең жазуға бет бұрады. Сол кездегі мерзімді басылымдарға өлеңдерін шығарады.

Мәшһүр ел мұрасы – ауыз әдебиеті үлгілерін ыждаһаттылықпен жинайды, оны ел алдындағы азаматтық борышым деп санайды. Ол ел қазынасын жинаумен ұзақ уақыт айналысқан. «Қазақ ССР тарихындағы» дерекке сүйенсек, Мәшһүр де орыс ғалымдарымен қатар халық ауыз әдебиетін жинаушылардың қатарында: «XVIII ғасырдың оқиғаларын көрсететін тарихи поэтикалық шығармалар фондысы өткен ғасырдың екінші жартысында тағы да көбейіп, қомақтана түседі. Оларды жинауға В.Радлов, Г.Потанин, Ы.Алтынсарин, М.Көпеев т.б. еңбек етеді [6, 581-582].

Фольклорға жастайынан құмар болған Мәшһүр бірде Шорманның үйінде қонақта болады. Қайтар кезінде Шорманның Сәдуақас деген ұлы Мәшһүрден бұйымтайын сұрайды. Сонда Мәшһүр: «Қолқа салып келген құда емеспін, қой сұрай келген қожа емеспін. Бата сатқан қарт емеспін, мата сатқан сарт емеспін. Менің мал жинамайтынымды өзің білесің. Маған арыдан келе жатқан әкең Мұсаның жинаған қазақша ескі өлеңдерін берсең болады» [7, 360] дейді. Мәшһүрдің бұл жауабынан халық мұрасын жинап, келер ұрпаққа жеткізуді ең ұлы мақсаты етіп қойғанын анық аңғаруға болады. Ол халықтың өткен тарихын ұғыну үшін ауыз әдебиетінің маңызы зор екенін білген. Оған дәлел өз сөздері: « Қазақтың ауызша айтқан

өлеңі, жоқтауы, жұмбағы, айтысы рухани тарихы үйінің шаңырақ, кереге, уығындай мүшесі. Ел тарихы ауызша айтқан әдебиетсіз томағасы түгел жазылмайды. Қазақ жұртының мәдениетін түгел жазуға ауызәдебиеті қорға қалаған кірпіш болады» [5].

М.Ж.Көпеев фольклордың үлкенді-кішілі барлық түрлерін жинады, атап айтқанда: мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, эпикалық жырлар, батырлар жыры, тарихи жырлар, шешендік сөздер мен айтыстар, ертегілер мен шежірелер т.б. «Көпеев бүкіл қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті. Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырды. Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөніндегі бағалы материалдарды жинады» [8, 67].

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп халық ауыз әдебиеті үлгілерін сол қалпында мәтінді өзгертпей жазып алып, жинауды мақсат етті. Қолжазбаларына үңілсек, әзіл-қалжың ретінде айтылған дүниелерді де сол қалпын бұзбай жазып алған. Сол себепті де Мәшһүр жинаған фольклор үлгілері өзінің көнелгімен, тазалығымен, түпнұсқалығымен ерекшеленеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті. – 1940. – №2. – 5 қаңтар.
2. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚКБ, 1958. – 308-б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959, ҚМКӨБ, 556-б.
4. Әуезов М. Қорытынды сөз // әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. 358 б.
5. Көпеев жазбалары. Қазақ КСР архиві.1171-папка
6. Қазақ ССР тарихы. Алматы 1957, 1-том
7. Қазақ фольклористикасының тарихы : рев. дейінгі кезең / Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты; [ред. алқа Р. Бердібаев]. - Алматы : Ғылым, 1988. – 430
8. Жүсіпов, Н. Қ. «Мәшһүр-Жүсіп және фольклор». - Павлодар : С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті, 1999. - 94

ӘОЖ 821.512.122-3

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

**Әшірбек Ұлағат Арысбекқызы.**

Tashenev University, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші – ғ.м., аға оқытушы **Байболова А.Ж.**

Сөйлеу мәдениеті тіл білімінің бір саласы ретінде функционалды стилистикада, прагматикада және сөйлеу актілерінің теориясында қарастырылады. Сөз мәдениетін қазақ тіл білімі саласында А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Д.Әлкебаева, Б.Қапасов т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде зерттеу нысанына айналдырды. Қазақ тілінде сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қалыптасуына, оған тән ұғым-түсініктердің пайда болуына тілдегі түрлі экстралингвистикалық факторлардың, заманауи өзгерістердің ықпалы зор.

Сөйлеу мәдениетіне сөйлеудің дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, ойға қонымдылығы, анықтылығы және түсініктілігі, мәнерлілігі мен әртүрлілігі, естілуге жағымдылығы мен орындылығы кіреді.

Сөз мәдениеті ғылымының қазіргі даму бағыттары, ең алдымен, қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі



парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен тығыз байланысты. Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуының алғышарты ретінде, жоғарыда айтылғандай, қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың ереже түрінде ұсынылуы әдеби тілдің кодификацияланған нормаларды қалыптастыруда маңызы зор болды. Сонымен бірге сөз мәдениетінің даму жолы қазақ әдеби тілінің тарихымен тығыз байланысты екендігі мәлім.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Тіл адамның ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. Сөйлеу процесінде тіл арқылы екінші бір адамның сезіміне әсер етуге болады. Адам әлеуметтік дәреже көтерілген сайын оның адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынасқа, жағдаятқа байланысты сөйлеу әрекетіндегі сөз таңдау, ауыстыру қатар жүріп отырады.

Сөз мәдениетін зерттеудің жаңа бағыттары қазақ тілінің әлеуметтік ахуалын жақсартып, мәртебесін көтеруде аса маңызды болып отыр. Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады. Осыған орай сөз мәдениетін зерттеу, оны оқыту, жас буын мен көпшілікке қолжетімді болу ісі өзекті сипат алып, оның келелі-келелі мәселелерін, ғылыми негіздерін бүгінгі ұрпаққа түсіндіру, сөз өнеріне, сөз эстетикасына тәрбиелеуді күн тәртібіне қойып отыр.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу мәдениетінің әлеуметтік маңызын ашу. Осы мақсатқа жету үшін **міндеттер** қойылды.

Сөз мәдениеті – көп аспектілі ғылым және ауызша және жазба әдеби тілдің қалыптарын (екпін, сөздерді дұрыс қолдану, айту, стилистика мен грамматика ережелерін) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әртүрлі жағдайларында олардың мақсаттары мен жағдаяттарына қолдану біліктілігі. Сөйлеу мәдениетіне сөйлеудің дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, ойға қонымдылығы, анықтылығы және түсініктілігі, мәнерлілігі мен әртүрлілігі, естілуге жағымдылығы мен орындылығы кіреді. Бұл ғылым жайлы түсініктер өте ертеде пайда болды. Сөйлеу мәдениеті тілдік норма, қарым-қатынас түрі, оның этикалық нормасы мен ережелері, принциптері, қоғамдағы сөйлеу әдеби сынды мәселелерді қарастырады. Сөйлеу мәдениеті – қазақ лингвистикасында кенже қалған ғылым саласы. Күнделікті өмірде тілді қолдану, сөйлеу, жазумен тығыз байланыста қарастыруы өзге тіл білімі салаларынан ерекшелеп тұрады. Сөз мәдениетінің дербес пән ретінде өз іргетасын қалап, дамуы қазақ тіл білімінің дамуымен тығыз байланысты.

Сөз мәдениеті қазіргі кезеңде ЖОО-да базалық пән ретінде оқытылып келеді. Сөйлеу мәдениеті тіл білімінің бір саласы ретінде функционалды стилистикада, прагматикада және сөйлеу актілерінің теориясында қарастырылады. «Сөз мәдениеті» деген термин көпмағыналы. Л.К.Скворцов: «Культура речи – владение нормами устного и письменного литературного языка (правилами произношения, ударения, грамматики, словоупотребления и др.) а также умение использовать выразительное языковые средства в разных условиях в разных соответствии с целями и содержанием речи» [2, 36] деген. Бұл дегеніміз сөз нормалары сол тілдің құрылымдық жүйесінен шығады. Белгілі ғалым Б.Н. Головин сөз мәдениетін тілдік-құрылымдық жақтан қарай отырып, оны сөздің коммуникативтік сапасы жөніндегі ілім мен жүйелер жиынтығы деп қарайды. Автор коммуниканттар факторына, олардың тілдік білім жүйесіне ерекше көңіл бөледі. Л.К. Грауциня, Е.Н. Ширяеваның редакциясымен жарық көрген «Культура русской речи» деген кітапта ұстанған негізгі концептуалдық, теориялық принцип материалды тереңнен талдауы, хрестоматиялық үлгілердің берілуі, сөз мәдениеті бағдарламасын ұсынуы жағынан ауқымды әрі озық еңбек деуге болады. Аталмыш кітапта тілдік және тілдік емес құрылымдар өзара байланысты қаралып, сөздің сапасына оң әсер ететін негізгі факторлар ретінде көрсетіледі.

Сөз мәдениетін қазақ тіл білімі саласында А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Д.Әлкебаева, Б.Қапасов т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде зерттеу нысанына айналдырды. Қазақ тілінде сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қалыптасуына, оған тән ұғым-түсініктердің пайда болуына тілдегі түрлі

экстралингвистикалық факторлардың, заманауи өзгерістердің ықпалы зор. Қауымдастық мүшелерінің қоғамдық-әлеуметтік тіршілігімен байланысты тілдің де қадір-қасиеті артып, сөз құдіретіне бас ию нәтижесінде халықтың өмірден түйген түйінді ойлары тілде көрініс тапты: тіл туралы қанатты сөздер, мақал-мәтел, фразеологиялық сөз орамдары, жұмбақтар т.б.

Адамдардың қоғамдағы орны, мәртебесі, лауазымы және мамандығы олардың сөйлеу әрекетінің сөз әдебіне сай келуі немесе кейбір ауытқушылықтардың болуына әсер етеді. Адамдардың білім дәрежесі оларды әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілін қолданушылар деп бөлуге мүмкіндік береді. Сөйлеу әдебі сөйлеушілердің алыс-жақындығын, ресми-бейресми, таныс-бейтаныс сипаттарын анық көрсететін көрсеткіш болып табылады. Ал «сөйлеу әдебі дегеніміз – коммуниканттардың қатынас орнату, қолдау және доғару қызметтеріне тән, әлеуметтік белгілермен анықталған ұлттық-мәдени ерекшеліктердің жиынтығы» [1, 10].

Әрбір адам сөйлеген кезде көптеген рөлдер мен сөйлеу жағдайларына, қарым-қатынас пен адресанттарының ығына қарай жығылып, соған сәйкес сөйлеу мәнерін таңдайды және өзгертіп отырады. Бір жағдаят пен сөйлеу қалыптан екінші сөйлеу қалпына жылдам өзгертеміз. Бұл жайлы қарым-қатынас пен сөйлеу этикеті жайлы жазған Ресей тіл білімінің ғалымы Н.И.Формановская былай дейді: «Чем культурнее человек, тем выше его культура общения и тем совершеннее его способность переключаться.. Оно зависит от присущих человеку постоянных социальных признаков, его собственных привычек, его излюбленных речевых приемов» [19, 22]. Адамдардың өзара қарым-қатынасы алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Тіл пікір алысу құралы ретінде адамның тек ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. Сөйлеудегі ізет, құрмет, сыпайыгершілік кісінің сезіміне әсер етеді. Өмірде жиі қолданылатын амандасу, қоштасу, ризалық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту, сөйлеу этикеті деген ұғымға саяды. Адамдардың дидактасына, ең алдымен, дәнекер болатын да – осылар. Сөйлеу этикеті дегеніміз – сөйлеушілердің сөз қатынасын орнатуға және бұлардың әлеуметтік жағдайына сәйкес сыпайы қатынас құруға арналған белгілі бір коммуникативтік стереотиптердің жиынтығы. Тамыр-таныстарымен кездескенде – амандасу, кетерде – қоштасу қаншалықты дәстүрлі әдетке айналса, біреудің қуанышына, қайғы-қасіретіне ортақтасу соншалықты табиғи да.

Көпшіліктің алдында шешен сөйлеу – адамның терең білімінен, мол тәжірибесінен, қабілеті мен қарымынан туындайтын өнер. Тарихта «от ауызды, орақ тілді» шешендер деп санаулы ғана адамдардың аты аталатынын сондықтан. Шешендік дегеніміз – жеке тұлғалық бастама мен бағыт және ондағы талант пен талап, жасампаздық, сөзді көркем жеткізе білу, сөз арқылы көпшілікке әсер ете алу. Шешендік әлеуметтік-тұрмыстық, саяси-әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардың барлық саласында қызметі кеңіп, ықпалы артуда. Шешендіктің әсері негізінде қоғамда сөйлеу мәдениетінің деңгейі көтеріліп, табиғаты тазарады.

Ұлт ұстазы атап кеткен шешен сөздердің барлық түрі қазіргі қоғамда бар. Саясат шешен сөздеп отырғанымыз қазіргі әлекметтік-саяси мазмұнды шешендік сөз. Бұл сөздер мемлекет басшыларының, мемлекет қайраткерлерінің, ел қалаулыларының сөздеріне қатысты болып келеді. Ғалымның билік шешен сөз деп атағаны, қазіргі таңда ғылымда сотта айтылатын шешендік сөз деп аталады. Бұл сөздер сот жүйесіндегі қызметкерлердің қолданыстағы сөздері. Үшінші шешендік сөздің түрі той-думан, түрлі мерейтойларда айтылатын қошамет шешен сөз, қазіргі тілде әлеуметтік-тұрмыстық шешен сөз. Әлеуметтік-тұрмыстық шешен сөзге мемлекет, қоғам, өнер, әдебиет, ғылым қайраткерлерінің мерейтойларына арналған құттықтаулар, мадақтау сөздермен қатар ел азаматтарынан айырылған күндегі аза сөздер де жатады. Ғалымдардың жоғары оқу орындарындағы аудиторияларда оқитын дәрістері, ғылыми баяндамалары, шолулары, хабарламалары білімір шешен сөзді анықтайды, ғылыми тілмен айтсақ, академиялық шешен сөз деп аталады. Ал молда, имам секілді дін өкілдерінің сөз діни шешендікке жатады.

Әр сөйлеу ортасының өзіне сәйкес сөйлеу ерекшелігі болады. Сөйлеу ерекшелігі дегеніміз сөйлеу тақырыбы, сөйлеу мәнері, сөйлеу уақыты, сөйлеу тілі сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Көп адам жиылған жиындарда ұйымдастырылып отырған жиын

тақырыбына сәйкес сөз дайындалады. Жиынға көп адам жиылып, сөйлейтін адамдар саны да ккп болғандықтан регламент ретінде сөйлейтін уақытқа шектеу қойылады. Ұжымдық, туыстық отырыстар секілді шағын жиындарда да жиын тақырыбына сай сөз дайындалады, бұл жерде де уақыт мөлшері болады. Мысалы, той болса, құттықтау сөздің мөлшерін көбейтпей жиналған көпшілікті жалықтырып алмас үшін мөлшерімен сөйлеген дұрыс.

Көптің алдына сөз сөйлеуге шыққан адам алдымен тыңдаушысын сыйлауы тиіс. Сөзінді көп тыңдайтын болған соң, оның тыңдаушының «құлағының құрышын қандырадай» болғаны жөн. А.Байтұрсынұлы бұл жайында: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс» [36, 95] дейді. Сондықтан көп алдында сөйлеу де өнер деп айта аламыз. Ал кез келген өнерді үйрену үшін алдымен ынта, сосын оқу, ізденіп, еңбек ету керек. Сонда ғана өнерді бағындыруға болады.

Тіл – көркем образдар жасаудың құралы ретінде пайдаланылады. Сонымен, әртүрлі функционалдық стильдік қызметтегі тілдік бірліктер, стильдік реңктегі сөздер шаршысөздердегі шешендіктің стильдік бедерін көрсетеді. Шешендік сөзді дайындау барысында, сөйлеу кезінде пайда болатын үлкен қайшылық – кітаби тіл нормасы мен сөйлеу тілі нормаларының қатарласа жұмсалуды, өйткені шешендік сөз жазба (кітаби) тіл негізінде «әзірленеді», ал сөйлегенде, яғни ауызша сөзге айналғанда сөйлеу тілінің әсерінде болады. Ауызша сөзде «шаршытоп алдындағы сөздің баяндау мәнерінде шешен қатаңдығы басым кітабилыққа бой ұрмауға, еркіндігі басым сөйлеу тілінің жетегінде кетпеуге тырысады. Шешен кітабилыққа бой ұрса, сөзі қасаң, таптаурын тартып, аудиторияға әсер-ықпалы төмен болады, ал сөйлеу тілінің элементі басым болса, тұрмыстық деңгейдегі сөзге айналады, ондай сөздің қоғамдық-әлеуметтік мәні жоғары болмайды». Шешеннің сөзі оқушыға емес, тыңдаушыға арналады, сондықтан шаршысөзде кітаби элементтер мен сөйлеу тілі элементтерінің арасалмағын үйлестіріп отыру аса қажет.

Қорыта айтсақ, шаршысөз тақырыбы мазмұнды, мәнді, өзекті болуға тиіс; сөздің мазмұнын қамтамасыз ететін қажетті материалдар орынды қолданылуы тиіс; аудиториямен байланыс ойдағыдай болуға тиіс. Аудиториямен үйлесімді байланыс орнатуға сөйлеуші ерекше көңіл бөліп отырса, тыңдаушылармен байланыс күшті болып, сөздің тиімділігі де, әсерлілігі де арта түседі. Тәжірибелі шешеннің назары үнемі тыңдаушыда болады да, олардың қабылдау реакциясын бақылап отырады. Сөйлеуші аудиторияның жетегінде кетпей, тыңдаушыларды өзіне тарта білуі тиіс. Сонымен шаршытоп алдына шығып сөйлеуді әрбір шешен өнер деп бағалап, өзінің кәсіби қызметі деп түсінеді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдениеттану: Этикет формаларына салыстырмалы талдау. Кандидаттық диссертация авторефераты, 1998
2. Мечковская Социальная лингвистика. М: Флинта: Наука, 1999
3. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің. - Алматы: Қазақстан Баспасы, 1965.- 185 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы): монография / Р. Сыздық. - Астана : Елорда, 2001. - 228 б.
5. Сыздық Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. Алматы, 1983. – 75 б.
6. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: Print-S, 2005.- 112
7. Уәлиев Н. Қазақ тілі – қандай тіл? //Тілтаным. Алматы, 2004. N3
8. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дисс. автореф. Алматы, 2007. 312 б
9. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым баспасы, 1987.- 271 б.
10. Педагогическое речеведение. Словарь-справочник// Под.ред. Т.А.Ладыженской, А.К.Михальской, сост. А.А.Князьков. – М: Флинта: Наука, 1998

## SITUATIONS AS A TYPE OF ACTIVITY IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS

Жабарова Д.Е.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы.

Ғылыми жетекші – Э.Ғ.К. Құдабаева П.А.

**Abstract:** This article refers to the importance of a situational approach to learning English in junior and senior grades. The main attention is paid to the methods of creating the situational principle and applied methods. Appreciation to this method not only different motivations of students are realized, special attention is paid to each child's self-confidence and ability to achieve goals when creating situations.

**Key words:** skills, situations, activity, foreign language, communication.

Situations can be a valuable type of speech activity in foreign language lessons because they provide students with a way to practice using the language in realistic and practical scenarios. By creating and simulating situations that students are likely to encounter in real life, teachers can help students develop their communication skills and confidence in using the language. The situation in speech activity is the context in which people communicate. It includes many factors such as location, time, social status, goals and intentions of participants, their relationship to each other, conversation theme, etc. All of this information influences how participants interact, what language and style they use, how they interpret each other's messages and how they solve their communication problems.

Situations can also be an effective way to integrate the four language skills (reading, writing, listening, and speaking) in a meaningful way [1]. For example, a situation can involve reading a menu, ordering food in a restaurant, listening to the waiter's response, and then responding back in the target language. This can help students practice multiple skills simultaneously and in a way that mimics real-world communication.

In addition, situational activities can help students develop cultural competence by exposing them to the customs, traditions, and norms of the target culture. By incorporating cultural elements into the situations, teachers can help students understand and appreciate the cultural context in which the language is used. Overall, situations can be an effective and engaging way to help students develop their language skills in a meaningful and practical way.

Situations can be used as a type of speech activity in foreign language lessons to develop reading, speaking, and writing skills [2]. Here are some examples of how situational activities can be incorporated into each language skill:

### 1. Reading:

–Reading and analyzing authentic materials, such as menus, schedules, or news articles, that relate to situational contexts;

–Identifying key vocabulary and expressions used in situational contexts;

–Completing reading comprehension exercises based on situational scenarios.

### 2. Speaking:

–Role-playing situational scenarios, such as ordering food in a restaurant or asking for directions;

–Conducting situational interviews with classmates or native speakers to practice using situational language in a real-life context;

–Creating and presenting situational dialogues or skits.

### 3. Writing:

–Writing situational emails, letters, or texts to practice using language in a written format;

–Completing situational writing exercises, such as writing a restaurant review or a travel itinerary;

–Creating situational stories or narratives to practice using language in a creative context.

By incorporating situational activities into foreign language lessons, students can practice using language in a meaningful and authentic way that reflects real-life communication. This can lead to increased confidence and proficiency in using language in a variety of contexts.

For instance, teacher can provide a list of common interview questions and ask the students to practice answering them in pairs or small groups. The students can take turns being the interviewer and the interviewee, and the teacher can provide feedback on their language use. The teacher can also provide additional resources, such as articles or videos on how to prepare for a job interview, and have the students discuss them in class to develop their understanding of the topic and build their vocabulary [3]. This type of situational activity allows students to practice using language in a practical and relevant way while also developing their confidence in communicating in English. It can be an effective way to enhance their language skills and prepare them for real-life situations.

### **Types of situational activities**

There are different types of situational activities that can be used in foreign language lessons, depending on the specific language skills and learning objectives that are being targeted. Some common types of situational activities include:

**Role-plays:** Role-plays involve students taking on different roles in a scenario and using the target language to communicate with each other. For example, students might role-play a job interview, a doctor's visit, or a conversation with a salesperson.



*Picture 1*

**Problem-solving tasks:** Problem-solving tasks involve students working together to solve a problem or complete a task using the target language. For example, students might have to plan a party, organize a trip, or solve a mystery.

**Information-gap activities:** Information-gap activities involve students working together to share information that they each have. For example, one student might have a map and the other student might have directions, and they need to work together to find their way to a specific location.



*Picture 2*

**Simulation games:** Simulation games involve students playing a game that simulates a real-life situation using the target language. For example, students might play a restaurant simulation game where they take turns being the waiter and the customer, using the target language to order food, ask for the bill, and so on.

**Project-based learning:** Project-based learning involves students working on a longer-term project that involves using the target language to complete a task or solve a problem. For example, students might work on a project to create a tourism brochure for a city using the target language.

Overall, the type of situational activity used in foreign language lessons will depend on the specific learning objectives and the language skills that are being targeted.



*Picture 3*

### **Scientific consensus**

Scholars from various fields have explored the concept of speech activity and described it in their research. For example, in linguistics, there is the concept of "situational linguistics" which explores the interaction between language and the situation in which it is used. Scholars in this field examine how different situations affect the language forms that are used and what principles and strategies underlie the choice of language.

For instance, in the study, Duckworth looks at how the situation affects how people respond to the challenges and how it affects their development and achievement in life[4]. She explored different aspects of situations, such as motivation, expectations and context, and how they influence behavior and success.

One of the key findings of the study is that the situation has a significant impact on how people behave and develop their personalities. For example, she found that children who grew up in unfavourable circumstances tend to have a lower motivation and mood for achievement than children who grew up in favourable conditions.

She also studied how the situation affects the development of self-control and persistence. She found that people who are used to solving difficult problems and overcoming difficulties tend to have stronger self-control and perseverance. A study by Angela Duckworth shows that the situation has a significant influence on behavior and personality development, and that understanding this influence can help people better understand themselves and others. The situation in speech activity has also been studied in the field of sociolinguistics. Scholars here study how social factors such as social status, age, gender, ethnicity, etc., influence language choices and use of language in different situations.

In conclusion, situational activities are a valuable type of speech activity that can be used to enhance foreign language learning. By providing a practical context for language use, situational activities can help students develop the language skills and cultural awareness they need to communicate effectively in real-life situations. Different types of situational activities, such as role-plays, problem-solving tasks, and simulation games, can be used to target specific language skills and learning objectives. The most important things to consider when using situational activities in

foreign language lessons are authenticity, relevance, engagement, feedback, and variation. By paying attention to these factors, teachers can create effective and enjoyable language learning experiences for their students[5]. Through situational activities, learners can develop their communicative competence in a foreign language. This involves not only mastering the grammar and vocabulary of the language, but also the ability to use language appropriately in different social and cultural contexts. By participating in situational activities, learners can become more confident and proficient in using a foreign language for communication.

Furthermore, situational activities can help students to develop cultural awareness and sensitivity. Different cultures have different customs and social norms, and situational activities can provide an opportunity for students to learn about these differences and how they might impact communication in a given situation.

### References

1. Колкова М.К. Традиции и инновации в методике обучения иностранным языкам / Под ред. М. К. Колковой. – СПб.: КАРО, 2007. – 288 с.
2. Нелюбин Л.Л. Лингвостилистика современного английского языка: Учебное пособие. – 4-е издание, пер. и доп. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 128 с
3. Крючкова Л.С. Практическая методика обучения русскому языку как иностранному / Л.С. Крючкова, Н.В. Мощинская // Русский язык как иностранный: Учеб. пособие. – 3-е изд. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2012. – 480 с
4. Angela D. Duckworth "The Power of Context: The Development of Personality" research in 2000.
5. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. Продвинутый курс: учеб. пособие / Е. Н. Соловова. - 2-е изд. - М.: АСТ: Астрель, 2010. - 271 с.

UDC 372.881.111.1

## MODEL OF DEVELOPMENT OF FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE AND METHODOLOGICAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS BY MEANS OF MODULAR TRAINING

**Zhanatbekova A.Zh.**

University named after Zh.A. Tashenev, Shymkent  
Scientific supervisor-senior lecturer **Nazarova G. Zh.**

As you know, improving the quality and effectiveness of training for targeted training of future teachers in general, and in the field of foreign languages, in particular, cannot be imagined without preliminary development of a model aimed, in accordance with the intent of this study, at the formation of communicative and methodological competence of a specialist. In this regard, it is necessary to identify the most key points on which we relied when building a model for the formation of communicative and methodological competence.

First of all, the model, exploring the system in the unity and interaction of its elements, is a reflection of the essential features of the studied object, its properties, structure, dynamics, features of the functioning of real objects, because «it contains potential knowledge that a person, exploring it, can acquire, make visual and use for their own purposes». The model also predicts the results of further development of the object, being a «prototype of the future state» [87; 69]. The pedagogical meaning of the model is «to identify actual and promising tasks of the educational process, scientific substantiation of the conditions for possible convergence between probable and desired changes in the development of foreign language competence of future teachers» [48; 57].

We adhere to the point of view of B.A. Stoff, according to which a model is «a means of displaying, reproducing one or another part of reality for the purpose of its deeper cognition» [2:

115]. The model is a means of research and improvement of an object and phenomenon.

The theoretical and methodological basis for the development of a model for the formation of communicative and methodological competence of future teachers of foreign languages was the research of O.L. Zakharova, V.P. Sergeeva, A.B. Sorokin, E.E. Sysoeva B.C. Ilyin, V.A. Kan-Kalik, N.V. Kuzmina, R.K. Minyar-Beloruhev, V.A. Slastenin, G.V. Sorokov, G.V., Rogovoy, A.I. Shcherbakova, etc., devoted to the disclosure of general patterns of professional training and problems of teacher personality formation.

The main components of the model, as it seems to us, are the goal, objectives, principles, content, forms, methods, means and result. According to the principle of system analysis, which states that the construction of a model begins with the identification and formulation of its purpose, the goal was formulated by us as the formation of communicative and methodological competence (CMC) of students – future teachers of English. In accordance with this goal, the following tasks were identified: the development of structural components of students' communicative and methodological competence (language, speech, linguistic, socio-cultural, discursive, professional), diagnostics of the level of development of students' foreign language competence and its correction.

The basis for the development of a model for the formation of communicative and methodological competence were system-integrative, personal-activity and competence-based approaches.

Thus, a systematic approach was used to study the process of developing the foreign language competence of future English teachers. «The system approach is based on the study of an object as a system and consists in the study of internal and external properties and relationships that determine the integrity of the object, as well as the study of hierarchical relationships when an integral object is considered as part of a higher-order system. The system is understood as the organization of «elements combined into a single whole to solve a specific task,» and the properties of the system are not reduced to «the properties of the elements forming it» [263; 251]. It is an obvious fact that the dismemberment of the pedagogical system into its constituent components and their analysis is possible by the power of abstraction. With the help of a systematic approach, or rather its tool - system analysis - it is possible to move from a real object to a model. «System analysis is a set of methodological tools used to study systems and their representation in the form of models» [2; 57].» Within the framework of the system approach, the decomposition of the object into a system of individual constituent elements is carried out first, then, after identifying the connections between them, structuring is carried out, i.e., «system synthesis of the object» [3; 250].

The integrative approach is based on the representation of professional and methodological competence as an integral system and allows identifying the integrative properties and qualitative characteristics of the object, its main and secondary components (L. Berestova, A.L. Busygina, A.A. Verbitsky, N.N. Lobanova, A.K. Markova, N.V. Ostapchuk, G.N. Serikov, V.A. Sitarov, G.S. Sukhobskaya, etc.). A systematic approach allows us to consider the PC as an integrative and structural integrity of the components of the subject of professional activity, which are interconnected and cover all areas of the teacher's personality. It also provides an opportunity to study a person from the perspective of her professional development prospects.

The development of a model based on the competence approach as a set of general principles for determining the goals of education, selecting the content of education, organizing the educational process and evaluating educational results involves the implementation of the following principles:

- the development of students' ability to independently solve problems in various fields and activities based on the use of social experience;
- the content of education is a didactically adapted social experience of solving cognitive, moral, ideological and other problems;
- creating conditions for the formation of students' experience of independent solution of cognitive, communicative, moral, organizational and other problems;
- evaluation of educational results is based on the analysis of the levels of education achieved by students at a certain stage of training» [99; 5-6].



The implementation of the principles of a communication-oriented and professionally oriented approach requires that teaching a foreign language and the theory and methodology of teaching foreign languages should be of an activity-based nature. Teaching the practice of oral and written speech should be similar to the process of communication, when the interlocutors are trying to solve real and imaginary tasks of joint activity with the help of a foreign language. For this purpose, the «practice of real communication» is provided in the educational environment and the speech orientation involves the use of communicative and professionally valuable material in foreign language classes.

As you know, improving the quality and effectiveness of training for targeted training of future teachers in general, and in the field of foreign languages, in particular, cannot be imagined without preliminary development of a model aimed, in accordance with the intent of this study, at the formation of students' communicative and methodological competence. In the model, separate essential aspects of the projected activity of students of a language university were identified, on the basis of which the real results of students' educational activities related to the level of development of their KMC were evaluated. As a result of the model, there is a positive dynamics of growth in the level of formation of communicative and methodological competence of students - future teachers of English. In the model, all components are interconnected, represent a single whole.

Based on all of the above, it can be concluded that the model we have developed is designed to ensure the formation of communicative and methodological competence of future teachers during academic and extracurricular activities, during independent work and during pedagogical practice in experimental learning.

#### **Literature**

1. Isaeva T.I. To the nature of Pedagogical Culture: Competence - Based approach to its Structure // Higher school teacher in the XXI century. tr. International scientific and Practical Internet conference. - Rostov-on-Don, 2003.
2. Iskandarova O.Yu. Theory and practice of formation of foreign-language professional communicative competence of a specialist: Abstract. dis. ... doctor of pedagogical sciences / Orenburg, 1999. -38 p.
3. Iskandarova, O.Y. Problem-communicative approach as a factor of activation of cognitive activity of students: dis. ...Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.08 / Ufa, 1997. - 275 p.

ӘОЖ:37.58:004

### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

2 курс білім алушылары - **Жанқозы М.Р., Әмір Ш.Е.**  
Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекшісі: магистр, оқытушы **Тамабай Ә.М.**

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе, шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни, өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі [1].

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен

құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыру да мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап дараландырып оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [2]. Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология.

Бізді, ағылшын тілі пәні мұғалімдерін, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы несімен өзіне баурап алды:

- кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен;
- оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен. Бұл бағдарламада жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

• «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының өзге бағдарламалардан ерекшеліктері;

- сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғашқы шарттары.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап беруіне жағдай жасау.
2. Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау.
3. Қиялындамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
4. Әртүрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау.
5. Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
6. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өзгеріссіз, қинап сұрамау.
7. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне жағдай жасау.
8. Жеке тұлғаретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Негізгі үш сатының маңыздылығы. Бұл жаңаша оқыту технологиясында барлық стратегиялар үш саты бойынша қолданылады.

I-саты — баланың қызығушылығын ояту — ой шақыру, бұл әрбір сабақта қажет. Сатының мүмкіндіктері: қаралып отырған тақырып немесе проблема бойынша оқушының бар білім қорын қорыту, өзектендіру, оқып отырған тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыра отырып, оқушының оқу іс-әрекетін мотивациялау, сабақ үстінде оқушының белсенділігін ояту.

II-саты — мағынаны ажырата білу. Бұл жердегі міндеттер мүлде бөлек. Саты оқушыға жаңа ақпарат алуға, оны ой елегінен өткізуге, өзінде бар білімдерін біріктіруге мүмкіндік береді, мәтінді жан-жақты және әртүрлі талдау жұмысы жүреді.

III-саты — ойтолғаныс-рефлексия. Мұнда, негізінен, алынған ақпаратты қорыту, жалпы ой елегінен өткізу; оқушыға жаңа ақпарат, жаңа білім беру, оқып отырған материалға әрбір оқушының өзіндік қатынасын қалыптастыру т.б. мән беріледі.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тағы бір маңыздылығы, жүйенің кейбір ерекшеліктерінде, «тек қана есте сақтауымен емес, өзінің терең ойлануымен игеріп алған білім ғана білім» — деп, әйгілі орыс жазушысы Толстой айтқандай, бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы.

Екінші бір ерекшелігі, білім көбіне, «өзгенің ақыл-ойымен шындалмаған білім білім емес» деп француз ғалымдары айтқандай, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні.

Дамыта оқыту жүйесі сияқты, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тиімділігі негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамыта-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Бұл — жалпы сыныптар бойынша берілген басты сипаттар. Сабақта оқушылар мәтіннің өзімен бірнеше жұмыс жүргізе алуларына болады. Мысалы: жалпы, СТО ойлау бағдарламасында мұғалім жұмысында көбіне топтық, жеке, жұп бойынша жұмыстар жүргізіледі. Мұғалім әр оқушының білім алуға бағытталған іс-әрекетін бақылауға алады. Оқушы жұмыстары жеке жинақ, папкаларда көрсетіледі. Мұғалім тек бағыттаушы ретінде қызмет жасайды, оқушылар жаңа сабақ, ақпараттарды өз бетінше меңгереді. Сыныптағы оқушылар өзгерісі — оқушылардың жаппай тілдік әрекетке түсуі, әрине, таза ағылшын тілінде сөйлемегенмен, көбіне ағылшынша сұрақтар қойып, оған жауап беруге тырысады. Оқушылардың ойлау деңгейлері әлдеқайда жоғарылайды. Белсенділік танытып қызығушылықпен жұмыс жасап жатқанда, тіпті кейде қоңыраудың соғылғанын байқамай да қалады.

Білім сапасы бұл сыныптарда көтеріліп келеді. Сабаққа нашар деген оқушылардың да көзқарасы өзгерген, оларда талпыныс, күштарлық, ынта-жігерлері қалыптасып келеді. Мұғалім ретінде қол жеткізіп жүрген жетістіктерді осы сыныптар арқылы көрсетіп жүрміз.

Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі — бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [3].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», — деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі — ақпараттық технология.

Ақпараттық технология — ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер — технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [4]. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында шетел тілі сабақтарында көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Яғни, оқытудың мұндай жүйесінің құралы компьютер болып табылады.

Мектепте компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды ағылшын тілі сабақтарында қолдану — мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Компьютер арқылы оқыту мынадай міндеттерді қамтиды:

- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығына;
- оқыту-тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын анық қындау;
- дайынбағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;
- ойлау қабілетін дамыту;
- ЭЕМ-нің мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету.

Осығанорай, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерінің ең күрделі түрі — «Мультимедиалық кабинетте компьютер және интерактивті тақта арқылы ағылшын тілінде сабақтар өткізу». Бұл оқушылардың пәнге деген танымдық қызығуын арттырады, тиянақты білім алуына жағдай туғызады. Сабақ үстінде өзбетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының оған қызығуы арта түседі. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары: түрлі-түсті иллюстрациялар, анимациялар естесактау процесі үшін тиімді.

Өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Бұл жағдайда ағылшын тілі пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету өз бетімен компьютерді қолдануды үйрету болып табылады. Сондай-ақ ағылшын тілін меңгерту барысында компьютерлік ойындардың да тигізер пайдасы зор.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың бірі — Интернет. Интернет оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

- Сұраныс бойынша ақпарат алу;
- Интернет тараптарында берілген пән бойынша тапсырмалар мен жаттығулар орындау;
- пән бойынша әр деңгейде тест жұмыстарын ұйымдастыру;
- сабақта қырыбына байланысты ақпарат көздерін табу;
- тақырыптық жобалар дайындау;
- шетел авторларының шығармалары мен танысу;
- электронды сөздіктерді қолдану;
- электронды пошта арқылы шетелдіктермен хат алмасу;
- аудио-бейне материалдар қолдану.

Интернет мүмкіндіктерін жоба жасауға қолданған да қызықты. Мысалы, мұғалім қазіргі кезде мазалап жүрген мәселелерді Интернеттен тауып алып, оқушыларға ұсынып, тапсырма береді. Берілген мәселе бойынша оқушылар ақпарат жинап өз жобасын құрады, ол жобаға енгізген материал бойынша өз ойын, ұсынысын беріп, ақпараттар мен келісіп немесе келіспей талқылай алады. Әр мәселе бойынша материалдар ұсынуға болады. Интернеттегі аудио-видео бағдарламаларды оқушыларға сабақ татындатуға, талқылауға болады (мысалы, президенттік сайлау, әлемде болып жатқан оқиғалар, білім беру жүйесіндегі жаңалықтар т.б.). Бұндай жұмыс түрлері оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Осыны айтқеле, ағылшын тілі сабағында Интернетті қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады [5].

Сондықтан да ағылшын тілін мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Ағылшын тілін оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Мектептердегі ағылшын тілі пәні мұғалімдердің мақсаты — оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру — үлкен істің бастамасы.

Өз тәжірибемізде сабақтағы теориялық білімді сабақтан тыс шаралармен ұштастыра отырып, оның өткізілу түріне, тәрбиелік, білімділік, мазмұнына баса көңіл бөлеміз. Себебі оқушылар бойында белсенділік, мақсат көздеушілік, ұйымшылдық, намысшылдық, жауапкершілікті сезіне білу сияқты саналы көзқарас, жақсы қасиет осындай тәрбиелік іс-шараларда қалыптасатыны белгілі.

Сонымен бірге көбіне қазақтың балалары өз ойын кесіп айтудан жасқанады және жеткізіп айта да алмайды. Сондықтан «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламаның ұтымды жағын көре отырып, былтырғы оқу жылынан оқушылар шығармашылығын дамытумен айналыстық. Сабақ барысында СТО бағдарламасының стратегияларын қолдана отырып әр түрлі міндеттерді шешіп, проблемалық сұрақтарды талқылап, дискуссия ұйымдастырдық. Оқушылардың жазған эссесін оқығанда оқуға деген мотивациясы артып,

ойлау қабілеті белсендендіріліп, креативті, сын тұрғысынан ойлауы дамыды деп айтуға болады. Оқушылардың пікірі бойынша, сабақта алынған білімдері терең бекітіліп қалды.

Қорыта келе, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын дер кезінде қолға алынған, уақыт талабына сай көтерілген іс-шара деп есептейміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. *Ишанғалиева А.М.* Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетелтіліноқыту әдістемесі. — № 2. — 34-б.
  2. *Бабаев С., Қазиева К.* Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшан мұғалімненшісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.
  3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. — № 41-42 (27114). — 28 қант.
  4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2-5-б.
- Полат Е.С.* Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 3.

ӘОЖ 371.31

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУҒА ДАЯРЛЫҒЫ

**Ибракова М.С.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – п.ғ.к., профессор м.а. **Арзымбетова Ш.Ж.**

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жалпы мәдени құндылықтардың өзектілігі байқалады. Осыған байланысты жеке тұлғаны заманауи мәдениеттің көбеюі мен дамуына қосуды көздейтін мәдени көзқарас басым болады. Мәдени мұраның едәуір бөлігі ақпарат көздерінде көрінеді, олармен жұмыс істеу үшін адамның ақпараттық мәдениетінің сапалы жаңа деңгейі қажет.

Сонымен қатар, білім беруді ақпараттандыру процесінің ерекшелігі жеке тұлғадан түбегейлі басқа білімді, дағдылар мен қабілеттерді талап етеді, бұл оның өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етеді және қоғамда лайықты орынға кепілдік береді. Осыған байланысты білім беру процесінде жаңа, ақпараттық қоғамға көшуге байланысты міндеттер қойылады.

Білім беруді ақпараттандыру процесі бастауыш мектептен бастап ЖОО-ға дейінгі және одан кейінгі барлық білім беру сатыларын қозғайды, олардың әрқайсысында білім алушылардың дайындығы мен даму деңгейіне сәйкес келетін мақсаттар мен міндеттер қойылады. Қазіргі уақытта осы процестің іргелі негіздері бастапқы буынға салынатын бағдарламалар жиі жасалауда.

Қазіргі жағдайда бастауыш мектептің өзі де өзгереді. Әр түрлі типтегі және вариативті бағдарламалардағы білім беру мекемелерінің пайда болуы негізгі міндеттердің бірін анықтайды-бастауыш сынып оқушысын әртүрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, қажетті білімді өз бетінше алуға үйрету. Бұл, ең алдымен, оның ақпараттық мәдениетін дамытуды білдіреді, өйткені бұл бастауыш мектепте оқытудың келесі кезеңдерінде дамудың негізі қаланады.

Компьютер жетекші ақпараттық құрал ретінде адам өмірінің әлеуметтік және білім беру салаларына мықтап енгені және оның ақыл-ойы мен мәдениетін дамыту құралдарының бірі болып табылатыны жалпыға ортақ. Жақында оның көптеген отбасыларда пайда болғаны,

сондықтан бастауыш сынып оқушыларына тікелей қол жетімді болғаны да маңызды. Компьютер қазіргі заманғы балалардың үлкен қызығушылығын тудырады, өйткені бұл олардың танымдық және ойын қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді ал бастауыш мектеп олардың сұраныстары мен осы саладағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға әлі дайын емес, тіпті егер ол компьютерлік сыныпқа ие болса да [1].

«Ақпараттық мәдениет» ұғымының мәнін анықтауға әртүрлі көзқарастар бар. Біздің зерттеуімізде ақпараттық мәдениет дегеніміз-біліммен, деректермен, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениеті, яғни білімді ұсынудың негізгі әдістерімен сипатталатын қабілеттер жиынтығы, сонымен қатар оларды мазмұнды есептер шығару және шешу үшін практикада қолдану мүмкіндігі. Біз ақпараттық мәдениет ұғымын ақпаратпен жұмыс істеу кезінде әртүрлі ақпараттық құралдарды ескере отырып, кең мағынада қарастырамыз.

«Тұлға мәдениеті», «тұлғаның ақпараттық мәдениеті», «бастауыш сынып оқушысының ақпараттық мәдениеті» категорияларын салыстырмалы талдау әрқайсысының орнын табуға мүмкіндік береді. олардың ішінде әлем туралы ең жалпы философиялық идея [2].

Бұл зерттеуде дайындық субъектінің іс-әрекеттерінің сипаты мен күрделілік деңгейіне сәйкестік критерийі бойынша олардың белсенді қабілеттерінің жай-күйінің сипаттамасы ретінде қарастырылады; іс-әрекет субъектісінде істің мәнін, қажетті білім мен дағдыларды, сондай-ақ оның мотивациялық саласының жай-күйін қажетті түсінудің болуы.

Дайындық келесі аспектілерде болады:

- субъектінің мотивациялық саласының жағдайы ретінде;
- алынған кәсіптік білімнің салдары және алдыңғы практикалық тәжірибенің нәтижесі ретінде;
- қызмет субъектісінде проблеманы қажетті түсінудің болуы ретінде;
- қызметті жүзеге асырудың тұрақты рефлексиясы және оны жетілдіру ретінде [3].

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын жаһандық ақпараттандыру процесіне негізделген қарқынды дамып келе жатқан ғылыми-техникалық революция ақпараттандыру мен білім беру саласын қажет етеді.


Осыған байланысты білім беру мазмұны мен жеке тұлғаның ақпараттық-компьютерлік мәдениетінің деңгейі туралы жаңа мәселе туындайды. Мұндай мәдениеттің дамуы білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар саласында құзыретті мамандар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру әрқашан білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болды және қазір бұл мәселе жаңа реңктерге ие болуда.

Болашақ педагогтар қоғамды ақпараттандыру жағдайында білім беру қызметтері нарығында сәтті бәсекеге түсуі үшін оларда болашақта бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-компьютерлік мәдениетін дамытуға ықпал ететін ақпараттық-компьютерлік құзыреттілік компоненттерін қалыптастыру қажет.

Педагогикалық жүйелерді модельдеу мен болжаудың теориялық және қолданбалы ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, біз Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-компьютерлік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жасадық.

**Болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық - компьютерлік мәдениетін дамытуға дайындығын қалыптастырудың құрылымдық моделі**



Бұл модельді біз бастауыш білім беру саласындағы мамандарды кәсіби даярлаудың кіші жүйесі ретінде қарастырамыз және оған мыналар кіреді: мақсаты, мазмұны, детерминанттар жүйесі, кезеңдері, тетіктері және ақпараттық-компьютерлік құзыреттілік негіздерін қалыптастырудың болжамды нәтижесі.

Бастауыш білім беру мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі мақсатын қоғамды ақпараттандыру жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындықты

калыптастыру ретінде түсіне отырып, қалыптастырушы эксперимент кезінде біз оның барлық элементтері оның ұйымына бағынатын осындай білім беру процесін ұйымдастырдық.

Олардың ішінде біз ерекше атап өтетініміз: оқу ортасын құру, оқытудың мазмұны мен формаларын таңдау, әртүрлі оқыту технологияларын, оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту деңгейін арнайы ұйымдастырылған диагностикалаудың ерекше рөлін атап өткен жөн. Оқу білімін кәсіби білімге айналдыру педагогикалық практика процесінде жүзеге асырылады, сонымен қатар студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейінің бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-компьютерлік мәдениетін дамытуға әсері тексеріледі.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін – өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

#### **Әдебиеттер**

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

2. Роберт И.В., Панюкова С.В., Кузнецов А.А., Кравцова А.Ю. Информационные и коммуникационные технологии в образова-нии: Учебно-методическое пособие для педагогических вузов. / Под редакцией И.В. Роберт. - М.: ИИО РАО, 2006. - 374 с.

3. Таутаева Г.Б. Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдаланудың әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 18 б.

4. Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 160 б.

ӘОЖ 37.016:511-028.31

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ, ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

**Илясова Ұ.Ә.**

Бастауышты оқыту әдістемесі мен педагогикасы  
білім беру бағдарламасының магистранты  
Ж.А. Тәшенев университеті

**Аннотация.** В этой статье мы рассмотрим эффективные методы формирования биологических и физических понятий в начальной школе. В начальном классе мы формируем у учащегося общий взгляд, мировоззренческое мышление, поощряем практическую работу, формируем биологические и физические понятия с помощью избранных методов. Цель



статья: Показать множество эффективных методов формирования биологических и физических понятий учеников в начальных классах.

**Ключевые слова:** метод, подход, технология, инновации, методы обучения.

**Annotation.** In this article, we will consider effective methods for the formation of biological and physical concepts in elementary school. In the elementary grade, we form a student's general outlook, worldview thinking, encourage practical work, form biological and physical concepts using selected methods. The purpose of the article: To show a variety of effective methods for the formation of biological and physical concepts of students in primary school.

Key words: method, approach, technology, innovation, teaching methods.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. [1]

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. [2]

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. [3]

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Оқушылардың биологиялық, физикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер: проблемалық (мәселелік) оқыту, түсіндірмелі - иллюстрациялық әдіс, болжамдар әдісі, "клок бадис" немесе төрт оқушыға кездесу белгіле әдісі, "тимбилдинг" әдісі, сәйім-бат-дэфэрэнт (Бірдей бірақ басқа) әдісі, "Бумеранг" тәсілі, "дұрыс және қате тұжырымдар", немесе "сіз сенесіз бе?" тәсілі, ұғымдарға анықтама беремін, "графикалық көз" әдісі, сын тұрғысынан ойлау, эссе жазу, "филфорд" әдісі, "тікели радиоэфир" стратегиясы, салыстыру тәсілі, "жіңішке және жуан сұрақтар" кестесі, сипаттау, жоба әдісі, бақылау, зерттеушілік

әдіс, "зияткерлік гол" ойыны, "кластер" тәсілі, "инсерт" тәсілі, "синквейн" тәсілі, эксперимент әдісі.[4]

Жоғарыда берілген әдіс-тәсілдердің бірнешеуіне тоқталайық:

1. *Проблемалық (маселелік) оқыту* - мұғалім кішкентай мектеп оқушылары алдына мәселе қояды және оны шешу жолдарын көрсетеді, туындайтын қарама-қайшылықтарды ашады. Бұл әдістің ерекшелігі сол ғылыми таным алгоритмін көрсету жүзеге асады. Оқушылар мұнда мәселені шешу логикасын бақылайды, ғылыми ойлау әдісі және тәсілімен, танымдық әрекеттерді ашу мәдениетінің үлгісімен танысады. Мысалы, жаратылыстану, 4-сынып бойынша Су қалай ластанады? Тақырыбында 76-77 бет тапсырма түрлерін ұсынуға болады.

Мақсаты: іскерлікті тексеру: а) бірнеше фактілердің негізінде қорытынды құрастыру; б) мәселені шешудің бірнеше нұсқасын ұсыну.

Тапсырма 1. Үлбі өзенін пайдалану туралы фактілерді оқы. 2. Фактілер негізінде Үлбі өзенінің жағасында тұратын адамдардың өмірінде туындайтын жалпы проблеманы атап көрсет.



Сурет 1

Оқушылар осы тапсырмаға өз көзқарастарын білдіріп, түрлі жауаптар айтады, мысалы көптеген оқушылар «Үлбі өзенінің жағалауындағы өнеркәсіптік кәсіпорындар суға қалдықтар мен сарқынды суды ағызудың нәтижесінде судың қатты ластануы орын алды» деген пікірде болды.

Тапсырма 2. Бұл мәселені шешуге өзіңнің жауабыңды ұсын. Жауап берген оқушылардың да нұсқасы әртүрлі болды. Мысалы: өнеркәсіптік кәсіпорындар ағынды суларға арналған сүзгілерді орнатады; өнеркәсіптік кәсіпорын бір реттік су әкелуге және тек осы суды ғана пайдалануға көшуі керек; мен егер президент болсам, елімнің байлығына жауапкершілікпен қарап, өзен-көлдеріміздің ластануына жол бермей, бақылауда ұстар едім және т.б. жауаптар болды.

Проблемалық оқытуды жүзеге асыру үшін:

- ең өзекті, маңызды міндеттерді іріктеу;
- оқу жұмысының алуан түрлеріндегі проблемалық оқытудың ерекшеліктерін анықтау;
- проблемалық оқытудың оңтайлы жүйесін құру, оқу және әдістемелік құралдар мен басшылықтарды құру;

- баланың белсенді танымдық қызметін тудыруға қабілетті мұғалімнің жеке көзқарасы мен шеберлігі.

4-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқулығының 40-41 беттеріндегі «Қандай жануарлар жойылып бара жатыр?» тақырыбын өткен кезде мәтіннен болжамды растауға арналған фактілерді табу іскерлігінің қалыптасуын тексеру мақсатында ұсынылатын тапсырма:

1. Неге кейбір жануарларды жойылудың шегінде тұр деп айтады?
  2. Оқулықтың 41 бетінде берілген мәтіндегі фактінің көмегімен дәлелде және болжамды растайтын фактілерді теріп жаз.
- Оқушыларға төмендегі үлгіде кестені толтыру тапсырмасы ұсынылды.

Кесте 1

Жануарлардың жойылу себептері	Мысалдар
1. Аң аулау, браконьерлік. 2. Тіршілік ортасының ластануы. 3. Тіршілік ортасының тарылуы.	Таймень, дуадақ, шаян. Қар барысы, ақбөкен, жолбарыс Панда, құландар, карақұйрықтар

Оқушыларға ұсынылған осы сияқты көптеген тапсырмалардың түрлерінен мысалдар келтіруге болады.

Болжамды құрастыру іскерлігіне арнайы түрде жаттығуға болады. Қарапайым жаттығу ұсынайық: Қанеки, бірге ойланайық: Құстар оңтүстікке қалайша жол табады? Неліктен аспанда жұлдыздар пайда болады? Неліктен көктемде ағаштар бүршік жарады? Неліктен су ағады? Неліктен жел соғады? Неліктен жаңбырдан кейін аспанда кемпірқосақ пайда болады? Неліктен гүлдер әр түрлі болады? Қалайша металл ұшақтар ұша алады? Неліктен күн және түн болады?

Болжамдар бұл жағдайда мынадай болуы мүмкін, мысалы: «Құстар жолды күн және жұлдызға қарап анықтайды». «Құстар жоғарыдан өсімдіктерді көреді - ағаштар, шөптер және басқалар - олар ұшу бағытын көрсетеді», «Құстар жылы ауа ағымдарын тауып, сол бойынша ұшады», «Мүмкін олардың ішінде ұшақтар мен әуе кемелерінде болатындай ішкі табиғи компастары бар».

4) «Клок Бадис» (Төрт оқушыға кездесу белгіле) әдісі. Бұл әдіс тақырыпты талқылауға арналған. Жұмысты былай ұйымдастыруға болады. Әр оқушыға циферблат беріледі. Онда 4 уақыт - 9:00, 12:00, 3:00, 6:00 - белгіленген. Сол белгіленген төрт уақыттың тұсына әркім өздерімен кездесетін балаларының аты-жөнін жазады. Балаларды сұрақ қою арқылы таңдайды, мысалы: «сағат 09:00 де боссың ба?». Сол балалармен мұғалімнің нұсқауы бойынша тапсырмалар орындайды. Сағат 09:00 де кездесетін оқушымен үй тапсырмасын талқыласа, 12:00 де кездесетін оқушымен жаңа тақырыпты пысықтау тапсырмаларын орындауы мүмкін. Ал 03:00 де кездесетін оқушымен өзіндік жұмысты талқыласа, 06:00 де кездесетін оқушымен сабақты қорытындылауға арналған тапсырмаларды орындауы мүмкін.

Дидактикалық мақсаты: Оқушыларға сабақ барысында жұмыс істейтін жұптарын өз қалаулары бойынша таңдату, оқушылардың сабаққа қызығушылығын, жұмыстың өнімділігін арттыру.

Бұл әдістің тиімділігі: белгіленген кездесуде тақырыпты зерттеу, мәселенің жолын бірге табу, жауаптарын салыстыру, пікірлерін талқылау арқылы сөздік қорлары дамып, ой бөлісу арқылы, тақырып бойынша ой-өрісін дамытады, ойын сәтін жеткізеді. Ауызша немесе жазбаша талқылау жұмысы болады. Жұппен жұмыс жасау арқылы коммуникативті дағдылары дамиды, қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады.

5) «Тимбилдинг» әдісі тақырып бойынша өз ойларын талқылауға арналған. Оқушылар шеңбер жасап отырады. Әр топтан ортаға жауап жазатын оқушы белгіленеді, берілген тақырып бойынша әр оқушы өз ойын топта білдіреді, топ мүшелері ол баланың ойымен келісіп немесе келіспейтіндіктерін жоғары не төмен бағытталған бас бармақтары арқылы

білдіреді. Жазатын оқушы топ мүшелері кұптаса - үшбұрыштың ішіне, кұптамаса үшбұрыштың сыртына жазады. Кезек ретпен беріледі, яғни барлық оқушы қатысады. Сұрақ мазмұны бойынша әр оқушының айтқан екі сөзін таңдап, жазып болғаннан кейін сол сөздерді пайдаланып, топтың аты мен ұранын құрастыруға болады. Тапсырма топта орындалғаннан кейін ортақ

үлкен топта талқылау жүргізіледі. Мысалы: 3-сыныптағы «Фотосинтез үдерісі» тақырыбы бойынша оқушылар төмендегідей жұмыс жасауы мүмкін. I. Өсімдіктегі пигмент деп аталатын зат хлорофил деп аталады (ішіне)

2. Өсімдіктерге көмірқышқыл газы қажет емес (сыртына)

Топтың аты: Хлорофилл. Топтың ұраны: Хлорофиллміз бояғыш, Табиғатты қорғаймыз.

Дидактикалық мақсаты: Топ мүшелерінің барлығының топ жұмысына, зерттеуге қатысуын жүзеге асыру.

Әдістің тиімділігі: оқушылардың бірін-бірі тыңдау, ойын дамыту, қорытындылауға мүмкіндіктері туады. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады.

б) *Сэйм-Бат-Дэфэрэнт* (Бірдей, бірақ басқа) әдісі оқушылардың сын тұрғысан ойлау қабілетін арттыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, заттар мен құбылыстарға жан-жақты қарауға, зерттеуге үйретеді, ой түйіндеуге, қорытындылауға көмектеседі.

Жаратылыстану сабақтарында кез келген тақырып бойынша ми шабуылы ретінде қолдануға болады. Оқушылар тақырыпқа байланысты берілген суреттерге қарап, негізгі берілген сөздерден басқа сурет туралы барлық ақпаратты жинақтайды.

Оқушыларға сурет көрсетіледі. Суреттің маңайында сол сурет мазмұнына сай сөздер беріледі. Балалар сол суреттегі сөздерден басқа сөздерді айтуы керек. Мысалы, 3-сыныптағы Жаратылыстану пәнінің

7) «*Бумеранг*» тәсілі оқушылардың сұрақ кою дағдыларын жетілдіреді, тақырып бойынша ой тұжырымдауды, ойлау операцияларының барлық түрлерін дамытады. «Бумеранг» тәсілі бойынша оқушылар өздері сұрақ қойып, сол сұраққа өздері жауап береді. «Бумеранг» тәсілін алдыңғы сабақты пысықтауға немесе жаңа тақырыпты қорытындылау кезеңінде де пайдалануға болады. Жалпы, бұл әдісті 1-сыныптан бастап қолданған жөн. Бұл тәсіл бойынша жауап беретін оқушылардың саны алғашында аз болуы мүмкін. Әдетте оқушылардың қызығушылығы бірнеше бала жауап бергеннен кейін артады. Оқушыларды қызықтыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы: 3-сыныптағы «Қатты, газ, сұйық тәріздес заттар» тақырыбы бойынша сабақты пысықтау кезеңінде оқушы мұғалімнің нұсқауымен өзіне төмендегідей сұрақ қойып, оған өзі жауап береді.

Нәліктен бір зат үш түрлі болып көрінеді? Себебі: заттар үш күйде болаалады - қатты, сұйық, газ тәріздес. Осылай жалғаса береді.

«Бумеранг» тәсілі бойынша өздері сұрақ қойып, өздері сол сұраққа жауап беретіндіктен, оқушы сұрақ қоя отырып жауабын алдын-ала ой елегінен өткізеді. Яғни білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, жинақтау операцияларын бірден жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде әр оқушының тақырып бойынша білімін сараптауға мүмкіндік береді.

Осылайша біз, өз ізденісіміздің нәтижесінде, бастауыш сыныптарда оқушылардағы биологиялық, физикалық ұғымдарды қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін жасадық. Бұл әдіс-тәсілдер оқушыларда биологиялық, физикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталады. Әр құрылымға сәйкес әдіс-тәсілдерді таңдап, жинақтап ұсындық.

Қорыта келе мені болашақ мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым-оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге

дағдыландыру - әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденімпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Чинибекова Б. [Ұстаз күніне арналған тәрбие сағаты] / Чинибекова Б., Молдақұлова Ж., Бирбаева С. // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.- 2015.- N 4. – 36-37 б.
2. Асанов Ж. Педагогикалықғылыми-зерттеуәдістері:Оқуқұралы - Астана: Фолиант, 2015. – 120 б.
3. Әбенбаев С. Педагогика: Оқуқұралы.-Астана.- 2014. –336 бет.
4. Қазақстан Республикасында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы // Педагогикалық шеберлік, 2016. – 14б.

ӘОЖ 372.831

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ – ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

**Оразәлі Н.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкентқ.

Ғылыми жетекші:п.ғ.к., доцент **Қаражігітова К.Н.**

Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшіуін әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. А.С.Макаренко оқушыларды сабаққа тарта білу,олардың оқуға қызушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлді. Оның пайымдауынша, қызығушылық сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды.

Жас бала не нәрсені болса да құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан, әрбір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін іздестіру қажет.Қазіргі сабақтың түрлері сайыс, жарыс сабағы, концерт, аукцион,кіріктіру сабағы т.б. өз нәтижесін беріп жүр. Әсіресе, халықтық, педагогиканы пайдаланып, ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрін шәкірттердің бойына дарыту мақсатында халық ауыз әдебиетін пайдалануға болады.Қазақ халқының мейірімділігі, кеңпейілділігі, сыпайылығы,көпшілдігі, сөзге беріктігі туралы әңгімелеу арқылы осы қасиеттерді шәкірт бойына сіңіру, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу,әдептілікті бйік ұстаусияқты әдет- ғұрыпты үйретуге болады. Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта проблемалы жағдай туғызып отыру да маңызды. Мәселенің шешімін табу арқылы оқушының ойлау қабілеті нығайып кез келген, проблеманы шешуге үйренеді.

Дамыта оқудың Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов жасаған жүйесі 3 негізгі құраушыдан (оқу мақсаттарының қойылуы, оны шешудің жолын бірлесе қарастыруы, шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі)тұрады. Сабақта жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана

қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылса, әр оқушының, оқуға деген қызығушылығы артады.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Содықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрлымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден кез-келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесінмеңгертугебағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды. Екіншіден – кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің асыруға бағытталған жаңа әдіс- тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Екі әрекетте оқушылар – екі түрлі мүдделер көзделген әр түрлі мақсатты шешеді. Мысалы оқу әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын, белгілі бір ережені меңгеретін жаттығулар орындаса, шығармашылық әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысана болады. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады. Жаңа буын оқулықтары ұстаздардан шығармашылық пен ізденушілік, жаңашылдықты талап етеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың негізгі міндеті. Бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін дамытуда ойын әрекетінің маңызы зор. Ойын – балалардың негізгі іс- әрекеттерінің бір түрі. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады. Сабақтағы ойын арқылы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейте алады. Ал ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттары, ерекшеліктері болады. Баланың жас ерекшелігіне, сай ұымдастырылған ойындар баланың ақыл-ын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез- құлқын, қалыптастырады және де сабаққа деген қызуғышылығын арттыру.

Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан-алуан. Бұл пікір педагогикалық әдебиеттерде көрсетіліп, нақтыланған әрі бірнеше ғалымдар пікірлеріне үндесіп отырады. Сондықтан қандай да бір пән болмасын, сол пәнге оқушының қызығушылығын, белсенділігін қалыптастыруды тудыру жолдары, шарттары мен қолданылатын жұмыс түрлерін жинақтап көрсетуге болады.

1. Берілетін білім мазмұны мен оқушының жас ерекшелік ақыл-ой даму деңгейінің сәйкестігі.

2. Берілетін білім мазмұнының қызықты болуы.

3. Оқу әрекеті мотивінің, міндет мақсатының, айқындылығы

4. Мұғалімнің кәсіби және мәдени құзырлығының жоғары деңгейлігі.

5. Оқушылардың міне-құлық, қабілет ерекшелігінің ескерілуі.

6. Оқушылардың өз бетінше және шығармашылық жұмысының тиімді ұйымдастырылуы.

7. Оқытудың көрнекілікке, бақылау әрекетіне негізделі жүргізілуі.

8. Оқушының оқу мүмкіндігін, денсаулығын есепке ала оқыту

9. Проблемалық ситуация тудыра оқыту тиімділігі.

10. Ерік – жігері, жауапкершілік, борыштық сезімін тәрбиелеу.

Сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізу үшін, әр – түрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мектептегі ең кең тараған оқыту әдісі – ол мұғалімнің ауызша баяндауы. Бұл әдіс оқу процесінде жетекші рөл атқарады, барлық пәндерді оқытуда және сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе жаңа материалды түсіндіруде кеңінен орын алады.

Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады. Мұғалімнің ауызша баяндауы, сұрақтарды анық және түсінікті етіп қоюы, проблемалы ситуация тудыратын етіп қоюы, баяндалатын материалдың ең маңызды жерлерін айырып беруі, хабарлаудың жүйелі және дәлелді болуы қажет. Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді сонымен қатар дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны жөн.

Қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Оны қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым ментехниканың соңғы табыстары, бұрыннанбілетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;

- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру. Бұған жататындар: сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

### Әдебиеттер

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика оқулық . Алматы - 2019ж.
2. Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С. Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы/ Тараз - 2016ж.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы - 2019ж.
4. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009
5. Тажбаева С.Г. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2013.

ӘӨЖ. 410.1

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНА ТӘН КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

**Каримова М.А.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1 тобының студенті,  
Шымкент қаласы

**Өмірбек Т.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е.**

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясына тән идеялық көркемдік ізденістердің бір – ақынның ішкі әлеміндегі жанартау боп жатқан толқыныстардың шындық өмірдегі оқиғалармен қабысып жатуы. Мысалы 2021 жылғы «Алаш» сыйлығының иегері, талантты ақын Б.Алдиярды алайық. Бақытжан Алдияр шығармашылығының бір қыры - жай көзге байқала бермейтін құбылыстарды, немесе сәттерді ерекше тапқырлықпен, тың тіркестермен бере білуі. Ол мейлі теңеу, мейлі эпитет не болмаса метафора болсын, ақынның аңғарымпаздығы мен тілге шеберлігі анық байқалады:

Көкірегім – көк теңіз,

Көп өмірге өкпеміз.

Көкежасық мінезім,  
Көргенсіз деп сөкпеңіз.  
Алып жатқан аласын,  
Жоқ ешкімге таласым.  
Жүрегімнің қан аққан  
Ит жалады жарасын.

Ақынның қансыраған жүрегін қаңғыған ит жаламағанда, адамдар аяушылық жасайды деймісіз?! Шабытты шақтарында адамның ішкі ой-тебіреністері мен сезім қатпарларының сан қилы өзгерістерін дәл тауып, жаңа қолданыстармен қапысыз бере біледі:

Дәлдүріш таққан кінәдан,  
Дәруіш болып жылағам.  
Құлаған сәтте дем берді,  
Ақжүніс ару пір – анам.  
Абадан қасқыр – айғағым,  
Азуын бойға байладым.  
Түсімде сүйдім бабамның  
Бөрілі басы байрағын.

Осы үзінділердегі «абадан қасқырдың азуын бойға байлау..» - ..., даланың тағысына біткен бірбеткей мінез ер жігіттің басына іс түсіп, жауынан қорлық пен зорлық көріп жатқан ілуде бір табылатын қайсарлықтың ұштығын танытпай ма? Ондайда жігіт жауынан көрген зорлық, қорлығының бәрін жасырып, «жұтып» қоятынын ақын біледі. Біледі де кеудесі кекке толады. Адамға емес, оны соған мәжбүр етіп қойған заманға өкпелеу керек екендігін зерделі жігіт түсінеді. Шаш ал десе, бас алатын үкіметтің қызметкері де бір, айтаққа ерген ит те бір екеніне мойынсұнған есіл жігіт амалдың жоқтығын түсінеді. Кез келген сәт, кез келген уақытта әлгі дөң мінезділіктің өңі өзгеріп қайталана беретіні тағы аян. Бұл – табиғат заңы.

Күллі қазақ қауымының күнәсін  
Мен арқалап жүрген екем... Расым!!!  
Ол аз десең жемқор екем, жөйт екем...  
Сенбегендер Сот ағайдан сұрасын...  
Менің өзім көп емеспін, аз-ақпын,  
Шешімді де тез шығарды ғажап тым...  
Сот ағатай дәл сол мезет мені емес,  
Соттап тұрды Қара Өлеңін Қазақтың..

Бұл еш адамнан қайыр күтпеген шарасыз кейіптегі ақынның аузынан шыққан жалын атқан өкініш емес пе? Осы ойға бекіген ол шарасыздықтан тағы да сырласар өлеңіне жүгінеді:

Бастан солай біраз дәурен өтті ырза,  
Одан бері жардан ұшты көп құлжа...  
...Сіздерге де бір сот болар, сол кезде  
Айыптаушы мен боламын, сот мырза!!!

Осы бір өмірлік пәлсапаны ол өзіне жұбату әрі тоқтау салу мағынасында түсіндіргенмен, бір алладан медет сұрап, ақырын күтпек. Бұл емеуріннің түкпірінде мысқыл мен мұңдалап тұрған-ды. Сөйтеді де иненің шаншуындай осындай күдік ойды тұспалдайды:

Жұлдыз болып жарқырасам бір ғажап,  
Кімге рахат сыйлар едім, кімге азап?!  
Молда болсам...  
Айтқанымды емес-ау,  
Істегенімді істейді ғой бұл Қазақ...  
Ешбірімен сыйыспастан мұратым,  
Басқа болып шықпайды екен тым атым.  
...Е, мейлі онда... жай ғана,  
Ақын бола салайықшы... Ұлы ақын!!!



Сөздің реті келгенде әлгінде бір жіпке тізген нәрселерінің әрбірі елге айтар сөздің әсерін арттырып, сөзге мән беретін халықтың қисынды уәжге құлақ қоятындығын әйгілеп тұрғандай. Ал мұндай дәлелмен келтірілген дәлме-дәл жауаптарға оқырманның айтқан төрелік сөзі де төрт аяғын тең басқан тұшымды- ақ сөздер болуы кәдік. Өмірге шалықтап кеп, фәниден шалықтап кететін қайран көкірек қандай да бір қысталаң, өліара-көкөзек шақтарда болмасын әлгі енжар марғау жалғанның өңіріне өзінің, өз ел-жұртының мұрат-мінезін, нұр-шапағатын, кек-күйінішін қағып, шегендеп үлгіргісі келмей ме? Ақын осыны ұғады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Ақын, 1978.-368 б.
2. Серікқалиев З.. Жылдар сазы. – Алматы: Ақын, 1971.-216 б.
3. Серікқалиев З. Ақ жол.- Алматы: Ақын, 1990. -464 б.

ӘӨЖ. 411.10

### **М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІ МЕН «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ АВТОР БЕЙНЕСІ МЕН КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

**Адилов А.А.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1 тобының студенті,  
Шымкент қаласы

**Бекназар Ә.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е.**

Тегінде көркем әдебиетте ұлттық мінездің көрінісін екі түрлі сипатта аңғарамыз. Біріншісінде көркем суреткердің тарихи тұлғаларға байланысты жазған көркем шығармаларында болса, екіншісі сол тарихи тұлғаның өзінің қолымен жазып қалдырған естеліктері, не болмаса, өзінің өміріне байланысты жазған көркем шығармасынан аңғарамыз.

XX ғасырдың құнды көркем туындысы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы дейтін болсақ, осы шығармада XIX ғасырда өмір сүрген бірнеше ондаған тарихи образдардың ұлттық мінез жиынтығы берілген. Бір ғана Құнанбай бейнесі арқылы сол замандағы беделімен елге басшы болған адамдардың мінезі байқалады. Сөзі өткір, ағайын-туысқа бірде қатал, бірде меірман, дұшпанына ымырасыз қатты. Ал осы мінездің астарында қазақтың ұшы қиыры көрінбейтін сахарасына ғана тән мінездің ұшқыны жатыр емес пе. Сол сияқты, Абайдың бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналық мінездің мол қордалануы және суреткердің соны шебер бере білуі әдеби туындыдағы соны жетістік болатын. Халықтың мінезі бірдей болады деген ұғым болмаған. Қазақтың қалың ортасында түрлі мінезді адамдар да болады. Бірі сол халықтың жақсылық тұсын білдірсе, екіншісі осал тұсынан хабар беріп жатады. Демек, Құнанбай, Абайлардың қасында кері мінезді адамдар да шебер суреттелген. Абайдың қасында Тәкежан, Жиренше сияқтылар Абайдың танымдық жетістігіне жирене қарап, көре алмаушылықтың құрбаны болса, ал Құнанбайдың қасында Алшынбайлар, орыс әкімдері байлық пен дәулеттің құлына айналғандығын байқаймыз. Ендігі мәселе мінез-құлықтың өзі не деген сұрақ төңірегінде танымдық тұрғыда ой өрбітіп көрелік. Әлемде өзгермейтін, қозғалмайтын ешнәрсе жоқ. Бәрі өзгерісте, қозғалыста. Бірақ, тез өзгеретін немесе тез өзгермейтін құбылыстар да бар. Өте баяу өзгеретін құбылыстарға мінз-құлық, тіпті адамның бет әлпеті, дене құрылысы да

жатады. Қазақ халқының мінез-құлқы оны қоршаған ортаға – кең далалық кеңістікке, географиялық жағдайға, баққан малға, оның шаруашылығына байланысты қалыптасты. Ғасырлар ең далада мал бағып, қысы-жазы тек мал соңында асықпай көшіп-қону арқылы қалыптасқан қазақтың мінез-құлқы төмендегідей. Оған қоса ел басынан өткен алмағайып кездерді айталық. Елін-жерін сыртқы жаулардан қорғау үшін болған небір зұлмат соғыстар. Осының барлығы қазақы мінезді қалыптастыруға өзінің үлесін қосты. Біріншіден, ол ерекше бір жағдай болмаса етек-жеңін жимай, кеңге салып, асықпай, байсалды өмір сүрген. Екіншіден, қазақ әңгімелескенде асықпай, әр нәрсенің мән-жайын, түсінісуді қажет еткен. Сөйлескенде ол қашан да әңгіменің түйінін іздеген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек» деп түсінген, әйтпесе сөз мылжыңға айналады. Бір ғана мысал, «Абай жолы» романында М.Әуезов «Қырт Жұманды» мысалға келтіріп, оның мылжындығын аз сөзбен суреттеп, дәлдік образ жасайды. Бір күні Жұманның үйіне бір топ адам, оның ішінде Абай бар қонақ болады. Ет турап отырған Жұман әңгіме бастайды. Романда бұл көрініс былай суреттелген: «Осы қазақ иттің не оттайтынын білмеймін. «Жұман қырт», «Жұман қырт» маған ат қойып, айдар тағып алды. Соңымнан бір қалсайшы. Егер көп сөйлейтін кісі қырт болса, кешелілер дүйім елді жиып алып, күні бойы Күнекең жалғыз өзі сөйлеуші еді. Абай тап бір ет асым жапа-жалғыз өзі сөйледі. Көп сөйлеген қырт болса, анық қырт осылар емес пе? Менде осы не ақысы бар «қырт» деп қыр соңымнан қалмайтын! – дегенде Абай қолын жуа алмай, өне бойымен селкілдеп, қатты сықылықтап күледі. Екі көзінен жас аққанша күлген... Абай әл жия бере, Жұманға оқыс бір жауап айтты. – Уәй, ақсақал! – деп күле түсіп, - қырт атану үшін көп сөйлеп әуреленудің керегі жоқ. «Қатын, т...п алғаным ақыл болған екен деген сөз де жетеді.» дегенде үйдің іші ду күлді. Бұның есіне Жұманның соңғы қыста өз үйінде отырып айтқан бір сөзі түскен еді. Жұман қысты күні таң ертең дәретке шығып келді. Аздан соң күн бұзылып, қатты жел тұрып, ақ түтек боран болып кетеді. Сонда Жұман терезеге қарап қатынын шақырып алып: - Уәй, қатын, сен білдің бе? Бағана ұлы жарықта отырып алғаным қандай ақыл болған, ә! - депті». [1,27-28]. Бұл келтірілген мысал қазақтың бос сөзді, мәнсіз сөзді жақтырмайтынын байқатады. Үшіншіден, қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа тез жауап қайтармаған. Сырын білмейтін адам оның бұл мінезін естімеді, тыңдамады деп те ойлаған. Шынында олай емес. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған. Төртіншіден, қазақ жерін жиһангез, жолаушылар жаз кезінде аралап, қазақтарды ойын-сауықшыл, жұмыс істеуді ұнатпайтын, жалқау халық деп ойлап, солай жазып кеткен. Ал шындығында қазақ елдің басындағы уайым-қайғыны тек ойын-сауық қана сейілтеді деп қабылдаған. Оның бір себебі, талайлаған ғасыр елдің басына орнаған қалың нәубетті ұмыттыратын осы тәріздес ойын-сауық болатын..

#### **Әдебиеттер:**

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті. Алматы: Ғылым, 1999 ж.
2. Кішібеков Д. Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: Атамұра, 1994.
3. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы: Қазақстан, 12991 ж.
4. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. Алматы. Жазушы, 1979 ж.

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Арыстан Ж.К.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1 тобының студенті,  
Шымкент қаласы

**Нышанбай А.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е**

Фразеологизмдер, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі проблеманың бірі. Аударма тәжірибесінде фразеологизмдерді екінші тілге берудің неше түрлі қиындықтары кездесіп, теориялық тұжырым жасауға итермелейді. Өйткені әр тілдегі фразеологизмдердің мағыналық және стилистикалық қызметі алуан-алуан болады. Оның құрамына кірген сөздердің байланысы да әр тілде әрқилы. Міне, осыларды аудару кезінде әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу қабілетін, фразеологизмдердің мазмұнын, мағынасын, сырын талдап жазған еңбектердің біразын жоғарыда атап өткенбіз. Ал фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аса қажет әрі барынша қиын проблема екенін сол еңбектерден және көркем әдебиетте қолданылып жүрген фразалық тіркестер табиғатынанақ тануға болады. Ғылымда фразеология мәселесі сөз бола бастаған уақыттан-ақ оны екінші тілге аудару жайы қарастырылып келеді.

Аударма – ел мен елдің арасына дәнекер болатын аса зор мағыналы құрал. Аудармамен шұғылданған бірдебір зерттеуші фразеология мәселесін аттап өте алған емес. Тіркестердің аудармасын тікелей тексермегенмен, аудармашы-зерттеуші өзінің саласына қатысты тұстарда фразеология аудармасына байланысты пікірін айтып отырған. Бұл тұста ескеретін бір жайт, сол айтылған пікірлердің бәрі біркелкі емес екенін және ондай пікір қозғаушылар әрқилы ғылым өкілдері екенін есепке алған жөн.

Жалпы аударма проблемасы жөнінде айтылып жүрген тұжырымдарды екі топқа бөлуге болар еді. Бірі – әдебиетшілер тарапынан айтылған, екіншісі – тілші ғалымдар ұстанған пайымдаулар. О баста бұл екі ағым өкілдері қызу қарқында қарсы дау айтысқанмен, қазір қайсысы болса да сабаға түсіп, аударма теориясының өзіне ғана тән, өзіндік сырларына тереңірек үңіліп, көп жағдайда келісімге келе бастағандай. Мұның өзі белгілі дәрежеде аударманың ғылым ретінде қалыптасып, әрқилы проблемаларын алға тартқанын танытады. Сонда да болса, біз аударма мәселелерін әдебиетшілер мен тілшілер бір пәтуға келіп, қауымдаса тексеріп жатыр деп айта алмаймыз. Ғылым болған соң оның даулы, даусыз мәселелері толып жатады.

Фразеологизмдерді аудару мәселесі аударма теориясының бір саласы болғандықтан, бұл жайында тілші, әдебиетші ғалымдар әрқилы пікір өрбіткен. Біздің жұмысымызға тікелей қатысты болғандықтан, енді фразеологизмдерді аудару ісіне қатысты пікірлерді талдап көрелік.

Бұл мәселені орыс ғалымдары да, қазақ ғалымдары да сөз етіп жүр. Басқа ұлт республикаларында да аударма ғылым объектісіне айнала бастады. Тұрақты тіркестердің екінші бір тілдегі табиғатын тексергенде, біздің алдымен жүгінетініміз орыс ғалымы, тіл білімпазы А.В. Федоровтың еңбектері. А.Б. Федоровтың аударма теориясын жасаудағы рөлі айрықша. Оның соңғы шыққан «Основы общей теории перевода» кітабында біраз жаңалықтар енгізілген. Фразеологизмдердің аудармасына байланысты да көптеген ғалымдардың кейінгі шыққан еңбектерін мұқият қарап, қорытынды пікір айтуға тырысқандық байқалады. Бұл мәселеге кейінірек арнайы тоқтайтын болғандықтан, қазір қазақ оқымыстыларының арасында өрбіген ой-пікірлердің де тамырын басып байқайық.

Фразеологизмдердің аудармасы жөнінде әдебиетші ғалымдарымыз да, тіл білімпаздары да, жазушыжурналистеріміз де бірде арнайы тоқтап, енді бірде белгілі бір проблемаларға байланысты жол-жөнекей сөз арасында болса да әңгіме етіп жүр. Қай-қайсысы да белгілі бір көркем шығарманың аудармасын қараған кезде, мақал, мәтелдер мен идиомалық тіркестердің аудармадағы көрінісін байқамай өте алмайды. Аударма теориясы үшін, оның ішінде фразеологизмдерді екінші тілде беру мәселесіне келгенде, әр кезде әр түрлі елдің әрқилы көркем туындыларының аудармасы жайында айтылған мұндай пікірлерді жинақтап, електен өткізудің мәні зор.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері І.К. Кеңесбаев, М.Қ. Қаратаевтардың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері М.Б. Балақаев, Ғ.Ғ. Мұсабаевтардың зерттеулерінде осы мәселе тұрғысында біраз пайымдаулар жасалған. Қазақстанда аударма теориясын жасауға мейлінше зор еңбек сіңірген аудармашы ғалымдарымыз болды. Олар – филология ғылымдарының кандидаттары С.О. Талжанов пен Ә.Сатыбалдиевтер еді. Аударма ғылымының теориясын жасауда бұлардан да басқа ғалымдардың үлесі мол. Мәселен, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын мұқият зерттеп, келелі ой-пікірлерін дамытып, үлгі-өнеге көрсеткен білгір мамандардың еңбектерінсіз бұл салада зерттеуіміз олқы соғар еді. М.Жанғалин, Қ.Сағындықов, Қ.Шәріпов, І.Жарылғапов т.б. ғалымдардың ғылыми ой-пікірлері қазақ аударма ғылымының қалып-тасып, дамуына едәуір ықпалын тигізді. И.Ландау, С.Қоспанов, Ә.Бектемісов, З.Тұрарбековтердің диссертациялық еңбектерінде де фразеологизмдерді аудару жайында арақидік айтылған пікірлер кездесіп қалады. Мұның үстіне кейінгі жылдары жеке жазушылардың тілі және стилі, олардың көркем шығармаларда қолданған бейнелеуіш құралдарына арналған диссертациялық жұмыстар және зерттеулер көбеюде. Жазушы бейнелеуіш құрал есебінде қолданған фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді тексерген арнайы еңбектер де бар. Мұндай жұмыстарда аударма мәселесі арнайы сөз болмағанмен, көңіл тоқтатуды тілейтін, біздің тақырыбымызға аз да болса қатысы бар ғылыми тұжырымдар кездеседі.

Тілші ғалымдардан бұл салада ой-толғағандардың бірі – І. Кеңесбаевтың мына бір тұжырымын алдымен еске алған жөн: «Аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс деп ойлаймыз». Академик ғалым «Қазақ тілінің идиомдары туралы» деген зерттеуінде аудару техникасына да байланысты өз топшылауларын айтқан. Ол идиома, мақал, фразалардың өзара айырмашылықтарын талдайды да, оларды басқа тілдерге аударудың жолдарын қарастырады. Бұларды аударуға бола ма, болмай ма деген сұрақтарға жауапты ғалым мақал, фраза, идиомдардың өз қасиеттерінен түзеді. Әрбір жеке тілдің өзіне ғана тән және анағұрлым көнеленген идиомдар сияқты категорияларды «калька» ретімен алмасқа лаж жоқ дейді. Мақал, фраза, идиомдардың лексикалық өзгешеліктерін егжей-тегжейлі талдайды да, олардың сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін түйеді. Бірақ акад. Кеңесбаев бұларды бір тілден екінші тілге мүлде беруге болмайды деп үзілдікесілді пікір айтпайды. Оларды аударудың әртүрлі жолдарын «ізденіп, мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін жұртқа түсінікті етуді қарастыруымыз керек»,– деп түсінеді. М.Балақаев, Б.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар 1966 ж. басылып шыққан «Қазақ тілінің стилистикасында» фразеологияның аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, фразеологизмдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер: Біріншіден, «фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі». Мысалы: «Вариться в собственном соку» – өзімен-өзі болу. «Козел отпущения» – кінәлі ету. «Подложить свинью» – қастық істеу. «Яблоко раздора» – егестің басы. «Бросать слова на ветер» – пәтуасыз сөз айту т.б. Екіншіден, «фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін» айтады. Мысалы: «беречь как зеницу ока» – көздің қарашығындай сақтау; «в пух и в прах» – күлін көкке ұшыру; «зубы точить» – тісін қайрау; «волосы встали дыбом» – төбе шашы тік тұру; «за тридевять земель» – жердің жеті түбі; «до седьмого неба» – төбесі көкке жету; «выйти в люди» – адам санатына қосылу; «утопающий за соломинку хватается» – суға кеткен тал қармайды т.б. Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі,

шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз. Үшіншіден, «көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады». Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомдарды бөліп алады. Мақал-мәтел, қанатты сөздердің сөзбе-сөз аударуға тезірек көнетінін мысалдармен көрсетеді. Мысалы: «ни рыба, ни мясо» – балық та емес, ет те емес; «как две капли воды» – екі тамшы судай; «лучше поздно, чем никогда» – ештен кеш жақсы; «береги честь смолоду» – арыңды жастан сақта; «черепаший шаг» – тасбақа аяң т.б. Мұндағы аудармалар әр тілдің фразеологиялық қорын байытатын көз. Осымен бірге сөзбе-сөз аударманың өрескел қатеге апарып соқтыратын сәтсіз мысалдарын да әртүрлі саяси көркем әдебиеттен алып көрсетеді. Аудармашылар үшін тағы бір аса қажетті пікір мынау ма деп ойлаймыз. Аталған кітаптың авторлары фразеологизмдерді аударудың әлгіндей бірнеше тәсілдерін талдай отырып, аудару процесінде кетіп жататын қателердің сырына үңіледі. Мұндай жағдайда, әсіресе әр халықтың тілді қолдану дәстүрін мұқият еекере отыруы, әрбір тұрақты тіркестің шығу, жасалу төркінін зерттеп білу қажет екенін басты шарттың бірі есебінде ұсынады. Яғни, авторларша айтқанда, «фразеологизмдерді аударуда олардың мағынасын, қалыптасу жолын жақсы білу» қажет. Сөйтіп фразеологизмдерді аударудағы ең өнімді тәсіл сөзбе-сөз аударудың тиімді, тиімсіз жағы бар екен. Қазақ тілшілерінің фразеологизмдерді аудару жөніндегі пікірлері осыған саяды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1971. – 60 с.
2. Смит Л.П. Фразеология английского языка. //Перевод с англ. А.Р. Игнатьева. – Москва, 1959.
3. Гак В.Г. О контрастивной лингвистике // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, : Прогресс, 1989. – 5с
4. Рысалды Қ.Т. Салғастырмалы типологиялық зерттеудің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. – Алматы, 2001. – 31 с.
5. Абилгалиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков. Дисс. канд. фил. наук. – Алматы, 1992. – 9с.
6. Алдашева А. Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер –Алматы, 1940. – 726 с.
7. Чиненова Л.А. Английская фразеология в языке и речи. – Москва, 1986. – 161с.

ӘӨЖ. 410.11

### **ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Жүзтан Б.С.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1 тобының студенті, Шымкент қаласы

**Оралбек А.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е**

Фразеологизмдердің аудармасы жайындағы пікірлерлерге үңілгенде, көбінесе марксизм-ленинизм классиктері шығармаларындағы тұрақты тіркестерді қазақ тіліне беру жолдарын қарастырушылардың еңбегін талдамай кетуге болмайды. 1958 жылы Алматы қаласы аударма проблемаларын қарастырған үлкен жиын ордасына айналды. Онда орыс

тілінен Орта Азия, Қазақстан және әзірбайжан халықтарының тіліне әдебиеттерді аударудың көп жылғы тәжірибесі сарапқа салынып, әрқилы әдістер ұсынылған болатын. Қазақстаннан төрт баяндама әзірленді. Соның ішінде біздің жұмысымызға тікелей қатысы бары екеу. Оның бірі – «Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптері» деген тақырып бойынша жасалған М. Жанғалиннің баяндамасы. Мұнда аударма принциптері марксизм-ленинизм классиктері дамытқан қағидалар негізінде қарастырылған. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектеріндегі аударма жайындағы пікірлер талданған. Бұлардың, әсіресе В.И. Лениннің аударудағы тәжірибесіне сүйене отырып, автор тексттің мазмұны мен формасын, оның дәл, адекватты аудармасын беру жолдарын көрсетеді. Шындығында, аударманың қандай проблемасын талқылағанда болмасын, біз ең алдымен марксизм-ленинизм классиктерінің тәжірибелеріне сүйеніп, олар қолданған принциптерге жүгінуге тиіспіз. Сол себептен М. Жанғалиннің бұл ғылыми пайымдаулары аударма теориясының белгілі бір кезеңін танытатын құбылыс. Ол, әсіресе Владимир Ильичтің аударушы ретіндегі қызметіне толығырақ тоқтаған.

Қай кезде болсын марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінде кездесетін бейнелі сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді беру аударма практикасында ең қиын мәселенің бірі. Мұндай мәселеге барғанда, тіпті көркем шығармалардағы фразеологизмдерді аударғанда да, алдымен Ленин қолданған тәсілдерді үйреніп, тәжірибесін талдау қажет. Классиктер бейнелеуіш сөздерді шығармаларының эмоциялыэкспрессивті өңін ажарландыру үшін қолданады. Сондықтан бұларды творчестволық талғаммен беруге тырыспаса, сәтті аударма жөнінде әңгіме қозғаудың мәні жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда М. Жанғалин жорамалдарының рөлі едәуір.

Бейнелеуіш құрал дегенде М. Жанғалиннің толығырақ тоқтағандары – мақал мен мәтелдер. Орыс зерттеушілерінің шығармаларында неміс, француз, ағылшын, итальян, грек сияқты көптеген халықтардың мақалдары кездеседі. Оларды Ленин бірде аудармасымен қатарластырып берсе, бірде жақша ішінде түсіндіріп отырады. Қалай болғанда да әлгі мақал-мәтел оқушыға түсініксіз күйде қалмайды. Толық, дәл, адекватты аудармасы беріледі. Егер, мақал дәл аударуға келмесе, Ленин еркіндіктен де қашпайды. Морфологиялық ауытқуға барғанмен, мағыналық дәлдікті толық сақтайды. Мұндай жағдайда Ленин өзінің еркіндеу кеткенін ескертіп отырады. Жақша ішінде әлгі мақалдың түпнұсқа тіліндегі кейпін береді. Оқушы аударманың дұрыс-бұрыстығын көруге мүмкіндік алады. Орыс зерттеушілерінің өз шығармаларында не қазақ, не өзбек, не әзірбайжан мақал-мәтелін қолданған емес, сондықтан оларды қалай да аудару қажет екені түсінікті. Мұндай жағдайда Лениннің өз айтқандары көмекке келетінін дәл таниды М. Жанғалин. Егер аударуға еш мүмкін болмаса, соның ана тіліндегі баламасын іздеу керек. Онда да ол мақалдың бүкіл контексте қалай оқылатынын, түсінілетінін қадағалау қажет екені молдаван ғалымдарының тәжірибесі мысалға алынып, аударудың жақсы үлгілері мегзеледі. Ленин тәжірибелерін талдай отырып, оның аудару тәсілдерін М. Жанғалин бейнелі құралдарды аударудың негізгі принциптері есебінде ұсынады. Сөйтіп, мақал-мәтелдерді аударудың мынадай бірнеше жолдары көрсетіледі.

М. Жанғалиннің дәлелдеуінше, біріншіден, мақал-мәтелдерді марксизм-ленинизм классиктері еңбектерінің идеялық мазмұнын мейлінше ашық, айқын ашу үшін қолданылған құралдар деп түсінеді. Сол себепті бұлардың аудармасы да өте дәл, анық, түсінікті, көркем болуға тиіс; екіншіден, қазақ тілінде баламасы жоқ мақал-мәтелдің бәрі аударылуы тиіс. «Балық жоқта, бақа да балық. Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады дегендер тәрізді. Осы келтірілген мысалдар, шынында, қазір төл дүниелермен бірдей қорымызға еніп, өзге жұрттан келгені ұмыт боп барады; үшіншіден, егер кейбір мақал-мәтелдердің қазақ тілінде толық баламасы табылып тұрса одан қашудың қажеті жоқ. Қап түбінде біз жатпас осыған дәлел; төртіншіден, Ленин еркін аударған шет тіл мақал-мәтелдері де логикалық мәні жағынан болсын және мүмкіндігінше, тілдік, грамматикалық қасиеттеріне дейін дәл аударып жеткізуге тырысу керек. Мысалы, Ленин аударған не так норовим, чтобы в рот, как чтобы в карман деген неміс мақалы қазақшада Ауызға салғаннан гөрі, қалтаға салғымыз келеді болар

еді. Мінеки, М.Жанғалиннің пікірі осы тектес. Мұнда фразеологизмнің бір түрі ғана – мақал-мәтел сөз болады. Ол тұрақты тіркестердің бар түрін талдап жатпайды. Идиомдар да, фразалар да т. б. түрлері түгелімен мақал-мәтел тасасында қалған. Ал марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында тек мақал-мәтелді ғана емес, бейнелі сөз тіркестерінің әлденеше түрін – идиомдарды да, фразалық түйдектерді де, фразалық тұтастықтарды да мейлінше мол қолданып, өздерінің негізгі мақсатын шешен де шебер жеткізуге тырысқаны мәлім. Сондықтан М. Жанғалиннің пікірлері тек мақал-мәтел төңірегіне қатысты. Оның өзінде де негізгі пікірлерін дамытып, жүйелеп өрбіте алмаған. Әрине неге өйтпеді деп ешкім де кінә таға алмайды, Өйткені бұл тұстағы М. Жанғалиннің негізгі мақсаты мақал-мәтел, фразеологизмдердің аудармасын арнайы тексеру емес, жалпы аударма мәселесінің кейбір негізгі принциптерін қарастыру. Осы көлемде қарасаң, жоғарыда ескерткеніміздей, М.Жанғалиннің ғылыми тұжырымдары ой толғататын салмақты әрі салиқалы. Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында кездесетін идиома, қанатты сөз, мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мәселелерін арнайы тексерген зерттеушінің бірі – Қ.Сағындықов. Ол өзінің ғылыми тұжырымдарын негізінен Орыс зерттеушілерініңшығармаларының қазақ тіліне аударылуына байланысты дамытқан. Жалпы, түрлі тұрақты тіркестерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару мәселесін зерттеп, алдымен әңгіме еткен Қ.Сағындықов десек қателеспес едік. Қазақ тіл білімінде, тіпті бүкіл филология ішінде мақал-мәтел аудармасын арнайы зерттеген бірде-бір еңбекті (тек Мұзафар Әлімбаев болмаса), бірдебір кісіні күні бүгінге дейін білмейміз. Сондықтан Қ. Сағындықовтың тұжырымдарына кеңірек тоқтауды қажет деп санаймыз. Әдетте, орыс және басқа халықтардың ғалымдары мақал-мәтелді аударудың қиындығын поэтикалық аудармамен салыстырып танытпақ болатын. Шынында, қиындық жағына келгенде бұлардың өзара ұқсастығы бар. Ал түбегейлі тексере келгенімізде бұлардың жекежеке өздеріне ғана сыйымды сыры байқалады. Әрқайсысының табиғатына лайықты күрделі проблемалары көрінеді. Міне, осыған байланысты, яғни мақал, мәтелдердің табиғаты, қасиеті және оларды пайдаланудың реті жайында Маркс, Энгельс және Лениннің айтқандары аударма мәселесімен шұғылданушылар үшін айрықша рөл атқарады. Олар мақал-мәтелдерді, тіпті күллі бейнелі сөздерді қоғамдық өмір құбылысының сәулесі ретінде, яғни жаңа мен ескінің күресінің сәулесі ретінде қарастырады. Олай болса, мақал-мәтелдерді қоғамдық өмірдің нақты тарихи жағдайларына орай және сол кезеңдегі әдеби тіл дамуының тұрғысынан тексерген жөн. Сағындықов мақал-мәтелдерді әдебиеттерде қолданғанда оларды бір тілден екінші тілге аударғанда ұстанатын негізгі принцип және міндеттер осыған орай туады деп түсінеді. Сөйтіп бұл мәселеге диалектикалық жолмен келеді.

Аударуды әңгіме етпей тұра тұрғанның өзін де, оларды ретін тауып, мағынасын, мәнін дәл ұғып қолданудың өзі шеберлік. Қолданудың тамаша үлгілерін, біз марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен байқаймыз. Олар мақал-мәтелдерді көркемдік құрал ретінде (пікірлерінің бейнелі, дәл ұғымды әсерлі болуы) қолданумен қатар, кейде қоғамдық өмірдің нақты құбылыстарының мәнін айқын танытатын тарихи дерек ретінде пайдаланған. Сағындықов Маркстің «Навоз и у бога крадет» және «Вези навоз, не ленись, хоть богу не молись» деген орыс мақалдарын талдағанда шаруа адамның агрономиялық мәдениетті дін тұманынан артық санағанын айтады.

В.И. Лениннің мына сөзі де зерттеушінің ілгері пікір қозғауына демеу болған. «Бывают такие крылатые слова, который удивительной меткостью выражают сущность довольно сложных явлений» Сағындықов бұдан кейін орыстың көркемсөз шеберлерінің пікірлерін саралап шығады, түйінді қорытынды жасайды. Бейнелі сөздер тобының табиғатын түбегейлі тексеріп және олардың ана тілімізде толыққанды аудармасын беру жолдарын қарастыру қажет деп түйеді. Осы мәселенің біразын Орыс зерттеушілерініңшығармаларының қазақ тіліне аударылу сапасын тексеру арқылы айқындаған. Ол алдымен Орыс зерттеушілерініңшығармаларындағы бейнелі сөздерді мынадай үш топқа бөледі: а) көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер (изречения) және қанатты сөздер; ә) идиомдар және фразеологиялық тіркестер; б) мақал мен мәтелдер. Көріп отырсыздар, Сағындықов тұрақты

тіркестердің табиғатын, түрін тереңірек білетінін байқатады. Ол кейбір ғалымдар тәрізді тұрақты тіркестердің бәрін мақал-мәтел айналасына үйірмей ажыратып алады. Мақал-мәтел, идиом, фразеологиялық тіркестер, афоризмдер, қанатты сөздердің табиғатын, өздеріне тән ерекшеліктерін тереңірек тексермегенмен, олардың бөлек-бөлек тілдік құралдар екенін бұларды зерттегенде сондай айрықша белгілеріне көңіл бөлу қажет екенін ескертеді. Біз мұны зерттеушінің табысының, саналы пайымдауларының бірі деп білеміз. Орыс зерттеушілерінің шығармаларында орыс жазушылары А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, И.С. Тургенев, М.Е. Салтыков-Щедрин, И.А. Крылов, А.С. Грибоедов, А.П. Чехов, А.М. Горький жасаған көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер, қанатты сөздер молынан кездеседі. Орыс зерттеушілерінің бұларды тіліне тиек ете отырып, революция мен жұмысшы табының жауларын аямай соғып отырған. Мәселен, Щедрин жасаған жексұрын бейненің бірі – Иудушканың сатқын Троцкийді эшкерелеуге, «данасынған шабақтардың» (премудрие пескари) халықшылдар, эсерлер, меньшевиктерді масқаралауға септігін тигізгенін білеміз. Ленин шығармаларынан Гогольдің талай «держимордалары» мен «маниловшыл» қиялкештерін табамыз. Оның көрегендігінен А.П.Чеховтың «Құндақты адамдарын» да танимыз. И.А.Крылов мысалдары мен Грибоедовтың «Ақылдың азабы» комедиясынан алынған «Ал төрешілер кімдер?» («А судьи кто?»), «Кещенің төрелігін тыңдар болсаң» («Услышишь суд глупца»), «Көрмес, пілді де көрмес» («Не приметить слона»), «Мысықтан күшті аң жоқ» («Сильнее кошки зверя нет»), «Көкек қоразды мақтайды» («Кукушка хвалит петуха») т.б. тәрізді нақыл сөздер В.И.Лениннің қолдануында мүлде жанданып, қазір мақал, мәтел сияқты ел арасына кеңінен таралып кетті.

Ленин еңбектерінде донкихоттық, геростраттық әуре-сарсаң, Кирр жеңісі, Прокруст аясы, Ахилесс өкшесі, Хеопс пирамидасы т.б. тарихи адамдар мен мифтік геройлар есіміне байланысты туған тіркестер де шебер рөл ойнайды. Сағындықов осы аталған афоризмдер, нақыл сөздер, көркем бейнелер мен қанатты сөздерді логикалық мәнін, формасын сақтап, дәл аудару керек деп кесіп айтады. Кезінде бұлардың мағыналық мәнін беруге тырысушылық та болды. Соның нәтижесінде қазақ оқырмандарының талай «түмсықбұзарлармен» («держиморда»), талай «қиялшылдармен» («маниловщина»), талай «қожанасырлық» («донкихотство») істеушілермен таныс болғаны мәлім. Аударма ісіндегі осындай олақтықтардың себебін айқындай отырып, Сағындықов түрлі афоризмдердің, қанатты сөздердің, әдеби бейнелердің, нақыл сөздердің қазақ тіліне берілу тарихын шоларды. Сөйтіп мұндай категорияларды аударуды тарихи және мифтік есімдерді сақтаудың ерекше мәні бар екенін тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Аударманы бұлай қарастыру ғылыми дәлдікке апарады, әрі ана тіліміздің сөздік қорын жаңа фразеологиялық тіркестермен байытады деп түсіндіреді. Орыс зерттеушілерінің еңбектерінде идиомдар да көп кездеседі.

#### Әдебиеттер:

1. Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1971. – 60 с.
2. Смит Л.П. Фразеология английского языка. //Перевод с англ. А.Р. Игнатъева. – Москва, 1959.
3. Гак В.Г. О контрастивной лингвистике // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, : Прогресс, 1989. – 5с
4. Рысалды Қ.Т. Салғастырмалы типологиялық зерттеудің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. – Алматы, 2001. – 31 с.
5. Абилгалиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков. Дисс. канд. фил. наук. – Алматы, 1992. – 9с.
6. Алдашева А. Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1940. – 726 с.
7. Чиненова Л.А. Английская фразеология в языке и речи. – Москва, 1986. – 161с.



## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Жұмашева А.М.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1  
тобының студенті, Шымкент қаласы

**Тазабек З.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е**

Ең алдымен, терминнің өзі жайында бірер сөз. Зерттеуші идиомдарды лингвистикалық терминологияда қалыптасқан ұғым тұрғысынан ұққан. Оларды не идиом деп, немесе тілші ғалымдар қолданып жүрген термин бойынша фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар – фразеологические сращения) ретінде қарастырады. Фразеологиялық түйдектердің өзіне ғана тән өзгешеліктерін дәл танып, екінші тілге аударғанда осы қасиеттерге ерекше көңіл бөлудің қажет екенін айтады. Идиомдарды аудару мәселесіне келгенде, Сағындықов өзінен бұрын пікір айтқан ғалымдардан, өз тұтастарынан әрі кете алмаған. Ол да идиомдардың әлгі негізгі қасиеттерін аударуға тосқауыл болатын кедергілер ретінде таниды. Сондықтан «точный перевод их на казахский язык с сохранением значений лексических составных частей невозможен», – деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды. Өйткені бұларды бір кездегідей сөзбе-сөз аударатын болсақ, держать нос по ветру дегеніңіз «мұрнын желге тосу» боп, насолить дегеніңіз «тұз себу» (он мне насолит – «ол маған тұз септі») боп шыға келер еді. Зерттеушінің пікірінше, бұл шынында да, бір жағынан, түпнұсқаны бұзу болса, екінші жағынан, ана тілінің грамматикалық нормаларын, ежелден қалыптасқан ережелерін тәлкек ету деген сөз. Бірақ ол идиомдарды мүлде беруге болмайды деп түңілмейді. Мұндай ауыспалы мағынадағы тіркестерді, яғни идиомдарды қазақ тіліне аударуға әбден болады деп есептейді. Оның ойынша, қай халықтың болсын, белгілі бір зат не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілі басқа. Ендеше мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды беруге септік жасап тұрған жеке сөздерді аударуға тырыспай, сол компоненттер жеткізіп тұрған ойды жеткізу қажет. Сағындықов жоғарыдағыдай идиомдардың қазақ тілінде сәйкес келетін баламаларын іздейді. Мәселен, ол брать быка за рога дегенді тоқетерін айту немесе «түйінді жерін табу деп, вывести на чистую воду дегенді бет пердесін ашу немесе әшкерелеу деп, вариться в собственном соку дегенді өзімен өзі болу деп, дело в шляпе дегенді іс бітті не іс оңға басты деп, ставить палку в колесо дегенді тосқауыл жасау немесе кесекөлденең келу деп алғанды дұрыс деп есептейді. Ал жоғарыда келтірілген держать нос по ветру – аңысын аңду болуға тиіс.

Ленин шығармаларындағы идиомдардың берілу сапасын саралай отырып, аудармашылардың әрқилы тәсілдерге барғанын аңғартады, жіберілген қателер мен жөн-жосықтарды жіктейді. Ретті-ретсізін көрсетіп, идиомдарды қазақ тіліне берудің барынша ғылыми дәл жолдарын көрсетуге тырысады. Сонда Сағындықов пайымдауларынан, негізінен мынадай екі түрлі жағдайды байқаймыз. Идиомдардың, біріншіден, қазақ тіліндегі баламасын табуға болады екен. Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей, бұлардың бәрі де түпнұсқадағы идиомдардың мағынасын дәл беріп тұр. Екіншіден, орыс тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестердің (автордың қолдануы бойынша – А.Ө.) біразын қазақ тіліне аударғанда барлық жағынан дәлме-дәл, эквивалентті болып келеді. Бұларды кейде я аударма деп, я төл тіркес деп ашып айту қиынға соғады. Сағындықов берген мысалды түгел келтіреміз: Беречь как зеницу ока – «көздің қарашығындай сақтау»; в мут-ной воде рыбу ловить – «лай судан балық аулау»; в прятки играть – «жасырынбақ ойнау»; волк в овечьей шкуре – «қой терісін жамылған қасқыр»; волосы встают дымом – «төбе шашы тік тұрады»;

как небо от земли – «аспан мен жердей» немесе көк пен жердей; черепаший шаг – «тасбақа аяң» т.б.

Кейбір лингвист-ғалымдар идиомдарды бір тілден екінші тілге аударуға мүлде болмайды деп кесіп айтады. Осы мәселені Сағындықов «вот где зарыта собака» деген идиомның төңірегінде туған тартысқа байланысты біраз өрбіте түскен. Бұл идиома қазақ тілінде екі түрлі вариантта берілген. Бірі, мағыналық аударма – «Істің мәні, міне осында»; екіншісі сөзбесөз аударма – «Иттің көмілген жері осы». К. Шәріпов т.б. кейбір зерттеушілер мұның алғашқысын қолдайды. Олардың сүйенетіні идиомдарды басқа тілге аударуға мүлде болмайды дейтін тілшілер қағидасы. Ал дәл аударманы жақтайтындар мынадай деректерге сүйенеді: «Неміс тілінен бұл идиоманың лексикалық құрамы түгел аударылып алынған, сондықтан оны дәл осылай қазақ тіліне аударуға болады» дейді. Осындай екіұдай талас пікірді қатар алып келгенмен, Сағындықов бұл жайында өзінің нақты пікірін шешіп айтпайды. Көпшіліктің үлесіне қалдырады. Осының өзі-ақ аудармадағы идиома проблемасының қаншалықты қиындығы барын аңғартса керек. Ал біз бұл мәселе тұрғысындағы ойларымызды әзір айтуға асықпаймыз. Өйткені алда әлі талай ғалымдар пікірі тоқайласатын болғандықтан, солардың тұжырымдарын түгел сарапқа салып, талдаған соң ғана, біраз мәселе айқындалмақ. Сондықтан әзірге бұл мәселені сол ғалымдар талқысына сала тұрамыз.

Сағындықовтың ендігі бір толығырақ тоқталған мәселесі – мақал-мәтел проблемасы. Бұларды аударуда қатаң талап қойылады. Бір қарағанда мақал-мәтел аударуға көнбіс. Сол көнбістік бұлжытпай орындалуға тиіс көптеген талап-тілектерді алға тартқан. Бірқатар талаптар мыналар – мағыналық дәлдік, образдылық, ауыспалы мағыналы, әсерлі әрі ұйқасты болу т.б. Тәжірибесіздіктен кеткен олқылықтардың екі түрі мынадай: орыс мақал-мәтелдері ретті-ретсіз жерінде де қазақ мақалдарымен алмастырылған немесе сөзбе-сөз аударма тәсілі қолданылған. Мұның қай-қайсысы болса да жоғарыдағы талаптар талғамына жарамайтыны белгілі. Дегенмен көптеген жылдар жемісі Ленин қолданған мақал-мәтелдерді аударудың нәтижелі жолдарын жинақтаған. Қазақ аудармашыларына тамаша үлгі болған Лениннің өз аудармалары, яғни шет тіл мақал-мәтелдерін орыс тіліне аударудағы ол қолданған принциптер. Сол принциптерді егжей-тегжейімен қарастыра отырып, Қ. Сағындықов екі түрлі жайды ерекше атайды. Оның бірі мақал-мәтелдерді құрамындағы барлық сөздерімен түгел, дәл аудару. Мысалы, Хорошо смеется тот, кто смеется последним; Кто желает знать врага, тот должен побывать во вражеской стране; Обещания, что корка от пирога: их на то и пекут, чтобы ломать потом дегендер француз, неміс, ағылшын мақалдарынан аударылған.

Мұнда түпнұсқаның бар компоненттері сақталып отыр.

Екіншіден, Орыс зерттеушілеерінің мағыналық аудармаға да барған. Мақалдың мағыналық дәлдігін беруге мүмкін болса, онда түпнұсқаның формасы мен образдылығын сақтап жатпай-ақ, соған сай келетін орыс мақалын алып отырған. Мысалы, «Свой своему поневоле брат» деген осыны аңғартады.

Өздерінің аудару принциптерін осы бағытта ұйымдастырған Орталық Комитет жанындағы Марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының мақал-мәтелдерді қазақ тілінде беруде қолданған тәсілдерін Сағындықов мынадай үш топқа бөліп қарайды. Орыс тіліндегі қалпынша береміз. 1. Точный перевод пословицы с сохранением вещественно-образного значения слов и соблюдением ее характера и афористичности. Былайша айтқанда, бұл тәсіл бойынша аударылған мақал-мәтел мазмұны жағынан да, түрі жағынан да түпнұсқаға дөп келетін, сонымен бірге ана тілінің өзіне тән қағидаларына сыйымды, лайықты болуы тиіс. Осындай тәсілмен аударылып, тілімізде орныға бастаған, тіпті төл мақал-мәтелдерден айырғысыз көптеген мысалдар келтіріледі.

#### Әдебиеттер:

1. Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1971. – 60 с.
2. Смит Л.П. Фразеология английского языка. //Перевод с англ. А.Р. Игнатьева. – Москва, 1959.

3. Гак В.Г. О контрастивной лингвистике // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва, : Прогресс, 1989. – 5с
4. Рысалды Қ.Т. Салғастырмалы типологиялық зерттеудің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. – Алматы, 2001. – 31 с.
5. Абилгалиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков. Дисс. канд. фил. наук. – Алматы, 1992. – 9с.
6. Алдашева А. Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1940. – 726 с.
7. Чиненова Л.А. Английская фразеология в языке и речи. – Москва, 1986. – 161с.

ӘӨЖ. 410.11

## ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Лесбекова Ж.Д.

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Үсенхан А.

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к  
тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е

Еске сала кетсек, Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік 1935 жылы Қытайдың Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Бейжің қаласындағы орталық жастар институтын бітіріп, еңбек жолын баспагерліктен бастаған. Үрімжідегі жастар баспасында жауапты редактор болып қырық жылдай қызмет атқарған. 1955 жылдан бастап әдеби зерттеу жұмыстарын жаза бастаған. Сол уақытта Қытайда жүргізілген «мәдени төңкерістің» ауыр соққысына ұшырап, «халық жауы» болып, ауыр күндерді де өткерген. Соған қарамастан, қаламгердің ғылыми еңбектерінен, роман, повестерінен құралған жиырмадан астам кітабы жарық көрген. Қазақстанда «Қаракерей Қабанбай», «Хас батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр», «Халық күйшісі Қайрақбай», «Баспай» атты кітаптары мен еңбектері жарияланған. 2013 жылы өмірден озды. Әсіресе, қаламгердің «Хан батыр Қабанбай», «Қаракерей Қабанбай», «Қазақ ертегілері», «Қазақ емшілігі мен дәрігерлігі», «Қазақ этнографиясы» секілді ұзақ жылдық қажырлы еңбегінің жемісі сықылды шығармалары өз алдына бөлек әңгіме. **Қазақстан тәуелсіздігі қандастарымыздың атажұртқа қосылуымен бірге шетел қазақтарының әдеби-мәдени мұраларының да алтын қордан орын алуына мүмкіндік жасады. Халқымыздың тарихи-әдеби мұраларын жинастыруда Қытайдағы тарихшы, әдебиетші, шежірешілеріміз бен ақын-жазушыларымыздың еңбегі ерекше.**

Зейнолла Сәнік қазақ халқының патриоты, ел мен жерге байланысты құнды деректерді, тарихи мұраларды тарихшы-этнограф ретінде мақсатты түрде қолға алып, ерекше ықыласпен, асқан қызығушылықпен зерттеген. Миллиардтар елінде халықтың беткеуістар ұлдарының еңбектерін, өнерпаздарының өнерлерін тасада қалдырмаудың абзалы жинақтау, жариялау деп ұғынған зерттеуші сол жолда тынымсыз еңбек етті. Алдымен ғылыми еңбектері де, тарихи шығармалары да мақала түрінде жарық көрген. Белгілі бір тақырыппен жұмыс істеу барысында, оны жан-жақты зерделеп, газет бетіне шағын мақала ретінде шығарып, уақыт өте толықтырып көлемді монографияға айналдырған. Бүгінгі күні зерттеушінің еңбектері ізденімпаздық пен ыждақаттылықтың негізіндегі қажыр-қайрат, асқан төзімінің арқасында туындаған құнды мұра, мол қазына. Соның ішінде «Қаракерей

Қабанбай», «Сүлеймен би», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр» сынды тарихи эсселері мен зерттеулері тың деректерден сыр шертеді. Зейнолла Сәнік есімімен тығыз байланысты дүниенің бірі «Қаракерей Қабанбай» тарихи эссесі екені рас. Себебі бұл – Зейнолла Мұбаракұлының Бейсенғали Садықанұлының ұсынысымен, берген деректерінің негізінде ұзақ жылдар бойы зерттеген тақырыптарының бірі және бірегейі. Неге Зейнолла Сәнік бұл тақырыпқа дендеп барды деген сауалдың да қылаң берері жасырын емес. «Қабанбайдан жеті ұл туады: Үмбетай, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтақ, Мойнақ, Әлі. «Жеті Қабанбай» аталуы содан. Жоңғардың соңғы ханы Әмірсана тарихынан хабары бар адамдар оның қазақты көп жағалағанын біледі. Қабанбай кенже ұлы Әліге Әмірсананың Мөней атты қызын әперген. Мөнейден – Айтқұл, Сарқұл (Сәнік аталып кеткен Үрімжіде «Қабанбай батырды» бастырған Зейнолланың арғы атасы. Ол өзін Зейнолла Сәнік деуі сондықтан)» деп жазады профессор Болатжан Әбілқасым. Қабанбайдың ұрпағы болуынан бөлек, оған байланысты аңыз-әңгімелерге, тарихи жырларды естіп өскендігі, өзі де осы негіздегі ел аузындағы әңгіме, деректерді ерінбей жинауы, қазақ тарихына ерекше ықылас қойғаны тағы бар. Қабанбай туралы шығармалардың ішіндегі шоқтығы биік туынды Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабозы» екені анық. Сондықтан да болар Зейнолла Сәнік «Қабдеш көркемдік тұрғыда жазса, менікі деректі роман» деп атап көрсеткен. Дегенмен, мәтіндегі ойдың мазмұндылығы мен ақпараттылығын, жадыда сақталып қалуына назар аударып отырған. Сол үшін қайсыбір қолданыста өзінің өмірден түйгенін оймақтай ойға сыйдырып, кестелі сөзбен өрнектеп жеткізеді. Жазушы ел ішіндегі бұрыннан қалыптасқан сөз тіркестерін өз ойымен қорытып басқаша құбылтып, көркемдеп те ұсынады. Кей ділмар сөздерде негізгі ой сақталғанмен қаламгер тарапынан заман талабына сай кейіпкер аузынан түрленіп, түлеп қайтадан қанат қағады...Қабанбай батырдың күреске толы өмірі батырлық жырларда қиял-ғажайып мазмұнға ие. Мысалы, Бұқар жырау толғауында «Жау келгенде жарағым, Басындырмас пырағым» деп суреттеуін бәріміз білеміз. Олай болса, – Қазақ, «шешеннің тілі – ортақ, шебердің қолы – ортақ» дейді екен, осыған «елдің елдігі – ортақ, ердің ерлігі – ортақ» деген сөзді қосқым келеді. Қабанбай батырды бүкіл ел болып көтерсе, бұл бәріміз үшін мақтаныш қой - деп білетін сөз зергері З.Сәніктің эсселеріндегі «қысқа сөзбен түйінделген бейнелі ой», ділмәр сөздерін танып байқайық.«Хан батыр Қабанбай» тарихи эссесінде батырдың ерлік істерін былай айқындайды: «Қабанбайдың есімі өз кезінде қазақтармен қатты жауласқан жоңғарлардың жүрегінде сұрапыл күш пен сесті айбардың жойқын ізін қалдырған»; «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай атқа мінді дегенде, жұртыңды тастап қаша бер» деп жоңғарлар мәтелдеген; «Жұдырықтай жұмылған бірлігі болмаса, қазақтың жер бетінен құрып, тындым болып етуі ғажап емес еді». Ұлан-ғайыр даланы мұра қып қалдырған ата-бабамыз жау келгенде бірлікті ту қылып, ерлікті жыр қылып, күш біріктіріп ұмтылған. Расында да талай қилы кезенді басынан өткерген ұлтымыз сын сағатта ынтымақ пен ауызбіршіліктің арқасында әрқашан жеңіске жетіп отырған. Жазушы қазақ боп сақталудың негізі жұдырықтай жұмылған бірлікте екенін түйіндеп жеткізеді.«Шектеулі уақыт шешілмейтін күрмеу сияқты». Уақыт – алтыннан қымбат. Уақыттың қадірін білмеген адам санаулы уақытта аласұрып, тар шеңбердің ішінде қалғандай күй кешетіні хақ. Адамның өмірі де уақытпен шектеулі. Ал шектеулі уақытта дұрыс мақсат-мұратыңды айқындап, межелеп алмасаң кейін бәрі кеш болуы ықтимал.«Білім дегеніңіз бұрыннан бері сұрағанға қарай сұлаған ғой». Кім үйренуге, оқуға асықса оған да білім есігіні айқара ашылатыны сөзсіз. Білсем деген ниеті бар адам үшін кез-келген нәрсе қиындықсыз келеді.«Әке мұраты – баланың алдында кету, бала мұраты – әкені ардақтап жөнелту». Әке үшін баласының өзінің алдында дүние салуы қиынның қиыны. Ал бала мәңгілік сапарға ардақтап жөнелтуге міндетті. Ол сезімді тек әкелер түсіне алады.«Асылыңды жоғалтсаң да, нәсіліңді жоғалтпа». Нәсіл сөзінің артында ұлт, тіл жатыр. Осы киелі ұғымдардың адам баласы үшін мәні зор. Жеті атасын білу жетелілік. Онда ұлтыңды да ұлықтайсың, тіліңді де сатпайсың. Тіл сарқылмас қуат, арың мен мәдениетің.«Дүниеде тірліктен қымбат нәрсе жоқ. Басқаны сатып алуға болар-ау, тірлікті сатып алуға болмайды». Тіршілік адам баласына берілген мүмкіндік, салауатты өмір салты, рухың да, тәнің де азбай тіршілік ету бір бақыт. Денсаулық

бір аманат, соны қадірлеп күту маңызды.«Ел аралап, білім жинаған адам егінші сияқты». Кейбіреулер сол егіннің бабын тауып, мол өнім алады. Ал енді біреулер сол бапты таба алмай, тапса да ұқсата алмай, жарытып ештеңе ала алмайды немесе құралақан қалады. Білімді алу бар, қолдану бар. Оның бәрі сол қажеттілікті сезіну мен түйсінуге байланысты.

«Көйлектің кірі жуса кетеді,

Көңілдің кірі айтса кетеді». Ел ішінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сөз оралымдарын жазушы орнымен пайдалана біледі. Адамның жан дүниесі үнемі жақсы сөзбен суарылып тұрады. Жақсы лебіз тындасаң, жаның рахаттанады. Сондай жақсы энергияны өзің де басқа адамдарға сөз арқылы жолдай аласың. Күйінішінді сыртқа шығару түсінісу болып табылады.«Көрген түстей қысқа өмірге – көрегендік, соның қадір-қымбатын түсінетін түйсік керек сияқты». Сана, түйсік адам баласына берілген үлкен сый, сол сыйдың арқасында қадірлеуді ұғынамыз. Уақытынан кеш келіп жататын түсінік кейде дер кезінде қадірлемей қалу жағдайларын туғызады.«Дүниедегі нәрселерді адам сұрап біліп, түгесіте алмайды. Көріп, көзі тоймайды, естіп, құлақ құрышы қанып болмайды екен». Он сегіз мың ғаламның таңғажайыбын танып білу, оны игеру расында да мүмкін емес. Бірақ адам өзіне не қажетті екенін білуі тиіс. Қашанда пайдалы әрі қажетті нәрсені игеруі маңызды.«Азамат адамның азаматтығы – біреудің мінін қазғылап, кемшілігін шұқылау емес, сол кемтіктің астарында жатқан артықшылықты аршып алуға болуға тиіс». Кең жүрекпен көрегенділіктің уәжі деп ойлаймыз. Саналылық, түсіністік, жақсы көрушіліктің мүмкіншілігі екені даусыз.«Бір адамның, бір кітаптың, яки бір оқиғаның кейде шешуші рөл атқарып кететіні де шындық». Өміріміздің әп-сетте өзгеріп шыға келуіне бір сағат таныс болған адамың да, үш сағатта оқып бітірген кітабың да септігін тигізуі мүмкін.«Сүлеймен би» тарихи эссесінде де Зейнолла Сәнік ділмар сөздері өзіндік көркемдігімен ерекшеленеді, образдан гөрі ойға көбірек көңіл бөлінген. Өрнектеуден гөрі салыстыруға, өз ойын дәлелдеп ақиқатын айту тәжірибесіне сүйенген. Қабанбай батырдың төртінші ұрпағы Сүлеймен би Әділбекұлы қазақ даласында шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен әйгілі болған. Сүлеймен есімін Әсет Найманбайұлы, Сара Тастанбекқызы, Кәрібай Таңатарұлы сынды ақындар өз жырларына арқау еткен. Зейнолла Сәнік тарихи эссесінде «Сүлеймен бидің асын» соңғы ас деген екен. Оған себеп те жоқ емес. Аста үш жүз ат шапса, қырық атқа бәйге берілген. Бұл астың ерекше аталуы біраз жайттарға себепші болуымен тікелей байланысты. Мәселен Сүлеймен би асының шарапаты «Әсет пен Кәрібай» айтысының дүниеге келуіне, күні бүгінге дейін шоқтығы биік саналатын романдардың тууына, Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» романына да арақау болғанына көз жеткіземіз.«Заманға қарасақ, астындағы шоғын тартып қойған қазанға ұқсап, бүлкілдеп, қайнап жатқан тәрізді. Бір күн болмаса, бір күн бұрқ-сарқ қайнап кетіп, асып төгіліп жата ма деп қорқасың, балапан басына, тұрымтай тұсына кете ме деп ойланасың». Бұл Найман руының ішіндегі Байжігіттің үлкені Тоғас руынан шыққан Байбарақ батырдың ұрпағы Додабақ бидің сөзі. Қаламгер билердің аузына осы сөзді сала отырып, уақыт тынысын, заман лебін аңдатады. Келешекке алаңдайды. Қазақ халқының ас беру рәсімінің маңызын әспеттейді, яғни құр ас ішіп, дұға бағыштау емес ұлт болашағы үшін алқа құрып, келелі мәселелер талқыланғанын жеткізеді. Бұқара халықтың от тілді, орақ ауызды би- шешендерінің сөзіне ұйығанын, сөз құдыретіне жүгінгенін байқатады.«Қонақ күтудің өзі де мін шығармай күту. Орасан тапқырлық пен білгірліктің, тату-берекенің көрінісі». «Қонақ аз отырып, көп сынайды», «Құтты қонақ келсе қой егіз табады» деген халқымыз ежелден-ақ тұрмыс-салтында қонақ күтудің мәдениетін қалыптастырған. Қонақтың қас қабағынан танып, ерекше көңіл аударып, ізетпен ілтипаттың үлгісін көрсете білген. Ақ пейіл дарқан көңіліне риза болған қонақ қимай аттанған. Арада сыйластықтың алтын көпірін орнатқан.«Ат ердің қанаты болса, бәйгеге қосқанда, салтанаттың санаты». 3. Сәнік «Ат бәйгесі» деп алған тарауында Сүлеймен би асында «үш жүз ат бәйгеге қосылып, қырық атқа бәйге» берілген деген дерек келтіреді. «Үш сөз сөйленсе, соның екеуі жүйрік атқа тән болып шығады» деп қалам тербейді. Жүйрік ат иесінің беделі мен абыройын асқақтатып, салтанатын асырғанын айтады.«Адам тоқтықтың қадірін жоқтықта, жанашырдың қадірін жаны қысылғанда барып біледі». Бұл афоризмді Зейнолла Сәнік

«Түйеші үкірдай заманында» атты тарихи бөлімінде ұтымды қолданған. Әсет Найманбайұлы сияқты ақтаңгер ақынға қамқорлық көрсеткен үкірдай тұлғаланып көрінеді. Түйешінің адамгершілік қасиеттерін, ел-жұртына жасаған қамқорлығын тілге тиек ете келіп, автор соңында осындай афоризммен түйіндейді. Тарих қойнауында өзіндік орны бар, Шыңғыс ханның өгей әкесі, әрі тәрбиесіне де тікелей қатысы бар тұлға – Тұғырыл хан. Өз кезегінде батырлықтың да, нағыз ержүректіктің де үлгісін көрсете білген тұлға. «Бастаусыз су, тамырсыз ағаш болмайды ғой, су ішкен құдығымызды қадір тұтайық, басып келген жолыңды, өрмелеп келген өріңді ұмытпағайсыңдар...» бұл Көкше әулие тәмсілі болса, «Жауынды көбейтпе, жауы көптің – жазымы көп» Құтылық әже даналығын есіне түсірген Тұғырылдың соңғы күндеріндегі ой арпалысы былай беріледі: «Таң ұзарса, түс көбейетіні сияқты жол ұзарса, адам қиял шүнетіне шөге береді ғой». «Іс оңынан басайын дегенде адам ақыл соңына түседі». Әйгілі Темучин туралы әңгімелеу барысында оқтын-оқтын сәулелі ойлар тізбегін қолданып отырады. «Абыройын таза ұстаған әйел – алтын қазық». Автор еріне адал, қамқор әйел образын осы бір ауыз сөзбен-ақ жеткізіп кетеді. Шаңырағы ғана емес, ел ісінде жүрген ерінің қамын күйттеп, жағдайын жасаған әйел берекенің де, бірліктің де ұйытқысы, алтын қазығы екенін меңзейді. «Ауызбен арыстан алу оңай». Даңқты Шыңғыс қағанның аузымен Кетбұғаға қарата айтылған бұл тіркесті қағанның ұлдарына берген мінездеу, сипаттау, сынау барысында қолданады. Расында да қазақ «батырсынған жігітті жауда сына, шешенсінген жігітті дауда сына» деп аузымен орақ орғандарды ғана емес, жарағын асынып жау келгенде ерлік көрсеткендерді төбесіне көтерген. Сондықтан «ауызбен арыстан алу оңай» деп қатал талап қойған. «Бақ пен дәулет дегендеріңіз көшпелі алтын сияқты». Басыңа қонған бақ та, дәулет те бағалай білмегенге сағымға айналып бір сәтте ұшатыны хақ. Қасиетті, киелі дүниелердің бір орында тұрақтап тұруы да қиын. Автор «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген тәмсілді көшпелі алтын сияқты айнып кететін киімен байланыстырып қолданады. «Бөрте ханымның аяғы бұл үйге құт боп кірді. Қоңырат елінің еншісі дәулет боп орнады» деп топшылайды. Адамның ең бірінші дұшпаны өз нәпсісі екені белгілі. Иmandылық, ізгіліктен алшақтатын нәпсінің бір қаруы – ашу. Қаламгер осы ашу туралы: «Ашудың суын ақылмен қайтарған дұрыс» деп ой қорытады. «Алыстан айғайлап келген жауды алу оңай. Ең қатерлісі – абайсызда аңдатпай соғатын іргелі жау», деген сияқты өзіндік ой қорытып, ділмәр сөз тізген жазушының қаламынан төгілген әр сөз өмір тәжірибесі мен құнарлы ойдың піскен жемісі. «Қайратыңды өліге емес, тіріге көрсет». Халқымыздың болмысында, ұлттық танымында ешқашан дүниеден қайтқан адам туралы теріс пікір, жаман сөз айтылмайды. Өкінішке орай, кейде тірі кезінде үндемей жүргендер, өмірден озған адам туралы пендешілікпен ғайбат айта бастайды. «Кесек батыр кесілген басқа қоқандамас болар». Батырлар күш тең болғанда ғана белдеседі. Бұл жерде автор жеңіліс туралы тұспалдаған іспетті. Үнемі ізденісте жүрген жазушы ел ішіндегі көнекөз қариялардан естігендерін қойын кітапшасына түртіп алып отырғанын, кейін сол дүниелердің көп көмегі тигенін өз естеліктерінде үнемі айтып отырған. Бес бөлімнен тұратын Демежан Кешубайұлы туралы еңбекте ұлт болашағы үшін жанын пиде еткен батыр, әрі шешен Демежен өмірінен сыр шертіледі. «Демежан» тарихи эссесін оқи отырып, ұлт азаттық күрестің тек орыс империясының қол астындағы ғана емес, қытай империясына бағынған қазақтардың басынан да жанкешті оқиғалардың орын алғанын білуге болады. Бұл эсседегі ділмәр сөз жанрлық жағынан мақал-мәтелге ұқсайды, нақтылыққа негізделген. Ақиқатты дәлелдеуден гөрі басынан өткізген өз тәжірибесінің үлгісі. «Өткір пышақ қынға қас, артық қайрат жанға қас», «Көрген көргенін көсеу түрткенін...», «Билік ұстау оңай, біліп ұстау қиын», «Адамды түрмеде, атты кермеде... деген бұған да ерлік, төзімділік керек, оңай-оспаққа иілме...» «Жайшылықта дос көп, басыңа күн туғанда жүрмесін өш боп», «Қаһарынан қан сорғалап, демінен аяз бүркіп тұрған ашулы үкімет, бұл өңір оның ашса алақанында, жұмса жұдырығында тұр», «Қашып жүрген өлімнен қасқайып тұрған өлім артық»; Қазақ қаламгерлерінің кез келген прозалық шығармалары билер сөзіне, шешендік арнау, толғау, афоризмдерге толы. Өйткені «Өнер алды – қызыл тіл» деген халқымыз ең алдымен тіл құдіретіне жүгінген. Сұлу, көркем, бейнелі сөздермен құнарлы ойды тоғыстырған

қаламгер оқырман талғамынан шығуға талпынған. Жалпы халық аузынан тастамай айтып жүрген қанатты сөздер сияқты Зейнолла Сәнік шығармашылығындағы ділмар сөздер де халықтың керегіне жарайтын асылына, ұрпақ мұрасына айналар деп сенеміз.

#### Әдебиеттер:

1. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1978.-368 б.
2. Серікқалиев З.. Жылдар сазы. – Алматы: Жазушы, 1971.-216 б.
3. Серікқалиев З. Ақ жол.- Алматы: Жазушы, 1990. -464 б.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш.- Алматы: Атамұра, 2003.-208 б.

ӘӨЖ. 410.11

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Мұзлыбай Д.Ы.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к1 тобының студенті, Шымкент қаласы

**Азат Ұ.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші -

**ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е**

Ақынның бақыты – көшеде машинамен жүріп, тойда төрде отыру болмаса керек. Оның ойы он бөлмелі үйменен, немесе орден толы омырауымен өлшенбейді. Бақыттан, байлықтан ұлы болған адамды, әсіресе, ақынды әдебиет тарихы біле бермейді. Ортақ ұстазымыз. М.Ю.Лермонтов шамырқанған бір сәтінде:

Жыртылсын жырдың өңірі,  
Тыныштық жай бір елес пе!  
Додасыз ақын өмірі  
Дауылсыз теңіз емес пе?!- [1,128]  
десе енді бір мезетте:

Астында дария- көк майдан,

Үстінде сәуле, алтын күн.

Қарашы, ол бүлік құдайдан

Сұрайды дауыл күні – түн!- демей ме Абай аудармасы арқылы! Біздің идеологиялық басшылар мен белсенділер күні кешеге шейін көреген – кемеңгерлік міндеттерін ұмытып, әскери комендаттың қызметін атқарып келеді. Арнайы тұрғызған қоршау – қорғаны болмаса да, әдебиет әлеміне ұрықсат құжатынсыз яки айқын саяси бақытсыз бас сұғу мүлдем мүмкін емес-ті. Сол құдіретті құжаттың ролін ең алдымен шығармаларың мен жинақтарының басты тақырыбы, әсіресе аттары атқаратын. «Бақыт», «Бақытты бал», «Сенің Отаның», «Біздің Отан», «Отан ұлы», «Отан үшін», «Шопан жыры», «Колхоз жыры», «Жеңіс жыр», «Достық жыры», «Орақ пен балға», «Көмір - коммунизм», «Октябрь ұланы», «Революция нұрымен», «Бастаушымыз - партия», «Партбилет», «Большевиктер», «Большевиктер ауылы», «Қызыл тау», «Қызыл Түркістан», «Қызыл генерал», «Дала комиссары» тәрізді өңшең бір әсіреқызыл атаулар көркем сөз өнерінде біраз жылдар бойына саяси сауыт ретінде авторларды сын жебесімен мүмкіндігінше қарғап келді ... Ал енді «Дауыл», «Біз де қазақпыз», «Ар іспетті әдемі де астарлы поэтикалық аттарға әдеби сыншыларымыз бен партиялық босстарымыз, әсіресе әйгілі цензурамыз оскырына қарап оқыс мінез көрсетті. Авторларын саяси сабаудың астына алды. Сүтке тиген күшіктей қудалады. Ақылдар азып, дарындар тоз-тоз болды.

Осының бәрін көріп, көріп қана қоймай, көңіл сүзгісінен әлденеше қайыра өткізген Мұқағали тәрізді тұйық талант «Мавр», «Ильич», «Большевиктер», «Космонавт ойлары» деген толғау- дастандарға тегіннен – тегін барған жоқ. Ерте ме, кеш пе ... «Бала шақтан - болашаққа », «Аққулар ұйықтағанда», «Ару ана», «Жан азасы» сияқты классикалық дүниелеріне жол аршу үшін барды.

Мен де өзімше алып бір комбинатпен

Қорытылған не пәле жүрегімде.

тәрізді тармақтар мен жұмбақтау жолдар белгілі бір мақсат – мүддесіз айтыла салмаған шығар. Әсіресе, «не пәле» деген тіркестің тұсында біраз ойлағанымыз дұрыс. Шынайы дарын нені жырласа да жанып-күйіп, күйіп-пісіп, таусыла, тіпті сарқыла жырлайды. Осындай есеби тақырыптың өзі тақырып ретінде екінші қатарға ығысып, көркемдік қуат суырылып ілгері шығады. Ақын күдіретін арбалап, автор не айтса, оқырман соған иланып, соған құлап, елти береді, елти береді. Өстіп жүректің құранымен кейбір нәрселеді амалсыз жазғанын әйгілі ақынымыз жасыра алмайды.

«Көңіл деген құйты – құсты

Көнбейтінге көндірдім.

Сенетінге иландырмай,

Сенбейтінге сендірдім», - дейді.

Мақтану ма?! Өзіне өзі риза болу ма? Жо-оқ! Бірі де емес соның! Керісінше. Өзіне дәлірек айтсақ заманына, қоғамына өкпе арту. Өзін өзі шабақтау. «Ақынның ақындығы – арда ғана» деп, жыр жай намазына ақ ниет, ақкөңілдің бимаза басын тағы бір иіп, ашына сөйлеуі.

«Өзгеден ұрлап жасырған

Өзімдік менің мінім бар», - деуі де осыған байланысты болуы керек. 60-80 жылдары өлең өңірінде ерікті ұйқасты көбірек пайдаланып, оны түрлендіре түсуге көп тер төккен ақындардың бірі - Мұхтар Шаханов. Ол өзінің ғажайып сазды лирикасын стильдік ізденіс жолына саналы түрде бұрды. Әрине, ол жеміссіз болған жоқ. Оның үстіне Мұхтар жаңа-шылдығы көбінесе "өнерден-өмірге" принципіне орай айқындық табатындай. Әр кезде де солай, кезеңнің бауыздау шындығына екінің бірі қол соза бермейді. Өйткені, ол қиынның қиясы. Ол үлкен қажыр-қайратты талап етеді. Өзгеше жаратылыс, бөлекше сезім-күйді керек етеді. М.Шаханов творчествосы өзінің өмірімен тікелей қарым-қатынасқа түсу-мен оқшау тұр. Өлең сияқты қасиетті өнерді буы бұрқыраған өмірдің бүгінгі сауалымен суарады. Сол сияқты өмірдегі әділетсіздіктің, тоғышарлықтың уақытқа қарай түлеп алған жаңа түрлерін зерделілікпен зерттеп, өлең қуатымен батыл әшкерелейді. Оның ақын ретіндегі жаңашылдығы осы арада. Яғни, оның шығармашылығынан ежелгі өлең лебінен гөрі өмір лебі көбірек еседі. Жұртты маңайына үйретін де оның өлеңіндегі осы тірі тағдыр. Мықтап ойланатын, түйінді тұс. Ақындықтың ең үлкен сыны осы болмақ. Мұхтар поэзиясын бізге жақын ететін тағы бір қасиет - оның тақырыбын табуында. Оның таңдайтыны - ең қажет тақырып, ақын өлеңдерін оқып отырғанда ол көтерген тақырыпты аттап өтіп өмірдің бүгінгі күнін келесі күнмен жалғау мүмкін еместей көрінеді. Әрине, моральдық тұрғыда. Әрине, бұл сияқты жаңа мазмұн жаңа түр керек етеді. Мазмұнға сай түр тумаса поэзия жұтайды. Басқа ақындар айналып өтетін "қауіпті" тұстарға Мұхтар құмар-ақ. Поэзияның даңғыл жолымен шауып өтетін талантын ол әдейі қиынға салатындай. М.Шаханов жайлы замандастарында екі ұдай ұғым бар. Бірі - Шаханов поэзия тереңіне бойламайды, арзан амалдарға жетік дегенге саяды. Ал екінші - 70-80-жылдардағы қазақ поэзиясына соны бір леп әкелген М.Шаханов поэзиясы шын мәнінде қуатты поэзия. Өмірдің өз талабынан туған актуальды поэзия дегенді іштей де, сырттай да меңзейді, мойындайды. Творчество деген де адам табиғаты секілді: абсолюттікке көнбейтін, күрмеуі күрделі процесс қой. Кінәмшіл өнер табиғаты кейде тым жаңалықты жарата бермейді. Идеяға тізгін ұстата бергеннен де сақ болған жөн. Идея тізгініне иесі ие бола алмай қалатын сәттер де жиі ұшырасып қалады. Сөз жоқ, бұл талантты ақын творчествосында белең алған белді мәселе дегіміз келмейді. Ескеруді ғана керек етеді. Ал, шындығында алмас жігер, нәрлі сөз, адалдық сияқты күре тамырдан қаулаған ақын



творчествосы солқылдақ емес, емен ағаштай мығым жатыр. Талант көпшілігінде мықты негіз, құнарлы топырақ болмағандықтан күйреп қалады, күйіп кетеді. Ал, Мұхтарда әлгіндей мықты негіз бен талант тең. Келешек - келешек, ал енді оның бүгінгі өлеңдерінің кейбір ерекшеліктерін, әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңашылдық сипаттарына қатысты ойымызды бөлісіп көрейік. М.Шаханов соңғы жылдардағы қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік сипатта бірқатар жаңалық әкелген ақын. Біз Мұхтарды лирик дейміз бе, эпик дейміз бе? Екеуіне де негіз бар. Эпик деуімізге болады: өлеңдерінің дені сюжетке құрылған. Баллада, поэмалары оның творчествосының негізгі тараулары. Бірақ осы пікірмен тұрақтап тұра алмаймыз. "Мұхтар эпик ақын" дегенде оның жарты қасиеті, негізгі қасиеті тасада қалып қойғандай сезіледі. Ол ең алдымен мықты лирик қой. Ол эпика мен лириканы ұштастыруда талантын танытады, шеберлік көрсетеді, өзіндік жаңалығын енгізеді. Яғни, Шаханов творчествосын бір жанр ерекшелігіне ғана сыйғызып талдау қиянат. Оның творчествосынан өмір-өнердің бір-бірімен жақындасуы, ой, мақсат, бояу өрнектерінің бір мүлдеге қарай шоғырланып, тұтасқан бүгінгі өнердің күрделі көрінісі жота көрсетеді. Сөйтіп барып өнер алдына тосып отырған күрделі заман сауалы - жалпы адамзаттық әрі әлемдік жаңалықтармен (өнер саласындағы, әрине) ұштаса түседі. Бұл әрине, дерек, заттық деген ұғымнан өзге. Творчество тылсымның нәзік сырларымен сабақтас. Мәселен, "Отырар элегиясы", "Күре тамырды іздеу", "Шың басындағы оқиға" атты поэмаларындағы лирикалық элементтерді алып тастаңызшы, біріншіден, лирикалық меннің қатысуымен туып тұрған шығармадағы динамика жоққа шығар еді. Яғни поэманың соғып тұрған жүрегі оның өн бойындағы қан тамырларының жұмысын жақсартып тұр. Оқиға сюжетінен сол жүрек соғысы басыңқы жатыр. Мөп-мөлдір әдемі лирикаларында, шағын поэмалары мен балла-даларынан анық аңғартқан ақынның ізгілікке құштар, мөлдірлікгі мадақтайтын, үлкен ерлікті, тым биіктікті қалайтын сұңқар көңілі осы шығармаларда біраз тоят табады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мақатаев М. Соғады жүрек. – Алматы. 1982ж. -95. б.
2. Нарымбетов Ә . Қазақ совет поэмасы .- Алматы. 1977ж. -115 б.
- 3.Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. – Алматы. 1972ж. -223 б.
- 4.Әшімбаев С . Ақиқатқа іңкәрлік. – Алматы. 1997ж. -145 б.

ӘӨЖ. 410.11

### **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Наврузов М.А.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-19-1к2 тобының студенті, Шымкент қаласы

**Ермахан Н.**

Ж.А.Ташенев атындағы университеттің ПФ-20-1к тобының студенті, Шымкент қаласы

Ғылыми жетекші - **ф.ғ.к. Қалыбеков Б. Е**

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектептің осы күнге дейін дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу –тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің

мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда [5,3 б.].

Білім беру мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылануымен байланысқа түсуде.

Ақпарат дәстүрлі әдістері: ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде.

Баланың жеке басын тәрбиелеуде оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлуде. Есте сақтау, ақыл–ойын дамытатын оқуға көшу;

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын ояту.

XXI ғасыр табалдырығында тұрған азамат дамуының жаңа кезеңі білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезең [6,13б.].

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

- практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы ;
- қоғамның интеллектуалды қуатын жетілдіру;
- еліміздің материалдық –қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
- орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту тағы сол сияқты міндеттерді көздейді.

Ғылыми -педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көтеретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл инновация деп аталады.

«**Инновация**» ұғымы педагогикалық сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі. Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Біздің ойымызша, бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез-келген өзгерісті сипаттайды [7,45 б.].

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Инновация ұғымы ең бірінші XIX-ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл, ұғым этнографиясында әлі күнге дейін сақталған.

Инновация (латын сөзі in – в, novis- жаңа)- жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді екен. С.И.Ожегов сөздігі бойынша: инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық [8,17 б.].

«Ғылымның қайнар көзі» -Ресейде «инновация» ұғымына өте үлкен күдікпен қараған. XIX-XX ғ. басындағы бірде-бір білім реформаларында бұл термин кезікпейді. «Инновация» ғылымына берілген ең ескі емес анықтама, бұл салада американдықтар мен европалық көлемді зерттеулер иесі Э.М.Роджерстің анықтамасы болып есептеледі. Э.М.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Кейіннен «инновация» ұғымы «білім беру жүйесіне жаңаны енгізу» мағынасында педагогикалық еңбектерде кездесе бастады.

«Инновациялық негізін құраушы ұғымдардың –«инновация» «нововедение» новшество» «новое» т.б. қазақша аудармаларын жасаған Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемаларын ғылыми зерттеу институты әдіскері К.Құдайбергенов болып табылады. Өз еңбектерінде «инновацияны» - нақты қойылған мақсатқа сай жасалынған жаңа нәтиже деп есептеді. Демек, инновация мақсат пен нәтижеге – жаңалыққа бет бұрудың кілті [9,85 б.].

Қоғамдағы қазіргі кезде қайта құрулар экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның алдағы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологиялары, оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды –машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі ізденіп

табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен онша үндеспей отыр, қазіргі педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа модулін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Оның жүйесінің негізгі ұстанымдары: «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген [10,45 б.].

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономика елі ретінде танып отыр. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада сілкініс жасады, әлемдік өркениетпен ықпалдасуда жаңа прогресшіл технологияларды пайдалануда. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары айқындалған.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруді мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов, М.М.Потащник, В.И.Загвязинский, Т.И.Шамова, Н.Р.Чосуорбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [11, 63 б.].

Бүгінгі таңда Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амоношвилидің ізгілікті тұлғалық теориясы, В.А.Шаталовтың оқу материалының тірек белгілерімен тірек конспектілері (сызба үлгілері) негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның, М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Сонымен қатар Лысенкованың «Перспективті дамыта оқыту технологиясы», Н.П.Гузиктің «Сынып ішіндегі деңгейлеп –саралап оқыту технологиясы», В.В.Фирсовтың «Міндетті нәтижелер негізіндегі саралап оқыту технологиясы», Н.Н.Пиканның «Саралап деңгейлеу технологиясы», В.Дьяченконың «Жобалап оқыту технологиясы», М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», В.М.Монаховтың технологиясы, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, И.П.Волковтың «Шығармашылық пен дамыта білім беру технологиясы», Ш.Амоношвилидің «Ізгілікті – тұлғаны оқыту технологиясы», В.Д.Шадриков «жеке бағытталған оқу жоспары негізінде оқыту технологиясы», «Ұжымдық тәсілмен оқыту технологиясы» «Ақпараттық оқыту технологиясы» (Дьяченко), «Проблемалық оқыту технологиясы», «Ойын арқылы оқыту технологиясы» В.В.Гузив т.с.с. жаңа технологиялық оқыту түрлері зерттелді [12,98 б.].

Яғни оқу процесін технологияландыру дегеніміз-білім беру бағыттарына сай оқыту процесін құрастыру. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі –қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту процесін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқылатын пән мазмұны мұғалім мен оқушының өзара байланысты іс- әрекеті. Оқушының ішкі даму процесі негізінде анықталған нақты мақсат қана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады (Қосымша №1 кесте).

Қазақстанда Ж.А.Қараевтің, Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ.Қабдықайыров, С.Н.Лактионова, М.М.Жанпейісованың және басқа да ғалымдардың оқытудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолдануда.

Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М.Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытудың дербестендіру мен дифференциялау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданысқа ие болуда [13, 54 б.].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларын тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқыту – тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізілуі керек.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қазақстан мұғалімі, №12, 1999ж.
- 2 Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан мұғалімі, №13 Алматы, 28 қазан, 2000ж.
- 3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. // Қазақстан мұғалімі, №21, 2004 ж.
- 4 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: «Педагогика», 1989ж. - С. 21-38.
- 5 Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК:СО, 1999ж. – 324 с.

ӘӨЖ 159.9

### **АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ БОЙЫНША АНЫҚТАЛАТЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ(еңбекке баулу)**

**Келдибаева В.Н.**

7М01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Ж.А. Тәшенев университеті, Қазақстан Республикасы.

#### **Аннотация**

Младший школьный возраст, даёт прекрасные возможности для использования словесных методов обучения и развития способностей к творчеству.

Primary school age provides excellent opportunities for the use of verbal teaching methods and the development of creative abilities.

Түйін сөздер: әңгімелесу, кітап, ережелер, демонстрациялық және практикалық әдістер.

Ақпарат көздерімен анықталған оқыту әдістері үш негізгі түрді қамтиды: ауызша, демонстрациялық және практикалық әдістер.

Ауызша сөздік әдістер. Еңбекке баулу тәжірибесінде түсіндірме, әңгіме, әңгіме, нұсқау сияқты ауызша сөздік әдістер кеңінен қолданылды [1]. Түсініктеме презентацияның нақтылығымен сипатталады. Жұмысты дайындау кезінде мұғалім жұмыс орнын қалай ұтымды ұйымдастыру керектігін түсіндіреді; жоспарлау кезінде - сызбаны қалай құруға және жұмыстың реттілігін анықтауға болады; түсіндіру процесінде мұғалім балаларды материалдардың қасиеттері мен құралдардың мақсатымен, ұтымды еңбек әрекеттерімен, техникалармен және операциялармен, жаңа техникалық терминдермен таныстырады.

Нұсқауды оқыту әдісі ретінде де, сабақта қолданылатын ауызша әдістердің жиынтығы ретінде де қарастыруға болады. Оқыту әдісі ретінде нұсқаулық дегеніміз-оқушылардың практикалық іс-әрекетін түзету үшін еңбек әрекетінің әдісін түсіндіру. Кіріспе, ағымдағы және қорытынды нұсқаулар болып бөлінеді.

Кіріспе нұсқаулық нақты еңбек міндеттерін қоюды, операцияларды сипаттауды, еңбек әдістерін орындау және өзін-өзі бақылау ережелерін түсіндіруді қамтиды. Ағымдағы нұсқаулық жіберілген қателіктерді түсіндіруді, дұрыс жұмыс істемеу себептерін анықтауды

және дұрыс әдістерді түсіндіруді қамтиды. Қорытынды нұсқау жақсы жұмыстарды талдауды, жұмыста жіберілген қателіктерді сипаттауды және оқушылардың жұмысын бағалауды қамтиды.

Әңгімнің мұғалім негізінен жаңа білімді жеткізу үшін қолданады. Ол анық, қысқа болуы керек және нақты техникалық ақпаратты жанды баяндаумен біріктіруі керек. Әңгіме индуктивті, дедуктивті және генетикалық принциптерге негізделуі мүмкін. Бірінші жағдайда мұғалім балаларды техника мен өндірістің нақты объектілерімен таныстырады және біртіндеп жалпылауға көшеді; екіншісінде - оқушыларды жалпы ұғымдармен таныстырады, содан кейін оларды нақты мысалдармен суреттейді; үшіншісінде - оқушыларды объектілерді түсінуге жетелейді, олардың пайда болу тарихын көрсетеді. Мұғалім оған проблемалық элементтерді енгізгенде, гипотезалар мен оларды растау тәсілдерін құрумен ғылымның дамуындағы қайшылықтарды көрсеткенде, әңгімені қабылдау күшейеді. Бастауыш сыныптардағы мұғалімнің әңгімесі, әдетте, оқушылардың бұрын алған біліміне сүйенеді, балалардың белгілі объектілер туралы түсініктері мен ұғымдарын жүйелейді, оларды білімді практикада қолдануға үйретеді. Еңбек сабағында мұғалімнің әңгімесіне өте аз уақыт бөлінеді; сондықтан оның мазмұны өте қысқа болуы керек.

Әдетте мұғалімнің әңгімесі материалдарды, құралдарды, жабдықтарды, графикалық құралдарды көрсетумен бірге жүреді. Жаңа терминдерді қолданған кезде мұғалім оларды нақты айтып, тақтаға жазуы керек. Әңгіме келесі дидактикалық талаптарды қанағаттандыруы керек: сенімді, логикалық дәйекті, анық, дәлелді, эмоционалды, бастауыш сынып оқушыларын түсінуге қол жетімді. Еңбек сабақтарында әңгіме жиі әңгімелесуге ауысады.

Әңгіме мұғалім мен оқушылардың ауызша пікір алмасу арқылы жаңа білім алуға және оларды бекітуге бағытталған. Бұл балалардың ойлауын белсендіруге ықпал етеді: мұғалімнің басшылығымен балалар оқу материалын түсінеді, оны талқылайды, теориялық материал мен тәжірибе арасында байланыс орнатады. Сөйлесуді сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақтың басында өткізілген әңгіме балаларға алдыңғы сабақтармен байланыс орнатуға, жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды анықтауға, еңбек процесінің реттілігін көрсетуге көмектеседі. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін барынша арттыруға, мүмкін болатын оқу міндеттерінің шешімін өз бетінше табуға мүмкіндік беретін эвристикалық әңгіме ерекше құнды деп саналуы керек.

Әңгіме сияқты, әңгімелесу табиғи заттар мен олардың бейнелерін көрсетумен бірге болған кезде сенімдірек болады. Практикалық жұмыс барысында ағымдағы әңгімелесуді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін, онда нақты сұрақтар мен оларға жауап беру арқылы мұғалім еңбек процесі туралы қосымша ақпарат береді. Практикалық жұмыс аяқталғаннан кейін қорытынды әңгімелесу жиі өткізіледі, оның негізгі мақсаты - оқушыларды жұмысты талқылауға тарту, олардың жұмыс нәтижелеріне сыни көзқарасын үйрету.

Демонстрациялық әдістер оқушылардың нақты пәндер мен олардың бейнелерін тікелей қабылдауын қамтамасыз ете отырып, оқытудың көрнекілік принципіне жүзеге асырады. Демонстрациялық әдістер баланың сенсорлық және ойлау процестерін белсендіреді, бұл оған оқу материалын игеруді жеңілдетеді. Мұғалімнің қолында бар демонстрациялық құралдарды екі топқа бөлуге болады: табиғи және бейнелеу. Табиғи құралдарға материалдар, құралдар, дайын бұйымдардың үлгілері және т.б.; бейнелеу құралдарына - макеттер, кесте модельдері, суреттер, фотосуреттер, сызбалар, диаграммалар, диафильмдер, технологиялық карталар және т. б. Әр нақты жағдайда мұғалім сабақ үшін ең оңтайлы көрнекі құралдарды таңдайды (1-кесте).

1-кесте Демонстрациялық құралдарды қолданудың шамаланған тізімі

Бағдарлама бойынша жұмыс түрлері	Құрал
1. Балаларды материалдармен таныстыру: қағаз, картон, мата, әртүрлі материалдар, тұқымдар	Демонстрациялық жинақтар. Үлгі материалдарының үлестірме жинақтары

2. Балаларға өнеркәсіптік материалдарды өндіру, табиғи материалдарды өндіру және қолдану туралы мәліметтерді хабарлау	Технологиялық жинақтар. Диафильмдер. Кинофильмдер. Суреттер
3. Тәжірибелер процесінде материалдардың қасиеттерін зерттеу	Кестелер-жинақтар
4. Материалдарды өңдеу әдістерін зерттеу: құралдармен, құрылғылармен, жұмыс әдістерімен танысу. Бағдарламада көзделген бұйымдарды дайындау	Құралдар мен құрылғылар. Кесте технологиясы. Еңбек мәдениеті бойынша кестелер. Жартылай фабрикаттардың үлгілері. Технологиялық карталар

Әрбір оқу құралы – зауыттық және қолдан жасалған - оқу-тәрбие міндеттеріне жауап беруі, ғылыми тұрғыдан сенімді болуы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек. Оқу құралдары оқушыларға объектілерде ең жалпы және типтіктерді табуға көмектесуі керек.

Олар дәл, қысқа, сенімді болуы керек.

Мұғалім әдетте оқу құралының көрсетілімін түсіндірумен біріктіреді. Мысалы, 3-сыныпта конверт жасау кезінде мұғалім оқушыларға жұмыс үстеліне бір конверттен таратады және үлкен конвертті көрсетеді. Конверттерді қарастыра отырып, балалар конверттер мен желімдеу жолақтарының бүйірлерінің санын белгілейді. Мұғалім ашылған конвертті альбом парағының жоғарғы сол жақ бұрышына мықтап басып, қарындашпен айналдыруды ұсынады.

Айналдыру кезінде жайылма контурлары өте ұқыпты болмауы мүмкін. Сондықтан мұғалім балаларға сызғыш пен бұрыштама көмегімен жайылманы тексеріп, оларға түзетулер енгізуді ұсынады. Мұғалім конвертті желімдеу үшін не істеу керектігін сұрайды. (Қосымша үш бүктеме сызығын салу керек). Қағаздың біркелкі бүгілуі үшін қайшының доғал ұшымен сызғыш бойымен бүктеу сызығын сызу керек. Кесу мен илуден кейін жайылма екіншісіне іргелес болады, ал жолақтар бүйірлері мен үстіңгі жағынан бүгілген жақтарын жабады.

Кейбір оқушылардың жолақтары бүйірлеріне тығыз орналаспайды. Өлшемдерді тағы бір рет тексеріп, дәл сіздіктерді жою қажет. Қорытынды-желімдеу операциясы болады. Жайылмасыз басын көрсете отырып, мұғалім сыздабада әр жолдың өз мақсаты бар екенін көрсетеді: контурлар қатты қалың сызықпен, өлшемдері жұқа қатты сызықпен, бүктеме екі нүктесі бар штрих – нүктелі сызықпен, желіммен жағу орындары - люкпен, өлшемдері миллиметрмен көрсетілген. Мұғалім тағы бір рет жайылманың дәлдігін тексеруді ұсынады, содан кейін конверттерді жабыстырады.

Табиғи заттардың демонстрацияларын мұғалімнің сөзімен үйлестіру оқуды түсінікті етеді, балалардың еңбек тапсырмасына деген қызығушылығын оятады, олардың шығармашылық бастамасын оятады. Өнім үлгісін белсенді бақылау нәтижесінде балалардың өздері жұмысты неден бастау керектігін, қандай элементтерден жайылманы салу керектігін, қандай материалдарды дайындау керектігін, қандай құралдардың көмегімен және технологиялық операцияларды қандай әдістермен жүргізу керектігін анықтайды.

Эвристикалық әңгімелермен үйлесетінде монстрациялар әсіресе еңбек сабақтарында пайдалы. Бұл жағдайда бақылау процесінде балалар еңбек процесін жүргізудің ұтымды жолдарын өз бетінше іздеуге итермелейді.

Бейнелеу демонстрацияларының жазбаша сөзбен үйлесуі қазіргі уақытта еңбек сабақтарында кеңінен таралуда. Оқушыларды ересектердің еңбегімен таныстыру кезінде мұғалім целлюлоза-қағаз, полиграфия, тоқыма, керамика, құрылыс өнеркәсібі туралы картиналар, диафильмдер, кинофильмдер көрсетеді. Материалдарды, құралдарды, жұмыс әдістерін, еңбек іс-әрекетін ұйымдастыруды, қауіпсіздік техникасын зерттеуде кестелер кеңінен қолданылады. Кейбір жағдайларда мұғалім кестелерді иллюстрация ретінде, ал басқаларында нұсқаулар ретінде пайдаланады. Мысалы, қағаздың бүгілу процестерін

көрсететін кестелер жұмыс әдістерін түсіндіру кезінде иллюстрация ретінде, ал практикалық жұмыс кезінде нұсқаулық ретінде қолданылады. Кейбір тақырыптар бойынша еңбек сабақтарында оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша бірқатар картиналарды көрсету қажеттілігі туындайды. Сабақтарда дайын суреттерді көрсетумен қатар, мұғалім ГОСТ-тың барлық талаптарын қатаң сақтай отырып, суреттер тақтасында суреттер, эскиздер мен сызбаларды орындауы керек.

*Практикалық әдістер.* Еңбек сабақтарында оқушылар политехникалық біліммен қатар жалпы еңбек политехникалық дағдыларын меңгереді: еңбек өнімін жобалау, еңбек процесін жоспарлау, жұмыс орнын жабдықтау, белгілеу, өңдеу, өлшеу, құрастыру, монтаждау, әрлеу операцияларын жүзеге асыру, өзін-өзі бақылау. Шеберлік-бұл тәжірибеде қолданылатын білім.

Шеберлік дегеніміз-оқушының дұрыс жұмыс әдістерін таңдай отырып, берілген әрекеттерді саналы түрде орындауы. Білім шеберлік дәрежесіне дейін жеткізілмеуі мүмкін. Мысалы, оқушы қағазды пышақпен қалай кесу керектігін білуі мүмкін, бірақ бұл әрекетті орындай алмайды. Сондықтан білімді шеберлікке айналдыру үшін қосымша нұсқаулар мен жаттығу жаттығуларын жүргізу қажет. Шеберлікке оқыту барысында бала біреудің тәжірибесін, мысалы, мұғалімнің тәжірибесін қабылдайды, бірақ басты рөл оқушының жеке тәжірибесіне жатады.

Біліктілікті үйрету кезінде еңбек операциялары әдетте кішігірім элементтерге бөлінеді-еңбек тәсілдері мен әрекеттері. Оқытудың бірінші кезеңінде әрбір еңбек әрекетін оқушы орындайтын әрбір элементті мұқият ойластыра отырып, баяу қарқынмен жүзеге асырады. Мағыналы және игерілген еңбек әрекеттері біртіндеп еңбек әдістеріне біріктіріледі, бұл өз кезегінде арнайы жаттығулар процесінде одан әрі түсінуді және жетілдіруді қажет етеді. Еңбек әдістері біртіндеп операцияларға, содан кейін еңбек біліктілігіне біріктіріледі.

Әдетте біліктер баланың автоматтандырылған әрекетін түсінетін дағдылардың бастапқы кезеңі ретінде қарастырылады. Алайда, ең күрделі біліктер дағдылардың элементтерін қамтуы мүмкін. Осылайша, біліктер мен дағдылар диалектикалық бірлікте болады, олар бірін-бірі толықтырады және шарттайды. Алайда, шеберлік әрдайым дағдыдан ерекшеленеді, өйткені ол үнемі еңбек әрекеттерін саналы, автоматты түрде орындаумен байланысты.

Мидың үлкен жарты шарларының қыртысында біліктерді қалыптастыру кезінде сенсорлық, аналитикалық, моторлы және жүйке жасушаларының басқа аймақтары арасында көптеген ассоциациялар (байланыстар) жасалады. Бастауыш сыныптарда мұғалім, әдетте, графикалық ақпаратпен жұмыс істеу және құралдармен жұмыс істеудің қарапайым әдістерін игеру бойынша қарапайым әрекеттерді қоспағанда, еңбек операцияларын меңгеруді автоматтандырылған дағдылар деңгейіне жеткізуді мақсат етпейді. Сондықтан мұғалім еңбек сабақтарына басты назар балалардың еңбек біліктерін қалыптастыруға аударады.

Еңбек политехникалық дайындық барысында бастауыш сынып оқушыларында үш негізгі біліктер тобы қалыптасады. Бірінші топқа политехникалық біліктер жатады: өлшеу, есептеу, графикалық, технологиялық; екіншісіне - жалпы еңбек біліктері, ұйымдастырушылық, конструкторлық, диагностикалық, операторлық; үшіншісіне - арнайы еңбек біліктері: қағазды, картонды, матаны, әртүрлі материалдарды өңдеу, құрастыру, баптау және т.б. Біліктерді қалыптастыру әрдайым оқушылардың практикалық іс-әрекетімен байланысты. Сондықтан біліктерді қалыптастыру әдістерінің негізі оқушылардың іс-әрекетінің түрлері болуы керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бабаев М.А. Роль беседы в активизации учащихся в начальных классах в процессе обучения. Баку, 2012.
2. Байзакова Е.М. Развитие методов обучения в истории начальной школы Казахстана. Автореферат. А., 1995.
3. Оралбекова Т.Ш. Методическое руководство. Пособие для учителей. А., Атамұра, 2018.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС – ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

2 курс білім алушылары **Кенжаева Н., Ражаббаева Р.**  
Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекшісі-ғ.м., аға оқытушы **Мұса Н.Б.**

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі - мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден – бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына қосылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай – ақ рухани жан дүниесі бай, жан – жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу - осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Оқушының шығармашық іс - әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар-дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күзиреттілігі арқылы айқындалса, сол күзиреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық- психологиялық көріністі талап етеді. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

« Қыран – түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талап сыйлайды » деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзешген сияқты. Еліне қорған, ұлтына қамқор болар ұрпақтың қашанда көңілі ояу, айналасындағы өзгерістерге сын көзбен қарай білуі, пікір, қорытынды айтып, шешім қабылдай алуы қажет – ақ. Міне, бұл биік – оқушының шығармашылығы арқылы келетін іс. ендеше оқушыларды шығармашылыққа баулуды алғаш мектепке келген сәттен бастап – ақ қолға алу керек.

Бастауыш сынып- оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім- үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың ең басты мақсаты- баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Оқушылардың шығармашылық қызығуын ояту, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру өте маңызды іс. Мұндай іс мұғалімнен көп ізденуді талап етеді. Шығармашылық дегеніміз- адамның өмірінде өзін-өзі таңуға ұмтылуы, өз бетінше ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіндеп, өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында кездескен кедергілерді жеңе алады, үздіксіз ізденіп отырады. И. Д. Левидовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет



қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу үшін олардың қабілет деңгейін әр алуан болатынын ескеру керек. Қабілетін анықтау үшін психологиялық тесттер қолдануға болады. Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптастырып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре отырып, бала қабілеттерінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді тиімді пайдаланып алуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әр алуан болады.

Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс - әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан да біздіңше, балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ескеріп, оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, оларды соған сәйкес қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жөнінде И.П.Волновтың айтқан пікірі өте құнды. Ол балалардың әр саладағы қабілеттерін айқындау, дамытуға қажетті, тиімді жағдай туғызуы, бірінші сыныптан бастап балалардың қабілеттерін, бейімділіктерін дамытатын дербес, өздігінен орындайтын шығармашылық тапсырма жүйесін құру, оны сыныптан тыс жұмыстар арқылы да жүзеге асыруға болады дейді. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық жұмыс қабілеттерін олардың өз беттерімен меңгерген білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын пайдалана отырып, өздеріне бұрыннан белгісіз жаңадан бір нәтиже алуы деп түсінеміз.

Оқушының шығармашылықпен айналысуына қоршаған ортасы, ата – ана, мектеп қолайлы жағдай туғызуы керек. Мұғалімнің міндеті шығармашылық бағыт – бағдар беріп отыру. Шығармашылықпен жеке дара оқушы емес, сыныптағы барлық оқушылар айналысу үшін мүмкіндік керек. Мұндай іске белгілі бір тақырыпта пікір – сайыстар өткізудің маңызы зор. Күнделікті сабақта өтілген тақырып бойынша оқушының ойын білу, сол тақырып бойынша көзқарасын білдіруі, шығарманы талдауы – шығармашылық қабілетті арттырудың бір жолы. Шығармашыл қабілетті дамытуда ең алдымен, қарапайым нәрселерді суреттей білуден бастаған жөн. Бала күнделікті өмірде өзі көріп жүрген оқиғаларды баяндай білуі, оған өз түйсігімен қарап, өд жүрегімен сезініп, ішкі жан дүниесіндегі тебіреністі әңгімелей білуге үйрету керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалардың да маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеуге, өз бетінше іздене білуге дағдыландыру, икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Бастауыш сыныптағы оқытудың мазмұнында ерекше орын алатын пән – ана тілі. Ана тілін үйрету – сөздерді түсініп, меңгеріп оқу, жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйрену мен қатар, бала сансыз көп ұғымдарды, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін де меңгереді. Ана тілін оқып-үйрену арқылы олар Қазақстанның мәртебесін көтере туған халқының өткені мен бүгіні, болашағы жайында мол мағлұматтар ала отырып, танымдық, тәрбиелік, білім-дағдыны үйренері хақ. Өтілетін әр сабақ белгілі бір мақсатқа құралған, оқушы танымы мен дүниетанымын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулуы тиіс. Ол үшін мұғалім күнделікті сабаққа жете ізденіп, жаңа технологияны шебер пайдаланса, сабақ өз мақсатына жеткен шығармашылыққа бағдарланған, оқушы дүниетанымын байытатын бірден-бір сабақ болар еді. Қай сабақ болмасын «мынау оның білімдік жағы, мынау тәрбиелік жағы» деп бөліп жаруға болмайды. Себебі білім мен тәрбие-әркез егіз үрдіс. Шебер мұғалім осы екі қасиетті оқушы бойына дарыта оқыта отырып, оқыту әдісін, жаттықтыру жұмысын, қолданылатын көрнекілік түрлерін оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілеті мен ынтасына қарай таңдай білсе, өзі көздеген мақсатына жетеді.

Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін әр түрлі әдіс тәсілдерін қолдана отырып арттыруға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;

2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар, т.б)
4. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту;
6. Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беру;
7. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;
8. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Осындай әдіс – тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы сезім байланысын орнатып, үйлесімділікке қол жеткізуге Ш. Амонашвалидің мұғалімдерге берген кеңесін берген кеңесін де басшылыққа алуға болады. Ол: «Педагогикалық процесте баламен тіл таба білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңіліндегісін айтуға мұрсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен үйлесім тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұштасып кетеді. Мұндай жағдайда рухани тұтастық пайда болады» - дейді.

Шығармашылықпен айналысқан оқушының ойы жүйрік, тұғыры биік азамат болып қалыптасады. Ана тілімен қатар қазақ тілі сабағы да сөзбен жүргізілетін жұмыс сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлауға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Мысалы:

Берілген сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз:

Қыран	қала	Дархан
Мұз	бұлақ	есек
Қысым	сүт	киім

Бұл жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға зор үлесін тигізеді. Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау-өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Егер шығармашылық оқушының жас кезінде бағалы бағдар болып қалыптаспаса онда болашақта да оның қалыптасуы екіталай. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабынан туындайтын қажеттілік. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіндігіне байланысты. Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздылық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Оқушының шығармашылығына бағыт – бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып,

ойын, ынтасын, дамыта түседі. Мұғалім өз сабағын шығармашылықпен өткізе алса, өзінің білімін сарқып жұмсаса, үнемі ізденіс үстінде болса, шәкірттерді анасындай аймалап жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы- бағбанның жақсы ағаштан жиған сапалы жемісі іспеттес. Бүгінгі күннің мұғалімі – шығармашылық адамы. Ол қанша ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалім күш- қуатын көңіл- күйін әрдайым жоғары көтере білсе, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. 2 жылдық білім журналы №6 – 2007, №10-2008
2. Бастауыш мектеп журналы 2003-2007ж
3. Педагогикалық ізденіс – Алматы: Рауан 1990
4. Б. Қ. Игенбаева «Адамгершілік сабақтары»
6. Қазақстан мектебі №4,8 - 2011ж

ӘОЖ 372.8

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ДЕПРЕССИЯҒА БЕЙІМДІЛІКТІҢ АЛДЫН-АЛУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ**

**Абай А.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент қ.  
Ғылыми жетекші: п.ғ.к. **Қуатова Ж.Ж.**

**Толеранттылық (төзімділік)** - адамның әлеуметтік өмірдегі, тұрмыс тіршілігіне әр түрлі процестерге, қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарға барынша сабырлы және орнықты қарым - қатынас. Адамның жеке өмірінде, қоғамның дамуында кездесетін көптеген қиындықтар, үйлесімсіздіктер, ауытқулар объективті сипаттағы заңды құбылыстар. Олар тұлғаның жеке өміріндегі, әлеуметтік субъектінің рухани жетілуі барысында қажетті маңызды баспалдақтар. Қиындықтарды жеңе білу адамның әлемге деген қатынасының белгілі бір оңды бағытта, құндылықтық бағдарда қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар осы қатынастардың негізінде дүниетанымдық жүйеде мағыналық негізге шынайы руханилықпен, мәнділікпен көмкерілген құрылымдардың қалыптасуына мүмкіндік ашылды[1].

Толеранттық адамның дүниеге қатынасындағы қарапайым шыдамдылықпен біршама биікке көтерілген деңгей. Өйткені шыдамдылық адамның табиғи қасиеттерінің маңызды көрінісінің бірі болса, төзімділік осы шыдамдылықтың сабырлықпен астасқан сапалы көрінісі болып табылады. Шыдамдылыққа табиғи қайсарлық, табиғи рухтың мықтылығы көмектесе, төзімділікке парасаттылық пен зерделіктің, ақыл мен руханилықтың өзара бірігуі негіз болады. Сондықтан толеранттық ешқашанда пенденің кез – келген шешімге басын шұлғып, қисынсыз әр нәрсеге көнгіштік танытуымен, принципсіз іс-әрекеттерімен, қоғамды бұзушыларды қолдаумен айқындалмайды. Ол адам үшін негізінен ақиқаттың шынайы жолына, тұлғалық жетілудің биігіне баратын алғашқы баспалдақ іспетті.

Толерантты қарым-қатынас қалыптастыру мақсатына жету тиянақты мазмұнмен қамтамасыз етіледі, оның ішінде дүниетанымдық идеялар, өнегелі құндылықтар, этикалық және құқықтық нормалар, жаңа заман талабына сай толерантты мінез-құлықтың жоғары деңгейімен ерекшеленетін оқушы тұлғасын қалыптастыруға қажетті білімдер, біліктер мен дағдылар ерекше атап айтуға болады. Толерантты қарым-қатынас қалыптастырудың мазмұны толерантты мінез-құлықты тұлғаны қажет ететін қоғам талабынан тәуелді.

Осы заңдылықтар педагогикалық әрекеттіліктің сабақтастығы қағидасында көрініс табады, яғни бұл қағида жүйелі, функционалды ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісінің кезеңдерін нақты, қисынды логикамен құру болып табылады [2].

Оқу және әлеуметтік, мәдени салаларды біріктіретін фактор оқушының ішкі көзқарастарын қалыптастырудың педагогикалық әрекеттестікке бағдарлау болып табылады.

Оқушының өзіндік ерекшеліктерін ескеру дифференциалдық көзқарасты талап етеді. Ұжымдық, топтық, жеке жұмыстарды орынды үйлестіру арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады [3].

Толерантты қарым-қатынасты қалыптастырудағы жеке және дифференциалды көзқарас қағидасында осы заңдылықтар ескеріледі.

#### **Толерантты тұлғаны тәрбиелеудің ұстанымдары:**

##### *–Мақсаттылық ұстанымы*

Толеранттылыққа тәрбиелеу педагогикалық әсер етудің нақты мақсаттылығын жете түсінуін, педагогтың мақсатының нақты анықталуын талап етеді. Бұл сапаны қалыптастыру баланың қоғам үшін маңыздылығын сезіне білу секілді сапалардың неге қажеттігін жете түсінуі мен түрткісі болғанда ғана мүмкін болады. Бала мен педагог мақсатының бірлігі толеранттылыққа ұтымды тәрбиелеудің бірден-бір факторы болып табылады.

##### *–Мәдени сәйкестілік ұстанымы*

Толеранттылыққа тәрбиелеу үрдісінде баланың мәдени және этникалық тәрбиеленуші ортасын ескеру қажет. Бұл ұстаным тәрбиені халықтың, отбасының, әлемнің мәдениетіне кіріктіруден көрінеді. Толеранттылыққа тәрбиелеу балада өз халқының салты мен дәстүрлеріне, тәртібіне, жалпы алғанда әлемдік мәдениетке сәйкестене отырып және осы тұста өзінің жеке даралығын жоғалтып алмай өзінің өмірін құра білуді қалыптастырумен тікелей байланысты.

##### *–Толеранттылыққа тәрбиелеудің өмірмен байланысы ұстанымы*

Көп жағдайда толеранттылыққа тәрбиелеу баланың бұл санаттың маңыздылығын қаншалықты сезінетінінде және оны өмірмен байланыстыруына тәуелді болады. Сондай-ақ қоғамдағы жағдайға ғана емес, жалпы, баланың туыстарымен, достарымен, педагогтармен толерантты өзара қарым-қатынасына байланысты өмірлік жағдайларға бағытталу қажет. Ұстаным, әлеуметтік ұйымдастырылған тәрбие үрдісі және шынайы өмір тәжірибелері бірлігінде тұжырымдалады.

##### *–Тұлғаға құрметпен қарау ұстанымы*

Баланың өмірлік ұстанымына, оның дүниетанымына қарамастан оған деген құрметпен қарау тәрбие үрдісіне қажетті ұстаным болып табылады.

Толеранттылықты қалыптастыруда бұл ұстаным екі есе маңыздылыққа ие болады. Оларды түзетуде қажеттілігінде баланың көзқарасы мен ұстанымын қабылдай және сыйластық таныта отырып, біз оған әлемге басқа көзқарастағы адамға толерантты қарым-қатынастың мысалын көрсетеміз.

##### *–Толеранттылыққа тәрбиелеу үрдісінің әлеуметтік уағдаластығы ұстанымы*

Толеранттылыққа тәрбиелеу көп жағдайда әлеуметтік ортасының әсерімен шарттасады. Бала ортасының толеранттылығы қаншалықты төмен болса, оны қалыптастыру үрдісі де соншалықты қиын жүреді. Сондықтан да бұл үшін сәйкес жұмыстардың формалары, әдістері мен тәсілдерін іріктей отырып, әлеуметтік ортаны зерттеу және оған толеранттылықтың ұсыныстарын көшіру қажет.

##### *–Тәртіп пен білімнің бірлігі ұстанымы*

Бұл ұстаным толеранттылықты қалыптастыру бойынша тәрбие үрдісінің өзара байланысты, бір тұтасты құраушы ақпараттық және мінез-құлықтық секілді екі деңгейде құрылуын талап етеді. Толеранттылық қалыптасуының негізгі өлшемі нақты бір ерекшелігі бар адамдармен және топтармен өзара толерантты, сындарлы әрекет ете білу болуы қажет.

##### *–Ынтымақтастық және сұхбаттастық ұстанымы*

Білім беру кеңістігінде сұхбаттасу және ынтымақтастыққа сүйену өзара әрекеттесудің жетекші түрі ретінде толеранттылыққа тәрбиелеу ұстанымдарын ұстану үшін міндетті болып табылады. Сондай-ақ сұхбат және ынтымақтастық мына құрылымда өзара әрекеттесудің артықшылығы болуы қажет: оқушы – оқушы, оқушы – мұғалім, оқушы – мұғалім – орта, оқушы – мұғалім – мәдениет [68].

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларының мүмкіндігі шектеулі адамдарға толеранттылығын қалыптастыру

**Міндеті:**

-Мектеп оқушыларының жалпыадамзаттық құндылықтар (ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тынышты, қиянат жасамау) арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарға толеранттылығын қалыптастыру;  
-Мектеп оқушыларының бойында толеранттылық қасиетті дамыту.

**Ұстанымдары:** кешенділік, жүйелілік, гуманистік, теория мен тәжірибені байланыстыру.

**Мазмұны:** Толеранттылықты қалыптастырудың негізгі құрылымдық компоненттері

<p><b>Мотивациялық – құндылықтық компонент</b> -Жалпыадамзаттық құндылықтар; -Мәдени құндылықтар; -Этникалық құндылықтар;</p>	<p><b>Когнитивті компонент</b> -Толеранттылық жайлы терең білім; -Заң жөніндегі білімдердің болуы; - Білім берудің кезеңдері және өсу тенденциялары.</p>	<p><b>Тұлғалық мінез-құлықтық –компонент</b> -Шыдамдылық; -Гуманизм; -Сенім білдіру; -Өзгелерді жақсы қырынан қабылдау; -Жанашырлық.</p>	<p><b>Эмоционалдық компонент</b> -Эмоциялық тұрақтылық; -Эмпатия; -Оқушылардың танымдық іс-әрекеті және эмоциялық жай-күйі.</p>
---	--	--	---

**Мектеп оқушыларының толеранттылығын қалыптастырудың әдістері және технологиялары**

<p><b>Педагогикалық технологиялар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>❖ Ұжымдық оқыту технологиясы (топтық және командалық тапсырмалар)</li> <li>❖ Ойын(дидактикалық және әлеуметтік)технологиялары; (рөлдік және сюжеттік ойындар)</li> <li>❖ Инновациялық технологиялар (АКТ қолдану)</li> </ul>	<p><b>Әдіс-тәсілдер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Тренингтік әдістер             <ul style="list-style-type: none"> <li>- Толеранттылық:бұл не?</li> <li>- Толеранттылыққа тәрбиелеу</li> <li>- Толерантты тұлға</li> </ul> </li> <li>2.Диагностикалық әдістер:             <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бақылау</li> <li>- Әңгіме: (Жастардың рухани өмірі және мүгедектерге деген төзімділіктің этикасы )</li> <li>- Сауалнама: («Сіз қаншалықты төзімдісіз?», Толеранттылық құндылық ретінде(М. Рокич),</li> <li>- Тест : (Коммуникативті толеранттылық тесті (В.В. Бойко) )</li> </ul> </li> </ol>
---	---

**Мектеп оқушыларының толеранттылығын қалыптастыру формалары**

<p><b>Сабақ</b> мысалы :өзін-өзі тану пәні (9-сынып «Жарасымды қарым-қатынас») (10-сынып «Адами қарым-қатынас жасау ізгіліктері»)</p>	<p><b>Сыныптан тыс жұмыстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тәрбиелік іс-шаралар</li> <li>- ата-аналар жиналысы</li> <li>- ашық сабақ.</li> </ul>
---	---

**Нәтижесі:** Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген толеранттылығы жоғары деңгейде қалыптасқан оқушы тұлғасы.

Сурет 2 – Мектеп оқушыларының мүмкіндігі шектеулі адамдарға толеранттылығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Жоғарыда айтылғандарды ескере отыра, біз мектеп оқушыларының толеранттылығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Бұл модель оқушыларды мектепте оқыту барысында толеранттылықты қалыптастырудың жетілдірілген жүйесін өңдеп шығаруға мүмкіндік туғызады. Мектеп оқушыларының толеранттылығын қалыптастырудағы даму ерекшеліктерін тәжірибелі зерттеу нәтижесіндегі зерттеу құрамы оқушылардың ішкі тұлғалық мәселелерін бөліп көрсетуге мүмкіншілік береді.

Жоғарыда көрсетілген кестедегі мақсаты мен міндеттері, қызметтеріне мынадай қағидалар ашады:

- Оқу-тәрбие үдерісін толерантты қарым-қатынас деңгейін арттыруға бағыттау;
- Тұтастай тәрбие үдерісінің субъектісі ретінде көріне алатындай және әрбіроқушының қызығушылығы мен мүмкіндігі ескеріліп, оның дамуын бұрынғы көрсеткіштермен салыстыруға мүмкіндік беретін жекешелік;
- Жас ерекшелігін ескеру;
- Әрбір оқушының ұжымдық қатынаста өз орнын табуна көмектесіп, әріұжымда психологиялық жайлы күй тудыруға мүмкіндік бере отырып жеке тұлғаны ұжымда қалыптастыру.

### Әдебиеттер

1. Лишин О.В. Педагогическое психология воспитания. Учебное пособие для школьных психологов и педагогов / Под ред. Д.И.Фельдштейна. - М.: Институт практической психологии, 1997. - С.256

2. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования. – Алматы: РЦИО, 2004. – С.311.

3. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Организационные основы формирования позитивной культуры инклюзивной школы // Методические рекомендации / –Алматы, 2013.

ӘОЖ 821.512.122

## ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

**Қалдыбек Ж.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – **ф.ғ.к. Абенова Л.У.**

Бүкіл әлемдік әдебиеттану ғылымында жанр типологиясының өзгеріске түсіп, үнемі жаңарып, жаңғырып отыруы заңды құбылыс болса, бұл арнаның қайта бағамдау мәселесі де толастамайтын үрдіс. Әсіресе бұл эссе жанрымен жазылған шығарма түрлерінен анық байқалады. Сондықтан да роман-эссенің табиғатын ашу үшін алдымен роман мен эссенің жанрлық сипатына және екі жанрдың өзіне тоқталуға тура келеді.

Романның жекелеген нұсқалары ерте дәуірден белгілі. Дегенмен оның жаңалық сипаттары бертінде қалыптасты, XVI — XVIII ғасырларда батыста ақсүйек серілердің бастан кешкендерін суреттейтін романдар дамыды. Бұған испан жазушысы Сервантестің “Дон Кихот”, француз жазушысы Лесаждың “Ақсақ шайтан” романдары мысал бола алады [1].

XIX ғасырдан бастап роман жанры биік деңгейде дами түсті. Романның ерекше үлгілерін Францияда Г.Флобер, А.Стендаль, О.Бальзак, Ж.Занд (Ж.Санд), Англияда В.Скотт, Ч.Диккенс, Ресейде А.С.Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.С.Тургенев, Л.Н.Толстой, Ф.М.Достоевский, И.А.Гончаров, АҚШ-та М.Твен, Дж.Лондон, Германияда Т.Манн, Г.Манн,

т.б. жасады. Орыс жазушылары Толстой мен Достоевский адам психологиясын, “мінез диалектикасын” ашудың тамаша үлгісін көрсетті.

Кеңес заманында М.Горкий, А.Толстой, М.Шолохов, А.Фадеев секілді суреткерлер тудырған романдар әдебиеттің дамуына үлкен ықпал жасады. Қазақ әдебиеттанушысы А.Байтұрсынов “Әдебиет танытқышында” (1926, 2003) романды ұлы әңгіме деп атап, оған “тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды” жатқызады. Ол “Ұлы әңгіме өңшең үлкен уақиғалардан болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады, оны жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс - барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек” [2] деп атап көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамал”, Т.Жомартбаевтың “Қыз көрелік”, С.Көбеевтің “Қалың мал”, С.Торайғыровтың “Қамар сұлу” шығармаларынан бастау алған бұл жанр жан-жақты дамыды. Қазақ романын көркейтуде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, М.Мағауин, т.б. жазушылардың еңбектерін атап айтуға болады.

Қазіргі қазақ әдебиетінде романның психологиялық, тарихи, биографиялық, публицистикалық, хронологиялық т.б. түрлері қалыптасқан. Роман-эпопеялар жанр дамуының кең мүмкіндіктерін танытты. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясы әлемдік даңққа ие болды, ол қазақ әдебиетінің биік идеялық-көркемдік жетістігі саналады.

Эссе де – прозалық әдеби жанр. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді. Эссе автордың дара әсерін, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. Ол белгілі бір сұраққа толық жауап бермейді, тек сол мәселеге қатысты өз ойын немесе әсерін көрсетеді. Эссе жазу кезінде логика, ойды дәйектеу мен ақпаратты сауатты жеткізу қабілеті жақсы дамиды. Баяндау стилі көбіне сөйлеуге бағытталған [3].

Әдебиеттегі Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білетін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қо-нымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Эссеге негізгі қойылатын талап - белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау және бағалау болса, негізгі мақсаты - тақырыпқа байланысты өз білімін көрсету және сұраққа берілген жауаптың дұрыстығына оқытушыны (оқырманын) сендіре білу болып табылады. Бұл эссенің өзге жазба жұмыстарынан ажырата білудегі басты талаптардың бірі ретінде көрініс табады.

Сондай-ақ, эссені жазуда негізінен формалды стильді басшылыққа ала отырып, өз ойын нақты дәлелдер мен мысалдар арқылы жүйелі түрде беріп, ондағы әрбір бөлімнің талапқа сай жазылуын ескеру керек.

Роман жанрының зерттелу тарихына қарағанда қазақ эссеистикасы туралы толыққанды зерттеулерді кездестіре алмадық.

Жанр мәселесіне келгенде даулы пікірлер өте көп. Әдебиет теориясы туралы еңбектердің көпшілігінде әдебиеттің тегі - жанр, ал әдеби шығарма – жанрлық түр деп тұжырымдалады. Бұл күнге дейінгі терең және тиянақты әр түрлі зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де болса көптеген сұрақтар мен шешілмеген мәселелер бар екені даусыз. Осы уақытқа дейін жанрлар табиғаты, олардың жіктелуі, шығарма параметрлері туралы таластар толастар емес [26]. Сондықтан да жанр проблемелерін бар қырынан ашып көрсетпей-ақ, эссе жанрының генезисі мен типологиясын айқындау арқылы жанр теориясын бірнеше аспектіде қарастырғанды жөн санадық.

XX ғасыр әдебиеттануында әдебиеттің жаерлық жағынан дамуын талдап, тану үшін классикалық эстетика қалыптастырған жанрлық детерминациялану теориясын енгізгі әрі басты бағыт етіп ұстау қажет деген ұстаным қалыптасқан. Бүгінгі жанрлық даму теориялары қандай

өзгешеліктермен ерекшеленсе де, олардың барлығы жанрдың «әлемдік жағдаймен» және дәуірлік санамен байланысы мәселесіне келіп тіреледі. Бұл жағдай табиғаты жағынан әр түрлі жанрлық теорияларды, әсіресе жанрологиядағы тарихи (историзм) және салыстырмалы-типологиялық бағыттарды жақындату мүмкіндігін айқындап береді.

Әдебиет жанрларының жиынтығы белгілі бір жүйені құрайды және бұл жүйе тарихи дәуірлер сипатына қарай әр түрлі болып келеді. Егер типологиялық жағынан қарастыру жанрдың тұрақтылығын әйгілесе, тарихи тұрғыдан қарастыру жанрдың өзгермелілігін айқындайды да жанрдың даму тәртібі бұзылады. Жанрлық жүйенің «әлем жағдайы» мен санаға тәуелділігі туралы жалпы пікір бұл екі тәсіл бойынша олардың белгілі бір мөлшерде байланысып кететінін айқындайды. Бірақ типологиялық концептіде ол бөліп алынып және жалпылай қарастырылса, екінші концептіде жанрды белгілі бір тарихи кезеңнің жанрлар жүйесіне қатыстырып қарастыруды мақсат ететін тарихи категория ретінде түсіндіруде бұл байланыс нақты алынған кезеңмен шектелген.

Эссе жанры кеңес әдебиетінде тамырын терең жая қойған жоқ. Керек десеніз, оны өміршең құбылыс деп санамау да орын алған еді. Ал, батыстық әдебиетте, әсіресе ағылшын-американдық, латынамерикандық әдебиетте өте танымал, әрі оқырман сұрансынына ие болды. Десе де, кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінде «мемуар», «очерк» деген атаулармен телініп жазылса да, бұл жанрда біршама шығармалар бар. Мысалы: Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір белестері» т.б. сияқты шығармаларды атауға болады. Бұлардың барлығы кең көлемдегі ғұмырбаяндық роман жанрының алғашқы негізі болып саналады. Ал эссе деген атпен нақтылы жазылған шығармалар қатарына ең алдымен Оралхан Бөкейдің «Ел мен жер» (1975ж.) атты эссесі жатады [4].

Қазіргі әдебиеттің даму бағдары әдебиеттану ғылымының алдына күрделі міндеттер қоқып отыр. Соның бірі – әдебиеттегі роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оның көркемдік-идеялық қызметі сияқты ұстанымдар. Романда шығарманың сюжеті характерлер дамуының қисынынан, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасынан туындаса, эсседе сюжет түйсікке негізделеді. Бұған еркін форма – шексіздік тән. Міне, осы сипат роман және эссенің тұтасуына, бір жанрға айналуына, оның жеке жанр ретінде оқшаулануына алып келеді.

Әдебиеттегі роман туралы да, эссеистика туралы да алғашқы пайымдаулар әлемдік әдебиеттануда өзінің бастауын белгілі бір кезеңнен алады. Мұны романның да, эссенің де еуропалық Ренессанс – қайта өрлеу дәуірінде (XV ғасыр) туып, қатар дамып отырғанын көруге болады.

Роман-эссе жанрын қазіргі әдебиеттің арқауында қарастыру – қазақ әдебиеттануында қолға алынбаған тың мәселе. Ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу, оның поэтикалық құрылымы мен өзіндік қырларын, көркемдік деңгейін саралау әдебиеттану үшін аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда, әлемдік әдебиеттанудағы роман мен эссенің ара қатынасы мәселесімен байланысты қарастыра отырып, роман-эссенің жеке жанр ретіндегі өзіндік ерекшелігін ашу, ұлттық әдебиетіміздегі даму сипатын зерделеу тақырыптың өзектілігін айғақтайды.

Кеңес өкіметі тұсында роман-эссе туралы түсінік болған жоқ, тіпті эссе жанрының өзі де толық мойындалмай келді. XX ғасырдың басында бұл жанрдың теориялық аспектілерін зерттеу бастамасы «Айқап» журналында көрінгенмен, бірақ кеңес әдебиетінің топырағына толық орныкпады. Орыс әдебиеті зерттеушілерінің бұл мәселеге назар салуы XIX ғасырдың аяқ шенінен басталса, қазақ әдебиетінде көркемдік жанрдың үлкен бір арнасын қалыптастырған эссеистика XX ғасырдың соңынан яғни тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана тікелей қолға алына бастады. Ал содан бері қазақ роман-эссесін арнайы қарастырған зерттеу жұмысы жоқтың қасы.

Қазақ әдебиетіндегі эссенің әдеби жанр ретінде пайда болу тарихы, қалыптасуы және дамуы Абай қарасөздерінен бастау алады. Ұлттық әдебиеттегі эссеистік сарындағы шығармалар, алғашқы бастау көздері Абай Құнанбаевтың «Отыз сегізінші қара сөзі» мен Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделіктері» және Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның өмірі» шығармасы.

Роман-эссе табиғаты, жанр генезисі, поэтикасы мен типологиясы мен даралық сипаты Абай қарасөздері арқылы өзіндік мектеп қалыптастырған қазақ қаламгері мұрасындағы



эссеистика түрлері дәстүрге ұласып, жаңашылдықпен дамыды. Оралхан Бөкейдің «Ел мен жер», Әбділда Тәжібаевтың «Хаттар сөйлегенде», Ғафу Қайырбековтің «Елтіңжал», Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Сафуан Шаймерденовтің «Бір таба нан», Тұсынбек Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин», Мұзафар Әлімбаевтің «Көңіл күнделігінен», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Қалихан Ысқақовтың «Келмес күндер елесі», Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе» т.б. осы саладағы кәрік шығармалар бар. Сондай-ақ тарихшы ғалым Қойшығара салғараның «Алтын тамыр» (1986), «Көмбе» (1989), (Қазақтың қилы тарихы (1992), «Қазақтар» (1995) атты төрт томдық роман-эссесі мен академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» (1997) роман эссесі бар. Осы академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» (1997) роман эссесі зерттеу нысанына алынды.

Қазақ әдебиеттануында роман-эссе жанры арнайы зерттеу нысанына алынған жоқ. Десе де, қазақ эссе жанры және оның жекелеген түрлері туралы Сыдықназаров Мұхит Қаржаубайұлының «Традиция жанра эссе в современной прозе Казахстана», Какенова Асель Мырзағалиевнаның «Қазақ прозасындағы Мұхтар Әуезов бейнесі және шығармашылық тұлға концепциясы», Қожахметов Бектай Қалиұлының «Әбділда Тәжібаев – мемуарист-жазушы» атты кандидаттық диссертацияларды атауға болады. Аталған зерттеу авторлары негізінен эссеистика мәселесіне әр қырынан келіп, салмақты ойлар тұжырымдаған. Сонжай-ақ қазақ прозасында эссеистика туралы Қ.Ергөбектің, С.Негимовтің Д.Ысқақтың бірнеше мақалаларында сөз болды.

Орыс және шетел әдебиеттануында эссеистика көп қарастырылғанмен, роман-эссе туралы жазылған арнайы ғылыми жұмысты кездестіре алмадық. Тек Н.Новоселованың «Эссе романного плана» т.б. еңбектері бар. Аталған еңбектерде эссе табиғаты, жанрлық сипаты романдық форманың эссешілдік бастаулардан басымдығы кеңінен қарастырылып, тұжырымдар жасалады.

Зейнолла Қабдоловтың роман-эссесінде Мұхандай, Мұхтар Әуезовтей қаламгердің, суреткердің күллі жан дүниесі, адамдық болмысы, ұстаздық еңбегі автор көзімен бағаланып, авторлық баяндаулар арнасында ашылады. Романның негізгі оқиғалық арқауы – М.Әуезовтің 1930-60 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық университетінің (сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің) қазақ әдебиеті кафедрасында ұстаздық қызмет еткен кезеңінен бастау алады да, ары қарай лирикалық шегіністер, авторлық ремаркалар, кейіпкерлер диалогы арқылы ұстаздың осыған дейінгі тағдыр белестеріне де шолу жасалады.

Елімізге белгілі әдебиеттанушы ғалымдар: Бейсенбай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев, Темірғали Нұртазин, Тұрсынбек Кәкішев, Мәстүра Сармурзина, жазушы Сафуан Шаймерденов сынды тұлғалар роман-эссенің басты-басты кейіпкерлеріне айналып, оқырманмен жүздеседі. Мұханды қоршаған ғылыми орта, ұстаздық орта бар болмысымен қайта тіріледі.

Мұхтар Әуезовтің ұзақ та, ұланғайыр шығармашылық сапарын, суреткерлік ерен еңбегін автор әр тарауда қиялай соғып әңгіме арқауына айналдырады. Осы беттерден Мұқанның жеке пендешілік тіршілігі де, от басы, ошақ қасы тіршілігі де, ағайын-туыс, дос-жаранға қатысты мол өмірдеректік суреттеулер де өз орнымен, өз кезегімен көз алдымыздан өтеді. Олардың бірде-біреуі де Мұқанның өміріне қатыссыз айтылмайды. Хакім Абай жырлағандай «соқтықпалы», «соқпақпыз» ғұмыр кешкен, қазақ руханиятына қайталанбас көркем мұра қалдырған суреткер қаламгердің тұтас тұлғасымен роман соңында оқырман қимай қоштасады. Осылайша роман-эссенің күллі эстетикалық әсері, көркемдік күші Мұхтар Әуезовтің өз туындыларымен қатар жарыса биіктей береді, биіктей береді [5].

### Әдебиеттер

- 1.Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 2.Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 бет.
- 3.Қабдолов Зейнолла. Қазақтың жүз романы: Оқу құралы (құрастырып дайындаған Р.Нұрғали). - Астана: Фолиант, 2004
- 4Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат, 1977
- 5 Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845 – 1904) //Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 380 б.

## ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК «МЕНІН» ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЕРТТЕЛУІ

**Қансейт А., Баймат О., Есен Г.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент қ.

Ғылыми жетекші: п.ғ.к. **Қаражігітова К.Н.**

Қазіргі педагогикалық психологияда адамға өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетінің шынайы субъектісі ретінде әрекет етуге, оның даму перспективаларын, оларды жүзеге асыру жолдары мен құралдарын дербес анықтауға мүмкіндік беретін реттеу процестерін қалыптастыру мәселелері ерекше өзектілікке ие. Өзін-өзі реттеу механизмдерінің қалыптасуын анықтайтын факторлардың ішінде субъектінің қызметінің бағыты мен дәрежесін анықтайтын «Мен» тұжырымдамасы орталық орын алады. Позитивті «Мен» тұжырымдамасының болуы адамның өзіндік бірегей даралығын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етудің таптырмас шарты болып табылады. Сондықтан «Мен» тұжырымдамасын зерттеу мәселесі біз үшін өте маңызды.

Мен-концепция – адамның өзі туралы жалпылама ойы, оның жеке тұлғасына деген көзқарастарының жүйесі. Мен-концептісінің сипаттаушы компоненті көбінесе «Мен» бейнесі деп аталады. «Мен» бейнесі - адамның өзіне және басқаларға қатысты әрекеттерінің бейнелер (сезімдер, қабылдау, идеялар) және сипаттамалық бейнелерінің жиынтығы. Өзіндік «Мен» Д.А.Леонтьевтің анықтамасы бойынша, адамның өзін-өзі сезінуінің бір түрі болып табылады, онда адам өзін-өзі ашады. Тұжырымдама (лат. сопере) мынаны білдіруі мүмкін: кез-келген құбылыстарды түсіну, жүйе, түсіндіру, жарықтандыру идеясын басшылыққа алу. С. Андреас «мен-тұжырымдама — бұл адамның өзіне қатысты идеясы» деп есептеді [1]. Шын мәнінде, «Мен» туралы түсініктер туралы айту дұрысырақ, өйткені бізде өзіміз туралы көптеген идеялар бар. Бірақ біз «Мен-концепциясы» терминін адамның өз есебіне қатысты кез келген және барлық идеяларын білдіру үшін қолданамыз.

Қарастырылатын «Мен» тұжырымдамасының келесі құрамдас бөлігі «Мен» тұжырымдамасының бағалау компоненті немесе эмоционалды компонент. К.Берн «біздің жеке тұлғаға жатқызатын қасиеттер әрқашан объективті емес және басқа адамдар олармен келісуге әрқашан дайын бола бермейді. Өзін-өзі сипаттау әрекетінде, әдетте, жеке бағалау сәті болады. Басқаша айтқанда, мен-концепция адамның жеке басының қасиеттерінің мәлімдемесі, сипаттамасы ғана емес, сонымен бірге олардың бағалау сипаттамаларының, олармен байланысты тәжірибелердің жиынтығы болып табылады».

Көбінесе әдебиетте Мен-концепциясының синонимдері ретінде жиі қолданылатын «Мен-бейнесі» термині жеке тұлғаның өзі туралы идеяларының динамикалық, бағалаушы, эмоционалды сипатын жеткілікті түрде жеткізе алмайды. Біздің ойымызша, кейбір ғалымдардың бұл терминдер мен-концепцияның бірінші статикалық, когнитивтік компонентін ғана белгілеу үшін қолданылуы керек деген пікірімен келіскен дұрыс. Екінші, бағалаушы компоненттің болуын атап өту үшін авторлардың көпшілігі «өзін-өзі бағалау» терминіне жүгінеді. Сонымен, Куперсмит (1967) өзін-өзі бағалауды жеке адамның өзіне деген қатынасы деп атайды, ол бірте-бірте дамып, үйреншікті сипатқа ие болады; ол мақұлдау немесе құптау ретінде көрінеді, оның дәрежесі индивидтің өзін-өзі бағалауға деген сенімін анықтайды. Розенберг (1965) өзін-өзі бағалауды дәл осылай анықтайды. Ол үшін бұл «Мен» деп аталатын белгілі бір объектіге бағытталған оң немесе теріс қатынас.

С.Андреас бұл терминдерді «бірін-бірі алмастыратын» терминдер ретінде қолданбауға шақыра отырып, өзіндік «Мен» және өзін-өзі бағалаудың арасына нақты шекара қояды. Біздің ойымызша, бұл терминдердің айырмашылығын өте айқын және анық түсіндіреді. С.Андреастың көзқарасы бойынша, «өзін-өзі бағалау – бұл біздің мен-концепциямызды

талдауымыздың нәтижесі. Ойлаудың логикалық деңгейлерін пайдалана отырып пайымдауды ұнататындар үшін келесі тұжырымды беруге болады: Өзіндік тұжырымдама тәжірибеге қатысты жалпылау болып табылады, сондықтан ол сипаттайтын тәжірибе жиынтығынан жоғары, жалпы логикалық деңгейге ие. Өзін-өзі бағалау - бұл мен-концепциясына қатысты жалпылау, сондықтан ол мен-концепция деңгейінен де жоғары логикалық деңгейге сәйкес келеді». П.Мусен де «өзін-өзі бағалаудың психологиялық процестері мен өзіндік тұжырымдамалары әртүрлі. Мен-концепция өзі туралы бағалаушы емес, сипаттаушы идеялардың жиынтығын білдіреді. Өзін-өзі бағалау түсінігі, керісінше, адамның өз қасиеттерін қалай бағалайтынын білдіреді» [2].

Ғалымдардың негізгі теорияларын зерделеп, талдай отырып, біз өзіндік концепцияда оның когнитивтік компонентін ғана емес, эмоционалдық-бағалаушы жағын да сенімді түрде бекіте аламыз. Өзін сипаттаудың кез келген әрекеті жалпыға бірдей танылған нормалармен, критерийлермен және мақсаттармен, жетістік деңгейлері туралы идеялармен, моральдық принциптермен, мінез-құлық ережелерімен және т.б. анықталатын бағалау элементін қамтиды.

Ал осы тармақта қарастыратын «Мен» тұжырымдамасының соңғы құрамдас бөлігі мінез-құлық компоненті болып табылады.

Адамдардың өз сенімдеріне сай әрекет ете бермейтіні белгілі. Көбінесе мінез-құлықтағы қатынастың тікелей көрінісі оның әлеуметтік қолайсыздығынан, жеке адамның моральдық күмәндарынан немесе оның ықтимал салдардан қорқуына байланысты өзгертіледі немесе толығымен шектеледі. Мысалы, қарапайым жағдай: өзін қатал адам санайтын жасөспірім мектептегі мұғаліміне қатысты мұндай мінез-құлық қасиеттерін көрсете алмайды.

Қазіргі уақытта дарынды оқушылардың жеке басын зерттеу бойынша көптеген зерттеулер бар. Осы зерттеулерді теориялық талдау барысында Мен-тұжырымдаманың сипаты мен құрылымдық компоненттеріндегі айырмашылықтарды анықтауға болады.

О.С. Анисимов субъектінің өзін-өзі көрсету және іс-әрекет жүйелерін бөліп көрсетті, олар келесідей көрінеді:

- өзін-өзі тану ретінде сыртқы қатынасқа «шығару»;
- басқаға көңіл бөлу және оған деген көзқарасты қалыптастыру шарты ретінде әрекетке кедергі: бағалау негізі ретінде ішкі күйді көрсету;
- өзін-өзі бейнелеуге және басқаны бағалауға қатысу;
- өзін-өзі бағалау және өзі туралы бастапқы идеяларды қайта құрылымдау үшін пайдалану үшін басқаның өмір сүру режимін алу;
- идеалға негізделген мінез-құлықты қайта құрылымдау; өз идеалымен сәйкестендіру;
- идентификация барысында өзі туралы идеялардың өзгеруіне байланысты мінез-құлықты қайта құрылымдау;
- идеалды өзін-өзі бейнелеу: әрекет жобасы, іс-әрекетті талдау және қазіргі және идеалды өзін-өзі бейнелеу критерийлері арасындағы қарама-қайшылықтағы тұлғаның күйі [3].

Сонымен, «Мен» тұжырымдамасының әртүрлі құрамдас бөліктері мен компоненттері туралы зерттелген материалды қорытындылай келе, біз келесі қорытынды жасауға болады: Мен тұжырымдамасы салыстырмалы түрде тұрақты, азды-көпті саналы, жеке адамның өзі туралы идеяларының бірегей жүйесі ретінде тәжірибеден өтеді, соның негізінде ол басқа адамдармен қарым-қатынасты қалыптастырады және өзіне сілтеме жасайды. Біртұтас, ішкі қайшылықтардан ада болмаса да, адамның өзіндік бейнесі, өзіне деген көзқарас ретінде әрекет етеді. «Мен-концепцияда зерттеушілер жеке тұлғаның жалпы әл-ауқатын анықтайтын өзіндік сананың тұрақты құрамдас бөлігін көреді. Мен-концепциясында субъектінің өзі туралы интеграцияланған білімінің рефлексиясы оның өзіндік сенімділігін, өзіндік ерекшелігін және тұтастығын сезінуге мүмкіндік береді. Өзіндік концепция келесі компоненттерді қамтиды:

1) когнитивтік – адамның қасиеттерінің, қабілетінің, сыртқы келбетінің, әлеуметтік маңызының және т.б. бейнесі; өзін-өзі тану;

2) эмоционалды (эмоционалды біртұтас, аффективті) – адамның өзіне тұтас немесе жеке аспектілеріне, әрекетіне және т.б. және өзін-өзі бағалау жүйесінде көрінеді;

3) мінез-құлық (регуляторлық) – танымдық және эмоционалдық компоненттердің мінез-құлықтағы, іс-әрекеттегі, қарым-қатынастағы көрінісі.

Мен-концепция – әлеуметтік әрекеттің алғы шарты мен салдары, әлеуметтік тәжірибемен анықталады. Оның құрамдас бөліктеріне мыналар кіреді:

1) шынайы Мен – жеке тұлғаның, оның шын мәнінде қандай екенін көрсетуі;

2) өзін-өзі айна - басқалардың оны қалай көретіні туралы түсінік;

3) идеалды Мен – жеке адамның өзінің қалай болғысы келетіні туралы идеясы.

### Әдебиеттер

1. Калинаускас И.Н. Игры, в которые играет Я. - СПб.: ИК «Невский проспект», 2003. - 288 с.

2. Майерс Д. Социальная психология. 6-е международное издание. - Питер.: 2002. - 752 с.

3. Epstein S. The self-concept revisited: or a theory of a theory. // American Psychologist. V. 28, 1973. - p. 404-416.

ӘӨЖ 373.3

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГЫН ДУАЛЬДІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

2-курс білім алушылары **Қожабайқызы Б., Есенгелді Ғ.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: – **Мұса Н.Б. ғ.м., аға оқытушы**

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру және құрлымдық жүйелерінің өзара әрекеттестігі мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту үдірісі басталды. Осыған орай, мамандарды даярлау жүйесінде оқытудың дуалдық жүйесін енгізу тапсырылды. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-бастауыш сынып педагогтары мамандарын даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады [1].

Дуалды білім беру дегеніміз, ол – техникалық-кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандарын даярлау деген сөз.

Білім берудің дуалды жүйесін енгізу үрдісі қажет ететін кезеңдер мен келелі мәселелер жиынтығынан тұрады, атап айтқанда:

1. Заңнамалық деңгейде шешімдер қабылдау немесе өзгерістер енгізуді қажет ететін мәселелер;

2. Дуалды білім беру жүйесін методологиялық және әдістемелік негізде көрсететін мәселелер;

3. Мүдделі орталарда (бизнес – құрылымдар, білім алушылар, студенттер, педогогикалық ұжымдар) дуалды білім беру жүйесін жүзеге асыру механизмі мен идеялық негіздерін қозғаумен байланысты мәселелер;

4. Ұйымдастыру мәселелері (оқу үрдісін ұйымдастыру, практикадан (қолданбалы) өтуді ұйымдастыру, оқыту үрдісінің компоненттері);

5. Қаржы мәселелері.

Дуалды білім беру оқу үрдісінде жүзеге асырылуы колледждерде қалыптасты. Экономиканың өндірістік секторлары үшін біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмыс мамандары аса қажеттілік тудыратын болғандықтан да колледждер базасында дуалды білім беру жүйесін енгізу қарастырылады [2].

Жобаны жүзеге асыру кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі. Білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының әрекет ету бағдарламалары мен жоспарларын біріктіру жағдайларында дуалды білім беру жүйесін әзірлеу және енгізу:

нормативтік – құқықтық базаны дайындау;

оқу құжаттамасын (оқу жоспарлары, бағдарламалары) әзірлеу және бейімдеу;

штаттық нормативтер, тарификациялау механизмі, оқу кестесін әзірлеу;

ғылыми – әдістемелік, кадрлық, техникалық, жобаны ақпараттық қамтамасыз ету механизмдерін анықтау және әзірлеу.

2. Енгізу кезеңі. Халықпен және әлеуметтік серіктестермен ақпараттық – түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Дуалды білім беруді жүзеге асыратын мекемелерді ресурстық қамтамасыз ету, эксперименталдық модульдерді жүзеге асыру.

кәсіби – бағдар қызметі;

оқу – теориялық қызметі;

кәсіби – практикалық қызмет.

3. Қорытынды кезең.

Дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмыстар нәтижелерін талдау және жалпылау; оқыту үрдісінің нәтижелілігін бақылау және талдау бойынша аттестациялық қызмет.

Дуалды білім беру жүйесін енгізу кезінде колледждердің қызмет саласы мен құзыреттілігіне мыналарды жатқызуға болады:

Дуалды білім беру жүйесін енгізу кезінде колледждердің қызметі:

Дуалды білім беру жүйесінің бағыттары:

- колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту;

- кәсіптік оқытудың дуалды жүйесін енгізу арқылы әлеуметтік әріптестікті дамыту;

- бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін инновациялық технологияларды қолдану;

Әлеуметтік әріптестікті дамыту бағыттары

Өндірістік тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламаларын бірлесе әзірлеу;

Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы білім алушылардың тәжірибелік оқуын ұйымдастыру (құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану мүмкіндігі беріледі);

Оқу бітірушілердің қорытынды аттестациясы кезеңінде кәсіпорын өкілдерінің мамандар даярлау сапасын бағалауы;

Бірлескен конференциялар мен семинарлар өткізу;

Ары қарай жұмысқа орналасумен өндірістік тәжірибеден өтуге үшжақты шарттар жасау;

Кәсіпорындарда арнайы пәндер оқытушыларының сынақ өтулерін ұйымдастыру.

Қазақстанда оқу орындарының басым бөлігі дуалды оқытуға көшуде. Кеңестер заманында техникалық және кәсіптік оқытудың 50 пайызы өндірістік оқытуға негізделген болатын. Ал, Қазақстандық дуалды оқыту жүйесі кәсіпорын, жұмысшы, мемлекет тарапынан біртұтастықта қарастырылады.

Жаңадан енгізілген дуалды оқыту жүйесі төмендегі мәселелерді шешуге оң ықпал етпек:

- қажетті мамандарды анықтау;
- түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету;
- техникалық және кәсіптік білім беру саласын қаржыландыру болып табылады.

Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз-теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі-Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды [3].

Келешекте дуалды білім беру жүйесін іске асыру барысында

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

1. Талапкерлердің кәсіби өзін өзі билеуі;
2. Оқу мекемесінің тартымдылық беделінің артуы, студенттер контингентінің жоғарылауы;
3. Білім алушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, элективті (икемді) курстар бағдарламаларын әзірлеу;
4. Мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;
5. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылауы;
6. Бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы;
7. Бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;
8. Бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;
9. Білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде қосу арқылы кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясын кеңейту;
10. Білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылату.

Дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі:

- мамандарды даярлаудың дуалды жүйесі білім берудің дәстүрлі нысандары мен әдістерінің негізгі жетіспеушіліктері – теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды;
- даярлаудың дуалды жүйесінің құрылымында маманға әсер етіп, болашақ қызметкердің жаңа психологиясын жасау механизмі жатыр;
- қызметкерлердің дуалды білім алу жүйесі білім алу мен жұмысқа дағдылануға жоғарғы мотивация береді, өйткені олардың алған білімдерінің сапасы жұмыс орындарында атқаратын қызметтік міндеттеріне тікелей байланысты;
- сәйкес мекемелер басшыларының өз қызметкерлерін іс жүзінде оқытуға мүдделілігі;
- тапсырыс берушімен тығыз қатынаста жұмыс істейтін оқу орыны оқу барысында болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескереді;
- дуалды білім беру жүйесі таяу жылдары Қазақстанның кәсіби оқытуында кеңінен қолданылуы мүмкін.
- мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді;
- еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Дуалды оқыту жүйесі келешекте маманның болашақ кәсіби бойынша жұмыс орнын табу мәселесіне, оқуға да, ынтасына да тікелей әсер етеді. Олар өндіріске маман ретінде бекітіле отырып, оқу барысында ерекше көзқарас қалыптастырып, жауапкерлікті түсініп, қызыға оқиды. Сонымен қатар студент өндірістік ұжымдағы қарым-қатынасқа ерте бейімделіп, әлеуметтік ортаға үйренеді. Бұл жерде еңбек нарығында сұраныс болса, жаңа бітірген жас маман жұмысқа тез-ақ орналасатынын ерекше айтып өткім келеді. Ақиқатында жастарға дуалды оқыту жүйесі ересек өмірге өтуге бейімделу жеңіл болады. Оқу барысында өз еңбегіне ақы ала отырып, ал кейін жақсы маман жұмыс орнына кедергісіз орналаса алатын

болады. Дуалды оқыту жүйесі Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швейцария сияқты көптеген еуропалық елдерде және соңғы жылдары Қытайда және Азияның басқа да елдерінде кең тараған және оң нәтижеге ие болып отыр және осы дамыған елдердің қатарында Қазақстан Республикасында биік тұғырдан көрінетіне сенімдімін. Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз [4].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту жүйесіне қызмет ететіннің барлығы - біздің еліміздің болашағына қызмет етеді» -деп атап көрсеткендей, дуалды білім беру жүйесі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналаса алуына кепілдік береді, демек «Дуалды оқыту - кадрдың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі».

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
3. «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың жолдары», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы № 4 (13) 2007ж;
4. «Қазіргі білім беру технологияларының әдіснамалық негіздері», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №8 (20) 2008ж;

ӘОЖ 94 ( 574)

#### **М.ӘУЕЗОВТІҢ «ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕ «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫН СУРЕТТЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ПФ21- 1к тобының студенттері **Қуаныш А., Орынбасар С.**  
Ж.А. Ташенов атындағы университет  
Ғылыми жетекшісі аға оқытушы **Арынбаева Р.А.**

М.Әуезовтің көп жылдар бойында жинақталған, газет –журналдарда жарияланған мақалалары мен зерттеулерін жеке кітап етіп шығару 1958 жылы ғана сөз болады. Алғашқы тәжірибе ретінде 1959 жылы «Әр жылдар ойлары» атты жинақ жарық көрді. Ал М.Әуезовтің ғылыми еңбектерінің қазақ тіліндегі бір томдығы 1962 жылы жарық көрді. Алғашқы жинақты редакциясымен өзі айналысып үлгірсе, ал кейінгі «Уақыт және әдебиет» атты жинақты редакциялаған, құрастырған Ысқақ Дүйсенбаев еді. Екі бөлімнен тұратын бұл жинақтың бірінші бөлімін ғылыми зерттеулеріне, ал екінші бөлімін мақалалар, рецензиялар, сөйлеген сөздер мен баяндамаларына арнайды.

М.Әуезов қайтыс болғаннан кейін, оның әдеби – мемориалдық музейі 1963 жылы 27 қарашада ашылып, шығармаларының қолжазбалары және жазылу тарихына қатысты әр түрлі жазба материалдар жүйеге келтіріліп, зерттеу ісі қолға алынады. Жазушының қолжазба мұрасының сипаттамасы жеке кітап болып басылып, 1972 жылы «М.О.Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» «Ғылым» баспасында басылып шықты. Әуезов шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер, диссертациялар, естеліктер жазылды.

М.Әуезов туралы алғашқы монографиялық очерктердің авторлары З.Кедрина мен А. Нұрқатов болды. Кейінірек Е.Лизунованың, Л.Әуезованың, З.Ахметовтің, З. Қабдоловтың, М.Мырзахметовтің, Т.Жұртбаевтың монографиялық еңбектері жарық көрді.

Әрине, жіті қараған кісі А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) кітабындағы жанрлық жіктеулердің, термин, категориялардың, анықтамалардың дәлдігін,

тереңдігін, өнердің ұлттық ерекшеліктерін тап басып айтудағы даналықты бірден көрер еді [1]. Бұл әдебиеттанудан алғашқы байсалды теориялық зерттеу болса, соған іле-шала өкшелес шыққан М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» аты кітабы қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш жүйелі еңбек болып саналады. Бұл туралы 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында»: «Қазақстан фольклористері ендігі жерде ауыз әдебиетін сала-салаға бөліп зерттей бастады. Ауыз әдебиетінің шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай бөлу, бұрын зерттеу ісінде болып келген кемшіліктердің орнын толықтырды, өйткені Радловтың жинағы шыққаннан кейінгі мезгілде бұл мәселе шын мәнінде қайта қаралмаған еді. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бас кезінде Фалев, Диваев, Сейфуллин, Әуезов сияқты фольклорист-ғалымдар ауыз әдебиетін жанрға бөлу жөніндегі мәселені қазақ халқының тарихымен байланыстырады. Осы айтылған жайлар 1920 жылдардың соңғы кезінде М. Әуезов еңбегінде («Әдебиет тарихы» Қызылорда-Ташкент 1927 ж.), 1930 жылдардың бастапқы дәуірінде С. Сейфуллин зерттеуінде («Қазақ әдебиеті» 1-кітап, Қызылорда, 1932 ж.) тереңірек баяндалады», – деп жазған.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мен «Қыз Жібек» махаббат жыры болумен қатар көшпелі қазақ халқының өзгеден бөлек тұрмыс – тіршілігінен, салт, кәсібінен көп мәлімет беретін, қалың қазақ жайлаған жібектей шалғыны, көлеңкелі ағашы, қоңыр желі, малға шүйгін ақ көдесі бар. Сарыарқаның жыры барлық қазақ елінің ішкі, сыртқы өмірінің күйі, даласы мен кәсібі, салтының жыры... Кең ауданды әңгіме осы сияқты белгілеріне қарағанда, Қозы Көрпеш қазақтың сымбатты өнерінің ішінде ұзаққа созылған тұтас бір дәуірдің мол қорытындысы болады» [2,120-б.] – деп жоғары баға береді.

«Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі» атты бұл талдауында жазушы жыр кейіпкерлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысының бір-біріне де, басқаларға да мүлде ұқсамайтын өте шебер жасалған типтік бейнелер тізбегі сияқты. «Ежелден мінезге қарап, адамға баға беріп, бар өмірінде мінез бен туысқа қарай сын жасап, барлық тіршілік жіптері көп тараулы мінездермен жалғасатын қазақ елі бұл әңгіменің тұсында өзінің мінез сынына жүйріктігін айқын көрсеткен» [2, 121-б.], - дейді. Жырдағы бір жағынан, өте нәзік, сұлу сезімді махаббат иелері мен, екінші жағынан, қара күш пен дүниеқор пысықтардың тартысы «қасын түйген қара бұлт пен жүйрік, өткір найзағайды алыстырғандай болады,» - деп сипаттап көрсетеді.

Автор осы сияқты жырдың аса жоғары көркемдік ерекшеліктері қатарына оның мағыналы мазмұнынан басқа тіл кестесі мен өлең түрін де қосады. «Мұның тілі батырлар өлеңіндегі құлан жортыс сияқты құба жондатқан аспандағы тіл емес. ...Жақын замандағы шешен қазақтың ортасында кестелеп айтылып жүрген қара тілі» [2,131-б.].

Оның ішінде кәрі-жас бірдей сүйегін салт өлеңдері: жар –жар, қоштасу, естірту, жоқтаудың бәрі де бар. Олар әңгіменің ағымына өте жарастық болып, сұлу түр болып үйлесіп кететінін айрықша атап өткен.

М.Әуезов «Қыз Жібек» жырын да өзіндік ерекшеліктеріне қарай талдай келіп, оны ел әдебиетінің ішінде жазбаның романы сияқты көрінеді деген тұжырым жасайды.

Бұл 3-бөлім 1939 жылы шыққан еңбекте «Ғашықтық жырлары» деп аталып, біраз өзгертілген. Авторлар «Ғашықтық жырларының» батырлық эпостан басты- басты үш өзгешелік, ерекшелігін атап көрсетеді:

1.мұндағы өзекті тақырып екі жастың ынтық махаббаты мен бақытқа жету жолындағы тартысы, қайғы- зары; 2.бұл жырлардың драмалық негізде халықтың әдет- ғұрып салты жатады; 3.бұларда образдар реалистік түрде сипатталады, оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттері психологиялық жағынан нанымды етіп беріледі деп есептейді.

Қорыта келгенде, жырдың ескі әдет-ғұрып, ертедегі сенім-нанымнан аса алмай, жесірлік, әмеңгерлік салтына амалсыз ойысқанына өкініш білдіреді. Дегенмен «Қыз Жібек» жырының көркемдік ерекшелігін сүйсіне отырып талдайды.

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» атты оқулығында: «Қыз Жібек» - ел салты, ел ескілігінің бір табысы. «Қыз Жібек» әңгімесінде қазақ сияқты елдің бұрынғы әйелге берген бағасы білінеді... «Қыз Жібек» әңгімесі жалғыз ғана әйел емес, барлық елдің дүниені түсінуі мен



ұғынуын тұтас көрсетеді [2,135-б.], - деп кейіпкерді жалғыз емес, сол ортасымен тығыз байланыста қарастырады

Жырдың ең құнды жағы, оның тілінің өте бай, таза, көркем болып келуінде деп, «...Сипаттауға келгенде, көріктеу, ұқсатудан гөрі теңеу сөздерді молырақ қолданады»... Көп жерде жырдың ұйқасы тек сыртқы жағынан ғана емес, көбіне ішкі жағында болады» [2,413-б.], - деп әдеби көркемдік талдаудың да үздік үлгісін көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Жазушы, 1989.-119б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы: Ана тілі, 1991.-240б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы: Жазушы, 1-кітап, I том, 1960.-430б.
4. Песни степей. -Москва: Просвещение, 1940.-230с.
5. Әуезов тағылымы. -Алматы: Жазушы, 1987.-430б.

ӘОЖ : 821.512.122

### **МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ, ПОЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ**

**Құттыбаева Ж., Омарова Д.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі-ғ.м., аға оқытушы **Мұса Н.Б.**

Әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуенов Мағжан поэзиясы туралы тебірене тұрып, былай толғайды: «Өлмейтұғын өлең жазғандар халық жүрегінде мәңгі сақталмақ. Бұл заңдылық Мағжанға да қатысты. Мағжан поэзиясы жарты ғасырдан аса ел көзінен таса жерде ұсталды. Тіпті Қазақстаннан да әрі ұзатылып жіберілді. Олай дейтінім, ақынның үш жинағының үшеуін де Алматы кітапханаларынан таба аламай, Москва, Ленинград кітапханаларына баруға тура келді. Тілеуің бергір, солар ғана ақын мұрасын сақтап қалыпты.

Алайда кітаптары елінен жырақ кетсе де, ақын поэзиясы, әлгінде айтқанымыздай, халқымен бірге болды. Туған әдебиетінің төрінен амалсыз кетсе де, көңілінің төрінен кеткен жоқ. Қазақ поэзиясының стилистикалық құрылымында үнемі үстемдік етіп келді десек, артық айтқандық болмайды. Үш бірдей елдің – татар, орыс, қазақ ғалымы саналатын, Мағжан поэзиясының жалынды насихатшысы профессор Хайролла Махмудов айтқандай, «Мағжанның поэтикалық мәдениеті, оның асқан шеберлігі қазақ поэзиясына ғана емес, басқа түркі халықтарының (татар, өзбек, қырғыз, башқырдың) белгілі ақындарының творчествосына игі әсерін тигізді» [2, 32-б.].

Міне, әдебиетші ғалымдардың пікірі - осындай. Мағжан ақын өз жолын өзі жасаған, жаңа шығармашылық контекст жасаған ақын екендігін кезінде замандастары да мойындаған. Мағжан стилі сол кезде бүкіл қазақ поэзиясына әсер еткен. «Абай мектебі» сияқты «Мағжан мектебі» деген түсінік те пайда болған. Ақынның замандасы, үзеңгілес сырласы Жүсіпбек Аймауытов әдемі бір шындықты жайып салған:

«Санап тексеріп қарасақ, - дейді Жүсекең, - Мағжанға қарсы жазып жүрген ақындарымыздың бәрі Мағжан өлеңінің даяр түрімен жазып отырғанын көресіз. Жеңіл-желпі өлеңшілер былай тұрсын бір кезде күшті болған ақындарымыз Мағжанға ұстаз болған ақындарымыз бұл күнде өлең жазса, баяғы шәкіртіне еліктейтін болыпты» [2, 33-б.].

«Қазақ әдебиетіне Мағжан әкелген жаңалық хақында жоғарыда біз де біраз ой айтуға тырыстық. Тіпті тақырып жаңалығының өзі қаншалық. Және соның бәрі кездейсоқ қаламға іліне салған дүниелер емес. Терең ой жүйесінің сілемдері. Адамзаттың алыс нысанасын, түпкі мүдделерін қозғаған кең тоғаныстар. Қазір, мәселенки, біздер ұлт тағдыры мен экологияның ішкі байланысы бар екеніне көз жеткіздік. Мұны өзімізше пікір ретінде

кабылдадық. Ал шынында, бұл пікір Мағжанның ел-жұртым деп өксіген жүрегінің ұшқынынан туғанына шәк келтіруге болмайды.

Немесе тіл мәселесін алайық. Мағжан түсінігінде бұл ұлт суверендігінің кепілі іспетті. Ол аман тұрса, құлаған туың да қайта тігілмек. Қазақ тілін ол сарқылмас кенішке бағалаған. Алтын күннен бағасыз белгі боп көрінсе де, алынбас қамалың осы болуға керек, дейді ақын «Қазақ тілі» өлеңінде. Отаршылдық мүшкіл хәлді еске алып, Мағжан бірлік, елдік, ерліктен айырылып қалдық. Бірақ тіл тұрғанда, тіл амандығында шүкірлік ету керек деген сыңайда ой тербейді. Бытырыған балалары болса, бауырына жинап алар да осы баба тілі – «нұрлы жұлдыз», дейді ақын. Бұдан да Мағжан поэзиясының актуальділігі, өміршендігі сызат береді. Қазіргі ана тілі айналасында қызған айтыс таластарды еске алсақ, бұған иланатынымыз сөзсіз» [2, 34-б.].

Мағжан Жұмабаев туралы қазір айтылып, жазылып, жарияланып жатқан мақалалар, ой-пікірлер – өте көп. Бірақ олар көбіне таныстыру, жеткізу, сипаттау дәрежесінен аса алмайды. Арнайы зерттелетін мәселелер, әрине, ұшан-теңіз. Мағжан поэзиясының өзі зерттеушілерге таптырмас, таусылмас тақырып қой.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген әдебиетінде Сәбит Мұқанов М.Жұмабаевтың творчестволық мұрасына мынадай баға береді:

«Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқақ ақын қазақта жоқ» [1].

Бұл – шындық және биік те әділ берілген баға. «Және атап өтуіміз керек – жүрек жұтқан көзсіз ерліктен туындайтын, «бас кеспек болса да, тіл кеспес жоқ» деп шындықты айтудан тайсалмайтын батыл баға. Олай дейтініміз – С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегі Сталиннің культі қағына бастаған шақта жарық көрді. Бұл кезде М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар айдауда, абақтыда. Солай бола тұрса да, олардың халық көңілінен шығармау үшін кітап жазып, жария еткен, көп мағлұмат қалдырған Сәбеңе бүгін біздің айтарымыз тек алғыс қана болуға керек.

Рас, Сәбең кітабында сол кездің солақай дәрекі социологиялық сынының табы бар. Оны өзі де кейін мойындаған. Бұл үшін Сәбең пәлендей өкпе артудың керегі жоқ сияқты. Біріншіден, олай сынамаसा, кітаптың жарық көруі де неғайбіл еді. Екіншіден, М.Жұмабаев творчествосында қаншама «жуып-шайғанымызбен» идеялық кінәрат-кемшілік расында бар ғой. Оған көзжұмбайлық жасау да жөн емес. Бұл кемістік, ағаттықтар жайында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы қорытындысында әділ де дұрыс айтылды емес пе? Үшіншіден, сол кітабы, берген бағалары үшін С.Мұқановтың өзі де талай көресіні көрді ғой. Оны неге есепке алмаймыз?

С.Мұқановтың тіл өнегесінде Абайдан соң Мағжаннан асқан ақын жоқ дейтініне көп сыр бұғулі. Сәбең қазақ ақынының жаңашылдығын Мағжан тұсында әдеби байланыстардың күшеюімен түсіндіреді. Бір кезде өлең үлгісінде Шығыстың, араб, парсы әдебиетінің әсері күшті болды. Қазақстанның Россияға қосылуынан кейін жағдай өзгереді. Европа, орыс мәдениетінің озық өнегесі қазақ сахарасына әсерін тигізе бастады. Оның насихаттаушылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сияқты орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған, дүние жүзі мәдениетінен нәр алған қазақ интеллегенциясы, зиялылары еді. Абай жолын берік ұстаған олар қазақ қауымын орыс тілі арқылы цивилизацияның жетістіктерін игеруге баулыды» [2, 35-б.].

Мағжанның қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығының аз емес екенін жоғарыда аталған мақаласында Жүсіпбек Аймауытов та қуаттайды. Әсіресе өлең техникасын жетілдіруге сіңірген еңбегін баса айтады. Жаңа өлшеулер шығарды, тілді ұзартты дейді. Мағжанның суреткер, сөз ұстасы дегеніне тағы бір дәлел есебінде, Жүсекең мынадай пікір тарқатады:

«... Ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп (школ) ашқан күшті ақын Мағжан екеніне дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшемдерін түрлендірген тағы да Мағжан. Мағжан тыңнан 8 – 9 өлшем туғызды, бәрін

бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары бел», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс» тағы басқа өлеңдері Абай өлшеуінде жоқ.

«Біраз Фетше» өлеңі 2 буынды тармақтан түзілгенін Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми еңбегінде арнайы атап өтеді» [3].

Сыршылдық, лирикалық жағынан Мағжан көп ақынға дес бермейді.

Бұл жаңалықтардың мәнісін мазмұн мен форма арасындағы сабақтастықтан іздеуіміз керек. Сонда ғана Феттің 7 буынды, 2 бунақты өлеңін («Шепот, робкое дыханье») Мағжан не себепті 2 буын, бір бунақ етіп аударғанына қанық бола аламыз.

Сонымен, Афанасий Фет өлеңі айлы жарық түні кездескен екі жастың құпия сырын көпшілікке шаша бермейді. Олар көрінбейді. Күңгірт, бір тұтылған шымылдыңтың артында тұрғандай. Суреті тым боз-боқыр. Тек сыбыр-сыбыр, күбір-күбір деміккен дауыс қана алыстан естіледі. Мағжан осы сәтті өзінше шешпек болады. Қалай? Буын санын барынша қысқарту арқылы. Өлең одан ұтпаса, ұтылмаған. Қазақтың таным-түсінігіне қайта жақындай түскен сияқты. Түпнұсқадан аударма тек түр жағынан ғана алшақтаған. Өлеңнің тақырыбын өзгертіп, «Біраз Фетше» деп аталуы да сондықтан болуы тиіс.

Сонымен Мағжан әдебиетте жаңа түр тауып отыр. Оқырман аударманы жатырқамай, ақынның табиғи өлеңіндей қабылдаған. Қайта Мағжан А.Фет өлеңінің ажарын аша түскен. Мағжанның тапқырлығы осында.

Ақынның «Шылым», «Александр Блок», т.б. жырлары - аралас буынды өлеңдер. Ол, әсіресе, Абайда көп кездесетін түр. Ондайлар көне әдебиетімізде кездескенімен, тек Абай ғана келістіріп құбылтқан құрылым. Мағжанның жаңағы өлеңдерін сол аралас буынды өлеңдерінің жалғасы деп түсінуіміз керек.

Абайдан бір мысал:

Бойы бұлғаң,

Сөзі жылмаң

Кімді көрсем мен сонан

Бетті бастым.

Қатты састым,

Тұра қаштым жалма-жан [5, 135-б.].

Бастапқы екі тармақ 4 буыннан келеді де, үшіншілері 7 және 8 буыннан тұрады.

Енді Мағжанның «Шылым» өлеңінен үзінді келтіріп көрелік.

Қолда шылым,

Тартып, күлін

Түсіремін табаққа.

Кейде ұмытып,

Түтін жұтып,

Жіберемін тамаққа [4, 85-б.].

Мұнда алғашқы екі жол 4 буыннан тұрса, үшіншісі – 7 буын және бір бунақ. «Александр Блок» өлеңінде аяғы қос тармақ 5 буынды да, үшіншісі – 6 буын.

Александр Блок –

Мәңгі жас жүрек

Үмітін бір үзбеген.

Батып алтын ойға,

Талмай қарап Айға,

«Әдемі әйел» іздеген [4, 85-б.].

«Мені де, өлім, әлдиле» атты өлеңінің екі жолы 8 де, үшінші 7 буын құрайды. Мұндағы айырма әр шумақ 11 жолдан тұрады және соңғы тармағы әр шумақтың соңында рефрен ретінде қайталанып отырады.

Қажыдым енді, күш бітті,

Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,

Жел бұйығын тербелген,

Әлдекімнің өлгенін,

Оны қалай көмгенін,  
Әңгіме ғып күңіренген.  
Жел, күңіренбе, жасың тый,  
Өлім күйі – тәтті күй.  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле!.. [4, 95-б.]

Аралас буынды осы үш өлеңді Абай өлеңдерінде кездесетін үлгілермен салыстырғанда түйетініміз мынау: Мағжан ұлы ұстазы Абай ашқан түрлерді жетілдіре түскен. Әсіресе, оқырман назарын аударатын белгілі бір сөздерді қайталауларды күшейткен.

Мағжан Жұмабаевтың әдебиеттің поэзия саласына әкелген жаңалықтарын Мұхтар Әуезов те ерекше бағалаған.

«Абайдан соң «Мағжанды сүйемін, европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін – деп жазды Мұқаң. – Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарқыраған Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмайды, нәрлі-нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бір жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, арқы күйге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [4].

Мұхтар Әуезов пікірінен түйетініміз: Мағжан Жұмабаев қазақ өлеңінің әшекейін, жылтырағын жаңа сапаға көтерген. Өлең кестесінің келісімін келтіру, поэзияның әуезділігін, күйшілдігін арттыру жағынан Мағжан өзіне тұтастардан алдына жан салмайды.

Ахмет Байтұрсынов та Мағжан поэзиясы жөнінде осыған жуық пікір айтады. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде теоретик ғалым өлең табиғатына байланысты талдауларын үнемі Мағжан шығармаларына сүйенеді, Абай туындыларымен бірге үлгі есебінде алып отырады. Мәселен, «Әдебиет танытқышта» Мағжанның толқынды қалай кескіндегені көрсетілген.

Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқынмен толқын жарысад.  
Күңіренісіп кеңеспен,  
Бітпейтін бір егеспен  
Жарысып жарға барысад [4, 76-б.].

Мағжан өлеңдерінде біз сөздің көркін, әрін келтіретін көріктегіш құралдарды көптеп кездестіреміз, әсіресе, тенеулер мен эпитеттер молынан ұшырасады. Ол белгілі журналдарды («дай», «дей» т.б.) пайдалана отырып өзінің суреттеп отырған нысанын жеткізуге тырысады:

#### Әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002
- 2.Елеукенов Ш.Р. Мағжан Жұмабаев.- Алматы: Білім, 1990
- 3.Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2012
- 4.Жұмабаев М. Жан сөзі. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005
5. Аймауытов Ж.«Мағжанның ақындығы» //Қазақ әдебиеті, 1989 жыл,27 қаңтар

## **Буллинг және кибербуллингке қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері**

**П.ғ.д., профессор Шалғынбаева К.К.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана қ. Қазақстан

### **Аңдатпа:**

Мақалада буллинг пен кибербуллингке қатысушылардың (ата-ана, бала, мұғалім, тәрбиеші және т.б) әлеуметтік –психологиялық ерекшеліктеріне теориялық және практикалық тұрғыдан сипаттама беріліп, буллинг пен кибербуллингтің түрлері анықталған. Сонымен қатар отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың буллинг пен кибербуллингтің түрлері бойынша анықтамалары нақтыланған.

**Түйін сөздер:** буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, отбасындағы зорлық-зомбылық, жасөспірімдер, физикалық күш қолдану

### **Резюме:**

В статье с теоретической и практической точки зрения описаны социально-психологические характеристики участников буллинга и кибербуллинга (родителей, детей, учителей, воспитателей и др.), а также определены виды буллинга и кибербуллинга. При этом уточнены определения отечественных и зарубежных ученых о видах буллинга и кибербуллинга.

**Ключевые слова:** буллинг, кибербуллинг, насилие, домашнее насилие, подростки, физическое насилие.

### **Summary:**

The article describes the socio-psychological characteristics of bullying and cyberbullying participants (parents, children, teachers, educators, etc.) from a theoretical and practical point of bullying and cyberbullying. At the same time, the definitions of domestic and foreign scientists on the types of domestic and foreign scientists on the types of bullying and cyberbullying have been clarified.

**Keywords:** bullying, cyberbullying, violence, domestic violence, teenagers, physical abuse.

**Мақала BR 18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің мақсатты- қаржыландыру бағдарламасы аясында жарияланды.**

«Әлеуметтік психология» термині топтың және топ ішіндегі халықтың мінез-құлқын, іс-қимылының жағдайын, топпен ара қатынасын анықтайтын психологияның бір саласы. Д. Майерс әлеуметтік психологияға: « бұл әртүрлі жағдайлардың әсерін зерттейтін ғылым, адамдардың бір-бірін қалай қабылдайтынына және бір-біріне қалай әсер ететініне назар аударды, дей келіп, жазушы Герман Мелвилдің мынадай бір сөзін басшылыққа алады: «біздің өмірімізді мың көрінбейтін жіптер байланыстырады», демек, әлеуметтік психологияның мақсаты – осы байланыстардың мәні мен маңызын түсіну, ал ол біздің бәрімізді қызықтыратын сұрақтарға жауап іздейді және соған жауап беруге алып келеді» деген анықтама береді[1]. Демек, әлеуметтік психология адамдар арасындағы тұлғаралық қарым-қатынас және бір-бірінің қарым-қатынасына әсері, ықпалы жайлы зерттейтін ілім деп тұжырымдауымызға негіз болады.

Олай болса, адамның әр жас кезеңіндегі әлеуметтік сапалық өзгерістері әлеуметтену үдерісінің негізі мен мәнін құрайды. Оның себебі айналадағы ортаны өзінше

қабылдауына және соған лайық мінез-құлық, әрекет, іс-қимыл жасауына бағыттайды. Жасөспірімнің айналасында болып жатқан құбылысты қалай қабылдауына қарай, соған сәйкес іс-әрекет жасап, жауап беруі оның біртіндеп сол айналасын саналы сипатта қабылдай бастауының көрінісі. Жасөспірімнің әлеуметтік өзгеріске ұшырауы ол табиғи заңдылық. Өйткені, әр жас кезеңінде бала өзіндік ерекшеліктерге ие болады, ол оның әлеуметтік қалыптасуының ерекшелігін анықтап, осы үдерісте маңызды рөл атқаратын белгілі субмәдениеті қалыптастасады.

Мәселен, бүгінгі таңда Қазақстанның барлық өңірінде зорлық-зомбылық құрбандарына тегін медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық қызметтер, сондай-ақ уақытша баспана беру қызметтері көрсетілетін 35 дағдарыс орталығы жұмыс істеуде (17-сінде баспаналар бар), ал 2006 жылы 10 өңірде ғана 24 орталық жұмыс істейді [2]. Сонымен қатар, **отбасыларды** қолдаудың ресурстық орталықтарының қызметі ұйымдастырылған. Формальды білім беру жүйесінде оқушыларды адамгершілік және патриоттық сезімге тәрбиелеуге қатысатын әкелердің қоғамдық бірлестіктері дами бастады. **Отбасы күні белгіленіп**, жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысы өткізіледі, отбасылық қарым-қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған жалпыұлттық жоспар бекітілді, ол отбасылық құндылықтарды нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру, Жалпыға бірдей еңбек қоғамын құру сияқты үш бағыт бойынша іске асырылады, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Бұдан әрі 2016 жылғы 6 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат» тұжырымдамасы қабылданып, шұғыл шешім қабылдауды талап ететін төмендегідей өзекті мәселелер көтерілген:

- Ажырасу және некесіз бала туу үдерісінің өскені байқалады. Шамамен әрбір үшінші неке ажырасуда. Кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасу үлесі көбейді. 2011 жылы 160,5 мың некенің 44,9 мыңы ажырасса (28%), 2015 жылы 148,7 мың некенің 53,3 мыңы ажырасқан (35%);[3].

- Толық емес отбасылар саны артуда. 2009 жылы 1999 жылмен салыстырғанда толық емес отбасылар үлесі 6,8%-ға артқан. Олардың ішінде 400 мыңнан астам әйел 700 мыңнан астам баланы, ал 60 мыңнан астам ер адам 300 мыңнан астам баланы тәрбиелеп отыр (15,1% бала анасымен ғана, 6,4% бала әкесімен ғана тұрып жатыр). Демек әрбір 5-бала толық емес отбасында өмір сүруде;

- «Азаматтық» және кейбір этникалық топтар өкілдері арасында туысқандық некелер белгілі бір деңгейде орын алуда. Ерлер мен әйелдердің азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркелмей, діни мекемелер арқылы неке қию жағдайлары жиіледі. Бұл ретте отбасының қолайсыз құндылықтары, оның ішінде әйелдің отбасындағы рөлі, оның әлеуметтік белсенділігі мен жұмысбастылығы дәріптелуде. Кейіннен осындай отбасыларда ажырасуға әкеп соқтыратын жанжалдар болып жатады;

- Қыз алып қашу және оларды күштеп тұрмысқа беру оқиғалары орын алуда, бұл өз кезегінде ұлттық салт-дәстүрді қайта жаңғырту емес, құқықтық зайырлы мемлекетте қылмыс болып табылады;

- Ерте жастан некеге тұру, кәмелеттік жасқа толмағандардың жүкті болуы, ерте жастан аборт жасату проблемалары орын алуда, бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде кеңінен таралып отыр. Қазақстанда екі миллионнан астам 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар мен бойжеткен қыздар тұрады, бұл республикадағы барлық әйел тұрғындардың бесінші бөлігі. Соңғы бес жылда жасөспірімдер жүктілігі бойынша 33 051 жағдай тіркелген, оның ішінде 15 пен 18 жас аралығындағы қыздар арасында 9 906 аборт жасалған. 15-18 жасқа дейінгі қыздар арасындағы аборт саны жоғары болып қалып отыр және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен қыздардың жалпы санының 0,1%-ын құрайды немесе жылына шамамен 2 мың аборт жасалады; [4].

Бүгін таңдағы қоғамда *отбасындағы зорлық-зомбылық* және қатыгездік жағдайлары жиілеп кетті. Ал, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңының 4-бабында тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін, оларға тоқталып өтсек:

- Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

- Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

- Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

- Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру [5].

Осылайша, әлемде отбасындағы зорлық-зомбылықтың төрт түрінің жиі қайталанатыны анықталды. Бұл физикалық зорлық-зомбылық, психологиялық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық және экономикалық зорлық-зомбылық.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың өте кең таралған түрі - физикалық зорлық-зомбылықты зерттеген ғалымдар: Ю.М. Антонян, А.Н. Ильяшенко, К. С. Силанов, Н. Ходырева, Д.А. Шестаков және т.б. Аталған ғалымдар өз зерттеулерінде физикалық зорлық-зомбылықты бостандықты шектеу, ұрып-соғу, азаптау, азаптау арқылы адамға физикалық немесе психологиялық зиян келтіру мақсатында әсер ету ретінде қарастырған [6].

О.В. Старков өз зерттеуінде «физикалық күш қолдану арқылы адамның анатомиялық және физиологиялық тұтастығын бұзу, суық және атыс қарулары, сұйықтықтар, сусымалы заттар және т.б. арқылы адамның анатомиялық және физиологиялық тұтастығын бұзу, сондай-ақ сыртқы тіндерге зақым келтірместен адамның ішкі ағзаларына әсер ету» деп тұжырым жасаған [7].

Ғалым Л. Д. Гаухман «физикалық зорлық-зомбылық - басқа тұлғаға оның еркінен тыс дене және әлеуметтік тұрғыда заңсыз әсер ету» - дей келе, оны екі түрге бөлген: 1) адам ағзасына әсер ету; 2) адамның ішкі мүшелеріне сыртқы тіндерге зақым келтірместен әсер ету (опа, улану т.б.) [8].

Мәселен, кезінде Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, С.Холл және басқа да көптеген ойшылдар жасөспірімдік шақты зерттеп, оға сипаттама беріп, осы кезеңнің ерекшеліктерін «жасөспірімдік жаста мектеп оқушыларында агрессия байқалады, құрдастарын таң қалдыруға ұмтылу көбінесе басқалардың есебінен өзін-өзі растау арқылы пайда болады. Басқаша айтқанда, жасөспірімдер қорқытудың өзіне де, құрбандарына да тигізетін зиянын түсінбей зорлық-зомбылық жасауға бейім болады» - деп, анықтаған [9].

Дәл осындай пікірде, отандық зерттеуші К.М.Арымбаева- «жасөспірім – барлық қатынас жағынан ересек адам деп қарастырылады. Бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз, сондай ақ, нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді. Мектеп пен ата – аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу – танымдық және қоғамдық – саяси іс - әрекеттерге, жанұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде үлкен маңызды мән жатыр және жасөспірімдік кезеңнің өзі сыни өтпелі кезең ретінде жыныстық жетілу мен ересектікке байланысты тұлғаның маңызды өзгiрiстерiмен сипатталады. Сондықтан оны өтпелі кезең деп атайды. Ал, қорқыту – бұл топ мүшелерінің бірін екіншісінің немесе басқа адамдар тобының агрессивті түрде қудалауын қамтитын зорлық-зомбылық түрлерінің бірі»-дейді [10].

**Қорқытудың мына төмендегідей түрлері бар:**

**Физикалық** – жәбірленушіге тікелей физикалық әрекеттер (соққылар, тепкілер, ұрып-соғу, жыныстық қудалау);

**Сөздік** – балағаттау, қорқыту, қорлау, келемеждеу, қорлау; ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және күліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дәрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндегі буллингке кіреді.

**Әлеуметтік-психологиялық** – әлеуметтік оқшаулау немесе оқшаулауға бағытталған қорқыту (өсек, елемеу, бойкот, манипуляция); кейде *реляцион* немесе, әлеуметтік агрессия деп те атайды. Бұл – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Сондай-ақ реляцион буллинг түсінігін бір адам басқа жанның репутациясына кір келтіргісі келген, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіруді ойлап жасаған әрекетін сипаттағанда да қолданады. Relational буллинг сырт көзге жақын араласатын адамдар боп көрінетін ортада болуы мүмкін. Сондықтан ол ұзақ уақыт басқа адамдарға байқалмай, бірнеше жылға жалғаса береді

**Экономикалық** – ақшаны, қымбат заттарды бопсалау немесе тікелей таңдау, киімге зиян келтіру;

Сондай-ақ, буллинг бұдан да басқа қандай жерде немесе кімге бағытталғанына байланысты бірнеше типке бөлінеді.

#### **Мүгедектігі бар адамға қарсы буллинг**

Мүгедектігі бар немесе аутизммен ауыратын адамдар да буллингке жиі ұшырайды. Мұқатушы мұндай адамды денесіндегі ерекшелігіне бола кемсіте береді.

#### **Жыныс ориентациясына байланысты буллинг**

Адамды жыныс ориентациясына байланысты қорлау, жағымсыз сөз айту, ұрып кету де буллингке жатады. Бұл жерде жәбірленуші көбіне топ адамның кемсітуіне ұшырайды.

#### **Заңмен қорқыту**

Заңды буллингке адамды бақылауда ұстау немесе жазалау үшін сот құралдарын қолдану кіреді. Қорқытудың мұндай түрін жасайтындар көбіне ұзаққа созылатын сот процестерінің басталуына себеп болады. Осылайша буллинг жасаушы құрбанды өзіне бағынышты қылуға, қорқытып-үркітіп отыруға тырысады.

#### **Әскердегі буллинг**

Әскердегі ұру, мұқатып-кекету де буллингке жатады.

#### **Жыныстық буллинг**

Буллингтің мұндай түрінде адам өзгені қорқыту үшін оны зорлау арқылы күш көрсетеді.

#### **Ата-ананың баланы қорқытуы**

Ата-ана балаға агрессия көрсетсе, оны шектен тыс мұқатып, ұрып-соқса, бұл да буллинг болып есептеледі. Тіпті кей психолог ата-ана баласының өзгені қорқытып жүргенін байқаса, кінәні өзінен, үйден іздеуге кеңес береді. Агрессия көріп өскен бала оны басқаға бағыттауы мүмкін.

Сонымен бірге буллинг адамның араласатын ортасына қарай оқу орнындағы, түрмедегі, мектептегі, медицинадағы қорқыту немесе жұмыстағы кемсіту деп атала береді.

Қорқытудың ең жиі құрбандары – өздерін қорғай алмайтын балалар мен жасөспірімдер. Сондай-ақ кез келген адам құрбан болуы мүмкін (құрбысы, мұғалімі, физикалық кемістігі бар сыныптасы, оқу-үлгерімінде қыйындықтары бар және т.б.) Қорқытудың ең көп тараған түрлері:

- физикалық агрессия (тепкілер, ұрып-соғу, төбелестер және т.б.);
- ауызша қорлау ( балағаттау, дауыс көтеру, қорлау және т.б.);
- психологиялық қорқыту (топтың психологиялық қысым көрсетуі, елемеу, байкот жариялау және т.б.);
- ақша бопсалау, мүлікке зиян келтіру;
- кибербуллинг (Әлеуметтік желілерді пайдаланып қорлау);
- телефон арқылы қорлау;



- сексуальды қорлау;

Отандық теория мен практикада зорлық-зомбылық мәселесі ұзақ уақыт бойы мүлдем қарастырылмаған, алайда, бірлі-жарым қолайсыз әлеуметтік ортаның (толық емес отбасы, «элиталық емес мектеп», уақытша қыйындықтар) көрсеткіші ретінде түсіндірілді.

Қазіргі қатыгездік пен зорлық-зомбылық жұртшылық категориясының басым бөлігіндегі материалдық, таптық, нәсілдік, мәдени, діни, әлеуметтік-экономикалық және басқа да аспектілеріне қарамастан барлығында болатыны айқын болып отыр.

Кибербуллинг (ағылшын тілінен – cyberbullying) немесе интернет-буллинг- әлеуметтік желілер, электронды пошта арқылы интернетте қорлау. Ол қауесеттер мен жалған ақпаратты таратуды, жеке парақшаларды бұзуды, жағымсыз хабарламалар мен пікірлерді жіберуді қамтиды. Бұл қорлаудың ең жас және ең қауіпті түрі, өйткені одан қорғану және қауіп қайдан келетінін табу өте қиын.

**Кибербуллингтің түрлері.** Кибербуллинг — бұл сандық технологияларды пайдалану арқылы қорқыту. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Бұл қорқыту нысанасына айналған адамды қорқытуға, ашуландыруға немесе масқаралауға бағытталған мақсатты мінез-құлық моделі.

**Шеттету** — Интернеттегі қарым-қатынас ортасынан құрбанды қасақана шеттетеді, мысалы: ойынға, кездесулерге немесе топқа кіргізбеуі, онлайн-әңгімелерден шығарып тастауы;

**Қудалау** — баланы не жасөспірімді хабарламалар арқылы қорлау сөздер жазып жеке не топ чаттарына жібереді;

**Аутинг** — жеке ақпаратты иесінің рұқсатынсыз жариялау, тікелей қорқытулар, өсектер жариялау;

**Хейтинг** — қорлаушы комментарийлер жазушылар және оның фотосының астындағы немесе хат алмасудағы адам туралы жағымсыз пікірлер.

**Киберкездесу** — ересек адамдардың интернет арқылы кәмілетке толмағандармен сөйлесіп, жыныстық мақсатта жеке кездесуге сөз байласуы.

**Фрейтинг** — бала немесе жасөспірімнің жеке парағын иеленіп алып, оның атынан жаман ақпарат жариялауы. Бұл құрбанның беделіне нұқсан келтіреді;

Жалған профиль қолдану — шынайы есім мен фамилиясын не телефон номерін пайдалана отырып, жалған парақша ашу;

**Диссинг** — бала туралы жалған ақпарат жазу немесе оның атынан жарнама жасау. Бұл баланың беделін түсіріп, басқалармен қарым-қатынасын бұзуы мүмкін;

**Кетфишинг** — кибербуллер баланың жеке парақшасына ұқсайтын жаңа парақша ашып, ішіне жеке суреттерді салып қоюы. Достар тізіміне баланың достарын қосады, сұраған кісілерге бұрынғы парақшаның бұзылғанын не парольді ұмытқанын айтып сылтауратуы мүмкін. Осы парақша арқылы өзгелерден ақшасұрап не бала атынан жаман сөздер жазылуы мүмкін.

**Грифинг** — онлайн-ойындар ойнау барысында қасақана кедергілер келтіру және ойыннан ләззат алуына бөгет жасау.

**Ростинг** — қудалаудың құрбаны «берілгенше» топтық онлайн қудалау.

**Троллинг** — арандатушылық немесе қорлайтын тақырыптар туралы хабарламалар жіберу.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Әлеуметтік психология: оқу-әдістемелік құрал / Г.Қ. Айқынбаева, А.М. Айтышева, Б.Ш. Байжұманова, А.Р. Ерментаева, Қ.Р. Қалкеева, А.С. Нұрадинов, Қ.Қ. Шалғынбаева, Г.К. Шолпанқұлова – Нұр-Сұлтан – 2019.- 205б.

2. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы Астана, 2019. 1 сәуір.

<http://politex.kz/index.php/kz/studentterge/zhastarsayasaty/92-2020-zh-dejingi-zhastar-sayasatyny-t-zhyrymdamasy>

3. ҚР «2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» N1677 жарлық, 29 қараша 2005ж. Астана қ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001677>

4. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214> ҚР 18.02.2014 № 175-V берілген өзгерістерімен, толықтыруларымен.

5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

6. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4-бап.

7. Старков О.В. Бытовые насильственные преступления.Рязань,1992. С. 34.

8. Гаухман Л.Д. Борьба с насильственными посягательствами. М.,1969.С.6-8.

9. Гребенникова, О.А., Добролюбова, М.И. Буллинг в образовательной среде как угроза здоровью школьников [Текст] / О.А. Гребенникова, М.И. Добролюбова // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. - № 59. – 1-6 с.

10. Арымбаева К. М. Девиантты мінез-құлық жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту мазмұнын жобалаудың ғылыми негіздері.Докторлық диссертация.2010 ж. [https://nauka.kz/page.php?page\\_id=107&lang=1](https://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1)

ӘОЖ 377:004.9(574)

## **КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ: СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ТАБЫСТЫ МАНСАПТЫҚ БАҒДАРЫ**

**Алтынбек Ұ.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы **Мамбетова А.Т.**

Мансаптық бағдарлар адамның кәсіби бағыттарының компоненті болып табылады, әрине бұл бағыттар адамның кәсіби даму бағытындағы таңдауын көрсетеді. Осы саладағы тәжірибе мен қызметке байланысты көріністердің жеке үйлесімі болып табылады.

Студенттерді кәсіби әлеуметтенуге даярлаудың соңғы кезеңінде жоғары оқу орындарындағы заманауи білім беру кеңістігі жағдайында жаңа әлеуметтік рөлдерді игерудің сәтті үрдісіне әсер ететін мансаптық бағдарларды айқындау мәселесі мағыналы және маңызды болады. Бұл мәселенің өзектілігі жоғары оқу орнында оқытудың барлық процесінде, кәсіби құндылықтар қалыптасқанда көрінеді. Кәсіби «әлеуметтену — екі жақты процесс: бір жағынан, кәсіби байланыстар жүйесінің, кәсіби ортаға интеграциялау арқылы тұлғаның әлеуметтік тәжірибе алуы; екінші жағынан, болашақ педагогтердің жоо-дағы белсенді қызметі арқылы қоғаммен байланыс жүйесін белсенді құру.

**Бұл процесс мансаптық мақсаттар қоюмен жеке тұлғаның кәсіби дамуының сәттілігін анықтайтын жоспарларды әзірлеудің ерекшелігінде көрінеді және әлеуметтену процесінің қозғалысын қамтамасыз етеді.**

Педагогикалық жағдаяттардың дағдарысын анықтаудың негізгі тәсілдерін талдау үш сипаттамамен ерекшеленетін кәсіби ортаны әлеуметтендірудің сыртқы немесе ішкі факторларының өзгеруіне байланысты: негізгі құндылықтардың өзгеруі, жағдаятты мәселені түсінуге және одан әрі шешуге шектеулі уақыт, педагогикалық менеджмент жүйесіндегі белгісіздік деңгейі [1].

Дағдарыс жағдаяттарындағы белгісіздік теориясы мен практикасын зерттеу материалдарында зерттелетін бағыттардың мазмұнын ескере отырып, ықтимал мағыналар мен әрекеттерді бағалау схемалары қажет.

Педагогикалық практикадағы нақты жағдайға байланысты түсіндірілетін терминдер мен ұғымдардың бірыңғай «семантикалық» анықтамасы қажет.

Өзара байланыстың сенімділігі тандалған зерттеу бағыттары нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан жеткілікті хабардар болу, сенімділік және нәтижелерді дәл болжау мүмкіндігі болашақ мұғалімнің жеке кәсіби орталықтанған қызметін жобалау үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру кезеңінде туындайтын қауіп-қатер ауқымының салдарын азайтады.

Өйткені қазіргі жастардың өздерінің шынайы емес мақсаттарын, мансаптық ұмтылыстарын түсіну болашақ мамандықтағы көңілдерінің қалуларын болдырмауға, сонымен қатар кәсіби оптимизм мен өз іс-әрекеттеріне деген сенімділікті қабылдауға әкелуі мүмкін. Бұл студенттердің жеке жетістіктерін қалыптастыруға және кәсіби әлеуметтенудің алғашқы кезеңдерінде мансапты басқаруға, сауатты көзқарас қалыптастыруға жеткілікті үлес қосатын кәсіби білім беру жүйесіне жаңа бағыттарды талап етеді [2].

Әлеуметтену жағдайында кәсіптік білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптардың болмауы студенттерге кәсіптік бағдар беруде көмек көрсету болашақ мамандардың мансаптық өсуін қолдау жағдайларына ерекше назар аударылмайтындығын дәлелдейді, бұл университетте еңбекке әлеуметтенудің нақты бағдарламалар мен кәсіптік бағдарлау іс-шараларын енгізуді болжайды.

Әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерді талдауда кәсіби мансаптың әлеуметтенуінің мәні туралы, мәселен, мансаптық мотивация туралы (Д.Г. Винтер, Д. Макклелланд), мансаптық мақсаттар үшін (А.К. Гусева, А.Я. Кибанов), өз мансабын басқара білу (Э. Шейн, Д.Т. Холл), белсенді прогресс процесінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуы (А.А. Деркач, А.К. Маркова, Э. Маль) мәселелері көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапқандарын көрсетеді. Сонымен қатар Ресей және Украина ғалымдарының еңбектерінде (В.А. Чикер, Л.И. Почебут, Л.М. Карамушка, Е.И. Бондарчук) табысты мансаптық өсуді дамыту принциптері зерттелген [3, 4, 5].

Болашақ маманның мансаптық өсуі және оның жеке әлеуетін іске асыру оның кеңейтілген әлеуметтік кеңістігін зерттеу нәтижесінде пайда болады.

Зерттеудің осы кезеңінде біз кәсіби әлеуметтенудегі мансап бағдарының түсінік мазмұны, жекелегенде педагогикалық мамандықтың студенттерінде жеке тұлғаға бағытталған қызметті қалыптастыру мен өзіндік менеджментті қалыптастыруды зерттейміз.

Педагогика және психология саласында мансап, бір жағынан, қоғамдық-әлеуметтік прогрестің моделі ретінде, екінші жағынан, оның кәсіби қызметінде жеке әлеуетті іске асыру процесі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда аталған процестер өзара байланысты. Мансап — оны сауатты таңдау және іске асыру кәсіби қалыптасу мен өзін-өзі дамытудың ажырамас бөлігі, сонымен қатар, біздің ойымызша, педагогтің жеке үйлесімін, психологиялық және физикалық әлеуетін сақтау болып табылады. Мансапты ақылға қонымды жоспарлау — тұлғаның кәсіби дамуының маңызды аспектілерінің бірі және оның табысты өзін-өзі жүзеге асыру болып табылады [4].

Табысты мансап тұжырымдамасы ең алдымен табысты кәсіби өзін-өзі анықтаумен байланысты. Д. Сьюперттің кәсіби өзін-өзі анықтау теориясы психологияда ең танымал болып табылады. Оның бірі жұмысқа қанағаттану (көбінесе жалпы өмір) адамның кәсіби ортада өзінің қабілеттіліктерін, қызығушылықтары мен жеке қасиеттерін іске асыру үшін жеткілікті мүмкіндіктерге ие болу дәрежесіне байланысты екенін айтады, бұл оның кәсіби даму кезеңінде қолайлы деп саналатын рөлді ойнау қабілетін анықтайды. Тұлғаның кәсіби жолының маңызды детерминанты — бұл оның жеке басының идеясы — «кәсіби өзіндік тұжырымдамасы», ол өмірдегі әр адамның бірқатар мансаптық шешімдерінде көрініс табады. Табысты мансаптың өлшемдері өмірлік жағдаяттарға қанағаттану (субъективті өлшем) және әлеуметтік жетістік (объективті өлшем) болып табылады. Яғни, мансаптың объективті, сыртқы жағы — бұл жеке тұлға жүзеге асыратын кәсіби іс-әрекеттің дәйектілігі, ал субъективті, ішкі жағы — тұлғаның мансап, кәсіби өмір салтын және ондағы рөлін қалай қабылдайтындығы. «Табысты мансап» шетелде пайда болған (итальян тілінен

аударғанда *carriera* — табысты өмір жолы дегенді білдіреді) және әртүрлі мағынада түсіндіріледі:

- табысты мансап — тұлғаның өзін-өзі дамытудың жалпыланған моделіне сәйкес әрекет етуге ұмтылысын білдіретін, кәсіби әрекеттерінің тізбегін және басқа да өмірлік рөлдерді құрайтын өмірдегі оқиғалар;

- табысты мансап — табысқа жетер жол, қоғамда белгілі бір позицияға жету, тұлғаның кәсібі – маман синонимі және мамандықтағы қозғалысы;

- табысты мансап — лауазымдардың реттілігін өтумен байланысты өмір жағдайы, әлеуметтік мойындау мен жетістікке жетудегі белгілі бір кәсіби қызметтің жекеленген түрлеріндегі тұлғаның жеке дара жолы.

Табысты мансап түсінігі отандық ғалымдардың еңбектерінде неғұрлым толығырақ көрсетілген:

табысты мансап — тұлғаны дамытудың кәсіби кеңістігі, өзін-өзі жүзеге асырудың бір түрі, еңбек кезеңіндегі мамандардың лауазымдық өсу жолының иерархиялық көрінісі;

- табысты мансап — бұл «кәсіби өмір жолы», «кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру», «кәсіби өзін-өзі анықтау».

### Әдебиеттер

1. Магауова А.С. Социализация молодежи и современные молодежные субкультуры: учеб.пос. / А.С. Магауова. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 160 с.

2. Новикова А.А. Социальная компетентность: критерии и методики определения / А.А. Новикова // Современные проблемы науки и образования. — 2015. — № 1–1. — Режим доступа: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=17693>

3. Глушко А.Н. Содержание профессионального развития и направления психологической помощи студентам в процессе обучения в вузе / А.Н. Глушко // Психология обучения. — 2016. — № 11. — С. 63–69.

4. «Кәсіптікбағдарлау теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен / Құрастырғандар: доцент Самашова Г.Е., Нұрмағанбетова М.С. жән.б. — Қарағанды: ҚарМТУ баспасы

ӘОЖ 37.022

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БІЛІМ БЕРУ ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ

Туркменбаева Г.Ж.

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к, доцент Масалиева Ж.А.

Маманның кәсіби құзыреттілігі – күрделі де көпқырлы категория. Қай саланың болмасын адамның кәсіби сапасының қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Қазіргі кезде шет ел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни ана тілімізге «терең Қазіргі кезде шет ел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни ана тілімізге «терең білім», «тапсырманы барабар, сәйкесінше орындау күйі», «қызметті сапалы орындау қабілеттері» деп аударылып қолданылуда [1, 97 б.]. Алайда олар да басқа да қолданыстағы түсініктер бұл ұғымның мазмұнын толық нақты түсіндіре алмады.

Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиміділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпымәндеі құзыреттіліктен» туындағын өнімді компонент ретінде немесе «маманның білімділік

деңгейі» ретінде қарастырылады. Егер кәсіби шеберлік деңгейлері жүйесінде құзыреттілік орнын анықтайтын болсақ, онда ол орындаушылық пен кемелдену арасында орналасқан.

Педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні белгілі қағида. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұрғысынан интеллектуалды, эмоционалық, рухани потенциалының баюына, жетілдіруге, тануға ұмтылуға нақты жағдай туғызады. Осыған байланысты педагогтың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, педагогтың жалпымәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды [2, 137 б.].

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі деп, біз өзара байланысты үш компоненттен тұратын тұлғаның қасиеттерін түсінеміз:

- Педагогикалық қыметте жүзеге асатын кәсіби білім;
- Кәсіби біліктілік;
- Мұғалімнің кәсіби құнды қасиеттері;

Бұл үш компонент мұғалімнің тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, сонымен қатар әр компонент педагогикалық қымет үрдісінде бірде алғышарт, бірде құралы, бірде нәтижесі болып қызмет атқарады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үрдісі кәсіби білім, білік, дағдыны қалыптастыру, педагогтың жалпы мәдени дамуын, оның тұлғалық көзқарасын және кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруды білдіреді.

Педагог мамандардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың 8 деңгейін қарастыруға болады:

1. Пәндік - мамандық қызметтеріне байланысты қойылатын проблемаларды шешу қабілеттілігі.

2. Аналитикалық бақылау - пәндік іс-әрекеттерін талдау мен бақылау проблемаларын шешу қабілеттілігі.

3. Ұйымдастырушылық – оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған проблемаларды шешу қабілеттілігі.

4. Коммуникативтік - «Мұғалім-Оқушы», «Оқушы-Оқушы», «Мұғалім – Ата-ана» және т.б. жүйелердегі қарым-қатынасты проблемаларды шешу қабілеті.

5. Бейімделген - қазіргі жағдайдың өзгерістері мен талаптарына сәйкес проблемаларды шешу қабілеттілігі.

6. Үлгілік/психологиялық – психологиялық, жекетұлғалық, жекетұлғалар арасындағы өзара қарама-қайшылықты шешу проблемаларының қабілеттілігі.

7. Жобалық – мектепті, мұғалімді және оқушыны дамыту жобаларын шешу қабілеттілігі.

8. Ғылыми-ізденістік – мектептің, мұғалімнің және оқушының даму нәтижелерін зерттеуді ұйымдастыру және оны өткізу проблемаларын шешу қабілеттілігі.

Жоғарыда келтірілген ой-пікірлер болашақ мұғалімдердің кәсіби сапасын дамытуда құзыреттілік мәселесін алдыңғы орынға қоятынын, ғылыми еңбектердің өзекті мәселесі болғандығын дәлелдейді. Яғни, кәсіби құзыреттілік – кәсіби сапаның маңызды құраушысы мен оның жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіби құзыреттілік белгілі бір бағыттағы кәсіби міндеттерді шешуде көрініс береді.

В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Л.И.Мищенко және т.б педагог мамандығының ерекшелігіне орай педагогтың кәсіби сапасы ұғымын оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және тәжірибелік жағынан дайындығы мен кәсіби шеберлігінің бірлігі ретінде түсіндіреді. Бұл жағдайда кәсіби сапаның құрылымы неғұрлым жалпыдан жеке біліктілікке бағытталған педагогтың біліктілігі арқылы анықталады. Педагогтың педагогикалық ойлау білудегі (ішкі, ойлау әрекеттері) жалпылама біліктілігі кезінде байқалатын теориялық дайындығының мазмұны мұғалім бойындағы аналитикалық, болжамдық, жобалау және рефлексивтік біліктіліктерінің болуымен анықталады. Тәжірибелік дайындығының мазмұны педагогтардың әртүрлі біліктіліктерінің (сыртқы, тәжірибелік) қалыптасуымен айқындалады [3, 256 б.].

Көбіне бұл ұғым кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады. Кейбір авторлардың пікірінде «кәсіби сапалар» ұғымы «кәсіби қызметке даярлық» (В.А.Сластенин, Н.Н.Лобанова және т.б.) және «педагогикалық кәсібилік» ұғымымен теңестіріледі. Кәсіби-педагогикалық сапалар мен оның жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы Н.В.Кузьминаның еңбектерінде көрініс тапқан [4, 49 б.].

Ғалым психолог В.Р.Веснин кәсіби сапалар негізіне кәсіби жарамдылығын енгізген, «психофизиологиялық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті адамның психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді [5, 18 б.].

Ғалым А.К.Маркова кәсіби сапаны әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, кәсібиліктің психологиясына қатысты ұғымды кәсібилік, құзыреттілік мамандық үш түрлі ажыратады.

Автор сапаларды адамның кәсіби талаптарына сай жеке сипат дәрежесі, яғни адамның кәсіби қызметіндегі, кәсіби қарым-қатынастағы көрегендігі оның даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы деп пайымдайды. Сол секілді маманның кәсіби көрегендігіне байланысты төр кәсіби сапалардың түрін ажыратады:

- кәсіби қызметті жоғары дәрежеде меңгеруіне және өзінің кәсіби дамуын жобалау қабілетіне байланысты арнайы сапалар;

- субъект-субъектілік біріккен қызметті ұйымдастыру біліктілігін меңгерумен байланысты әлеуметтік сапа;

- тұлғалық өзін дамыту, өзін көрсету тәсілдерін меңгерген, сол секілді, тұлғаның кәсіби деформациялануына қарсы тұра алатын тұлғалық сапалар;

- өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі ұйымдастыру, өз кәсібі төңірегінде даралығын дамыту, кәсіби тұлғалық өсу дайындығын меңгерген даралық сапалары.

Ғалымның тұжырымдамасы бойынша педагогтың кәсіби сапасының құрылымы төмендегідей:

- кәсіби психологиялық және педагогикалық білімі;

- кәсіби педагогикалық іскерлігі;

- мамандық талап ететіндей педагогтың нұсқауы, кәсіби психологиялық ұстанымы;

- педагогтың іскерлігі мен білімін меңгеруді қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері – деп көрсеткен [1, 213 б.]. Ғалымның бұл пікіріне қосыла отырып, аталған сапалардың мамандарды кәсіби дайындау үрдісінде (тәжірибеде) қалыптастыру қажеттілігіне көңіл бөлеміз.

Ғалым Е.М.Павлютенков болашақ мұғалімдердің кәсіби сапалары деп оның өзінің қызметін орындау түрін айтады. Автор кәсіби сапаларды болашақ педагогтардың келесі сипаттамасын ұсынады:

- өзіне қатысты шешімді және өзін-өзі дамытуға байланысты шешімді қабылдау алу қабілеті;

- өзіне-өзі сенімсіздікті жеңе білу қабілеті;

- мақсатқа жетудің ең тиімді түрлерін көрсету;

- алынған білім мен тәжірибе негізінде болып жатқан шарттарға байланысты қызметтің сипаты мен мазмұнын анықтау қабілеті [2, 94 б.].

Болашақ мұғалімдердің кәсібилігі жайлы көрнекті психолог Ж.Ы.Намазбаева: «... педагог өзінің бойында бар қасиеттерін ғана шәкірттерінің тұлғасында дамыта алатынын ескерсек, аталған мамандардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің маңыздылығын айқындап, түзету мәселелерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр» деген пікір білдіреді [3, 146 б.]. Айтылған пікірмен қосыла отырып, шындығында маманды дайындау барысында болашақ педагогтардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда педагогикалық үдеріс маңызды деген тұжырым жасаймыз.

Жоғарыда зерделенген ғалымдар еңбегін қорытындылай келіп, студенттердің кәсіби сапаларын дамытуда педагогикалық үдеріс оның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін талдауына мүмкіндік береді, оның кәсіби қалыптасуының негізгі формасы деп тұжырымдаймыз. Сонымен қатар, заман талабына сай педагогтың кәсіби іскерлік сапаларын жинақтай отырып төмендегі сызбада ұсынамыз.



Сурет 1 – педагогикалық әрекетті ұйымдастыру құзыреттіліктері

Сызбадан көріп отырғанымыздай педагогтың кәсіби сапалары күрделі және ауқымды жүйеден құралған екен. Ол кәсіби этикалық сапалар, педагогикалық қабілет және кәсіби құзырттіліктер секілді ірі компоненттерден құралған. Ал жеке компоненттердің өзі кәсіби сапаны дамытуға ықпал ететін білім, білік және дағдылар жиынтығынан тұрады екен. Бұл өз кезегінде болашақ маманның кәсіби сапаларын дамыту жұмыстарын ертерек, нақты айтар болсақ білім беру үдерісімен қатар тәжірибе барысында да дамыту қажеттігін талап етеді.

### Әдебиеттер

1. Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ...дис. Алматы, 2016. – 163 б.
2. Аманжолов С. Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. – Б.135-140.
3. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко Л.И., Шиянов Г.А. Педагогика: учебное пособие. – М., 2007. -354 с.
4. Веснин Р.В. Практический менеджмент: пособие по кадровой работе. – М., 2008. – 59 с.
5. Гарбер Е.И., Козача В.В. Методика профессиографии. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 2002. - 196 с.

## ОҚУШЫЛАРДА ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҰҒЫМДАР ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРДЕЛЕНУ ЖАЙЫ

Мұсаева Ә.М.

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші –тар.ғ.к. Орынбаева Г.У.

Уақыт талаптарына сай әрбір педагогтің алдында білім мен ғылым жетістіктерін оқытып игерту мен халықаралық деңгейге көтеруі жүктеледі.

Әлеуметтік және мәдени үдерістердің жаһандануы жетекші әлемдік үрдіске айналуға. Сол сияқты білім беруге де жаһандануы тән болып отыр. Жаһандану еңбек әрекетін интеллектуальды етуді жоғары білім берудің кәсіптік қызметінің даму факторына айналдырды. Еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдай білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойып отыр.

Оқушылардың білім сапасы оларда қалыптасқан тарихи ұғымдардың деңгейіне байланысты, себебі ұғым ғылыми білімнің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда тарихи-әлеуметтік ұғымдарды қалыптастыруды оқушылардың меңгеруі өзекті мәселелердің қатарынан табылады. Адамдардың көптеген ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелері ұғымдарға бейнеленеді. Осы тұрғыдан қарағанда әрбір ұғым өзара байланысқан ұғымдар жүйесінен тұрады.

Ұғымның ғылыми білімдердің негізгі құрылымдық элементі болып табылуының себебі: **біріншіден**, ұғымның логикалық және гносеологиялық роліне, ұғымдар арасындағы қатынастарға байланысты. Өйткені, ұғымдар және олардың арасындағы байланыстар, ақиқат шындықты, заттар мен құбылыстардың мазмұнын бейнелейді.

**Екіншіден**, ұғымның психологиялық мәніне байланысты. Психологиялық көзқарас тұрғысынан түсіну дегеніміз зерттелмекші құбылыстар мен заттардың ерекшеліктерін анықтау, талдау мен іріктеу негізінде олардың мәнді белгілерін бөлу, ойша қорытындылар жасау, ұғымдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды орнату. Ойлау - дегеніміз ұғымды пайдалана білу. Егер оқушы қайсыбір заттың қандай қасиетке ие, басқа заттармен қандай байланыста және қатынаста, сонымен қатар одан айырмашылығының неде екенін түсінсе, онда оқушыда қарастырылған зат туралы ұғым бар деген сөз [1].

Бастауыш сынып оқушыларына білім берудегі басты мақсаттарының бірі – тарихи-әлеуметтік ұғымдар әсері арқылы олардың білімін өмір тәжірибесімен байланыстыру. Ғылымның алғашқы лебі тарихи ұғымдар арқылы оның бастапқы элементтерін ұғыну дағдыларын қалыптастыру.

Осының негізінде оқушының кейінгі мәдени мұраларды меңгеруіне және оның жеке тұлға ретінде дамуына көмектеседі. Соңғы уақытта бастауыш сынып оқушыларына білімді сапалы меңгерту жолында жүргізілген зерттеулер оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартып, нәтижесінде оқушының тарихи-әлеуметтік ұғымдарын қалыптастырудың жаңа және тиімді жолдарын ұсынуда. Әрі тарихи - әлеуметтік ұғым адамгершілік тәрбиесі барысында әлеуметтенуді тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді [2].

Бастауыш білім берудің оқу жетістіктерінде деңгейлері ретінде ұзақтығы 2 жылдық әрбір оқыту циклдері үшін белгіленген бастауыш білім берудің қысқа мерзімді мақсаттар жүйесі (бастауыш білім беруде білім алушылардың оқу жетістіктерінің 1-2 сыныптарды қамтитын 1-ші; 3-сыныптарды қамтитын 2-ші екі деңгейі берілген); күтілген нәтижелерді нақтылау оқу пәндерінің бағдарламаларында циклдар бойынша білім беру салалары аясында көрсетіледі; бастауыш білім берудегі күтілетін нәтижелердің екі деңгейлі жүйесі тұлғаның даму деңгейінің өлшеуіші болып табылады; күтілетін нәтижелер түйінді және пәндік құзыреттердің біріктірілген біртұтастығын көрсетеді [3].

Оқушыларға білім берудің қазіргі кездегі жалпы мақсаты білімді әрі ынталы жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаның санасына күнбе-күн өзгеріп тұратын дүниенің



көрінісін үздіксіз білім беру барысында түсіндіре отырып, оқушыларды белсенді әрекеттерге дайындайтын, оқу-тәрбие үдерістері барысында қалыптасатын көзқарастар мен идеялық-адамгершілікті, мәдени және эстетикалық ұстанымдарды, мінез-құлық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

Педагогика ғылымында білім мазмұны тұлғаның бойында жағымды қасиеттерді қалыптастыратын, педагогикалық тұрғыдан бейімделген әлеуметтік тәжірибе түріндегі ғылым негіздері, оқушы меңгеруге тиіс білім, икемділік, дағдылар жиынтығы, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалды-құндылық қатынастар тәжірибесі құрамына енетін адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастырылады ( В.С.Леднев, В.В.Краевский ).

Оқушылардың жүйелі білімдерін қалыптастыру үшін ол білімдердің ұғымдық анықтығы, пайда болуы мен даму тарихы жөнінен пәндік білімдер арасындағы байланыстың сипаты белгілі болуы, яғни оқушының белгілі бір дәрежеде ұғым туралы білімдері болуы тиіс. Сонымен қатар, оқушыларды ғылыми танымның ең жалпыланған әдістерімен, таным диалектикасы туралы білімдерімен қаруландыру қажет. Мұнда білімді алуға және оны баяндауға бағытталған оқушының өзіндік іс-әрекеті де жүзеге асырылуы тиіс. Оқушы ұғымдарды танып біліп қана қоймай, оның тарихы мен қандай белгілері бойынша танылып тұрғанын да түсінсе, бұл оқушының ұғымды саналы меңгергенін білдіреді [4].

Педагогикада «**Ұғым**» деп, заттар мен құбылыстардың елеулі объективті жақтарын бейнелейтін, арнайы терминдермен бекітілген ғылыми білім формасын айтады. Сезімдік бейнелерден (түйсіну, қабылдау) ұғымдардың айырмашылығы, олар барлық сапалық дәрежелерінің көп қырлылығымен ерекшеленетін дараланған нәрсе емес.

Оны көп қырлылықтан оқшаулайтын оның ерекше белгілері, осы белгілердің арқасында ұғымдар орталықтандырылады және оның басқалардан негізгі айырмашылығы да осында.


Ұғым - материалдық дүниенің белгілі бір объектілері – адамгершілік, шығармашылық қатынастар туралы білімдердің дамуындағы дара белес нәтижесі.

Ұғымдағы бейнеленген заттар мен құбылыстар санына қарай, ерекшеленген бірыңғай кластар санына қарай, ұғымдардың өзара байланысы оның сипатының келесі логикалық категорияларын айқындайды: мазмұны, көлемі, басқа ұғымдармен байланысы және қатынасы. Ұғымдардың мазмұны болып, осы ұғымдар арқылы санамызда бейнеленетін заттар мен құбылыстар сапасының елеулі қасиеттерінің жиынтығы болып табылады. Мазмұнына қарай ұғымдар ғылымда **қарапайым** және **күрделі** болып екіге бөлінеді.

Ұғымның көлемі осы ұғым қамтитын немесе ұғым көмегімен санамызда бейнеленетін объектілер санымен сипатталады. Осы тұрғыдан ұғымдарды **жалқы** және **жалпы** ұғымдар, **категориялар** деп бөлуге болады. Жалқы және жалпы ұғымдар бөлінбейтін диалектикалық бірлікте болады: жалпы ұғымдарды жалқы ұғымдарсыз түсіну мүмкін емес, ал жалқы ұғымдар да өздеріне сәйкес жалпы ұғымдардан туындайды [4, 125 б.].

Ұғымдарды қалыптастыру барысында оқушылардың өмір тәжірибесіне сүйену қажет, - деген ғалымдардың ойларына, пікіріне қосыламыз. Оқушыларға ғылым негіздерін игерту барысында, ұғымдарды мақсатқа сай қалыптастыруда өмір тәжірибесінде қалыптасқан түсініктерін ұғым деңгейіне жеткізу қажет, - деп тұжырымдаймыз.

Ғалымдардың пікірлері мен ойларын негізге ала отырып, оқушылардың тарихи-әлеуметтік ұғымдарын қалыптастырудың төмендегідей «Сызба 1 - бойынша» нұсқасын ұсынамыз.



Сызба 1 - Ұғымдарды қалыптастыру үдерісінің құрылымдық жүйесі.

Психологтар Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Элькониндердің зерттеулері көрсеткендей, оқушылар санасы білімді неғұрлым көбірек қамту, олардың

тығыздығы неғұрлым сыйымды ұғымдарды жасау бағытында дамидынығын анықтайды [2, 45 б.].

Тарихи теорияны сипаттаудың келтірілген сызбасы дедуктивті және сипаттама теорияларды (мысалы, Л.Я. Зорина теориясы) көрсету үшін пайдаланылады. Айта кететін айырмашылық – кейбір сұрақтың өзіндік ерекшелігі бар.

Оқу бағдарламасы мен оқулықтарда дедуктивті теорияның мазмұны әле толық берілмеген. Тек оның бір бөлімі- негіздемесі берілген [10].

Айтылған мәселелерді қысқаша қорытындылайтын болсақ, онда төмендегі кестеге көңіл аударған жөн.

#### Кесте 1

Әдіснамалық білімнің негізгі түрлерінің элементтерін сипаттаудың құрылымы

Тарихи теория	Тарихи дерегі	Заң	Тарихи ұғым	Эксперимент туралы білім	Қолданбалы білім
Теорияны зерттеу пәні мен нысаны	Құбылысты табиғи тілмен және белгілі ұғымдармен сипаттау	Заңның формулалары	Ұғым анықтамасы	Эксперимент мақсаты	Нысанның қызметтік анықтамасы
Теорияның негіздемесі	Сандық және сапалық сипатта - маларды енгізу	Заңды символ - дық формулада жазу	Анықтаманы символдық формулада жазу	Зерттеу әдістемесі	Нысан жұмысы негізделген заң
Теорияның инструментариясы	Құбылысты жаңа тарихи ұғыммен сипаттау	Заңды алу жолдары	Анықтама анализі	Өлшеу нәтижесі	Құрылыс сызбасы
Теорияны қолдану шекарасы	Құбылыстың заңдылық формуласы	Заңды қолдану шекарасы	Анықтаманы қолдану аймағы	Нәтижелерді интерпретациялау	Жұмыс үдерісі
Теория салдары және оны тексеру	Құбылысты белгілі теория негізінде талқылау.	Заңды қолдану	Өлшеу бірліктері	Қорытынды мен ұсыныстар	Объектілерді қолдану

**Жоғары деңгейде** бастауыш сынып оқушысы барлық операцияларды өзгертілген (таныс емес) жағдайда түсініп орындайды, кез келген өзіндік іс-әрекетін негіздеп бере алады, проблемалық жағдаяттарды өз бетімен шешеді, мәселені жан-жақты қарастырып, толықтай талқылып бере алады.

**Орташа деңгейде** бастауыш сынып оқушысы тапсырманың кейбір, кейде көп бөлігінің мағынасын түсінеді, орындауға тиіс әрекетті ережеге сәйкес негіздеп бере алады, шығармашылық тапсырманы жинақталмаған түрде берсең, өзі ретке келтіріп қатесін таба

біледі. Оқу материалын мағынасы бойынша бағдарлай алады, меңгерген ұғымды жекелеген жағдайларда ғана пайдалана алады.

**Төмен деңгейде** бастауыш сынып оқушысы берілген ұғымның мәнін мұғалімнің басшылығымен шашыраңқы күйде түсінеді, әс-әрекетті нұсқа бойынша орындайды, өзіндік жұмысын ереже бойынша негіздей алмайды, тек жекелеген операцияларды тізбектелмеген күйде орындайды.

Бұл қарастырып отырған деңгейіміз білім беру субъектілері мен объектісі арасында әрекет алмасуын басқаруды қамтиды. Тарихи-әлеуметтік ұғымдарды қалыптастырудың педагогикалық жолдары мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы негізінде жүзеге асады. Сондықтан аталған кезеңдер бір-бірімен тығыз байланыста болады.

### **Әдебиеттер**

1. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Г. Ақмамбетов. –Философиялық сөздік: Алматы.: «Қазақ энциклопедиясы», 2006. – 525 б.

2. А. Абдулина. Адамгершілік тұлға тәрбиелеудегі «Өзін-өзі танудың» рөлі // Педагогикалық, танымдық журнал. – 2013. - №2 (58), наурыз-сәуір. – Б. 3-5.

3. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

4. Қ.Ж. Қожахметова Әлеуметтік педагогикалық ой-сана. 10 томдық – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. Кеңестік дәуіріндегі педагогика / жетекшісі. 8- т. - 400 б.

ӘОЖ 821.512.122-3

## **ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІС.АМАНЖОЛОВЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ**

**Мұстафа Ш.**

Ж.Тәшенов атындағы университет  
Шымкент қаласы  
Ғылыми жетекші – ғ.м., аға оқытушы  
**Байболова А.Ж.**

Ұстаздың жолындағы ғалым өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастап өз өмірінің өзегі болған «Ана тілі ананың ардақты баласындай» деген ұстанымды берік тұтынды. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен кемелденуіндегі басты ұйытқы, түп қазығы халық тілі екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Халық тілінің жергілікті үлгісін алғашқы зерттеуші диалектологтардың көш басында С. Аманжолов ғалымның сіңірген еңбектері ұшан – теңіз. С. Аманжолов «Қазақ диалектологиясының негізгі проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. С. Аманжоловтың «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты монографиясы жарық көрді. Бұл еңбекте негізінен қазақтың ру, қазақ тайпалық одақтары туралы тайпа таңбаларына кең зерттеу жүргізді. С. Аманжолов қазақ тарихын зерттеуде тау, тастарға жазылған көне жазуларға сүйеніп нақты дәлелдер іздеген. Ең алғаш «Қыпшақ» сөзіне түсініктеме жазып, оның бір тайпа атынан шыққанын және Түркі қағанаты құрылғанға дейін нығайып, мұндағы тайпалардың «Түркі – Қыпшақтар» деп атағанын дәлелдеді [1, 67]. Сонымен қатар ғалым қаңлылар, меркіттер, қидандар туралы Аристовтың еңбектеріне сүйеніп, зерттеп, дәлелді талдау жасады. Зерттеуші ғалым, үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ, жалайыр, алшын, арғын, дулат тайпаларының шығу тегі жекелей зерттеулер келтіре отырып, қазақ халқының халық болып қалыптасуы алғашқы кезде пайда болған тайпалардың тарихы мен байланысты екендігін көрсетеді. Қазақ халқының шығу тегінің білгірі С. Аманжоловтың көз қарастарымен еңбектері жалпы қазақтың, оның тілі мен мәдениеті тарихының дамуына елеулі үлес қосады.

С. Аманжолов қазақ халқының эволюциялық даму барысындағы түр негізі тереңде және біртұтас екендігін дәлелдеп, қазақ халқының шығу тегі арыдан бастап, тарих қойнауының шынайы деректерін бірнеше жыл бойы жинақтап көрсетуге тырысқан ғалым.

С. Аманжоловтың «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері» атты ғылыми еңбегі көптеген тіл саласындағы шешілмеген мәселелерді ашуға көмек етеді. Оның бірі Қазақстанның кең байтақ жеріндегі әдеби тілдің қалыптасуы. Автордың бұл еңбегіне сүйене отырып, әдеби тілдің Қазақстанның солтүстік аймақтарына қалыптасқан деген қорытындыға келеміз. Ғылыми еңбек жеті бөліктен тұрады.

I. Қазақ халқының этникалық құрамы туралы деректер мен зерттеулер.

II. Қазақ тіліндей ежелгі тайпаның диалектілері туралы кейбір деректер.

III. Қазақтың халық тілінің тарихи қалыптасуы.

IV. Қазақ тіліндегі диалектілердің тарихи зерттелуі.

V. Қазақ тілінің негізгі диалектілері жоғарыдағы аталған еңбек бөлімдеріне қоса автор

С. Аманжолов Қазақстан аймағындағы қазақ тілінің диалектілер картасын көрсетеді.

VI. Диалектологиялық сөздік.

VII. Қосымшалар[1].

Бұл еңбекке назар аударсақ, профессор С. Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы мен қалыптасу тарихын қазақ жеріндегі бұрынғы тайпалық одақтармен, жүздермен байланыстырып қарайды. Қазақ жеріндегі үш жүз – үш тайпалық одақ ретінде қазақ біртұтас халық болып құрылғаннан көп бұрын, VII – IX ғасырлардың арасында қалыптасты деп қорытынды жасайды.

С. Аманжолов қазақ диалектологиясының теориялық мәні бар өзекті мәселелердің (мәселен, қазақ тілінің өз ішінен диалект сөйленістерге бөлінетіндігі, қазақтың ұлттық әдеби тілінің диалектілік негізі, диалектілердің бұрынғы ру – тайпа тілдеріне қатысы қазіргі диалектілік ерекшеліктердің сипаты және аймақтық жағынан жіктеуі т.б.) қай – қайсысын болса алғаш рет ғылыми дәрежеге көтеріп ғана қоймай оларды кең көлемде зерттеуде даулы мәселелерді шешуге батыл қадам жасады. Халық тілі дегеніміз – диалектілерден құралған, бірақ әдеби тіл сатысына жетпеген тіл [2, 93]. Әдеби тіл деген нәрсе сапасы жағынан да өзінің, ерекше қасиеттері жағынан да ру тілінен де ру – тайпа тілінен де, ру – тайпа одақтарының тілінен де, халық тілінен де жоғары тұратын нәрсе. Қазақ диалектілері дегеніміз - әдеби тілге қарсы, негізінде ру – тайпа одақтарының тілдері соның қалдықтары. Бұларда өсіп, өзгеріп отырады. Оларды бір сөзбен айтқанда ел тілі, халық тілі деп атаймыз.

Сөйтіп үш жүздің қалыптасуымен үш жергілікті диалект пайда болған. Қазіргі тіл білімінде де қалыптасқан классификацияға сай қазақ тілінің оңтүстік диалектісі, қазақ тілінің батыс диалектісі және қазақ тілінің солтүстік – шығыс диалектісі. Әрбір диалектінің өзіне тән тілдік ерекшеліктері бар. Өз зерттеулерінде С.Аманжоловтың әдеби тілдің диалектілік негізі туралы мынадай ой айтылады. «Қазақтың ұлттық әдеби тілінің диалектілік негізі бар, оның негізі қазақ тіліндегі солтүстік- шығыс диалектісі» [3, 56] деп қарайды.

Бір ескеретін нәрсе мәселе, жалпы қазақтың жазба әдеби тілі тарихында Абай мен Ыбырайдың алытын орын жөнінде оның пікірінде басқа зерттеушілерден алшақтық жоқ. Ол жаңа бағыттағы қазақ әдеби тілінің, яғни қазіргі ұлттық тілдің негізін XIX ғасырдың екінші жарытысымен, Абай, Ыбырай шығармашылығымен байланыстырады. Абай мен Ыбырай шығармалары өздерінің туған өлкесіндегі халықтық тіл материалдары негізінде жазылды. Қазақ тілінің диалектілік құрылысы жағынан қарағанда бұл оның солтүстік-шығыс диалектісі еді.

Сол сияқты өз кезегінде профессор С.Аманжолов оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшеліктерін 20 салаға бөледі. Егіншілік пен бау – бақшаға байланысты сөздер өте көп, және олардың кейбірі баспасөз арқылы әдеби тілге еніп, бүкіл халық пайдаланатын сөздерге айналып отыр. Жалпы қазақ тілі лексикасының тарихын зерттеуде бұлардың зор мәні бар (таға – нағашы, үстін – діңгек, тіреу, пілік – білте) т.б.

Оңтүстік диалектісінде қазақ әдеби тілімен салыстырғанда қалыптасуында мағынасында қолдануында ерекшелік бар идиомалық, фразалық сөз тіркестері едәуір мөлшерде кездеседі: біршек бөлу – бөліну, тән алмау – мойына алмау, т.б. Қазақ тілінің батыс диалектісіне С. Аманжоловтың пікірінше алшын тайпалар одағының тілі жатады. Аталған тайпалық бірлестіктер әр түрлі тарихи жағдайға байланысты ұзақ уақыт бойы оқшауланып келгендіктен және бір аймақта тұрып, қоғамдық, шаруашылық, мәдени өмірі ыңғайлас болғандықтан, олардың тайпалық тілде бір жергілікті диалект болып қалыптасқан. Соңғы зерттеулерге сай қосарымыз, қазақ тілінің батыс диалектісі кең көлемді қамтиды, сонымен бірге диалектілік ерекшеліктердің таралу (шегі, сақталу сипаты бірдей емес, олардан батыс диалектісінің өз ішінен сөйленістерге бөлінетіні байқалады. Профессор С. Аманжоловтың пікірінше «диалектизм деген нәрсе тіліміздің жалпы өсу, даму тарихын бақылап тексеру үшін ғана, талдап беру үшін қажеті бар нәрсе емес екендігін естен шығармауымыз керек») [4,198].

Қазақтың халық тілі мен ауыз әдебиет үлгілерінен жиналған материалдарды және қазақ тілінің тарихын зерттеу нәтижесінде С. Аманжолов қазақ тілінде үш диалект бар деген қорытындыға келді. Олар мыналар:

- оңтүстік диалектісі – Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын және Талдықорған мен Қызылорданың кейбір оңтүстік аудандарын қамтиды;
- батыс диалектісі – Батыс Қазақстан, Ақтау, Ақтөбе облыстарын және Қызылорданың солтүстік аудандарын, Қостанайдың кейбір батыс аудандарын қамтиды;
- солтүстік-шығыс диалектісі – Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын және Қостанай мен Талдықорған облыстарының кейбір аудандарын қамтиды.

Қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісіне тоқталсақ, С. Аманжолов қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісіне бұрынғы керей, найман, арғын, қоңырат және қыпшақ тайпаларының тілін жатқызады. Бұл тайпалар ерте замандардан бастап-ақ Ертіс, Есіл, Тобол, Торғай өзендері бойын; Алтай, Тарбағатай алқабын, Арқа жерін мекен еткен. Олар оңтүстігінде – ұлы жүз тайпаларымен, батысында – кіші жүз тайпаларымен және татар, башқұрттармен, солтүстігінде – алтайлықтармен және Барабин, Тобыл татарларымен, шығысында – монғол, қытай және ұйғырлармен шектескен.

С. Аманжолов солтүстік-шығыс диалектісін қазақтың әдеби тілінің негізінде жатқан диалект деп есептейді. Қазақ тілінің диалектілері мен қазіргі әдеби тілін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жағынан жан-жақты салыстыра келіп, басқа диалектілерге қарағанда, солтүстік-шығыс диалектісінің қазіргі әдеби тілге әлдеқайда жақын екендігін атап көрсетеді. Әдеби тілдің негізінде жатқанына қарамастан, солтүстік-шығыс диалектісінде қазір де сақталып қалған, әдеби тілге енбейтін жергілікті тілдік ерекшеліктер кездесетінін де ескертеді.

Бірақ автор өзінің еңбектерінде оларға кең тоқтап, талдау жасамғанын байқаймыз. Оның себебі, біріншіден, автордың солтүстік-шығыс диалект ұлттық әдеби тілдің негізіне жатты деген көзқараста болуында, екіншіден, Қазақстанның солтүстік, орталық және шығыс аудандарындағы халық тілінің басқа жерге қарағанда нашар зерттелуіне байланысты. Бұл аймақ соңғы кездерде ғана зерттеліп келеді. Кейінгі кезде жиналған материалдар аталған аудандарда да жергілікті ерекшеліктердің белгілі мөлшерде кездесетінін, таралу сипаты әр түрлі болғандықтан, өз ішінен шағын говорларға бөлінетіндігін көрсетеді.

С. Аманжолов өз еңбегінде қазақ тілінің жергілікті

- 1) дыбыстық
- 2) грамматикалық
- 3) лексикалық ерекшеліктерге нақты тоқтайды.

Соның нәтижесінде қазақ тілін игеру барысында көптеген тілмен байланысты мәселелерді шеше алуымызға жол ашылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004 ж.- 536 б.
2. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. - 157
3. С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері: халықаралық ғыл.-практ. конференциясының материалдары.
4. Қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісі (Профессор С.Аманжолов бөлуі бойынша)//Қалиев Ғ. Қазақ диалектологиясының мәселелері: Пед. Институт. Сырттан оқушы студентер үшін көмекші құрал/ Ғ.Қалиев. – Алматы, 1960.-36-42 бет.
5. Еңбектер:
6. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004 ж.- 536 б.
7. Аманжолов С. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы: Санат, 1994
8. Аманжолов С. Аманжолов, С. А. Қазақ тілінің шығуы [Мәтін] : [тұңғыш жарияланған еңбегі] / С. А. Аманжолов // Ақиқат. - 1994. - № 2. - Б. 13-15
9. Аманжолов С. Морфология мәселелері Морфология мәселелері [Мәтін] / С. А. Аманжолов // Қаз МУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2003. - № 4. - Б. 3-7.
10. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. - 157
11. С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері: халықаралық ғыл.-практ. конференциясының материалдары.
12. Досқараев, Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - Павлодар : С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті, 2010. – 143
13. Сайрамбаев Т.С. Түркі әлемінің жүгін арқалаған ғалым / Т.С. Сайрамбаев // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2004. - № 6 (78). - 24-25 бет.

UDC372.881.111.1

## THE CONCEPT OF A PHRASEOLOGICAL UNIT

**Nurkiyasova Sh.**

University named after Zh.A. Tashenev, Shymkent  
Scientific supervisor-PhD doctor **Meirbekov A.K.**

Native speakers have a repertoire of expressions, phrases, utterances that they have included in their "mental lexicon" through mental images throughout their lives. These are expressions that allow us to briefly formulate an idea or concept that is common and understandable to other interlocutors of the same language. However, for L2 students, this group of formulas and expressions does not imply any predetermined idea and in many cases they are not even able to recognize that they are in front of them. one of them; even the recurrent mechanism of L2 students, translating "word for word" into their language, does not allow them to understand the message that each of these blocks<sup>2</sup> transmits. It is for this reason that there is no doubt in the teaching of languages that there is a need for mechanisms that facilitate the work of teaching a student and do not assume difficult and difficult work for him, but entertaining and relaxed. In the case of so-called phraseological units, they are acquired from the very beginning, when the student begins to create his own mental lexicon, that is, a set of mental images based on the content of fixed expressions located between the lexical structure and meaning [1, p.88].

In recent decades, confidently developing phraseological science, researchers have given dozens of different signs to the terms "phraseological unit" and "phraseological unit".

For example, according to Andreeva I. O. definition, a phraseological unit (or phraseological unit, phraseological turn, expression, stable expression, idiom, phraseser) is reproducible, integral in meaning, stable in composition and structure of the phrase, a combination of words that is

characterized by relative stability, expressiveness, integral meaning, and which is reproduced in a ready-made form [2, p.6].

Currently, the term "phraseology" has not received a final, exhaustive and generally accepted definition that would satisfy all scientists. One of the interesting definitions is the variant presented in Lexica and Phraseology according to the general edition of Venzhinovich N. F.: "The subject of the study of phraseology are stable combinations of two or more words that create semantic integrity and are reproduced in the process of speech in the form of ready-made verbal formulas" [26, p.113].

When, in order to discover a new poetic difference in the language of a sentence or phrase, it loses its usual original meaning, acquiring a new special meaning, then such a sentence or phrase begins to be called. However, his interpretation of the concept itself is somewhat more vague than the explanation of other linguists: "phraseological unit is a phrase in which its original meaning is not perceived, and the meaning is unusual" [3, p.128].

Each of the authoritative definitions (and the modern phraseology of the Kazakh language has at least 20 of them) in one way or another complements and clarifies the previous one, so we cannot stop at just one. Phraseological phenomenon, including: phrases, idioms, constant phrases, expressions, expressions, persistent turns, sayings, proverbs, etc.

It is possible to distinguish a phraseological unit from an ordinary phrase or sentence by a number of properties and features. Due to such features, individual entrepreneurs can be considered independent units of speech, despite the superficial equivalence, the external ability of such combinations to words or complete sentences. Kazakh scientist Turlybekova I.A. identifies the following signs of a phraseological unit (idiom) Kazakh language:

1. The idiom is used exclusively in the context of a sentence and cannot be used separately.
2. An idiom cannot be replaced by a synonymous word.
3. The essence of the idiom is not in the verbal meaning, but in the meaning of emotions, feelings and the expression of quality.
4. Idioms are an indicator of the social development and prosperity of the language [4, p.314].

Among the important features and properties of phraseological units that we perceive as self-evident, we should also point out the multicompetence, the relative constancy of the component composition and structure of the PT, the ability to enter into synonymous and antonymic relations, etc.

Phraseology as an independent linguistic discipline emerged at the beginning of the twentieth century. In the scientific works of the famous Swiss linguist S. Bally

"Essay on Stylistics" and "French Stylistics" introduced a section on phraseology and for the first time presented an attempt to justify phraseology as an independent linguistic discipline. Vinogradov V. S. noted that if in a certain phrase each graphic unit loses partially or completely its meaning and only the phrase as a whole retains a clear meaning, then it can be argued that we are dealing with a phraseological expression. General theoretical problems of phraseology and gave a significant impetus to the emergence of phraseology as a new independent linguistic science.

In the educational and methodical literature of the 20-40s, in particular in the works of S. Abakumov, L. Bulakhovsky, E. Polivanov, the question of studying stable combinations of words in a special section of linguistics – phraseology was clarified.

Based on the works of S. Bally, V. Vinogradov developed the doctrine of phraseology as a separate science, considered issues related to the basic concepts of phraseology, its tasks and volumes. Subsequently, the question of singling out phraseology as a separate linguistic science was raised by B. Larin.

In the 50s, the main attention was paid to the similarity and difference of phraseological units with the word and word combinations, the problems of phraseology were mainly limited to clarifying the criteria of phraseology and clarifying the basics of classification of phraseological units. In the late 50s, there was a tendency for a systematic approach to the problems of phraseology, and issues related to the description of phraseological units as structural units of the

language began to be studied (O. Akhmanova, O. Smirnitsky). In the 60-70s of the twentieth century, the actual development began to be intensively developed phraseological methods of studying phraseological objects based on the ideas of system-level analysis of language facts (V. Arkhangelsky, V. Zhukov, M. Tagiev), the study of the system Organization of phraseological composition (I. Chernyshova, M. Shansky) and its development (V. Mokienko, O. Fedorov) has gained popularity. Special attention was paid to the semantics of phraseological units, its nominative aspect (V. Telia), phraseological formation in its dynamics (S. Gavrin, Yu. Gvozdev), signs of compatibility of words-components (M. Kopylenko, Z. Popova), comparative typological study of phraseological composition (Yu. Avaliani, L. Roizenzon), as well as the development of descriptions of phraseological units in dictionaries (O. Babkin, O. Molotkov) 5]. During 2017, the first Kazakhstan textbook by Suleimenova E.D. "Linguistic processes and politics" was published in two parts.

In 2019, Baimukhanbetov A.E monograph "phraseology of the Kazakh language" was published [35], which became a new impetus for the study of phraseology as a separate science. In the monograph, the researcher deeply and comprehensively, taking into account the achievements of the National phraseological school, "describes the theoretical problems of Kazakh phraseology: phraseology as a linguistic unit, the principles of scientific classification of various phraseological material, the content and form of phraseology, structural and semantic types of phraseological units, system connections in phraseology, etc. Baimukhanbetov A.E is not limited only to describing the achievements of phraseology as a linguistic discipline, but also clearly and consistently formulates the topics of possible future phraseological studies, outlines the boundaries of individual problems, etc." [6, p.58-59].

In the 90s of the twentieth century, dissertations devoted to various aspects of literary phraseology are noticeably activated: the place of phraseology in the language system, phraseological units in the idiosyncrasy system, phraseological sentences, phraseology as an expression of the national mentality, phraseological innovations, system relations of components of phraseological units, components in phraseological units, symbols in the phraseological system of the language, semantics and dynamics of individual thematic groups.

HallidayMak, analyzing the stages of studying phraseology, outlines three periods:

1. 20-40s of the XX century – an attempt to determine the place of phraseology in the circle of linguistic disciplines.
2. 50-60s of the XX century – development of V. Vinogradov's ideas, development of basic concepts, design of two approaches to determining the volume of phraseology – wide and narrow.
3. 70-80s of the XX century – involvement of linguistic, historical, folklore, ethnographic data, broad genetic and typological parallels [2, p.11].

Three periods of the history of studying Kazakh phraseology:

1. Preparatory (50-60s of the XX century) – justification of the basic concepts of phraseology, description of the stylistic use of phraseological units in literary texts, etc.
2. structural and semantic description of phraseology (70-80s of the XX century)-systematization of phraseological material by structure, semantics, grammatical and stylistic parameters.
3. functional study of phraseology (90s of the XX century-the beginning of the XXI century) - a comprehensive study of phraseology in pragmatic, cultural, ideographic and other aspects with the involvement of scientific achievements that study the human phenomenon [3, P. 51].

Abilkhasimova B.B. in her dissertation for the degree of candidate of philological Sciences "Kazakh phraseography of the XIX – early XX centuries", analyzing the historical development of phraseology, defines two main periods of its formation: the period of origin (XVII – XVIII centuries); the period of formation (XIX – early XX centuries) [4].

At the present stage, synchronous and diachronic aspects continue to be developed in phraseology, terminology is clarified, system connections of phraseological units are studied, and the mechanism of phraseological formation is revealed with the involvement of genetic and typological parallels. Many of these questions have become traditional. New aspects in phraseology



are considered not only new areas of phraseology research, but also fundamental coverage of previously outlined but insufficiently developed issues.

In the works of modern linguists, we observe new aspects in the study of phraseology. The structural-semantic paradigm is gradually being replaced by the psychocognitive aspect (E. Bartminsky, S. Denisenko, D. Dobrovolsky, O. Zaburanna, O. Levchenko, S. Nebzhegovskaya), which is most clearly represented in the works of O. Selivanova. The study of the areal (dialect) phraseology of the Kazakh language has been particularly intensified. Scientists are trying to draw attention to the further accumulation of dialect material, the need to present areal phraseology as a system, develop an effective methodology for areal description, analyze phraseology in an ideographic and thematic aspect, and clarify derivational base, methods and factors of phraseology. In recent years, there has been a comprehensive dissertation study of phraseology in individual regions. Attention to jargon-argot phraseology has also increased. The question of connotation of phraseological units as an important aspect of their semantic structure is also acute. Anthropocentrism is actively developed in the field of phraseological significance as a driving force for the development of nominative language tools, which makes it possible to analyze language as a system of cultural categories, as constants of culture.

The rapid development of society, the need for a systematic study of phraseology, the ability to actively apply computer technologies, the need to compile ideographic dictionaries led to an onomasiology (ideographic, thematic-ideographic) description of phraseological systems of literary and areal phraseology.

Phraseological innovations of certain time limits are relevant as a manifestation of their dynamics on a synchronous cross-section of speech. Lexical-semantic and phraseological systems are most sensitive to the action of integration, globalization processes, Europeanization and internationalization processes, and in general to changes in society. They require research, in particular, the figurative and emotional basis of phraseological units at the intra-language and Inter-language levels, the identification of trends in formation (especially in the mass media), modeling within the framework of lexico-semantic systems, the formation of a phraseological unit in close connection with extralingual conditions, a multidimensional connection of phraseological units and society, an ideographic classification of phraseological units, the identification of the most productive phraseological spheres (computer language), the revival of stable compounds, mechanisms of language evolution, the intensity of replenishment with phraseological neologisms, the stratification of phraseological units from the point of view of their functional expediency and phraseographic status. In this regard, there is a need to study the development of neography and neophraseology.

### Literature

1. Turlybekova I.A. The formation of phraseology as an independent science in the aspect of synchrony and diachrony. L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, article in the proceedings of the conference. 2021, pp. 314-321
2. Allan, R. From *Do You Know* to *I Don't Know*: An Analysis of the Frequency and Usefulness of Lexical Bundles in Five English Language Self-Study Books. *Corpus Pragmatics* 1, 351–372. 2017. <https://doi.org/10.1007/s41701-017-0016-9>
3. Allan R. Lexical bundles in graded readers: To what extent does language restriction affect lexical patterning? *System*, 720. 2017. doi:10.1016/j.system.2016.04.005.
4. Fuertes-Olivera Pedro A. The Cambrian Explosion in Lexicography: Some reflections on the development and creation of specialized online dictionaries. *International Journal of Lexicography* 29 (2):226-247. 2016.
5. Bowker L. Corpus linguistics is not just for linguists: Considering the potential of computer-based corpus methods for library and information science research. *Library Hi Tech*, 36(2), 358–371. 2018. <https://doi.org/10.1108/LHT-12-2017-0271>
6. Vinogradov V. S. Translation: General and lexical questions. Moscow: KDU. 2016.

## ЕЛ МӘДЕНИЕТІ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

**Нұрматова М.Б.  
Абдихалилова Г.А.**

Tashenev University: Шымкент қ.

Ғылыми жетекші: - **магистр оқытушы Келимбетова Ф.Қ.**

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген екі қазақтың бірі оны ұлттың рухына, халықтың қазына-байлығына балайтыны бар. Талас жоқ, бәрі дұрыс. Халықтың қасиетті тілімізге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес. Кейбіреулерін атап өтейік: «Тіл – халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы», «Тіл – атадан қалған асыл мұра», «Тіл – асыл ойдың бұлағы», «Тіл – ел басқарудың құралы», «Тіл – тәуелсіздіктің тұғыры», «Тіл – елдігіміздің іргетасы», «Тіл – білім, тәрбие тұғыры», «Тіл – татулық тірегі», «Тіл – тәуелсіздік тұғыры», «Тіл – достықтың мерейі», «Әдеп басы – тіл», «Тілді қорлау – халықты қорлау», «Тілі өлген ел – тірі өлген ел», «Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем», «Ұлттың қуаты – тілінде». Бұл тәрізді халықтың жүрегінен шыққан, ана тіліне деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін қанатты сөздер көп-ақ. «Халықтікі» деп отырғанымыздың себебі – көбісінің авторы белгісіз, ұмыт болған. Бірақ олар – ел қамын жеген, тіл тағдырына бейтарап қала алмаған халық перзенттері. Және бұлар ойланып-толғанып барып, ақиқатқа көзін жеткізіп барып айтылған ой-тұжырымдар. Бұл тәрізді ой-тұжырымдардың баршасы – ел аузынан түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер. Сөзіміз дәйекті болу үшін бірер дерек келтіре кетейік: мәселен, «Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөзді ХІ ғасырдың ұлы филологі – Махмут Қашғари айтса, «Әдеп басы – тіл» деген тағылым-өсиет ХІІ ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі – Ахмет Йүгнәкийдің есіміне қатысты. Бұлардың баршасы - өз кезінде айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, ойшыл да ақылман бабаларымыздың өмірден алынған, жүрегінен қайнап шыққан, күдіреті күшті ана тіліміздің қадір-қасиетін терең түсінуден туындаған қанатты сөздер.

Үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көріп отырмыз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл да абзал қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөзге айналдырып жіберген зиялыларымыз да баршылық. Олардың бір айырмашылығы: тіл туралы айтқан ой-тұжырымын нақтылы деректермен дәлелдеп, сипаттап айтады. Мысалы, заманымыздың әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматовтың: «Әрбір халық жер бетінде мәңгі-бақи жасау үшін келеді» деген пікірі бар. Осы пікірге унисон айтылған Ғабеннің де тілге байланысты «Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі» деген пікірі бар. Және бұл пікір мынандай жағдаятта дүниеге келгенін көреміз: «Ана тілі дегеніміз – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан (және жасай да бермекші - Ә.Ә.) халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ.Мүсірепов). Тағы бір мысал. «Тіл – халықтың жаны» деген қанатты сөздің жәй айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, өмірлік мәні зор философиялық кредо екендігін дәлелдейтін ой-тұжырымды біз жазушы Дүкенбай Досжаннан естідік. Ол: «Менің жаным - қазақ тілінде» деп алып, соны дәлелдейді. Ана тіліміздің жаршысы, ар-намысы, ұйытқысы саналатын қаламгерлер қауымының жаны өз тілінде болса, онда халқының жаны да сол тілде болғаны ғой. Сол Д.Досжан әңгімесін мынандай салыстыру арқылы өрбітеді: «Ертеде былай дейтін: «Пәлен жерде Өтеген» деген сұрапыл күш иесі дәу тұрады. Оны жеңу өте қиын. Өйткені, оның жаны кеудесінде емес, басқа жерде. Оны өлтіремін десең, биік дарақ басына іліп қойған сандық бар, сандық ішінде балапан кептер бар, әлгі сандықты атып түсірсең, кептер ұшып шығады, кептерді атып түсірсең, сонда ғана әлгі дәудің жаны шығады» - дейтін. Мына өмір де айна қатесіз. Біздердің, қазақ тілінде жазатын жазушылардың жаны ана сүтімен сіңген ұлттық тілімізде.

Қазақ тілі, әсіресе, бұл – қаламгерлердің жаны, ана тілі өлген күні олардың да күні бітеді» - деп, жазушы өзін алып күш иесі дәуге, кеудесіндегі жанын – ақ кептерге балайды («Ана тілі», No29, 24.07.2003, 1). Бұл ой-тұжырым негізінде символика жатса да, ана тіліміздің табиғаты мен тағдыр-тауқыметін дұрыс көрсетіп тұрған шындық. Бұл тәрізді қанатты сөздерді хан да айтқан, қара да айтқан және қарақан басының қамы үшін емес, халқының қасиетті тілінің тағдыры үшін қабырғасы қайыса отырып айтқан ғой.

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы, қадір-қасиеті елбасын да аз ойландырып, аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар, елбасының уәли ауыздан шыққан: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», ал кейінгі (2005) Қазақстан халықтарына арналған жолдауында айтылған: «Біз барша Қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» (Н.Назарбаев) деген уәжінде қазақ тілін Қазақстан халықтарының басын біріктіруіне ұйытқы болуын уағыздап отыр.

Міне, елбасының осы сияқты ұлағатты ой-тұжырымдары Мемлекеттік мәртебеге ие болса да, дйттеген биігінен көріне алмай келе жатқан қазақ тілін жай мадақтау үшін ғана емес, оның зор болашағына деген сенімін, тарихтың талғауымен (тәлкегімен) көп ұлттың өкілдері қауышып, қауымдаса өмір сүріп келе жатқан Қазақ жерінде соларды дүрліктірмей, дұрдараз қылмай, тас-түйін болып бірігіп, бейбіт өмір сүруіне ұйытқы болатын аса биік миссиясының барлығын да аңғартып отыр. «Ана тілі - бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген қанатты сөздің мән-мағынасы бәрінен де терең. Өйткені ұлт болу – этникалық дамудың ең жоғары сатысы, шарықтау шегі. Оны ұйыстырушы, ұйымдастырушы факторларға ортақ табиғи мекен, ортақ өмір-тіршілік көздері, ортақ мәдениет, ортақ дәстүр, ортақ психология және тіл жататыны белгілі. Тілдің «ұлт анасы» болуын оны сүйіп өскен ұл-қыздарымен қатар, әр алуан себептермен осы ұядан тәркіленіп, алыстап кеткендерді, не өз қағынан жеріген киіктей, «ана тілі» деген құдіретті күшті мойындамай жүрген нигилистерді, не қоғам дамуының әсерінен бұл ұлттық құндылықты бағалай алмай жүрген «жаңа қазақтардың т.т. өз құзырына алуы деп түсінген жөн.Елбасының ана тіліміз табиғи болмысы мен болашағы туралы бұданбасқа да айтқан пікір-тұжырымдары баршылық. Біле білсе, олар елімізде жүргізіліп отырған мемлекеттік тіл саясатының негізгі де өзекті мәселелерін баяндайтын, ана тіліміздің бүгіні мен алдағы болашағын болжалдайтын бағдарламаның қысқа жобасы іспетті: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!».Әрбір халықтың өз ана тілі бар. Ол – жеке адамның ойлап тапқан туындысы емес, барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сондықтан да болар, ана тілінің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы сол ұлттың әрбір шынайы азаматына танымал, мәдени-элеуметтік өмірде өзіндікмәні бар киелі ұғым.

Ана тілін әркім-ақ қолданады, бірақ ол жеке адамның қарақан басы үшін жасалған дүние емес. Әдетте, бұл сауалға лингвистика ғылымының: «ана тілі – этникалық қауымдастық мүшелерінің өзара түсінісіп, байланыс жасауға қажетті қатынас құралы» - деген жауабы дайын тұратыны белгілі. Бұл да – шындық. Бірақ ана тілінің атқаратын қызметі тек сол ғана ма? Тілдің коммуникативтік қызметтерінен басқа ерекше атауға тұрарлық эстетикалық және коммулятивтік қызметтері тағы бар емес пе? Тілдің эстетикалық қызметі белгілі этникалық қауымдастықта қалыптасқан көркемөнердің (сурет, сәулет, бейне, музыка т.б.) небір ғажайып үлгілерін тіл арқылы бейнелеп жеткізуде, табиғат пен қоғамдық өмірдегі небір ғажайып құбылыстарды сөздің құдіретті күшімен әсірелеп танытып, адамның жан дүниесіне эстетикалық ләззәт сыйлаудан айқын байқалса, ұрпаққа төкпей-шашпай, өзінің бояу-нақышымен жеткізу үшін тілдің қазына-байлығымен қатар, құдіретті күші де, көркемдік қуаты да қажет. Басқаша айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында халық жадынан жаңғырып-жаңаланып шығып, өзінің қолына қайта оралғалы отырған жүздеген томдық өткендегі бабаларымыздың асыл мұрасы, екінші жағынан – «қазақ тілі» атты көне де байырғы мәдениеттің де төл ескерткіші. Бұл объективті фактор «қазақ тілі мемлекеттік тіл бола алмайды, ол - қойшы-қолаңның тілі» деп оны өзінше құстаналаушыларға, өз тілінен жеріген кейбіреулерге нақтылы жауап болып саналса керек.

Дүниедегі барша құндылықтың парқы, әдетте, салыстыру арқылы ғана байқалады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жаңғырып, жарық көруге тиісті барша материалдық, рухани құндылықтарымызды, атап айтқанда: сәулет-құрылыс, көркем сурет, музыка, ән-күй, қолөнер т.б. сан алуан ұлттық мәдениет нысандардың парқын, әдетте, басқа халықтардың сондай құндылықтарымен салыстыра-салғастыра қарағанда ғана айқын көре аламыз. Ондай мүмкіншілік енді ғана туайын деп отыр. Қазақ жерінің асты да, үсті де көне қазына-байлық, мұраға толы. Сол мол да бай мұраларымыздың үлкен бір саласы – біз сөз етіп отырған – тіл құзырынан туындаған рухани мұраларымызды жан-жақты дамытуды елбасымыз экономикалық дамуымыздың заңды жалғасы деп қарап отыр. Міне, осы тұста, көптен бері дұрыс шешімі табылмай, қоғамдағы көптеген проблеманың бірегейіне айналып отырған тіл проблемасы табиғи түрде алдымыздан көлденеңдеп шығатыны сөзсіз. Кезінде, желтоқсан оқиғасының дүмпуінен кейін, ел болып, жұртболып, қоғам құрып, үлкен дау-дамаймен жүргізілген күрес нәтижесінде ана тілімізге биік мемлекеттік мәртебе берілгені белгілі. Бұл мәртебе ғасырлар бойы қағажу көріп, қоғамдық өмірден тәркілене бастаған ана тіліміздің беделін көтеру үшін ғана емес, ендігі жерде сол тілді қоғам болып қорғап қалу үшін даму үрдісін жалғастырып заңды құқығын сақтап қалу үшін қажет болды. Егер сол кезде, яғни бұдан 15 жылдай бұрын, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілмей, мәселе басқаша (қос мемлекеттік тіл түрінде т.б.) шешілген болса, бүгінгі дау-дамайдың, тіл туралы талас-тартыстардың біреуі де болмаған болар еді. Сондықтан да бүгінгі күрес – тіліміздің мәртебесін сақтап қалу үшін күрес. Бұл күрестің бұрынғы күрестерден айырмашылығы - ол демократия мен тәуелсіздіктің, сөз бостандығының дами бастаған жағдайында өтіп отыр. Олай дейтін себебіміз: қазақ тілі үшін күрес бүгін ғана басталып отырған әрекет емес. Жігер-күші тасып, қазақ тілі үшін күреске бүгін ғана араласып отырған кейбір тіл сүйер қауым мүшелеріне бұл тәрізді әрекеттің бүгін ғана басталғандай болып көрінуі еріксіз езу тартқызады. Ал, біле білген адамға бұл дерттің ұлт бойына жұғып, қасаң болып қалғаны қашан. Ол дертпен қазақтың саналы азаматтары шама-шарқына қарай үзбей күресіп келе жатқандығына да, міне, 100 жылдан астам уақыт өтіп кетіпті. Сөзіміз дәйекті болу үшін ескерте кетейік: бұдан тура 100 жыл бұрын, яғни 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде жазылған «Қарқаралы петициясында»: ұлттық мүдденің бірі ретінде: «Ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, мемлекеттік апаратта, сот орындарында, іс қағаздарын қазақ тілінде жазу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою... т.т.» деген талап қойылады (Әлихан Бөкейханов. Шығ., 1994, 13 б.). Ойлап тұрсақ, бұл қай заман еді?

Тіл қасіретіне ұшыраған халықтың мұң-зары одан кейін тоқтап па еді? Жоқ, ешбір тоқтаған емес. Ал қоғамда бізге дейін де тіліміз үшін талай күрес болған жоқ па еді? Халықымыздың саналы азаматтары (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхаметов, Әлихан Бөкейханов т.б.) замана райына қарай қазақ тілінің тағдыры үшін күресін ешқашан тоқтатқан емес еді ғой. Тек, Сәкен Сейфуллиннің бір өзі ғана 1923 ж. үкімет қаулысымен мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің мүшкіл жағдайына байланысты баспа бетінде арнайы 50-дей сын мақала жазғаны бар емес пе еді? Бір ғажабы, сол кезде айтылған әңгімелердің көбісі бүгін де қайталанып отыр. Советтік партократия кезінде де тіл саясатындағы бұра тартып, белінен басушылық кейбір саналы зиялылардың (мыс., Р.Бердібаев т.б.) қолына қалам алғызып пікірін ашық айтуға мәжбүр еткені де белгілі. Бірақ ол заман мен бұл заман бір емес қой. Ол кезде мәселе қалай көтерілсе, сол сәтте-ақ басылатын.

Осылайша, баланың және тәрбиеші ересек адамның кездесуі кезінде автоматты түрде пайда болмайтын мектеп кеңістігінде баланың дамуы мен өмірінің сәттілігі мұғалімнің тәрбиеші ретіндегі жұмысының тиімділігіне байланысты; ол арнайы әзірленген педагогикалық іс-қимыл бағдарламасын қамтиды.

Тәрбие міндеттерін шешу нәтижесінде адамгершілік, толеранттылық, мейірімділік, жауаптылық, мейірімділік, өзін-өзі бағалау, адалдық, принциптілік, шынайылық, еңбекқорлық, басқаның еңбегін құрметтеу, табандылық, мақсаттылық, кәсіпкерлік, табандылық, эстетикалық талғам, патриотизм сияқты қасиеттер қалыптасады.

Осылайша, келесі қорытындылар жасауға болады. Отбасы мен мектеп бала тәрбиесінің негізгі институттары болып табылады және үлкен білім беру мүмкіндіктеріне ие. Отбасы-баланың адамгершілік принциптерін, өмірлік принциптерін қалыптастыруда негізгі рөл атқаратын баланы тәрбиелеудің бастапқы институты. Отбасының тәрбиелік әлеуетінің маңызды компоненттері ретінде отбасылық қатынастарды, ата-аналардың адамгершілік үлгісі мен олардың жеке қасиеттерін, отбасының құрамы мен құрылымын, оның өмірлік белсенділігін, ата-аналардың білім деңгейі мен педагогикалық мәдениетін, олардың бала тәрбиесіне жауапкершілік дәрежесін ажыратуға болады. Мектептегі балаларды тәрбиелеу-бұл отбасындағы тәрбие процесінің жалғасы. Мектеп тәрбиесінің ерекшеліктері оның жан-жақтылығы, педагогикалық бағыты, жүйелілігі және оқу процесімен байланысы болып табылады. Алайда, отбасы мен мектептің тәрбие институттары ретінде белгілі бір кемшіліктері бар-оның мүшелерінің жеке мүмкіндіктеріне және мектеп тәрбиесінің иесізденуіне байланысты отбасылық тәрбиенің шектеулілігі, бұл әр балаға жеке көзқарасқа қайшы келеді. Бұл кемшіліктер отбасы мен мектеп тәрбиесінің сәтті үйлесімі, оларды толықтырудың арқасында жойылады. Тек осы жағдайда баланың жеке басына тәрбиелік әсер ету процесі толық болады.

### Әдебиеттер

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика оқулық . Алматы - 2019ж.
2. Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С. Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы/ Тараз - 2016ж.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы - 2019ж.
4. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009
5. Тажбаева С.Г. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2013.

ОӘЖ 821.512.122-1

### ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Оспан Ұ.Ш.**

Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекші– ғ.м., аға оқытушы Байболова А.Ж.

*Мен саған салт ат мінген жолаушыдай,  
Келемін Құс Жолынан нұр шаңғытып.  
Т.Айбергенов*

Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ әдебиетінің поэзия жанрында жаңа ізденістер, тың тақырыптар, көркемдік бітімдер жаңғырып, жаңа бір леп байқала бастады. Ұлттық поэзиямыз жаңаша бет алыс жасап, ілгері жылжыды. Соғыс, бейбітшілік, патриоттық сезім, достық, мораль, этика сынды тақырыптар өлеңге арқау болып, кеңінен жырланды.

Қазақ поэзиясына жаңадан қосылған талантты толқындар суырылып алға шықты. Сол кезеңнің поэзия жанрын толықтыра түсті.

50-60 жылдардың поэзиялық туындылары көркемдік кестесімен, мазмұндылығымен халықтың көңілінен шығып, көкіректе тез жатталынып та қалды. Заманының жас ақындары оқ бойы озып шығып, жаңашыл, сыршыл өлеңдерін дүниеге әкеліп, поэзия қорына мол үлес қосты. Мұндай шығармашыл таланттылардың басын қосатын жинақтар шығып, елге кеңінен таралғаны ақиқат. Бұл жылдары поэзия әлемінің жүйрік құлагерлері жыр сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Олар осы жолдан табысты өтті.

60-жылдардағы реалистік лирика жарқырауымен бірге ақындар өз шығармашылығына жаңашылдық сипат дарытты. Мұндай жаңашылдықтарды өлең құрылысынан, көркем сөз кестесінен байқауға болады. Лирикалық поэзияда жарасымды өрнектердің шеберлік биігі жасалынды.

Сонау 60-жылдардағы қазақ поэзиясы туралы сөз қозғала қалса, адам болмысының қат-қабат сезім әлемін өрнектеуге бағыт алған сыршыл лирика ауызға алынатыны анық. Жүзден жүйрік шығып, дүбірлеткен тайбурыл ақындар Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Жұбан Молдағалиев, Жүмекен Нәжімеденов,

Төлеген Айбергенов сынды тұлғалар поэзиямыздың биік шоқтығы болды. Ілияс пен Қасымдағы асқақ рухты, Мағжаннан бастау алатын сыршыл өрнекті шебер үйлестіре білген Төлеген Айбергенов қазақ поэзиясына өзіндік ерекшелігімен келгені ақиқат.

Аса дарынды ақынымыз Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында Айберген шаңырағында дүниеге келген. Туған елінде орта мектепті тәмамдап, Ташкенттің Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, институтты бітірген соң, Қоңыраттағы орта мектептерде оқытушы болады.

Ақын 1962-1965 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында мектеп директоры қызметін атқарады. Ал 1965 жылдың қыркүйегінен бастап Алматы облысы, Қаскелең ауданына, кейін Аламытға келеді. Өмірінің соңында Қазақстан Жазушылар Одағындағы әдебиетті насихаттау бөліміне орналасады. Сол қызметімен Қарақалпақстанға барғанда, 1967 жылы 29 тамыз күні мезгілсіз дүниеден озады.

Ақынның өзге ақындар сияқты том-том шығармалары болмаса да, оның бір кітабының өзі-шалқып жатқан дария. Көзі тірісінде 1961 жылы «Жас дәурен» ұжымдық жинағында бір топ өлеңдері, «Арман сапары» (1963ж), «Өмірге саяхат» (1965 ж) жыр кітаптары жарық көреді. Өзі қайтыс болғаннан кейін «Құмдағы мұнаралар» (1968 ж), «Мен саған ғашық едім» (1970ж, 2005ж), «Аманат» (1975 ж), «Бір тойым бар» (1981 ж, 1989ж, 2003 ж), «Бақшаға саяхат» (1985 ж), т.б. кітаптары оқырманымен қауышты. Орыс тілінде «Мир созвездий» (1987ж), «Сад» (1990 ж), Қытай Халық Республикасында араб қарпімен ақын кітабы жарық көрді. Ақын өлеңдері украин, өзбек, қарақалпақ тілдеріне аударылды. Ақынға 1974 жылы «Құмдағы мұнаралар» жыр жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. Ақын өлеңдері мектептерде, жоғарғы оқу орындарындағы оқулықтарға еніп, бүгінге ұрпақпен бірге жасап келеді. Ақын мұраларын зерттеуші ізденуші Рахмет Аяпбергенұлының «Төлеген Айбергеновтың ақындық мұрасы» атты филология ғылымының кандидаты ғылыми атағын алу үшін қорғаған диссертациясы (1996 жылғы) сыршыл ақынның шығармашылығына деген көпшіліктің көңілін аударуға өз септігін тигізгені айқын. Зерттеуші Р.Аяпбергенұлы Т.Айбергенов лирикасына зерттеу барысында, мына мәселелер негізінде қарастырады: а) Т.Айбергеновтың лирикасы: ақынның лирикалық қаһарманы, идеялық-тақырыптық негізі, философиялық ой-түйіндері ә) Т.Айбергеновтың поэмасы: поэманың жазылу процестері, оның қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны б) Т.Айбергенов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері: ақын шығармаларының тілі, мәнері мен машығы және өлең өрнегіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың көрінісі [3].

Т.Айбергенов шығармашылығын зерттеуге көптеген қазақ жазушылары мен ақындары, сыншылары әр кезде көңіл аударып келген. Қазақ әдебиетінде алпысыншы жылдары өзіндік тың серпінмен келген М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов сынды таланттылардың

әдебиетті дамытуға қосқан үлесін зерттеу қолға алынған болатын. Сол тәрізді шығармашылығы жан-жақты қарастырылған ақынның бірі – Т.Айбергенов. Сол тұста Ә.Тәжібаев, С.Ахметов, Қ.Сейданов, Д.Әбілев, М.Қаратаев, Е.Ысмайловтар Т.Айбергеновтың лирикасына талдау жасай отырып, әділ бағасын берді, нұсқа көрсетті. Әр тұста Т.Айбергеновтың поэзиясы туралы пікір айтқан белгілі ғалымдар мен сыншылар да болды. Олар: З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Әбдірахменова т.б.

Бұл ғылыми зерттеулер мен мақалаларда Т.Айбергеновтың шығармашылығы туралы ой-толғамдар, пікірлер бар. Сол айтылған пікірлерді келтірейік.

«Төлеген Айбергеновтың өзіне тән бояуы мен нақышы бар, жаңа өрнек, жаңа леп барлығы қуантты бізді», – деген С.Елубайдың пікірі ақынның сөз өрнегін өрнектеудегі өзіндік дара ерекшелігін дәлелдей түседі. Ақиық ақынның таланты жөнінде белгілі ғалым Е.Ысмайлов: «бізде өлең жазатын жастар аз емес. Ал, Төлеген Айбергенов оның ішінде алғашқы қадамын сәтті бастаумен көзге түскен талапкер. Оның жылы, тартымды лирикалары болашақ өрісін байқатқандай. Жастарға ортақ сезімді, өмірге құштарлықты жырлағыш қанатты поэзияның лебі еседі», – деп ақынның алғашқы қадамына баға береді.

Төлеген Айбергеновтың шығармашылығы жөнінде оның сырлас қаламгерлері өздерінің танымдық мәні бар ой-тұжырымдар айтқан. Қазақ поэзиясының рухын көтеруге атсалысқан ақынның қанаттас қаламгері М.Шаханов: «Төлеген поэзиясы өз бойына лаулаған жігер мен алғыр сезімді, сәулелі парасат пен зымыран ойларды қатар сіңірген толқынды поэзия. Сондықтан да оны таңдайына әсемдіктің тұзы тати білетін адамның тебіренбей, толқымай оқуы мүмкін емес», – деген ойдың түйінін білдірген. Бұл пікірлерден байқалатыны – Т.Айбергеновтың қазақ поэзиясын жандандырған ақын екендігін көрсетеді.

Т.Айбергенов поэзиясының көркемдік әлемін ғылыми тұрғыдан зерттеген – Рахмет Аяпбергеноұлы екендігін жоғарыда атап өттік. Ендеше ғалым зерттеуінегі тұжырымдар мен жаңалықтарға тоқталып өтсек.

Зерттеуші ақын ең алдымен Т.Айбергенов шығармашылығы жөнінде әр кезде айтылған пікірлер легін келтіріп, әрі қарай тілдегі лирикаға берілген анықтамаларға және лирикалық қаһарманның табиғатына үңіле отырып: «Төлеген Айбергеновтың – лирикалық қаһарманы туралы жинақтап айтар болсақ – ақынның лирикалық қаһарманы тек жанұясының, жеке басының емес, бүкіл адамзаттың қуанышына қуанып, қайғысына мұңданатын үлкен жүректі, адалдыққа үндейтін, сергектікке шақыратын ерекше бейне», деген ойды жинақтаған. Сонымен бірге ақынның лирикасын жүйелей отырып, мынандай түрлерге бөледі:

Азаматтық әуен. Бұл топқа кіретін лирикада ақын немесе ақынның лирикалық кейіпкерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраты, адамдарға деген ыстық ықыласы, махаббаты танылады;

1. Туған жер, Отан тақырыбындағы өлеңдер легі;
2. Еңбек тақырыбына арналған өлеңдер;
3. Достық, туысқандық тақырыбы;
4. Адамгершілік тақырыбы;
5. Махаббат тақырыбы;
6. Арнау өлеңдер;
7. Ақынның философиялық ойларын көрсететін өмір, уақыт, табиғат тақырыптары;
8. Елеулі табысқа жетелеген АНА тақырыбы;

Ақын лирикасын жоғарыда аталған тақырыптарға бөліп, өлең үзінділерінен мысалдар келтіре талдау жасаған. Ақын поэтикасына талдау жасай отырып, «Космонавт момлогы» поэмасының пісіп жетілуін, оның тақырыбы мен көркемдігіне өзіндік салыстырмалы түрде сипаттама береді.

Зерттеуші Р.Аяпбергенов жұмыстың III тарауында Т.Айбергенов поэзиясының көркемдік ерекшеліктеріне жан-жақты анализ жасаған. Ақын шығармаларының тілі, мәнері мен машығы, өлең өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың көрінісін дәйекті түрде анықтаған. Ақындық болмысты киелі өнер деп баға береді. «Ақындық – дарынды жандарды ғана көктетеді, ол жанкешті ізденісті қажет етеді. Нағыз дарындар ғана оригинал

шығармалар тудыра алады... сондықтан кез келген ақын әдеби құбылыс боп таныла бермейді».

Т.Айбергенов поэзиясының ерекшелігі жөнінде: «Оның жырларында ежелгі шығыс жырының мұңлы да сазды сарынының, әуенінің жатуы, қазақтың екпіні тау суындай өр тынысының шиыршық атқан дауылының есіп тұруы, аз сөзге өте терең мағына сыйдыру арқылы өлеңнің философиялық мәнін күшейтуге тырысатын қазақ жырының соңғы жетістіктерінен үйренгендігінің көрініп тұруы – мұның бәрі Төлегеннің сан қырлы ізденісінен, соның бәрін жоғары дәрежеде меңгергенінен дерек береді», – деген пікірді қуаттай келе ақын лирикасындағы троптың түрлеріне әдеби-теориялық тұжырым жасаған. Лирикада ең алдымен қарастырылатын ерекшелік – интонация. Т.Айбергенов лирикасының ерекшелігі де осы дауыс ырғағымен байланысты. «Ақынның «Аруана – бауыр дүние», «Сағыныш», көп бунақты өлеңдерді дауыс ырғағын үзіп алмай, әр жолын бір деммен оқуды талап етсе, «Туған жер» атты өлеңі сегіз буынмен жазылса да желдіртіп оқуға көнбейді».

Төлеген Айбергенов шығармашылығының сыр-сипатына талдау жасаған ғалым үшінші тарауында өлеңдерінің көрдемдік өрнегін, ұйқастарының ерекшелігін А.Науаи, А.Құнанбаев, Қ.Аманжолов, І.Жансүгіров өлеңдерімен астастыра қарастырған. Оны зерттеушінің мына пікірі дәлелдей түспек: «...Өйткені табиғатында Төлеген із қуалаушы емес, көрген-білгендерін саралап, қорытып алушы ақын. Оның шығармашылығына тән жыраулық өр екпін, қазақ жазба әдебиетіндегі Абайдың терең ойлылығы, Ілиястың тау суындай мөлдір де қуаттылығы, Қасымның найзағайдай өткірлігі бәрі-бәрі синтезделіп келіп, жаңа бір әдеби әлемді – Төлеген Айбергеновтің ақындық әлемін ашады».

Төлеген Айбергенов лирикасында синониммен қатар, жиі қолданылып, қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарды, адамның сан алуан қасиеттерін қарама-қарсы ұғымда бейнелейтін әрі поэтикалық қызмет атқара алатын құралдардың бірі – мағыналары қарама-қарсы сөздер болып табылады. Антоним сөздер өлеңнің бір шумағында, кейде екі шумағында, енді бір өлеңдерінде тұтас мәтінде толық келтіріліп, ақынның айтпақ поэтикасына түр береді. Ғалым К.Аханов «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен ұатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мәнерлі болып келеді», - деген. К.Ахановтан басқа тіл білімінде ғалымдарымыз Ә.Болғанбаев, Ғ.Мұсабаев, Ж.Мусин, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, еңбектері әр түрлі зерттеу саласында көрінісі тапқан. Антонимдердің прозалық шығармаларға қарағанда, поэзияда қолданылу аясы кеңірек. Ақын лирикасында адам психологиясын танытуда, табиғаттың сан алуан құбылыстарын суреттеуде зат есім, сын есім антонимдерді жиі ұшыратамыз. Мәселен: *күн мен түн, жер мен көк, қуаныш пен қайғы, кәрі мен жас т.б.*

Ақын өлеңдеріндегі антонимдер әсерлілігімен, мағыналылығымен, күштілігімен, ұйқас пен ырғаққа қатысымен оқырманын ойлануға жетелейді. Соған біраз мысал келтірейік:

*Өмірді үлкен домбыра деп білем мен,  
Егіз туған екі шектен тұратын.  
Бірі – қайғы қабағында түнерген,  
Бірі – шаттық әлдилеген мұратын [6].*

Қайғы – шаттық дерексіз ұғымындағы зат есім антонимдер адамның басындағы көңілсіз сәттерді береді. Қайғы адам өміріндегі болып жатқан ауыр кезеңді, көңілсіздікті, жабығуды, мұңды суреттесе, шаттық ерекше бір көңіл-күйді, бақытты сәтті анықтауда жұмсалған.

*Алыссың сен – таулардың ар жағысың,  
Жылытасың мұз басын, қар жамылсын.  
Жақынсың сен – төрінен жарқыраған,  
Мына теңіз кеудемнің маржанысың*

Сонымен, Төлеген Айбергенов лирикасының зерттелу барысы жоғарыда атап өткеніміздей, тәуелсіздікке дейінгі уақыт аралығында тереңнен зерттелінген жоқ. Баспасөз беттерінде естеліктер мен мақалалар легі ғана жарияланған болатын. Тек тәуелсіздіктен кейін ғана зерттеуші Р.Аяпбергенов ғана жан-жан сипаттама жасап, жүйелі зерттеуді қолға алды. Бұл Т.Айбергенов шығармашылығы толығымен зерттелінді деген сөз емес. Әлі де зерттей түсуді қажет ететін тың тақырыптардың бірі десек қателеспейміз.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Мырзаұлы С. «Философия әлемі» Алматы, 2006 Жан еді өлең үшін дара туған. Төлеген Айбергенов туралы естеліктер. – Алматы, 2007 ж. – 411 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2006 ж. – 384 б.
- 3.Айбергенов Т . Бір тойым бар. –Алматы: Атамұра,- 2020 ж. 208 б.
- 4.Аяпбергенов Р. Төлеген Айбергеновтың ақындық мұрасы. – Алматы, 2019 ж.–139 б.

ӘОЖ: 94(574)

### **ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙСАР ПЕРЗЕНТІ - Ж.А.ТАШЕНОВ**

ПФ20- 1к тобының студенті **Өмірбек Т.**  
Ж.А. Ташенов атындағы университет  
**Садуақас А.**

КММ О.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейі  
Ғылыми жетекшісі аға оқытушы **Арынбаева Р.А.**

Жұмабек Ахметұлы Ташенов 1915жылы 20 наурыз Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай қыстауында туған. 1986 жылы Шымкент қаласында дүниеден озады. Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты. Ақмола құрылыс техникумын, КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген соң қызметтік жолын аудандық атқару комитетінің хатшылығынан бастайды. Облыстың жер бөлімі орынбасарлығынан, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, қазақ ССР ның министрлігінің төрағалығына дейін үлкен лауазымды қызмет атқарады. Ташенов осындай жауапкершілігі жоғары қызметке отырып, артына аңыз болып қаларлықтай, қазаққа ізгі жақсылықтар жасап кетеді.

50 жылдардың аяғында Кеңес Одағының басшылығына Никита Сергеевич Хрущев келген кезде Қазақстанның территориясы оларға ауқымды көрініп оны шағымдау керек Қазақстанның Солтүстігіндегі 5 облысты қазақ жерінен бөліп алып, Ресей федерациясы құрамына қосу керек. Батыстағы Маңғыстау облысын тұтасымен Түркіменстанға беру жөнінде, Оңтүстіктегі мақта егетін аумақтарын Өзбекстанға беру жөнінде үлкен жоспар жасалған. Сонда Ташенов “Бұл аумақтарды қосу бөлу жөніндегі мәселелердің барлығын жергілікті билікпен, жергілікті үкімет орындарымен санаспай тікелей Мәскеуден Орталық комитеттен шеше беретін болса, онда Совет үкіметі конституциясын Қазақстан үкіметі конституциясын жою керек. Тайға таңба басқандай жазылған мына аумақтың барлығы Қазақстанның меншігі! Оның құқығыныңаясында деп жазылған” деп Хрущевтың бетін қайтарған. Сол тұста Кеңес үкіметінің тізгінін ұстаған Хрущев сталиндік саясатты сынға алып, өзінің ұстанымын нығайтуды көздегені анық. Хрущев Ташеновтың батыл қарсы шыққан сөзіне қызуғандылықпен шешім шығарып оны бірден қудалауға амалы да жоқ еді. Тарих қашан да өз жұмбағын жасырып қалады емес пе? Бәлкім сол уақытта Ташенов басын бәйгеге тігіп жердің тұтастығын, елдің бірлігін сақтап қалуға ашық түрде қарсы шықпаса, тарихтың дөңгелегі басқа арнаға бұрып кетер ме еді?!

“Маған керегі лауазым емес Қазақ халқының бірлігі мен жерінің тұтастығы! Ол арманым жеттім! Елім жерім орнында!”Бұл ұлт үшін отқа түссе күймейтін, суға салса

батпайтын, рухы мығым тау тұлға Жұмабек Ахметұлы Ташеновтың сөзі! Рас ол өзі ойлаған ұлы арманына жетті! Өзі аңсап өткен елдің тұтастығы мен ұлттың бірлігіне кейінгі буын ұрпағы жетті! Баяғыда шетте ауып жүрген қазақтың қаз тұлғасы Оспан батыр “Қазақ үшін шайтанмен де тілтабысуға бармын” деген екен. Осындай өр рух иелері аз болмаған. Кешегі тұтас ұлтты уысында ұстамақ болған Кеңес империясы басшысына батыл қарсы тұрып, дәлелді уәжімен тойтарыс бере білген Жұмабек Ташеновтың талай ерлігі бүгінгі ұрпақтың санасына рухани азық болары сөзсіз

1960 жылы 26 қаңтарда Ташенов үкімет басшылығына келе салып, 1 аптаның ішінде 12 қазақ жігітін үкіметтің жоғары лауазым қызметінетағайындады. Бұл әрине кеңес басшылығына ұнамаған әрекет еді. Осы үшін де қатты назарға ілігеді. Талай тартыста өз ұстанамынан таймаған даңқты перзент еш тайсалмастан бірінші екінші хатшылыққа қазақтарды жолатпау заңдылыққа айналды

“Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, “Социалистік Қазақстан” газетін “Казправданың” аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. “Ұлтшыл” деп айыпталып, Н.Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылды. 1961 – 1975 жылдары Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1975 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. Өмірінің соңғы кезеңінде “Қаракөл” ғылыми-зертханалық институтында, Түркістан облысы талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды. Ленин, ЕңбекҚызыл Ту, “Құрметбелгісі” ордендерімен марапатталған.

Қорыта келгенде, халықтың қайсар перзенті Ж.А.Ташенов атында Шымкент қаласында университет бар. Біз - сол университеттің білім алушыларымыз. Халықтың ұлы перзенті Ж.А.Ташеновтің ізін жалғап, Қазақстанға адал қызмет еткіміз келеді.

### Әдебиеттер

1. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Ташенов туралы естеліктер. Алматы, «Жазушы», 2005.-296 бет.
2. Жұмабек Ташенов туралы естеліктер. - Алматы, «Білім» баспасы, 2005. – 200 бет.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев - Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
4. Абеннова Л.У. Өшпейді оза шапқан тұлпар ізі. Шымкент келбеті 2023 жыл 8 ақпан №1 (2059) 5-бет
5. Сүлейменұлы Ғ. Тау тұлғалы Ташенов. Оңтүстік Қазақстан газеті. 2023 жыл 16 наурыз №30 (2012400) 7-бет

УДК 82.09

### «ОТРАЖЕНИЕ ОБЪЕКТИВНОЙ РЕАЛЬНОСТИ В «ЗАПИСНЫХ КНИЖКАХ» А.П. ЧЕХОВА»

Хаппар Р., Сеилбек Ж.

Tashenev University, г. Шымкент.

Научный руководитель - к.ф.н. Ботабаева Ж.Н.

В творчестве А.П. Чехова жанр короткого рассказа занимает особое место. Для того чтобы лучше понять творчество и замысел писателя нужно заглянуть в его священное место, в его творческую лабораторию т.е. обратиться к «Записным книжкам». Записные книжки дают нам более широкий обзор и понимание того, как писатель относится к жизни, они представляют собой книгу о книжках, которая наполняется самым сокровенным, личным. Это заметки для того, чтобы не забывать.

Как самостоятельный жанр записные книжки наукой не принимаются. Скорее всего это происходит из-за того, что записные книжки основаны на впечатлениях писателей и напоминают во многих случаях дневник, который ведется без каких-либо определенных



предпосылок. «В существующей научной литературе записные книжки относят к автобиографическому письму, чистым документальным жанрам, эго-тексту или даже малой прозе писателей» [1, 45]. По мнению Анны Зализняк, все, что так или иначе пишет писатель является частью его профессиональной деятельности и таким образом записная книжка становится «предтекстом», материалом, из которого потом делается «текст» [2, 28].

В записных книжках рассказчик становится летописцем, тем, кто рассказывает. Это как мастерская художника, куда могут заходить посетители, это своеобразная творческая лаборатория, мастерская - образное мышление в действии. Читая записные книжки, мы можем восстановить мысль автора, можем увидеть, как она менялась, как перебирались различные варианты, эпитеты, остроты, как одна фраза или слово превращались в целый сюжет.

Записные книжки Чехова охватывают последние 14 лет его жизни. Академическое собрание сочинений Чехова размещено в тридцати томах, но только один 17-й том посвящен творческой мастерской писателя. В этот том вошли записные книжки, письма, дневниковые записи, записи на оборотах рукописей и записи на отдельных листах.

Сохранившиеся записные книжки ведутся с 1891 по 1904 г. А. Б. Дерман, считает, что «вероятнее, - что записными книжками Чехов начал пользоваться с 1891 г., со времени первой поездки в Западную Европу, до того же полагался на память». Точно нельзя подтвердить ввел ли записи Чехов раньше. Одни исследователи утверждают, что вести записные книжки Чехов стал только с 1891 года, другие же настаивают на том, что к записным книжкам Чехов обращался и ранее. Здесь можно обратиться к воспоминаниям художника К.А. Коровина, который упоминал, что писатель пользовался маленькой книжечкой во время их поездки в Сокольники весной 1883г. и к воспоминаниям Гиляровского, который рассказывал о том, что часто видел Антона Павловича что-то записывающим и что писатель всем советовал так поступать. Помня особую любовь Чехова к уничтожению неоконченной работы, записные книжки остаются единственным наблюдением, которое позволяет понять ход мысли писателя.

В свою первую книжку, исследователи называют ее «творческой», писатель заносил шутки, остроты, афоризмы, наблюдения - все, что могло бы пригодиться для будущих произведений. Эта книга охватывает все последние 14 лет жизни писателя. Антон Павлович начал писать эту книжку в марте 1891 года перед отъездом в Италию. Мережковский рассказывает: «Во время путешествия по Италии спутники Чехова восторженно любовались старыми строениями, пропадали в музеях, а Чехов занимался мелочами, как казалось его спутникам, совершенно нелюбопытными. Его внимание привлекал гид с особой лысиной, голос продавщицы фиалок на площади св. Марка, господин, который подстригал в парикмахерской целый час бороду, непрерывные звонки на итальянских станциях». Однако, писатель не относился к своей записной книжке, как к святилищу - почти с первых страниц в книге появляются деловые записи и денежные расчеты.

Вторая записная книжка охватывает промежуток времени с 1892 по 1897 г. создавалась, как и третья книжка (1897-1904), больше для деловых записей, однако и здесь бытовые записи соседствуют с творческими пометами. Четвертая книжка появилась самой последней, в нее писатель отобрал весь материал, который остался нереализованным. Она является чем-то вроде списком будущих произведений.

Также у Чехова есть адресная книжка, книжка с записями рецептов для больных; книжка, озаглавленная как «Сад», куда записывались названия растений для Ялтинского сада; деловая книжка, книжка под названием «Попечительская» с заметками денежных расчетов. Составлял также и библиографические списки - для посылки книг в городскую библиотеку Таганрога; есть и дневниковые записи.

В связи с таким обилием записных книжек, может возникнуть резонный вопрос - почему в книжках мешались творческие записи с деловыми? Предполагается, что книжки 1,2 и 3 Чехов в разное время постоянно носил с собой, а все остальные книжки (садовые, медицинские) он держал дома и придя домой тщательно и ровным почерком переносил не

творческие записи из книжек по местам. Также происходит и с творческими записями во 2 и 3 книжках. Например, в мае 1901 года Чехов записал в третьей книжке:

«Господин владеет виллой близ Ментоны, которую он купил на деньги, вырученные от продажи имения в Тульской губ. Я видел, как он в Харькове, куда он приехал по делу, проиграл в карты эту виллу, потом служил на железной дороге, потом умер» [3, 55]. Из третьей книжки Чехов перенес заметку в первую, но так как эта запись не реализовалась в его творчестве, то Чехов переписал ее в 4-ю книжку.

Чехов смотрит на жизнь как художник - изучает и соотносит. Восприятие событий характеризуется особенностями мировоззрения и психики - записи дают возможность увидеть человека или происшествие такими, какими писатель их видел. Изучение жизненного материала начинается с индивидуального - со случайной реплики, с характеристики речи или поведения. Центром являются реалии мира, любой частный случай, любая замеченная мелочь. Основным его требованием было требование простоты, чтобы случай был естественным, а не выдуманным, чтобы то, что написано могло на самом деле случиться. В своих записях писатель говорит о современной жизни, которая, зашла в тупик и потеряла свой истинный смысл, но несмотря на это также говорит и о ценности жизни, о ее возможностях:

« - Человеку нужно только 3 арш. земли.

Не человеку, а трупу. Человеку нужен весь земной шар». Пишет о необходимости для человека быть просто человеком: «Надо быть ясным умственно, чистым нравственно и опрятным физически»; «Если хочешь стать оптимистом и понять жизнь, то перестань верить тому, что говорят и пишут, а наблюдай сам и вникай» [4, 82].

Записные книжки хранят множество потенциальных сюжетов из различных областей жизни: в них вносились заметки и о жизни на Сахалине и в центре России, об общественной жизни и личной, жизни интеллигенции и жизни крестьян, рабочих. «Писатель брал эти записи, созданные глазом, ухом и мозгом, и разворачивал их до пределов маленького рассказа, в котором, однако, ясно обозначены экспозиция, установка темы, ее разработка и каденция», - отмечает Кржижановский, относя записные книжки к архетипу юморесок, выводит парадигму чеховских жанров: записные книжки - юморески - рассказы - повести. Вместе с жанром растет и герой, а смех, превращается в улыбку.

Паперный З.С. писал, что записные книжки Чехова не застывшие, а живые т.к. находятся постоянно в движении [6, 37]. И это действительно так, записные книжки являются лабораторией творчества писателя - записи постоянно просматриваются, исправляются, корректируются и переписываются. Чехов вносил в книжки свои наблюдения и размышления над жизнью, любой частный случай. С их помощью можно посмотреть, как изменялась мысль автора.

#### **Список использованной литературы.**

1. Крамов И. В зеркале рассказа. - М., 2019, - С. 5-9.
2. Левина И. Э. О Записных книжках А. П. Чехова. - Труды Одесского государственного университета, т. 152. Серия филол. наук, вып. 12. А. П. Чехов. Одесса, 2012. - С. 55-59.
3. Минералова И.Г. Художественный синтез в русской литературе XX века: Автореф. дисс. ... д-ра филолог. наук. - М., 2014. - С. 5-9.
4. Михайлов А. В. Новелла // Теория литературы. Т. III. Роды и жанры (основные проблемы в историческом освещении). - Москва: ИМЛИ РАН, 2003. - С. 248 - 278.
5. Михайловский Н.К. Кое-что о г. Чехове // Русское богатство. - 2010. - № 4. - С. 119-140.
6. Паперный З.С. Записные книжки Чехова. - М., 2016. - С. 15-19

## АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ

**Рахимжан Қ., Абдиакимова А.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі-ғ.м., аға оқытушы **Мұса Н.Б.**

Аса көрнекті ақын-жазушылар шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданған тілінің даму барысында оның алған орны мен сіңірген еңбегін анықтау, екіншісі – оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау. Абай тілін де осы екі тұрғыдан қарастыру керек, өйткені ол — әдеби тілде дайын тұрған қалып-нормаларды дұрыс, көркем пайдалана білген қатардағы қаламгер емес, сол тілдің даму тарихындағы жаңа кезеңді бастаушы, сапалық жаңа түрінің іргетасын қалаушы суреткер.

Қай тұрғыдан болса да Абай тілін өз алдына сөз ету оның туындыларын талдаумен қатар жүріп келді. Әрине, бір мезгілде, бірдей қарқында емес. Ең алдымен, ақын шығармашылығының идеясын, мазмұнын танып, білуге күш салынды, сол мазмұнның сыртқы көрінісі — тіліне үңілу содан кейін басталды. Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды. Әрине, бұл әңгіме ұлы ақынның тілін нақты түрде талдау емес, жалпы тұжырым айту, қазақтың поэтика дүниесінің тіліне жаңа лептің келгенін атау түрінде болды.

1901 жылы қазақ даласынан жиналып, орыс географиялық қоғамына жіберілген өлең үлгілерінің ішінде Абайдың жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері: "Қансонарда бүркітші шығады аңға", "Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы", "Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман", "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат" деп басталатын туындылары болды. Осы материалдарды редакциялап, баспаға дайындауды қолға алған орыс түркологі П.М.Мелиоранский, авторы кім екенін білмесе де, бұл өлеңдердің өзге шығармалардан бөлек тұрғанын, олардың жазба әдебиет үлгілеріне жататынын айтты. Абай поэзиясы және оның тілі жөнінде қазақтардан тұңғыш рет арнайы пікір айтқан — Ә.Бөкейханов. А.Байтұрсынов "Қазақ" газетінің 1913 жылғы 39-41-сандарында "Қазақтың бас ақыны" деген көлемді мақала жариялап, ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның поэтикасын сөз етті. Ал С.Торайғыров "Айқап" журналының 1913 жылғы 22-23-сандарында "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" деген мақаласында сол тұстағы қазақ поэзиясының мазмұн мәнімен қатар, тілін де азын-аулақ сөз етеді, тіл жағынан Абай өлеңдерін өте жоғары қояды.

Ақынның 1922-1923 жылдардағы шығармаларының тіліне қатысты аз-кем пікірлер мен кейбір араб, парсы, орыс сөздерінің түсініктемесін Абайдың 1922 жылғы Ташкентте шыққан өлеңдержинағына редакция атынан берілген ескерту сөзден және татар ғалымы А.Сағдидың ""Ақжол" газетінің 1923 жылғы бірнеше санында басылған мақаласынан табамыз.

Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орны мен ұстаған бағыт-бағдары жайында 20-жылдардың ішінде, тіпті 30-жылдардың 2-жартысына дейін баспасөз бетінде болып келген пікірталастар кезінде ақынның тілі туралы да айтылып өтті. Бұлардың ішінде, әсіресе, Ы.Мұстанбаевтың батыл да ашық айтқан пікірлері Абай тілі жөніндегі қазіргі бағаларымызбен ұштасып жатыр. 1930 жылдардың орта шенінен бастап Абай шығармаларының тілі жөніндегі пікірлер көбірек және айқынырақ айтыла бастады. Әсіресе, бұған 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шаралары үлкен себепкер болды. М.Әуезов, Қ.Жұбанов, І.Жансүгіров, Е.Ысмайылов, З.Шашкин ұлы ақынның тілге деген көзқарасы мен еңбегін, сөз қолдану шеберлігі мен өлең құрылысын арнайы сөз етеді. Әуезов ақынның өмір кешкен ортасы мен қалдырған мұрасына үңілген еңбектерінде Абайдың тілі жөнінде де дұрыс әрі түбегейлі пікір айтып отырды. 1934 ж. "Абай ақындығының айналасы" деген мақаласындағы ойын 1951 жылы жазған "Абай

мұрасы жайында" деген еңбегінде де, содан кейінгі "Абай Құнанбаев" деген монографиясында да өрбітіп, анықтап айтады. Бұларда Әуезов Абайдың қазақ әдеби тілінің даму жолындағы орнын көрсете келіп, екі ерекшелігін атайды[1]:

1) Қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі;

2) "Қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы".

Абай шығармаларының тілі жайында арнайы пікір айтқан ғалым — Қ.Жұмалиев. Өзінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарынан бастап, XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы жазған ғылыми зерттеулерінде, әдебиет теориясына арналған еңбектерінде Қ. Жұмалиев Абайдың шығармашылығымен қатар, оның тілін талдап: 1) Абайға дейін де қазақтың поэтикалық тілі дамып келді... оның өзінше даралық байырғылық сипаты болды. Абай осындай әдебиеттің о заманнан қалыптасып қалған поэтикалық тілін жоғары мәдениеттілік сатыға көтерді: 2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатайшылау, татаршылауға қарсы күрес ашты, қазақ тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды, оның сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі болды; 3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар, өзі де жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді; 4) Өлең құрылысына қыруар жаңалықтар қосып, көркемдеудің жаңа тәсілдерін ұсынған деген тұжырым жасады [2].

Ақын шығармаларының тілі жайында жеке монография жазбаса да, ол жөнінде белгілі жазушылар мен ғалымдар Ғ.Мүсірепов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Х.Сүйіншіәлиев пікір айтты. Қазақ тіл мамандарының ішінде Абай тілі жайында алғаш терең, әрі дәлелді пікір айтып, талдау жасаған Құдайберген Жұбанов болды. 1934 жылы жазған "Абай - қазақ әдебиетінің классигі" деген еңбегінде екі үлкен принципті пікір білдіреді: "Бірі — бүтін Орта Азия ескі күншығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып жатқан кезде", түркі тілдес көрші халықтардың ең ірі қалам қайраткерлері... шағатай тілінің шырмауынан шыға алмай, шығармашылығына өз ана тілдерін қару ете алмай отырған кезде, Абайдың жеке-дара үздік шығып, таза қазақ тілінде жоғары поэзия тудыруы. Екіншісі – ғасырлар бойы келе жатқан туған тілінің ең бір нәрлісін кәдеге жарата біліп, әлсізінен безуі".

Абай тілін танып-білу шын мәнінде 30-жылдардың ортасынан басталды да, 50-60-жылдар ішінде мәселеге С.Аманжолов, Н. Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов тәрізді тіл мамандарының қатысуына байланысты едәуір жандана түсті. 60-шы жылдардан бастап өзге тіл мамандары да: Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, Қ.Өмірәлиев Абай тілінің нақты фактілерін: сөз қолданысын, сөздік қазынасын, грамматикалық тұлға тәсілдерін талдады, Р.Сыздықованың "Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы" (1971) атты монографиялары жарық көрді. Аталған монографиялардың алғашқысында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Мұнда ұлттық жазба әдеби тіліміздің іргетасын қалап, әрі қарайғы даму бағыттары мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше рөлі мен теңдесі жоқ қызметі көрсетілді. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысына арналған екінші монографияда қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олардың синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды. Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік әсері жағынан Абай өлеңдерінің синтаксисі жазба поэзия талаптарына сай түсетін, өзіне дейінгі қазақ поэтикасы дәстүрінен жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзия тіліне бағыт-үлгі болатын сипатта екендігі дәлелденді. Бұл 2 еңбекте негізінен Абай шығармалары тілінің лексикасы мен грамматикасы жүйелі түрде зерттелді, дегенмен, Абайдың шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, қысқасы, көркемдік дүниесі арнайы талдау дәрежесіне көтеріле алмаса да мұнда ұлы ақын поэтикасына қатысты мәселелер кеңінен қозғалды.

"Ғылым" баспасынан 1968 ж. "Абай тілі сөздігі" жарық көрді. Бұл – ұлы ақын шығармаларының тілін танып-білу саласындағыса қажетті, қомақты жұмыстардың бірі. Ол Абайдың тілін, әсіресе, лексикасын зерттеймін немесе білемін деушілерге өте қолайлы, реттелген материал, белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің қай мағынада қанша рет қолданылғанын, бір мағынадағы кейбір сөздерді Абай қалайша қатар жұмсағанын, оның ішінде қайсысын жиі, қайсысы сирек қолданғанын көре алады. Мысалы, Абайда тіршілік, тірлік, өмір, мағишат деген төрт сөз бір ұғымды білдіреді, бірақ бұлардың қолданылу жиілігі, поэтикалық жүгі бірдей емес: тіршілік - 6 рет, тірлік – 11, өмір -113, мағишат - 1 рет қолданылған [3].

Абай тілін танып-зерттеуге тікелей қатысты харекеттің бірі — текстологиялық ізденістер мен түзетулер. Ақын мұрасының текстологиясына үңілу кейінірек басталды. Ақын мұрасының әр кездердегі басылымдарында кеткен текстологиялық ағаттықтар мерзімді баспасөз беттерінде де, жеке жинақтар мен кітаптарда да көрсетілген, оларды арнайы зерттеуге назар аударылып отыр[4]. Газет беттерінде жарияланған қыруар құнды мақалаларды былай қойғанда, журнал беттерінде жарық көрген З.Ахметов пен Ы.Дүйсембаевтың, Б.Жақыпбаевтың, М.Сәрсекеевтің, Қ. Өмірәлиевтің, М.Бөжеевтің мақалалары мен Қ.Мұқаметхановтың арнайы жазылған "Абай шығармаларының текстологиясы жайында" (1959) атты кітабы Абай шығармаларының тілін танып-білуге үлкен септігін тигізген еңбектер. Абайтану саласының бір тармағы ретіндегі Абай тілін зерттеудің 70—80 жаңалық тарихы бар.

Абай қайтыс болғаннан кейін оның әдеби мұрасын халықтық мұрасын халықтық тұрғыдан бағалап, қолдан келгенше аянбай әрекет еткен қалам қайраткерлері де болған. Бірақ бұлар ақын мұрасын әр түрлі дәрежеде таныса да, ол дәуірдегі әдеби сынның толыспаған жағдайына байланыста үлкен талап қоярлық дәрежеге көтеріле алмады. Олар ақын мұрасын қазақ тілінде шығатын баспасөз арқылы насихаттауды Абай қайтыс болғаннан кейін-ақ көп ұзамай қолға алды. Бұл жолда азды-көпті еңбек етіп, Абай мұрасын танытуда, бағалауда өзіне тән үлес қосқан: Әлихан Бөкейханов, Зейнеддин ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауи, Кәкітай Ысқақов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы сияқты революцияға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық ой-санасына әсер еткен зиялылар тобы еді.

Революцияға дейінгі дәуірде Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын танытуда елеулі еңбек еткендердің ішінде Кәкітай Ысқақұлының орны бөлекше. Кәкітай мен Тұрағұлдың Абай мұрасын танытудағы басты еңбегі де Абай шығармаларының тұңғыш өлеңдер жинағын Абайдың баласы Тұрағұлмен бірге құрастырып жариялауы мен ақын өмірі туралы алғаш рет мәлімет беруінде жатыр. Кәкітай мен Тұрағұл Абай мұрасын жинастырып, бастырудағы тарихи еңбегі жайлы Абай мұрасын зерттеушілер еңбегінде молынан айтылды. Бірақ М.Әуезовтің монографиялық еңбегінде болмаса, басқа зерттеулерде Кәкітай еңбегі сын көзімен қаралмаған. Сондықтан да Абайдың дүниеге көзқарасының қалыптасуына Е.П.Михаэлистің әсері басым болды деген Кәкітай пікірі абайтану саласында көпке дейін орын алып келді.

Кәкітай бастырған 1909 жылғы жинаққа дейін баспасөзде жарияланған бірлі-жарымды Абай өлеңдерінің барлығы асыл түпнұсқа қалпында сақталмады. Тіпті, В.А.Кудашев жазып алған қолжазбаның өзінде де Абай шығармалары текстологиялық өзгерістерге ұшырағаны мәлім. Кәкітай құрастырған Абай өлеңдері (56 ғана) революцияға дейінгі дәуірде түпнұсқаның табиғи қалпын сақтап қалды, түрлі текстологиялық бұрмалаушылықтар болған жоқ. Сөйтіп бүкіл қазақ елін тұңғыш рет Абай шығармасының асыл түпнұсқа қалпымен таныстырады.

Кәкітай олықлығы – Абай шығармаларын түгел қамти алмауы демесек, Абай өлеңдерін түрлі тақырыптарға бөліп, жіктеуі сол дәуір жағдайына байланысты қарағанда орынды да. Кәкітай мәдениет пен білімнен кенже қалған қазақ қауымының ой-өрісін еске алып, тақырыптық принципке сүйенуді жөн көрген. Бүкіл қазақ ақындары Абай шығармалары мен өмібаяны жайлы дерекпен тұңғыш рет Кәкітай арқылы танысты. Кәкітай Абай өмірі мен шығармаларына жалпы тоқталғанмен, сол дәуірдің өзінде-ақ Абай жөнінде ойлы пікірлер

айта білді. Кәкітай Абайдың шын мәніндегі ақындық өнерге сексенінші жылдары батыл бет бұруының себебі оның орыс халқының озық ойлы әдебиетімен танысуында жатыр деп көрсетуі, Абай шығармасы мен өміріндегі елеулі құбылыстардың төркінін сермеуі, Кәкітай пікірінше, өскен ортасына тікелей байланысты қаралады. Аталы ортаның ақындық өнерді кемсіте қарауы Абайға белгілі дәрежеде әсер еткен. Бірақ ел ісіне ерте араласып, халықпен тығыз байланыста болуы арқылы ғасырлар бойы сұрыпталған тіл өнерін терең меңгеруі – Абай ақындығының тербеліп өскен алтын бесігі деді.

Кәкітай мақаласы революцияға дейінгі дәуірде ойшыл ақын туындыларының рухани нәр алған арналарына байланысты Абайдың ақындық кітапханасының көлемі жайлы мәселеге біршама бағдар айтуымен де ерекшеленеді[5].

Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай «Айқап», «Қазақ» баспасөз беттерінде қазақ әдеби сынының нышаны белгі бере бастады. Жанадан тәй-тәйлеп қадам басқан әдеби сын түрлерінің әдеби ғылыми деңгейі балаң болуы себепті де Белослюдов «Қазақ әдебиеті ғылыми еңбекке өте кедей», - деп жазғаны шындықтан шығындап кетпейтін. Дегенмен де әдеби сын түрлері белгілі дәрежеде сол кезеңнің әдебиет әлемінде орын алған рухани құбылыстарына аз болса да өз мүмкіндіктеріне орай араласып отырды.

Жандана бастаған әдеби сын, әсіресе, Абайдың әдеби мұрасының асыл мұраттарын, ақындық өнер жолын танып бағалау, таныту, насихаттау жолындағы әрекет қанат жая бастады. Осы мәселені қолға алып сөз етуде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов, Нәзір Төреқұлов т.б. Абай шығармаларының әлеуметтік, халықтық бетін негізгі идеялық бағдарын жұртшылыққа өздері ұстанған ұлттық ояну сарыны тұрғысынан танып, бағалауға жол алды. Өйткені қазақ халқының ұлы ақынға деген шексіз махаббатын олар кімнен болса да ерте сезініп әрекет еткені – талассыз шындық.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы, 1994.
2. Салғараұлы Қ. Таным баспалдақтары. – Алматы, 1993.
3. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. – Алматы, 1988.
4. Жұртбай Т. Бесігінді аяла. – Астана, 2002.
5. Ахметов З. Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері. / Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002.

ӘОЖ:372.851

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

магистрант Сағилаш Т.Ғ.

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: магистр, оқытушы Тамабай Ә.М.

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, жаңа стратегиялық бағыт-бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы – осының бәрі білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп, білімнің қоғамды қайта жаңғыртуға қосар үлесін арттыруда.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалды сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ «өмір бойы білім алуына» ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да анық көрсетілген.

Функционалды сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Функционалды сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі. Олар ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі. Ұлттық жүйе арқылы бағалау – жыл сайын өтетін оқу жетістіктерін ішкі бағалау мен Ұлттық бірыңғай тестілеу. Халықаралық бағалау жүйелері – PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) және PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер.

Қазақстан үшін PISA, TIMSS сияқты халықаралық зерттеулерге қатысудың маңызы зор. Мұндай зерттеулер нақты ақпарат беріп қана қоймай, жалпы орта білім беру жүйесіндегі проблемалар мен жетістіктердің шынайы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, қазақстандық білім беру жүйесі оқушыларды пәндік білімдермен жақсы қамтамасыз ететінін дәлелдеді. Алайда, өкініштісі, олардың пәндерден алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алмайтыны белгілі болды. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектеп бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық – күнделікті өмірдегі математиканың ролін анықтау және түсіну; сандық ақпараттарды оқу, түсіндіріп беру және талдай білу, негізделген математикалық пайымдаулар айту және математиканы практикалық және танымдық проблемаларды шешуде пайдалану қабілеті.

Бастауыш мектептегі «Математика» пәні бағдарламасының мазмұны оқушының математикалық сауаттылығын қалыптастыруға, білімдерін практикалық жағдаяттар мен әлеуметтік бейімделу барысында тиімді қолдануға бағытталған.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептегі міндеттер жүйесі оқу пәні мазмұнының белгілі бір үзіндісінің репродукциясымен шектеліп қалуда. Сонымен қатар, қазіргі болмыс өскелең ұрпақ алдына жаңа міндеттер қойып отырса, мектепте алатын білімінің жартысы қолданусыз қалып қойып отыр. Мектепте оқыту барысында жүзеге асырылатын математикалық сауаттылықты қалыптастыру жастардың күнделікті өмірден алатын икемділіктерді меңгеруінен артта қалып отыр.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс-әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға қалыптастыру.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақынқарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Бастауыш баласы үшін жаңа рөл - оқушы, жаңа әрекет - оқу болса, осы мәселелерге олардың шаршамай, жалықпай, қызығушылықпен араласып кетуіне, маңайы мен қарым-қатынасының күшеюіне жағдай жасау мұғалімнің шеберлігін және осы жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін жете білуін керек етеді.

Бастауыш сыныптардағы математикалық сауаттылық оқыту материалының мазмұны кіші жастағы оқушылардың математикалық дайындығына, білім, білік және дағдылар деңгейіне қойылатын талаптардың өзгеруімен байланысты дәстүрлі модельге елеулі түзетулер енгізген жаңа мектеп бағдарламасымен анықталады. Ал функционалдық сауаттылық пәндік сауаттылыққа қарағанда кіші ұғым, немесе оның саласы болып есептелінеді. Осыған орай функционалдық математикалық сауаттылық дегеніміз - пәнде игерген білімді іс-әрекетте, тұрмыс-тіршілікте қолдана білуі.

Математика дүниетанымды қалыптастыруда, математикалық модельдеу идеяларын ұсынады, математикалық сауаттылық жалпы функционалдық сауаттылықты меңгеруде математикалық білім мен біліктіліктің алар орны ерекше. Математикалық сауаттылық математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет.

Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, көп жылғы іс-тәжірибе көрсеткендей, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстар арқылы олардың қызығушылықтарымен пәндік, функционалдық сауаттылығын дамытуға болады. Мысалы: математикалық үйірмелерде сабақтан тыс уақытта тек математикалық сауатты оқу мен жазуға, ұғымдарды дұрыс қолданып дұрыс ажыратуға көңіл бөліп, тұрмыс тіршілікке қажет экономикалық есептерді шығаруға жаттықтыруда маңызы зор.

Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады.

Мұғалім оқушыларға олардың математикалық білімдерінің сабақтас оқу пәндеріндегі, практикадағы қолданбалылығын әрдайым көрсетіп отыруы керек. Оқушылар іс жүзінде кездесетін есептерді шеше білулері тиіс, ал мұғалім ол үшін осы заманғы ғылыми білімді математикаландыру жетістіктерін сабақта пайдаланып отыру керек. Себебі математикада оқытылатын теңдеулер, теңсіздіктер әртүрлі процестердің математикалық моделі болып табылатыны және модель жасауда әртүрлі математикалық объектілер: сандық таблицалар, әріпті формулалар, қатарлар, геометриялық фигуралар, әртүрлі схемалар, Венн диаграммалары, графтар және т.б. қолданылады.

Сабақ барысында математикалық ойлауды дамытуға арналған есептерді шешу, талдау жасау, мәліметтер мен шамаларды, бұрын өтілген есептермен салыстыру, берілген жағдайдағы қасиеттерді анықтау, қарапайым модельдерді құрастыру мен ойша экспериментті іске асыруды, жинақтау, есеп шығаруға қажетті ақпаратты таңдау, оны бір жүйеге келтіру, т.б. тапсырмалар орындалғаны дұрыс және рөлдік ойын, дара тұлғаға



бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының математика сабақтарында функционалдық сауаттылығын қалыптастыру пәндік оқу материалының мазмұнын меңгертуде қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын, дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін қалыптастыру үшін қоршаған ортадан алынған мағлұматтар бойынша есептер құрастыру және оны шығару, өмірмен байланыстырып талдау және есептің шартына байланысты оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, сызба сызу, кесте толтыру т.б.) және математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін қалыптастыруда есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару, есептерді кері есепке айналдыру, салыстыру арқылы жүзеге асады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2011. -21б. - [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)
2. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 46 б.
3. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
4. Лебедова Л.А. Методика формирования математических умений и навыков у младших школьников на основе деятельностного подхода к обучению. Дисс.канд. пед. наук. А., 2002. 168 с.

ӘОЖ-94(574)

### **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ - ТАРИХИ ТҰЛҒА.**

**Сағынтай А.Н, Рысқұл А.Н**

Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекші: **Байжанова А.**

Ә.Бөкейханов – ұлтымыздың өткен-кеткенін терең білімпаздықпен саралап барып, өз заманына, әсіресе ХХ ғасырдың басындағы ұлт тағдырына ерекше алаңдаушылық білдірген тарихи тұлға. Оның ұлтымыздың сандаған ғасыр ізін суытпай жалғасып келе жатқан рухани құндылықтарына түскен сызатты көре тұрып, ұлт жадын жаңғыртуға күш салуы ерлікпен пара-пар еңбек деп бағалаймыз. Қайраткердің түрлі жанрдағы шығармаларында елінің ертеніне алаңдаушылық білдіріп, ұлттық руханиятымзға қатысты күрделі мәселелерді күн тәртібіне қоя білді. Әсіресе ақынның публицистикалық шығармаларында сол кезеңдегі халықтың тұрмысымен қатар, келешекте шешілуі тиіс мәселелер ашық түрде айтылып отырды. Байқауымызша Ә.Бөкейханов ХХ ғасыр басында Ресей тарапынан жүргізіліп отырған отарлау саясатына, осы арқылы ел ішін кең жайлаған батыстық жаһандану процесіне қатты соққы берген бірегей тұлға болды. Ә.Бөкейхановтың аталмыш бағыттағы атқарған жанкешті еңбектерін сан түрлі бағытта талдап қарастыруға болады. Атап айтсақ: қайраткердің сын мақалаларында, публицистикаларында елдің басты мұқтажы жерді сақтау мен отырықшылық өмірге бейімделу, надандықтың терең қойнауына енген халықтың көзін

ашу, жүрегіне иман ұясын қондыру, төңірегіндегі көзі ашық, көкірегі ояу аз шоғыр оқығандарды мемлекеттік іске тарту, ғасырлар бойы ұлттық тұтастығымыз бен ерекшелігіміздің белгісіндей болған рухани құндылықтарымызды сақтап қана қоймай жастардың санасында жаңғыртып, ел ішінде терең насихаттау сияқты күрделі мәселелерді үнемі күн тәртібіне қойып отырды. Оның себебі де бар болатын. XX ғасырдың басы жалпыхалықтық ояну дәуірі болғандығын ғалымдар мойындап отыр. Халық ішінен шыққан оқымысты жастар елінің тарих көшінен қалмауын көксей отырып, европа, соның ішінде орыс экспансиясына қарсы жұмылдыруға еркеше қажырлылықпен кірісіп кетті. Ол үшін бірінші кезекте ел ішіндегі қараңғылықты жою шұғыл түрде қолға алынды. Ә.Бөкейханов - сан қырлы тұлға. Оның артында қалдырған сан алуан еңбектері қазақ қоғамының дамуындағы сол тұстағы бағыт-бағдарынан мол мағлұмат береді. Оның барлығын қамту бір мақаланың көтерер жүгі емес. Сондықтан аталмыш мақалада қайраткер тұлғаның ұлттық руханиятымызды жаңғыртуға қосқан үлесіне ғана тоқталуды жөн санаймыз. XX ғасыр басындағы қазақ оқымыстылары, соның ішінде Ә.Бөкейханов та сан түрлі өнерді меңгерген, қазақшалып айтсақ, сегіз қырлы бір сырлы болып жетілді. Оған себеп, өздері аз шоғыр болса да ұлтының кемел жолға түсуі үшін қажет өнердің барлығын меңгерсем деген жалғыз тілектен болған ау деп ойлаймыз. Сондықтан Ә.Бөкейхановтың артында қалған мұраларында не жоқ дейсіз. Барлығы бар. Жер реформасына қатысты пікірлері, заң жүйесіне байланысты түзетулер, оқу-ағартуға байланысты парасатты ойлар, мемлекет басқару ісіне байланысты ақыл-үлгілер, әдебиет пен өнерге байланысты сыни көзқарастар, тіпті өзінің қолымен жазылған көркем туындылар мен аудармалар қайраткер тұлғаның рухани сандығынан табылып жатады. Ә.Бөкейханов елдің тұтастығын көксеп, ертеңгі күннің қандай болмағына аландаушылық білдіріпті.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі ел ішінің бүлінуінен қазақ жұртын қызғыштай қорғап, ортақ үйін, қазақтың елдігін сақтауды көксеп өтті. 1918 жылғы «Қазақ» газетінің №260 санында: «Алаштың баласы аман қалар ма, жоқ па? Болжап болмайды. Қорқамын жалпы жұрттың қараңғылығынан, басшы болам деп, тонын айналдырып киіп, жүр тілегінен өзінің соқыр тиынына айырбастағаннан», - деп жеке басының күйін күйттеп жүрген пенделердің әрекетіне шошына қарайды. Ресей жерінде болып жатқан дүрбелең бүкіл елдің тыныштығын бұзып, сүттей ұйып отырған халықтың берекесін алып отырған аласапыраннан қалай да аман алып қалсам деген жанкешті азаматтың тілегін байқаймыз. Одан әрі автор «Аға – іні, Алаштың азаматы, бірік, бүгінгі үй ара уақ істі таста, мына қараңғы қара бұлт Россия ылаңынан Алаш басын қорғайтын жолға шық», - деп ұрандата үн қатады. Антикөңестік осындай үндеулер Ә.Бөкейхановтың сыншылдық көзқарасының басым бөлігін құрайды. Кезінде ұлтшылдық деп танылған осы тақылеттес үндеулер бүгінгі таңда өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Бір ғасырдан аса уақыт бұрын айтылғанымен қайраткердің айтқан сөздері, келтірген уәждері өмірмен үндесіп, тарихи қажеттіліктен туындаған сындарлы ойдың жемісі екендігін дәлелдеді. XX ғасырдың басында қазақ жерінде орыс билігі тарапынан бекітілуге тиісті указной молда деген пайда болды. Ол Ә.Бөкейхановтың «Мұсылман съезі» атты мақаласында былай баяндалады: «Степное положениены оқып қараған кісіге белгілі, сонда қазақ рухани ісі туралы жүріп тұрған закон мынау: бір болысқа бір молла, бұл молланы бекітеді, орнынан түсіреді. Губернатор, мәсәжәд-медресе рұқсатсыз салынбайды һәм Орал, Ақмола, Семей, Жетісуда уақыф жоқ. Бұл төрт статьядан қазақ рухани ісіне қасқа жол шықпайды». Автордың ойы анық. Ендігі жерде патша шенеуніктерінің қатаң бақылауында болмақ. Молда сайлаудан бастап, мешіт, медресе салу, түрлі діни іс-шараларды өткізу тек арнайы рұқсатпен қана жүргізіліп отыру қажет. Былайша айтқанда қазақ елі ашық түрде рухани қысымға алына бастайды. Екінші күрделі мәселе ұлттық тіліміздің тазалығы болмақ. Ә.Бөкейханов осы мұсылмандар съезінде қазақтың ұлттық тілі жөнінде түрлі айтыстарға барады. Мәселен, мұсылмандар съезі қараған закон жобасында кеңсе тілі татар тілі болсын деп бекітілмекші болады. Сонда Ә.Бөкейханов бастаған қайраткер тұлғалар бұған наразылығын білдіріп, «анық түрік заты халық тілі біздің қазақта», - деп ұлт тілін мақтанышпен қорғауа тырысады. Ұлы Абайдан қалған қасиетті тілдің қадірін

дәлелдеу үшін Абайдың, Шәкәрімнің, Ахметтің, Міржақыптың, Мағжанның өлеңдерінен мысалдар келтіріп, даурыққан жұрттың көмейіне құм құяды. Сөйте келіп: «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады», - деп ашына жазыпты. XX ғасыр басында қазақ зиялылары тілдегі татаризммен күрескендігі мәлім. Орыс шенеуніктері тарапынан күштеп енгізілген кеңселік татар тілі түптеп келгенде қазақ тілін жоғалтуға апаратын төте жол болатын.

Ә.Бөкейхановтың «Біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар» деуі тіл майданындағы күрестің қаншалықты маңызды болғандығын аңғартса керек. Дегенмен мұсылмандар съезінде кеңселік тіл «татар-түрік» тілі болып бекітіледі. Ә.Бөкейханов бастаған ұлт жанашырлары жеңіліс табады. Соған қарамастан Ә.Бөкейханов аталмыш мақаласын: «Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуб, Шаһкерім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», - деп келешекке үміт арта аяқтапты.

Ә.Бөкейханов ұлттық әдебиетімізді, мәдениетімізді, тарихымызды терең білген, шебер бағамдаған. Сондықтан ол әр уақытта қазақтың ұлттық руханиятында орын алып отырған құбылыстарды назардан тыс қалдырмай реті келсе өзінің сын пікірлерін білдіріп отырған. Сол арқылы ол ұлттық құндылықтарымыздың қаймағы бұзылмай, саф күйінде біздің заманымызға жетуіне өлшеусіз үлес қосып келді.

Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне екі жүзге жуық мақалалары мен аудармалары жарық көрген екен. Көсем сөз шебері Ә.Бөкейханов қазақ елінің ең өзекті мәселелерін жаза білді. Қазақ елінің жері отырықшы болуы патша үкіметінің қазақ еліне жүргізіп отырған саясаты, сот, әкімшілік туралы бай мағлұматтар берілген. Әлихан Бөкейханов ғылыми жұмыспен де белсене айналысты. Мәселен, ол Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің жұмысына қатысты. Ол екі тілге бірдей жетік еді, қазақша да, орысша да еркін жазды. Ә.Бөкейхановтың 1914 жылы жазған «Тағы соғыс» мақаласы «Қазақ» газетіне шықты. Ол мақаласында: «Бұл соғыстың халыққа пайдасы жоқ. Нарлар алысады, қорлық көретін қарапайым халық», - деген болатын. Қарапайым халықты соғысқа емес, қара жұмысқа баруға шақырып үндеу таратты. 1916 жылғы көтерілістің басты себебі: отаршылық, отаршыл әкімшіліктің жергілікті халыққа қарамауы, соның ішінде жер мәселесі, құнарлы жерлерінен айрылуы, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының күйзеліске ұшырауы еді. Қазақ интеллигенциясы бұл жарлықты қалай қарсы алды? «Қазақ» газетін ұйымдастырушы зиялылар халыққа жарлықты мойындауға, көтеріліске шықпауға шақырды. Бірақ қарапайым халық ұлт зиялыларының айқайын естімеді, көтеріліске шыға жөнелді. Қоғамдық күрес жолына түскен жас қазақ интеллигенциясының алдына көлденең тартылған өзекті жайлардың бірі – ел тағдырына қатысты жер мәселесі еді. Бұл мәселе оның азаматтық санасына қозғау салды, үлкен сын болды. Отаршылдық апаттың қорлығын, жасап отырған айласын жан-жақты сынап, әшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, оған бұл көкейкесті мәселені өз дәрежесінде түсінуге көмектесе алатын ғылыми, публицистикалық мақалалар аса қажет болды. Газет өмірге келіп, өз жұмысын бастаған соң да үнемі халықтың қолдауын көріп отырды. Дегенмен, бір қолдың саусақтарымен санап шығуға болатын жылдар аралығында болып өткен қоғамдық құбылыстар тасқыны «Қазақ» газетінің сипатын өзгерте алмағанымен, оның бағыт бағдарына, алдына Ә. Бөкейханов және қойған міндеттеріне түбегейлі өзгерістер енгізбей қоймады. Уақыт газет шығарушылардан бұрын-соңды еш қазақ кездесіп көрмеген мәселелерді шешуді талап етті. Жер мәселесінің қазақ үшін өмірлік маңызы бар мәселе екендігін, 1916 жылы қазақтан солдат алу мәселесі газеттің өзекті мәселесіне айналды. Ал, 1917 жылдың наурызынан бастап газеттің бағыт-бағдары түбірімен өзгерді, комитет құру, съез шақыру істеріне кірісіп кетті. Басқа да Ресей халықтары сияқты құрылтай жиналысына көп үміт артып, оған қатысатын қазақ депутаттарын сайлау жұмысымен айналысты. Баспахана сатып алып, келешекке үлкен үмітпен қарады. Бірақ, «Қазақтың» мұндай шуақты күндері ұзаққа бармады. Сол жылдың күзінде Ресейдің орталығында орын алған қазан төңкерісі «Қазақ» газетінің бағыт-бағдарына кезекті өзгерістер енгізді. Енді ол өзінің бар күш жігерін большевизмге қарсы күреске

арнады. Халықты қазақ жеріне күштеп орнатыла бастаған кеңес өкіметіне қарсы күреске ұйымдастыру ісімен айналысты. Міне осылай, айналасы бірнеше жылдың ішінде ғана қоғамда болған күрделі саяси өзгерістер «Қазақ» газетіне өзінің бағыт-бағдарына, алдына қойған мақсаттарына, Ұлт мүддесінен шығып, бірнеше рет түбегейлі өзгерістер енгізуге мәжбүр етті. Сонымен, «Қазақ» газетінің өзінің объективті негізі – қаражат жағынан да, атқарған іс-әрекеттері жағынан да жалпыұлттық газет болғандығы, оның қалыптасқан әрбір объективті тарихи жағдайдағы, нақты бағыт-бағдары, алдына қойған мақсаттары ұлт мүддесінен туындағаны анық. Ә. Бөкейхановтың түсінігі бойынша ол мемлекет автономия түрінде болмақ. Россия федерациялық мемлекет болса, Қазақстан оның құрамына әзірге автономиялық негізде енебек. Федеративтік республикада һәр мемлекетінің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Яғни, Бөкейханов ұсынып отырған автономия бужуазиялық демократиялық республика болатын. Сондай-ақ бұл көп ұлтты автономия Көп ұлттылық елдің экономикалық, саяси және мәдени дамуына қажет қолайлы фактор болмақ. Мәдени және саяси мешеулік ұлттық мемлекет құрудағы негізгі кедергілер екенін айтып, осы кемшіліктерден құтыла келіп, түпкі мақсат саяси дербес мемлекет түзу болатындығын Ә.Бөкейханов жасырмай ашық білдірді. «Қазақ» газеті беттерінде қазақ мемлекеттілігінің басында тұрған Алаш партиясы және Алаш қозғалысының көшбасшылары отарлық империя жағдайында жалпыұлттық идеялар мен қазақ халқының мүдделерін айқын көрсетті. Қайталанбайтын деректердің деректік маңызы, олардан алынатын ақпараттың ғылыми құндылығы, сол деректерді жасаушы субъектерге тікелей байланысты. Мерзімді басылымдарда субъектерге редакторлар, авторлар, тілшілер жатады. «Қазақ» газетінің бетінде, бес жылдан астам уақытта, жүздеген авторлардың мақалалары жарияланғанымен, оның бастан аяқ негізгі шығарушылары және тұрақты авторлары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және Әлихан Бөкейхановтар болды және жинаққа енген материалдардың жартысына жуығын жазғандар да осылар. «Қазақ» газетінің авторларының жалпы саны 200-ден асады. Тек жинақта келтірілген «Ашылмаған бүркеншік есімдер» - деген тізімде 109 «Қазақ» авторларының әлі ғылымға белгісіз бүркеншік аттары көрсетілген. Солардың бірі мазмұндылығымен, ұлттық мерзімді басылым беттерінде көтерген мәселелерінің маңыздылығымен, өзіне еріксіз көңіл аударған мақала жазған, «Қазақ» газетінің 2-ші нөмірінен бастап бірнеше нөмірлерінде (№ 3,5,7,9) Қазақтың тарихы» - деген көлемді де қызықты, танымдық маңызы жоғары мақала жариялаған «Түрік баласы». Ұлт өкілдерінің аянбай күресуі және іс-әрекеттерінің жасампаздығы қазіргі және алдағы уақытта да маңыздылығын жоғалтпайды. Арыстарымыздың мұрасын оқып білу өміршендігін сақтайды. Зиялыларымыз қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал етті. Олар өз үлгі өнегесімен қазақтың болашақ қоғам қайраткерлері М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов, Қ. Кемеңгеров, М. Әуезов, А. Сейітов, Х. Болғанбаев сияқты көптеген жас ұрпақты тәрбиелеп өсірді.

Ә. Бөкейханов - қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, бәйгеге тіккен тарихи тұлға. Иә, бұл кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, бүтін бір елдің тағдыры мен оның алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан.

Сөйтіп, ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі мен қызметінің сан алуан қыры Ә.Н.Бөкейхановтың назарынан тыс қалмады деп айтуға болады. Оның сол кездегі қоғам өмірінде орын алған мәселелердің барлығына қалам тартқандығын көруге болады. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихы туралы ғылыми жұмыстарды жазуда Ә.Бөкейхановтың еңбектерін пайдаланбай жазу мүмкін емес.

### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – А., «Атамұра», 1999.
2. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998.
3. Ижанов З. “Қазақ” газетін шығаруға арналған баспахананың тағдыры туралы дерек // «Егемен Қазақстан» газеті, 27 ақпан 2002 жыл.
4. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Редакциялаған: Р.Нұрғали. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 475 б.
5. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы, I том Астана, 2009

ӘӨЖ 373.3

### КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

2 курс білім алушылары **Садикова Ә.Х. Андас Ұ.Ұ.**  
Tashenev University, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекшісі: **ғ.м., оқытушы Тамабай Ә.М.**

Ақпараттық технологияны білім беруде қолдану, қазіргі таңдағы жұмысының оңтайландырудың тиімді құралы болып табылатындығы сөзсіз. Жаңа жағдайлар оқу процесіне және мұғалімге жаңа талаптар туғызады. Қазіргі заманғы критерийлерге жауап беру үшін мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білуі және қолдануы керек.

Мәселенің мәні маманның білім деңгейін көтеру емес, қажетті ақпаратты табу, оны талдау және практикалық қызметке енгізу, инновациялық тәжірибеге жедел жауап беру, сонымен қатар инновацияларды жобалау, құру, эксперименттік сынақтан өткізу, оларды мақсатты түрде тарату қабілеттерін дамыту. Сондықтан қазіргі білім беруді дамытудың негізгі басымдығы білім беру процесін одан әрі жетілдіруді, білім берудің қолжетімділігі мен тиімділігін, жас ұрпақты ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу болып табылады. Білім беру саласында аталған технологиялар қызметтің көптеген бағыттарында қолданылады, атап айтқанда, білім беру мазмұны жаңартылады, қашықтықтан оқыту басталады, қарым-қатынастың жаңа нысандары енгізіледі: электрондық пошта, бейнеконференциялар, интернет-форумдарға қатысу және т.б. Мұның бәрі мектеп оқушыларын жоғары деңгейде даярлауды қажет етеді [1].

Ақпараттық технология оқушылардың сабақта іс-әрекетін белсендіруге ықпал етеді. Олардың арқасында балалардың ғана емес, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының шығармашылығы мен дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады. АТ-ды оқытуды материалды зерттеу қарқыны бойынша ғана емес, сонымен қатар оны қабылдау логикасы мен түрі бойынша да жекелендіруге мүмкіндік береді. Олар ақпаратты жинау мен өңдеудің жылдамдығы мен дәлдігін бірнеше рет арттырады, түзетуге мүмкіндік береді. Компьютерлік және желілік технологиялардың мүмкіндіктері қиялды белсендіреді. Оқу-тәрбие және басқару процесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде компьютерлік техниканы пайдалануды қамтамасыз ету жолындағы қадам мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің мектеп дерекқорын құру, білім беру мекемесі үшін ерекше болып табылады. Әкімшілік мәселелерді шешуге бағытталған технологияларды құруда компьютердің көмегімен мектеп құжаттамасын жүйелеу және өңдеуге, оқушылар мен қызметкерлердің аналитикалық базасын құруға болады (графика, диаграммалар, кестелер және т.б.). Сонымен қатар, танымдық процестерді дамыту мақсатында оқушылар үшін арнайы жасалған түзету және дамыту шаралары балаларды жұмысқа белсенді қатысуға шақырады, оларды жеке, тәуелсіз жұмысқа да, топтық жұмысқа да бағыттайды. Ақпараттық технология көмегімен жасалған көптеген жұмыстар диагностикалық материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл

мектепте оқу-тәрбие жұмысының ақпараттық талдау орталығын ұйымдастыруға негіз болады, онда мектеп жұмысының барлық бағыттарының материалдары жинақталған, олар кестелер, диаграммалар, графиктер, диаграммалар және т.б. түрінде берілген. Мұндай базамен жұмыс істеу оңай, өйткені деректер электронды түрде сақталады, ол кез келген уақытта қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, кез-келген басқа инновациялар сияқты, 5 сатыдан тұрады: таным, сендіру, шешім; енгізу; растау. Тәжірибеде көрсеткендей, егер ақпараттық технологияларды енгізу оқу процесінде тиімді жүрсе, ол кезең-кезеңімен сәтті еңсеріледі. Қазіргі заманғы оқыту және білім беру жүйелерін құру контекстінде тиісті ортаны құру ретінде білім беруді ақпараттандыру дамыған ақпараттық-білім беру ортасын құру процесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл процесс тиісті материалдық-техникалық базаны дамытумен ғана емес, жаңа ақпараттық-білім беру ортасы жағдайында педагогикалық еңбектің түбегейлі жаңа мәдениетін қалыптастырумен, атап айтқанда, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану және одан әрі дамытумен байланысты. Компьютерлік технологиялардың эволюциясы оқытудың келесі салаларында сәтті қолдануға мүмкіндік береді: ақпаратты сақтау, іздеу және оны ішінара түсіндіру үшін компьютерлік технологияны қолдана отырып, ақпараттық анықтамалық және сараптамалық жүйелерді пайдалану.

Оқытуды қарқынды мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану білімді дамыту, алу және тарату сипатын өзгертеді; оқыту мазмұны мен оқыту әдістерін жаңарту үшін мүмкіндіктер ашады; жалпы және кәсіптік білім алуға қолжетімділікті кеңейтеді; оқу процесінде мұғалімнің рөлін сапалы өзгертеді (ол оқушылармен ақпаратты білім мен түсінуге айналдыратын, оқушымен бірге қазіргі заманғы технологиялар негізінде тиісті оқу ортасын құратын және оның дамуына әсер ететін тұрақты диалог жүргізеді) [2].

Осылайша, оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың психологиялық аспектісі бар, ол — мұғалімнің технологияны білікті қолдануға дайын болуынан және оқушының компьютерді ойын-сауық құралы емес, оқу құралы ретінде қабылдауға дайын болуынан тұрады. Инновациялық технологияларды сәтті қолданған кезде оқушылардың өзін-өзі бағалауы артады, мұғалім мен оқушы арасында тең ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

Оқу процесінің компьютерлік техниканы қолдану, оқу материалын сапалы беру арқылы педагогикалық іс-әрекетке оқушылардың белсенділігін едәуір арттырады, сонымен бірге ақпаратты іздеуге, өңдеуге, қабылдауға және игеруге нәтижесіз күш пен уақыт шығынын азайтады. Қазіргі уақытта сабақтар кезінде топтық жұмысқа да, оқушының сыныптан тыс жұмысына да бағытталған қолданбалы бағдарламалар әзірленді. Біртұтас оқыту жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі-бұл өзіндік жұмыс. Оқытудың бұл түрі оқу процесінің бағдарламалық жасақтамасының әртүрлі түрлерін пайдалануға мүмкіндік береді. Қолданбалы бағдарламалық жасақтамадан басқа, Интернетте әртүрлі жұмыстары бар деректер қорын қолданған жөн.

Оқу процесінде оқушылар арасындағы кері байланысты күшейтуге автоматтандырылған тестілік сұрақтар ықпал етеді. Ал, практикалық дағдылары қалыптастыруда ақпараттық технологияны демонстрациялар үшін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін де байланыстырылуы қажет. Сондықтан мектептерде оқу процесін дұрыс қамтамасыз ету үшін сабақтарда да, оқушылардың сабақтан тыс жеке жұмыстары кезінде де қолдануға болатын көрнекі құралдарды жасау қажет. Осы жағдайларда білім мен практикалық жұмыстың өзара байланыс принципін іске асыру мүмкіндігі пайда болады.

Бүгінгі таңда әзірленген көрнекі құралдар оқу-тәрбие процесінде қолданылады, оқу процесінің осы түрлерінің сапасын арттыруға және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуге ықпал етеді. Сонымен қатар: жеткілікті көрнекілік; көрсетілетін материалдың эстетикалық тартымдылығы; жұмыстың әртүрлі нысандарын жаппай жүргізу, әрекеттердің көп реттілігі, қайта өткізу мүмкіндігі; теориядан практикаға көшуді қамтамасыз етіледі [3].

АКТ-ны оқытудың жоғары тиімді құралы ретінде қолдануға бағытталған сабақтар оқушылардың дайындық деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар болашақта білім мен дағдыларды игерудің сәттілігін қамтамасыз ететуіне айтарлықтай әсер етеді.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігінің артуына ақпараттық технологияны кеңінен қолдануы сөзсіз. Ол мұғалімге: оқушылардың білімін кеңейтуге; эксперимент нәтижелері бойынша анықталатын параметрлер санын арттыруға; құбылыстарды графикалық және аналитикалық зерттеуге; пәнаралық байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар оқытудың тиімділігін арттырады, бірақ оларды мұғалім дұрыс қолданған жағдайда ғана. Олай болмаған жағдайда, шетелдік және отандық зерттеулер көрсеткендей, ақпараттық технологиялар тек оқу процесінен алшақтап, оны қиындатады. Ақпараттық технологиялар оқытуда мұғалімнің материалды жеткізуін және оқушылардың түсінуіне жеңіл етіп қолданылуы керек.

XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуіріне, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениетіне, мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру оқытушыға қойылатын басты талап. Осы талапты шешуде электронды оқытудың пайдасы зор.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының оқу –тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізудің негізгі салдары мыналар екенін атап туге болады: оқытуда ұйымдастыруды жетілдіру, оқытуда жеке жмысты арттыру; оқушылардың өзін-өзі даярлау өнімділігін арттыру; таралымды жеделдету және педагогикалық практика жетістіктеріне қол жеткізу; оқуға деген ынтаны күшейту; оқу процесін жандандыру, оқушыларды зерттеу қызметіне тарту мүмкіндігі; оқу процесінің икемділігін қамтамасыз ету. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді [4].

Бүгінгі таңдағы ақпарат заманында оны қабылдау, өңдеу және тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне қол жеткізетін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың рөлін негіздеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
2. Волков в. «Қазіргі мультимедиа» // Компьютер-ақпарат, 2019. 21-27.
3. Зайцева С. А. «Оқушылардың зерттеу қызметі» / бастауыш мектеп.— 2016 ж. - № 2.
4. Олифер в., Олифер Н. «Оқытудағы жаңа технологиялар» С. Пб.: БХВ-Санкт-Петербург, 2000.

ОӘЖ 821.512.122-1

**Ыбырай Алтынсарин -Қазақтың Тұңғыш Ағартушы-Педагогы, Ақын Жазушысы**

**Садық М.Б. .**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші— ғ.м., аға оқытушы **Байболова А.Ж.**

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт-бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын

зор тұлғалар болатыны айқын. Есімдері мен еңбегі баршаға қымбатты, халқымыздың тұңғыш энциклопедист ғалымы Шоқан Уәлиханов, ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаев осындай жұлдызды есімдер. Аталған екі ұлы есімді өзінің халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен бір-біріне жалғастырып тұрған сахараның және бір данышпан перзенті бар, ол – тұңғыш ағартушы, педагог – жазушы Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы, этнограф ғалым, қазақ әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ақын әрі жазушы, орыс графикасы негізінде қазақ алфавитін жасаушы жаңашыл педагог болған адам. Ол тарихтың қиын да күрделі кезеңінде, қазақ қоғамының құрылымында да, әлеуметтік экономикалық өмірінде де аса бір қиын шақта дүниеге келді. Бұл қазақтардың Орта және Кіші жүздерінің Ресейге қосылуы аяқталып, олардың патша империясының отарына айналған тұсы еді. Ұлы жүз әлі Қоқан хандығының қол астында болатын.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазанның жиырма бесінші жұлдызында Орта жүздің қыпшақ руында дүниеге келген. Әкесі 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза табады да, жас Ыбырайды атасы, белгілі би Балғожа Жаңбыршыұлы тәрбиелейді. 1844 жылы патша өкіметі Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытып пәсірлер мен тілмаштар дайындайтын арнаулы мектеп ашу туралы шешім қабылдайды.

1846 жылы наурыздың бесінші жұлдызында Балғожа Жаңбыршыұлы ашылмақ мектепке немересі Ыбырайды оқушы етіп қабылдау жөнінде Орынбор Шекаралық комиссиясының председатели генерал-майор М.В.Ладыженскийге өтініш жасайды. Орынбор шекаралық комиссиясының сол жылғы наурыздың бесінші жұлдызындағы журналдағы қарары бойынша Ыбырай Алтынсарин жаңадан ашылмақ мектепке оқушы болып қабылданады. 1850 жылы жиырма екінші тамыз күні Орынбор қаласында ашылған отыз баланың бірі тоғыз жасар Ыбырай болды.

Ыбырай бұл мектепті жеті жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Ыбырай ерекше зерек, дарынды болған.

Ыбырай есімі берілген аудан, ауылдар, оқу орындары, көшелер, жер атаулары Қазақстанның түкпір-түкпірінде кездеседі.

Ыбырай Алтынсариннің шежересі. Балғожа би Балғожа Жаңбыршыұлы (туған жылы белгісіз - 1860) - би. Ыбырай Алтынсариннің атасы. Орта жүздің Қыпшақ тайпасының Ұзын руынан шыққан. Қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында дүниеге келген. 1824 жылы хандық жойылып, Орынбор генерал-губернаторлығы үш аға сұлтандыққа бөлініп, әр сұлтандық дистанцияларға, дистанциялар бөлімшелерге бөлінген кезде Балғожа би Жаңбыршыұлы Ұзынқыпшақ бөлімшесін басқарған. Балғожа Жаңбыршыұлы 1839 жылы хорунжий, 1848 жылы жүзбасы «сотник», 1850 жылы старшина әскери лауазымын алған.

Ресей өкіметі тарапынан «Ынтылылығы үшін» («За усердие») деген алтын медальмен марапатталған. Сонымен бірге патша өкіметі оған аты жазылған екі тапанша мен қосауызды мылтықты сыйға тартқан.

Балғожа Жаңбыршин - жүзбасы, Қыпшақ руының ұзын тармағын басқарған. Торғай, Тобыл және Әйет өзендері аралығында көшіп-қонған Орынбор шекара комиссиясының пікірінше ол «адамдарды басқару жағынан да, жалпы орда істері жөнінен де, өз руластары алдында өте беделді болған. Ол би ретінде Шығыс ордада ғана емес, өзге ордаларда да істі қарауға шебер, білгір адам саналған» [1].

Ыбырайдың атасы Балғожамен бірге туған Ханқожаның Ақдәулет, Қылышбай деген екі баласы болады. Оның баласы Алтынсары 1844 жылы көтерісшілер қолынан қаза табады. Осыдан соң немересі Ыбырайды өз тәрбиесіне алған.

Балғожа би немересін 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының осы қалада қазақ балалары үшін ашқан жетіжылдық мектеп - интернатына оқуға береді. Атасы оны жасынан-ақ адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған.

Өзімен бірге жиын-тойларға алып барып, билік айтқызып қанатын қатайтқан. Ыбырай да жасынан зерек болып, атасын жерге қаратпай алғырлық танытып, көпшілік құрметіне бөленеді. Оның бұл турашылдық, шешендік қасиеттері Торғайда сот істерін жүргізген кездерінде айқындала түседі.



Қалай дегенде де Ыбырайдай ұл өсіріп, тәрбиелеген Балғожа есімі ұмытылмақ емес. Бірақ оның аты-жөні Қазақ Совет энциклопедиясына енген. Туған, өлген жылдары белгісіз.

Ыбырай қазақ арасынан көптеп мектеп ашуды аңсады: «Сірә, қазақ даласынан көптеп мектеп ашатын мезгіл қашан болар екен?» - дейді. Ол өнер-білімді, мәдениетті дәріптеп, халықты соған шақырып өлең, әңгіме, мақала жазды. Бұл жөнінде, басқаны былай қойғанда, оның «Өнер – білім бар жұрттар» деген өлеңі айқын дәлел.

Әуел бастан-ақ Ыбырайдың бар ынтасы халық ағарту жұмысы болады. «Ыбырай ылғи оқу жұмысымен айналысуды, қазақ халқын ағарту жұмысына ат салысуды көксейтін. Бұл оған бақыт, рахат сияқты көрінетін», - дейді Ильминский. Сол үшін Ыбырай халық ағарту жұмысына өзі сұранып, соған ақыры 1864 жылы ауысады, 1869 жылы бірінші қыркүйекте Торғай облысының оқу инспекторы болып тағайындалады, өмірінің соңына дейін осы қызметте болады.

Педагог – жазушының ізденіске, күреске толы өмірінің баршамыз үшін, әсіресе өмір босағасынан енді аттаған жастар үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесін танытты. Ол өзіне дейін толғағы әбден жеткен, бірақ шешімін таппаған бірсыпыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алып, алғаш іске асырады.

Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын – соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау Ыбырай Алтынсаринге, әрине, ол кезде оңайға түскен жоқ.

Оның алдында жалпы өнер-білімге, жаңалыққа, орысша оқуға барынша қарсы ғасырлар бойы қалыптасқан ескі салт-сана, надандық ұғым тұрды. Әйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ыбырай Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта қайтпаймын», - деп Н.И.Ильминскийге (1884 жылдың он төртінші сентябрі) сеніммен жазғандай, сан-сала қиындақтармен табанды күресе жүріп әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл – кеңесін де пайдалана отырып, алдына қойған негізгі мақсатын орындады.

Ыбырайдың осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ал қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Сондықтан да болар, Ыбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы жеңісін) Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы (яғни 1864 жылы) январьдың сегізі күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған он төрт қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар», - деп айрықша мақтаныш сезіммен жазды.

Тұңғыш білім отауының босағасын алғаш аттаған он төрт баланың есімдері бізге беймәлім болғанымен, олардың жұдырықтай жүрегін билеген сезімдері соншалықты таныс, ыстық.

Міне, сөйтіп, Ыбырай Алтынсарин Шоқан Уәлихановтай аяулы азаматтың халқым оқыса, өнер – білімді игерсе деген арманын іске асырушы болды.

Ыбырай Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879 жыл) деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы

отырған жалғыз кітаптың орыс - қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» [2] - деп тұжырымдаған.

Хрестоматия бұл екі міндетті де толығынан атқарды. Оқулықтың революцияға дейінгі мерзімде бірнеше мәрте (4 рет) қайталап жарық көруі, оның өз кезеңінде ғана емес, одан кейінгі ұзақ жылдар бойында да талай жас ұрпақ үшін білім, өнеге көзі, рухани қазына бастауы болып келгендігін көрсетеді. Хрестоматияға Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогтық мақсатына лайықты жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын.

Бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою тағы басқалар.

Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер-білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман-сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының жаңа мәнге ие болып, бүгін де бұдан бір ғасыр бұрынғыдай:

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

деп өзінің тот баспас, мәңгі тозбас озық халықтық идеясымен бүлдіршіндерді білім бағына шақыра бермек.

Ұлы ағартушы туған халқының тамаша болашағына сенді.

Ыбырай Алтынсарин ер балалармен қатар қазақ қыздарын да білімге тарту, оларға түрлі кәсіптік мамандық беру жөніндегі жұмыстарды алғаш ұйымдастырушы болғанын білеміз. Ер балалардың өзін оқытуға қырын қараған қытымыр заманда оның қыз балаларды оқыту, оларға арнап мектеп, интернаттар ашу қажеттігі туралы мәселе көтеріп, бұл ойын айтыса-тартыса жүріп дәлелдеуі, біртіндеп іске асыруы шын мәніндегі азаматтық ерліктің, гуманизмнің үлгісі болды. Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар. Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке — тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән-мағынасын жоймақ емес. Ыбырай – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, технологияны игеруге шақырады:

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ табылар.

Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады:

Оқымаған жүреді,

Қараңғыны қармалап.

Надандықтың белгісі –

Еш ақылға жарымас

Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді:

Ата-енең қартайса,

Тіреу болар бұл оқу.

Қартайғанда мал тайса,

Сүйеу болар бұл оқу

Жастарды өнер-білім, технологияны игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады:

Тек қана оқу-ағарту жұмыстары емес, Ыбырай сонымен бірге сол кездегі қоғамдық-саяси өмірге сергек араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты

мақалалар жазды. Оның, әсіресе, көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына ықпал етті.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.-2018.-30 қаңт.-3б.

2. Кел, балалар, оқылық {Мәтін}: өлең, әңгімелер, мақал, жұмбақтар /Ыбырай Алтынсарин. Алматы: Атамұра, 2018 – 168 б.

3. Алтынсарин Ы. Тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991ж.

4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.

378.14

### БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ SOFT SKILLS DAҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

PhD докторант Санатбай П.А.,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан.

**Аннотация.** Мақалада авторлар болашақ әлеуметтік педагогтардың soft skills дағдыларын дамыту мәселесін зерттеген. Қазіргі қоғамдағы тенденциялар, технологиялардың дамуы жоғары оқу орындарындағы мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне өзгерістер енгізіліп, оларға жаңа талаптардың қойылуы soft skills дағдыларын дамыту мәселесін өзектендіреді. Авторлар мақалада болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау үдерісіндетек дәстүрлі білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктерге ғана емес, сонымен бірге soft skills дағдыларына назарды аудару маңыздылығын дәлелденді, сондай-ақ болашақ әлеуметтік педагогтарда soft skills дағдыларын дамытуда туындайтын мәселелер анықталды.

**Кілтті сөздер:** soft skills, hard skills, дағды, әлеуметтік педагог, маман, даярлау, үдеріс.

Қазіргі таңда технологиялардың дамуы, цифрландыру, кәсіби қызметте стандартты емес міндеттер санының артуы сияқты көптеген факторлар еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыруына және мамандарға жаңа талаптардың қойылуына әсер етеді. «Адам-адам» жүйесінде жұмыс істейтін кез-келген маман әлеуметтік қатынастарға қосылады және оның даярлығынеғұрлым сапалы болса, оның кәсіби қызметі соғұрлым сәтті болады. Осы мамандықтар жүйесінде әлеуметтік педагогтар қызметінің өзектілігі артып келеді, өйткені үнемі өзгеріп отыратын әлемде халықтың әртүрлі топтарын әлеуметтік қорғау саласында проблемалар жиі кездеседі, білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық қолдауға мұқтаж балалардың саны артып келеді. Яғни, қазіргі заманғы мектеп жүйесі білім алушылардың әлеуметтік-педагогикалық проблемаларын болдырмауға, әлеуметтік-педагогикалық себептерді тиімді, әрі уақтылы анықтауға және жоюға, жағымсыз құбылыстардың, балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын-алуды қамтамасыз етуге дайын әлеуметтік-педагогикалық қызмет мамандарына мұқтаж [1, 2].

Әрине әлеуметтік педагог мамандағы көп профильді болғандықтан, оны кәсіби даярлау үдерісіне жоғары талаптарды қояды, дегенмен қазіргі қоғамдағы өзгерістер жоғары оқу орындарындағы мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне де өз әсерін тигізуде. Мәселен, McKinsey Global Institute жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде соңғы 5 жылдың ішінде әртүрлі саладағы ұйымдардың 80% цифрлық трансформацияға тап болды [3]. Бұл зерттеу ұйымының болжамы бойынша 2055 жылда қазіргі таңдағы қызметтердің жартысынан көбіне деген қажеттілік туындамайды. Дегенмен цифрлендіру білім беру саласындағы мекемелерге де белсенді түрде енгізілгенімен, «адам-адам» саласындағы мамандарға қажеттілік әрдайым жоғары, бірақ оларға қойылатын талаптар да көбеюде.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау үдерісінде hard skills дағдыларына қарағанда, soft skills дағдыларын дамыту мәселесіне ғалымдар өз назарын

көбірек аударуда. Оған бірден бір себеп, қазіргі таңда қаншалықты жасанды интеллект дамып, көптеген үдерістер автоматтандырылғанымен олар мамандарға басқа адамдармен тиімді және үйлесімді әрекеттесуді қамтамасыз ете алмайды. Өйткені ол техникалық емес дағдыларды қажет етеді. Осы орайда soft skills дағдылары мамандарға қойылатын талаптар және жұмыс берушілер тарапынан басымдылыққа ие болу керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау үдерісіндетек дәстүрлі білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктерге ғана емес, сонымен бірге soft skills дағдыларына назарды аударуды талап етеді. Өйткені ХХІ ғасырда бұл дағдылар табысқа жетудің басты факторы деп қарастырылады. Шынында да, soft skills – бұл тұлғааралық дағдыларға, эмоционалды интеллектке және әлеуметтік дағдыларға қатысты өмірлік дағдылармен тығыз байланысты сөз тіркесі.

Бүгінгі таңда ғылыми және сараптамалық қоғамдастықта soft skills ұғымын анықтауға бірыңғай көзқарас пен қызметкерлерге ең алдымен қандай soft skills дағдылары қажет екендігі туралы пікірлердегі консенсус дамымағандығымен мәселе күрделене түсетіні анық. Біздің пайымдауымызша, soft skills ұғымына қатысты мұндай мәселелердің пайда болуы жоғары оқу орындарында осы дағдыларды дамытуға арналған бағдарламаларының және осы бағыт бойынша студенттерді кешенді даярлықтың болмауынан туындайды. Әрине, білім беру бағдарламаларында soft skills дағдыларды дамытуға арналған жеке элементтер кездеседі, бірақ бұл мәселе кешенді тәсілді қажет етеді. Осыдан келе, бүгінгі таңда soft skills дағдыларын дамыту – бұл қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының тренді және болашағы екенін жоққа шығаруға болмайды.

Soft skills дағдыларының мәні мен өзектілігін түсінбейтін және оқу процесіне енгізбейтін оқу орындары стратегиялық перспективада білім беру нарығында бәсекеге түсе алмайды. Сондықтан soft skills дағдыларды дамытатын пәндер тиісті білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарларына енгізіліп қана қоймай, білім беру мекемесінің өсу нүктесі ретінде жоғары оқу орындарының даму стратегиясына енгізілуі керек.

Қоғамдағы тәжірибеге сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектеріне тек білім алу жеткіліксіз. Еңбек нарығының толыққанды қатысушысы болу және мансап құру үшін қарқынды өзгеретін кәсіби жағдайларда тез бейімделуге мүмкіндік беретін дамыған soft skills дағдылары қажет, сонымен қатар бұл дағдылар жоғары оқу орнында оқудың тиімділігін арттыру үшін де маңызды. Психологтардың пікірінше, soft skills дағдыларды дамытудың ең икемді кезеңі жасөспірімдік және студенттік шаққа сай келеді. Яғни болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде soft skills дағдыларын белсенді дамыту қажеттілігінің бірден бір дәлелі.

Soft skills дағдыларының болашақ мамандар үшін маңыздылығы мен қажеттілігін бірнеше зерттеу нәтижелері дәлел бола алады. Мәселен, 1918 жылы Гарвард университеті, Карнеги Қоры және Стэнфорд зерттеу орталығы жүргізген зерттеуге сәйкес, жұмыстағы табыстың 85% жақсы дамыған soft skills дағдыларына, ал жетістіктің тек 15% техникалық дағдылар мен білімге (hard skills) байланысты деген қорытындыға келді [3]. 2020 жылы конференцияда Кирабо Джексонның жетекшілігімен Білім беруді зерттеуде бойлық мәліметтерді талдаудың Ұлттық орталығы (CALDER) үшін жүргізген лонгитюдтік зерттеудің (2008-2017 жылдар аралығында) нәтижесінде оқыту үдерісі кезінде soft skills дағдыларын дамытатын оқу орындары өз білім алушыларында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жақсы нәтижелер ала алатынына және олар болашақта кәсіби жетістікке жетуіне септігін тигізетініне көз жеткізді [4].

Шетел ғалымдарының зерттеулерін талдау көрсеткендей, soft skills дағдыларын дамытуға болады және болашақ маман үшін аса маңызды, бірақ іргелі білімдерсіз мүмкін емес. Сондықтан бұл міндетті болашақ мамандарды даярлау процесінде іске асыру қажет. Осылайша, Еуропаның кейбір жоғары оқу орындары soft skills дағдыларын дамыту мақсатында студенттер арасында көптеген тренингтер өткізіледі және болашақ кәсіби қызметте қажет болатын soft skills компоненттерін зерттеу бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асырады. Жоғары оқу орны аясында soft skills дағдыларын дамыту әр түрлі әдістердің, жобалардың, семинарлардың, жағдайлық зерттеулердің, тренингтердің және т. б. көмегімен мүмкін болады. Soft skills әр маманның маңызды құрамдас бөлігі болғанына қарамастан, hard

skills дағдыларын қалыптастырудаярлау үдерісінде оқыту арқылы жүзеге асырылса, soft skills дағдыларын сол іргелі білімдердің негізде ғана дамыта аламыз. Сол себепті де soft skills дағдыларын дамыту бұл өмір бойына жалғасатын, аяқталмайтын және жалықтыратын үдеріс.

Кәсіби даярлау үдерісінде soft skills дағдыларын дамыту үшін кәсіби нәтижелерге қол жеткізген тәжірибелі адамдардың қолдауы қажет. Мәселен, сарапшылардың семинарлары, коучинг және репетиторлық сабақтар soft skills дағдыларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Яғни бұл мамандар студенттерге өздерінің кәсіби көзқарастарын жақсырақ түсінуге, дағдыларын дамытуға, содан кейін кәсіби өмірде өз жолын табуға көмектеседі.

Soft skills дағдыларын кәсіби даярлау үдерісінде дамыту бірнеше елдерде әртүрлі өзектілікке ие. Мұны бірнеше елдер міндетті деп санаса, кейбір басқа елдерде бұл тек қызығушылық танытқан студенттер үшін сұраныс бойынша қосымша сабақ ретінде ұсынылады. Екі жағдайда да университеттер soft skills дағдыларын оқыту курстары мен іс-шараларын ұйымдастырады. Кейбір жағдайларда студенттер бұл курстарды өздері ұйымдастырады, мысалы, Польшада студенттік кәсіподақтардың өздері soft skills дағдыларды үйрету шараларын ұсынады.

Soft skills дағдыларын дамыту белгілі бір пәнге сәйкес келетін әдеттегі курсқа енгізілуі мүмкін немесе оларды жекелеген мамандандырылған іс-шаралар шеңберінде оқытуға болады (курстар ғана емес, сонымен қатар жобалық жұмыстар, сапарлар, саяхаттар және т.б.). Soft skills дағдыларын оқу үдерісінекіріктірудің шетелдердің тәжірибесі қалыптасқан, мысалы, маңызды Еуропалық жобалардың бірі «Жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын жанамалау» –бакалавриат деңгейінде soft skills дағдыларды дамытудың бірыңғай әдістемесі. Бұл жобаны студенттердің soft skills дағдыларындағы өз олқылықтарын анықтауға және оларды өз бетінше толтыруды үйренуге көмектесуге баса назар аударады [5].

Сондай-ақ, «Тьюнинг» жобасы soft skills дағдыларын дамытудың бірнеше балама әдістерін ұсынады:

1) Soft skills дағдыларын әртүрлі пәндерге кіріктіру.

2) Әр түрлі soft skills дағдыларын оқытуға бағытталған демалыс күндері семинарлар мен практикумдер өткізу.

3) Әр семестрдің басында екі аптаны soft skills дағдыларын дамыту тренингіне арнау.

4) Әрбір soft skills дағдылары үшін әртүрлі пәндер әзірлеу және оларды тек soft skills дағдыларын оқытумен айналысатын оқытушылармен бағдарламаларға біріктіру.

5) Толық семестрді белгілі бір soft skills дағдыларының дамуына арнау.

Бірінші әдіске артықшылық берілді, өйткені ол қалған төртеуіне қарағанда тиімдірек, нақты және қолдануға оңай деп саналады. Soft skills дағдыларын дамыту моделі алдымен дамуға жататын құзыреттілікті анықтауды, содан кейін олардың салдарын қарастыруды қамтиды. Модельді енгізу, содан кейін soft skills дағдыларын тиімді дамыту жауапкершілігі толығымен білім беру мекемесінде болуы шарт.

Осы мәселеге қатысты ғылыми зерттеулерге талдау жасау арқылы, біз болашақ әлеуметтік педагогтарда soft skills дағдыларын дамытуда туындайтын бірнеше мәселелерді анықтадық:

- soft skills дағдыларын дамыту өзекті болғанымен оның еңбек нарығында мазмұны, маңыздылығы әлі де зерттеулерді қажет етеді;

- soft skills ұғымын тек дағдылармен байланыстыру оның мазмұнын шектейді, сондықтан біз бұл тұжырымдаманы жеке қасиеттер, әлеуметтік-психологиялық дағдылар, интеллектуалдық ерекшеліктер (әлеуметтік және эмоционалды интеллект), білім беру ортасының әлеуметтік педагогтарға қатысты әмбебап және коммуникативті дағдылар сияқты әртүрлі қасиеттер мен сипаттамалар жиынтығы арқылы қарастырамыз;

- soft skills дағдыларын бағалау мәселесі, soft skills дағдылары hard skills дағдылары сияқты нақты математикалық өлшемдерге сәйкес келмейді, себебі гуманитарлық қырларына байланысты оларды бақылау және өлшеу қиын. Soft skills дағдылары олардың құндылығына сай бағаланбағандықтан, мамандардың көпшілігі сол дағдыларды дамытуға қызығушылық танытпай, оның орнына қосымша уақытты hard skills дағдыларын игеруге жұмсайды. Яғни, әлеуметтік-педагогикалық қызмет барысында soft skills дағдылары (эмпатия, коммуникативтік қабілетте, лидерлік, жаңашырлық таныту және т.б.) олардың құндылығына сәйкес бағалануы керек. Себебі, қазіргі таңда soft skills дағдылары қаншалықты маңызды

және өзекті деп танылғанымен, шын мәнісінде тек бағаланатын дағдыларға ғана мамандар баса назар аударады;

-әр маман иесіне тиесілі soft skills дағдылары айқындалуы тиіс. Сондықтан бұл дағдыларды дамыту болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде іске асырылуы дұрыс және оңтайлы шешім;

- hard skills дағдылары болашақ мамандар үшін, соның ішінде әлеуметтік педагогтар үшін негіз болып қала береді. Дегенмен, McKinsey & Company аға кеңесшісі Nick Van Dam пікірі бойынша тек қана hard skills дағдылары бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін жеткіліксіз болады, soft skills дағдыларын дамыту қажет.

- soft skills дағдыларын пәнге интеграциялау, ең алдымен, осы дағдылардың пәнмен академиялық, кәсіби байланысын анықтап, пән бағдарламасына терең талдау жүргізгеннен кейін ғана мүмкін болады. Осыған байланысты болашақ мамандар үшін ең өзекті және маңызды soft skills дағдыларын анықтау қажеттілігі туындайды. Мәселен, әлеуметтік педагогтардың қызметін жан жақты талдау маңызды soft skills дағдыларын анықтауға мүмкіндік берді: - балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен әлеуметтік қалыптасуы үшін қажетті педагогикалық жағдайларды ойдағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік беретін басқару дағдылары;- «субъект-субъект» қатынастарында эмоцияларды тануға және балалар мен жасөспірімдердің қоғамға тиімді интеграциялану ниеттерін барабар түсінуге мүмкіндік беретін эмоционалды және әлеуметтік интеллект;-қиын өмірлік жағдайларда балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық көмектің қажетті технологияларын барабар таңдауға, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық қызмет субъектілерінің проблемаларын тиімді шешуге мүмкіндік беретін клиентке бағдарлау немесе проблемаларды шешу дағдысы;-әлеуметтік-педагогикалық қызмет субъектілерімен кәсіби қарым-қатынас орнатуға, балалар мен жасөспірімдерге жеке көзқарасты жүзеге асыруға, өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерді көтермелеуге, қолдауға, ынталандыруға және шабыттандыруға мүмкіндік беретін кәсіби бағдарланған қарым-қатынас дағдылары;- әлеуметтік педагогқа өз қызметін тиімді ұйымдастыруға және өзін кәсіби аспектіде жүзеге асыруға, жайлылық деңгейінен асып кетуге және ойлауға, сондай-ақ озық идеяларды ұсынуға мүмкіндік беретін өзін-өзі басқару дағдылары;- балалар мен жасөспірімдердегі жағымсыз құбылыстар мен мінез-құлықтардың ықтимал нәтижелері мен салдарын болжауға, талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін ұйымдастыру және жоспарлау дағдылары.

Қортындылай келе, қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі өзгерістер кәсіби қызметке деген жаңа бағыттар мен талаптардыңқойылуын қажет етеді. Бұл трансформация университетте оқытылатын барлық пәндерді тек кәсіби бағдарланған ғана емес, сонымен бірге студенттердің жеке дамуына бағытталуы керек. Яғни, жеке тұлғаның жетістігін, табысты жұмыспен қамтылуын және мансаптық өсуін қамтамасыз ететін шешуші фактор ретінде көптеген мамандар пәндік білімді, когнитивті интеллектті емес, әлеуметтік интеллекті, әлеуметтік дағдылар мен біліктерді, яғни soft skillsдағдыларын жоғары бағалайды.

Осы soft skills дағдыларын үйрену қысқа және ұзақ мерзімді артықшылықтар береді. Ұзақ мерзімді перспективада soft skills дағдылары адамдарға неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға және қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі маңызды дағдылар.

Өкінішке орай, soft skills дағдыларын дамыту қажеттілігі мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде басымдық ретінде таныла бермейді. Біздің білім берудегі басымдықтарымызды қайта қарап, soft skills дағдыларын дамыту қазіргі өзгермелі әлем жағдайында болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті болуға үйрету үшін маңызды. Soft skills тек кәсіби қызмет үшін ғана емес, күнделікті өмірде де қажет, сондықтан білім беру мекемелері студенттерге кез-келген жағдайда олар үшін пайдалы болатын құзыреттіліктерді дамытуға көмектесетін әдістемелер мен әдістерге назар аударуы керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Послание Главы Государства К.К. Токаева народу Казахстана. Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество [Электронды ресурс] – URL:

<https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>(жүгінген күні: 18.03.2023).

2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы [Электронды ресурс] – URL: [https://strategy2050.kz/ru/state\\_programs/razvitiie-obrazovaniya-i-nauki-rk-na-2020-2050-gody/](https://strategy2050.kz/ru/state_programs/razvitiie-obrazovaniya-i-nauki-rk-na-2020-2050-gody/) (жүгінген күні: 18.03.2023).

3. Avrane-Chopard J., Potter J., Muhlmann D. How to develop soft skills [Электронды ресурс] // URL: <https://www.mckinsey.com/capabilities/people-and-organizational-performance/our-insights/the-organization-blog/how-to-develop-soft-skills#0>(жүгінген күні: 18.03.2023).

4. Avrane-Chopard J., Potter J. Are hard and soft skills rewarded equally? [Электронды ресурс] // URL: <https://www.mckinsey.com/capabilities/people-and-organizational-performance/our-insights/the-organization-blog/are-hard-and-soft-skills-rewarded-equally>(жүгінген күні: 18.03.2023).

5. Cinque, M Comparative analysis on the state of the art of Soft Skill identification and training in Europe and some Third Countries. Speech at “Soft Skills and their role in employability – New perspectives in teaching, assessment and certification”, workshop in Bertinoro, FC, Italy. – November, 2015.

ӨОЖ 372.82

## **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ КҰЗЫРЕТТІЛІККЕ ДАЯРЛЫҚ ШЕҢБЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДЕ ЖОО-НЫҢ РОЛІ**

**Сатыбалдиева Н.Б.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор **Ыбырайымжанов Қ.Т.**

Қазіргі білім беру стандартында бастауыш білім беру үдерісіндегі білім алушылардың ақпараттық сауаттылығына жетекші рөл беріліп жатқаны анық. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінде ақпараттық сауаттылық маңызды. Осының негізінде бастауыш білім беруде білім алушылардың ақпараттық коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыру ең қажетті шарт болып табылады.

Болашақ педагог кадрлардың жаңа электрондық технологияны меңгеруі педагогикалық ЖОО-дағы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жүйесіне тікелей байланысты. Маманның кәсіби даярлығына педагогикалық оқу орнының кадрлары мен жаңа үлгідегі материалдық-техникалық базасына тәуелді. Сондықтан, бұл тәуелділіктердің басымдықтары ғалымдардың зерттеу нысанынан түскен емес, әсіресе сандық технологиялардың жедел дамуы ешкімнің ырқына көндірер емес. Зерттеу жұмысымыздың теориялық материалдарына деректер іздеу барысында көптеген зерттеушілердің тұшымды ойлары мен жаңалықтарын жинақтап, іріктелді. Осындай зерттеу барысы маман кадр даярлайтын педагогикалық оқу орындарының ролінің басымдықтары анықталды. Сол бағытта біраз зерттемелерді келтірер болсақ:

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау мәселесі жайында зерттеулерді талдау барысында еліміздің педагог ғалымдары көптеп зерттеулер жүргізуде екенін анықтадық. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы жөнінде зерттеу жүргізген отандық ғалым Н.Д.Хмельдің еңбектерін келтіреміз. Оның зерттеулерінде болашақ педагог даярлығын «мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық компоненттердің тұрақты бірлігі, мамандықты меңгерген тұлға кәсіби мазмұндық, тұлғалық, процессуалдық аспектілермен байланысты болады» деген тұшымды пікіріне кезіктік. Сонымен қатар, С.Л.Мищенко, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың кәсіби даярлығы дегеніміз мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетін кіші мектеп жасындағы оқушылармен арнайы таңдалған дидактикалық тұрғыдан өңделген оқу бағдарламасының материалдарды компьютердің көмегімен іске асыру қабілеттілігі[1].

Ғалым М.Сұлтанбектің еңбегінде: педагогикалық білім берудің мектеп өмірінен артта қалуын болдырмау үшін болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау алдын ала нәтижелі практикаға бағыттау, кешенді бағдарламалар даярлау, болашақ бастауыш

мектеп педагогын кәсіби іс-әрекетке даярлаудың нормативті құқықтық базасын заманауи талаптарға сәйкестендіру және...т.б. өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімінің кейпін қалыптастыру үшін алғышарттарын ұсынды [2].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда студенттердің кәсіби құзыреттілігін меңгеруіне деген тұрақты қызығушылығын, педагогикалық инновацияны пайдалану туралы теориялық білімдерін және оларды жүзеге асыру білігі мен дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық оқу құралдарын, әр алуан әдістер мен формаларды, технологияларды, интернет желісімен жұмыс жасау, интерактивті, мультимедиялық сабақтарды қамтамасыз ететін үдеріс деп түсіндірді С.Т.Мұхамбетжанова[3].

Педагогикалық мамандықтарда білім алып жатқан студенттердің кәсіби даярлығына төмендегідей компоненттерді анықтап ұсынады К.М.Дурай-Новакова:

-кәсіби мәнді қажеттіліктер, педагогикалық іс-әрекет мотивациясын, яғни мотивациялық компонент;

-мамандықтың мазмұны жөніндегі және педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы жөніндегі кәсіби тапсырмаларды шешу жолдары туралы білімдерді, яғни танымдық-бағалаушы компонент;

- педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелеріне деген жауапкершілік сезімі, өзіндік бақылау мүмкіндіктердің орындалуы қалыптасатын әрекеттерді басқару қабілеті, яғни эмоционалды-еріктік компонент;

- кәсіби тапсырмаларды орындау жолдары мен кәсіби білік, дағдыларды меңгеру, яғни операциялық-әрекеттік компонент;

- ақиқаттағы педагогикалық ситуацияларда өзінің жағдайын игеру жолы мен мүмкіндігі, яғни мобилизациялық-бағыттылық компоненті. Соның еңбегінде кәсіби даярлау мәселесі тұлғаның кәсіби қажеттіліктерінен туындайтын, педагогикалық іс-әрекетке итермелейтін мотивация, сонымен қатар мамандықтың мазмұны жөніндегі білімдер мен практикалық қабілеттері мен осы іс-әрекеттерді жасауға деген жауапкершілік сезімінің болуымен сипатталады деп келтіреді [4].

Ғалым С.Т.Жарбулова үздіксіз көп деңгейлі кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың концептуалдық негізі деп қарастырады. Мұнда маман даярлаудың көп аспектілі тұжырымдар жүйесінің дамушы және дамымалы білім жүйесінің инновациялық педагогикалық іс-әрекеттерінің нәтижелі табысқа бағдарланған өздігінен үздіксіз шығармашылық пен дамушы мұғалім моделімен түсіндіреді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау мәселесін жаһандану жағдайында талдай келе, мамандыққа бейімделу, танымдық-кәсіби қызметте студенттің актуалдануы, студенттердің кәсіби іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсілінің жүзеге асуы, студенттің педагогикалық зерттеу кезіндегі өзін-өзі шығармашылыққа баулу секілді белсенділігінен тұрады деп түйіндейді М.З.Джанбубекова.

Педагогика бағытында кәсіби құзыреттіліктерді жіктей келе:

1. Арнайы немесе әрекеттік кәсіби құзыреттілік. Мұнда арнайы білім ғана емес, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдана алу әрекетін айтады.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік. Мұнда кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдері мен бірігіп кәсіби өзара әрекеттестікті қолдану жолдарын меңгерумен сипатталады.

3. Тұлғалық кәсіби құзыреттілік. Мұнда өзін-өзі дамыту мен өз ойын білдіру әдістерін, кәсіби деформацияға қарсыласу құралдарын меңгерумен сипатталады.

4. Жеке кәсіби құзыреттілік. Мұнда өзін-өзі реттеу, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға қарсы тұру, тұрақты кәсіби мотивациясының тәсілдерін меңгерумен сипатталады. Бұл топтаманы А.К.Маркова кәсіби құзіреттіліктің түрлерін жан-жақты сипаттай түрлерді ұсынады.

Америкалық Ғылым және білім беру мекемелерінің қауымдастықтары (ACRL) ақпараттық құзіреттілікті былай мазмұндағаны және бар. Онда ақпараттарды анықтауда заманауи тұлғаға қажетті қабілеттер түрлері, яғни түрлі ақпараттарды тиімді қолдану мен бағалау, оларды таңдау қабілеттілігі деп анықтайды.

Электрондық оқыту құралдарының жаңарған түрлерінен білім беруді И.В.Роберт өз еңбегінде электрондық ақпараттық технология қолдану сипаты ақпаратты



жинау, өңдеу, сақтау, таратудағы техникалық құралдар мен әдістерді белсенді қолдануы, ал Ш.У.Унгарбаева болса қазіргі оқыту технологиясында интерактивті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары мен әдістерін меңгеру деп береді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің электрондық ресурстармен жұмыс жасай алуы педагогтан күтілетін, бастауыш сыныптағы білім беруді АКТ қолдана отырып тиімді жобалауда, құруда, іске асыруда және мониторинг өткізуде, оның құрамында білім, білік, дағды, мотив, іс тәжірибесі кіріктірілген қабілеттер танылады.

ЖОО бітіруші маманның санасында АКТ-ның бар әлеуетін қолдану ХХІ ғасырдың негізгі технологиясы деген ереже қалыптасуы тиіс. Бұл оқыту мен өз бетінше білім алудың тиімділігін арттырудың ұтымды әдісі, себебі оларды пайдаланған жағдайда мұғалімдердің де, оқушылардың да өнімділігі жақсарады. Болашақ педагогтар АКТ-ны пайдалану – білім беру үшін қалыпты нәрсе екенін түсінуі тиіс, сондықтан оларда білім беру ортасындағы осы құрамдасты пайдалануға деген жағымды уәждемелік-құндылықты көзқарас болуы қажет.

Болашақ құзыретті педагог мыналарды білуі керек:

–АКТ-ны пайдаланған жағдайда оқу үдерісін жоспарлау;

–АКТ-мен жұмыс істеудің жеке және ұжымдық әдістерін ұйымдастыру;

–АКТ-ны пайдалану жөніндегі өзінің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын үнемі жетілдіріп отыру.

С.М.Кеңесбаевтің пікірінше жоғары оқу орныбітіруші педагог оқу үдерісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдаланудың мотивациялық-құндық қатысы, педагогикалық құрастырушы компонент, педагогтың жаңа ақпараттық технологияны пайдаланған жағдайындағы қызметін жоспарлай білуі, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану жағдайындағы оқушылардың оқу –танымдық қызметін басқара білуімен сипатталатын ұйымдастырушылық компоненті; компьютер көмегімен оқыту кезінде оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың жекеленген, топтық, ұжымдық қызметтерін ұйымдастыруды жандандыруы; жаңа ақпараттық технологияны пайдалану жағдайында оқушылармен педагогикалық жұмысқа қатынасты орнататын қабілет – коммуникативті компонент; түрлі типтегі үйретуші бағдарламалар тапсырмаларын құрастырып оқушылар үшін түсініктілік дәрежесін талдауы секілді қабілеттері жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық- коммуникациялық технологияларын қолдануға дайындаудағы құзіреттілік тұғыр бітіруші түлектің қарқынды өзгеріп отыратын жағдайларда туындайтын кәсіби мәселелерді шешу үшін оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларының құралдарын пайдалана отырып, заманауи білім беру жағдайында АКТ құралдарын қолдану дайындығын қалыптастырады.

### Әдебиеттер

1. Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: дис. ...док. пед.наук:13.00. – Алматы, 2010. – 287 с.

2. Краевский В.В. Методология педагогики: прошлое и настоящее // Педагогика. – 2002. - №1.- С.3-10

3. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. – М: ИИО РАО 2010.-140

4. Унгарбаева Ш.У. Жоғарымектептіңбілім беру үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану тиімділігін арттырудың педагогикалық негіздері. 13.00.01. пед.,ыл.канд...дисс. Алматы, 2010.- 126 б

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ОҚЫТУ САБАҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сатыбалдиева С.С.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор **Ыбырайымжанов Қ.Т.**

Ана тілінің баға жетпес құдіреті мен қуаты, адамды ерлікке, Отанын, туған халқын сүйуге тәрбиелеудегі күшін кезінде К.Д.Ушинский: «Халық тілі – тарих шекарасынан әлдеқайда әріректен басталатыны, оның бүкіл рухани өмірінің еш уақытта солмайтын және өмір бойы қайтадан шешек атып тұратын тамаша гүлі. Тілде бүкіл халық, оның күллі елі – барлық, толық ойы мен сезімі туған елінің өлеңінде, әндерінде... » деп көресткен болатын [1].

Сондықтан да ана тілі бастауыш мектептерде ең негізгі пән болып есептеледі. Өйткені ана тілінде оқу-жазуға дағдылану арқылы басқа пәндерді оқып үйренуге жол ашылады. К.Д. Ушинский : «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты және жаратылыстану ғылымдарын үйренген кезде, теореманы, математикалық бір есепті өз сөзімен айтып бере алмай, дәл осындай күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинақтайтын басты, өзекті пән енді түсінікті емес пе?» – деген болатын. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын ана тілі сабағына қызықтыру үшін ана тілі сабағын жаңа технологияларды енгізу қажет.

Жаңа технологияларды енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап, оқытуға мүмкіндік туады.

Ана тілі сабақты тиімді өткізуде оқушылардың танымдық белсенділігі арттады. Жаңа технология оқушының жеке өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы оқушының білім жетістігін жақсартуға ықпал етеді. Сабақта жаңа технологияларды қолдану жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапаларымен сәйкес жан-жақты дамытуға бағыттап, құруға болады. Жаңа технологияларды пайдаланудағы сабақтың ерекшелігі оқушылардың өздері жаңалық ашуға ұмтылады, әрі ізденіп жауабын тауып, өз көзқарасын дәлелейді [2,24].

Сабақ мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушылардың ұжымдық шығармашылық еңбегі деп қарастыруы керек. Сабақта оқыту мен тәрбиенің мақсаттары, міндеттері, жүзеге асырылады, оқушылардың ой-өрісі кеңиді, қабілеті дамиды, көзқарасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Дәстүрлі сабақтардың әдістері төмендегідей үш құрамдас бөліктермен анықталады:

- 1) Үлгі көрсету
- 2) Түсіндіру
- 3) Бақылау, басшылық

Сабақ – қашанда жетіліп отыратын шығармашылық сипаттағы үдеріс.

Ал, енді қазірде жаңа технологияларды пайдаланылып жүрген сабақ төмендегідей үш құрамдас бөліктен тұрады:

- 1) Оқу мақсаттарының қойылуы.
- 2) Оның шешудің жолын бірлесе қарастыру.
- 3) Шешемнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бүгінгі таңда жаңа педагогикалық технологияларды сабаққа ендіру әрбір ұстаздың басты мақсаты болу керек. Себебі елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азамат қажет. Сабақ тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен жаңа технологияларды пайдалану сабақтары айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады.4-кесте.Дәстүрлі

оқытудағы көркем шығармалар мен жаңа технологияларды пайдалануда оқытылатын көркем шығармаларды салыстыру кестесі:

1-кесте – Көркем шығарманы дәстүрлі оқыту мен жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқытуды салыстыру кестесі

Дәстүрлі сабақтар	Жаңа технологияларды пайдалану сабақтары
<i>Мұғалімнің әдістері</i>	
Тақырыпты түсіндіреді.	Топқа бөліп, ой қозғайды.
Кейіпкерлер туралы айтып береді.	Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.
Мәтіннің идеясын анықтайды.	Мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады.
Мәтіннің көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді.	Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды.
Сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылады.	Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды.
<i>Оқушының іс-әрекеті</i>	
Мазмұнын айтып береді.	Ұжыммен жұмыс жасайды.
Кейіпкерге мінездеме береді.	Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады.
Оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.	Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді.
Мәтіндегі негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады.	Мәтінмен өздері танысады.
Шығарма жазады.	Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды.
Жауап береді.	Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді. Өз тұжырымдамасын жасайды

Айтылғандарды қорыта келе, дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарас болса, ал жаңа технологияларды оқыту барысында бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын ұстанымдарға негізделген оқытуды дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйрету.

Қазірде ана тілі сабағанда жаңа технологияларды пайдалануда көркем шығармаларды оқытуда сабаққа мынадай талаптар қойылады:

- А) дидактикалық;
- Ә) дамытушылық;
- Б) тәрбиелік;
- В) гигиеналық;
- Г) психологиялық, ұйымдастырушылық талаптарды ескеру керек.

1) *Дидактикалық талап.* Тақырыптық-күнтізбелек жоспардың және күнделікті сабақ жоспарын дұрыс құру. Сабақтың мақсатын, міндетін дұрыс қою. Сабақ кезеңдерінің, әр түрлі дидактикалық әдіс-тәсілдердің бірізділігі, уақытты ұтымды пайдалану және мұғалімнің педагогикалық жетекшілігі.

2) *Тәрбиелік талап.* Білім саласының алдында қойылған идеологиялық мақсаттарды жүзеге асыруы тиіс. Ұлттық ұстанымдарға, қазақстандық патриотизімге, жоғары азаматтық адамгершілік моральға, қоғам дамуының талабына және сол сабақта берілетін материалдар мазмұнының тәрбие көзіне негізделеді. Тәрбиелік талап тәрбиелік мақсатының нақтылығы, білім мазмұны арқылы көзқарасын, эстетикалық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін, жүйелі еңбегін қалыптастыру, мамандығын сүйіспеншілігін арттыру т.б.

3) *Психологиялық талап.* Оқушының психологиялық ерекшелігін білу, онымен санасу. Ойлауы (репродуктивті, шығармашылық), есте сақтауы (еркімен, еркіне тыс), еске түсіруі, жаттауы, игеруі, білуі; байқампаздығы, көңіл аударушылығы, шығармашылық елес-қиялы, еркі (алдына мақсат қою, оған жету үшін талпынысы), эмоциясы. Мұғалімнің көңіл күйі, жинақылығы, байқампаздығы, ашушандығы белгілі бір дәрежеде оқу еңбегінің қорытындысына әсер етеді. Мұғалім өзін-өзі ұстай алуы, өзін-өзі басқара алуы, өзіне сенімсіздігі немесе артық сенімділігі сияқты психологиялық жағдайымен де ерекшеленеді. Сабақтың нәтижелілігіне салыстырмалы түрде оқушылардың білімге деген ынтасы, білімін кеңейтуге деген ықыласы да әсер етеді. Сонымен қатар мұғалім мен оқушының арасындағы сыйласымдылық, түсініктік, психологиялық ырғақ та өз нәтижесін береді.

4) *Дамытушылық талап* дамытушылық мақсатының айқындығы, танымдық қызығушылығының, бастамшылдығын, өздігінен іздену, білімін толтықтыру, ой еңбегінің мәдениеті мен іскерлік, дағдысын қалыптасыру, ақыл-ойын дамыту.

5) *Гигиеналық талап.* Оқу материалының баланың жас ерекшелігіне лайықтылығы, оқушылардың денсаулығы, артық жұмыс бастылық пен артық тапсырмаларды нормадан жоғары болмауы көзделеді. Сонымен қатар сынып бөлмесінің, ондағы құрал-жабдықтардың баланың жасына, бойына, денсаулығына (көзінің көрмеуі, дұрыс естімеуі, т.б.) үйлестігі, және тазалық.

6) *Ұйымдастырушылық талап.* [3] Ол екі кезеңнен тұрады:

I кезеңі: сабаққа алдын ала дайындақ. Күнгізбелік жоспар негізгі қосымша әдебиеттерді, әдістемелік және көркем шығармалар, педагогикалық басылымдармен жұмыс істеу.

II кезеңі: пән бойынша тақырыптық сабақ жоспарын жасау. Онда сабақтың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын оған сай нақты білім көлемін анықтау, әдіс-тәсілдерні таңдау сабақтың типін, құрылымын белгілеу, сабақ кезеңдерінің логикалық байланысын, өздігінен істейтін жұмыстарды т.б. ескеру.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал, ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Мұғалім сонымен, сабақ өту барысында педагогикалық шеберлігіне байланысты тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана білу қажет. Тиімді әдістерді пайдалану барысында оқушының білімге деген қызығушылығын одан әрі арттыруға, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады.

### Әдебиеттер

1. Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. Алматы, 1951-72б.
2. Мұхтарова М.С. Ана тілі сабағында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту//Бастауыш мектеп-2008 №3-24б.
3. Есімбекова Б.О Жаңа педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдану//Педагогикалық кеңес -2008 №3-2б.

UDK 81'1.18

## OPPORTUNITIES FOR MULTILINGUAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN

**Smailova K.E., Tursynbai S.E.**

Tashenev University, Shymkent

Research supervisor—**s.t. OrmakhanovG.S.**

As we have already mentioned multilingualism can be the result of different factors. Kazakhstan is a unique place, since it combines several of the factors, which determine the use of two languages on its territory and stimulate learning of English as the language of globalization. There are lots of reasons which determine use of both Kazakh and Russian languages on the

territory of Kazakhstan because Russian and Kazakhstan have long established ties. Historically Russian people lived on the territory of contemporary Kazakhstan, and Kazakhstan once was a part of the Soviet Union. Thus, its population has been exposed to the Russian language for more than one century. Kazakhstan and Russia have strong economic and cultural ties, which were established long ago and are still existent. Russian has long been the language of science, research and technology, and is still of great importance. According to the census of 2009 63% of the population are Kazakhs and about 24% of the population are Russians. Everything mentioned above creates the situation in which two languages co-exist and are necessary in everyday communication. Beside English and Russian, English has gained importance as the language of globalization and intercultural communication. Both Kazakh and Russian are used in governmental organizations, local government institutions, documentation of state and governmental institutions, constitutional documentation, arbitration courts, military, field of science (including defense of dissertations); names of state institutions, texts of seals and stamps regardless of the form of ownership, labels of goods, all texts of visual information. Either Kazakh or Russian may be used in postal-telegraphic messages and customs documentation. Both Russian and other languages (if necessary) may be used in localities of compact residence of ethnic groups in: documentation of non-governmental institutions, courts, documentation of administrative offences, contracts of individuals and legal entities, responses of governmental and non-governmental institutions to requests of citizens, paper forms, information signs, announcements, advertisements, price catalogs and lists; pre-school institutions, orphanages; high, vocational and higher education; cultural events; press, radio and TV programs. The Republic of Kazakhstan has adopted a policy according to which it is necessary to pay more attention to the study of these two languages and the ability to communicate with them equally. The state educational standard combines three languages into a school curriculum. Now let's look at school education according to the criteria we used to describe trilingual schools in Finland and the Basque Country. Kazakhstan is a bilingual country: the Kazakh language, spoken by 63% of the population, has the status of a "state" language, and Russian, spoken by all Kazakhstanis, has been declared an "official" language and is constantly used in business. In the two previous cases described by the researchers, two of the three languages belong to the same language family: English and Swedish, English and German. The languages involved in the trilingual education in Kazakhstan also belong to two different language groups: English and Russian both belong to Indo-European languages of West-Germanic and East-Slavonic groups respectively, Kazakh is a Turkic language. Attempts to establish trilingual education have been made since the early 90s when Kazakhstan gained independence. Like in the Basque country there were established different models of schools: **Model A** schools are intended for native speakers of Russian who choose to be instructed in Russian. Kazakh is taught as a second language for five hours a week since the 1<sup>st</sup> grade. **Model B** schools are intended for native speakers of Kazakh who want to be instructed in Kazakh. Russian is taught as a second language for five hours a week since the 1<sup>st</sup> grade. In both types of schools English is taught as a foreign language beginning with the 5<sup>th</sup> grade for three hours a week (like in immersion schools of Finland). Like in Finland, the national language program encourages early introduction of several languages. Traditionally, the languages are introduced during specific language lessons and thus are kept separate from other content lessons and are not used as languages of instruction. We have already mentioned that teaching a second and foreign language can be done through a second/foreign language program or by immersion language program. It turns out that none of our secondary schools actually suggests language immersion programs since only 13% of the curricula is taught in the second language (in Russian for schools with the Kazakh language of instruction, and in Kazakh in schools with instruction in Russian), and even less – 8% of the curricula is taught in English. At that none of these learning is a content learning; it is acquiring second or foreign language for practical purposes. This is probably the main reason why school graduates are not proficient in speaking three languages as it is intended to be. The phenomenon of multilingual education was considered as a social and linguistic phenomenon. In the course of the current study of the project, certain goals were set, which were achieved. 1) First, the phenomenon of multilingualism was studied, and

multilingualism is the ability of an individual native speaker or all members of a community to speak several languages. The reasons that contribute to the development of multilingualism are of various nature, including colonial, migration, political and cultural ties, education, etc. 2) көптілді білім берудің не екенін жақсы түсіну үшін зерттеушілер Еуропаның екі елінің үш тілді мектептер құру тәжірибесін зерттеді. Олар елдің ішкі мектептерінде тілдік иммерсия бағдарламасын және испан еліндегі мектептердің әртүрлі модельдерін зерттеді. 3) олар ұйымдағы айырмашылықтарға қарамастан, Финляндия мен Испаниядағы Үш тілді мектептердің кейбір ортақ белгілері бар екенін білді. Атап айтқанда, екі жағдайда да мектеп оқушылары өте ерте жаста тілдермен таныстырылады және осы елдердегі білім беру мазмұнының бір бөлігі екінші тілдің көмегімен жүзеге асырылады. 4) Finally, the possibilities of developing multilingual education in Kazakhstan were studied. They began with the reasons that contribute to the use of several languages in the Republic of Kazakhstan, compared the system of language teaching in Kazakhstan with the described two examples of Finland and Spain, identified similarities and differences between them. They were able to identify these reasons in terms of experience, teaching materials, age of students, etc.

### **Bibliography**

1. Beetsma, Danny (Ed.). Trilingual Primary Education in Europe. Inventory of the provisions for trilingual primary education in minority language communities of the European Union. Leeuwarden: Fryske Akademy, 2002. pp. 15-20
2. Hoffmann, C., Towards a description of trilingual competence. International Journal of Bilingualism, Vol. 5, No. 1 (March) 2001, pp. 1-17
3. R. Aliyev, N.Kazhe. Bilingual education. Theory and practice. 1989 pp. 3-8
4. Suleimenova E.D. Language processes and politics. Almaty: Kazakh Uni. 2011

ӘӨЖ 82.09(565)

## **ҚЫСТЫРМАЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ**

Пф21-2кТаджиева А.Ш.

TashenevUniversity, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі -аға оқытушы **Арғынбаева Р.А.**

Сөйлеуші өз ойын білдіргенде, бір нәрсенің жайын құр баяндап қоймай, оған өзінің қатынасып қоса білдіруі мүмкін. Ол қатынас әрқилы болады; сөйлеуші өз айтқанына күмәнданатындығын немесе сенетіндігін білдіре алады, немесе айтқан ойына байланысты өкінішін, ренішін, қуанышын, қуаттайтындығын қоса айтуы мүмкін. Сондай-ақ ол ойды қорыта айтатындығын немесе оның кімнің тарапынан екендігін де білдіре алады.

"Сөйлемге осы сияқты сан алуан мағыналық реңктерді синтаксистік жолмен беру үшін қыстырма элементтер қолданылады. Бірақ бұл элементтер сөйлемнің белгілі бес мүшесінің ешбіріне де жатпайды, олармен белгілі бір синтаксистік байланыс түрлерінің ешқайсысы арқылы байланыспайды, сондықтан сөйлем мүшелерінің бірде-бір сұрағына жауап бермейді. Бірақ қыстырмалар не сөйлемде айтылатын тұтас ойға, не оның белгілі бір мүшесіне қатысты болады. Сондықтан олар да, сөйлем мүшелері сияқты айтылатын ойды білдіруге қатынасатын қажетті және мәнді элементтері болып саналады." [1, 35-б.]

Қыстырмалар деп сөйлеушінің айтылған ойға әр алуан қатынасын білдіретін сөйлем мүшелерімен белгілі бір синтаксистік тәсілмен байланыспайтын жеке сөздерді, сөз тіркестерін, жеке сөйлемдерді айтамыз. [2, 39-б.]

Қыстырмалардың басты қасиеті, синтаксистік табиғаты оқшау сөздердің басқа түрлері сияқты сөйлем мүшелерімен тұлғалық жағынан сабақтаса байланыспайтынын

және сол сөйлем құрамында оның жалпы мағынасына модальдік мән үстемелеуі болып табылады. Модальдік мәнді оқшау сөздің басқа түрлері де білдіреді. Мысалы, одағайлар кісінің әрқилы көңіл-күйін білдіреді, қаратпалар тыңдаушының назарын айтылған ойға аудару мақсатында айтылады. Ал қыстырманың өзіне тән ерекшелігі сөйлеушінің өзі айтып отырған ойға қатыстырып, көзқарасын, бағасын білдіру болып табылады. Мысалы

1. Сөз жоқ, енді көрсе, Раушан одан жиіркеніп, теріс айналып кетпек.
2. Мүмкін, сізге бұл сөзім онша таныс болмас.

Осы сөйлемдердегі асты сызылған сөздер, сөз тіркестері қыстырмалар қызметін атқарып тұр. Модальдік мәнде жұмсалған (бірінші айтушының өз айтқанына сенімділігін білдірсе, екіншісі күмәнданушылықты білдіреді.) Бірақ олардың модальдік мәні осы мәтінде, басқа сөздердің қоршауында пайда болған. Өйткені оларды басқа мәтінде жеке сөйлем мүшелері қызметінде де кездестіруге де болады.

"Егер енді көрсе, Раушан одан жиіркеніп, теріс айналып кетуіне сөз жоқ" - дегенде "сөз жоқ" қыстырмалық мәнінен айырылып, сөйлемнің баяндауыш мүшесінің қызметін атқарып тұр. Сондай-ақ, "Сізге бұл сөзімнің онша таныс болмауы мүмкін", - дегенде де "мүмкін" сөзі баяндауыштық қызметте жұмсалғандықтан, қыстырмалық қызметтен арылып, оның модальдік мәні бәсеңдеген.

Осы арада бір ескерусіз қалып жүрген жайды да айта кеткен жөн. Біріншіден, белгілі синтаксистік қоршауда көптеген сөздер мен сөз тіркестері сөйлемнің дербес мүшесі қызметінде де жұмсала береді, оның ауқымы да кең. Ал, екіншіден, тек қыстырмалық қызметте жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің саны санап аларлық. Олардың қатарына "Меніңше, сеніңше, қысқасы, бәсе, сірә, менің ойымша, қорыта айтқанда, мен білсем, былайша айтқанда" тектес бірқатар сөздер мен сөз тіркестерін арнайы қызметі қыстырмалық, арнайы қызметі қыстырмалық емес деп, екі топқа бөлуге болатыны айқындалады. [4, 10-б.]

Қорыта келгенде, қыстырмалардың лингвистикалық табиғатына қарай оларды жоғарыдағыдай топтастыра отырып, мысалдар арқылы топ бойынша зерттеп қарастырдық.

### Әдебиеттер

1. Ә.Хасенов. Оқшау сөздер және оларды оқыту жолы. Халық мұғалімі.- 1999, №4 35-б.
2. М.Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис - Алматы; 2009, 107б.
3. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Қазақ ССР Ғылым академиясы. - Алматы; 2009, 207б.
4. М.Томанов. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырма сөздер, сөз тіркестері және қыстырма сөйлемдер. - Алматы; 2015, 10-б

ӘӨЖ 376

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ

Талдыбаева Ж.

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент

Ғылыми жетекші: — п.ғ.к., доцент Арзымбетова Ш.Ж

Инклюзивті білім беру әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін икемді оқыту мен оқуға деген көзқарасты дамытуға ұмтылады. Егер инклюзивті білім беру енгізетін өзгерістер нәтижесінде оқыту мен оқу тиімдірек болса, онда барлық балалар пайда көреді. Инклюзивті мектептердегі білім балаларға адам құқықтары туралы білім алуға мүмкіндік береді және бұл кемсітушіліктің төмендеуіне әкеледі, өйткені балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, айырмашылықтарды тануға және қабылдауға үйренеді.

Инклюзивті білім беру – жынысына, жасына, ұлтына, қабілеттеріне, дамуында кемістіктердің бар немесе жоқтығына қарамастан барлық балалар мен ересектерге қоғамға

қатысуға және өз үлесін қосуға мүмкіндік беретін түпкілікті мақсатқа жету, инклюзивті қоғам құру қадамы.

Инклюзивті білім берудің қағидасы – мұғалімдер мен қарапайым мектеп әкімшілігі балаларды олардың интеллектуалдық, эмоционалдық, физикалық дамуына, әлеуметтік жағдайына қарамастан қабылдап, оларға балалардың қажеттіліктеріне бағытталған педагогикалық-психологиялық әдістемелер негізінде жағдай жасайды[1].

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі. Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет.

Инклюзия жағдайында білім беру ортасы оның түзету және дамыту сипатын қамтамасыз ететін ерекше ерекшелікке ие болуы керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты бұл олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, ал жас нормасындағы студенттерге қатысты денсаулық проблемалары бар құрдастарымен қарым – қатынаста негативизмді жеңу үшін маңызды. Тиісінше, мұғалім мүмкіндігі шектеулі балалардың да, жас нормасындағы балалардың да дамуына ықпал ететін орта құра білуі керек. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсіл аясында айтылғандай, мұғалімнің кәсіби мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыру өзінің кәсіби дамуын жобалаумен және жүзеге асырумен тығыз байланысты. Бұл инклюзивті білім берудің мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты қоғамда ерекше мәдениетті қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік - педагогикалық құбылыс ретіндегі ерекшелігіне қайшы келмейді.

Соңғы жылдары мұғалімдердің инклюзивті тәжірибені жүзеге асыруға дайындығы мен дайындығы мәселесі ашылған жұмыстар саны едәуір артты: жоғары мектепте, қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде, Фирмаішілік оқыту жағдайында (Н.А. Абрамова, М.Н. Агафонова, А.Н.Гамаюнова, Е. В. Кулакова, Е. Н. Кутепова.), М.Л. Любимов, Н.А.Ряписов, А.Г.Ряписова, С.И. Сабельникова, Е. В. Самсонова, М. М. Семаго, Н. Я. Семаго, А. С. Сиротюк, А. Ю. Шеманов, Л. М. Шипицына, И. М. Яковлева және т. б.). Біз зерттеп жатқан мәселе бойынша бірқатар диссертациялық зерттеулер жүргізілді (Н.П. Артюшенко, О.С.Панферова, Е.Г. Самарцева, И.Н.Хафизуллина, Ю.В. Шумиловская және т. б.).

Мұғалімдерді олар үшін жаңа кәсіби қызмет саласына даярлау процесін сипаттау үшін көптеген зерттеушілер тек дайындықтың ғана емес, сонымен бірге мұғалімнің де сапалық сипаттамаларын ашады.

Сонымен, шетелдік зерттеуші J. Corbett мұғалімнің қалыптастыруы қажет инклюзивті мәдениеттің төрт компонентін ұсынады:

- мұғалімдердің жеке өмірлік тәжірибесінде жоқ көзқарастарға құрметпен қарауы;
- мұғалімдердің интеллектуалды дамыған адамдар жоғары әлеуметтік және академиялық мәртебеге ие адамдар арасында ғана емес екенін түсінуі;
- білім алуға және әлеуметтік дамуға құқықтағы барлық білім алушылардың тең мүмкіндіктерін тану және әрбір баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, осы құқықтарды қанағаттандыру;
- шынайы педагогикалық басымдықтар мен құндылықтарды саналы түрде ұстану [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесіне Е. Л. Агафонова, М. Н.Алексеева, С. В. Алехина, Е. Н. Кутепова, Ж. Н. Черенкова жүгінді. Олар мұғалімдердің инклюзивті білім алуға дайындығын екі блокты бағалау арқылы, атап айтқанда кәсіби және психологиялық дайындық аясында қарастырады. Кәсіби дайындық құрылымында авторлар келесі компоненттерді ажыратады: педагогикалық технологияларды меңгеру, түзету педагогикасы мен арнайы психологияның негіздерін білу, ақпараттық



дайындық, педагогикалық ойлаудың өзгермелілігі мен икемділігі, балалардың жеке айырмашылықтарын ескеру, кәсіби тәжірибе мен нәтиже көрінісі, кәсіби өзара әрекеттесуге дайын болу. Психологиялық дайындық құрылымында жеке көзқарастардан тұратын мотивациялық дайындық (мұғалімнің моральдық принциптері және инклюзияға қатысты күмән); дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларды эмоционалды қабылдау (қабылдау – қабылдамау); мұндай балаларды білім беру қызметіне қосуға дайын болу (қосу-оқшаулау) [3-5].

Біздің ойымызша, кәсіби және психологиялық компоненттерді тәуелсіз және балама ретінде бөлуге дайын құрылымда негізсіз. Кәсіби дайындық қазірдің өзінде құзыреттілік тәсілінің өкілдерімен дәлелденген психологиялық компоненттің болуын болжайды. Атап айтқанда, кез-келген кәсіби мәселені шешу психологиялық контекстен тыс мүмкін емес. Кәсіби дайындықтың психологиялық компоненті инклюзивті білім берудің мәнін түсіну, құндылықтарды қалыптастыру-мүмкіндігі шектеулі балалардың даму ерекшеліктері туралы білімде көрініс табады.

Инклюзивті білім беру процесін жобалау кезінде мұғалім қалыпты және бұзылған дамуы бар балаларды бірлесіп оқытуды ұйымдастырудың, есепке алудың оңтайлы тәсілдерін таңдау қажеттілігіне тап болады балалардың психологиялық ерекшеліктерін. Инклюзивті білім берудің барлық субъектілерінде сапалы өзара іс-қимылды орнатумен және құндылықтар-қатынастарды қалыптастырумен байланысты мәселені шешу маңызды және психологиялық тұрғыдан анықталған болып табылады. Мұғалімдердің түзету және дамыту ортасын құрудағы кәсіби дағдылары сонымен қатар психологиялық компоненттің болуын, оның ішінде мотивациялық дайындықты, дамудың әртүрлі бұзылулары бар құрдастарының жас нормасын балалардың эмоционалды қабылдауын, мұғалімнің осындай балаларды білім беру қызметіне қосуға дайындығын болжайды.

Соңғы жылдары болашақ педагогтарды (педагогикалық ЖОО білім алушыларын) инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа даярлау мәселесі өзекті бола түсуде.

И.Н. Хафизуллина диссертациялық зерттеуде инклюзивтік білім берудің болашақ педагогтерін даярлау оларда кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылатын және түйінді мазмұнды және функционалдық құзыреттіліктерді қамтитын "инклюзивтік құзыреттілікті" қалыптастыруды көздейді. Құрылымына автор мотивациялық, танымдық, рефлексиялық және операциялық компоненттерді қамтиды [6].

Педагогтарды олар үшін кәсіптік қызметтің жаңа саласына (инклюзивті білім беру) даярлаудың теориялық тәсілдерін талдау негізінде мынадай тұжырымдар жасаймыз:

1. Педагогика ғылымында әлі де педагогтарды даярлау проблемасына бірыңғай көзқарас қалыптасқан жоқ. Сонымен қатар, бұл проблема жеке-белсенді және аксиологиялық тәсілдер, сондай-ақ құзыреттілік тәсілдің теориялық негіздері аясында барынша толық және негізделген. Ескере отырып, мұғалімдердің бұл дайындығы жеке және мақсатты процесс және олардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың нәтижесі ретінде қарастырылуы керек.

2. Педагогтарды қызметтің жаңа саласына даярлау бірқатар кезеңдерді қамтиды, атап айтқанда: педагогикалық қызметтің кәсіби рефлексиясы, осы қызметтегі кәсіби өзгерістердің қажеттілігін түсіну және оларды жобалау, жобаланған өзгерістерді жүзеге асыру, нәтижелерді талдау және білім беру мен кәсіптік - педагогикалық қызметтің жаңа құндылықтарын қабылдау, сондай-ақ осы қызметті іс жүзінде жүзеге асыру.

3. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтарды жұмысқа даярлау:

- мақсаттардың, мазмұнның, ұйымдастыру технологиясының және осы компоненттердің біртұтас тұтастық ретінде жұмыс істеуінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінде көрінетін синкретикалық сипатқа ие болу;

- мотивациялық-құндылық, операциялық-белсенділік және рефлексивті-бағалау компоненттерін қосыңыз, өйткені олардың дайындық құрылымында болуы оның синкретикалық және тұтас сипатын қамтамасыз етеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Кукушкина О.И. Использование информационных технологий в различных областях специального образования. дисс.... док. пед. наук., - М., 2005. - 352 с.

2. Норкина Е.Н. Подготовка будущих педагогов-дефектологов к использованию компьютерных технологий обучения в профессиональной деятельности. дисс. канд. пед. наук, Йошкар-Ала. – 2012. – 194 с.

3. Трифонова Э.П. Использование информационно-компьютерных технологий в коррекционной работе по развитию познавательной сферы глухих школьников. Автореферат дисс. канд. пед. наук., - М., 2008. - 21 с.

4. Нестерова А. А., Максименко Ж.А. Российский подход к инклюзии: междисциплинарность, комплексность, партнерство // Сборник материалов III Международной научно-практической конференции. - М.: МГППУ, 2015. - С.69-74.

5. Ертанова О. Н. «Интеграция» и «инклюзия» в аспекте семантики // Инклюзивное образование: методология, практика, технологии: сборник материалов Международной научно-практической конференции. - М.: МГППУ, 2011. - С.17-18.

6. Назарова Н. М. Интегрированное (инклюзивное) образование: генезис и проблемы внедрения // Социальная педагогика. - 2010. - №1. - С.77-87.

ӘОЖ : 821.512.122-1

## ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ташкентбай А., Адилбекова А.

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі-ғ.м., аға оқытушы Мұса Н.Б.

Илияс Жансүгіров – қазақ жұртының құлай сүйген ең сүйікті перзенттерінің бірі, оның өр тұлғасы қайсар ақындықтың символы іспеттес. Ұлттық дүниетаным тұрғысынан «Құлагер» поэмасындағы І.Жансүгіровтің тілдік тұлғасы әр қырынан мән-маңызы ашып көрсетілді. Сондай-ақ І.Жансүгіров жалпыхалықтық тілдегі көріктеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора, метонимия) өзіндік сөз саптау мәнеріне елеп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып, жетілдіріп қолданғанына көз жеткіздік. Зерттеу нысаны ретінде тілдік тұлғаның эмоционалды-еріктік мінез-құлқын қарастырар болсақ, біз таным мен түсінік үдерістеріне тоқталамыз, сәйкесінше тұлғаның зияткерлік сипаттамалары басты орынға шығады. Тілдік тұлға деп тіл білімінде адамның сөйлеу туындыларын тудыруға және қабылдауға мүмкіндік беретін қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығын, шындықты бейнелеудегі тереңдігімен, дәлдігімен және құрылымдық-тілдік күрделілік дәрежесімен сипатталатын тілдік күзіреттілікті айтады, сондай-ақ тілдік тұлғаның зияткерлік сапасы ерекше ескеріледі.

«Құлагер» поэмасындағы Илиястың тілдік тұлғасындағы таным ерекшелігін, семантикалық ой-өрісін ұлттық санадағы шынайы, ақиқат дүниенің құндылықтарын таңбалайтын кейбір концептілерге талдау жасау арқылы когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттей отырып, адам мәніне терең бойлай аламыз.

Осы бағыттағы концепт мәні қазақ тіл білімінде Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Ш.Ниятова, А.Ислам, Э.Оразалиева, М.Күштаева, С.Жапақов, Ф.Қожахметова, Г.Әнуарбекқызы, З.Абрахметовна, Е.Қасенов т.б. зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді.

Мысалы: «тұлпар» концептісінің қолданысына тоқталайық:

Керейдің ас болған соң осы шалы,  
Ағылды алуан жүйрік қосылғалы.  
Жиынға ояз мінген бір арғымақ,  
Тыншымай мамағашта тұр қарғылап.  
Тұқымы тобылғыдай тор қасқаның,  
Алынған француздан англ-арап.

Халқымыздың танымында жеті қазынаның бірі саналатын, тіліміздегі лингвомәдени сипаты жоғары күшті кілт сөздер қатарына жататын бұл атау Илияс шығармаларында 30 рет жұмсалып, алуан түрлі концептілердің құрамына енеді. Түрліше тіркестерде мағыналық

қырлары көбейіп, мазмұны байи түскен аталмыш концепті Ілиястың когнитивтік санасында ерекше маңызды бейнеге айналады, тілдік санамызда жаңа тіркес «өрен жүйрік» қолданысы пайда болады[1]. Сөйтіп тілімізде бұрыннан бар «ер қанаты» саналатын «ат» эмбебап концептісі енді Ілияс жасаған «өрен жүйрік» тіркесі түрінде жаңа бірегей (уникалии) концептіге атау болады. Осы бір ғана қолданыстың өзі «өрен жүйрік» Ілиястың тарихымызда, әдебиетіміздің тарихында орны ерекше тұлға екенін білдіре алады.

Ақын өнерінің синкретті деуге мықты дәлел болатын «Құлагер» әні. «Құлагер» Ақанның жан айғағы ғана ма? Жан айғағы екені рас, тіпті жан азасы деуге де болады. Алайда, ондағы өнер аясы, тарихи шындық, адам өнер тағдыры сияқты тұтас дүние бір жанр ауқымына сыя ма? Бұл өнер дүниесі ретінде аса күрделі полотно. Сахараның мөлдір сұлулық кеңістігінен жарастық тапқан Құлагердей хас тұлпар, Ақандай өнер сұңқары қазақтың эстетикалық ой-өрісінің әлі сан суретші сабылатын асыл муза дарыған ғажайып бір көрінісі еді. Талантты талант түртеді дегендей, І. Жансүгіровтің телегей – теңіз сезімін оятқан да осы күдірет емес пе екен?

Көркем шығарма субъектінің ішкі рухани дүниесін танытады. Демек көркем мәтіннің өзі де дүниенің көркем бейнесін объективтендіреді. Б.С.Мейлах: «Дүниенің көркем бейнесі – кеңістік пен уақыт шеңберіндегі ақиқат дүниенің панорамалық көрінісі», - деп түсінеді. Дүниенің поэтикалық моделі автордың индивидуалды танымы мен оның санада бейнеленген бейнесі арқылы көрініс табады. Демек автор танымындағы дүние туралы концептілік жүйе – оның ақиқат болмысқа деген субъективті көзқарасы мен объективтік қатынасын танытатын құндылықтар жүйесінен құралады. Көркем бейнелер концептілік жүйе шеңберінде реттеледі[2]. Концептілік жүйенің құрылымы кеңейген сайын дүниенің концептілік бейнесі де кеңейе түседі. Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы, ішкі сезімі арқылы танылады. Мысалы уайым ұғымы жағымсыз мағынада танылатыны, оның «сары уайымға салыну, күйзелу, көңіл-күйі болмау» деп объективтенетіні белгілі.

«Құлагер» поэмасы 1936 жылдың қараша айында «Социалистік Қазақстан» газетінің бірнеше сандарында жарияланады. Бұл ақынның эпикалық жырларының ең соңғысы және поэзиясының ең биік шыңы.

Сол газет нұсқасы бойынша пікір айтқан әдебиетші, сыншылардың сын-ескертпелерін ескере отырып, автордың поэманың соңғы нұсқасын кітап етіп шығаруға әзірлегені жөнінде М. Қаратаев былай дейді: «Ілияс Жансүгіровтің жазушылық қызметі 1937 жылы үзіліс тапты. Үзіліс алдында оның жазып үлгіргені – «Құлагер» поэмасын кітап етіп шығаруға әзірлеген толық, кемелді нұсқасы еді. Газет нұсқасы бойынша әдебиет ортасы поэмаға дән ризалығын білдірумен бірге, жақсара түсу үшін, бірқатар ақыл-кеңес айтқан болатын. Ілияс соның бәрін ескеріп, бірнеше ай бойы өңдеп, жөндеп, толыққан нұсқасын баспаға ұсынған кезде бұл нұсқа жарық көрмей қалды да, қолдан шығып кетті. Қазір жарияланып жүргені газет нұсқасы». Зерттеушінің атап көрсеткеніндей, «Құлагер» поэмасының толыққанды, кемелденген соңғы нұсқасы қолға түспей жүр.

Поэмаға арқау болған оқиға – тараудың басындағы тұсында сері болсын, пері болсын, өмірімен ұнаған Ақан және тұлпар ат Құлагер.

«Күйші» поэмасындағыдай, бұл поэмада да Ақан өмір сүрген заманға, қоғамға деген ақынның авторлық тенденциясы айқын. Поэманың толғану атты кіріспесінде-ақ Ілияс Жансүгіров Ақан сері өмір сүрген феодалдық заманға өз көзқарасын толық білдіріп өтеді:

“Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,

Көңілі судай тасып, оттай маздап.

Ескі күні елім көрген енді ойласам,

Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ”.

Негізгі мақсаты – ескі өмір мен бүгінгі ұрпақты таныстыра отырып, сол шірік заманға өз замандастарының ыза, кегін өршіте түсу. Осылай толғана отырған ақын халқының ескі тарихын, тұтастай қаралап, мансұқтамайды да. Қанайшылар билеген сол қара түнек заманда еңбекші халық жасаған рухани асыл қазынаға да үңіледі.

Сырттай қарағанда, поэманың негізгі сюжеті Ақан серінің бір әніне ғана құралған сияқты. Ал, мұқият қарағанда, поэманың идеялық шеңбері одан да кеңірек. Сол бір уақиғаның керегесін кеңіте отырып, ақын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан

трагедиясы Ақан сияқты мыңдардың трагедиясы екенін жинақтап танытады[3]. Ақан өмірін жырлай отырып, сол бүкіл феодалдық заманның зұлымдығын, ірік-шірігін әшкерелей түскен. Поэманың идеялық түйіні, міне, осында.

Мәселен, поэма сюжеті экспозициясы болып есептелетін «Ас» тарауын алайық. Ақан серінің трагедиясына себеп болған аты шулы Құлагер оқиғасы осы Сағынайдың асы үстінде өтеді. Ал, сол асты терең суреттей отырып, ақын әрі сол тұстағы әр түрлі әлеуметтік топтардың өмірін көзге елестетсе, әрі сол заманның әлеуметтік сыр-сипаты жайлы түйінді-түйінді пікір түйеді. Осы асқа тұлпарын мініп, Ақан да келеді. Ойы –Құлагерді бәйгеге қосу. Құлагерді алғаш рет көрген жұрт: «Бітімі ойқы-шойқы, салпы ерін, салбыр тірсек екен, жазық бауыр, сыйыр сүйек, ұзын тұрық екен, бұл ешқандай бәйге ала алмайды, бұған мініп қоян атса, қойшыға мінгізсе жарасар, ең дауасы – семіріп соғымға сою ғой» — десіп даурығады. Тұлпардың мықты тегін тек Күреңбай сыншы ғана танып «Бабында екен, бағы осы аста ашылар» деп баға береді.

Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – сюжетті поэма. Поэма сюжетін құрайтын оқиғалар асты бейнелеген тарауларда ат жарысын, Құлагердің мерт болуын, сонымен байланысты Ақанның қайғы-шерге көмілуін суреттеген тарауларда баяндалған. Өзге поэмаларға қарағанда, бұл поэманың сюжеттік-композициялық бітімінде өзгешелікте бар екені рас. Мәселен, оқиғаны басынан бастамай, аяғынан алып қарасақ та жеткілікті. «Туған жер» атты басқы тарауда ақын Көкшетауда жападан-жалғыз қайыңды көлеңкелеп отырған қара шалды, оның үстінде ілулі тұрған аттың қу басын әңгімелейді [4]. Міне, осы әңгіме-жұмбақтың сырын айтпақ боп ақын шегініс жасайды. Бүкіл оқиғаны сол шегініс арқылы береді де, «Аттың азалы әні» деген соңғы тарауда баяғы алдыңғы тараудағы қара шал мен аттың қу басына қайта оралады. Поэма сюжетін құрудағы бұл қаусырмалы композицияны ақын шебер де ұтқыр пайдаланады.

Поэманың бас қаһарманы – Ақан сері Қорамсаұлы. Осы бас кейіпкер өмірін бейнелеген поэма жанрының шеңберінен аспай, осы жанрдың адам образын мүсіндеудегі көркемдік мүмкіншілігін белгілі дәрежеде ұтымды пайдаланғанын көреміз. Ол ең алдымен оқырман қауымды Ақан серімен біраз таныстырып өтеді. Бұл ретте ақын Ақан серіге кең көлемде мінездеме беріп кетеді. Сол мінездеме арқылы Ақан серінің ұнамды тұлғасы анықтала бастайды.

Поэмадағы ақынның авторлық мінездемесіне қарағанда: Ақан билік айтқан ел жуаны би емес, «ауыл торып, ел шулатқан ұры» емес, «мешіт салып, зекет алып, дүниенің нәжісін бойға жаққан молда» емес, тіпті, байдың жалшысы да емес, өз малын баққан қарапайым шаруа да емес. Поэманы оқып отырған оқырманның осы тұста заңды сұрағы туатыны аян. Ақан енді кім? Бұған жауап ақынның Ақанға берген мына сипаттамасынан табылады:

“Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,  
Өмірді өткізген жан өз қрқынмен.  
Өмірдің ащы емес, тұщысын да  
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкімен.  
Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,  
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.  
Қызықтың айдынына құлаш ұрып,  
Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген...  
Кісі емескөп қатынды үйірлеген,  
Болған жоқ бір пендеге тию деген.  
Текті құс тазалықты қолына ұстап,  
Арманы-ақ сұлулықты сую деген”.

Міне, осылайша ақын Ақан серінің халық ішінен шыққан көркемөнердің көрнекті өкілі – асқан өнерпаз ретінде көрсетеді.

Поэмадағы Ақан сері образын сөз еткенде Құлагерді айту аса қажет. Ақынның Құлагерді суреттеуі және оның қадір-қасиеттерін баяндауы бас кейіпкер бейнесін тұлғаландырып тұр. Ақан серінің Құлагері туралы және сол Құлагердің өкінішті қазасы жайлы шығарған әнінің хикаясы жөнінде ақынның поэма жазуы – қазақ поэмасының тақырыптық-мазмұндық арнасындағы ұлттық ерекшелікті де аңғартады. Атқа байланысты оқиға жайлы арнайы поэма жазуы ақынның өз халқының ежелден келе жатқан ұлттық психологиясымен тығыз байланысын танытады.

Ілияс Жансүгіров ауыз әдебиетіндегі, жазба әдебиеттегі дәстүрді тек қана жалғастырып қойған жоқ, өзінше өрістетті. Мәселен, Ілияс суреттеген Құлагердің Қобыландының Тайбурылынан, Алпамыстың Бйшұбарынан, Қамбардың қара қасқасынан, Төлегеннің Көкжорғасынан өзгешелігі бар. Ауыз әдебиетіндегі аттар әсірелеу арқылы берілсе, Ілияс Құлагерді әсірелемейді де, кейіптеп суреттемейді.

Құлагер – Ақан серінің сұлулығы, идеалы. Оның түсінігінде ондай тұлпар енді келмесі анық. Сол тұлпармен жүрек түкпіріне ұялаған әсемдік, көркемдік бәрі жоғалған. Оның бұрынғыдай ән айтуы да, ел арасында жайраңдап жүруі де екі талай. Құлагерге жұмсалған айбалта, Ақанның өзіне тиген, ол енді тірі өлік [5].

Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұрасын жан-жақты, терең зерттеп, игеру – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған елеулі міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда, оның поэзия, драматургия, прозалық жанрда жазылған шығармалары туралы бұл жұмысымыз соған жауап ретінде ұсынылып отыр. Қаламгер мұрасын зерттеу ісіне бұл еңбектің қаншалықты септігі тиетініне жаңа өмір, жаңа құбылыс куә болатыны хақ.

Мақала жазу барысында алдымызға қойылған мақсаттарға жеттік деп ойлаймыз, ал ақын «Құлагер» поэмасындағы І.Жансүгіровтің тілдік тұлғасы бұдан әрі зерттеу уақыт еншісіндегі жұмыс деп санаймыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Иманғазин М. «Ілияс Жансүгіров» А., 2004.
2. Қаратаев М. «І.Жансүгіров» А., 1961.
3. Жұмалиев Қ. //Ілиястың әдеби тіліміздегі орны мен өзіне тән ерекшеліктері / І.Жансүгіров. Шығармалар. 1 т..А.,1960.
4. Дәуітұлы С. //Тұлпар ақын Ілияс Жансүгіров/ Құлагер. А.,1999.
5. Жұбанов Қ. «Қазақ тіл білімі жөніндегі зерттеулер» А., 1966.

ӘОЖ:37.035.461

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМНІҢ СЫНЫПТАН ТЫС ОҚИТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ**

2 курс білім алушысы **Ташкентбай А.Е.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекшісі: – магистр, оқытушы **Тамабай Ә.М.**

Қазіргі кезеңде бастауыш мектептің тәрбие жұмысын қайта қарау, қоғамның дамуының жаңа жағдайларына сәйкес оның мақсат, міндеттерін түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Бастауыш сыныптарда оқыта отырып тәрбиелеу принципін, тәрбиелей отырып оқыту принципімен алмастыру қажет. Мектептегі мұғалімнің орны мен рөлі қайта қаралып, Л.В.Выготскийдің «...мұғалім әлеуметтік-тәрбиелік ортаны ұйымдастырушы, әр оқушымен қарым-қатынасты ретке келтіруші және бақылаушы» деген анықтамасын басты назарға алуымыз керек [1].

Мұғалім – адамды қалыптастыратын, адамды адам етіп тәрбиелейтін адам иесі. Тәрбие деген аталы ұғымның пайдалы болғанынан бері бұл қызметтің ең беделді, әрі білгір адамдарға тапсырылатыны сондықтан. Осыған орай мұғалім-тәрбиешілердің еңбегіне қоғамда зор мән берілген.

Сонымен, бүгінгі таңда толғағы жеткен көптеген педагогикалық әлеуметтік проблемалар мұғалімнің ой-санасының жаңаруымен, жаңа міндеттерді айқын түсінуімен, педагогтардың белсенділігі мен шығармашылық қатынастарымен шешіледі.

Ал мұғалім мәдениеттің қайнар көзі, әдебиет пен өнер шығармаларының жаршысы. Сондықтан қандай мұғалім болашақтың мүсіншісі бола алады деген сұрақ туатыны заңды. Қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктің бірі – жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды күшейту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматын, еңбеккелерін және Отанды қорғаушысын тәрбиелеп шығару [2].

Сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асырылатын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, қоршаған ортаға қызығушылығын ояту, қоғамдық белсенділігін шыңдау, бос уақытын ұйымдастыруды көздейді.

Мұғалім оқушыларды сабақтан тыс уақытта қарым-қатынас жасауға, әртүрлі жағдайда баланы зерттеп, ол туралы мәлімет жинауға мүмкіндік алады.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын маңызды талаптардың бірі - оқушылардың қолынан келерліктей, шамасы жетерліктей мәселелердің қойылуы. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай келмеген жағдайда сабақтан тыс жұмыстар қажетті нәтиже бере алмайды. Оқушылар үшін қызықты болмай, оларды еліктірмейтін жағдайға ұшырайды. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының қолынан келерліктей, өздерінің қатысуын еркін қамтамасыз етерліктей жұмыс түрлері қамтылады. Бұл сыныптардағы үйірмелік және бұқаралық жұмыстарда әртүрлі ойындар мен ермектер, романтика элементтері үлкен орын алады. Мұнда қарапайым қол жұмысымен айналысу, сыныппен немесе бастауыш сынып оқушыларының топтарымен жүргізілетін жалпылама жұмыс формалары басым болады.

Сыныптан тыс жұмыс мазмұнының, ұйымдастыру формалары мен өткізу әдістерінің оқушылардың даму деңгейіне сәйкес келуі – педагогикалық талаптардың бірі. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі – олардың алуан түрлі және жаңарып отыруы. Бастауыш сынып оқушыларының бір сарынды, біркелкілік пен жалықтыратын іске төзбейтіні белгілі. Олар бірсарынды жұмыстарды орындауда ынта көрсетпейді, оларға қызықпайды, назар аудармай тәртіп бұзуы да мүмкін. Оқушылардың үйірме сабақтарына, ертеңгіліктерге, конференцияларға ықыласпен қатысуын, белсенділігін арттыру және тартымды болуы үшін алуан түрлілік, жаңалық болуы керек [3].

Жалпы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімінен көп жауапкершілік талап етіледі. Мұғалімнің жұмысы нәтижесінде сынып оқушылары топпен қарым-қатынасқа тәрбиеленеді. Оқушылар ұжымын ұйымдастыру мен тәрбиелеу, оларды сыныптан тыс тәрбиелік іс-әрекеттің әр алуан түріне тарту арқылы мұғалім патриоттық тәрбие береді. Оның назары, әрине, сыныптағы оқу жұмысын ұйымдастыру, білім сапасын арттыру мәселелеріне де ауып отырады. Бірақ оларды шешуге, ең алдымен тәрбиеші ретінде қарайды және бұл үшін тәрбиенің әртүрлі формалары мен әдістерін пайдаланады.

Мектеп практикасында сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына тек белсенді оқушыларды тарту әдетке айналуы кемшіліктердің бірі болып келеді. Неғұрлым қиын балаларды қызықты тәрбие сағаттарына тарту – олардың дұрыс өмір жолына түсуіне, ұжымдық іс-әрекетке қатысу ынтасының тууына ықпалын тигізеді. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың бұқаралық сипатта немесе жаппай оқушыларды қамту тұрғысында жүргізілуі басты ерекшелік болуы тиіс. Бірақ сыныптан тыс тәрбие жұмысының топпен және жеке оқушылармен ұйымдастырылатын түрлері бірін-бірі толықтыра түседі [4].

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың ынталы болуына және әр нәрсені біліп алу құмарлық сезімін оятуға көмектеседі, балалардың әржақты қабілеттілігі мен шығармашылық күшін дамытады және де алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге септігін тигізеді. Балалардың игілікті әрекеттері мен инициативасын кең түрде көрсету негізінде ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыс - балалар ұжымының бірлесуіне, оқушылардың саяси-қоғамдық белсенділігінің дамуына оларды шамасы келгенше қоғамдық өмірге қатыстыруға қызмет етеді.

Сыныптан тыс жұмыстар балалардың әр салаға байланысты ой-өрістерін жетілдіреді. Бірігіп атқарылатын жұмыстарға балалар клубы, мектеп көрмесі жатады. Кең тараған түрі мектептік көрме. Олар тарихи, аудандық, тарихи-әдебиеті, табиғи болуы мүмкін. Мұнда атқарылатын жұмыс материалдар жинақтаумен байланысты. Ол үшін экспедиция, экскурсия жұмыстары жүргізіледі. Бүкіл мұражайдағы материалдарды баланың ой-өрісін дамыту үшін сабақта қолдануға болады.

Байқаулар, олимпиадалар, көрмелер баланың белсенділігін дамытады. Осы байқауларға байланысты көрмелер, шығармалар ұйымдастырылады. Мектеп олимпиадасы оқу пәніне байланысты құрылады. Олардың мақсаты-балалардың бәрін қызықтыру шебер дарындыларын іріктеп алу.

Педагогикалық энциклопедияда «мектептегі тәрбие жұмысының барлығы сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылып, сыныптан тыс тәрбие жұмысы» деп аталады.

Бүгінгі таңда тәрбие жұмыстары оқушы тұлғасын тәрбие субъектісіне айналдырып, педагогикалық талаптарды орынды, белсенді қабылдап, өзінің сапалық қасиеттерін жетілдіру мақсатын көздейді. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын үйірмелер және тәрбие жұмыстарында балалардың өз бетімен жұмыс істеуіне кең мүмкіндіктер жасалады. Өздігімен басқаруға және дербестікті дамытумен үйлестірілуімен ерекшеленеді.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., Педагогика, 1991. – 472 с.
2. Болдырев. Н.И. Методика работы классного руководителя: учеб. пособие по спецкурсу для студ. Пед. Институтов. –М., Просвещение, 1984. -180 с.
3. Садықова М.Қ. Қазақстан мектептерінде оқушылармен жүргізілген сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының дамуы (1940-1960). Пед. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2002. - 125 б.
4. Кыркалов В.А., Шпитальник П.Э. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу Алматы, //Мектеп. 1975. -172 б.

ӘОЖ 371.13

### Ұстаз болғым келеді

Төленбай Г., Тұрсынбай М., Есжанова Г.Д.  
Ж.Ташенев университеті, Шымкент  
Ғылыми жетекші: Есжанова Г.Д.

*Резюме: «Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, — он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он — совершенный учитель.»*

*Лев Толстой (1828 — 1910)*

*Summary: «If a teacher has only love for the cause, he will be a good teacher. If a teacher has only love for a student, like a father, a mother, he will be better than the teacher who has read all the books, but has no love either for the cause or for the students. If a teacher combines love for work and for students, he is a perfect teacher»*

*Leo Tolstoy*

Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді және адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Барлық адам асқақ арман мен биік мақсатқа ие. Әрбірінің өз бағыты, арман қылған бағындырар биігі болады. Ал биік шың адамға оңайлықпен беріспесі анық.Кемеңгер дана Абай атамның «Сенде бір кірпіш дүниеге, тетігін тапта, бар қалан»,-деген қасиетті сөзі өз мақсатына жету үшін біздерге зор мүмкіндіктерге жол ашады. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын бала болмайды. Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Бір кездері мен де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, қиялдап, өзім қалайтын, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы бір сұрақтың жауабында таптым.Осы сұрақтың жауабы ұстаздық сала еді. Ұстаз- ең алдымен, оқушы үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші психолог екені сөзсіз [1,240].

Ұстаз әрқашан шәкірттеріне бүгінгі алған білімінің ертеңгі күні қажеттілігіен сездіре алатындай қасиеті бар, мектеп табалдырығын аттаған әрбір жас өреннің болашақтағы

көздеген мақсаттарына қол жеткізуіне бағыт бере алатын үлкен тұлға. Осы бір биік тұлғаны көз алдыма елестете отырып ұзақ ойландым. Расында Ұстаз жан-жақты түсінігі мол, қандай істі болса да тез шешіп, тұжырымдай алатын, ұшқыр ойлы, көреген, батыл һәм шешен болуы керек. Ұстаз шындық пен әділдіктің қажымас жақтаушысы, қайратты күрескері болуы тиіс. Қай кезеңде де ұстаздықты ұлы мамандық деп санаған. Ұстазға ақ тәж киген патша да, ақ киізге көтерген хан да бас иіп, тағзым еткен. Батыстағы Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби, ал күллі Шығыс әлемін өзінің данышпандылығымен таңғалдырған «Шығыс ұстазы» атанған Сыма Цян сияқты әлемдегі ұстаздықтың ұлы үлгісін көрсеткен тұлғалар аз емес [2,243].

Мен таңдаған мамандық-әр баланың болашағына жол сілтеп, бойына ақыл мен білім дарытатын, қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылым жемісінің дәмін таттыратын Ұстаз мамандығы. Ұлағатты ұстаз болу, жас ұрпақты білім нәрімен сусындату, өз білгенімді өзгеге үйрету ол менің жүрек қалауым. Ел қорғаған батырды, ақыл ойы терең данышпанда, он саусағынан өнер тамған шебер де, тілінен бал тамған ақында ұстаздан тәрбие алады. Мен де Қазақстанды дамытатын ақылына көркі сай ертеңгі елді болашағы болатын жас мамандарды даярлап шығарып, оларға білім бергім келеді. Мамандық таңдаудың маңызды талаптарының бірі - сен таңдаған мамандықтың қоғамға қажеттілігі [3,2].

Мен таңдаған мамандық-әр баланың болашағына жол сілтеп, бойына ақыл мен білім дарытатын, қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылым жемісінің дәмін таттыратын Ұстаз мамандығы. Ұлағатты ұстаз болу, жас ұрпақты білім нәрімен сусындату, өз білгенімді өзгеге үйрету ол менің жүрек қалауым. Ел қорғаған батырды, ақыл ойы терең данышпанда, он саусағынан өнер тамған шебер де, тілінен бал тамған ақында ұстаздан тәрбие алады. Мен де Қазақстанды дамытатын ақылына көркі сай ертеңгі елді болашағы болатын жас мамандарды даярлап шығарып, оларға білім бергім келеді. Мамандық таңдаудың маңызды талаптарының бірі - сен таңдаған мамандықтың қоғамға қажеттілігі.

Мен таңдаған мамандық шетел тілі: екі шетел тілі. Ағылшын тілі және араб тілін сүйіп оқимын. Өз мамандығымды мақтан тұтамын. Қазірде 4 курс студентімін, болашақта жақсы маман болатыныма сенімдімін. Ұстаздарымның берген білім және тәрбиесіне сүйене отырып, балаларға жақсы білім беріп олардың жақсы мамандық иесі болуларына өз үлесімді қосамын.

Сондықтан икемі, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу, өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын ойлау, мұндай еңбектен шабыт туатыны, ол өнімді еңбекке ұласып, табыс әкелетінін білу керек.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ «Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі — жар таңдағанда, екіншісі — мамандық таңдағанда» деп бекер айтпаса керек.

«Мамандық» сөзі латын сөзінен шыққан, «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген. Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі — маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі — еңбегіңізге ақының төлені қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі "осы заманғы білім беру, парасатты экономиканың негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды пайдалану



мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын, инновациялық экономиканы дамыту", -деп көрсеткен. Қазақстан Республикасының болашағы, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметіндегі басымдықтары мен ұлттық мүдделерінің жүзеге асырылуы, халықаралық аренадағы беделінің өсуі, ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі, мемлекет алдындағы жоғарғы азаматтық жауапкершілікке ие мамандарға байланысты [4,38].

«...Арман кудың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт...».

#### **Әдебиеттер:**

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2019.- 240 б.
2. Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей - Алматы, 2019. - 243 с.
3. Егемен Қазақстан/ ҚР «Білім туралы» заңы, 27 шілде, 2017 -2
4. Рувинский Л.Н. Мамандыққа кіріспе. Алматы. 2021-38с

ӘОЖ 372.87

### **ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК «МЕНІНІҢ» ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түймебай Т.Ж.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші –п.ғ.д. проф.**Жиенбаева О.Б.**

Әлемдік қоғамдастықтың қазіргі білім беру саясатында дарындылықты анықтауға және қолдауға қызығушылық артып келеді, әсіресе оның қарқынды көрінісі мен дамуы кезеңінде. Дарындылық адамның жоғары жетістіктерін анықтайды, оның психикалық дамуының мақсаты болып табылады. Дарынды адамдар – бұл ұлттық мақтаныш қана емес, сонымен бірге мемлекеттің өзіндік стратегиялық ресурсы. Бұл құбылыстың зерттеушілері мектептегі оқу кезеңінде жеке тұлғаның дарындылығын зерттеудің маңыздылығы мен негізділігін анықтайды. Ғылыми назардың назарында оқушылардың қабілеттерін анықтау әдістері ғана емес, сонымен бірге адамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сақтау және дамыту шарттары да бар. И.В.Вачков «қандай да бір психологиялық проблемалардың салдарынан өз әлеуетін іске асыра алмаған дарынды оқушыны жоғалған қазынамен» бейнелі түрде салыстырады [1].

Дарынды жастардың «Мен» концепциясы құрылымында жағымды өзін-өзі имиджін қалыптастыруға толық негіз бар: интеллектінің жоғары деңгейі, адамгершілік-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыруды анықтайтын ерекше тұлғалық қасиеттер, өзінің «Менін» ашу үшін интроспекция қажеттілігінің артуы. Бірақ екінші жағынан, психикалық дамудың диссинхрониясы, барлық бірдей жеке қасиеттер дарынды ұлдар мен қыздардың ішкі қайшылықтарына жауап ретінде сыртқы көріністерін басқалардың қабылдамауын тудырады, қарым-қатынаста қиындықтар тудырады. Танымдық компоненттің басқа компоненттерімен тығыз байланысты және өзіндік бейнелерді қалыптастыруға әсер ететін жоғары интеллект те жақын ортада жиі қабылданбайды және сергектік тудырады. Сонымен қатар, біздің әлеуметтік-экономикалық жағдайларымызда жоғары интеллекттің болуы оқуда бірқатар қиындықтарды тудырады.

Когнитивтік компоненттің ерекшеліктері оқушылардың мен-концепциясының эмоционалдық компонентінің қалыптасуына әсер етеді және өзін-өзі бағалау ерекшеліктерінен көрінеді.

Айта кету керек, өзін-өзі үнемі жоғары бағалау, бір жағынан, дарынды жоғары сынып оқушысына тән қасиет. Екінші жағынан, оның нақты өзін-өзі бағалауы ауытқуы мүмкін. Дәл осы өзін-өзі бағалаудың сәйкессіздігі оның тұлғасы мен қабілетінің прогрессивті дамуының шарты болып табылады. Демек, дарынды оқушыны ынталандыру стратегиясы өте ұстамды болуы керек - сіз оны үнемі мақтай алмайсыз.

Е.Ю. Лукаш мазасыздықты шығармашылық дарынды адамдардағы әлеуметтік бейімделудің бір бөлігі деп санайды. Ол М.Ксикзентмихалының шығармашылық процесінің теориялық моделін қарастырады, оған сәйкес «адамды сансыз мүмкіндіктер қоршап алған кезде және ол оларды пайдалана алмай, өзіне қысым жасауды сезінгенде» [2], мазасыздану жағдайы пайда болады. Дегенмен, автор адекватты мазасыздық шығармашылық процесте ынталандыру бола алатынын көрсетеді.

Егер мазасыздық адекватты емес, шамадан тыс болса, онда ол шығармашылық процестің дамуына және өзін-өзі жүзеге асыруға кедергі жасайды. Дарынды жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істегенде адекватты емес мазасыздықтың салдарын ескеру керек, өйткені өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі анықтау мәселелері олар үшін ерекше өзекті.

Олай болса, дарынды жастардың өзіндік концепциясының когнитивтік-эмоционалдық құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерін талдай келе, олардың өмірдегі дарынды оқушылардың нақты іс-әрекетіне қандай әсер ететінін қарастырайық. Мұндай оқушылардың жас және интеллектуалдық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жеке және эмоционалдық қасиеттерін де ұмытпайық.

Э. Текекс былай деп атап көрсетті: «Балаларды, оның ішінде дарынды балаларды тәрбиелеуде олардың көптеген кемшіліктері олардың ізгі қасиеттерінде жатыр деген мағынада ортақ көп нәрсе бар. Бірақ дарынды балалардың қабілеті жоғары болғандықтан, олардың кемшіліктері өте тітіркендіргіш болуы мүмкін. Бақытымызға орай, мұндай балалар мінез-құлықтың жағымсыз үлгілерін талдауды жақсы қабылдайды». Бұл жағымсыз мінез-құлық дегеніміз не, олар қалай көрінеді және олардың себептері қандай? Қ.Текекс дарынды жастардың нақты іс-әрекетінде көрінетін бірнеше ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1. Әңгімелесушінің сөзін бөлуге ұмтылу. Ондай оқушылар жаңа бірдеңе айтылса да, ойды бірден ұғады және өз түсінігін көрсетуге ұмтылады. Дарынды жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттері көбінесе қарым-қатынас заңдылықтарын түсінуден әлдеқайда озып кетеді.

2. Өзгелерді түзету әдеті. Мұнда дарынды тұлғалардың эгоцентрилігі мұндай әдеттің триггер механизміне әсер етеді. Дарынды жас қашанда дұрыс болуға ұмтылады, қателесу оған азап. Бірақ олар басқаларға бұл ауыр жағдайды болдырмауға көмектесуге дайын. Құрбыларының бірі қателесе, бірден көмекке асығады.

3. Басқаларды келемеждеу, келеке ету. Бұл мәселенің тамыры дарынды оқушылардың асқан сезімталдығында да, мәнді сөйлеу шеберлігінде де жатыр. Әділдік, мейірімділік, мейірімділік туралы интеллектуалды қабылдау белгілі бір өмірде қолданысын таппайды. Сонымен қатар, келемеждеу, мысқылдау – өз «Менін» сақтау үшін басқаларға билік етудің бір түрі.

Дарынды оқушылардың өзіндік концепциясының мінез-құлық компоненті мәселесіне, біздің ойымызша, невроздардың пайда болу мәселесін де қамту керек, өйткені олар белгілі бір мінез-құлық реакцияларында көрінеді. Сондықтан бұл оқушылардың «тәуекел тобына» жатқызады. Психикалық дамудың диссинхрониясы, сыныптастармен қақтығыстар, өзін-өзі танудың деформациясы, эмоционалдық сфераның көріністерін басу, ата-аналар мен мұғалімдердің талаптарының жоғары деңгейі, олардың жоғары бағаға деген берік көзқарасы - бұл невротикалық бұзылулардың негізгі себептері.

Е.А. Курилович дарынды жасөспірімдер мен жас жігіттердің мектептегі невротикалық бұзылыстарының бірнеше топтарын ажыратады:

1. Қорқыныш неврозы. Ата-аналардың талаптарының деңгейі мен оқушының нақты мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік невропатиялық реакцияға әкеледі. Мектептегі қорқыныш, үйдегі қорқыныш, нәтижесінде - ауыр невроз.

2. Енжарлық неврозы. «Елсіздік сауыты» ата-аналар мен мұғалімдердің жоғары деңгейдегі талаптарын, олардың сөгістері мен айыптауларынан қорғайды.

3. Агрессияның неврозы. Оқушы өзінің қиын көңіл-күйін үлкендердің ескертуіне адекватты емес жауап беру арқылы білдіреді: құрдастарымен агрессивті мінез-құлық, есікті тарс жабу, дауысын көтеру. Мұндай мінез-құлық азғындықтың немесе ата-ананың нашар тәрбиесінің дәлелі емес. Кейде бұл невроз, сонымен қатар ауыр болуы мүмкін [3].

Невроздардың пайда болуына ықпал ететін барлық себептер дарынды жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру процесімен тығыз байланысты психологиялық қорғанысты қолданады. Қорғаныс механизмдерін қолданудың маңызды мақсаттарының бірі жүйке-психикалық шиеленісті азайту және жеке тұлғаның өзіндік тұжырымдамасын тұрақтандыру болып табылады. А.М. Богомолов, А.Г. Портнова патологиялық және қалыпты психологиялық қорғанысты ажырату ұсынылады. Қорғаныс механизмдерінің қалыпты жұмыс істеуі әлемнің реттелген суретінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, ол шындық принципіне барынша сәйкес келеді. Алайда эмоционалдық шиеленіс шектен тыс ауырлық дәрежесіне жетсе, соның салдарынан кейбір механизмдер шамадан тыс пайдаланылса немесе онымен «төзе алмаса», әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның әртүрлі формаларына әкелетін сарқылу кезеңі басталады. Шамамен, невроз және депрессия белгілері бар дарынды ұлдар мен қыздарда патологиялық психологиялық қорғаныстың көрінісі туралы айтуға болады. Бейімделу процесіне мұндай жастарда психологиялық қорғауды қарқынды енгізу ақпаратты адекватты қабылдауды және мақсатты әлеуметтік мінез-құлықты реттеуді бұзады, бұл жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау мәселелерін шешуді айтарлықтай қиындатады. А.М. Богомолов, А.Г. Портнова «Психологиялық қорғаныс қызметінің қарқындылығы мен оның белсенді қалыптасу кезеңіндегі тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру процесі кері байланысқа ие» фактісіне тоқталады [4]. Дарынды жоғары сынып оқушыларының қорғаныс механизмдерінің басымдылығы және олардың ауырлығының жоғары деңгейі олардың «бөтен адам» ретінде әлеуметтену процесін бұрмалайды, коммуникативті стильдің қалыптасуына теріс әсер етіп, жақын ортамен сансыз қақтығыстарды тудырады.


Дарынды жоғары сынып оқушыларының іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігіне қысқаша тоқталғымыз келеді, ол тұлғаның мотивациялық сферасына байланысты. Тұлға – бұл, ең алдымен, белгілі бір үстемдік мотивтер жүйесі, иерархия, басым, бағытта көрсетілген. Соңғысы жеке тұлғаның позициясының белсенділігін анықтайды.

Дегенмен, тұлғаның диалектикасы бұл доминанттың абсолютті еместігінде жатыр. Басқа мотивтерге үстемдік ете отырып, ол сонымен бірге олармен шартталған, үйренген моральдық нормалармен, мәдениет элементтерімен, мінез-құлық принциптерімен, өзін-өзі бағалаумен байланысты мотивтермен теңгеріледі. Осындай «жеке шартты» доминанта ғана адамның қалыпты өмірінің негізін құра алады. Атап айтқанда, В.Е.Чудновский, В.С. Юркевич былай деп жазды: «мотивациялық доминант абсолютті монархтың үстемдігіне, диктатордың бөлінбейтін билігіне ұқсамауы керек. Керісінше, ол парламенттің шеңберімен және халықтың демократиялық еркінен шектелген президент билігіне ұқсауы керек. Кез келген біржақтылық, доминантты шектен тыс күшейту тұлғаның жағымсыз дамуына серпін бере алады». Дарынды ұлдар мен қыздарда бір доминанттың басым болуы жиі байқалады. Кейбіреулер объективті әрекеттерге шоғырлана отырып, сынып пен мектептің әлеуметтік өмірінен толығымен қоршалады, ал басқалары сыныптағы беделін жоғалтып алудан қорқып, барлық күш-жігерін өзін-өзі бекіту әрекеттеріне жұмсайды, осылайша өздерінің қабілеттерін ашу процесін шектейді және кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндігі төмендейді. Ата-аналар мен мұғалімдер дарынды оқушыға екпін қоюға көмектесіп, мотивациялық доминантты басқа мотивтердің пайдасына әлсірету шараларын қабылдауы керек.

Дарынды оқушылардың Мен-концепциясының көріну ерекшеліктерін талдауды қорытындылай келе, дарынды орта мектеп оқушысының өзін-өзі деформациялау белгілері бар бейнесін нақтырақ елестету үшін нақты мысалға жүгінгіміз келеді. О.Г. Рафальчук жас ерекшеліктеріне байланысты дарындылық мәселелерін зерттей отырып, дарынды жоғары сынып оқушыларының біріне психологиялық сипаттама береді: «Оқушының психологиялық

ерекшеліктері (сенсорлық қабылдаудың кейбір толық еместігі, сөздік талдаудың жетекші рөлі, абстрактілілікке бейімділік) дарынды балалардың мәселелерін зерттеудің өзектілігін растайтын өзіндік жеке қасиеттермен толықтырылады. Дүниеге аса сезімталдық, сыншылдық, сарказм, өзгенің кемшілігін қабылдай алмау, кешіре білу, «өзгені» түсіне алмау – осының бәрі қатарластарының қоғамында өзін жалғыз сезінетін дарынды балалардың жарқын мінездері. Тұлғааралық қарым-қатынас проблемалары, өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы сөзсіз адамның өз қабілеттерін жүзеге асыра алмауына әкеледі және әлемге мәңгілік қанағаттанбау өзін-өзі жүзеге асыру үшін басқа өмір сүру кеңістігін іздеуге (басқа елге кету арманы) итермелейді. Пікірлердің жетілмегендігі, құндылық бағдарларының жоқтығы, дүниеге біртұтас көзқарас өмір жолын дұрыс таңдамаудың себебі, тұлғаның өсуіне кедергі болуы мүмкін» [69].

«Мен-концепциясы» тұтас тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның қалыптасуына төмендегі факторлар әсер етеді (сурет 1).



Сурет 1 – «Мен-концепциясына» әсер ететін факторлар

Дегенмен, дарынды оқушылардың (сонымен қатар басқа жас санатындағы дарынды балалар) айтарлықтай үлкен пайызы «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруда белгілі бір психологиялық кедергілерге тап болады, ал олардың жеке өзін-өзі бейнелеу жүйесі қарапайым сыныптастарымен салыстырғанда теріс. Мұндай қиындықтардың себептері өте қарама-қайшы мінез-құлық үлгілерінде көрсетілген жеке-эмоционалдық сфераның психологиялық ерекшеліктері, реттеу процестерінің әлсіздігі және әлеуметтік дағдылардың дамымауы болуы мүмкін. Бірақ көп дәрежеде олар қызметтің пәндік мазмұнына және әлеуметтік контекстке тәуелді. Осыған байланысты дарынды оқушыларға білім беру мен тәрбиелеудің негізгі мақсаттарын анықтауға басымдық беру керек. Ол оқушылардың дарындылығын ескере отырып, белгілі бір пән салаларында олардың тұлғалық дамуына арналған білік, білім және дағдыларды қалыптастырумен байланысты.

### Әдебиеттер

1. Лукаш Е.Ю. Отношение к социальной адаптации у творчески одаренных детей в России и США // Вопросы психологии. - 2004. - №4. - с. 22-29.
2. Курилович Е.А. Школьные неврозы и одаренные дети // Одаренный ребенок. - 2002. - №2. - с. 89-95
3. Богомолов А.М. Связь интенсивности психологической защиты с процессом самореализации в период активного формирования личности // Мир психологии. - 2005. - №1. - с. 248-253.
4. Рафальчук О.Г. Наблюдение за индивидуальными особенностями одаренных детей как психологический метод // Одаренный ребенок. - 2003. - №3. - с. 74-77.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

Туребай А.Қ.

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – ғ.м., аға оқытушы Байболова А.Ж.

Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар — халық поэзиясын жасаған ақылғөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан...

Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған ауыз әдебиеті деп аталды. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғаннан бастап (XV ғасыр) өріс алды. XV ғасырда Асан Қайғы, Казтуған жыраулар өмір сүрді.

Жырауларды халық, қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Жырау деген атау «жыр» сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған.

Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары — туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясының біраз үлгілері осы тарауда ұсынылып отыр. Соларды оқып-үйрену барысында халқымыздың атадан мирас болып қалған сөз маржандарына қанығасындар, халқымыздың басынан кешірген тарихи кезеңдермен таныс боласындар, оның қадір-қасиетін білесіндер, тәлімдік, танымдық, тағылымдық терең ой дүниесіне енесіндер. Әдебиет тарихы ел тарихы, халық тарихы екеніне көз жеткізесіндер.

Жыраулар поэзиясының маңызы мен тақырыбы. Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, – дейді М.Әуезов, – ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады». Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған.

Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,  
Суырып салма жағы артық,  
Айтады олар ойланбай,  
Сыпыра жырау, Шортанбай,  
Үмбетей мен Марабай  
Алды-артына қарамай,  
Сокқанда жырды суылдап,  
Жел жетпейтін құландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір құдың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңі» – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет

ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда  
Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр, –  
деп аса қадірлеген. Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

Жыраулардың өз толғауларында көтерген негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы — туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен.

«Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған. Мысалы, Тәтіқара ақын:

Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,  
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.  
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,  
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,  
Найзасының ұшына жау мінгізген  
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, – деп дәріптеген.

Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен.

Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» – Шалкиіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Жыраулар поэзиясы өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды.

Жыраулар поэзиясында синтаксистік параллелизмге, дыбыс үндесулеріне, ішкі ұйқасқа құрылған өрнектер де аз емес. Арнау түріндегі сөз қолданыстар да баршылық. Жыраулар өз поэзиясында терең философиялық ойды бейнелеу үшін өлеңдерінің ұйқас, ырғақтарын сол мақсатқа орай алған. Оған бірнеше мысал келтірейік:

Жабағылы жас тайлақ,  
Жардай атан болған жер.  
Жатып қалған бір тоқты,  
Жайылып мың қой болған жер. (Қазтуған)

Жырау «ж» дыбысын тамаша сөйлете білген. Дауысты дыбыстарды да шебер қолдана отырып, жыраулар өлеңнің музыкалық сазын күшейткен. Шын көркемдік тәсіл арқылы олар оқушысын шығарманың ішкі иірімдеріне ендірумен қатар, эмоциялық әсерін үстей түскен. Мысалы, Жиёмбет жырау:

Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есім сені есірткен,

Есіл менің кеңесім,  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолыңа болдым сүйесін, –  
деп тәж-тағына есірген Есім ханның қылығын ашу үшін «е» дыбысынан өрнек жасап сөйлеткен.

Ақтамберді жырау сұрай арнау сияқты көркемдік тәсілді ұтымды пайдаланған. Оның «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауынан:

Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз...  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке тон киер ме екенбіз?!  
Төтелеп жүріп жол салып,  
Қолды бір бастар ма екенбіз?! –

деген жолдар арқылы өлеңнің әсерлілік қуатын күшейткен, әрі «к» дыбысын қайталай қолдану нәтижесінде өлеңнің саздылығын үдеткен. Жыраулар психологиялық синтаксистік параллелизмді де шеберлікпен қолданған. Мысалы:

Уа, қарт Бөгембай!  
Құяр жалын аспаннан  
Қара бұлт торласа,  
Пәлекет елде көбейер  
Жігітті жігіт қорласа.  
Ақбөкен келіп жығылар,  
Алдын қазып орласа,  
Пеңденің бағы ашылмас,  
Мандайы қалың сорласа... – (Ақтамберді) –

деп, табиғат пен адам тағдырын жарыстыра, салыстыра бейнелей отырып, өлеңнің мән-мазмұнын тереңдеткен, әсерлі еткен. Мұнан жыраулар поэзиясының көркемдік сапасын айқын аңғаруға болады.

Әдебиетімізді жаңа тарихи кезеңде, ел басына қиын қатер төнген шақта, екіталай кезеңде – XVIII ғ. бірінші жартысында жаңа, соны ой-толғанысымен, көркемдік сөз өрнегімен әрі қарай дамытқан Бұқар жырау. Оның жыр-толғаулары – сол тарихи дәуірдің көркемдік көрінісі.

XVIII ғ. әдебиетінен соның ірі өкілі Бұқар жырау поэзиясы монографиялық түрде арнайы өтіледі.

#### **Асан қайғы (XV ғасыр)**

Енді XV-XVIII ғғ. елдің әлеуметтік тіршілігі, халық тағдыры, арман-мұраты жеке жыраулар поэзиясында қалай көркемдік шешімін тапқан екен, соған тоқталып көрелік. Асан – өз заманының асқан ақылгөйі. Жыраудың өзі айтқандай, онан қалған «таза мінсіз асыл сөз» аз болмаса керек, бірақ олардың бәрі біздің заманымызға жетпеген. Оның қазір қолда бар өлеңдерінен ірі сөз зергері, терең ойшыл ақын екенін танымыз. Асан атына «қайғы» деген сөз қосылуы да көп нәрсені аңғартады. Мұнан біз оның желмаяға мініп, еліне шұрайлы, жайлы қоныс, шүйгін жер іздеумен өмір кешкен халық қамқоры екенін танымыз. Асан ел тыныштығын армандаған.

Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ, ол кезде жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып тұрған.

Олар ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Жырау халық басына төнген осы ауыртпалықты көре білген.

Асан қайғы «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» деген Жәнібек ханға айтқан толғауында «шабылып жатқан халқың бар, аймағын көздеп көрмейсің» – деп күйзелген халқының қамын ойлау орнына «қымыз ішіп қызарып, масаттанып, қызып, өзінен басқа хан жоқтай елеуреп, бақ-дәрежесіне, мансабына масаттанған» ханға батыл үн қатады. Жырау бұл жерде ханның мақтаншақ, парықсыз, ұшқалақ мінезін тамаша бейнелеген. Елінің қамын, ертеңін ойламаған ханға жырау «Ойыл көздің жасы еді... Ойылдан елді көшірдің, Жемде кеңес қылмадың, Жемнен де елді көшірдің... Еділ деген қиянға, еңкейіп келдің тар жерге», – деп нали тіл қатады.

Асан қайғы ел, халық тағдырына, болашағына терең көз жібереді, қабырғасы қайыса жыр төгеді, болжам жасайды. Жырау ханға:

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшір, –  
деп ақыл-кеңес береді. Онан әрі ханға:  
Аңдып жүрген көп дұшпан, Өз басына келеді.

Елге жау боп келеді. Құлын кеп сені өлтірер.  
Құладан қуды өлтірсе, Осыны Асан біледі, –  
деп, жырау халық көтерілсе, хан басына ауыр күн туарын ескертеді.

Ақылгөй жырау «ата жұрты – бұқара» күшін жоғары бағалайды. «Еділ бол да, Жайық бол, ешкімменен ұрыспа» – деп, елді бірлік-ынтымаққа шақырады. Жырда ғибрат, өнеге аларлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз тұсындағыларға да, келешек ұрпаққа да биік адамгершілікті уағыздаған. Жырау:

Ашу – дұшпан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің.  
Түбі терең қуысқа, –

деп шалдуарлық теріс мінездерден сақтандырады. Сол сияқты «Ердің құны болса да, қол қусырып барған соң, аса кеш те қоя бер, бұрынғыны қуыспа», – деп, қайырымдылық, ерлік істерге жетектейді. Асан қайғының:

Арғымаққа міндім деп, Достарыңмен санаспа!  
Артқы топтан адаспа! Ғылымым жұрттан асты деп,  
Күнінде өзім болдым деп, Кеңессіз сөз бастама!  
Кең пейілге таласпа! Жеңемін деп біреуді  
Артық үшін айтысып, Өтірік сөзбен қостама! –

деген жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғам-танымы, философиялық терең ойлары бүгінгілерге де үлгі-өнеге.

«Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауындағы ғибратнамалық ойлары да тереңділігімен, парасаттылығымен таңдандырады.

Асан жырлары тек өзінің мазмұнымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды. Жырау поэзиясы толғау түрінде келеді. Ол өз жырларында синтаксистік параллелизмді шебер қолданған.

Таза, мінсіз, асыл тас,  
Су түбінде жатады.  
Таза, мінсіз, асыл сөз,  
Ой түбінде жатады.

деген жолдардан мұны айқын аңғаруға болады. Жырау бұл тәсілді тек көркемдік үшін ғана қолданбаған, сол арқылы терең ой түйіндеген, сөз өнерінің қадірін білдірген, сөз жалаң дүние емес, адам жанының ішкі толғанысының, жан сырының көрінісі екенін тамаша өрнектеген. Ақын поэзиясы, толғаулары дыбыс үндестігіне құрылғанын атап, өтуімізге болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ай, заман-ай, заман-ай... Екі томдық. – А., 2012 ж.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Оқулық. - А., 2013 ж.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. - А., 2009 ж.
4. Негимов С. Жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшелігі. - А., 2010 ж.
5. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. - А., 1989 ж.



## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ҰЛТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ .

**Пердебаев А.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші: **Т.Ғ.М.АҒА ОҚЫТУШЫ Кашкинбаева А.Т.**

Бүгінгі күнде заманауи қоғам алдында тұрған кез келген мәселені шешу барысында ұлттық мүддені елестермеу мүмкін емес. Әсіресе ұлттық тәрбиеге қатысты мәселелерді шешуде бұл өте маңызды. Білім беру мекемелері, жеке- лей алғанда жоғары мектеп белгілі бір ұлттық сипаттамаға ие болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда және тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады. Тұлға ұлттық қасиеттерсіз өзіндік болмысқа ие бола алмайды: «Ұлттықтың рухани сезімі неғұрлым жоғары болса, туған халқының ішкі табиғаты мен тарихи рөлі соғұрлым терең пайымдалып, адами тұлғасы жарқырай түспек». Заманауи қазақстандық білім беру жүйесінің міндеті де осыған байланысты: өз Отаны мен өз халқына жан-ділімен қызмет етуге даяр болашақ мамандардың ұлттық сана- сезімін қалыптастыру.

1. «Тәрбие» ұғымының мәніне сипаттама. Қоғамның дамуы мен сақталуы ұрпақ тәжірибесін үздіксіз берумен байланысты. Оны жаңа ұрпақ материалдық және рухани құндылықтарды дамытуда өз үлесін қоса отырып, меңгереді және қолданады, байытады және жетілдіреді. Мұндай байланыс пен сабақтастық тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие – бұл қоғамның тарихи және мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа берумен байланысты қызметі. Тәжірибені адамға таныс білім, білік, ойлау тәсілі, адамгершілік, этикалық, құқықтық нормалар және т.б. деп түсінуге болады. Яғни адамзаттың рухани мұрасының тарихи даму үдерісіндегі жасалғанның барлығы. Адамзат есейген сайын әлеуметтік тәжірибе мазмұны бойынша күрделене түскен. Осыдан тәрбие өмірдің және қоғамның дамуының маңызды факторы, сонымен қатар арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында тұлғаны қалыптастырудың мақсатқа бағытталған үдерісі. Француз философы К.А.Гельвеций XVIII ғасырда-ақ «тәрбие жетілген сайын халық бақытты болады» - деп жазған.

Тәрбиеге келесі ерекшеліктер тән: - 40-35 мың жыл бұрын адамзаттық қоғамның пайда болуымен қалыптасты және барлық қоғамдық-экономикалық формацияға тән. Тәрбие содан бері, қоғам өмір сүріп жатқанда болады; - әлеуметтік құбылыс тек адамдарға тән. Жануарлар мінез-құлықтың дайын сызба нұсқасымен туылады, оған тек қана нақты жағдайға бейімделу қажет. Ал адам әлем туралы дайын біліммен өмірге келмейді, оларды қоғамдағы өмір сүру үдерісінде меңгереді; - тарихи сипатқа ие. Бұл мақсат, мазмұн, құрал, формалар мен әдістер, қоғамдағы өзгерістерге қарай өзгертін саяси білімдерде байқалады; - қоғамның қызметі арнайы құрылған мемлекеттік және қоғамдық құрылым, қоғаммен бақыланатын және коррекцияланатын білім беру мекемелері арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде – өсіп келе жатқан ұрпақты, оның қоғамның өндіріс күшінің маңызды элементі, өзінің өмірлік жолын жасаушы, тұлғалық және жеке дамуын қалыптастырудың, қоғам өміріне қатыстырудың, ендірудің күрделі және қарама-қайшы үдерісі.

Сондықтан тәрбие сонымен бірге тұлғаның мәнді күштерін, өзінің табысты өмір сүруі мен тіршілігіне қажетті құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдар мен моральдық нормаларды меңгеруін және қабылдауын ашып көрсететін мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылатын үдеріс ретінде қарастырылады. Тәрбие түрлерінің әртүрлі жіктемесі бар: - мазмұны бойынша (адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық және т.б.); - формасы бойынша: институциональдық белгісі (отбасылық, мектептік), конфессиональдық (діни), арнайы оқу мекемесіндегі тәрбие (пенитенциарлы), тұрғылықты орны бойынша (мектептен тыс) және т.б.; - тәрбиенің объектісі бойынша (азаматтық, патриоттық, құқықтық, экологиялық және т.б.).

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру: мақсаты, міндеттері, мазмұны XX ғасырдың ортасы мен XXI ғасырдың басында әлемдік қауымдастықта жаһандану бағыты, мәдениетаралық өзара байланыстың кеңейтілуі, рухани және материалдық құндылықтар пайдасының өсуі, тұлғалық жекеліктің дамуы байқалды. Әрбір мемлекетте оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, ұлттық, этникалық және діни ерекшеліктерінің бастауына байланысты жастар тәрбиесінің басымдықтары мен тәсілдері анықталады. Мысалы, 1966 жылы Жапонияда «Идеалды жапондықтың сипаты» атты құжат қабылданды, онда отағасының қасиеттері, сонымен бірге қоғамдық және азаматтық қасиеттері анықталады: жұмысқа берілгендік, әлеуметтік құндылықтарды құрметтеу, патриот болу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ұлттық аб- зал қасиеттерге ие болу және т.б. Бұл тәсілдер қазіргі кезеңде адамзаттың дамуының негізгі белгілерінің бірі болып табылатын, әлемдік қауымдастықта тұрып жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың этникалық жаңару белсенділігімен байланысты.

Ол халықтың өзінің этникалық және мәдени өзіндік ерекшеліктерін сақтауға талпынуынан, өзінің белгілі бір этносқа тиістілігін жете ұғынуынан, этникалық қақтығыс, сонымен қатар әртүрлі этникааралық мәселелерден білінеді. Сондықтан, тәрбие абстрактылы емес, ол нақты сипатқа ие, алдымен сол не- месе басқа халықтың ұлттық – этникалық өзіндік моралын, дәстүрін, салтын, адамгершілігін бейнелейді және оның мәдениетіне, этномәдени ортасын құруға және халықтық педагогика құралдарын ең көп пайдалануға сүйеніп жүзеге асырылады. Қытай халқының мақал-мәтелінде былай делінген: «Өзі келген ауылын білмеген, өзі іздеген ауылды таба алмайды». Яғни, этникалық тәрбие – бұл ұрпақтардың мақсатқа бағытталған әрекеттестігі, оның нәтижесінде тұлғаның этникалық санасы, өзіне этностың субъектісі ретіндегі сәйкес қатынасы және өз халқының тіліне, тарихына, мәдениетіне жағымды қатынасы, оған деген мақтаныш сезімі, сонымен бірге басқа этнос өкілдеріне сыйластық сезімі мен толеранттылығы қалыптасады.

Бір мезгілде әлемдік қауымдастық алдындағы жаһандық мақсат - жалпыадамзаттық, іргелі құндылықтардан шыға отырып, тәрбиенің міндеті мен басымдылығының иерархиясын анықтау болды. Бұл мынадай мәселелер топтамасының иерархиясы: - басқа адамға, нәсілге, дінге, әлеуметтік құрылысқа, тәрбиенің мұратына толерантты қатынасын тәрбиелеу; - дербес адамгершілік жоғары сапа қасиеттерін тәрбиелеу; - адамдармен - басқа нәсіл, тіл, дін, этнос және т.б. өкілдерімен бірге өмір сүру дағдысына тәрбиелеу; - басқа адамға көмектесуге дайындық және рақымдылық сезіміне тәрбиелеу; - әлем үшін тәрбиелеу.

Халықаралық ұйымдар (БҰҰ, ЮНЕСКО, Еуропа Кеңесі) құжаттарына сәйкес педагогикалық қауымдастықтағы ғалымдар зерттеулерінде тәрбиенің этникалық, көпмәдени, ұлттық түрлері көрініс тапты. Соның ішінде, 1997 ж. ЮНЕСКО-ның білім беру бойынша Халықаралық комиссиясының баяндамасында тәрбие мен оқыту бір жағынан, адам өзінің тегін жете ұғынуына, екіншіден, өзінің туған, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетін тасымалдаушысы болуына, сол арқылы өзінің әлемдегі орнын анықтауына мүмкіндік туғызуы тиіс деп жарияланды. Құжатта екіжақты міндет белгіленген: өз халқының мәдени байлықтарын өскелең ұрпаққа меңгерту және басқа ұлттардың мәдени құндылықтарына сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Сонымен бірге қазіргі әлемдегі өтіп жатқан объективті үрдістер, адам қызметінің барлық бағыттарын қамтитын ақпарат ағымдарының кеңеюі Қазақстанның ұлттық саясатының мазмұнын анықтауға мықты ықпал етеді. Қазақстанның экономикалық, саяси өркендеуі жастардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін бүкіләлемдік белсендендіруді талап етеді. Қазақстанның экономикалық, саяси өркендеуі жастардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін бүкіләлемдік белсендендіруді талап етеді. Қазіргі қоғам парасатты, құзыретті, креативті ойлайтын қасиеттерімен өз тағдырына ғана емес, көпұлтты Қазақстанның өркендеуіне жауапкершілігін жете ұғынатын кемелдеген азамат, патриот тұлғаға мұқтаж.

Мұның өзі қазіргі жағдайда болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беруді іске асыру қоғамның оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін этникалық және азаматтық сәйкестілік деңгейінде жаңарту сұранысымен ғана емес, олардың зияткерлік және рухани-

шығармашылық әлеуетін барынша белсенділендіру деңгейінде қайтадан дамытумен айқындалатындығының дәлелі.

Сондықтан көпұлтты Қуатты Күшті Қазақ мемлекетінің жақын болашақта қалыптасуы ұлттық тәрбиенің мәнін өзіне этникалық, көпмәдени және зияткерлік тәрбие, олардың бірлігін, өзара байланысын мен өзара шарттылығын таңдап алған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде кеңінен түсінуді талап етеді. Бұл тұжырым білім мен ақпарат рөлі артқан уақытта қоғамның индустриалдық кезеңнен постиндустралды сатыға өткен мерзімде ерекше өзекті болады. Тұлғаның зияткерлік әлеуетінің маңызының күшеюі бұл үрдістің табиғи салдары болып табылады да, мұның өзі оның әлеуметтік мәртебесі мен өмірлік болашағын анағұрлым айқындай түседі.

Осымен бір мезетте азаматтардың зияткерлік әлеуетінің дамуының жоғары деңгейі мен оны іске асыру мүмкіндіктерінің болуы әлеуметтік жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің шарттары болып табылады. Демек, ұлттық тәрбиенің маңызды құраушысы ретінде болашақ маманның зияткерлік әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуды оның этникалық және көпмәдени әрекеттестімен бірлікте қарастыру қажет. Ұлттық тәрбиенің мәнін осылайша түсіну қазіргі заманғы, ашық, көпмәдени және полилингвальды әлемде (көпезулік) тұлғаның белсенді және табысты өмір сүруі үшін қажет. Болашақ мамандардың жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ұлттық тәрбие мен білімнің мақсаты болғандықтан, ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық құрамдас бөліктері аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай ережелер мен тұжырымдар жасалады:

1. Қазіргі заман жағдайында болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің өзекті міндеттерінің бірі олардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру болып табылады.

2. Болашақ мамандардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде жүзеге асырылуы тиіс: - этнос қалыптастырушы, этникалық сәйкестендіру мен этникалық әлеуметтендіруді дамытуға бағытталған этникалық тәрбие есебінен жүзеге асырылады; - азаматтық, азаматтық сәйкестілікті дамытуға бағытталған көпмәдени тәрбие есебінен іске асырылады; - жалпыұлттық, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған зияткерлік тәрбие арқылы жүзеге асырылады.

Этностық тәрбие болашақ мамандардың этностық сана-сезімін, этностық әлеуметтенуі мен этностық барабарлығын дамытуға бағытталып, сол арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының этнос қалыптастырушы құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс. Болашақ мамандарға көпмәдениетті тәрбие беру олардың азаматтық сана- сезімін, азаматтық әлеуметтенуін, азаматтық барабарлығын дамытуға бағытталып, осы арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының азаматтық құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс.

### **Әдебиеттер:**

1. Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.Қ., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И т.б. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. – Алматы, «Ұлағат», 2015. – 54б.

2. Гельвеций К.А. О человеке, его умственных способностях и его воспитании. Сочинения: в 2 т. Т.2. – М.: Мысль, 1974.

3. Панькин А.Б. Формирование этнокультурной личности. - М.: МПСИ, 2006.

4. Образование: сокрытое сокровище. Доклад международной Комиссии по образованию для XXI в., представленный ЮНЕСКО. - Париж, ЮНЕСКО, 1997.

5. А. Данилюк, А. Кондаков, В. Тишков. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России. - М: Просвещение, 2014.

6. Ващенко Г.Г. Воспитательный идеал. - 3-е изд, - Полтава, 1994.101

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДІК БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

ПФ21-2к тобының студенті **Юлчиева М.**

Ж.А. Ташенев атындағы университет

**Сәкенқызы С.**

КММ О.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейі

Ғылыми жетекшісі аға оқытушы **Арынбаева Р.А.**

Қазақ және орыс халықтарының қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. Сол себептен, бұл елдердің арасындағы сауда- саттық, шарушылық және мәдени байланыстар өте ерте кезден қанат жайып, дами бастағаны белгілі. XVI -XVII ғасырларда қоныс араласуымен, базармен байланыст қарым-қатынастар күшейсе, XIX ғасырдың ІІ жартысынан бастап, Қазақстанның Россия империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түсті. Ел мен елдің ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатыныста болу нәтижесінде бір-бірінен көптеген сөздер ауысып алған. Қоғам дамуы жағынан болсын, мәдени тұрмысы жағынан да араласа тұрған орыс халқының қазақ халқына тигізген әсері, эканомикалық және мәдени ықпалы әлдеқайда көбірек болған.

Бірақ осындай қатынастар мен ауыс-түйістер барлық уақытта бірдей дәрежеде деуге болмайды. Әр дәуірде әрқалай болған. Осы ерекшелік тілде де айқын байқалары анық

"Біздің тілімізге енген орыс сөздерінің сыр-сипаты мен игерілу дәрежелері екі басқа. Осындай белгілеріне қарап, орыс тілінен ауысқан кірме сөздерді екі дәуірге бөліп қарастырамыз", [ 1, 97-б.] -деп жазады Ә.Болғанбаев. Олар;

1. Төңкеріске дейінгі кезең

2. Төңкерістен кейінгі кезең

К.М.Молдабеков төрт аспектіге бөліп қарауды ұсынады [ 2, 23-б.]. Олар;

1. Қазақ және орыс халықтарының тілдік байланысының арғы тарихы

2. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі орыс тілінің қазақ тіліне тигізген әсері

3. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі орыс тілінің қазақ тіліне тигізген әсерінің ерекшеліктері

4. Қазақ тілі мен орыс тілінің тілдік байланысының қазіргі сипаты

Тілдің дамуын анықтау үшін тарихи принцип пен диалектикалық көзқараспен қарау керек.

Байланысқа түсіп отырған қазақ және орыс тілдерінің құрылысы әрқилы екендігі бізге мәлім. Осы ерекшеліктеріне қарамастан өзара байланыстың терең ізі байқалып отыр.

В.Бартольд; қазақ, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, түркімен, қырғыз сияқты түрік халқы Иран және Қытай тілдерінің әсерін көрсе, кейін араб тілінің, одан бергі уақытта орыс тілінің әсерін бастан кешіргендігін, осының өзі орыс және түрік тілдерінің байланысының терең тамыры сонау әріде, ертеде жатқандығын байқататындығын жазды [ 3].

Россия мен Қазақстан экономикалық, саяси және сауда-саттық жағынан тығыз байланыста болды. Осы кезде қазақ тіліне орыс тіліндегі жаңа ұғымдармен бірге жаңа сөздер де енді. Олар тұрақты сөздер еді. [ 5].

1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде ауысқан орыс сөздері баспасөз арқылы жазба түрде тарамған. Көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген. Сондықтан бұл кезеңдегі кірме сөздер түгелдей дерлік қазақ тәлінің дыбыстық заңдарына бағынып өзгерген. Демек, қазақ киімін киіп, өзгеріп өзіндік басқаша сипатталған. Қазіргі әдеби тілімізде төңкеріске дейінгі ауысқан орыс сөздері негізінен қазақ тілінің орфоэпиясы мен емлесіне бүтіндей сәйкесіп өзгерген қалпында жазылады. Бұл сөздер де топтарға бөлінеді. Мысалы жәшік (ящик), кереует (кровать), бөтелке (бутылка) т.б.

2. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде орыс сөздері біздің тілімізге тасқындап, көптен енді. Кез келген халық тіліне жаңа техниканың аты енгенде лажсыздан өзге тілдердің бірінен қажетті сөздерді көптеп алуға тура келеді. Қазақ тіліне төңкерістен кейінгі кезеңде өзінде жоқ техника атаулары орыс тілі арқылы шетел тілдерінен енді. Бұрын - сонды тілімізде айтылып көрмеген көл-көсір қыруар термин сөздер ауысып келді. Олар кеңес кезеңінде бір-бірлеп, шағындап кірген жоқ, лек-легімен, топ-тобымен тасыған судай тасқындап енді.

### Әдебиеттер

1. Ә.Болғанбаев. Қазақ тілі лексикологиясы.- Алматы; 2019, 97б.
2. К.М.Молдабеков . Освоение русских и интернациональных слов в современном казахском языке. - Алматы; 2009, 107б.
3. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Қазақ ССР Ғылым академиясы. - Алматы; 2009, 207б.
- 4.Ө.Айтбаев. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы; 2020, 207б.
- 5.Б.Барлыбаев. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. -Алматы; 2020, 87б.

ӘӨЖ 159.9

## ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Махатаева Н.С.**

7М01301«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,  
Ж.А. Тәшенев университеті, Қазақстан Республикасы.

### Аннотация

Технология проблемного обучения заключается в следующем: учитель создаёт проблемную ситуацию, направляет учащихся на её решение, организует поиск решения.

The technology of problem-based learning is as follows: the teacher creates a problem situation, directs students to solve it, and organizes the search for a solution.

Түйін сөздер: педагогикалық технология, кәсіби әрекет, ережелер, проблемалық жағдай, дидактикалық мазмұн.

Педагогикалық технология деп мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысын түсіну керек, онда оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір тұтастық пен дәйектілікпен ұсынылған, ал орындау қажетті нәтижеге қол жеткізуді көздейді және болжамды сипатқа ие [4].

Педагогикалық технологияны алгоритмдерді қолдану арқылы анықтау мүмкін емес, өйткені ондағы әрекеттерді қатаң анықтау мүмкін емес, олар әрдайым өзгермелі. Технология-бұл іс-әрекеттегі заңдылықтың көрінісі [4].

Педагогикалық технологияны жобалау оқыту процесінде белгіленген мақсаттарға сәйкес келетін және болжамды нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін процедуралар мен операциялардың ерекше реттілігі түрінде ұсынылған кезеңдерді бөліп көрсету арқылы педагогикалық процеске қатысушылардың ойлары мен іс-әрекетіне әсер ету бағдарламасын әзірлеуден тұрады [5].

"Педагогикалық технологияны" заманауи түсіндірудің маңызды белгілері:

\* технология нақты педагогикалық идея үшін әзірленеді, оның негізінде құндылық бағдарлары, нақты күтілетін нәтиже формуласы бар автордың немесе ұжымның мақсатты көзқарастары жатыр;

\* педагогикалық іс-қимылдардың технологиялық тізбегі қойылған мақсатқа сәйкес қатаң түрде құрылады және барлық оқушыларға мемлекеттік білім беру стандартының деңгейіне қол жеткізуге және берік игеруге кепілдік беруі тиіс;

\* технологияның жұмыс істеуі даралау принциптерін ескере отырып, мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекетін қамтамасыз етеді;

\* педагогикалық технология элементтерін кезең - кезеңмен және дәйекті түрде жүзеге асыруды мұғалімнің авторлық қолжазбасын ескере отырып, кез-келген мұғалім орындай алуы керек;

\* педагогикалық технологияның органикалық бөлігі осы оқыту стратегиясына сәйкес диагностикалық процедуралар болып табылады, олар критерийлерді, көрсеткіштерді және қызмет нәтижелерін өлшеу құралдарын қамтиды [5].

Проблемалық оқыту технологиясы деп мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдайларды құруды және оқушылардың оларды шешу бойынша белсенді тәуелсіз іс-әрекетін көздейтін оқу сабақтарын ұйымдастыру түсініледі, нәтижесінде кәсіби білімді, біліктерді, дағдыларды шығармашылық игеру және ойлау қабілеттерін дамыту жүреді [3].

*Тұжырымдамалық ережелер* (Д. Дьюидің айтуы бойынша) [4]

\* Онтогенездегі бала адамзаттың таным жолын қайталайды.

\* Білімді игеру-бұл стихиялы, басқарылмайтын процесс.

\* Бала материалды тыңдау немесе тек сезім мүшелерімен қабылдау арқылы ғана емес, сонымен бірге оның білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру нәтижесінде, өзінің оқуының белсенді субъектісі бола отырып игереді.

\* Оқу жетістігінің шарттары:

- оқу материалын проблемаландыру (білім - таңданыс пен қызығушылықтың "балалары");

- баланың белсенділігі (білімді "тәбетпен" игеру керек);

- оқудың баланың өмірімен, ойынымен, еңбегімен байланысы.

*Мазмұнның ерекшеліктері*

Проблемалық оқыту мотивацияның ерекше түрін құруға негізделген - проблемалық, сондықтан проблемалық жағдайлар тізбегі ретінде ұсынылуы керек материалдың дидактикалық мазмұнын барабар жобалауды қажет етеді [1].

Генезистегі ғылыми білім логикасының өзі проблемалық жағдайлардың логикасын білдіреді, сондықтан оқу материалының бір бөлігі ғылым тарихынан тарихи тұрғыдан сенімді қайшылықтарды қамтиды [2]. Алайда, мұндай білім жолы тым үнемді болмас еді; материалдың оңтайлы құрылымы дәстүрлі презентацияның проблемалық жағдайларды қосумен үйлесуі болады.

*Әдістеменің ерекшеліктері*

Педагогикалық проблемалық жағдай белсендіру әрекеттері, білім объектісінің жаңалығын, маңыздылығын, сұлулығын және басқа да ерекше қасиеттерін көрсететін мұғалімнің сұрақтары арқылы жасалады. Психологиялық проблемалық жағдайды құру тек жеке. Тым қиын емес, тым жеңіл емес танымдық тапсырма оқушылар үшін проблемалық жағдай туғызбайды [2].

Проблемалық оқыту технологиясы келесідей: мұғалім проблемалық жағдай жасайды, оқушыларды оны шешуге бағыттайды, шешім іздеуді ұйымдастырады. Осылайша, бала өзінің оқу пәнінің позициясына айналады және нәтижесінде ол жаңа білім алады, жаңа әрекет тәсілдерін игереді. Проблемалық оқытуды басқарудың қиындығы мынада: проблемалық жағдайдың пайда болуы жеке әрекет болып табылады, сондықтан мұғалімнен сараланған және жеке тәсілді қолдануы талап етіледі [5].

*Проблемалық жағдайларды құрудың әдістемелік әдістері:*

- мұғалім мектеп оқушыларын қайшылыққа алып келеді және оларды өздері шешудің жолын табуға шақырады;

- бір сұраққа әртүрлі көзқарастарды ұсынады;

- сыныпқа құбылысты әртүрлі позициялардан (мысалы, командир, заңгер, қаржыгер, мұғалім) қарастыруды ұсынады;

- оқушыларды салыстыру, жалпылау, жағдайдан қорытынды жасауға, фактілерді салыстыруға шақырады;

- нақты сұрақтар қояды (жалпылауға, негіздеуге, нақтылауға, пайымдау логикасына);

- проблемалық теориялық және практикалық тапсырмаларды анықтайды (мысалы: зерттеу);

- проблемалық міндеттер қояды (мысалы: жеткіліксіз немесе артық бастапқы деректермен, сұрақ қоюдағы белгісіздікпен, қарама-қайшы деректермен, әдейі жіберілген қателіктермен, шешудің шектеулі уақытымен, "психологиялық инерцияны" жеңуге және т.б.).

*Проблемалық технологияны іске асыру үшін:*

- ең өзекті, маңызды міндеттерді таңдау;

- оқу жұмысының әртүрлі түрлерін де проблемалық оқытудың ерекшеліктерін анықтау;

- проблемалық оқытудың оңтайлы жүйесін құру, оқу және әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар құру;

- оқушылардың іске қызығушылығын оята алатын мұғалімнің жеке көзқарасы мен шеберлігі [3].

Мұғалімнің міндеті-қатесіз ойлауды қалыптастыру емес, оқушыларды өзбетінше табу және ашу жолымен жүруге үйрету.

Сонымен бірге мұғалім де, оқушылар да бірлескеноқуіс-әрекетінің салыстырмалы түрде тең қатысушылары болады [1].

*Қорытындылар*

Осылайша, ойлау процесі проблемалық жағдайды талдаудан басталады, ол жүйелі түрде және оқушылар үшін нақты, маңызды қайшылықтарды ескере отырып жасалуы керек.

Сабақтарда проблемалық жағдайларды қолдану оқушылардың ақыл-ой әрекетін басқаруға мүмкіндік береді, бұл оларды нақыл-ой қабілеттерін дамытудың, білімді игеру процесінде танымдық белсенділікті арттырудың қажеттішарты.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бабанский Ю.К. Проблемное обучение как средство повышения эффективности учения школьников. Ростов-на-Дону, 2015.
2. Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемного обучения. М., 1983.
3. Вилькеев Д.В. Познавательная деятельность учащихся при проблемном характере обучения основам наук в школе. Казань: Изд-во КГУ, 1967.
4. Ильницкая И.А. Проблемные ситуации и пути их создания на уроке. М., 1985.
5. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. М., 1983.

ӘӨЖ 159.9

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ-ЕРІКТІ САЛАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

**Мылтықбай Г.Б.**

7М01101-Педагогика және психология БББ-ң 2 курс магистранты.  
Ж.А. Тәшенев университеті,  
Қазақстан Республикасы.

#### **Аннотация**

В статье представлены результаты исследования проблемы волевого развития в контексте потребностно-мотивационной сферы ребенка. Выделены психолого-педагогические условия, способствующие успешному развитию мотивационно-волевой сферы младших школьников в процессе обучения.

The article presents the results of a study of the problem of volitional development in the context of the need-motivational sphere of the child. The psychological and pedagogical conditions that contribute to the successful development of the motivational and volitional sphere of younger schoolchildren in the learning process are highlighted.

## **Түйінді сөздер: мотивация, мотивациялық-еріктісала, бастауыш сынып оқушылары.**

Мектептегі оқудың басталуы баланың өз бетінше білім алу, өзic-әрекеттерін бақылау қабілетінде көрінетін ерікті мінез-құлқты дамытудың жеткілікті жоғары деңгейіне ие болуын болжайды. Ерік-жігер баланың өзін, мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін ерікті реттеу қасиеттерін алу арқылы жеке деңгейге жетеді. Н.И. Гуткина [1], Е. Е. Кравцова [2], М. В. Матюхина [3], Л. С. Славина [4] және басқа ғалымдар бастауыш сынып оқушыларында мотивациялық-еріктік саланың жеткіліксіз дамуы оларды тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесіне теріс әсер ететіндігін көрсетеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласының сәтті дамуының психологиялық-педагогикалық жағдайларын анықтау және ғылыми негіздеу оларды оқыту процесінде өзекті психологиялық-педагогикалық проблема болып табылады, оны шешу бастауыш мектептегі білім беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық-теориялық негізі-баланың психикасын дамытуға субъективті-белсенді көзқарас. Бұл тәсілдің өзегі байланысты постулат болып табылады, оған сәйкес психикалық даму адамның әлеммен байланысының объективі арқылы қарастырылады. Байланыс формасы ретін деп психикамен байланысты қатынастардың динамикалық жүйесі-белсенділік танылады.

Тиісінше, психикалық даму іс-әрекетте жүзеге асырылады, ал соңғысын талдау оның табиғатымен заңдылықтарын ашады. Бұл тәсіл аясында бала әлем мен қарым-қатынастың субъектісі болып табылады және психиканы өз өмірінің құралы ретінде пайдаланады. Дамудың әр кезеңінде бала өзінің қарым-қатынас жүйесін өзгертеді, өзі үшін жаңа әрекеттерді жүзеге асыруға қатысады, оларды орындау тиісті қабілеттерді қажет етеді.

Жаңа қабілеттердің қалыптасу процесін тудыратын қайшылық психологиялық тұрғыдан іс-әрекетке қызығушылық түрінде және оны жүзеге асыруға тырысқанда сәтсіздіктерді эмоционалды түрде сезіну түрінде болады. Мұндай қайшылықты шешудің әрбір әрекеті әртүрлі қабілеттерді жай ғана иемдену ретінде емес, олардың бірегей жүйесін құру ретінде түсініледі. Осылайша, қайшылықты шешудің әр актісінде бала өзін жасайды және бұл үшін ерік қажет. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған баланың ерікті даму проблемасын зерттеудің теориялық тәсілдерін талдау "ерік" ұғымы іс-әрекетті тудыру проблемасы аясында қарастырылатындығын көрсетеді. Ерік-жігерге ояту, әрекетті бастау функциясы, яғни дәстүрлі түрде мотивацияға жататын функция беріледі.

Сондықтан бір қатар психологиялық теорияларда ерік пен мотивация бір-бірімен тығыз байланысты: ерікті мінез-құлқтың дамуындағы әр кезең мотивтердің жаңа мазмұнын тудырады, керісінше, бала үшін жаңа іс-әрекет мотивтерінің қалыптасуы ерік-жігер мен мінез-құлқ санасының дамуына әкеледі. Баланың санасы оның эмоционалды-жеке, бейтарап көзқарасын тудыратын нәрсені ғана көрсете алады және жаза алады. Жалпыланған мәдени тәжірибені алып жүретін, бірақ өзінің ынталандырушы валенттілігінен айырылған таза рационалды, иелік тен шығарылған біліммен мағына баланың өзіндік белсенділігінің қайнар көзі және оның дамуының қозғаушы күші бола алмайды. Баланың жеке мағынасынан айырылған әрекет өзінің іс-әрекеті болуды тоқтатады және иллюзиялық формаларға ие болады. Іс-әрекет еркін және саналы болуы үшін оны бала үшін мағыналы мотивтер контекстінде жүзеге асыру керек және оны сырттан емес, өзіңізді кіретінде түсіну керек.

Осылайша, бала үшін өзінің мінез-құлқын игеру құралына айналатын әрбір жаңа мәдени-берілген мазмұнды бала саналы түсінуі керек, яғни танымдық (қабылданған) және аффективті (мотивациялық) аспектінің бірлігінде әрекететуі керек. Бұл оның іс-әрекетінің тақырыбы болуы керек және жеке мағынаға ие болуы керек. Баланың орындалатын оқу іс-әрекетінің мәнімен мағынасын түсінуі және нәтижесінде өзіндік белсенділік сезімінің пайда болуы оқушының оқу мазмұны мен процесіне тікелей байланысты оқуға деген ішкі мотивациясын қалыптастыру жағдайын да мүмкін болады. Оқу жағдайының осындай дамуымен оқу материалын игеру оқушы үшін оқу мақсаты болып табылады және оқу іс-әрекетінің сипатына ие болады.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамалық ережелер бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласын ойдағыдай дамыту бастауыш мектепте білім беру процесін жүзеге асыру оқушылардың іс-әрекеттің мәні, құралы туралы хабардар болуын қамтамасыз



еткенде және оқуға ішкі мотивацияның қалыптасуына ықпал еткенде мүмкін болады деген болжамымыздың теориялық негіздемесі болып табылады. Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласының дамуын эксперименттік зерттеу екі кезеңнен тұрды: анықтау және дамыту. Эксперименттің анықтаушы кезеңінің мақсаты бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласының дамуы туралы диагностикалық мәліметтер алу болды.

Эксперименттің осы кезеңінде алынған мәліметтер іс-әрекетті ерікті реттеудің жеткілікті жоғары деңгейі және оқытудың тұрақты ішкі мотивациясы екінші және үшінші сынып оқушыларының тек үшінші бөлігіне (шамамен 35,0 %) тән екенін көрсетеді. Екінші және үшінші сынып оқушыларының шамамен үштен екісі (шамамен 65,0 %) мотивациялық және ерікті дамуда әртүрлі артта қалушылыққа ие. Ерікті реттеудің маңыздылығын және оқуға деген тұрақты ішкі мотивацияның рөлін ескере отырып, екінші және үшінші сынып оқушыларының шамамен үштен екісі мектептегі оқу процесінде оқу міндеттерін өзбетінше қоюда, оқу әрекеттерін талдауда, оқу іс-әрекетінің бір кезеңінен екіншісіне тәуелсіз ауысуда қиындықтарға тап болады деп қорытынды жасауға болады. өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалаудың барлық түрлерін білмейді, ілімнің маңыздылығын және өз білімінің өмірлік және өміршендіктегі құндылығын түсінбейді.

Сонымен қатар, біздің деректерімізге сәйкес, мектепке деген оң көзқарас тек ішкі оқу мотивациясының жоғары деңгейі бар балаларға ғана емес, сонымен қатар ішкі оқу мотивациясының орташа және тіпті төмен деңгейі бар көптеген балаларға да тән. Алынған деректерді талдай отырып, біз бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық – еріктік саласының дамуының екі тенденциясын анықтадық. Біріншісі баланың мотивациялық және ерікті дамуының синхрондылығы мен сипатталады, екіншісі-мектеп мотивациясы мен баланың ерікті реттелуінің асинхронды дамуы. Осы тұрғыдан алғанда, біз зерттеген барлық бастауыш сынып оқушыларын екікіші топқа бөлуге болады: бірінші кіші топ – мектеп мотивациясының деңгейі бірдей жоғары (немесе төмен) және іс-әрекетті ерікті түрде реттейтін балалар; екінші кіші топ – мектеп мотивациясы жоғары және ерікті белсенділігі төмен балалар.

Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш сынып мұғалімі мен білім беру психологының түзету-дамыту іс – әрекетінің объектісі оқушылардың екі санаты болып табылады: біріншісі – мектеп мотивациясының даму деңгейі төмен және іс-әрекетті ерікті түрде реттейтін балалар; екіншісі-мектеп мотивациясы жоғары және ерікті белсенділігі төмен балалар.

Мектептегі мотивацияның даму деңгейі төмен және іс-әрекетті ерікті түрде реттейтін балалар оқу іс-әрекетін де өзін әлсіз, тәуелсіз емес, оқуға күш салмайтын және еңбекқор ретінде көрсетеді. Олардың мектептегі білімдері тек сыртқы ынталандыруға, ата-аналар мен мұғалімнің қысымына сүйенеді. Мектепте табысты оқу үшін бұл балаларға жеке тұлғаның мотивациялық-еріктік саласын жетілдіру қажет. Мектептегі мотивациясы жоғары және оқу іс-әрекетіндегі ерік-жігері төмен балалар өздерін ұқыпсыз, сабырсыз, тапсырманы сәтті орындау үшін мұғалімнің нұсқауларын қабылдай алмайтын ретінде көрсетеді, сондықтан олар оқу тапсырмаларын орындау кезінде қателіктер жібереді. Сонымен қатар, балалар кез-келген тапсырманы орындауға қуанышты, белсенді және бастамашыл, мұғалім мен құрдастарының жұмысын мақұлдауға тырысады. Мектепте сәтті оқу үшін бұл балалар оқу іс-әрекетінде ерікті реттеуді мақсатты түрде дамытуы керек, бұл мақсат қоюдың мотивтермен үйлесімділігіне әкеледі.

Эксперименттің даму кезеңінің мақсаты бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесінде оқушылардың мотивациялық-еріктік саласын ойдағыдай дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын жүзеге асыру және олардың тиімділігін эксперименттік негіздеу болды. Тәжірибелік-эксперименттік бағдарламаны іске асыру білім беру педагогы мен психологының балаларды мектепте оқытудың екі айы бойы оқушылармен жүйелі жұмысын көздеді. Осы кезеңде бастауыш сынып мұғалімі әр оқу аптасында екі сабақ өткізді, олардың мақсаты, міндеттері мен мазмұны эксперименттің даму кезеңінің міндеттеріне жауап берді: оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласын дамытуға қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау. Барлығы 16 сабақ өткізілді.

Балалармен білім беру психологының оқу сабақтарының циклі аптасына бір рет өткізілетін 8 сабақты қамтыды.

Бастауыш сынып мұғалімінің психологиялық-педагогикалық қызметі оқу процесінде оқушының позициясын жандандыруға бағытталған және келесі міндеттерді шешуге бағдарланған:

- 1) оқушылардың сабақта орындайтын іс-әрекеттері туралы жеке маңызды ретінде хабардар болуын қамтамасыз ету;
- 2) оқушылардың іс-әрекеттің бағдарлы негізін меңгеруін қамтамасыз ету;
- 3) оқушылардың өз көзқарасын дәлелді түрде білдіру, диалогқа қатысу, балама көзқарасты түсіну қабілетін дамыту;
- 4) сабақта оқушылардың белсенді рефлексивті қызметін қамтамасыз ету.

Бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық-еріктік саласын дамыту тәсілі ретінде оқу пікірталасын қолдана отырып, біз бастауыш мектепте сабақта пікірталас ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын негізгі талаптармен бірге оқушылардың іс-әрекетінің еріктілігін қалыптастырудың осындай жас ерекшелігін ережемен өз әрекетін реттеу қабілеті ретінде қарастырдық.

Осыған байланысты оқу талқылауын өткізу процесі міндетті түрде орындауды талап ететін оқушыларға арналған бірқатар ережелерді қамтыды. Бастауыш сынып оқушыларымен білім беру психологының даму жұмысының негізгі бағыты оқушылардың ерік-жігері мен еркіндігі, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау дағдыларын дамыту болды. Балалармен білім беру сабақтарын өткізудің негізгі формасы оқу іс-әрекетінің элементтері бар ойын болды. Эксперимент барысында біз эксперименттік топтардың оқушыларында мотивациялық - еріктік саланың дамуының оң динамикасын байқадық:

- 1) іс-әрекетті ерікті реттеудің жоғары деңгейі бар балалар санының ұлғаюымен және іс-әрекетті ерікті реттеудің даму деңгейі төмен оқушылар санының азаюымен;
- 2) оқу іс-әрекетінің ішкі уәждемесі жоғары деңгейдегі балалар санының ұлғаюымен және оқуға деген ішкі уәждемесінің даму деңгейі төмен оқушылар санының азаюымен қамтамасыз етіледі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты аяқтағаннан кейін бастауыш сынып оқушыларын қайта диагностикалау нәтижелерін салыстырмалы талдау ІІ және ІІІ сыныптарда эксперименттік және бақылау топтарының оқушыларын іс-әрекеттің ерікті реттелуінің даму деңгейлері бойынша және оқудың ішкі мотивациясының даму деңгейлері бойынша ( $\chi^2$  - Пирсон критерийі бойынша) бөлудегі айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын көрсетті. Жүргізілген эксперимент мынаны көрсетті:

- 1) Осы ережелермен байланысты болған ережелер мен өз іс-әрекеттерін түсіну бастауыш сынып оқушысының қызметі мен мінез-құлқының еріктілігін арттырады;
- 2) қосымша мотивацияны енгізу және олардың әрекеттерін жаңа контексте түсіну олардың хабардарлығын ынталандырады және бастауыш сынып оқушысының еріктілігін арттырады.

Эксперимент нәтижелері біз әзірлеген оқу процесінде оқушылардың мотивациялық-еріктік саласын дамыту бағдарламасының тиімділігін растады және бастауыш сынып оқушыларының табысты мотивациялық және ерікті дамуы оқушылардың іс-әрекеттің мәні, құралы туралы хабардар болуын қамтамасыз еткенде және олардың оқуға деген ішкі мотивациясының қалыптасуына ықпал еткенде мүмкін болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. – М.: Акад. проект, 2019. – 153 с.
2. Кравцова Е.Е. Психологическая проблема готовности детей к обучению в школе. – М.: Педагогика, 2015. – 152 с.
3. Матюхина М.В. Мотивация учения младших школьников. – М.: Педагогика, 2017. – 144 с.
4. Славина Л.С. Роль поставленной перед ребенком цели и образованного им самим намерения как мотивов деятельности школьника // Изучение мотивации поведения детей и подростков / Под ред. Л.И. Божович, Л.В. Благондежина – М.: Педагогика, 2016. – С. 43-52.

## Ұлттық рух – Ұлттық тіл

**Маккамбаева М.Б.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – Сүлейменұлы Ғ.

«Тарих-география» кафедрасының аға оқытушысы

Руханиятсыз (ойшыл адамдардың тағылымынсыз) қоғам болмысында рухани деңгейдің қалыптаспайтындағы бүгінгі уақыттан да анық көрінуде. Тарихи сана құбылыстарын зерттеуден бастап, ұлттық мүдде шеңберінде жалғасып отыратын зиялылар тағылымы, ұлтымыздың уақыт сынынан өткен негізгі қаруының бірі болған. Заман өзгеріп заң түрленгенімен зиялылар қызметінің ұлттық мүдде талабына бағынып отыратындығын бабаларымыз жетік білген. Осының нәтижесінде ұлттық рұхты ұлықтап, болмысын сомдап отыратын, бойындағы бар мүмкіндігін қоғамының игілігіне арнайтын адамды тәрбиелеп, қоғам алдына шығарып отырған.

Мемлекеттің басты рухани құндылықтарының бірі тарих пен тіл. Себебі, ұлттық идея, ұлттық идеология да тарих арқылы жасалады. Тарихсыз дінді де, ділге де қажет құндылықтарды жүйелі түрде игеру мүмкін емес. Жаңа ғасырдың табалдырығын аттағалы уақытта қоғамның рухани тереңдігін сақтап қалу немесе нығайту үшін жүргізілетін идеологиялық жұмыстардың салмағы, алдыменен тарихтың тәжірибесімен таразыланып отыруы тиіс. Халықтың жан дүниесіне жақын, ұрпақтың танымы тілейтін құндылықтарды қоғамдық ортада насихаттау тарихты жүйелі түрде оқыту, білу және үйрету арқылы ғана жүзеге асады. Тарихты иманы дәрежесінде түсінген қазақтың тағылымында әр ата-ана, отбасы мемлекетке қызмет ететін жасты тәрбиелеп шығаруды парыз санап, олардың ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты қаруы тарих тағылымын үйрету болған. Қан мен ар тазалығын сақтап, рухын қорғау, сол арқылы болашақ өмірін жасау қазақтың әрбір баласының ұлттық санасына айналған ұғым.

Ұлтымыздың тәжірибесінен көріп отырғанымдай, ұлт руханиятындағы тарихи ұғымдар ұрпақтың тарихи түсінігін (тарихи сананы) қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылым мен ақпараттық технология ғасырының табалдырығын жаңа аттағалы отырған кезеңде, байлығы мол мемлекеттер үшін халықтың тарихи түсінігі қоғамның болашағын шешетін күш болмақ. Себебі, жаңа айтып өткенімдей, әлемдегі ғаламтор желісіндегі өткінші әсері мол нәрселерден ұрпақты қорғайтын бір ғана нәрсе тарихи түсінік, тарихи білім және ұлттық сана. Ұлттық сана тарихи түсініктен шығады, яғни тарихты білетін, дәстүріндегі, діліндегі ерекшеліктерді ұғына алған адамның ғана рухы оның өзін қорғайды.

Ұлттық рух, ұлттың жетістігін, рухани байлығын (құндылықтарын) біріктіріп отыратын, ұрпақтан ұрпаққа табысталып отыратын рухани қазынаны (ұлттық мүддесін) қорғап отырудағы зиялылардың тұлғалығымен көрінеді. Ұлт болмысындағы даналық, тектілік, елдік, елдікті нығайтудағы ақыл-парасат, батырлық және тағы басқа рухани қасиет үлгілерінің халықпен жеке адам бойында бірігуін ұлттық рух дейміз. Қазақ ойшылы Шәкәрім, «рух дегеніміз таза ақыл» деген. Ұлттық рух халықтың дүниетанымынан, дүниетанымы, өмір сүру тәжірибесімен үндескен, ұлт тарихының дәстүріне ілескен ұрпақтың ой өрісінен шығады. Бойында ұлттық рух болмаса ұрпақтың ішінен зиялылар қатары қалыптаспайды, қалыптасқан да емес. Ұлттың, жеке адамның рухани қасиеттерін негіздейтін ұлттық сана, тектілік, даналық адам бойындағы қабілет пен білімді ұштастырған тәрбиенің өнімі, бұл қасиеттер адам бойына ұлттық рух арқылы тұрақтамақ. Ұлттық тәрбие негізінде адам бойына даритын, ел болмысының бойында тұрақтап отыратын рух ұрпақты ұлтымен, мемлекетімен, тарихымен біріктіріп отыратын құндылық, рухани қасиеттердің жиынтығы. Ұрпақтың ұлттық рухын қалыптастырып отыратын елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі, тілі, әдебиеті, ата-баба дәстүрімен сақталып келе жатқан төл діні. Осы құндылықтарды жеке адам өз бойында біріктіре алса қоғамында ұлттық рух сақталып

отырады. Ұлттық рух сақталған ортада халықтың ұлттық бірегейлігі мен зиялылардың азаматтық және тұлғалық бірегейлігінің өздігінен күш алары анық. Халықтың ұлттық бірегейлігін, азаматтың еркіндігін сақтап, нығайтып отырудағы қазақтың тағылымы, жастарды зиялылыққа тәрбиелеудегі өнеге ұлттық рухтың мәнін тереңнен ұғындырады. Ұлт ісіне жұмылуда қазақ зиялыларының арасында байлық, ақша, мал-мүлік, сауда-саттық деген жүрмеген. Атамекеннің қасиетін, батырлардың еңбегін тереңнен ұғындыратын елдік, бірлік, ар-намыс ерікті түрде қазақ жастарын ұлттық мүдде ісіне жұмылдырып отырған. Өзгенің дәулетіне тамсанбай, өзінде бар нәрсені қадірлеген тұлғаларымыз ел болмысының негізінде жатқан, оның болашағына ауадай қажет (қызмет ететін) дүниелерді (жер байлығы, ұлт руханияты) қорғап өткен. Өз заманында елеусіз болса да, кейінгі заманда бағалы болатын елінің төл дүниелерін қадірлей алған. Бойында төл болмысымен, ел тұрмысымен, оның болашағымен ұштасатын қасиеттері мол адам ұлт зиялысы деңгейіне қол жеткізетіндігін қазақ тұлғаларының тарих өресінде қалған тағылымынан көреміз.

Зиялылардың қызметі тәуелсіздіктің тұсында да мемлекетке, қоғамға ауадай қажет. Мемлекеттің стратегиялық саясатын жүзеге асыруда, халыққа түсіндіруде, жергілікті жерлерде ұлттық идеологияның дұрыс жүргізілуіне зиялылар жұмыла кірісіп отырса, халыққа зиялылар тарапынан дұрыс бағдар берілсе қоғамда бірлік, ұлттық бірегейлік нығая түседі. Ұлттық рухы жоқ адам әлсіздігінен құбылатын, екі жүзді, жағымпаз келмек. Бұндай адам жақсы адам болып көрінуге шебер, икемді келеді. Қоғамда адам болмысына тән, тұлғасына қайшы жасанды әдеттер болмау үшін шынайы зиялылықты танытын, оның ісіне баға беретін алдыменен, халықтың өзі болуы тиіс. Ол үшін халықтың да бойында тарихи сана (білім), ұлттық рух болуы керек. Ұлттық рухы жоқ қоғам, бірлігі жоқ орта. Бұндай ортада ненің жақсы, ненің жалған екенін, ненің қажет ненің уақытша нәрсе екендігі толықтай танымауы, зерделенбеуі мүмкін. Ұлттық рух жеке адамның ғана емес, ұлттың, мемлекеттің, халықтың, ұрпақтың жетістігімен өлшенетін, сол арқылы көрінетін дүние. Бірлігі күшті, заманының өткінші, құбылмалы нәрселеріне килікпей, одан бойын аулақ ұстайтын, уақыттың талабына, ақылы, білімі, мінезі арқылы шыңдала білетін, тәрбиесі, білімі, қабілеті арқылы уақытының талабына икемделген елдің деңгейі ұлттық рухпен өлшенбек. Ұлттық рух пен оның тарихы, тарихты жасайтын тұлғалары қалыптасқан уақытта пайда болған. Зиялылардың міндеті осы құндылықты ұрпаққа жеткізу, өз дәуірінде халықтың бойынан шығарып отыру.

Қазақтың ұрпақты тұлғалыққа тәрбиелеудегі тәжірибесінің бір ғана сыры бар. Ол халықтың басын біріктіретін, ұлттық рухты көтеретін жастарды елге жақын тәрбиелейтін ортақ ұлттық сананың болуы. Осының нәтижесінде тарих сынынан халқымыз сүрінбей өткен. Бүгінгі ұрпақ осыны ескеруі қажет. Ұлттық рух пен ұлттық тіл егіз ұғым. Ана тіл ұлттың мәйегі.

Әр ұлттың тарихы мен мәдениетіне, әсіресе оның тұлғалану болмысына қарайтын болсақ, халықтың (ұрпақтың) ұлт ретінде қалыптасуына, тарихи уақыт сынынан сүрінбей өтуіне ықпал ететін құндылық ана тілі болып табылады. Тіл мәселесі қашанда ұлттық мүдде деңгейінде зерттелетін өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта әлемге өзінің мәдени құндылықтарын тарату, сол арқылы үстемдік құруды көздейтін мемлекеттер алдыменен тілі мен философиясының қолданылу аясын кеңейтуге ұмтылуда. Осы себептен тілдің мәдениеттегі феноменін зерттеу, ұрпақ санасында орнықтыру кез келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамдағы тіл мәселесінің негізінде ұлттық сана мәселесі жатыр. Ұлттың тілін білген, оны жетік меңгерген адам сол ұлттың дүниетанымы мен сусындап, ұлттық ойлауға дағдыланады. Тіл білімінің адамның рухани қалыптасуына, мемлекет азаматы ретінде тәрбиеленуіне әсер етуші бірден-бір құбылыс екендігін адамзат баласы, біздің де бабаларымыз ерте түсінген. Осының негізінде тілдегі сөздердің қорын байыту, дүниетанымдық ұғымдарды айналым шеңберіне енгізу көзделді. Тіл білімін сақтау мен нығайтып отыруда ғылыми бағытты қалыптастыру, шешендік өнер түрлерін дамытудың негізінде жаһандану құбылыстарына ерте қамдану жатыр. Ұлттық тілдің әлеуметтік таным шеңберінде құндылыққа айналып отыруы, ұрпақтың ұлттық болмыс арқылы игілікке қол жеткізуінде. Осы себептен Ахмет Байтұрсынов, «Егерде біз қазақ деген ұлт болуды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» - дейді. Ұрпақ ұлттық болмысынан қол үзген жерде ұлттың өзі де жоғалады. Сондықтан тіл ұрпақ

негізгі құндылық. Мемлекеттің болашағы оның мүддесіне тәуелді. Ал мемлекеттің мүддесі мемлекет құраушы ұлттың төл құндылықтарынан құралады. Ұлттық құндылықтар дегеніміз, тіл, атамекен, дін мен дәстүр, мәдениет, тарих. Осы ұлттық құндылықтардың ішінде ұрпақтың тұлғалануында ықпал етіп отыратын тіл. Жеке адам мен қоғамды біріктіріп отыратын тіл ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етіп отырады. Қазақ руханиятындағы тарихи жыр, толғау, тарихи әңгімелер, ертегі, аңыз әңгімелер, тарихи дастандар ана тілінің білімін негіздейтін сөз өнерінің әлеуметтік танымдық негіздері болып табылады. Осы ұлттық құндылықтар арқылы тарихи сана, ұлттық сана қалыптасып, жастар ұлттық рухта тәрбиеленіп отырған.

Менің пікірімше тіл философиясы ұлттық философияның негізі. Тілдің философиясы әр ұлттың тарихында ойлау мәдениетінің қалыптасу кезеңінде жатыр. Әлем мәдениетінің өресінде ойшылдар тарапынан зерделеніп отырған шешендік өнер түрлері қазақ қоғамында да орын алды. Алайда адамзат баласының ойлау мәдениетінің қалыптасу кезеңінде талқылана бастаған рухани құндылықтардың тіл білімінің қоғамдық сананың негізіне айналып отыруында. Тіл қашанда ұлттық құндылықтардың негізі, негізгі белдеуі болып қала берері даусыз. Екеуінің бірі болмаса елдің тұрақты түрде дамуы мүмкін емес. Ғасырлар бойы ұлттың болмысы, тағдыры үшін күресіп келген ұрпақтың танымы, ой өресі тарихтың тәжірибесі негізінде қалыптасып отыруы тиіс. Тарихымызда уақыттың қиыншылығына қарамастан алаш зиялылары тілдің білімін, философиясын, мәдениетін қалыптастырды және оны ұлт руханиятының өзегіне айналдыра білді. Бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған міндет осы ұлттың негізгі коды арқылы қоғамның даму өрісін кеңейтетін жаңа дүниелерге қол жеткізу болып табылады. Бұл дегеніміз ғылымды дамыту, ғылымның жаңа тәжірибелеріне қол жеткізу, сол арқылы әлемдік ғылымның айналымына қазақтың тіл білімін негіздейтін ұғымдарды енгізу. Бірақ бұл ұлттық қасиеттерді қоғам болып толық меңгеру арқылы ғана жүзеге асады.

Бұл ізденіс мақалам тезистік тұрғыдан жазылды. Мақаладағы көтерілген мәселелер тереңдетіліп зерттеу нысанына айналдыру келешектің еншісіне қалдырамын.

Түйін сөз; елдің қуаттылығымен күштілігі оның сыпа тұлғаларында: Ұлы көшті бастайтын ұлт зиялылары. Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет көкжиегін, ұлттық санаға сіңіру, бүгінгінің өзекті мәселесі. Өркениетті қабілетті ұлт болу үшін бірінші кезекте догма мен демонологиядан бас тартып білім мен ғылымға ден қойып, арқа сүйеу кезек күттірмейтін проблема. Көп түкірсе көл болады, жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, бір ұлт, бір тіл, бір мәдениет, философиясымен қарулансақ өркениеттен елеулі орын аларымыз хақ.

#### **Пайдаланылған деректер:**

- 1.« АВАІ. kz» ақпараттық порталы, 6 шілде 2017 жыл.
2. «Ақиқат» журналы №11, 2018 жыл.
3. «Ақиқат» журналы №6, 2018 жыл.
4. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.1.- Алматы: Ғылым, 1993. – 208 бет.
5. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 480 бет.
6. Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. -448 бет.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
8. Әбу Насыр Әл-Фараби. «Қайырымды қала». – Алматы, 2015. – 284 бет.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.- 608 бет.
10. Бурбаев Т.К. Ұлт менталитеті. Монография. Астана: «Елорда», 2001. – 248 бет.
11. Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 328 бет.

**Ұлттық сана – мәдениетті ұлт****Майлыбай Б. Т.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – Сүлейменұлы Ғ.

«Тарих-география» кафедрасының аға оқытушысы

Ақиқатты асырыпта айтпа, жасырыпта айтпа, ақиқатты түсініп айт, яғни қандайда да бір әлеуметтік-экономикалық, саяси формацияның, философиялық, мәдени негізі, ұлттық сана мен ұлттық идеяға бейімделеді. Жалпы сана дегеніміз не? Адам әлеуметтік субъект, ал мемлекет объект десек, объект, субъектсіз тұл. Ал объектіні құру үшін ұлттық санасын ұлттық мәдениетін қалыптастыру керек. Сана қалай пайда болды, мәні неде деген сұраққа жауап іздейтін болсам, ғалымдар сана барлық материяның жемісі емес, тек ерекше ұйымдасқан материя-адам миының функциясы екенін дәлелдеді. Адам миы-аса күрделі, әрі өте нәзік миллиардтаған жүйке клеткалардан (нейрондардан) тұратын аппарат. Адамның ми клеткалары (нейрондар) жалпы саны 14-15 миллиардтай.[1]

Адам миының құрылымы аса күрделі, мидың қабыршағы астындағы аппарат шартсыз (инстинкті) қимылдарды басқарады. Жануарларда инстинкті қимылдар әр дайым ешбір шартты байланыссыз, бағынышсыз емін-еркін көрінетін болса, адамдарда ол әрекеттер қашанда санаға тікелей бағынышты, оны сана билейді. Адам миы түрлі түйсіктер арқылы келетін мәліметтерді орталық жүйке арқылы қабылдап, оны қорытады, белгілі ой тұжырымдарын жасайды. Сана қалай пайда болды деген сұраққа жауап беру: Ол түйсік мүшелері арқылы объективті ақиқатты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады, ал бұл үшін көп мағлұматтардан хабардар болу қажет. Сана мисыз өмір сүре алмайды, ал біздің түйсіктерімізге әсер ететін-сыртқы дүние. Сол әсерлер қорытады шешім жасайды. Әрине адам ми арқылы ойлайды, бірақ оның мәні сыртқы дүниеде, соны бейнелеуде. Ми-ең алдымен объективті ақиқатты дәл-былайша айтқанда сыртқы дүниені бейнелейтін ағза. Бірақ сана мен объективті ақиқат ешқашанда мейлінше дәлме-дәл болмайды. Яғни, сана ең жоғарғы ұйымдасқан материя-мидың функциясы ретінде бірден пайда болған жоқ. Ол талай дәуірден өткен.[2] Сонымен, талай әлеуметтік формациялардан өтіп ұлттық сана қалыптасты. Ұлттық сана ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, сананы тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние, ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған. Тарих өрісінен ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу қиын емес. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және өзге де ұлттық қасиетке терең болудан көрінеді. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары алдыменен жеке адамның өмірге деген ерік-жігерін қалыптастырып отырған. Қазақтың рухани өмірі қарапайым болғанымен елдікті, ұрпақтың ауыз біршілігін сақтайтын нәрселерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізу онай болмаған. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытып, оған ерік - жігерімен төтеп бере білетін ұрпақты қоғам алдына шығарған. Соның нәтижесінде елдің әлеуметтік жағдайын өзгертетін (күрделендіретін) нәрселер қазақ қоғамының ішіне тұтастай ене алған жоқ.[3] Қазақ тұлғаларының ұғымында ұлттық сананың ұясы ұлттың тарихы. Қазақ ұлтының рухани дүниелерінің өзі көрсетіп отырғандай, тарихты білген ұрпақтың тәрбиесі күшті болады. Кез келген нәрсеге ақылмен қарап, болашағына қатысты мәселені білімімен шешуге ерте бейімделеді. Жалған нәрселерге сене бермейтін жастардың қатары тарихтың білімін иеленуден шығады. Тарихын білген қоғамда, ел тарихының шындығын негіздейтін

«Дискурс» термині жеке дара термин ретінде алғаш рет ХХ ғасырдың 50- жылдары Э. Бенвенист еңбегінде «сөйлеуші тарапынан айтылатын сөз (речь)» ретінде [1, 139 б.], ал американдық ғалым А.Харрис 1952 жылы жарнама мәселесіне арналған мақаласында сөз еткен болатын. Осы кезеңде Ю. Хабермас та дискурс мәселесін қозғап, дискурсты қарым-қатынастың ерекше түрі, арнайы диалог деп түсінген еді. Ол «дискурс көздеген мақсатына жету үшін қатысушылардың дайындығын талап етеді» деп атай отырып, дискурс оның қатысушыларының негізінде жүзеге асатынын байқалды [2, 234 б.]. Жалпы дискурс ұғымы тіл білімінде ХХ ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап қолданысқа ие бола бастады. Дискурс ұғымы ғалымдардың пікірі бойынша, лингвистикалық, философиялық, әдеби-теориялық, саяси, этнологиялық, педагогикалық, тарихи, медиалық, психологиялық зерттеулерде түрлі феномендерді сипаттаушы көпмағыналы, көпаспектілі ұғым ретінде танылған.

Терминнің көптеген ғылыми интерпретациялары бар. Сол анықтамалардың ең маңыздыларына тоқтала кетейік. Коммуникативтік лингвистика мен элеуметтік зерттеулерде дискурстың орны ерекше және дискурс өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Дискурс» терминіне берілген анықтамалар көптігі оны зерттеудің түрлі бағыттарымен – формалдық, функционалдық, жағдаяттық (ситуативный) және когнитивтік бағыттардың болуымен байланысты.

Формалды және функционалды бағыт тұрғысынан дискурс үш түрлі тұрғыдан қарастырылады:

– формалды және құрылымдық бағытталған лингвистика тұрғысынан дискурс «сөз тіркесі не сөйлем деңгейінен жоғары тұратын тіл» ретінде анықталады. «Сәйкесінше, дискурс деп екі немесе бірнеше сөйлемдердің бір- бірімен мағыналық тұрғыдан байланысын» атайды [3, 154 б.].

– функционалдық тұрғыдан дискурс кез-келген «тілдік қолданыс» ретінде тілді функционалдық тұрғыдан талдау бойынша тілді кең элеуметтік-мәдени мәнмәтінде қарастыруға негізделген;

– форма мен функцияның өзара байланысы «дискурсты айтылым (высказывание)» ретінде қарастыруда көрініс табады. Ал бұл дегеніміз дискурс жай ғана «сөйлем деңгейінен» жоғары тұратын тіл ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдік қолданыстағы функционалдық, мәнмәтіндік (контекстуалдық) бірліктердің кешенімен сипатталады [4, 67 б.].

Жағдаяттық бағыт тұрғысынан дискурсты элеуметтік, психологиялық, мәдени маңызды жағдайлар мен жағдаяттар мәнмәтінде қарастыруды көздейді. Когнитивті бағыт дискурсты когнитивті құбылыс ретінде қарастырып, белгілі бір білімге сүйенуге, не білімді кеңейтуді көздейді.

Кең тараған анықтамалардың ішінде Т. Ван Дейктің анықтамасы былай дейді: «Дискурс, өзінің кең мағынасында, тілдік форманың – мағына мен іс- әрекеттің күрделі бірлігі, ол өз кезегінде коммуникативтік акт тұрғысынан жан- жақты сипаттала алар еді». Осы берілген анықтамаға сүйене отырып көптеген зерттеушілер дискурсты «белгілі бір когнитивті және типологиялық негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазба мәтінде не ауызша сөйлеу тілінде орнығып отыратын коммуникативтік оқиға» деп [5, 54 б.]; бірі

«мәтіннен басқа да экстралингвистикалық факторлардан (әлем туралы білім, ой-пікір, тұжырымдамалар, адресат мақсатынан) тұратын күрделі коммуникативтік құбылыс» деп түсінеді. Т.А. ван Дейк дискурсты үлгі ретінде алып, дискурсты өзін жеке дара емес, элеуметтік аспектіні де назардан тыс қалдырмауды жөн санайды. Оның пайымдауынша, мұнда элеуметтік жағдаяттың типі жеке адамдарға қатысты немесе қоғамдық, институционалды (формальды) және бейформальды; элеуметтік өзара әрекеттестікті жүзеге асырушылар – қатысымшылардың мінездемелері, позициялары (рөлдері, мәртебесі), қасиеттері (жасы, жынысы және т.б.), қарым-қатынастары есепке алынады.

М. Стаббс дискурстың негізгі сипаттамаларын былайша анықтайды:

1) формальды тұрғыдан дискурс – сөйлеммен салыстырғанда сөйлемнен үлкен тіл бірлігі; 2) мазмұндық тұрғыдан дискурс тілді әлеуметтік мәнмәтінде қолдану деп түсіндіреді; 3) ұйымдастырушылық жағынан дискурс интерактивті, яғни дискурсқа диалогтық қасиет тән [6, 55-93 бб.]

В.Е. Черняевская өзінің оқу құралында дискурстың тіпті екі бірдей анықтамасын береді:

1) дискурс – бұл белгілі бір когнитивті және типологиялық негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазба мәтін мен ауызша сөйлеу тілінде көрініс табатын нақты коммуникативтік оқиға. Бұл анықтама коммуникацияның прототиптік сипаттамасына (мәтінді/дискурсты қабылдау және құрастыру моделі, мәтін/дискурс типологиясы), коммуникативтік іс- әрекеттің үдерісі мен өнімі ментальдық саламен байланысына аса назар аударады. Осы тұрғыдан, дискурстық талдау экстралингвистикалық әсердің деңгейі мен сипаттамасына – әлеуметтік институттар, мәдени, идеологиялық және тағы басқа факторлардың дискурстың белгілі бір заңдылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

2) дискурс – тақырыптық тұрғыдан арақатынасы белгіленген мәтіндер жиынтығы: бір ортақ тақырыпқа жүйеленген дискурста жинақталатын мәтін. Дискурстың мағынасы жеке дара мәтін көмегімен ашыла қоймайды, ол интермәтіндік деңгейде, яғни көптеген мәтіндер жиынтығының арақатынасы негізінде ашылады. Басқа сөзбен айтқанда, дискурстың бұл анықтамасы бір коммуникативтік сала аясында қызмет ететін мәтіннің көптеген түрлерінің арақатынасын меңзейді. Лингвистикалық тәжірибеде адам танымы мен қарым- қатынасының жеке бекітілген әлеуметтік-тарихи саласы ретінде дискурстың медициналық, заң, саяси, жарнамалық және тағы да басқа түрлерін қарастыру қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурстық анализ дискурстың тақырыптық бірлестігі қалай қамтамасыз ететіндігі, жеке мәтіннің/дискурстың қай элементтері дискурсқа ортақ, тән болып келетіндігі және қандай мәтін түрі қандай дискурс түрін анықтайтындығы жөніндегі зерттеулерге бағытталған [7, 77 б.].

Бұл жерде ең маңыздысы бір дискурс мәтіннің әртүрлі түрлерімен берілуі мүмкін, ал өз кезегінде мәтіннің бір түрі әртүрлі арнайы дискурстың элементі болуы әбден мүмкін.

Зерттеуші В.Е. Черняевская пікірі бойынша, дискурстың бұл екі анықтамасы бір-біріне байланыссыз емес, керісінше, танымдық құбылыстың түрлі жақтарын сипаттайды деп санайды. Жоғарыда келтірілген бұл анықтамалардың басын біріктіретін болсақ, «дискурсты жағдаяттық мәнмәтіннен ажырағысыз байланыста болатын мәтін деп түсіну керек: әлеуметтік, мәдени-тарихи, идеологиялық, психологиялық және т.б. факторлардың жиынтығында, адресатпен өзара қарым-қатынаста болатын автордың коммуникативтік-прагматикалық және когнитивтік ұстанымдар жүйесімен, түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің мәтінде берілуі кезінде ретке келтіруімен сипатталады».

Қазақстандық ғалым Б.А. Ахатова дискурсты реципиенттер интерпретациялайтын коммуникативтік әрекеттер нәтижесі деп таниды. Бұдан түсінікті болатыны, дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түріндегі вербалды жемісі. Автор «мәтінді» тіл жүйесімен, ал «дискурсты» актуалды сөйлеу әрекетімен байланыстырады. Зерттеуші дискурсты қашанда нақты бір жағдайдағы нақты нысандарға қатысты нақты бір мәнмәтінде қарастыруды ұсынады. Профессор Қ.Ө. Есенова дискурстың прагматикалық табиғатын зерттей келе, «дискурсты прагматикалық түрде талдағанда, коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуниканттарға мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады» деп ойын қорытады.

Н.Д. Арутюнова дискурсты «экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б. факторлардың жиынтығы негізінде байланысқан мәтін; мақсатталған әлеуметтік әрекет» деп түсіндіреді, дискурсты жанды сөз (речь, погруженная в

жизнь) ретінде қарастырады. Сонымен, лингвистикалық тұрғыдан дискурс сөздің алшақтатылған вербалды нәтижесі ретіндегі мәтіннен және өзі қызмет ететін жағдаяттық және мәдени мәнмәтіннен тұрады. Е.И. Шейгалдың пайымдауы бойынша «тіл абстрактілі таңбалар жүйесі ретінде дискурс не дискурстар түрінде өмір сүреді. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің белгілі бір саласында, белгілі бір әлеуметтік кеңістікте жүзеге асады» [8, 156.]. Сондықтан зерттеушілер тарапынан дискурстың саяси, медиалық, экономикалық, ғылыми сияқты түрлеріне көп көңіл бөліп жүр.

Дискурс қарым-қатынастың белгілі бір жағдайына құрылуына, сәйкесінше қарым-қатынасқа қатысушылардың түрлі әлеуметтік рөлдері мен тұжырымдардың болуына байланысты, жалпы әлеуметтік лингвистика тұрғысынан дискурстың тұлғалық (тұлғаға бағытталған) және институционалды (мәртебеге бағытталған) сияқты екі түрі ажыратылады. Біріншісі бірін-бірі жақсы танытын, білетін коммуниканттар арасында болатын қарым-қатынасты білдіреді, екіншісі әлеуметтік топтардың қарым-қатынасын білдіреді. Мәртебеге бағытталған дискурс институционалды дискурс болып табылады. Ол түрлі әлеуметтік топтардың тілдік өзара қарым-қатынасын немесе түрлі институттардың бір-бірімен қатынасын не саяси институттар аясында өзінің мәртебелік-рөлдік мүмкіндіктерін жүзеге асыратын адамдар арасындағы қарым-қатынасын білдіреді. Олардың саны қоғам дамуының нақты кезеңіне байланыста қоғам қажеттілігімен реттеліп отырады.

Институционалдық қарым-қатынас – дискурсивтік жағдаяттағы белгілі бір әлеуметтік топтар өкілдерінің қарым-қатынасы. Институционалдық дискурс түрлі салада қалыптасқан ресми және бейресми ереже, норма, ұстанымдар аясындағы қарым-қатынас болып табылады және қоғамдық әлеуметтік институттар типтерімен анықталады.

Институционалды дискурға келесідей белгілер тән: белгілі бір интенция – қарым-қатынас мақсаты; қарым-қатынас орны; қарым-қатынасқа қатысушылардың мәртебелік рөлінің сипаттамалары; тарихи өзгергіштік – әлеуметтік институт жоғалған кезде оған тән қарым-қатынас түрі де жоғалады [9, 27 б.].

В.И. Карасик институционалды дискурға тән төрт топтық белгілерін айырады: дискурстың конституционалды белгілері (қарым-қатынасқа қатысушылар, қарым-қатынас саласы, қарым-қатынас амалдары, қарым-қатынас материалы – вербалды және бейвербалды таңбалар); институционалдықтың белгілері (қатысушылардың мәртебелік-рөлдік сипаттамалары, қарым-қатынастың орны, символдық әрекет және қарым-қатынастың трафаренттігі); институционалдық дискурстың түрлерінің белгілері (қоғамдық институттың типі, сол институттың негізгі концептілері, институт қатысушыларының қызметі, өзін-өзі ұстау стереотипі, сол қоғамдық институтқа тән мәтін); бейтарап белгілер (жалпы алғанда дискурға және дискурстың басқа да түрлеріне тән белгілер). Мысалы, Егемен Қазақстанда жарық көрген мына мақалаға назар аударайық: «Парламентші пайымы»

#### **Әдебиеттер:**

1. Бенвенист Э. Общая лингвистика / Пер. с фр. – М.: Прогресс, 1974. – 447 с.
2. Хабермас Ю. Философский дискурс о модерне. – М.: Весь Мир, 2003. – 416 с.
3. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: Изд-во МГУ, 1976. – 170 с.
4. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003. – 280 с.
5. Стилистический энциклопедический словарь русского языка/ под ред. М.Н. Кожинной. – М.: Флинта: Наука, 2003. – 696 с.
6. Stubbs M. Discourse Analysis: The Sociolinguistic Analysis of Natural Language. – Oxford: Blackwell, 1983. – 279 p.
7. Черняевская В.Е. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия: учеб. пособие. – М.: Флинта, Наука, 2006. – 136 с.
8. Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
9. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М.: Гнозис, 2004. – 328 с.

## XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ДЕҢГЕЙІ, ПОЭТИКАЛЫҚ ҚУАТЫ

**Байжұманова Б.М.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші – **ф.ғ.к. Омаров Н.К.**

XXI ғасыр әдебиетінің көркемдік деңгейін, поэтикалық қуатын зерделеу үшін, оны өткен әдебиеттің бағдарында сабақтастықта зерделеп, әдеби мұраға бүгінгі таным түсінік тұрғысынан қарап, олардың көркемдік қуатын студенттерді адамгершілік қасиеттер мен идеялық ұстамдылыққа үйретудің құралы ретінде оқыту, қарастыру қажет.

Қазіргі қазақ прозасын, оның ішінде қазақ романдарын зерделеуде тақырыпқа сәйкес әдебиеттанудағы ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектерге сүйене отырып жұмыс жүргізген тиімді болмақ. Мысалы, әдебиеттегі дәстүр мен сабақтастық мәселесіне қатысты талдаулар жүргізгенде, қазақ романының туу, қалыптасу, өркендеп қанат жаюын талдаған іргелі еңбектерді басшылыққа алу тиімді болмақ.

Роман жанрының туу, өсу жолдарын қарастыру, қазақ әдебиеті тарихын зерттеу ісімен қатар жүрді. Ол жайлы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» (1949, 1958), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3 том, 1967) және «Қазақ әдебиеті тарихының» жаңа нұсқасында (7-8-9 томдар, 2004-2005) жанрларды зерттеумен байланысты арнаулы тараулар берілді. Олардан басқа жанрды арнайы зерттеулер қатарында Е.В.Лизунованың «Современный казахский роман» (1968), А.Тұрысбектің «Реалистік роман және типтік характер» (1970), Ж.Ысмағұловтың «Облик современника» (1970), Н.Ғабдуллиннің «Замандас келбеті» (1972), М.Атымұмовтың «Қазақ романдарының поэтикасы» (1975), Б.Шалабаевтың «История казахского романа» (1975), Р.Бердібаевтың «Қазақ тарихи романы» (1979), Т.Сыдықовтың «Қазақ тарихи романы» (1999), Ж.Дәдебаевтың «Жазушы еңбегі» (2001), З.Бисенғалидің «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), М.Хамзиннің «60-80-жылдардағы қазақ романы (стиль және типология мәселелері)» (1997), «Қазіргі қазақ романы» (2001). Т.Рахымжановтың «Романның көркемдік әлемі» (1997), Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (2003) атты еңбектерін [1] атауға болады.

Жоғары мектептегі оқыту үдерісінде қазіргі тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдарын оқытуда қазақ романдарының авторларының шығармашылық жолы жайлы жекелеген докторлық, кандидаттық диссертациялармен әдеби сын мақалаларды негізге алу студенттерді ғылыми ізденушілік, шығармашылық бағыттағы жұмыстарға бағдарлап отыруға, болашақ кәсіби мамандардың әдеби білім мазмұнының толығына септігін тигізері анық. Білім мазмұнын белгілі типті оқу мекемесінде арнайы оқытуға таңдалып алынған білім, біліктілік және дағдылардың нақты жүйесі деп түсіндіруге болады.

Бұл жүйеге студенттердің белгілі интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін қоршаған орта, қазіргі заман өндірістері, мәдениет және өнер туралы білім; білім арудың интеллектуалдық және практикалық біліктіліктері мен оларды қолдану тәсілдері; танымдық іс-әрекет, теориялық және практикалық мәселелерді шығармашылықпен шешу дағдыларын меңгеру кіреді. Білім мазмұны категориясы адамдарға белгілі табиғат, адам, қоғам туралы білімдері, белгілі іс-әрекет тәсілдерін орындаудағы адамға тән біліктіліктер туралы алынған білімдері; қоғам алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу тәжірибесі; өмір, табиғат, қоршаған орта тағы басқалар туралы ойлары көрсетілген әлеуметтік тәжірибені бейнелейді. Бұл айтылғандар әдебиетті өмір оқулығы ретінде оқытқанда жүзеге асатыны анық.

Білім мазмұнының қайнар көзі – материалдық және рухани мәдениетте бекітілген адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі болса, білім мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдары

оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігімен сәйкестікте қарастырылады.

Мәселен, біздің зерттеу жұмысымыздағы роман жанрын қарастырудың өзіндік ерекшеліктері көркем шығарманың мазмұндық көлемін игертумен бірге, қазіргі әдебиетіміздегі дәстүр мен сабақтастық мәселесін, тарихи, уақыттық, қоғамдық танымға деген авторлық жаңаша пайымдауларын, көзқарасын талдауға үйретуге құрылады.

Мысалы, ХХІ ғасырда жазылған романдардағы тақырыптардың бұған дейінгі кезеңдердегі игерілуі, сол кезеңдегі авторлық ұстаным, тақырыптардың бүгінгі күнмен салыстырмалы түрде талдау қажеттігі көрсетіледі. ХХІ ғасыр қазақ романдарын оқыту мазмұны қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытудың типтік бағдарламасымен анықталады. Бағдарлама оқытушылардың ХХІ ғасыр қазақ әдебиетінен білім берудің жетекші құралы болып табылады. Бұл ретте әдіскерлердің ескеруі тиіс маңызды мәселе алға шығады.

Ол – классикалық қазақ әдебиеті мен қазіргі қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнын түбегейлі жаңа тұжырымдамалық негізде қайта жүйелеу. Қазіргі таңға дейін ЖОО білім беру жүйесінде мұндай маңызды мәселе шешімін таппай келе жатыр. ХХІ ғасыр қазақ әдебиетін, оның ішкі қалыптасу үрдістері мен даму үдерістері тәуелсіздік идеясына қалай негізделгендігі де жеткілікті деңгейде зерттелмей келеді.

Әдебиеттану ғылымы тұрғысынан ішінара зерттелгенімен, сол монографиялық зерттеулердің әдістемелік негізде жүйелеу қалыс қалып отыр. Бұл өз кезегінде жоғары мектеп дидактикасының үлкен бір саласы – білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптауға байланысты екендігі сөзсіз. Сондықтан, қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы жинақталып келе жатқан қазынасы ретінде ХХІ ғасыр қазақ романдарын меңгерту, сұрыптау, ЖОО бағдарламасына енгізу, талдау әдіскерлік шеберлікті, мол тәжірибені қажет етеді.

Аталған мәселені әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуқенов: «Әрине, жаңа кезең көркем кітабының бәрі бірдей қалам ұшына іліккен жоқ. Кейбір татымды туынды әртүрлі себеппен назарға түспей қалды да. Түспей қалуының бір себебі, әдебиет тарихы баспа жүзін көрген шығарманың құнын айырмай, шетінен тықпалай беруді көтермейді. Қазір не көп – қағаз топаны көп. Проза әлеміне де, өлең өлкесіне де кіруге лайықсыз, әдебиетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шалажансар шимайлардың бүгіндері қаптап кеткені жасырын емес. Қара нөпірім басылым арасынан ауыз тұшырлық кісі қызығарлық дүниені айырып алудың өзі бірталай жұмыс. Дәмі жоқ, татуы жоқ сүреңсіздіктің насихатталуы бос әурешілдік. Сондықтан кітапта бүгінгі тәуелсіздік әдебиетінің әжетке жарайтыны, жілігі татиды дегендері ғана іріктеліп талданды» [2], - деп атап көрсетеді.

Мемлекет білім беру орындарына мамандарды дайындау үшін тапсырыс береді. Пәннің оқу бағдарламасы мемлекеттің сол тапсырмасына сүйене отырып қажетті білім мазмұнын сұрыптайды. ХХІ ғасыр қазақ прозасының роман жанрының даму тенденциясынан берілетін білім мазмұнын анықтау және оны оқыту әдістемесі бойынша алда тұрған екі міндет бар:

1) 2000 жылдан бергі кезеңде дүниеге келген озық идеялы және эстетикалық құндылығы мен тілдік-танымдық қуаты зор көркем туындыларды сұрыптау; сол арқылы білім алушыларға Тәуелсіз Қазақстанның айқын бейнесі мен болмысын таныту, тәуелсіздік мазмұндағы әдебиетте таңбаланған қазақтық әлеуметтік мәдени кодтарды меңгерту;

2) Егемен ел, тәуелсіздік мұраттары мазмұнындағы жаңа ғасырдағы қазақ әдебиетінің роман жанрының дамуын меңгерту арқылы студенттерге көркем әдеби талдаудың жаңа тұжырымдамасын, әдеби шығармаларды талдаудың жаңа ұғымдық аппараттарын қалыптастыру.

Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті туындылары сол кездегі негізгі әдіс – социалистік реализм әдісі арқылы талданып келгені белгілі. «Жағымды» және «жағымсыз» кейіпкерлердің оппозициялық талдануы арқылы кеңес заманының геройы туындап шығатын әдіс сол кездегі ең тиімді әдіс болып саналды. Ал қазіргі барынша шынайы, мүмкіндігінше өмірдің өзі алға қойып отырған тұрмыс күрмеулерінен шыға алатындай амал-тәсілдердің мектептегі, жоғары білім берудегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне енуі өмір, заман талабынан туған жағдай. Біздің зерттеу жұмысымызда бұл мәселе ХХІ ғасыр романдарының даму сипат тақырыбында талданып көрсетіледі.

Атап айтқанда, XX ғасырдың соңы ХХІ ғасырдағы қазақ прозасындағы тәуелсіздік идеясы мұраттарының, ұлт руханиятының көркем прозадағы роман жанры арқылы көрініс табуы, көркем-рухани, эстетикалық жағынан дами түсуі Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, Д.Досжан, Б.Мұқай, Т.Әбдіков, Қ.Мұқамбетқалиев, Ж.Шаштайұлы, Т.Нұрмағанбетов, Б.Нұржекеев, С.Елубай, А.Смайыл, т.б. қаламгерлердің туындыларында жан-жақты талданады[3].

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдарындағы тақырыптық ізденістер, жазушы ізденісі, авторлық тұлға, көркем мәтіндік құрылымды кейіпкерлер арқылы берілу жолдары осы кезеңнің барлық романдарына тән әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады. Бұл ретте әдебиет теориясы бойынша меңгертілетін ғылыми аппараттар – терминдердің де жүйесі айқындалуы керек.

Қазіргі заман қазақ романдарын оқытуда, талдатуда әдебиеттанудың жаңаша терминологиясын кәсіби тұрғыдан студенттерге меңгертуде де жаңашыл әдістемелік ізденістер орын алуы керек. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін шолу түрінде өту көзделгендіктен, оқытушының өз бетімен студенттерге кең арналы білім беруіне қазіргі ақпараттық мүмкіндіктер мол екенін атап көрсеткіміз келеді. Сондықтан біз ұсынып отырған таңдау пәнінің оқу бағдарламасында аталып көрсетілген авторлармен шектелмей, кеңірек білім мазмұнын беруге ұмтылыс жасалып, әсіресе жас қаламгерлердің шығармаларын талдауға мән берілді. Көркем мәтінді талдау, түсіндіру, меңгерту әдістемесінде оқырман студенттердің әдеби жанрлар мен тектер туралы, әдеби талдаудың жалпы әдістемелік нұсқаулықтарын білуі шарт.

Әдебиетті оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселенің бірі - көркем мәтіннің алғашқы қабылдануы мен оның талдау үрдісінде тереңдене түсуінің өзара байланысы. Бұл мәселеде шешімін таппаған, талас туғызатын сұрақтар баршылық, сондықтан болашақ кәсіби әдебиетті оқытушы маман ретінде қалыптасуында студенттің өзіндік тәжірибесінің қалыптасуы да аса маңызды рөл атқарады. Көркем шығарманы талдау әлбетте оны қабылдаумен байланысты болады.

Қазіргі таңда көркем әдеби туындыны қабылдау мәселелері әртүрлі деңгейде зерттелді, атап айтсақ, әр түрлі жанрдағы туындыларды қабылдаудың кезеңдері мен негізгі ерекшеліктері, оқырмандардың аудиториясы, оқырмандардың қабылдау құрылымы, көркем туындыны қабылдау мен талдаудың өзара байланысы О.Ю.Богданова, Л.С.Выготский, Н.А.Демидова, Л.Г.Жабицкий, М.Г.Качурин, Н.О.Корст, А.Н.Леонтьев, В.Г.Маранцман, П.М.Якобсон, және отандық ғалымдар Т.Ақшолақов, Қ.Алпысбаев, Б.Ө.Сманов, Т.Жұмажанова, А.Тамаев, Б.Жұмақаева, К.Құрманбай т.б отандық ғалымдардың еңбектерінде [4] қарастырылған.

ХХІ ғасыр әдебиет тарихындағы ерекше кезең, ол енді басталған тәуелсіздік жылдарындағы туған әдебиеттің даму үрдісінің даңғыл жолы және ғасырлар бойы жинақталған әдеби мұраның, өткен әдебиеттің дамуының іргетасы деп тұжырымдауымызға болады.

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аңсаған асыл мұраты, ұлттық мүддесі болып қазақ әдебиетінде таңбаланып қалса, қазіргі уақытта сол арман болған кезеңді ақын-жазушылар мақтанышпен жырлап жатса, ол мазмұн қазіргі студент жастардың рухани дүниесінде өз орнын алып, өз биігінен көрінуі тиіс.

Осы бағытта Қ.Жұмаділовтің «Прометей алауы», Қ.Мұқамбетқалиевтің «Тар кезең», Ж.Ахмади «Айтұмар», Н.Қуантайұлы «Қараөзек» және т.б. қаламгерлердің романдарында ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерінің қамтылуы, күрделі тағдырлы тарихи тұлғалар мен оқиғаларды әдеби үдерісті талдаудың жаңашыл әдіснамалық әдіс-тәсілдермен қарастыруға назар аударып отырып, жұмыста ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында жазылған романдарды тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары бойынша саралап талдау мынадай бағытта қарастырылды:

1.Роман жанрында тарихи шындықтың бейнеленуінің қазіргі уақыт аясындағы қамтылуы;

2.Жаңа заман романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік шарттылық жинақтауларының сабақтастығы;



3.Тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуі; әдеби бейнелердің прототиптік негізділігінің мәні;

4.Кейіпкерлерді даралау мен мінездеудің психологиялық ерекшеліктері;

5.Романдардың идеялық-композициялық желісіндегі ұлттық-этнографиялық сипат болмысы;

6.Тәуелсіздік үшін күрескен хандар, батырлар, ұлтымыздың көсемдерінің тарихи романдар арқылы сомдалуындағы көркемдік мақсат.

XXI ғасырдың қазақ әдебиетінде тәуелсіздің алғашқы жылдарында өзіне дейінгі дәстүрлі қалыптасқан көркемдікті дамыта отырып, жаңа тұрпатты әдебиет туындады. Бұл сипатта XX ғасырдың 90 жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазіргі қазақ әдебиетінің дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең қамтылмаған ақтаңдақ беттерін зерделеп жазу үрдісі өрістеді. Сонымен қатар, көркем шығарманың мазмұны мен пішінінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан арылған хал-ахуал қалыптаса бастады.

«Адам-қоғамның басты құндылығы» деп бағаланып отырған қазіргі жаһандану жағдайындағы әдебиетте қаламгерлердің жазушылық шеберханасындағы сабақтастық пен олардың көркем шығармаларында көтерілген мәселелерге соны ізденістер, жаңа көзқарас тұрғысынан қарау, қағаз бетіне түскен ой пікірлерді, ана тілінде жазылған әр жанрдағы туындыларды парықтау, пайымдау қажеттігі туындайды.

### Әдебиеттер

1 Ысмағұлов Ж. Алтын ғасырдың ақ таңы. Электрондық ресурс. - Алматы: Арыс, 2019.- 496 б

2 Елеуқенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде(1991-2001 жылдар). – Алматы: Алатау, 2006.- 352 б.

3 Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары: Оқу құралы. – Алматы: 1995. – 227 бет

4 Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2018. – 512 бет

ӘОЖ 811.512

## POLITICAL COMMUNICATION AND POLITICAL DISCOURSE

**Ayash A. B., Asangali M.**

Tashenev University, Shymkent city  
Scientific supervisor – **master Akberdi B. A.**

The special role and importance of political communication today leads to a correct understanding, adequate interpretation of many political issues between the people and the authorities. And the peculiarity of a politician lies in the discursive nature of his speech, when politics is interpreted only by the word. And "we attribute the concepts of Economics and Politics to the universal concepts in the linguistic picture of the world, closely interconnected, one of which is a condition of the other, not subject to time and time, in many cases even higher than national concepts [1,56 p.]. A politician can control the masses through his speech, he can manipulate, he can campaign, he can convey information to the masses in a convenient way to his channel. Therefore, any word is distinguished by the property of influencing participants in political communication to a certain extent.

Political communication – the relationship between participants in political activity; a complex and multi - faceted process in the interaction of political parties and actions. The term communication comes from the Latin word comunico and complements the meanings that I will communicate, communicate. Modern linguists know communication as the combined activity of

encoding, transmitting and receiving information. Two equal parties participate in the course of communication: one is the addressee (writer or speaker), one is the addressee (listener or reader). In addition to the verbal form of conveying politically significant information, there is also a nonverbal (types of video, symbol, gesture, gesture).

A. A. Imanbayeva in her Ph. D. thesis "political communication in the Republic of Kazakhstan: features and problems" wrote: "political communication is a necessary condition for the existence of any political institution, it is a necessary condition for the struggle for power and the implementation of power functions. Political communication ...a continuous process that takes place in the mutual exchange of information between individuals and groups at all levels of political interconnection", defines [2, P. 27].

Political communication has six different areas of study:

- the structural direction is linked to cybernetics: communication is linked to the concept of social control;

- according to the linguistic direction, the activities of the political elite are carried out through a special language as a means of social control;

- symbolic orientation sees politics as the process of creating symbols, their distribution and manipulation;

- functional orientation to such functions of communication as stability and sociology (social adaptation to the norm of the political system)

  - emphasizes the importance of communication for the political structure;

- from the point of view of the organizational direction, the Intergovernmental information flow and the reasons that limit these information flows are considered. The government is seen as a large single institution. He, like all institutions, is characterized by various problems and limitations.

- the environmental direction analyzes the impact of the political system on political communication. The state establishes certain social institutions and regulates the process of communication (a certain language policy).

And ZH. K. Ibraeva in her doctoral dissertation "political linguistics: bilingual communicative Communication" wrote: "political communication is a special type of communication that arose after the perestroika period. It is characterized by conceptual, evaluative and linguistic freedom", defines.

Participants in political communication are representatives of political parties and institutions. Therefore, political relations are constantly ideological in nature. Ideology reflects the values and beliefs of the representatives of the group. He has the ability to influence the mental world of participants in political discourse and control their communicative actions.

The peculiarity of political communication is that it is directed to the addressee of the masses, so politics is also the subject of the relationship of people with everyday hectic life. During such communication, people's ideas about a particular event, political party, political leader, political situation are formed, and decisions are made about who to vote for. Such a relationship is reflected in political discourse, and as a result, political discourse approaches the language of everyday discourse. "The political role of conversation is no less important than the linguistic one. There is a close relationship between the way the conversation acts and the change in social attitudes. If in some places the social attitude does not change slowly, slowly or at all, then there is a narrow, small way of communicating. And if the social attitude changes from one level to another as changeable, changeable, it means that the use of earthly communication becomes active, independent [3, P. 347].

In the article the dimensions of Nazarbayev, our President Nursultan Abishevich Nazarbayev made it an illocutive goal to show the heroic works of Nursultan Nazarbayev, the special personality and the decision to replace the capital in a time when there is no money for "repairing the economy", and the author of the World Anti-Nuclear Initiative demonstrates the genius of the leader of the nation. That is, the topic of this article is a discursive, institutional text of political significance, which introduces the reader to the genius of the head of state. Although the content of the article has a political, institutional orientation, it is obvious that its participant is not a

representative of a particular political institution, but is well versed in this area. Texts of this type are becoming the subject of everyday communication between communicators who know the political side of the country at an average level. That is why this text can be considered from a communicative point of view of political content, that is, the pragmatic component of the text and from a cognitive point of view.

We are going to destroy the leader of our sovereign country? If this is one of the main requirements of our time, then in order to implement it, first of all, we need to solve the issue of the state language once and for all. A sovereign without a tongue is a sovereign without a half – soul, without an ancestor, without a mother. You can go to any country and decide to fill your stomach. And in no country can you find spiritual food that comes through the Kazakh language.

Although our country has achieved sovereignty, we cannot yet fully say that linguistic sovereignty has been achieved. If we leave our language, then only our Kazakh species, our belly and the interests of our left belly remain.

The very topic of the article "the status of the state language needs national support shows that the article is a text of political content, and the language problem in the country is one of the big, still unresolved issues. A brief excerpt from the article raises the question of the language in Kazakhstan, based on the discourse of the deputy of the Mazhilis of the Parliament Mukhtar Shakhanov. This issue, although it has an institutional status, has become one of the issues that are constantly discussed in everyday communication. This issue has been considered since about ten years ago, but the status of the state language is still in a deplorable state. Of course, in comparison, the status of the Kazakh language is improving from year to year, but it has not yet been fully resolved. The problem of the Kazakh language, initiated by such language lovers as Mukhtar Shakhanov, is a problem that is discussed in every family, in every state organization, and has entered everyday life. Therefore, the content of communication in this text is based on everyday communication on a political topic.

According to B. A. Akhatova, the main factor determining the political essence of communication is its content and purpose, namely:

the struggle for power and social control, natural and material

consideration of issues related to the distribution of resources by the executive and legislative authorities. The political content of communication is also determined by its purpose and intent.

Ibraeva zh. K. defined political communication as a purposeful communicative act, emphasizing that "it consists of several systematic steps – orientation, planning, implementation and control. That is, we understand the implementation of political communication as an action that is thought out in advance, planned, pursues a specific goal.

A. P. Chudinov considers political communication on a large scale. According to the researcher, political communication refers to a large-scale political communicative process consisting of a chain of special elements that implement it: 1) political language, 2) Political Text, 3) Context, 4) political word 5) style of political language, 6) political sphere of communication and its types, 7) genres of political word, 8) political discourse. So, according to the reasoning of A. P. Chudinov, political discourse is a kind of implementation of political communication.

In this regard, zh.K. Ibraeva noted that "the study of political communication from the point of view of the discursive direction is based on the consideration of political texts in discourse, that is, the condition for the emergence and function of the corresponding texts, as well as its relationship with other texts, the peculiarities of national culture, the linguistic situation in the country and in the world. Thus, when analyzing political discourse, which is realized in political communication, along with various extralinguistic factors, linguistic features and national values must be constantly taken into account.

Political discourse is a connected text and in some way connected with the political processes taking place in society, the events surrounding us and the reflection of reality in the language [4, P. 12].

B. A. Akhatova considers political discourse as institutional discourse (the relationship of representatives of a certain social group) as a verbalized set of political action. It is said that political discourse is political activism created through political means. Political discourse is characterized by a certain intensity, status-role specificity of communicants, variability. Therefore,

it is necessary that the content of political discourse consists of components present in the minds of the speaker and the listener (writer and reader), which affect the perception of the word. These components include the content of the text, other texts that are taken into account by the author and the addressee, the author's political views and tasks when composing the text, the author's thoughts about the addressee, the political situation when the same text is composed.

Main features of political discourse:

1) political discourse is characterized by evaluative and aggressive qualities. The aggressiveness of political discourse is reflected in the debate, that is, in the use of the word, characterized by the ability to convey political action in a theatrical way. The transmission of political discourse in the form of debate is a kind of theatrical aggression. Its purpose is to form a bad opinion about political opponents, to forcibly instill in the reader's mind completely different assessment values, to agitate.

The evaluative nature of political discourse can be expressed in the form of a statement of action ("expression"), implicit utterance in the form of a question, an appeal that affects a particular decision, and assistance.

And the scientist B. Momynova noted that "evaluateness is not only a social category, but evaluateness occupies a place in the number of mental phenomena that occur together with human consciousness. Therefore, evaluation is the result of the trichotomy of = language + thinking + Truth or truth (real life), and the semantic category of evaluation includes evaluateness (ocenochnost). Therefore, the price is a process that constantly occurs in the human mind without stopping, and it is an intellectual-mental act that is realized through human thinking [5, P. 63]. That is, the assessment is closely related to the human mind, his thoughts and thinking system.

#### **Literature:**

1. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 57 б.

2.92 Иманбаева А.А. Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары: саяси ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 153 б.

3.94 Тард Г. Мнение и толпа // Психологи толп. – М.: Институт психологии РАН, Издательство «КПС+», 1998. – С. 257-408.

4. 95 Куличенко Ю.Д. Перцептивные образы политического дискурса: дисс.... док. фил. (PhD). – Алматы, 2009. – 162 с.

5. 96 Демьянков В.З. Политический дискурс как предмет политологической филологии // Политическая наука. Политический дискурс: История и современные исследования. – 2002. – № 3. – С. 32-43

УДК 81'374.822

### **ДВУЯЗЫЧНЫЕ СЛОВАРИ КАК ИСТОЧНИК ИСТОРИИ РУССКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА.**

ИЭФ-22-12к **Момынханова М.**,  
TashenevUniversity, г.Шымкент

Научный руководитель: старший преподаватель  
**Тлегенова Ж.К.**

Среди источников изучения языка словари занимают важное место. Феномен словаря заключается в том, что сам он является продуктом научной обработки лексического состава языка, фиксируя состояние лексики и регулярных словообразовательных типов на определенном этапе истории языка с опорой на научные достижения своего времени. И он сразу же становится источником синхронического изучения лексики и словообразования этого языкового периода.

В дальнейшем словарь может использоваться и, как показывает практика научных исследований, используется как источник исторического изучения лексического состава и словообразовательной системы данного языка. Такими источниками являются и двуязычные словари. Они появились в России в XVII в. Первыми двуязычными словарями были лексиконы церковнославянского и латинского языков. Это словари украинских книжников Епифания Славинецкого и Арсения Корецкого-Сатановского: славяно- латинский и латино-славянский. Оба лексикона создавались примерно в одно и то же время (1642 г. – «Лексикон латинский», 1650-е годы – «Лексикон славяно-латинский»). В составлении обоих лексиконов в разной степени участвовал Е. Славинецкий (В. Нимчук в предисловии к изданию 1973 года пишет, что Славинецкий был автором «Лексикона латинского» и принимал участие в подборе латинского материала для «Лексикона славяно-латинского», в связи с чем закономерны соответствия между первым и латинской частью второго, а потому при изучении лексических и словообразовательных особенностей представленного материала необходим сопоставительный анализ двух словарей.

XVII век характеризуется поиском норм словообразования, стилистики, это преддверие эпохи нации, в которую сформировались четкие языковые нормы. Процесс нормоопределения находит свое отражение в словаре. Е. Славинецкий не был специалистом-филологом, но он был человеком с классическим европейским образованием, в совершенстве знал латынь, греческий, церковнославянский языки и поэтому мог улавливать происходящие в языке изменения и фиксировать их в своем лексиконе. Особое значение при рассмотрении этих изменений имеет взгляд на славянский материал сквозь призму латинского языка с учетом специфики языкового сознания составителя. Изучение русского языка в сопоставлении с латинским ограничивается на сегодняшний день проблемами латинских заимствований в русском языке и ботанической и медицинской номенклатуры и терминологии.

Сопоставление русской и латинской словообразовательных систем в необходимом объеме в науке не проводилось. В то же время в словообразовательных системах обоих языков протекали процессы, которые можно отнести к универсалиям в системах родственных индоевропейских языков (например, явление обратной соотношенности). Но латинский лексический материал, представленный в славяно-латинском лексиконе, важен и в решении чисто русских проблем словообразования, в частности уточнения словообразовательной мотивированности отдельных производных слов и даже словообразовательных типов, уточнения словообразовательного значения. Он имеет значение при выявлении фактов словообразовательной синонимии и омонимии в истории русского языка. Все эти проблемы не затрагивались в исследованиях по языку. В нашу задачу входит анализ структурных особенностей *nomina agentis* с суффиксом -тель в Славяно-латинском лексиконе А. Корецкого и Е. Славинецкого (далее – Слав.) и в Латинском лексиконе Е. Славинецкого (далее – Лат.).

В рамках поставленной задачи исследуются латинские эквиваленты, приводимые в Лексиконах Славинецкого и Корецкого. В системе *nomina agentis* словообразовательный тип с суффиксом - тель противопоставлен другим по стилистическим характеристикам: образования данного типа принадлежат славяно-книжной лексике, в отличие от имен с прочими суффиксами. Тип с суффиксом -тель является вторым по частотности употребления среди имен действующего лица в Слав. Всего в Лексиконе представлено 181 имя с данным суффиксом.

С точки зрения структуры в исследуемом нами словаре можно выделить две группы имен на -тель: образованные путем суффиксации (с одной производящей основой) и сложения (с двумя основами, входящими в производящую базу). Все суффиксальные имена на -тель мотивированы инфинитивами глаголов. В связи с этим необходимо обратить внимание на то, какие глаголы приводят составители словарей в соседстве с именами на - тель.

Мы отдаем себе отчет в том, что в XVII в. видовые значения были достаточно развиты, но категорически говорить о виде глагола мы еще не можем. «В те периоды истории языка, когда он не был связан достаточно жесткой кодифицированной нормой (а в русском языке

она установилась не ранее XVIII в.), развитие морфологической системы, и в частности видовой системы, русского языка представляло собой вероятностный процесс».

Тем не менее, чтобы избежать в изложении ненужных повторений, мы будем говорить о совершенном и несовершенном виде применительно к XVII веку, памятуя об относительности этого утверждения. В пользу неслучайности приведенных глагольных лексем свидетельствует то, что многие латинские глаголы являются производящими для латинских соответствий образованиям на -тель (*vinco* – *îâîëääââð*, *victor* – *îâîëëëäëü*). Однако, с другой стороны, это говорит лишь о том, что составитель (Славинецкий), прекрасно владеющий латинским языком, придавал большое значение структуре латинской части словаря.

Доказательством того, что составители ориентировались на латинский язык и при составлении реестра славянских слов, служит, например, то, что все славянские глаголы приведены в форме первого лица единственного числа настоящего времени (то есть в начальной форме латинских глаголов), а не в инфинитиве. Глаголы несовершенного вида являлись глаголами, наиболее полно выражающими категории данной части речи. Они имели три времени.

В современном русском языке четко прослеживается тенденция мотивировать имена на -тель глаголами несовершенного вида. Есть все основания считать, что этот процесс происходил и в XVII в. Славинецкий очень чутко реагировал в словаре на языковые изменения своего времени. Несовпадения можно объяснить несколькими причинами: во-первых, в задачу составителей не входило отражение соотношенности славянских имен, во-вторых, они стремились приводить глаголы в начальной форме – форме настоящего времени. Помимо ориентации на латинский язык, формы настоящего времени были обусловлены спецификой образований на -тель, к которым лексикографы интуитивно подбирали глаголы, имеющие настоящее время, что позже (в XX в.) закрепилось как видовая норма для производящих глаголов при образованиях этого словообразовательного типа.

Как следствие, возникает обратная соотношенность глаголов на -ствую и существительных на -тель. Однако, помимо языковых вкусов и пристрастий составителя словаря, в славянской части лексикона находят отражение и действующие в языке закономерности. Доказательством тому служат обнаруживаемые в словаре «формы с подчеркнутым значением имперфективности» на-аю. Образованием всех отмеченных форм составитель стремится выразить грамматическое значение настоящего времени (и, как следствие, несовершенного вида). «Вариантные отношения между рядом параллельных суффиксов, обслуживавших нужды глагольной имперфективации, создавали в процессе формирования категории вида условия для образования многочисленных видовых корреляций. И действительно, наряду со складывавшимися видовыми парами, часть которых возникла, очевидно, еще в праславянский период, в древнерусском языке отмечается значительное количество таких видовых корреляций, в которых глаголу перфективному (или общего вида) противостоят несколько однокоренных имперфективных глаголов, оформленных различными суффиксами. Наиболее обширные ряды такого типа насчитывают в своем составе по четыре имперфективных члена (ср. покажу – показаю, показую, показавою и показываю) некоторые из них (в основном ряды с двумя имперфективными вариантами) просуществовали вплоть до XIX в.» . Приводимые в соседстве с образованиями на -тель глаголы, таким образом, можно отнести к несовершенному виду. Следует, однако, еще раз указать на ненамеренность наблюдающейся в лексиконе соотношенности имен на -тель с однокорневыми глаголами. В частности, анализ латинской части демонстрирует непоследовательность соотношенности имени на -тель и присутствующего в словаре однокорневого глагола.

Словаря как грамматическая категория, заключающая в себе значение результативности, законченности и др. Славинецкий оформляет ощущаемую им тенденцию с помощью семантики, с помощью форм времени, но последовательного разграничения глаголов по виду мы не наблюдаем.

Однако некоторые из перечисленных глаголов выступают и в таких употреблениях, которые дают основание предполагать их перфективность. Причину такой неустойчивости

видовой принадлежности, очевидно, следует искать прежде всего в двойственности словообразовательной мотивации данного слова. Дело в том, что в роли средства образования отыменных глаголов суффикс

-ова- не был маркирован с точки зрения собственно видовой, то есть не сообщал этим глаголам никаких специфических видовых значений». Показательно, что ни одна из приведенных глагольных лексем, тяготеющих к совершенному виду либо двувидовости, не имеет в Слав. однокорневого образования на -тель.

Анализ этих глаголов в сопоставительном славяно-латинском плане необходим для уточнения представлений составителя о виде в современном ему состоянии. При описании глаголов, тяготеющих к совершенному виду, Славинецкий отступает от принципа начальной формы (praes. ind. act. 1 Sg) и употребляет 3 лицо единственного числа: ѿѡ'ѣнѹ – accidit. В качестве латинского соответствия этому явно перфективному образованию (судя по аористной форме) приводится латинский перфект, указывающий на то, что действие закончилось.

В другом случае Славинецкий употребляет глагол в форме инфинитива: вѡѹѣѡдѡдѣ и снова использует латинский перфект – omistussum. В последнем из встретившихся примеров славянский и латинский глаголы употреблены в форме будущего времени: ѹѣѣрѣнѹ – apparebo. Таким образом, в словаре мы обнаруживаем доказательства того, что процесс оформления категории вида в период создания Лексикона не был завершен. Об этом свидетельствуют разнообразные способы отражения видового значения, используемые составителем, непоследовательность проявления видовых различий, незначительное число образований совершенного вида и отсутствие соотносимых пар.

Завершая анализ представленных в лексиконе nomina agentis с суффиксом -тель, можно сделать следующие выводы: Как уже отмечалось, словообразовательный тип на -тель является вторым по частотности среди СТ со значением nomina agentis в словаре после СТ с суффиксом -ник. Это положение обусловлено тем, что суффикс -тель принадлежал к славяно-книжной стихии, тогда как образования на -ник использовались во всех стилях. Вместе с тем суффикс -тель в указанный период в исследуемом источнике оформляет исключительно значение действующего лица, чем обусловлена его многочисленность среди подобных имен. Процессуальность подобных образований последовательно отмечена в Слав., она выражается на уровне славянского материала в интуитивно приводимых составителем однокорневых глаголах.

Жангелдин, Амангелді аудандары), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі Амангелді Имановтың, Әбдіғапар Жанбосыновтың серіктері ғой. Халық 1929 жылы егін орағы кезінде астықты түгел тартып алғанына шыдамай көтеріліске шығады. Көтерілісшілер аудан орталығы Батпаққараны басып алып, партия, атқару комитеттері басшыларын тұтқынға алады. Билікті таратып, өздерінің Халық кеңесін құрған. 1929 жылы қыркүйектің аяғында Амангелді көтерілісіне қатысқан Омар Бармақов деген ақсақалды хан сайлайды. Тартып алынған астық пен малды халыққа қайтарып береді. Сөйтіп олар бір апта билік жүргізеді. Одан кейін большевиктер жан-жақтан әскер әкеліп, көтерілісті күшпен басты. Жауапқа тартылған 530 адамның қатарында ОГПУ үштігінің үкімімен О.Бармақов ату жазасына кесілді.

- Иә, халық текке қаза тапқан жоқ, басшылықтың озбыр саясатына төзе алмай қару көтерді. Бірінші қарсылық 1929 жылы Қостанай облысы Батпаққара (қазіргі Жангелді, Амангелді облысы), Амангелді Имановтың серігі, Әбдіғапар Жанбосынов, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде басталған серіктері еді. Халық бүлік шығарды және 1929 жылы егін жинау кезінде барлық астық тәркіленуіне келісе алмады. Көтерілісшілер Батпаққара аймақтық орталығын басып алып, саяси партиялар мен атқарушы комитеттердің басшыларын тұтқындады. Ол үкіметті таратып, өзінің халықтық комитетін құрды. 1929 жылдың қыркүйек айының соңында Амангелді көтерілісіне қатысқан ақсақал Омар Бармақов хан болып сайланды. Тәркіленген азық-түлік пен мал халыққа қайтарылды. Сондықтан олар бір апта бойы басқарды. Содан кейін большевиктер барлық жағынан әскер енгізіп, көтерілісті күшпен басады. ОГПУ үштігінің үкімімен жауапқа тартылған 530 адамның ішінде О.Бармақов өлім жазасына кесілді [1].

1930 жылы ақпанда Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданында көтеріліс басталып, Микоян ұжымдық көтеріліс ұйымдастыруға нұсқау берді. Бұл көтеріліс арнайы дайындалды. Бұрындары болыс болған азамат Сұлтанбек Шолоховтың бастамасымен 400-ге жуық адам жиналып, кейін 700-ге жетті. Ленин атындағы Ташкент әскери училищесінің курсанттары (өзбектер, қырғыздар, түрікмендер, тәжіктер және т.б.) көтерілісті басуға әкелді. 350 студент таң атқанда Қаратау жотасын кесіп өтіп, Созаққа түсті. Қанды шабуыл нәтижесінде көтеріліске қатысқан 394 адам қаза тапты, оның ішінде көтерілісті басқарған және қызметкер болған 6 адам бар [2].

Ол кезде Қазақстан тәуелсіз республика деп аталды, бірақ ол Кеңес мемлекетінің құрамына кірді. Басқаша айтқанда, халықаралық қауымдастық үшін Кеңес Одағы басты объект болып табылады. Созақтағы көтерілісті бастаушылардың бірі Ибрахим Асадулла Османоглы атты британдық тыңшы болды, ол мұнда шамамен он жыл тұрып, жергілікті тұрғындарға сіңісіп кеткен. Ол өзінің ауғандық екенін және емдеуге таланты бар екенін айтты. Қазақстанда екі әйел бар. Кейде дәрі Ташкенттен әкелінеді және терапевтпен кеңесу үшін 1-2 ай жеткіліксіз дейді. «Бізге Ауғанстаннан 1 млн әскер келуге дайын тұр, мына Кеңестің зорлығына қарсы шығындар» - деді адамдарды әрмен қарай толқытып. Енді кейбір оңтүстіктер "Асадулла Ибрахимоглы есімді керемет жақсы азамат" деп мәлімдейді. "Оны Созақтағы көтерілісшілер басып алғанда, ол аймақ басшысын, 12 орысты өлтіріп, аурухана мен мектеп салған құдыққа тастады. 20 күннен кейін Асадулла Қазалы станциясындағы теміржол вагонынан ұсталды. Тергеу барысында оның жауаптарында. Алғашқы үш жауапта ол: "мен ауғандықпын", - деді, ал төртінші жауапта ол ирандық екенін ашық айтты. Шынында да, 1918 жылы Иранға ағылшындар әсер етті. Олар Асадулланы бой скаут мектебінде үйретеді. Осылайша олар Баку арқылы Самарқандқа, сол жерден Ташкентке жіберілді. Сосын Созаққа келдім. Бұл басын қамтиды. Сондықтан сыртқы барлау Қазақстанда болған оқиғаны ішінен бір нәрсе жасауға тырысу үшін және т.б. пайдаланады. 1920 жылдары британдық барлау қызметі болды, ол дем алып, басма қозғалысын қоздырды.

Сонымен қатар, аштық кезінде Адай, Ырғыз, Қарақұм, Абрал және Шокпар баскөтерулері болып өтті. Ең ірі көтеріліс Ақсу-Бүйен ауданында болды, ал көшбасшы Бейсетбай Килиев болды. 1929 жылдың күзінен бастап 1932 жылдың соңына дейін бүкіл Қазақстан бойынша қанды көтеріліс болып өтті, оған 80 мыңнан астам адам қатысты [3].

Ашаршылық салдарынан көптеген шаруалар басқа елдерге көшуге мәжбүр болды. Соның салдары елден ауа көшкен азаматтарды елге қайтару үшін бірқатар іс-шараларды ұйымдастыруды талап етті. 1932 жылғы 31 наурызда облыстық партия комитетінің төралқасы өзінің № 97 "елді мекендерден әкетілген кедей орта шаруашылықтарды және Қазақстан шегіндегі экономикалық құрылымды қайтаруды ұйымдастыру туралы" шешімін жариялады.

Негізгі ойлары 2 айда (сәуір, мамыр) Қазақстанға оралу. Арнайы комиссиялар арқылы кедейлер мен орта таптың өкілдері үйлеріне қайтады деген үмітпен көрші аймақтарға уәкілдер жіберілді.

Қарарда, атап айтқанда, оралмандарды негізінен колхоздарға, совхоздарға және т. б. қоныстандыру қажеттілігі атап өтілді.

Жүзеге асырылушы іс-шаралар көзге жылы, құлаққа жағымды болып табылғанымен, 80 000 босқындар ғана тізілімге енгізіліп, сонымен бірге көрсетілген алғашқы көмек тек отбасына ғана есептелуі мүмкін және Қазақстан басшылығы нақты жағдайды бейнелей алмайтыны сынға түсті. Елді жайлаған ашаршылық апаты біржола жойылмаса, босқындардың келуіне жол бермеу мүмкін емес.

Одақтық Республика Үкіметі мен Қазақстанның көршілес өңірлерінің басшылары тарапынан көмек туралы өтініштерді ескеруге уәде берді және қазақ босқындарының күрделі мәселелерін шеше алмады, сондай-ақ қазақ босқындары үшін жеңілдіктерді өзіне алды. 1932 жылғы 13 сәуірде Кеңес Одағының Халық комиссары "Қазақ фермерлік шаруашылықтарын Қазақстанға басқа өңірлерден қайтаруға жәрдемдесу туралы" қаулы қабылдады, ол агенттіктен бір миллион АҚШ доллары мөлшерінде алдын ала төлем талап етті. Олар пұттың несиелік лимитімен тамақ беруге мәжбүр болды. Кеңес Одағының халкомы КСРО ХКК резервтік қорынан 2 миллион доллар бөлді. Рубль босқындарды фермаларға, балалар үйлеріне және басқа шығындарға орналастыруды ұйымдастыруға жұмсалады. сом қаражат бөліп, бұл қаражатты Қазақстан АКСР ХКК-ға қарау үшін жіберуге тиіс болды. Ұлттық Банкке жұмыс істейтін жануарларға арналған ауылшаруашылық техникасын сатып алуға ұзақ мерзімді ауылшаруашылық несие беру қоры есебінен рубльмен шұғыл несие беру тапсырылды. Осы қиындықтарға байланысты одақтық үкімет Одақтық Қордың Кеңес Одағы қорына қазақстандық АКСР-да 1932 жылға арналған қаражат жинау жоспарын қысқартуды тапсырды. Ауылдық жерлердегі өндірілмеген міндетті төлемдер мемлекетке 1931 жылы қайта жиналмайтын болды [4].

Әрине, бұл жеңілдіктер Қазақстанға қажет. Бірақ аштықтан өлмеген Қазақстан жоғарыда аталған жеңілдікті соманы төлей алмайтынын ұмытпаңыз. Басқаша айтқанда, егер сіз әлі де көптеген салықтарды төлесеніз немесе оларды аш қазақ фермеріне жеңілдетсеніз де, сіз одан ештеңе ала алмайсыз. Бірақ ол кезде бұл шындық еді. Сондықтан коалициялық үкімет кезінде қазақстандық фермерлерді Қазақстаннан алынатын салықтарды мәжбүрлеп төмендетіп, азайтуға немесе олардың күшін жоюға көмек көрсетуге ынталандыру орынсыз болды.

Қазақстан Үкіметінің босқындарды шаруашылықтарға қоныстандыру жөніндегі алғашқы шаралары өмір шындығынан алыс екендігі бұрыннан дәлелденген. 1932 жылдың 1 тамызына қарай Қазақстандағы панасыз балалар саны 31 993-ке жетті. Босқындарды қоныс аударумен айналысатын ұлттық комитет біз тек 3000 жетімді орналастыра аламыз деп санайды. Осылайша, Қазақстан Үкіметі осы кезеңде 31 993 жетім баланың 25 222-не (немесе 80%) ішінара көмек көрсетті.

1932 жылғы 20 тамызда алты облыстан алынған нақты материалдар қазақ үкіметі көршілес аудандардағы және одан тыс жерлердегі босқындардың саны туралы нақты білмейтінін көрсетті. Қазіргі уақытта жоспармен белгіленген 35 000 қожалық Қазақстанда орналасуы керек қожалықтар емес, бірақ 75 670 босқын фермасы ата-аналарының үйлеріне оралды. Олардың ішінде 44 251 адам ұйымдасқан түрде оралды, ал қалғандары бытырап, бүлініп кетті. Қазақстан Үкіметі босқындардың ауыртпалығын бастан кешірді және өзінің қиын жағдайына қайта оралғандарға алғысын білдірді. Мысалы, автономиялық республика

Халық комитетінің 1932 жылғы 7 қыркүйектегі отырысында "қайтарылатын босқындар ауылшаруашылық салықтарынан, жалақының міндетті кепілдіктерінен, су шоттарынан, жеке салықтардан және 1932 жылы Мәдени-шаруашылық құрылыстардан босатылады", содан кейін "өз құрамына оралған босқындарды қабылдайтын колхоздардан түсетін табыстың бір бөлігі салық салудан алынып тасталады, ал босқындардан оралған колхоз мүшелерінің үлесі алынып тасталады" делінген [5].

Алайда, бұл шаралар босқындардың жағдайын жақсартуға көмектесуі екіталай еді. Бәрімізге белгілі, олар аш және жалаңаш адамдарды әртүрлі салық төлеуден босатпаса да, олар әлі де төлей алмайды. Алайда, соңғы сұраққа келетін болсақ, колхоздар босқындарға өз мүшелеріне қосылуға рұқсат береді.

Туындаған қолайсыздықтар тек босқындар есебінен емес, жағдай күрделене түскендіктен де туындайды. Қазақстанның мемлекеттік ведомстволарының бірде-біреуі таяу болашақта Қазақстаннан тыс жерлерге қанша мың фермер қожалығы орала алады деген сұраққа нақты жауап бере алмайды. Қазақстаннан тыс жерлерде. Негізгі себеп-бұл мәселеде қазақстандық басшылық көздеген бірінші мақсатқа қол жеткізілмегені.

Голощекин 1932 жылы 9 қыркүйекте ОК-ке жазылған хатта Қазақтың 25-30 облысы шамамен 150 000 босқын қазақтар, ал 50 000 басқа өлкелерге ауа көшкен босқын болып табылатынын атап көрсеткен. Олардың кейбіреулері басқа жерлерге ауыстырылды және енді біреуі Қазақстанға оралды, әсіресе егер Орталық олардың көмегіне кедергі жасамаса, соңғы жағдайдың ауырлығын атап өтті, өйткені Қазақстан мұны жалғыз өзі жасай алмайды [6].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Омарбеков Т. Халық қаһары //Жұлдыз, 1991-№9,10,12; 1992-№1; Қазақстандағы халық көтерілісі қалай жазаланды.// Ақиқат,1993- №4.
2. Козыбаев М.К. Абылхожин Ж.Б. Алдажуманов К.С.. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства.- Алматы: Ғылым, 1992-420 с.
3. Қаратаев Т. Жүз жылдың ақ қарасы. –Алматы: Ғылым, 1993-246 б
4. Қожамжарова Д. 20-жылдардағы қазақ ауылының шындығы. //Қазақ тарихы. 1994- №5
5. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?- Алматы: Санат, 1992-320 б
6. Мұхатова О. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. XX ғ 20-90 ж.ж.- Алматы: Ғылым, 1999-287 б.

ӘОЖ : 94(574)

#### **ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ**

2 курс магистрант **Жарменова Б.Е.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Апашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Зерттеліп отырған кезеңде Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енгізілген Оңтүстік Қазақстанның аумағы Ресей империясының құрамына 1831-1865 жылдары аралығында қаратылды: 1831 жылы Жетісудің солтүстігінде Аягөз округы құрылған кезден бастап, Ресей әскерлерінің 1864 жылы Шымкент пен Әулиеатаны, ал 1865 жылы Ташкентті жаулап алған уақыт аралығында жаулап алынған болатын. Осылайша, күллі Сібір мен Кавказды, Орталық Азия мен ұлан-байтақ қазақ жерін өзіне бағындырған Ресей империясы 17,5 миллион шаршы шақырым жері мен 33,4 миллион халқы бар құс ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр аумаққа ие болған еді.



Түркістан өлкесіне қарайтын Сырдария мен Жетісу облыстары әкімшілік-аумақтық жағынан Ресей өкіметінің құрамына 1822 жылғы 20-шілдеде қабылданған «Сібір қазақтарын басқару туралы Ережесі» негізінде, Азиялық істер комитеті мен оның Сібір бөлімінің ұйғаруымен 1831 жылы Аягөз округтік приказдығы ашылғаннан кейін, оның қарамағына Жетісу жерінің солтүстік-батыс және шығыс аудандарының енуі басталады. 1848 жылы басқару орталығы Қапалда орналасқан Алатау приставтығы құрылады. Одан соң 1854 жылы Семей облысы құрылып, оның құрамына Көкпекті, Аягөз округтері, сондай-ақ Қапал әскери округі де енгізілді [1]. Осылайша Ресей империясының қоластына қаратылған Жетісудің бір бөлігі, атап айтқанда сыртқы Аягөз бен әскери Қапал округтері Семей облыстары құрамына кіргізілген болатын. Осы аудандардың шекаралары, атап айтқанда, шығыста - Қытайдан, солтүстігінде - Тарбағатай таулары мен Балқаш көлі, ал батысында - Іле өзенінен, оңтүстігінде - Алатау тауларының аралығын алып жатқан болатын.

Аягөз округі 1860 жылдың 1-ақпанынан бастап Сергиополь округі деп аталса, Аягөз бекінісінің өзі де – Сергиополь деген атау алды. Империя генералы Черняев бастаған орыс әскерлері 1864 жылы Шымкент пен Әулиеата бекіністерін басып алған соң, Қазақстанның бүкіл оңтүстік аймақтары «Жаңа Қоқан шебі» деген атаумен Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енгізілген болатын. 1865 жылы Ресей империясында жаңадан жүргізілген әкімшілік-саяси бөлінісі бойынша Батыс Сібір округі қарамағына Жетісудың Қапал, Алатау, Сергиополь округтері кіретін Семей облысы да кіргізілген болатын. Осы 1865 жылы генерал Черняев басқарған Ресей империясы әскерлерінің Ташкент қаласын басып алған соң Түркістан облысы құрылады және оған Сырдария облысы аумағының барлығы, ал Жетісу облысының бір бөлігі қаратылады. Ресей империясы 1865 жылы 6 тамызда Түркістан облысын басқару жөніндегі Ережені қабылдайды. Ал, 1867-1868 жылдары жаңа әкімшілік-саяси реформа қабылданады. Ол реформа бойынша Түркістан аймағына да әкімшілік өзгеріс енгізеді. Атап айтқанда, 1867 жылы 11-шілдеде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылады [2]. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына біз зерттеп отырған Сырдария мен Жетісу облыстары да кіреді. Сырдария мен Жетісу облыстары арасындағы шекара Шу мен Қорғаты өзендері болып белгіленеді. Түркістан генерал-губернаторлығы Ресейдің әскери министрлігіне бағынады және әкімшілік орталығы Ташкент қаласы болып белгіленеді. Бұл генерал-губернаторлыққа бұл екі облыстан басқа, Ферғана, Самарқан мен Закаспий облыстары да енгізілген болатын.

Ресей империясы үкіметінің Түркістан аймағын бұлай етіп бөлуі онда қалыптасқан ұлттық және экономикалық қатынастарға қарама-қайшы келген болатын. Бұл туралы тіпті Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы болған К.П.Кауфманың өзі де: «Осылай етіп бөлу Түркістан өлкесінің аумақтық, этнографиялық, тіпті тұрмыстық жағдайларына да қарама-қайшы келіп отыр» [3] – деп, ашық мойындаған болатын.

Біз қарастырып отырған бұл екі облыс – Сырдария және Жетісу облыстары кейіннен екі түрлі әкімшілік-саяси реформа негізінде басқарылатын болды. Атап айтқанда, Сырдария облысы 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару және онда жер, салық өзгерістерін енгізу туралы Ереже» бойынша басқарылса, ал Жетісу облысы 1891 жылғы «Дала генерал-губернаторлығын басқару туралы Ереже» бойынша басқарылды. Өйткені, Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында 1891 жылға дейін болды. Одан соң осы 1891 жылы құрылған Дала генерал-губернаторлығы құрамына енгізілген болатын. Бірақ кейіннен 1897 жылы 25-желтоқсанда Омбы мен Үркүт округтері біріктіріліп, олардың Сібір округі құрамына кіргізілген соң, Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығының қарамағына қайтадан қаратылған болатын.

Түркістан өлкесіне кіретін Оңтүстік Қазақстан өңірі тарихы Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие болып табылады. Мәселен, біріншіден, бұл өңірде халқының құрамында тұрғылықты қазақ ұлты өкілдерінің үлесі айтарлықтай жоғары және демографиялық ахуалында түркі-мұсылман халықтарының өсіп-өнуі шешуші рөл атқаратын, республикадағы ең өсімтал аймақ болып табылатындығы. Екінші ерекшелік, халқының орналасуында тұрғындардың тығыздығы еліміздің басқа өңірлеріне қарағанда айтарлықтай жоғары болып табылады. Үшінші ерекшелік, ежелден келе жатқан көне қалалардың негізінде жалғасын тапқан ірі қалалар, қалашықтар мен елді-мекендердің халқы

бар. Төртінші ерекшелік, табиғат жағдайы мен қоршаған ортасы басқа өңірлерге қарағанда халқының қоныстануына ерекше қолайлы, әрі тиімділігімен де ерекшеленеді. Бесінші ерекшелік, халықтың шаруашылығы және еңбек етуі қарқынды дамуымен, халқының еңбекқорлығымен де сипатталады. Түркістан өңірінің саяси және экономикалық жағынан артта қалған көшпелі, жартылай көшпелі Қазақстанның өзге аймақтарынан отырықшы, ерте заманнан егін шаруашылығымен айналысатын Өзбекстанға өтетін шекаралық аймақта орналасуының өзі де айрықша көңіл аударуға тұрарлық.

Қазақтың кең-байтақ даласын Ресей империясының кеңінен отарлауында, оның таусылмас ұшан-теңіз табиғи байлықтарын молынан игеруде, қазақ халқына терең ықпал жасап, оны патша өкіметінің саясаты аясына мықтап тартуда Түркістан аймағының маңызы зор болатын. Осы туралы қазақ халқының сүйікті перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов былай деп жазған болатын: «Ресей империясының «Оралдың сол бет жағалауын» отарлауында Түркістан өңірі Ресей патша үкіметінің назарын ерекше аударған еді. Ең алдымен, Түркістан өлкесінің Ресей империясы үшін әскери-стратегиялық база ретіндегі маңызы орасан зор болатын. Егер, Түркістан өлкесіне басып алып, аяғын нық тіреп алса Ресей империясы өзінің Шығыстағы саясатында басты бәсекелесі Англиямен толық бәсекелесе алатын. Екіншіден, алтын кеніне аса бай деп есептелген Үндістанды «иелену» туралы І Петр заманынан бері келе жатқан орыс патшаларының асыл арманын орындауға қол жеткізуге болатын еді. Үшіншіден, Түркістан өлкесі Ресей үшін өзінің арзан шикізат көзі ретінде, өнеркәсіп өнімдерін өткізетін аса бай рынок ретінде өте қажет болатын. Төртіншіден, жері құнарлы, климаты қолайлы, табиғат байлықтары мол Түркістан өлкесін Ресей империясы үшін стратегиялық маңызы зор мәселе еді»[4]. Осымен мазмұндас ойды Түркістан өңірінде мемлекеттік тексеру жұмыстарын жүргізген сенатор Г.Пален де өз есебінде айтқан екен. Мұнда Пален: «Ең алдымен, қаражат тұрғысынан алғанда - мемлекеттің оңай пайда табу көзі, сонымен бірге Ресей империясының өнімдерін өткізу үшін аса бай рынок ретіндегі Түркістан өлкесінің Ресей үшін маңызы өте зор болатын. Ал екіншіден, Ресейдің өз ішіндегі басы артық адамдарын осы Түркістан өлкесіне көшіріп алып келіп орналастыруға өте тамаша мүмкіндік те туады» - деп ашықтан-ашық мойындаған екен.

Патшалық Ресей үкіметі жаңадан жаулап алған аумақтарға, соның ішінде қарастырылып отырған Түркістан өлкесіне Ресей империясының үстемдігін біржола бекіту және сондай-ақ оны байланыс жолдары арқылы Ресейдің орталық аудандарымен біртұтас етіп байланыстыру міндетін қойды. Ол үшін Ресей патша үкіметі жаулап алудан да қиынға түсетін жүйелі әрі мақсатты саясат жүргізуі қажет болатын. Ресей патша өкіметі аталған міндетті орындау үшін бастапқы кезде өлкеде казак-орыс қоныстарын құруға және сондай-ақ әскери бекіністер салу арқылы отарлауға мән берсе, ал кейіннен, дәлірек айтқанда XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап өзге аймақтар секілді Түркістан өлкесін де біржола отарлаудың ең төте және баянды жолы ретінде мұнда ішкі Ресейден орыс шаруаларын қоныс аударту саясатына көшеді. Ресей империясы өзге аймақтардағыдай Түркістан өлкесіне қоныс аудартылған орыс шаруалары осы өлкеде орыстандыру саясатын жан-жақты жүргізеді және сонымен бірге империялық отаршыл әскерлерді толықтырудың көзіне айналады деп есептеді. Бұл мемлекеттік «маңызы зор» іс-шара 1867 жылы 11-шілдеде шыққан «Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы Уақытша Ережеде» заңдық тұрғыдан негізделді. Осы аталған «Ережеде»: «қырғыздар (қазақтар) орналасқан жерлер Ресейдің мемлекеттік жері деп есептеледі және олар қырғыздардың (қазақтардың) қоғамдық пайдалануына мерзімсіз беріледі» [5]- деп атап көрсетілді.

Аса көрнекті тарихшы-ғалым, профессор М.Қойгелдиев айтқандай, 1867 жылғы бұл «Ереженің» негізгі мазмұны осы уақытқа дейін тек жергілікті ұлтқа, қазақ қоғамына ғана тиселі болып келген, сонымен бірге өзге халық тек соның ғана меншігі ретінде мойындап келген қазақ халқының атамекенін Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялауы – бұл шын мәнінде империялық өкіметтің қазақтың кең-байтақ жерін қандайда болсын жергілікті халықпен келіспей-ақ зорлықпен тартып алып тәркілеуі болатын. Осылайша Ресей империясы атам заманнан мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар іс жүзінде Ресейдің крепосниктік шаруалармен теңгерілген еді» [6].

Патшалық өкімет жоғарыдағыдай мазмұндағы заңдық актілерді шығаруда қазақтардың жерге деген жеке меншігінің негізінен жоқтығын да есепке алған еді. Осы

туралы қазан төңкерісіне дейін Жетісу өңірін зерттеген аса көрнекті ғалым Н.А.Аристов былай деген болатын: «Жерді қазақтардың меншігі деп есептеген жағдайда Ресейден көшірілген орыс мұжықтаарын орналастыру үшін керекті жер қорын сақтауға да, ол ол ма, тіпті қазақтардың өздері де мал шаруашылығын жүргізуіне де мүмкіндік болмай қалатын еді. Өйткені, қазақтардың малдарының табындары мен отарлары әр қадам басқан сайын жеке меншік жайылымдарға кездесіп қалып, малмен айналысудың өзіне де тыйым салынатын еді деп есептеуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Кауфман К.П. Начальное народное образование в Туркестанском крае. – Спб., 1910. – 56 с.
- 2 Кауфман А.А. Переселение и колонизация: Мечты и действительность. – Спб., 1905. – 116 с.
- 3 Шкапский О.А. Переселенцы-самовольцы и аграрный вопрос в Семиреченской области. – СПб: Переселенческое управление, 1906. – 199 с.
- 4 Гейер И.И. Туркестан. – Ташкент, 1909. – 346 с.
- 5 Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Лепсинский уезд. – СПб., 1911. – Т.1. – 370 с; Копальский уезд. – СПб., 1911. – Т.2. – 267 с.
- 6 Миддендорв А.Ф. Экспедиция для исследования сельско-хозяйственных условий русского Туркестана // Известие РГО. – Т. 14., Вып.1. – Спб., 1878. – С. 55-76.

ӘОЖ : 299.4

#### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ИДЕНТИФИКАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

2 курс магистрант **Расилов Е.Р.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Қазіргі Қазақстан қоғамы өзінің көп ұлты және көп конфессиялы сипатқа ие бола тұрып, өзінің ынтымақтасық пен татулық үлгісімен әлемге әйгілі болып отыр. Осы ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан дін саласы мен ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты мемлекеттік саясатты қолдануда.

Қазіргі таңда қалыптасқан діни жағдай мәселелердің күрделілігі мен көп аспектілігін көрсетеді. Американдық ғалым С. Хантингтон өзінің әйгілі «Столкновение цивилизаций» атты еңбегінде өркениет діни негіздегі қақтығыстарға кездесетінін ескерткен болатын. Әлемдегі көптеген қақтығыстар осы дін мәселесіне байланысты шығып отырғанын көруге болады. Қазақстан өзінің геосаяси орналасуына, мәдени-өркениеттік байланыстарына, әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты әлемдік процесстерден тысқары қалуы мүмкін емес [1].

Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған конфессияаралық қатынастар саласындағы саясат Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы қазіргі заманғы жаһандық процесстер контекстінде жүзеге асуы фактісін ескеру арқылы қалыптасуда. Егеменді жиырма жыл ішінде Қазақстанда қоғамдағы жасампаздық пен келісім жағдайын және тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі қалыптасты.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, «біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі – ол әр түрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуінің бүкіл әлемдік процессіне Қазақстанның қосқан шынайы үлесі». Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі дінаралық қатынас саласында мемлекеттік сарабал саясат жүргізіліп келеді.

Қазіргі заманғы Қазақстандағы зайырлы мемлекеттің құрылуының бастамасы 1992 жылдың қаңтарында қаланған болатын. Ар-ождан еркіндігі саласындағы мемлекеттік саясат саласындағы реформалар жалпысаяси үрдістерден дараланбаған. Олар нәтиже ретінде қарастырылады, ал өз кезегінде ойлау, ар-ұят, дін мен наным – сенімдер мәселелері бойынша негізгі қабылданатын нормативтік құқықтық актілерге де қатысты болып келеді.

Мұндай әдіс ар-ождан саласындағы Қазақстан Республикасының саясатын дамытуда бірнеше кезеңдерді шартты түрде бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1.1992-2005жж.

2.2005-2011ж.

3.2011ж. Бастап

Олардың әрбіреуі өзіндік ерекшеліктерді иеленеді. Бірінші кезең - КСРО-ның «қираған үйінділеріндегі» ар – ұят еркіндігі саласында саясат үлгілерінің негізінде ұлттық мемлекеттік үлгілері туылған заман, ондағы мемлекет қызметінің басқа салаларынан, оның ішінде Шіркеуден айқын бөлінген (секулярлы мемлекеттің концепциясы), дін әрбәр азаматтың жеке ісі болды, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасының Конституциясында, сонымен қатар ҚР «Дін тұту және діни бірлестіктер туралы» заңында көрініс табады (1992ж.). Бұл уақытта мемлекет қателіктерді түзетіп, атеистік өткен шақта алынып қойылған ғимараттар мен жеке заттарды, сонымен қатар бұзылғандардың орнын толтырып, діни ұйымдарға берді.

Дегенмен, 1990 жылдың аяғы - 2000 жылдың басында дағдарыс байғалып, мемлекет тарапынан ешбір бақылау жүрмей (2005 жылға дейін), соның есебінен діни ұйымдар көбейіп, қарқынды дами бастады. Назардар тыс жіберілген мұндай жағдай белгілі бір деңгейде 2000 жылдың аяғында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қол астында Діни істері жөніндегі Комитеттің құрылу қажеттілігіне әкеліп соқтырды.

Екінші кезең (2005-2011жж.) демократиялық институттардың сақталып қалуы жағдайында таза нарықтық стратегиялардан қоғамдық өмірдің барлық салаларына мемлекеттік реттеушіліктің қарқындылығымен сипатталады. Пайдалылықтың өлшемі болып қала беретін экономикалық тиімділікке мемлекет геосаяси талаптануларды қоса отырып, әлеуметтік саяси құрылымның тұрақтылығын сақтап қалу және мемлекеттегі конфессия аралық келісімнің атмосферасын тудыру үшін ықпалыд діни бірлестіктермен қарым-қатынасын нығайтуға тырысты.

Діни экстремистік ұйымдар қызметінің күшейтілген беталысына (Өзбекстанның Исламдық қозғалысы, Хизб-ут- Тахрир, шығыс Түркістанның Исламдық қозғалысы және т.б.) қарсылық жасау мақсатымен 2005 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы әрекеттер қолдану» заңы қабылданды. Бұл заң бойынша : «экстремизм – конституциялық құрылымды зорлық-зомбылықпен өзгерту, Қазақстан Республикасының егемендігін, тұтастығын, оның аумағының бөлінбестігі мен қол тигізбестігін бұзу, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік қорғаныстық мүмкіндігін бұсу, билікті тартып алу немесе билікті мәжбүрлеп қолда ұстау, заңсыз әскерленген қалыптасуларды құрып, оларға жетекшілік етіп, қатысу, қарулы ереуілді ұйымдастыру және оған қатысу, әлеуметтік таптық алауыздық тудыру (саяси экстремизм)» [ 2].

Кезеңдердің екеуі де өзгертулердің жалпы векторын, кеңестік индустриалдықтан жаһанды әлемдік қоғамастыққа қосылған постиндустриалды қоғамға дейін біріктірген болатын. ХХІ ғасырдың басы Қазақстанның азаматтық қоғамы мен ресми билігі арасындағы діни мәселенің жалпы жағдайын бағалауда айқын үйлесімдіктің болмауымен сипатталады. Егер алғашқының бағалауларында позитивті акцент байқалса, онда екіншісі байсалды түрде бағдарланған, оған қоса, кеңестің мемлекеттің ар-ұят саласында жалпы бағыттарына қатысты күмәндар мен сенбеушіліктер енді - енді айқын айтыла бастады. Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастар көрінудің негативті позитивті нысандарына ие болады. Мысалға, ірі, дәстүрлі аталмыш конфессиялар ең алдымен, біздің басқа ілемнен немен ерекшелетінімізді түсіндіретін ұжымдық сәйкестендіру ретінде, сонымен қатар, белгілі бір дәрежеде

идеология ретінде қарастырылды. Мұндай бағдарлардың болуы позитивті мемлекеттік идеологияның және нығайту мәдениеттің болмауы жағдайында, яғни посткеңестік Қазақстанның жағдайында қажет болады. Бұл мағынада дәстүрлі діни бірлестіктердің рөлі қалыпты болып келеді [3].

Қазақстан егемендік алғаннан кейін мемлекет өзін зайырлы мемлекет деп жариялай отырып, азаматтық қоғамның қалыптасуына негіз қалады. Кейінгі кеңестік Қазақстан 1992 жылдың өзінде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылдап, ол өз кезегінде мемлекеттік – конфессионалдық қатынастардың құқықтық негізіне айналды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік конфессионалдық саясаты жиырма жыл барысында қоғам мен мемлекет арасында қарым-қатынастарды құруда маңызды рөл атқарып, қоғамның көп бөлігінің, оның ішінде дінге сенушілердің де, сенбеушілердің де қажеттіліктерін білдіріп, оның өтелуіне мүмкіндік берді. Мұның барысында діннің бұқаралық санаға енуі және егемен Қазақстандағы дін рөлінің сәйкесінше өсуі жалпы саяси өмірге өз әсерін тигізе білді [4].

Конфессионалды тиесілігіне тәуелсіз діни мекемелер өздерінің әсерлерін қоғамның барлық әлеуметтік салаларына кеңейту және ұстанымдарын нығайтуға бағытталған өзіндік діни саясатын жүргізеді.

Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделі қалыптасқанымен, ол мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруды қажет етеді. Осы сала ахуалына қызығушылық танытатын барлық тараптар біріге отырып, үнемі талдау жасап отырғаны жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Жеңіс Ж. Түркілік сенім мен исламдағы дүниетанымдық ортақтықтары // Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2007. – 27 наурыз. - №3(13) – №4(14).
- 2 Мұхтасар. Аударған Жәмішұлы Ә. – Алматы: Жазушы, 2017. – 208 б.
- 3 Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование): Монография. – Алматы: Фараб, 2000. – 312 с.
- 4 Ғарифолла Есім Сана болмысы. – Алматы: Ғылым, 2018. – 425 б.

ӘОЖ: 94(71)

### **АҚШ-ТЫҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ СОҒЫСҚА ЕНУІ**

2 курс магистрант **Сарсенбаева Г.А.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

XX-ғасырдағы дүниежүзі өркениетіндегі ең қайғылы кезең сөзсіз 1939 -1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс болды. Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы 1-қыркүйекте Гитлерлік Германияның Польшаға шабуылымен басталды. Осы күн бүкіл әлем халықтарына қайғы қасірет әкелген.

АҚШ-тың Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысуы жайлы айтқанда ең алдымен Жапон аралдарына атом бомбасын тастауы немесе Перл-Харбор қорғанысы есімізге түседі. Бұл оқиғалар тарихта маңызды орын алғанмен АҚШ-тың Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысуы бұл оқиғалармен шектелмейді. Сондықтан мен осы мақалада АҚШ-тың осы соғыстағы орны мен ролін ашып көрсетуге әрекет жасадым.

АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экономикалық жағдайына келетін болсақ Гитлер Польшаға шабуыл жасаған кезде АҚШ экономикасы 1937-1938 ж.ж.

дағдарыстан түгелдей құтыла қоймаған болатын. Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы төрт жылында (1939 жылдың күзінен 1943 жылдың күзі) АҚШ-тың өнеркәсіп өндірісі үздіксіз өсіп отырды және осы кезеңде 2,5 есеге артты. Мұндай аса үлкен сұранысқа соғыс жағдайы, соғыс тапсырысы себеп болды [1].

АҚШ-тың әскери өндірістерінің дамуына соғыс ошағының солтүстік америка континентінен алыста болуы, соғыс қарсаңында елдің әлемдегі ең ірі өнеркәсіп орталығы болуы сияқты қолайлы жағдайлар жағдай жасады.

Өнеркәсіп өндірісінің аз уақыт ішінде шамадан тыс өсуі ел экономикасында айтарлықтай өзгерістерге алып келді. Ол өзгерістер елдің ішкі саясаты мен АҚШ-тың халықаралық жағдайына да әсер еткен күрделі мәселелерді туындатты.

Әскери өндірістің үлкен бағдарламасы тұтынуды қысқарту, тұрғындардың өмір сүру деңгейін төмендету мәселелеріне әкеп соқтырды. Әскери өнім мен азаматтық тұтыну тауарларын да шегі бар адам еңбегі арқылы өндіреді.

Егер әскери өнімдерге көп еңбек жұмсалса, азаматтық тұтыну тауарларын өндіруге аз еңбек жұмсалды. АҚШ сияқты аса бай елдің өзі соғыс кезінде бір мезгілде көп пушка мен май өндіруге қауқарсыз болды.

1942 жылы жеңіл автокөліктер өндірісіне қажетті қара және түсті металдарды, желім текстиль және басқа бұйымдарды қолдануға қатаң лимит жариялады. Бұл американдық халқына аса қажетті жеңіл автокөлік жасауды қысқартты. 1942 жылы жеңіл автокөліктермен қатар тоназытқыш, радиоқабылдағыш, кір жуу машиналарын, шаңсорғыш, металл жиһаз т.б. үйге қажетті бұйымдар жасау шектелді немесе тоқтатылды. Осы жылдың 10-шы сәуірінен мемлекеттің арнайы рұхсатынсыз құны 500\$ жоғары тұрғын үй құрылысын салуға тыйым салды. 1942 жылдың 8-сәуірінде әскери өндіріс басқармасының бастығы Нельсон 1 шілдеден кең қолданыстағы көптеген тауарлар өндірісінің қысқаратынын мәлімдеді.

Бизнес саласында жағдай әлдеқайда жақсы болды. АҚШ мұнай өндіру мен қайта өңдеу соғыс жағдайындағы елдің мұнайға деген қажеттілігін толықтай қанағаттандырды [2].

1942-1943 ж.ж. АҚШ үкіметі мен конгрессінің ерекше назар аударған ең маңызды мәселесі инфляция мәселесі болды. 1942 жылдың 10-сәуірінде АҚШ президентінің инициативасымен инфляциямен күресу үшін арнайы мәжіліс болды. АҚШ Президентінің инфляцияға байланысты Конгреске жолдаған екі жолдауынан соң және көптеген таластарыстан кейін 1942 жылы 2 қазанда АҚШ Конгресі инфляциямен күрес туралы заңды қабылдады. Сол күні Рузвельт заңға қол қойып, сол күні заң күшіне енді. Заң АҚШ президентіне бағана бақылауда, тұрғын үй мен жалақыны бақылауда үлкен өкілдік берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы АҚШ-тың позициясына келетін болсақ АҚШ дүниежүзілік соғысты өз пайдасына шешуге тырысты. Егер Германия Польшаға шабуыл жасағаннан кейін Англия, Франция, Германияға соғыс жарияласа, АҚШ үкіметі өзінің бейтараптық ұстайтынын мәлімдеді.

Германия саясатын сынға алғанына қарамастан АҚШ бейтараптық ұстады және президент Рузвельт ұзақ уақыт америкалық әскерін Еуропаға жіберудің мүмкін еместігін мәлімдеумен болды.

Англия басшысы Уинстон Черчилль гитлерлік Германияға қарсылық көрсету мақсатында АҚШ президентінен өтініш жасап Британияға көмек беруін атап айтқанда 50 эсминец, амуниция, самалет, болат сұрады.

Рузвельт британдық әріптесінің ұсынысын орындап, Атлант мұхитынан Британияға транспорттар жіберіле бастады. Бұның өтемі ретінде АҚШ британ иеліктеріндегі 8 әскери базаны 99 жылға жалға алуға мүмкіндік алды.

Америка Екінші дүниежүзілік соғыс сияқты мұндай көлемді әскери қақтығыстарға дайын емес еді. АҚШ әскерінің жағдайы өте нашар еді, ол Бірінші дүниежүзілік соғыстан қалған қару-жарақ, әскерилердің жалақысының төмендігі, әскерилердің сауаттылық деңгейінің төмендігі және адам санының аздығынан көрініс берді. 1939 жылы қыркүйекте америкалық әскерінің саны 174 мың болды [3].

1940 жылдың соңында ағылшындар АҚШ-тан тағы да әскери көмек сұрады. 19-желтоқсанда екі ел әскери техниканы жеткізіп беру туралы құны 750 миллион долларды құрайтын келісім-шартқа қол қойды.

1941 жылы 9-шы тамызда Ньюфаундленд жағалауларына ағылшын линкоры келеді. Онда Черчилль мен Ұлыбританияның жоғары шенділері болды. Сол күні осы портқа американ дипломаттары мен Рузвельт келіп түседі. Черчилль мен Рузвельт арасындағы келіссөздер үш күнге созылды. Бұл келіссөздерде басты мәселе Таяу Шығыста ортақ іс-әрекеттер жасау және Англия мен КСРО-ға көмек беретін болды. 1941 жылы 14 тамызда Рузвельт пен Черчилль Англо-американдық декларацияға қол қойды.

Декларацияда барлық халықтың құқығын құрметтеу, тәуелсіздігін сақтау, дүниежүзілік саудаға барлық елдердің қатысуы, нацистік тиранияны жою, күш қолдану саясатынан бас тарту, дүниежүзінің қауіпсіздік жүйесінің негізін қалау т.б. мәселелер қаралды.

1941 жылғы қыркүйекте Атлантикалық хартияға КСРО қол қойды. Бұл құжат осы уақыттағы КСРО, АҚШ және Ұлыбританияны біріктірген бірден бір құжат болды.

1940 жылдың күзінен АҚШ дүниежүзілік нацистік қауіптен қорғану мақсатында ұлттық гвардия құрды және азаматтық тұрғындарды әскерге шақыра бастады. 1941 жылы американ әскерінің саны бір миллион үш жүз мың адамды құрады. 1941 жылы мамырда Рузвельт елде төтенше жағдай жариялады. Бұдан сәл алдын Гитлер егер АҚШ пен Жапония арасында әскери қақтығыс болған жағдайда АҚШ-қа соғыс жариялайтынын мәлімдеген болатын [4].

АҚШ үкіметі Перл-Харборге шабуыл жасалғанға дейін саяси көлеңкеде болды. Перл-Харбор – Тынық мұхиттың орталық бөлігіндегі Оаху аралындағы АҚШ-тың әскери-теңіз базасы еді. Онда американдық Тынық мұхит флотының негізгі күші орналасқан болатын. 1941 жылы 7-желтоқсанда Жапонияның Перл-Харборге шабуыл жасауымен Тынық мұхитта соғыс басталды.

7-желтоқсанда Перл-Харборда 93 кеме мен көмекші кемелер, олардың ішінде 8 линкор, 8 крейсер, 29 эспинец, 5 суасты кемесі т.б. бар еді. Әскери әуе күштері 394 ұшақтан тұрса, жалпы базада 42958 адам болды.

Бұл операцияның мазмұны Перл-Харбордегі АҚШ-тың әскери-теңіз күштеріне жасырын келіп тұтқиылдан жаппай әуе күші арқылы соққы беру еді. Авиация күштерімен бір мезгілде үш суасты кемесі даярланып Перл-Харбор аумағына түне кіргізіліп торпедамен линкорларға шабуыл жасау жоспарланған еді. Перл-Харбор операциясына Жапон флотының адмиралы Исороку Ямомото басшылық жасады. Шабуылға 353 жапон ұшағы қатысты.

Перл-Харбор әскери базасына Жапон авиодесанттық авиациясының шабуылы нәтижесінде өзінің АҚШ Тынық мұхит флотының Жапонияның Оңтүстігі агрессиясына кедергі келтірмеу болып табылатын стратегиялық мақсатына қол жеткізді. 4 американ менкоры суға батты, 4-еуі жарамсыз болып қалды, 10 әскери кемесі суға батты, 349 ұшақ жойылды, 3581-әскери американдық және 103 азамат қаза болды [5].

Сонымен 7 желтоқсанда Тынық мұхиттағы американ флоты өмір сүруін тоқтатты. Егер бұған дейін америкалық және Жапон әскери флотының күші 10:7,5 болса, енді ірі кемелердегі үлесі жағынан Жапон әскери-теңіз күші артықшылыққа ие болды. Жапония сол күннен Филиппин, Малайя және Галландық Үндістанда соғыс қимылдарын бастап жіберді.

АҚШ үкіметі үшін Жапонияның Перл-Харборге шабуылы күтпеген оқиға болды. Перл-Харбор оқиғасы Вашингтондағы бейбіт өмірді бұзды. Ондағылар оқиғаның мұндай өрбуін күтпеген болатын. Ұзақ уақыт АҚШ басшылары Жапония мен КСРО-ның әскери қақтығысын немесе британ иеліктеріне Жапон шапқыншыларын күтіп жүрген болатын.

Сонымен американ базасына шабуыл жасау АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысуының бастамасы болды.

Жоғарыда айтқанымыздай АҚШ үкіметі соғысқа қатысқысы келмеді. Саяси қайраткерлер жай ғана бейтараптық ұстап, елдер арасындағы әскери қақтығыстарға араласпау позициясын ұстанды.

Сонымен бірге АҚШ экономикалық жағынан белсенді саясат ұстанды. Олар өз экономикасын әскери бағытқа бұрып, Англия, КСРО және т.б. елдерге әскери қажеттіліктерді жеткізіп беріп, табыс тауып отыруды көздеген болатын.

Алайда Перл-Харбор оқиғасы АҚШ-тың әскери іс-қимыл бастауына түрткі болды. 1941 жылдың 8-желтоқсан күні АҚШ президентті конгресстің екі палатасының бірлескен отырысында сөз сөйлеп, 7-желтоқсан АҚШ тарихына тарихи масқара күн деп еніп, сол күннен Жапонияға соғыс жариялағанын мәлімдеді. 9-желтоқсанда Рузвельт ел тұрғындарына құрбан болғандардың атынан Перл-Харбор оқиғасын ұмытпауды, осы

оқиғадан сабақ алу туралы мәлімдеме жасады. 11-желтоқсан күні Германия мен Италия АҚШ-қа соғыс жариялады. Сонымен АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыстың белді қатысушысына айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Кеңес Одағының 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі жеңісі, 1942 жылдың аяғындағы Сталинград майданындағы жеңісі және 1943 жылғы Курск түбіндегі жеңісі АҚШ пен Англия басшыларының Кеңес Одағымен жақындасуына себеп болды [6].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «АҚШ-тың қысқаша тарихы» Алматы, 1996. – 152 б.
2. Дуглас Стивенсон. «Америка: Халық пен ел». Алматы, 1995. – 101 с.
3. Закон Вагера от 5 июля 1933 г. Пономарев М.В. Смирнова С.Ю. Новая и новейшая история стран Европы и Америки. Т. 3. - М.: Гуманит.Изд. центр ВЛАДОС, 2000. – 455 с.
4. Кодекс о справедливой конкуренции для хлопчатобумажной текстильной промышленности от 17 июля 1933 // Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Учебное пособие / Под ред. З.М. Черниловского. - М.: Гардарики, 1996. - 413 с.
5. А. Уткин. Дипломатия Ф. Рузвельта. 77 стр М, 1990
6. Закон об оздоровлении национальной промышленности от 16 июля 1933 г. // Пономарев М.В. Смирнова С.Ю. Новая и новейшая история стран Европы и Америки. Т. 3. - М.: Гуманит.Изд. центр ВЛАДОС, 2000. – 455 с.

ӘОЖ : 94(574)

#### **М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ЗАМАННАН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

2 курс магистрант **Сариева Г.Т.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Апашева С.Н.**  
Tashenev University, Шымкент қ.

Ғалымдар арасында “Тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды” деген сөз бар. Манаш Қабашұлы Қозыбаев біраз жылдар бойы негізгі тарихтың салалық мәселелерімен шұғылданып, көптеген шешімін таппаған күрделі мәселелерді шешуге, оның астарына үңілуге тырысты. Бұл жайында академик Кенжеғали Сағадиев: “Кеңес заманасы дәуірлеп тұрған кездің өзінде-ақ М. Қозыбаев Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ тарихшыларының басын қосып, Ресейдің отаршылдық саясатын талдап, ұлт-азаттық қозғалысының ортақ заңдылықтарын ашты. Оларды әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігінде қарау ұсынылды”, – деп жазса [1], академик С. Қирабаев пен Ә. Бейсеновалар: “Манаш еңбектерінде көтерілген тарих проблемаларын қарастырсақ, олардың кең ауқымын танимыз. Олар – Қазақстан тарихының әр кезеңіндегі өзекті мәселелер, отаршылдық саясат зардаптары, егемендік үшін күрес тарихы, тоталитарлық жүйенің қазақ халқына әкелген ауыртпалықтары, қазақтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі, желтоқсан оқиғасы, т.б. Ал ол жаңаша бағалап жазған тарихи тұлғаларды еске түсірсек, Ермек туралы аңыз бен ақиқат, Сталин, Голощекин, Хрущев, Брежнев сияқты партия, мемлекет басшылығындағы қайраткерлердің Қазақстанға қатысына, Абылай, Хан Кене, Әбдіғапар сияқты ел билеушілері мен Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов тәрізді Қазақстан басшылығында болған қайраткерлердің, Бұхар, Абай, М. Әуезов, С. Зиманов, М. Ғабдуллин сияқты әдебиет пен мәдениет ардагерлерінің өмірі мен тарихи қызметі шындығына көз жеткіземіз. Тарихшы ғалым ретінде Манаш олардың қайшылықты заманда өткен өміріне объективтік баға берді”, – деп жазып, ғалымның қоғам алдында саяси қайраткерлікпен танылып, артына тамаша еңбектерін қалдырғандығын мақтанышпен айтқан еді [2].

1996 жылы 5-6 наурызда Қазақ радиосынан сөйлеген сөзінде Манаш Қабашұлы тарих туралы, оны қалай жазу керектігі турасында толғана отырып: “Халықта мақал бар: “Өскен ел



тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады”. Біздің халық тарихын ғасырлар бойы жаспен жазып келеді. Біздің аңыз, жазба әдебиетіміздегі жоқтаулар, зарлы-мұңлы өлеңдер, теңбіл-теңбіл болып жер жарасындай болып жатқан шөккен обалар, мекен жайдың орындары осының айғағы. Енді суверенді ел болған кезде тарихымызды таспен бедерлейтін кез де келді.

Тарихты әр түрлі жазуға болады. Фактілерді, ата-баба аттарын тізбектеп, жарапазан қылып хаттауға болады. Әркімнің тайпасын, руын, өңірін мадақтап та жазуға болады. Қазақ тарихын көнелетіп, басқа халықтардың төбесінен қаратып қоюға да болады.

Жоқ, бізге ондай қолдан жасалған жасанды, қуыршақ тарихтың керегі жоқ. Біздің ата тарихымызды таразылағанда шындыққа жүгінеміз, әділдікке мойын ұсынамыз, жеке фактілерден оқиға өрбітеміз, оқиғалардан тұтас құбылыстарды көруге талпынамыз, ал құбылыстардан заңдылықтарды түйіндейміз. Біздің ата тарихымыздың құнды, шұрайлы тұсы – тарих тағылымы. Тарих тағылымға көтеріліп, болашақ ұрпаққа жолбасшы болуы абзал. Мәселенің түйіні осында”, - деген ойын айтқан еді. Ғалым “Тарих иесі – халық, ел, Отан” дей отырып, қазақ тарихының шынайы пердесін ашып көрсетуге тырысты [3].

***М. Қозыбаевтың аса бай тарихи мұралары: ғылыми еңбектері, мақалалары, баяндамалары Қазақстан тарихы үшін маңызы зор дерек болып табылады. Диссертацияға арқау болып отырған 1985-2001 жылдар аралығында тарихи құжаттық деректер мен халық әдебиетін, тарихи аңыз-әңгімелерді пайдалана отырып қазақ тарихының құндылығын көрсететін еңбектер жазды. Бұл еңбектерінің қатарына “История и современность” (Алматы “Ғылым”, 1991.) “Ақтаңдақтар ақиқаты” (Алматы “Қазақ университеті”, 1992.), “Жауды шаптым ту байлап” (Алматы “Қазақстан, 1994.), “Тарих зердесі” (Алматы “Ғылым”, 1998.), “Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски” (Алматы, 2000.), “Өркениет және ұлт” (Алматы “Сөздік-Словарь”, 2001.) және тағы басқа 800-ден астам ғылыми мақалаларын жатқызамыз. Осы зерттеулерінде көне заман бастап Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы тарихы толықтай қамтылынады. Аталған тарихи еңбектерінде ғалым қазақ тарихының көмескі тартқан тұстарын ашып, оның маңыздылығын айқындайды. Осы еңбектер ғалымның ұлттық тарихқа түбегейлі бет бұғандығын көрсетеді.***

Академик М. Қозыбаевтың жоғарыда аталған еңбектерінің ерекшелігі болған оқиғаның байыбына жету, оны нақты деректермен дәлелдеу болып табылады.

Ғалым Қазақстан тарихының мәселелерін көтергенде тарихи сананы қалыптастыру қажеттігін ұсынады. Мәселен, “Тарихи сананы қалыптастырсақ...” атты мақаласында тарихи сананы қалыптастырудың төрт концепциясын талдап көрсетеді. Бұл тұжырымдамалардың тарихты қайта жазуда нақты керектігін айтады. Оның біріншісі, жаңа буынның санасын, тарихи санасын қалыптастыру, тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік қорғау үшін өткенді біліп, бүгінгіні талдау, болашақты болжау болса, ал екіншісіне, тарихты таразылауды жатқызады. Бұл жолда кездесетін қиындықтарға тоқталады: “Сөз жоқ, бұл үлкен істің алғашқы қадамдары, қиындықтың шегі жоқ. Тарихнама бізде дамымаған жанр. Жазба деректемелердің басым көпшілігі Ресейде, көрші елдерде. Тарихшылар қауымының басым көпшілігі – біріншіден, қарт адамдар, екінші бір қомақты бөлегі – кешегі партия тарихын зерттегендер. Үшіншіден, біздің көпшілігіміз догматизм рухы басым кезде тәрбие алғанымызды жасыра алмаймыз. Төртіншіден, жас дарынды ғалымдар уақытша қиындыққа көне алмай, ғылымды тастап кетуде. Бесіншіден, жас буынның басым көпшілігі тіл білмейді, көбі мамандықты тарихтың жаңа кезеңінен алған, оның үстіне еті тірілері аспирантураға келмейді. Аға буын мен кіші буынның арасы үзіліп барады”.

Үшінші тұжырымдамаға оқыту жүйесін дұрыстау қажеттігін атайды. Жоғарғы оқу орындарында бірыңғайлық жүйенің жоқтығын, қаражаттың төмендігінен мамандардың көбі оқу орындарын тастап кетуге мәжбүрлігін, осы жоғары оқу орындарында тарихты оқыту әр түрлі, мектептерде тарихты оқыту дәрежесінің төмендігін сынға алады. Төртіншіге тарихты түстеу, түсіндіру қажеттігін жатқызады. Сөйтіп, тарихи сананы қалыптастырудың мынадай жобасын ұсынады:

1. Қазақ тарихы әлемдік тарихтың құрамды бөлігі;
2. Қазақ халқы Евразия құрлығында тарихтың жалпы даму заңдылықтары негізінде дамыды;

3. Қазақ халқы – бүгінгі Қазақстанның жерінде дамуы өткен сак, ғұн, түрік тайпаларының, үйсін, қаңлы, найман, керейт, оғыз, түрік қағанаты, қыпшақ, қимақ, хазар мемлекеттерінің т.б. мұрагері.

4. Еуразия кеңістігінде орналасқан халық өз бостандығын өмір бойы қорғаумен келеді. Ол өжет, батыр, жауынгер болып қалыптасты. Орталық Азия, Қытай, Ресей, Иран елдерімен дипломатиялық саясат жүргізді. Билікті билікке негіздеді, бірлікті бірлікке жалғады. Ғасырлар бойы өзін қорғап, құрып кету қауіпінен өзін сақтады. Тарих бұл салада бай тәжірибе жинады.

5. Проблемалы мәселенің бастысы – методология, ол қолдан жасалынбайды. Әлемдік тарихты жазу барысында тарихи принцип, объективті принципті, диалектикалық даму, өзара байланыс принциптері, салыстырмалы принцип, плюрализм принципі негізге алынатыны белгілі. Біз партиялық принциптен бас тартып, томаға-тұйық ұлттық шеңберге шектеліп қалуымызға болмайды. Келесі мәселе – тарих директиваға емес, деректерге сүйеніп жазылуы керек. Ол деректер негізін мемлекеттік ауқымда қарап, жасау керек. Кеңестік кезде тарихшылардың 75 проценті ХІХ -ХХ ғасырлар тарихы бойынша даярланды. Көне заман, Орта ғасыр тарихынан кадрлар жоқтың қасы. Бізге бұл проблеманы шешу үшін мемлекет тарапынан көмек керек.

Бұл тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын Президент жанындағы мемлекеттік саясат комиссиясының алдында сөйлеген сөзінде айтты. Осы бағдарламаның жүзеге асу барысы турасында “Егеменді Қазақстан” газетінің тілшісіне берген сұхбатында тұжырымдама негізінде іргелі бетбұрыс қадамдар жүргізіліп жатқандығын атап өтеді. Бұған академияның қоғамдық ғылымдар бөлімшесі жанында қыпшақтану орталығының құрылуын, қазақ этнографиясын жазу қолға алынуын, шетелдіктерге арналған бөлімнің ашылу даярлығын жатқызады [4].

М. Қозыбаев қазақ халқының тарихын жазу барысында бұрындары зерттелінбей немесе зерттелуге тиым салынған, яғни “ақтаңдақтар” аталынған мәселелерді көтеруді ұсынды. Ол Қазақстан тарихындағы ақтаңдақ беттеріне қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының көршілес шығыс халықтарымен тарихи байланысы, Қазақстандағы мемлекеттердің пайда болу тарихы, патша өкіметінің отарлау саясаты, Ресейдің аз халықтарының тағдырына деген көзқарасы, капитализм және империализм дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалысының ғылыми концепциясы, Ресейдегі үш революция, азамат соғысы кезеңіндегі саяси-қоғамдық ағым, партиялардың тарихи сырын ашу, қазақ халқының феодалдық-патриархалдық қарым-қатынас, рулық идеология және отарлық режим үстем кезінде қалыптасқан интеллигенцияның тарихы, ислам дінінің қазақ сахарасында тарату тарихын жатқызды [5].

Манаш Қабашұлының 1985 жылдан 2001 жылдар аралығында шыққан мақалалары мен арнаулы ғылыми еңбектерінде көне заманнан бастап Қазақстан тарихының ХХ ғасырдың аяқ кезіндегі проблемалық мәселелер қамтылған. Осы мәселелердің бірі – қазақ халқының шығу тегі мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу мәселесі.

Ғалым қазақ халқының этногенезісін ашудың мәнісін “Өркениет және ұлт” атты кітабында: “Әр этнос өзінің даму, өсу жолында сан қилы стадиялардан өтеді. Ұлттың жұлдызды сәті болады – ол мемлекет құру, әлемдік тарихқа өз өрнегін салу мүмкіндігі болса керек. Сонымен бірге оның тозу, сыну, ыдырау, құлау сәттері де тарихта кездесетін құбылыстар. Ал, ұлт ұлықты болса, ол – мемлекет-орда құрып, өз мәдениетін қалыптастырып, өркениетпен қабыса дамып, белгілі бір кеңістік пен мерзімде оның есігінен сығаламай, төріне шығатын бақыт қонады. Ұлтың рухты болса, ұлың ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса – ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана”, – деп айқындауға тырысады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қозыбаев М. Ұлт тілі // Заман Қазақстан. – 1999. – 9 маусым.
2. 196 Қозыбаев М. Қандай елміз? Қандай болуға тиіспіз? // Халық конгресі. 1993. 28 сәуір.
3. 197 Қозыбаев М. Отан туралы сөз // Отан. -1999. -№1. -10-11-бб.
4. 198 Қозыбаев М. Ел тұғыры // Қазақ елі. 1998. 5-11 маусым.
5. 199 Қозыбаев М. Басты тұғыр – тәуелсіздік // Ұлт тағылымы. 1999. №3. 5-8-бб.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ШАҒЫН-ЖИНАҚЫ МЕКТЕПТЕРДІ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

2 курс магистрант **Умарова Ш.А.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**  
Tashenev University, Шымкент қ.

Шағын жинақты мектептер – бұл алыс мекендерде орналасқан қазақ ауылдарының ұйтқысы, олардың әлеуметтік-мәдени дамуының өзегі. Елбасының «Ауыл - бұл халық өмірінің бейнесі, мәдениеті, дәстүрінің, салты мен рухани өмірінің қайнар көзі. Тек қана осы факторлар жиынтығы бізден ауыл мәселелеріне, соның ішінде оның мектебіне өте сергек қарауымызды талап етеді» - деген сөзі мұғалімдерге үлкен міндеттер жүктейді.

Қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді -мекендердегі мектептердің басым көпшілігі - шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы шағын мектептер санының көп болуына тіреп отыр. Зерттеу бойынша Қазақстан оқушыларының әрбір жетінші оқушысы шағын жинақталған мектептер жағдайында оқиды және әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ береді.

Шағын жинақты мектеп дегеніміз - тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, оқушыларының саны аз, біріктірілген сыныптардан, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі. Қазіргі таңда шағын жинақты мектеп:

- біріктірілген сыныптармен
- біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныппен жұмыс жасайды.

Статистикалық деректер бойынша, жалпы республика бойынша біріктірілген 1-4 сыныптар 4398 (33250 бала), 5-9 сыныптар - 2012 (15201), 10-11 сыныптар - 17 (110). Қазақстанның 7576 жалпы білім беретін ұйымының 4288-і - ШЖМ. Бұл жалпы санның 56,5 %-ын құрайды. Ауылдық жерлерде 6032 жалпы білім беретін мектеп бар. Оның 4139-ы ШЖМ. Бұл барлық санның 68,6 % - ы. 1913 қала мектебінің 149 - ы ШЖМ. Бұлар оқушы санының аздығымен, сыныптарды біріктірумен, мұғалімдердің көп пәннен сабақ беруімен сипатталады. Қазақстанда ШЖМ қызметін нормативтік құқықтық сүйемелдеу бойынша мемлекеттік деңгейде үлкен жұмыс жүргізілді. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы Заңымен, алдыңғы 1999 жылғы 7 маусымдағы Білім туралы Заңымен ШЖМ дефинициялары және олардың негізгі ережелері анықталды [1]. Бұл бөлімде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың әр жылдардағы мемлекеттік бағдарламаларын (бұдан әрі – ҚР БҒДМБ) талдауға басты назар аударылатын болады, өйткені онда ШЖМ-нің сол немесе өзге кезеңдегі жай-күйі анық жазылған, нақты міндеттер мен оларды шешу тәсілдері қойылған. Қазіргі уақыттың көзқарасы бойынша жоспарланған және іс жүзінде жүзеге асырылған нәрсенің арақатынасы қызықты болып көрінеді. Әрине, зерттеу жоғарыда аталған тақырыппен тығыз байланысты, бірақ келесі тарауларда толығырақ қарастырылған басқа ережелерді ұсынады. ҚР 2011-2020 ж.ж., 2016-2020 ж.ж. және 2020-2025 ж.ж. арналған БҒДМБ салыстырмалы талдауға ұшырадық, ең маңыздысынан -міндеттер қоядан бастаймыз, өйткені бұл мәселенің қаншалықты өзекті екендігіне және оның кейінгі уақытта шешілетініне байланысты болады [2]. Алдымен орта білім беру жүйесі үшін анықталған тапсырмалардың толық дәйексөздерін келтірейік. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ міндеттері:

- Білім беру мазмұнын жаңарта отырып, оқытудың 12 жылдық моделіне көшуді жүзеге асыру; – ШЖМ проблемасын шешу; – мектепте инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру.

2016-2020 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ міндеттері:

- педагог мамандығының беделін арттыру және олардың сапалық құрамын арттыру;

- орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;

- орта білім берудің мазмұнын жаңарту;

- мектеп оқушыларының бойында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

- орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру". 2020-2025 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ міндеттері: "

- Педагог мамандығына сұранысты арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту.

- білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту;

Елдегі халық тығыздығының әркелкілігі аталған проблеманың өңірлік аспектісіне негізделген: ШЖМ-ның басым көпшілігі Солтүстік Қазақстан (облыстағы барлық мектеп санының 88,1%-ын құрайды), Ақмола (81%), Қостанай (77,5%), Павлодар (76,5%), Батыс Қазақстан (72,9%), Ақтөбе (67,5%), Шығыс Қазақстан (67,9%) Қарағанды (58,9 %) облыстарында [3].

Мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей болып қала береді. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында шағын жинақты мектептерді дамыту проблемасы басым бағыттардың бірі болып белгіленіп, шағын жинақталған мектептерге ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы базасында ШЖМ дамытудың республикалық орталығының, тірек мектептері мен ресурстық орталықтардың ашылуы, мектептері жоқ елді мекендерде тұратын білім алушыларды тегін әрі қауіпсіз түрде тасымалдау стандартының қабылдануы. Осы аталған іс-шаралар республикамыздағы шағын жинақталған мектептердің сапалы білім беру үрдісін іске асыруға арналған игі іс-әрекеттер екені даусыз. Шағын жинақталған мектептер мынадай мақсаттарды алдына қойып жұмыстануда:

- шағын жинақталған мектеп оқушыларына жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру;

- мектеп түлегінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

- қабілеттерін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім алуын, өз бетімен білімін жетілдіруін қалыптастыру;

- ауыл шаруашылығы мамандығына бағытталып, ауыл мәдениетін, экономикасын дамытуға үлес қосуы.

- балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне жағдай жасау, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- білім беру сапасын бағалаудың тиімді тұтас жүйесін қалыптастыру. Жоғарыда келтірілген бағдарламалық міндеттерден 2010 жылдан бастап 12 жылдық оқытуға көшуді жүзеге асыру, ШЖМ проблемаларын шешу және инклюзивті білім беруге назар аудару маңызды болғанын көруге болады. 2015 жылдан бастап басымдықтар өзгеруде, білім берудің жаңартылған мазмұны, инфрақұрылымдық даму, педагог мәртебесін арттыру және білім алушыларды рухани - адамгершілік тәрбиелеу бойынша реформалар жүргізілуде. Бүгінгі таңда мұғалім мамандығына сұранысты арттыру, ыңғайлы педагогикалық жағдай жасау және аймақтық және аумақтық белгілері бойынша мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту міндеті өзекті. Толық көрініс үшін 2005 жылға дейін есептелген, 2000 жылғы 30 қыркүйектегі «білім беру» мемлекеттік бағдарламасының мәтіндері қайта қарастырылды, онда ШЖМ-ға ерекше назар аударылып, ШЖМ-дағы білім беру сапасын

арттыру үшін және оларды іске асыру жөніндегі шаралар үшін көбірек міндеттер қойылды [4]. ШЖМ-ға қатысты осы заңды күшін жойған құжатта міндеттердің жеке тобы айқындалды:

- ауылдық және ШЖМ тиімді моделін әзірлеу және кезең – кезеңімен енгізу;
- ШЖМ үшін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау;
- ауылдық жерлерде педагог кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- әдістемелік әдебиеттер шығару, ШЖМ – ның оқу-тәрбие процесіне арнайы әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- ауыл мектептерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;
- оқытудың инновациялық әдістері мен арнайы ұйымдастыру нысандарын енгізу жолымен ауылдық мектептерде оқыту деңгейін арттыру, оқушылардың шығармашылығы мен дарындылығын ынталандыру;
- ШЖМ оқу үрдісінде қашықтықтан оқыту әдістерін әзірлеу және игеру; - ауылдық және ШЖМ басқарудың тиімділігін арттыру.

Бағдарламалық құжаттарда көрсетілген міндеттерден ғана 2000 жылдардың басында ШЖМ-ға оқу орындарының ерекше түрлеріне қатысты басқа қарым - қатынас болғаны анық. ҚР 2011-2020 жж. арналған БҒДМБ– да ШЖМ – ның тек бір ғана міндеті бар – «ШЖМ мәселесін шешу». Келесі бағдарламаларда ШЖМ сұрақтары бойынша сұрақтар қойылған жоқ. Солай ма? Біз осы бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің негізгі шешімдері мен тәсілдерін қарастырамыз.

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі қиындықтар осы мектептерге, біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың болмауынан туындап отыр. Пән мұғалімдерінің жетіспеуі немесе жүктеменің аздығы салдарынан шағын мектептерде бір мұғалімнің бірнеше пән бойынша сабақ беруіне тура келеді. Біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізеді. Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру кез келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді. Мұның өзі шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақ өткізуде мұғалімдерге әдістемелік көмекші болатын құралдардың қажеттілігін туындатады.

Қазақстандағы білім беруді жаңартудың барлық деңгейдегі білім беру мекемелері мен білім беруді басқару органдарының қызметіндегі институционалдық өзгерістерді қамтиды, ауыл мектебінде ауылдық еңбек нарығының дамуын ескере отырып, ауылда білім беруді ұйымдастыруға бағытталған жаңа миссия бар; ауылдағы білім беру құрылымдарының бәсекелестігі болмаған жағдайда ауылдық тұтынушыға бағытталған; Жалпы ресейлік білім берудің жаңа басымдықтарын, сондай-ақ экономиканың, қоғамның ерекшеліктеріне және білім беру дәстүрлеріне байланысты аймақтың (ауылдың) стратегиялық мүдделерін көрсететін процестерді дамыту.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шағын ауыл мектебі: мәселелер, ізденістер, шешімдер / ред.Л. В. Байбородова, А. П. Чернявская, И. Г. Харисова. - Ярославль, 1998.
2. Шағын ауыл мектебі: мәселелер, ізденістер, шешімдер / ред.Л. В. Байбородова, А. П. Чернявская, И. Г. Харисова. – Ярославль, 2000.
3. Шағын жинақты ауыл мектебінде оқыту: 5-9 сыныптар: кн. мұғалім үшін / Г. Ф. Суворов және т.б.; ред. Г. Ф. Суворова. – М.: Білім, 1990.
4. Шағын жинақты мектептегі педагогикалық үдерістің ерекшеліктері / ред. п. т. Фролова. – М., 1991.

## ҚР-НЫҢ ӘЗЕРБАЙЖАН, УКРАИНА, БЕЛАРУСЬ, МАЛДОВА ЕЛДЕРІМЕН ҚАТЫНАСТАРЫ: ҚАЗАҚ ДИАСПАРАСЫ МӘСЕЛЕСІ

2 курс магистрант **Турсынбаев Б.Т.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**  
Tashenev University, Шымкент қ.

1992 ж. 27 тамызда - Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар саяси мекемелердің нота алмасуы арқылы орнатылды. 1994 ж. - Әзербайжан Республикасында Қазақстан Республикасы Елшілігі ашылды. 2004 ж. – Қазақстан Республикасында Әзербайжан Республикасының Елшілігі ашылды. 1996 ж. қыркүйек – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Әзербайжанға ресми сапары. 1997 ж. маусым - Әзербайжан Президенті Г.әлиевтің Қазақстанға ресми сапары. 1998 ж. маусым - Әзербайжан Президенті Г.Әлиевтің Қазақстанның жаңа елордасы – Астана күнін мерекелеуге қатысуы. 1998 ж. қазан - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Н.Балғымбаевтың Әзербайжанға сапары. 1999 ж. қазан – Премьер-Министр А.Раси-заде бастаған Әзербайжан үкімет делегациясының Астанаға сапары. 2000 ж. сәуір – Президент Н.Назарбаев бастаған ҚР делегациясының Бакуға ресми сапары, Қазақстан басшысының түркі тілдес мемлекет басшыларының VI саммитіне қатысуы. 2003 ж. желтоқсан – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Бакуға келуі, Әзербайжанның бұрынғы Президенті Г.Әлиевті жерлеу рәсіміне қатысуы. 2004 ж. наурыз - Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиевтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары. 2004 ж. қыркүйек - Әзербайжан Президенті И.Әлиевтің ТМД саммитіне қатысуы (Астана). 2005 ж. мамыр – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Әзербайжанға ресми сапары, «Баку-Тбилиси-Жейхан» Негізгі экспорттық құбырының Әзербайжандық бөлігінің іске қосылуы рәсіміне қатысуы. 2006 ж. қаңтар – Әзербайжан Премьер-Министрі А.Раси-задениң Қазақстан Республикасы Президентінің ұлықтау рәсіміне қатысуы. 2006 ж. мамыр – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.Ахметовтің Әзербайжанға жұмыс сапары, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының мемлекет және үкімет басшылары саммитіне қатысуы [12-15].

Қазақстан мен Әзербайжан халықаралық және аймақтық сипаттағы өзекті мәселелер бойынша өзара жақын позицияларды ұстануларымен ерекшеленеді. Көп жақты форматта тараптар БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЭЫҰ, ИКҰ және басқа да ұйымдар шеңберінде әрекеттесуде.

Қазақстан-Әзербайжан шарт-құқық базасы екі жақты ынтымақтастықтың кең ауқымын қамтитын 80-нен астам құжаттан тұрады.. Осы орайда, екі ел басшылары тарапынан 2005 ж. мамырда Бакуда қол қойылған Стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастар туралы Шарт айрықша мәнге ие. Қазақстан-Әзербайжан әрекеттестігі аймақтық тұрақты және қауіпсіз өркендеуін қамтамасыз ету бағытында жемісті түрде даму үстінде. Аймақтық және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған Қазақстандық бастамаларды қолдаушы ретінде Әзербайжан Қазақстанда өткізілетін түрлі шараларға белсене қатысуда. Бұл шаралардың мақсаты –терроризммен, экстремизммен, діни және ұлттық негіздегі шиеленістермен, сондай-ақ аймақтағы және жалпы әлемдегі ахуалды тұрақсыздандыруға бағытталған басқа да факторлармен күреске қолдау көрсету. Атап айтқанда, Әзербайжан Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске қатысады (АӨСШК). 2002 ж. маусымда Әзербайжан Премьер-Министрі А. Раси-заде АӨСШК бірінші саммитіне қатысты. Әзербайжан өкілдері АӨСШК Аға лауазымды тұлғалар комитетінің, сыртқы істер министрлерінің кездесулеріне қатсуда.

Әзербайжан Қазақстанда болып жатқан ішкі саяси үрдістерге жіті көңіл бөлуде. Атап айтқанда, Әзербайжан өкілдері халықаралық бақылаушылардың құрамында Қазақстандағы

президенттік сайлауға және парламенттік сайлауға қатысты.. Өз кезегінде, Қазақстан өкілдері 2005 ж. қарашада Әзербайжанда өткен Милли Меджлис депутаттарын сайлау үрдісін бақылады. Әзербайжан Милли Меджлисі төрағасының орынбасары В.Алескеров ҚР Парламентінің 10-жылдығына арналған салтанатты шараларға қатысты.

Екі елдің қорғаныс мекемелері, ұлттық қауіпсіздік органдары, шекара қызметері, құқық қорғау құрылымдары арасындағы ынтымақтастық үдемелі дамуда. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау мәселесінде ұқсас ұстанымда болу екі жақты қатынастардың оңды нышандарының бірі болып табылады. Тараптар екі ел арасында Каспий теңізінің түбін белгілеу туралы келісімді, Каспий теңізінің түбі мен қойнауының учаскелерін белгілеудің орта сызығының географиялық өту координаттарын орнататын хаттаманы бекітті. қазіргі кезде Қазақстан мен Әзербайжан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны әзірлеу жөніндегі Арнайы жұмыс тобы аясында Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері орынбасарлары деңгейінде жұмыстарын жалғастыруда.

Экономика саласындағы ынтымақтастық табысты дамуда, бұған ҚР тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың Әзербайжанға жасаған сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтар қосымша серпін берді. Аталған Аталған салада басым бағыттар белгіленді.

Екі жақты қатынастарды дамытуда экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Әзербайжан Үкіметаралық комиссия маңызды рөл атқарады. Оның төртінші отырысы 2006 ж. мамырда Бакуда өткізілді. Комиссияның ұсыныстары екі жақты ынтымақтастықтың кең ауқымын қамтиды, соның ішінде өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жөнелтуді жандандыру; мұнай-газдық машина жасау, химия және мұнай-химия, көлік саласында; отын-энергетика кешенінде; агро-өнеркәсіп кешенінің өнімдерін қайта өңдеуде; Каспий теңізін қоршаған ортаны сақтауда, мәдени-гуманитарлық байланыстарда өзара ынтымақтастықты дамыту [7-8].

Экономикалық ынтымақтастықтың маңызды элементтерінің бірі – мұнай-газ секторы.. Осы орайда Қазақстан мұнайын «Баку-Тбилиси-Жейхан» құбыры арқылы тасымалдаудың жолдары жөнінде жүргізіліп жатқан екі жақты келіссөздерді атап өткен жөн.. 2005 жылдың қорытындысы бойынша Ақтау портынан Баку портына қарай 3,028 млн. тонна мұнай тасымалданды. Қазақстан мен Әзербайжанда көмірсутегі шикізатын өндіруді ұлғайту жоспарларын ескере отырып, екі ел үшін мұнай-газдық машина жасау саласында ынтымақтастықты жандандыру, соның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен өндірістер құрудың айтарлықтай тиімділігі бар. 2005 жылы «Азнефтехиммаш» Ақ кәсіпорындары Қазақстанға ,07 млн. сомасында мұнай-газ қондырғыларын жолдады. Көлік саласында басыңқы бағыт ретінде екі елдің «Еуропа – Кавказ - Азия» (ТРАСЕКА) халықаралық көлік дәлізі жобасына қатысуын атап айтуға болады.

2005 жылы Қазақстан, Әзербайжан және Грузия көлік мекемелері өкілдерінің үш жақты кездесулерінде Поти-Баку-Ақтау-Алматы маршруты бойынша пилоттық контейнерлік пойыз үшін тарифтік бағалар белгіленді. Сондай-ақ темір жол арқылы бидай, көмір, күкірт, түсті және қара металл, ферроқорытпа, қара металл ломдарын Әзербайжана мен Грузия аумғымен тасымалдаудың тарифтік бағалары, Баку портында бидайды түсіріп-тиеу үшін жеңілдіктер белгіленді. Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы, БҰҰ-ның Орталық Азия экономикалары үшін арнайы бағдарламасы (СПЕКА) аясында көлік және шекарадан өту Жобалық жұмыс тобы, ТМД жолшылары

Үкіметаралық кеңесі шеңберіндегі ынтымақтастық жалғасуда. қаржы саласындағы екі жақты байланыстар ұлттық және коммерциялық банктер арасында дамуда. Каспий теңізінің түбімен Ақтаудан Бакуға дейін талшық-оптикалық байланыс желісін тарту мәселесін пысықтау жалғасын табуда. Әзербайжан статистикалық органдарының мәліметі бойынша, 2005 жылы екі жақты тауар айналымы 2,5 млн. құрады (Әзербайжанның басқа елдермен тауар айналымының 1,3%-ы). Әзербайжан тауарларының Қазақстанға экспорты ,1 млн. көлемінде.

Ал Қазақстандық тауарлар ,3 млн. сомасында импортталды. Қазақстандық экспортың негізгі бөлігін табиғи газ, астық өнімі, электр жабдықтары, болат, құбырлар, қорғасын,

аккумуляторлар, химиялық қосындылар, темекі өнімі және т.б. Әзербайжаннан Қазақстанға мұнай өнімдері, мотор майлары, жол-құрылыс жұмыстары үшін машиналар мен механизмдер, қосалқы бөлшектер, химиядық өнімдер, насостар және сұйықтарды көтергіштер. Қазақстан Елбасының белгілеген міндеттері шеңберінде Әзербайжанға және үшінші елдерге бидай тасымалдауды жүйелендіру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Осы орайда Бакуда «Азық-түлік корпорациясы» Ақ-мен бірлесе отырып жүзеге асырылатын астық терминалын салу жобасына маңызды рөл беріледі (орташа жылдық қуаты 300 мың тонна).

Аталған жобаның іске асуы Әзербайжанның ішкі сұранысын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсерін тигізеді, сондай-ақ Қазақстандық бидайды басқа елдерге тасымалдау географиясын едәуір кеңейтеді. Сонымен қатар Әзербайжаннан Қазақстанға бау-бақша өнімдерін жөнелту мәселесі пысықталуда.. Қазақстан мен Әзербайжанның қоршаған ортаны қорғау мәселесіне байланысты әрекеттестігі даму үстінде.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықта, атап айтқанда кинематография, түрлі шығармашылық байқаулар мен фестивальдерге өзара қатысу саласында жандану үрдісі байқалуда.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы дәстүрлі бауырлас қарым-қатынастардың барлық салалар бойынша және ең жоғары деңгейде дамып отырғанын атап өту абзал.

Бұған, бірінші кезекте Қазақстан және Әзербайжан мемлекет басшыларының өзара сапарлары, екі ел үкіметтері арасындағы тығыз ынтымақтастық, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан - Әзербайжан Үкімет аралық комиссиясының белсенді жұмысы септігін тигізуде.

Соңғы жылдары жүзеге асырылған негізгі іс-шараларға талдау жасайтын болсақ, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың терең тиімділігін нық сеніммен атап өтуге болады.

Атап айтқанда, Мемлекетіміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың 2009 жылғы 2 қазандағы Әзербайжанға ресми сапары, бұл сапар барысында тараптар арасында қол жеткізілген маңызды уағдаластықтар, сондай-ақ қол қойылған үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар екіжақты ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейде дамуына септігін тигізді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Тоқаев. Под стягом независимости. Алматы, 1997 .
2. Қ. Тоқаев. Қазақстан Республикасының Дипломатиясы.А.:2002
3. Т.Мансуров. Қазақстан – Ресей Қатынастары өзгерістер дәуірінде.1991 – 2001. А: 2006.
4. Токаев К.К. Казахстанско-российские отношения в контексте внешнеполитического курса Казахстана.// Казахстанско-российские отношения 1991-1995. Сборник документов и материалов.- Алматы-Москва 1995

ӘОЖ: 94(574)

### **ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ КОНФЕДЕРАЦИЯҒА АЙНАЛУ ПРОЦЕСІ**

2 курс магистрант **Тажиханова Г.А.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Қазіргі Өзбекстан мен Қазақстан территориясында орналасқан ежелгі Қаңлы мемлекеті туралы алғашқы мәліметтерді ежелгі қытай жылнамаларында (Шидзи) кездестіруге болады. Ежелгі Қытай тарихшысы Сыма Цян 100-91 жылдары жазылған «Шицзи» (Тарихи естеліктер) шежіресінде ол алғаш рет Кан-джу түріндегі Қаңлы мемлекетін атап өтеді [1].



Тарихшы Э.Пуллейбленк Канлы терминінің тохар тілінде «канк» немесе «тас» дегенді білдіретінін атап өтті. Чач термині «тас» деген мағынаны да беретіні белгілі. Археолог Б.А.Литвинский, тарихшы Х.В. Бэйлидің айтуынша, қан сөзі хотан-сақ тілінен шыққан және «былғарыдан жасалған сауыт» немесе былғары дегенді білдіреді [2]. Соңғы лингвистикалық деректер оның түркі халықтарының тілінде «қаңқия» болып айтылуы мүмкін екендігін көрсетеді. Шығыстанушы А.О. Ходжаевтың айтуынша, ежелгі қытай жылнамашылары қаңлы және юэчжи мемлекеттерін өздерінің саяси дүниетанымына қарай сипаттаған. Тарихшы Л.Н. Гумелев Орталық Азияда әр уақытта өмір сүрген көшпелі империяларды сипаттағанда, олар құрған мемлекеттерді өзара байланыстыратын «түркі» термині деген идеядан алыс болды. Бірақ бұл мәселе ғалымдар арасында даулы болып қала береді.

Қаңлы мемлекетінің билеушілері «ябғу» титулына ие болды. Бірақ бұл терминнің шығуы да ғалымдар арасында дау тудырды. Мысалы, Э.Пуллейбленк бұл сөздің шығу төркіні түрік «ябгумен» байланысты десе, Б.А.Литвинский, тарихшы Х.В. Байли мәліметтеріне сүйене отырып, ол шығыс Иран халықтарының тілінен алынған деп бекітеді. Яғни, «ябғу» сөзі «бастаушы» немесе «капитан» дегенді білдіреді. Сонымен бірге Қаңлы мемлекетінде ақсақалдар кеңесінің рөлі де үлкен болды [3]. Ел билеуші үлкендерімен ақылдаса отырып, ел билеген.

Бұл мемлекеттің геосаяси сахнаға шығуы ежелгі Еуразияның көшпелі халықтарының саяси және мәдени тарихымен тікелей байланысты. Шынында да, Орталық Азия аймағында (б.з.б. III-II ғғ.) орын алған этно-көші-қон процестері Алтайдағы, Моңғолиядағы және Солтүстік Қытайдағы көшпелі халықтардың өркениет аралық қатынастарымен байланысты болды. Аймақтың далалық аймақтарында тайпалық жүйе үстемдік еткенімен, мил.ав. III ғасырда тұқымдық қауымдар арасында мүліктік стратификация процесі күшейді.

I мыңжылдықтың екінші жартысында Саян-Алтай-Хағай тауларының баурайында «алғашқы қоныс аударушылар» мекенінде көшпелі мәдениет қалыптасты. Бұл мәдениеттің өзегі бүкіл Еуразия көшпелілерінің мемлекеттілігіне әсер етті. Көшпелілердің мәдени трансформациясы уақыт өте әртүрлі болды. Көшпелілер мемлекеттілігінің дәстүрлері Сырдария өзенінің орта ағысына жету процесі сақ дәуірінен бері жалғасып келеді. Ежелгі деректерде «тигра-хауда» деп аталатын бақташы ежелгі сақтар бұрын Соғды мен Яксарт өзенімен шектесетін аймақта өмір сүрген.

Көшпелі тайпалар конфедерациясының негізінде құрылған қаңлы мемлекеті ішкі және сыртқы саясатты экономикалық тұрғыдан неғұрлым отырықшы егіншілік аймақтарынан түсетін салықтардың орнына жүргізді. Көшпелілер құрған бұл империяның мәнін түсіну үшін «көшпелілер империясы» ұғымын түсіндіру қажет: 1) аумақтың көлемі ; 2) жартылай отаршылдық немесе отаршылдық егістік жерлерді алу; 3) экономикалық жағдайды басып алынған елді мекендер есебінен толықтыру. Белгілі ғалымдар Р.Тапар мен С.Эйзенштадт империяны «алғашқы» және «соңғы» деп зерттеген. Олардың ойынша, бірінші империяда мегаполистің (орталық немесе орда) ықпалы тәуелді аумақтардағыдай жоғары болған жоқ. Соңғы империялық кезеңді, керісінше, дамыған мегаполисті шикізатпен қамтамасыз етуші ретінде қарастыруға болады. Сондықтан көшпелілердің Қаңлы мемлекетін «алғашқы» империялар қатарына қосқаны орынды болар еді.

Басқа ғалымдар, соның ішінде Н.Н.Крадин, С.Г.Кляшторный, Д.Г.Савинов алғашқы империяларды «варварлар империясы» деп атады. Олардың пікірінше, мегаполис көшпелі империяларда (ғұндар, кушандар, эфталиттер) ірі саяси және әскери орталық рөлін атқарған. Сондықтан ол отырықшы оазистерден экономикалық және мәдени жағынан артта қалды. Олардың пікірінше, көшпелілер құрған барлық империялар варварлық империялар болып саналды [4]. Бірақ барлық варварлар империясын көшпенділер салған жоқ, өйткені көшпелі империяларды жоғарыда аталғандардың бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Сондықтан көшпелі империяларды 3 түрге бөліп қарастырған жөн: 1) үлгілі империя – көшпелілер мен егіншілер бөлек аймақтарда өмір сүреді. Бұл жағдайда қоныстанған көшпелілерге қажетті тауарлар «шашықтық» әдіспен (шабуыл, тонау, салық, сауда шартының теңсіздігі т.б.) жүзеге асырылды; 2) империя төлейтін империялар –

отырықшылар мемлекетті иемденген көшпелілерге салық төледі; 3) Жаулап алушы империялар – көшпелі мемлекеттер отырықшы аймақтарды басып алып, басып алып, отырықшыландыруы (мысалы: Парфия, Кушан және Эфталиттер). Тонау мен алым-салықтың орнына тұрақты салық жүйесі құрылады. Жергілікті басқару мен экономиканың дәстүрлі әдістері сақталады. Көбінесе мал мен көшпелі халыққа діні мен ұлтына қарамастан бірдей салық салынады. Глобализмнің алғашқы көрінісі осы формада көрінеді.

Көшпелі мемлекеттер арасындағы ерте құлдық қатынастар (ежелгі құл иеленушілік — Ежелгі Греция мен Рим — А.Б.) салыстырмалы түрде дамымаған. Атап айтқанда, бұл процесті Ғұн империясынан байқауға болады [5]. Сонымен қатар, қаңлылар көшпелі ғұн мемлекетінің басқару жүйесінен хабардар болды. Өйткені Қаңлы мемлекеті ғұн мемлекетінің инкосы болды. Сонымен бірге көшпелі малшылар қауымын басқару отырықшы оазистерге қарағанда әлдеқайда қарапайым болды. Өйткені шаруалардың көп салалы экономикасы күрделі басқаруды қажет етті. Тауар өндіруде жұмыс күшінің қажеттілігі көшпелілерге қарағанда көбірек болғандықтан, құлдар (бантак, нипак-соғды құжаттарында) отырықшы оазистердің шаруашылығында маңызды экономикалық фактор болды.

Мал шаруашылығындағы халық шаруашылығы екі негізгі бағытта талданады:

а) көшпелі мал шаруашылығы – қосалқы шаруашылық болып табылатын егіншіліктен басқа күнкөріс көзі жоқ;

б) жартылай натуралды шаруашылық – негізгі қызметі көші-қон болғанымен, белгілі бір аймақтарда егіншілік арқылы мал шаруашылығын алмастыруға мүмкіндік туды.

Бүгінгі таңда көшпелі мал шаруашылығынан отырықшы шаруашылыққа көшуді экономикалық фактор ретінде қарастыру жиі кездеседі. Мұның барлығы халықтың демографиясы мен егістік алқаптарының ұлғаюына байланысты. Себебі көшпелі мал шаруашылығының табысы аз болады деп күтілуде.

Хуссан, ерте заманның өзінде көшпелі малшылар осыған ұқсас көптеген мәселелерге тап болған. Мысалы, экологиялық жағдай (қуаңшылық), халықтың шамадан тыс көбеюі, жайылымның тапшылығы, жайылым үшін күрес көшпелілердің отырықшы оазистерге қоныс аударуына әкелді.

Белгілі ғалым И. Маркварт ежелгі жазба дереккөздерге сілтеме жасай отырып, Қанды «Шаш қырқының күйі» деп атады. Батыс елдерімен сауда қатынасын орнатуға тырысқан хандық Шығыс Түркістан арқылы Орта Азияға елшілерін жіберді. Б.д 128 жылы Чжан Цзян Даван және Қан иеліктері арқылы өткен алғашқы елші және турист болды. Император У-Ди (б.з.д. 140-87 жж.) оны Ғұн империясына қарсы көшпелі юэ-чигемен шарт жасасуға жіберген болатын. Чжан Цзянның сапары 12 жылдан астам уақытқа созылды, бірақ ол юэ-чигемен келісімге келе алмады. Алайда ол Орталық Азия елдерінің территориясын зерттей алды. Елшінің қабылдауында бола білген билеушілердің қатарында Қаңлы билеушісі де болды. Біздің заманымыздың 1 ғасырында Соғды аймағы көшпелі Қаңлы мемлекетіне тәуелді болды. Зерттеуші Л.А. Боровкованың айтуынша, қаңлы тайпаларының конфедерациясы өз тарихының алғашқы кезеңдерінде юэ-чиге өз территориясынан Дасьяға (Солтүстік Бактрия) өту үшін дәліз берген. Егіншілікке негізделген Даван мемлекеті олардың жерінен өтуіне рұқсат бермеді. Себебі, қалың малмен келген юэ-чиге егіншілікке зиянды деп есептелген.

Сақ тайпаларының бір бөлігі ұлы юэ-чигемен одақтасып, бірлесе отырып Яксарт пен Оқтардың жерін бөлді. Өгіз (Амудария) соғдылар мен бактриялардың шекарасы болды, ал Яксарт (скиф тілінде Силис) ежелгі тарихшылар сипаттағандай сақтар мен соғдылардың арасындағы шекара болды. Өйткені біздің заманымыздың 1 ғасырында Соғды қаңлы конфедерациясына бағынды. Б.А.Литвинскийдің пікірінше, бұл әдістегі экспансия юэ-чигемен қатар жүргізілген. Біздің заманымыздың бірінші ғасырындағы қаңлылардың этно-мәдени жағдайының юэ-чигемен ұқсастығы ежелгі қытай жылнамаларында да айтылады. Бірақ қаңлылар алдымен оңтүстіктен юэ-чиге, солтүстіктен ғұндардың ықпалымен дамыды. Кейін Хань империясы ғұндарды әлсіреткенде, қаңлылар өз егемендігін қалпына келтірді. Дәл осы кезеңде Юэ-Чжи Гуйшуан Ябгудың қол астында бірігіп, енді олардың экспансиясын Солтүстік Үндістанға бағыттады. Осы геосаяси жағдайды пайдаланған Қаң мемлекеті

Соғдыдағы саяси жағдайын арттырып, толығымен дербес саясат жүргізе бастады. Хорезм (Янцай) да өз жерлерін тәуелді ете алды. Янцайлар қаңлылар сияқты көшпелі және жартылай отырықшы болды. Яғни, Янцай халқы Арал бойындағы сармат-аллан тайпаларының ықпалында болғандықтан, ерте заманнан Хорезмнің отырықшы халқын да көшпелі әулет билеген. Археологиялық деректер Қаңлы мемлекетінде тәуелді Янцзы сияқты қалалардың болғанын дәлелдейді [6].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ходжаев А. Ежелгі деректердегі Кантцзюй топонимі туралы // «Өзбекстан-Қытай: тарихи-мәдени, ғылыми-экономикалық байланыстардың дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т., 2020 ж-212б
2. Пугаченкова Г. А., Ремпел Л. И. Безымянны царей из Тилля-тепе // Из истории культуры н ых связей народов Средней Азии и Индий. Т. \_ , 1986 ж -150с.
3. Боровкова Л.А. Кушан патшасы (ежелгі қытай деректері бойынша). М., 2005 ж.-138б
4. Ртвеладзе Е.В. Александрия Оксианская-Кампыртепа: Город-крепост на берегу Окса. Т., 2019 ж-165б
5. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. Л., 1951 ж-78с.
6. Литвинский Б.А. Кангюско-сарматский фарн Душанбе. 1968.-136с

ӘОЖ: 94(410)(075-8)

### **«ТОНИ БЛЭР ҮКІМЕТІ ТҰСЫНДАҒЫ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ «ЖАҢАШЫЛ» БАҒЫТТАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХЫ» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

2 курс магистрант - **Саккулакова Д.Б.**

Ғ.м., оқытушы - **Шынтаев Н.А.**

Ғылыми жетекші: Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Апашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Курсты оқыту әдістері. Интерактивті оқыту. Педагогикалық әдебиеттерде интерактивті оқыту-тұлғаны жан-жақты дамытушы құрал ретінде қарастырылады. Кей ғалымдар интерактивті оқытуды тұлғалық-дамытушы негіз ретінде (В.В. Сериков), тұлғаны біртұтас дамытудың көрсеткіші ретінде (Е.В. Бандаревская, С.В. Белова), қарым-қатынастың негізі ретінде (Р. Бернс, В.А. Кан-Калик, А.В. Мудрик) қарастырады.

Интерактивті оқыту-пәнді меңгерумен ғана шектелмейді, ол-бағалаумен, мағыналылықпен, болжамдармен, ашылулармен студенттің санасын кеңейтеді.

Интерактивті оқыту-педагог пен студенттің «сырттай», «жасырын» келісім-шарты. Сабақ барысында ұйымдастырылған диалогтың өзі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу дегенді білдіреді. Диалог жүргізу дегеніміз педагогикалық құнды құрал болып табылатыны шүбәсіз, өйткені диалог жүргізу арқылы басқаны өз проблемаға тарту дегенді білдіреді.

Педагогикалық әдебиеттерде білім беру немесе оқыту процесіндегі интерактивті оқыту келесі педагогикалық шарттар негізінде өнімді құбылысқа айналады деп көрсетілген:

- Шешімі жоқ, проблемалы ситуацияны құрастыру.
- Әңгімелесушелер бір-бірін тыңдауы, сұрақ пен жауаптарды естуі қажет.
- Әңгімелесуші екі жақ та сол бір пәннің немесе бір тақырыптың шеңберінде қарым-қатынас жасап жатқандығына (сөйлесіп жатқандығына) көз жеткізу керек.
- Диалог барысында бір жақ екінші жақтың пікіріне қосылмайтын жағдайда педагогикалық ықпал ету (оқытушы) шаралары жүзеге асырылғаны абзал.

Әңгімелесу немесе Дәріс-әңгіме не «аудиториямен диалог» студенттерді оқу үрдісіне белсенді түрде тартудың кең тараған және салыстырмалы оңай түрі болып табылады. Өйткені, оқытушының аудиториямен тәуелсіз байланысын көрсетеді. Дәріс-әңгіменің мүмкіндігі мынада: студенттердің назарын тақырыптың неғұрлым маңызды сұрақтарына аударуға көмегін тигізеді, студенттердің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын анықтайды[1, 16 б].

Әңгімелесу оқу әдісі ретінде Сократ уақытынан белгілі. Бұл-жеке оқытудың ең қарапайым тәсілі. Топтық оқыту жағдайындағы әңгіме-дәрістің тиімділігінің төмендеу себебі мынада: әрқашан әрбір студентті екі жақты пікір алмасуға тарта алмайды. Біріншіден, топтағы студенттердің саны аз болғанымен де уақыттың жетіспеуінен. Алайда, топтық әңгімелесу екі жақтың пікір алысу өрісін кеңейтеді, ұжымдық тәжірибе мен білімге тартады, бұл студенттердің ойлау қабілеттерін белсенділіктерін арттыруда маңызды орын алады.

Лекция-көп жақты құбылыс десек болады. Оқытушы лекцияны жүргізуде келесі талаптарды ескеруі дұрыс:

- Мысалға алынатын материалдардың мазмұны.
- Лекция мазмұнының алдыңғы тақырыптапмен байланыстылығы.
- Лекцияның көрнекілігі мен иллюстрациясының мысалдармен өрнектелуі.
- Есте сақтау үшін қосымша сұрақтар беру, студенттерге тапсырмалар беру.
- Қосымша әдебиеттерді студентке ұсыну.

Аудиториядағы оқу жұмыстарына: шығармашылық сабақ, лекция, семинар, конференция, іскерлік ойын, практикум, лабораториялық және практикалық сабақтар жатады.

Лекция (дәріс)-ой қорыту сабағының өзегі. Ұйымдастыру, өткізу әдісі оқытушылар үшін қиын болғанымен, ЖОО дәрісі ірі дидактикалық блоктың негізгі өзегі болып табылады. Дәріс негізінен ауызша баяндаудан ғана (сипаттау, әңгімелеу, түсіндіру) емес, сонымен қатар басқа да оқыту әдістерінен (баламалау, эксперимент, проблемалық оқыту) тұрады. Дәрістен кейінгі сабақтар онда қойылған проблемаларды шешу жолына арналады, сұрақтар топтамасы жинақталады, келесі блоктың схемасы құрастырылады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың диагностикалық-анықтау кезеңінде студенттердің «Тони Блэр үкіметі тұсындағы Ұлыбританияның «жаңашыл» бағыттағы сыртқы саясатының тарихы» курсына оқытуда педагогикалық тәжірибе жүргізіліп жатқан ЖОО-ң техникалық мүмкіндіктерінің талаптарға сәйкестігі анықталды. Осы мәселені шешу мақсатында қалыптастырушы экспериментте біз лекцияның дәстүрлі түрлерін емес, келесідей лекция сабақтарын ұйымдастырдық:

- Визуалды лекция.
- Бинарлы лекция.
- Лекция-конференция.

Визуалды лекция-аудио-видео материалды визуалды көрсету алқылы ұйымдастырылатын лекцияның түрі. Қалыптастырушы эксперимент барысында: «Тони Блэрдің өмірі мен саяси қызметі» тақырыбындағы лекциялық материал видеоматериалдармен иллюстрацияланды және сабақ барысында оқытушы қысқы ескертулер мен толықтыруларды кіріктіріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді[2, 50 б].

Келесі лекция бинарлы лекция, яғни диалог лекция түрінде ұйымдастырылды.

Бинарлы лекция-лекцияны ұйымдастырудың дәстүрлі емес түрлеріне жатады, яғни оқытудың түрлі формаларының әдістері мен тәсілдері бірдей қолданылатын лекция түрі десек те болады. Бинарлы сабақ (лекция) студент пен оқытушының (немесе бірнеше оқытушының) түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, іздену және өңдеу үшін жаңа мүмкіндіктерді береді, нәтижесінде оқу-тәрбиелеу процесінің оңтайлылығы артады.

Келесідей тәсіл бойынша өз педагогикалық тәжірибемде қолданылған келесі әдіс-проблемалық дәрісте проблемалық жағдаяттар тудыру арқылы оның шешімін іздестіре отырып, қажет ақпарат алынса, дәстүрлі оқытуда, керісінше, ең алдымен білім, тәсіл, шешу алгоритмі, мысалдар беріледі, соңынан студенттер проблемалық жағдаяттардың шешімін сол алынған білімдеріне сүйене отырып іздестіреді.

Проблемалық жағдаяттардың компоненттері таным объектісі (дәріс түрлері) және таным субъектісі (студент) ретінде субъектінің объектімен өзара әсер етуінің ойлау үрдісі және оқу проблемасындағы студент үшін әлі белгісіз материалдарды меңгерудегі танымдық іс-әрекеті болып табылады.

Аталмыш бинарлы лекция арқылы тарихшы маман тұлғасын дамытуға бағытталғанын ескере кетейік. Лекция барысында лектор қосымша тапсырмалар арқылы (лекция соңында) студенттердің сабақ барысында алған білімін, икемділігі мен дағдысын шығармашыл түрде қолдана білуге үйрету. Тапсырмалар «қарапайымнан күрделіге» принципі бойынша «Кластерді құрастыру» тәсілімен жүзеге асырылды.

Лекцияны 2 лектор жүргізді және екі лектор да кезекпен тақырыптың шеңберіндегі мәселелерді диалог, сұрақ-жауап ретінде өткізілді және студенттердің ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіру, ойлау, интеллектуалды қабілеттерін арттыруда лекцияның соңында сұрақ-жауап, лекция бойынша туындаған мәселелерді талқылау жұмыстары өткізілді [3, 61-65 бб]. Лекцияның тақырыбы: «Таяу Шығыс елдеріндегі Блэр үкіметінің сыртқы саяси тактикасы».

Диалог лекция түрінде өтілген лекцияның соңында талқыланған мәселелер төмендегідей:

-Ирактағы соғысты қазіргі таңда көптеген саясаткерлер мен тарихшылар «қате» соғыс деп бағалауы бекерден емес. Иракқа жасалған бомбалаулар еш түбегейлі, негізді себепсіз жүргізілгендігі және Иракта ядролық қарудың қалдықтарының да табылмауы бұған дәлел болар. Осы соғыста Блэр үкіметі мен жеке Блэрдің саяси тұлға ретіндегі үлес салмағы қандай?

-Израиль-палестина қақтығыстарында әр кезеңде АҚШ Израильдің жақтасы болды, ал Блэр саяси билікке келген алғашқы жылдарында палестиналықтардың жақтасы болды. Дегенмен де кейіннен Блэрдің пікірінің өзгеруіне не себеп болды? Неліктен Блэр өз үкіметінің Палестинаның тәуелсіз мемлекет болуын қалайтындығын ашық жариялаған жоқ деп санайсыз?

-Лондон мен Вашингтон арасындағы саяси қарым-қатынас Блэр үкіметі тұсындағы одан әрі жақындасуына қандай себептер болды деп санайсыз? Осы жақындасуға Израиль билік өкілдерінің көзқарасы?

Сабақ барысында кейбір қиындықтарға тап болдық:

- Педагогтардың әдіснамалық және психологиялық сәйкес келуіне қол жеткізу.

- Бір мезетте бір тілден екінші тілге бірден ауысуда студенттер қиындыққа тап болды, бірақ студенттердің сабаққа қызығушылығы кеми түскен жоқ.

Келесі лекция «қате» лекция түрінде өткізілді. Лекцияның тақырыбы: «Косово дағдарысына қатысты Блэр үкіметі». Лекция барысында оқытушы алдын ала қателікке толы лекцияны ұйымдастырып, лекцияның соңына 10-15 минут қалғанда студенттерден сұрақ-жауап алынады және лекция барысында жіберілген қателіктерді студенттердің өзіне тапқызылды.

Қалыптастырушы эксперименттің ұйымдастыруда семинар сабақтары да ұйымдастырылды.

Өткізілу ерекшеліктеріне сәйкес «Тони Блэр үкіметі тұсындағы Ұлыбританияның «жаңашыл» бағыттағы сыртқы саясатының тарихы» курсынан келесі семинар түрлері өткізілді:

- Әңгімелесу, рефераттар мен баяндамаларды қорғау, тапсырмаларды орындау.

- Кешенді сипаттағы аралас лекциялар.

Семинар сабағының формасына немесе әртүрлі болуына семинар сабағының тақырыбы мен мазмұны, студенттердің дайындық деңгейі ықпал етеді [4, 26 б].

6. Семинар сабақтарын ұйымдастыруда біз барынша пікір-талас, жарыс, конференция семинар сабақтарын ұйымдастыруға тырыстық.

Семинар сабағы. Семинар сабақтары көбінесе оқылған дәріс тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, студенттердің танымдық ойлау қабілеттерін дамыту,

өзіндік шығармашылық іс-әрекетіін шындау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, оқытушыларға студенттердің оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады[5, 20 б].

Семинар сабағына әзірлену кезінде студенттер тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Ұсынып отырған сұрақтарға қатысты, ондағы бар негізгі ойларды қамтып, конспект құрады. Міне, осындай жұмыстардың нәтижесінде семинар сабағы оқытуды ұйымдастыруда тиімді екенін тәжірибе көрсетуде.

Семинар сабағын өткізу барысында оқытушы проблемалық жағдай туғызып, талқыланып, отырған сұрақтарға студенттердің қызығушылығын оятады, олармен ақылдаса отырып, оны талдаудың жоспарын құрады және ұжымдық ізденушілік әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызады.

Конференция сабағы. Конференция ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды тереңірек меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Сол үшін семинар сабақтарына қарағанда, конференция түрінде өткізілетін оқу жұмысы ұсынылған әдебиеттер мен қосымша құралдардың көлемі кеңірек болады. Оны дайындау және өткізу тәртібі семинар сабағына ұқсас келеді. Бірақ, оқу конференциясында баяндамашылар мен сөйлеушілердің саны көбірек болуы қажет[6, 40-45 бб]. Сондықтан, оған бірнеше қатар студенттерді қатыстыруға болады.

Кесте-1. «Тони Блэр үкіметі тұсындағы Ұлыбританияның «жаңашыл» бағыттағы сыртқы саясатының тарихы» курсына ЖОО арнайы курс ретінде оқытуға негізделген бағдарлама бойынша сабақтың тақырыбы мен мазмұны

Семинар сабақтарының басты мақсаты-студенттің еркін коммуникацияға түсуіне, бір семинар сабағы бойынша 2-3 студент ойын тыңдаумен ғана шектелмей бүкіл топпен жарыс, пікір-талас семинарларын өткізу арқылы, топтың тақырыпты меңгеруіне ықпал ету[7, 58 б].

Әсересе «Ирак соғысындағы Блэр үкіметінің ролі» тақырыбында ұйымдастырылған пікір-талас сабақтарында студенттердің Ирак соғысын басталуының өзі қате болғандығы, Ирактың қазіргі жағдайы мен болашақтағы перспективалары туралы ойларын айтуы арқылы, студенттің мотивациясының дамуына әсер етті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Современные проблемы науки и образования/ «Педагогические науки». – 2011. - №6 - 16 с.
2. Казакова А.Г. Современные педагогические технологии: методические рекомендации. М. – 1997 – 50 с.
3. Ажибекова Г. Д., Семенова И. В. Инновационный подход в обучении иностранным языкам в техническом вузе // Наука и инженерное образование без границ: труды международного форума. 2009. Т. 1. С. 61–65.
4. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск – Алматы. 1995 – 26 с.
5. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. Пособие к спецкурсу для высших педагогических учебных заведений, институтов усовершенствования учителей, повышения квалификаций работников образования – М.: Арена, 1994 – 221 с.
6. Коротков М.В. Педагогика XXI века: Прогноз//Гуманизация образования – императив XXI века. – ВВп. 2. – Наб. Челны. 1996 – с. 40-45
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии – М. Народное образование, 1998 – 58 с.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА БІЛІМГЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

2 курс магистранты **Мынбаева М.Е.**

2 курс студенті **Серікбай З.М.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**  
Tashenev University, Шымкент қ.

Әлемдік және отандық педагогика ғылымында оқушылар мен білімгердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жан-жақты педагогикалық шаралар жүргізілуде. Ал, «жеке тұлға» болып қалыптасуы үшін ең алдымен сол тұлғаның өзіндік санасы мен өзіндік ойлана алу қабілеттері болуы талап етіледі. Өзіндік ойлау немесе сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру мен осы қабілетті дамыту үшін әлемдік деңгейдегі педагогтар тарапынан түрлі тәсілдер, бағдарламалар мен әдістемелер жасап шығаруда, бұл әдістемелердің әрқайсысы білімгердің өз бетінше ойлана алуы, сыни тұрғыдан ойлануына бағытталған. Дегенмен де, бұл әдістемелерді оқыту үрдісінде қолдануда әрбір педагог өзіндік қиындықтарға тап болып та жатады. Осы қиындықтарды атап өтпесек болмас:

Біріншіден, пәндік ерекшеліктер. Жоғары оқу орны шеңберінде кейбір пәнді өтуде сыни тұрғыдан ойлау технологияларының біреулерін қолдану бір пәндер үшін оңтайлы емес. Мәселен, Тарихи география пәні. Бұл пәнді оқытуда негізінен баяндау, түсіндіру, салыстыру т.с.с. әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады, дегенмен, бұл пәнде проблемалық тақырыптар (мәселелер) немесе сыни тұрғыдан ойлау технологияларын пайдаланудың мүмкіндіктері шектеулі десек қателеспейміз. Керісінше, Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы пәнінде өзекті, талқылауларды, сыннан өткізуді қажет ететін тақырыптар мен мәселелердің саны өте көп, бұл пәнді оқытуда сыни тұрғыдан ойлау технологияларын кеңінен қолданудың мүмкіндіктері басымрақ. Осыдан, бір тұжырым шығаруға болады: сыни тұрғыдан ойлау технологияларын бір пәнде қолдануға болса, келесі біреулерінде қолдану шектеулі түрде. Сондай-ақ бір пәнді оқытуда тек сыни тұрғыдан ойлау технологияларына негіздеп оқыту үрдісін жүргізудің өзі әдіснамалық тұрғыдан күрделіліктерді туындатуы мүмкін. Сондықтан көкейтесті сұрақ туындататын, сыннан өткізуді талап ететін мәселелері бар пәнді оқыту барысында да кейбір тақырыптарда сыни тұрғыдан ойлау технологиялары қолданылса, кейбір тақырыптарда басқа да әдіс-тәсілдерді пайдалану жөн саналады.

Екіншіден, сыни тұрғыдан ойлау технологияларын қолдануда бір ерекшелік-білім алушының немесе оқушының жас ерекшеліктері ескеруі тиіс. Кез-келген оқыту технологияларын қолдануда білім алушының жас ерекшеліктері ескерілсе, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда жас ерекшелік критерийі тіптен бірінші орында алға тартылған дұрыс болар. Өйткені, әрбір жас ерекшелікте ойлау жүйесі әр-түрлі деңгейде. Мәселен, кіші сынып оқушыларына, тіпті орта буын оқушыларымен оқыту үрдісін ұйымдастыруда сыни тұрғыдан ойлау технологияларын қолдануды ұсынылмайды. Себебі бұл жастағы балалар логикалық тұрғыдан ойлана алғанымен, сыни тұрғыдан ойлану дағдысының қалыптасуына әлі ертерек. Дегенмен, кейбір өз жасынан алдын дамитын балаларда жасөспірімдік шақтан бастап сыни тұрғыдан өзіндік ойлап, мәселені жан-жақты қарастыра алатын жағдайлар да кездесетін жатады [1].

Қазақстан тарихы сабағында сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруда таңдалатын әдіс-тәсілдерде туындайтын қиындықтар мен күрделіліктерді ескере отырып, әрбір пән бойынша студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың критерийлері де өзгеше болады.

«Технология» білім беру үрдісін алға тартушы күш ретінде ЮНЕСКО конференциясында алғаш рет 1970 жылы жарияланды. Шындығында да технология саласындағы жаңғырулар мен өзгерістерді білім беру үрлісіне лайықтап енгізудің оңтайлылығын соңғы жылдардағы білім беру үрдісіндегі реформалау шараларының оң нәтижелері бізге дәлел болуда десек

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқыту үрдісінде қолдану (енгізу) негізі ғалым, таксономиялық білім беру негізін салушы ғалым Б. Блумнан бастау алған. Блум таксономиясы деген атаумен бізге жеткен оқыту технологиясы ойлау механизмдеріне негізделу арқылы, оқушының немесе білімгердің өзіндік ойының қалыптасуына, әрі мәселе бойынша сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталғандығы мәлім [2].

Оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды, оның ішінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізуде оқу құралдарының маңыздылығы зор. С.И. Заир-Бек бойынша оқу құралдарын педагог сабақ барысында оқушыларға (білімгерлерге) әсер ету үшін қолданады, ал біздің жағдайымызда яғни сыни тұрғыда ойлау технологиясын оқыту үрдісіне енгізуде оқу құралдары білімгердің когнитивті іс-әрекеттерінің белсенуіне негізделген [3].

Қазақстан тарихы сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізудің басты мақсаты-білімгердің пән бойынша білім алуға, ізденуге деген ұмтылысын қолдай отырып, сол пәннің тақырыптары бойынша білімгердің өзіндік ой-тұжырымдарының орнығуына әсер ету, ең бастысы білімгердің пәннің өзекті, тартысқа толы мәселелеріне қатысты сыни көзқарастарын қалыптастыра алу. Ол үшін бүкіл аудитория студенттерінің сол мәселеге қатысты тартысты, сыни тұжырымдарын білдіруіне қол жеткізілуіне жағдай жасалады. И. Загашев бүкіл аудитория студенттерінің сыни ойлауын қалыптастыру үшін әрбір студенттің жауабын жазбаша түрде алуды ұсынады. Сондай-ақ білімгердің сыни ойлауына қол жеткізу үшін өзара жауаптарын талқылау арқылы топтық жұмыстар жүргізу де ұсынылады [4].

Әдіскерлердің бір бөлігі (И. Муштавинская, И. Загашев) білімгерлердің оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру түріне қарай, яғни аудиториялық лекция сабағына өзгеше, семинар/рпактикалық сабақтарға тағы басқаша, сондай-ақ студенттің өз бетінше жұмыстарына сәйкестендіріп сыни ойлауды дамыту тәсілдерін ұсынады.

Қазақстанның ғаламдық деңгейде өркениеттік даму қанқындылығының жоғары болуына байланысты сол қарқындылыққа жауап бере алатын сыни тұрғыда ойлай алатын, өзіндік саналы және өз ойына, өз сезімдеріне бақылау жасай алатын болашақ мамандарды дайындаушы білім беру механизмдерін жетілдірудің маңыздылығы зор. Оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қарапайым түрден күрделенген түрге немесе пән тақырыбы бойынша сынға алынатын тұжырым бойынша білімгердің кездейсоқ ой-пікірлерінен кездейсоқ емес күрделі түрлеріне ауысуына қол жеткізу жолдары қарастырылуы тиіс. Осылайша, оқыту үрдісінде Қазақстан тарихы сабағында сыни ойлану қабілеті (немесе дағдысы) тақырыптың мазмұны бойынша күрделене түседі, сыни тұрғыда ойлану барысында ойлау механизмдерінің бірізділігі пайда болады, сәйкесінше бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесінен педагогикалық технологияларға негізделген күрделі әдіс-тәсілдерге жалғасын табуын педагог сабақ барысында жан-жақты қарастыру керек. Қазақстан тарихы сабағы бұрынғы дәстүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдердің орнына білімгерлердің арасында пікір-талас туындататын, оқу-танымдық және де проблемалы мәселелер туындатылуы құптарлық. Сабақ барысында пікір-талас көп туындататын мәселе қаншалықты күрделілеу болса, білімгер арасында көптеген жеке өзіндік ой-тұжырымдарды туындататындай шараяттар көбірек ұйымдастырылса, білімгерде сыни тұрғыдан ойлау дағдысының қалыптасуына мүмкіндіктер туады [5].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Махмутов М. И. Организация проблемного обучения в школе / Махмутов М. И. – М., 1977. –240 с
2. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина. – М. : Академия, 2000. – 271 с.
3. Bloom B.S. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman, 1994. -47p
4. Anderson, L. W., Krathwohl, D. R. *A taxonomy for learning, teaching, and assessing*. - New York: Longman. 2000.-75 p
5. Загашев, И.О., Заир-Бек, С.И., Муштавинская, И.В. Учим детей мыслить критически.– СПб.: Миркниг, 2003. -156 с.



## ОСМАН ҮКІМЕТІНІҢ БАҒАЛЫ МЕТАЛЛ, АҚША ЖӘНЕ БАҒА САЯСАТЫ

2 курс магистрант **Маликова М.Т.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Өз дәуіріндегі барлық еуропалық мемлекеттер сынды Осман мемлекеті ақша соғуға бағалы екі металды-алтын мен күмісті қолданды. Крест жорықтары дәуірінен бері Венеция мемлекеті Қара теңізде бақылау орнатып, Қырымның бай алтын кендерін өз бақылауында ұстап келген болатын. Еуропа мемлекеттерінің қалғандары Африкадағы Суданның алтын кеніштерін игеріп, Жер Орта теңізі арқылы тасымалдады. XV ғасырда, Ұлы географиялық ашулар кезінде, португалдықтар Батыс Африка территориясы-нан көптеген алтын кеніштерін тауып, Еуропадағы алтын рыногында үстем жағдайға ие болды. Ал Осман мемлекеті алғашқы кезде Балқан түбегіндегі өздері басып алған алтын кендерін және Еуропа елдерінің алтын монетала-рын сатып алып, қайта қорытып, өз ақшасын соғуға пайдаланды.

Күміске келетін болсақ, еуропалық мемлекеттер оны Германиядағы, Венгриядағы, Богемиядағы және Тирольдегі күміс кең орындарынан алды. Осман мемлекеті күміске қажеттілікті негізінен Румелиядағы, ішінара Анатолиядағы кең орындарында өндірілген күміс есебінен өтеп отырды.

Еуропа мемлекеттерінің экономикасының күрт өсуі олардың үкіметінің алдына айналымдағы ақшаны бағалы металдармен қамтамасыз ету проблемасын қойды. Батыс үкіметтері айна-лымда жыл сайын көбейіп жатқан ақшаны қамтамасыз ету үшін алтын мен күмістің жетпейтіндігін түсініп, бұл металдарды экспорттауға тиым сала бастады және ақша эталондарын төмендету саясатын ұстанды.

Осман мемлекеті де дәл осы тәсілді қолданды, яғни біріншіден, бағалы металдарды экспорттауға тиым салса, екіншіден, бағалы металдарды тек ақша соғуға ғана пайдалану туралы жарлық шығарды. Сұлтан Мехмед II Фатих алтынды тек Монета Сарайының меңгерушісінің арнайы рұқсатымен ғана пайдалану туралы ферман жариялайды [1].

Күміс кеніштерінде даярланған күміс кесектері Монета Сарайы өткізілді де, оның арнайы бөлімі күміс сатумен айналысты. Күміс саудасындағы контрабандалық әрекеттерді тию үшін арнайы адамдар базарларда, кедендерде, кемелерде, керуен жолдарында тінту жүргізіп тұрды. Қалалардағы зергер бұйымдарын жасайтын шеберханалардың жұмыстары қадағаланды, оларға 200 дирхемнен аса күміс босатпау туралы бұйрық берілді.

Арнайы бұйрықпен күмісті экспорттауға тиым салынды, шет елдермен сауда тек тауар алмасу арқылы ғана жүргізілді.

Америка құрлығы ашылып, ондағы кен орындарын игерілгеннен кейін Испанияға алтын мен күміс мол түсе бастады. Испания арқылы еуропалық мемлекеттер де арзан Америка алтын-күмісіне ие болды. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап арзан америкалық күміс Генуя көпестері арқылы Осман мемлекетіне де жетеді. 1580 жылға таман Осман рыногтарына испан көпестері күмістен жасалған испан пиастрлерін сандықтап әкеле бастады. Күмістің көбеюі мен оның құрамын әдейі таза жасамау салдары-нан халықаралық саудада баға шарықтап өсіп отырды. Осман мемлекетінде де осындай тәсілмен арзан күміс молайып, бағаның қымбаттауы үлкен экономикалық қиыншылықтар тудыра бастады. Түрлі спекуляциялы операциялардың нәтижесінде арзан күміс халықаралық рынокты толық жаулап алды да, алтын рыногтан мүлдем алынып тасталынды. Алтын өндірісіндегі қиыншылық-тарға байланысты орталық пен аймақ арасында ақша айналымы толық күміске көшірілді [2].

Балқандағы күміс кеңдері америкалық арзан күміспен бәскеле-се алмай, жабыла бастады. Сондықтан да Осман үкіметі сапасы төмен күміс ақшалар шығара бастайды.

Алтын мен күмістің балансы әлсірегеннен соң, күміс ақша кең көлемде мыс араластыра бастады (ондай акчені «магшуш» деп атайтын). Күміс пен мыс араласқан еуропалық ақшалар осман рыногына көптеп келе бастады, сондай-ақ Осман үкіметі испандық және голландтық лёвендаларды көптеп сатып алып, қайта қорытып, өз акчесін сатуға пайдаланды. Бірақ еуропалық сапасыз күмістен сапалы осман акчесін соғу қиындай түсті. Осман мемлекеті кеден системасы арқылы осман рыногына сапасыз күмісті келтірмеуге тырысты.

Османдардың ақша бірлігі-күміс акче монетасы болды. Ең алғашқы осман акчесі Осман бей кезінде (1299-1324) соғыла басталған еді.

Акче - ақша бірлігі ретінде XVII ғасырға дейін пайдаланды. Осман бей кезінде құны 2-лік акче (икилик акче) мен құны 5-тік акче (бешлик акче) шығарылған болатын. Мехмед II Фатих 1470 жылы құны 10-ды акче (онлук акче) соқтыртады (бұл акчені Мезмед Хани деп атады), бірақ ол күміс ақшаның салмағы ауыр болғандықтан да, сұлтан Баязид Йылдырым тұсында айналымнан алынып тасталады [3].

Осман мемлекетінің бүкіл территориясында акче негізгі ақша бірлігі болғандығына қарамастан-ақ, оның біраз аймақтарында өз ақшалары соғылды. Мысалы, Египет жаулап алынған соң оның территориясында осман акчесімен бірге египеттік «пара», Шығыс анатолыяда ирандық ақша «шахи», Қырымда «Кефеви акче», Валахия-Молдавия, Трансильвания мен Венгрияда «пенз» қатар қолданылды. Еуропадан арзан күмістен соғылған «пиастр» монеталары Осман мемлекетіне көптеп кел-ген уақытта оның шығыс аймақтарында осы арзан күмісті қайта қорытып, Бағдад, Басра, Тебриз, Ван және Диярбакр қалаларында «шахи» соғуға рұқсат етілді [4].

1685 жылы осман үкіметі алтын мен күміс қоспалары араласқан акче шығара бастайды. Рынокта мұндай ақшаның құны қымбат болды. Шамамен осы уақытта Египетте құны қымбат жергілікті ақша - пара соғыла бастайды. Египетте пара тіпті акчеден де жоғары бағаланды.

Осман мемлекетіне батыс монеталарының көптеп келуінің нәтижесінде олар да осман акчесімен қатар қолданылатын жағдайлар да орын алады. Кей эялеттерде салық испандық «қара» күмістен жасалған пиастрлермен және голландтық лёвандалдармен (ортасында арыстан бейнесі бар күміс монета) төлене бастайды. 1691 жылы осман Монета Сарайы күшейтіліп, ол «куруш» деп аталатын күміс монеталар шығара бастайды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегіне таман үздіксіз жүргізілген соғыстардың нәтижесінде босаған қазынаны толтыру үшін осман үкіметі арзан бағалы монеталар шығаруға көшуі мәжбүр болды. Абдулхамид I сұлтан билігінің соңғы жылдарында құны 2-лік куруш монеталар соғылады, ал сұлтан Селим III тұсында 1793 жылдары құны 100-дік куруштар пайда болады. Сұлтан Махмуд II 1810 жылы «джихадие» деген атпен құны 5-тік куруштар соқтырады. 5-тік куруштың құны бұрынғы 2-лік акченің құнымен тең болды. Кейінірек тағы ұсақ ақшаның түрі - аксами монетасы шығарылады.

Осман империясының сауда және кеден жүйесі саясатының жетістік және кемшілік тұстары дәлелденді [5].

Осман саудасы ішкі және сыртқы сауда деп екіге бөлінді. Үкімет сауданы дамытуға көп күш жұмсайды. Жаңа дәуірде өнеркәсіп төңкерісін бастарынан кешірген Еуропа мемлекеттері Осман мемлекетін шикізат көзі мен даяр тауар өткізетін рынокқа айналдырды. Түрліше сауда келісімдеріне қол қоюға мәжбүр болған Осман үкіметі XVII ғасырдан бастап сыртқы сауданы еуропалықтардың еншісіне бере бастайды. Еуропалық саудагер-мюстемендер бірте-бірте көтерме саудамен де, осман территорияларында бөлшек саудамен де айналысты. Бұл үдеріс осман рыногына үлкен зиян келтірді.

Мемлекет ішкі сауданы түрліше шектеулер мен монополиялық құқықтар енгізу арқылы реттеуге тырысқан болса, ал сыртқы сауданы кедендер арқылы реттеуге тырысты. Бірақ Осман мемлекетінде біртұтас мемлекеттік шекаралық кеден системасы болған жоқ. Осман кедендері әкімшілік аймақтардың кедендерінен, құрлықтағы және ірі порттардағы теңіз кедендерінен құралды. Кеден салығы біртұтас әдістемемен емес, жүйесіз формада алынды. Тек соңғы дәуірде ғана кеден тарифтері енгізіле бастады.

Үлкен кемшіліктеріне қарамастан, Осман мемлекетінің қаржы, сауда және кеден жүйесі адамзат тарихындағы алып империяның 600 жылдай өмір сүруін қамтамасыз етіп тұрды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манифесты международных коммунистических и рабочих движений. Москва: 1962. 154 с.
2. Новейшая история стран Европы и Америки XX века. Т-3.
3. иВсемирная история. -Москва: 1972г. -125-136-с.
4. Живутинков А.С.Как это было? /История Вьетнамского народа/. Москва: 1978 г. - 15-23-с.
5. Новейшая история стран Азии и Африки. -Москва:2002 г. 40 с.

ӘОЖ :332.012.24

## 1950 ЖЫЛДЫҢ 14 МАМЫРЫНДАҒЫ МӘЖІЛІС САЙЛАУЫ ЖӘНЕ А. МЕНДЕРЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2 курс магистрант **Калдыбаев С.Б.**

Ғ.м., оқытушы **Шынтаев Н.А.**

*Ғылыми жетекші:* Т.ғ.к., қауым.проф.м.а. **Анашева С.Н.**

Tashenev University, Шымкент қ.

1946 жылдың 28 шілдесінде Мәжіліс сайлауы өтті. Елді басқарушы Ұлттық Республикалық партиясы, полиция мен жандармерия сайлаушыларға қысым көрсетті деген мәліметтер кездеседі. Осы жағдайды демократиялық партия пайдаланып, мәжіліс сайлауын заңсыз деп жариялады. Елді басқарушы партияға қатысты халықтың көзқарасын теріс болғандығы соншалықты осы сайлауда демократиялық партия 61 депутаттық орынға ие болды. Бұл демократиялық партия жарты жылдық оппозициялық жұмысының нәтижесі ғана емес, елдегі әлеуметтік шиеленістерге қатысты қарапайым халықтың білдірген көзқарасы деп санауға болады. Ұлттық Республикалық партиясы Стамбул және Измир іспеттес маңызды вилайеттерде жеңіліс тапты, дей тұрғанмен демократиялық партия ұйымдастырылған уақыттан бастап осы екі аймақта кең қолдауларға иеленгенін де ескере кеткен жөн. демократиялық партия Стамбулда 23 депутаттық орынның 18 алса, Анкарада барлық депутаттық орындарды демократиялық партия жеңіп алды. Мәжіліске сайлау арқылы 23 жыл бойы елді жалғыз басқарған Ұлттық Республикалық партиясы позициясының әлсірегенін және халықтың көзқарасын байқаймыз.

Ұлттық Республикалық партиясы лидерлері партияның ел арасындағы беделінің күн өткен сайын төмендеп бара жатқанын сезінді. Ішкі саяси дағдарысты алдын алу немесе болдырмау мақсатында Ұлттық Республикалық партиясы лидерлері АҚШ-мен тығыз экономикалық және саяси байланыс жасауға бел буады. 1939 жылдың өзінде-ақ Англия мен Туркия арасында он жылдық мерзімге бекітілген «достық» қарым-қатынас туралы келісімге келген болатын. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Туркия бұл келісімді бұзса да, Англия Туркияға қатысты әрдайым «оң» саясат ұстанды. Англия Екінші Дүние жүзілік соғыстан экономикасы әлсіреген мемлекет болып шығуына байланысты Туркия билеушілері Англияны «құтқарушы» мемлекет ретінде қабылдаған жоқ. Соғыстан кейінгі Францияның жағдайы Англиядан да ауыр болғандықтан Франциямен «достық» қарым-қатынас туралы келісімнің еш мәні болмады. Соғыстан кейінгі Италия мен Германияның күйреуі Туркияның Еуропадан тірек іздестіру үмітін жоққа шығарды [1].

Екінші Дүние Жүзілік соғыс жылдарында Туркия Германиямен соғыс жағдайында болмақ түгілі Германияның жақтасы және одақтасы болғанына қарамастан 1941 жылдың соңында АҚШ Туркияда ленд-лиз туралы заңды таратты. 1942-1943 жылдары соғыста Германия мен оның жақтастары жеңілетіндігі байқалғаннан кейін Туркия АҚШ-мен жақындасу саясатын бастады. 1943 жылы Каирде АҚШ мен Туркия президенттерінің кездесуі өтті, осы кездесуден кейін екі елдің арасындағы тығыз қарым-қатынастың негізі

басталды десек болады. Екінші дүние жүзілік соғыстан бай, бақуатты экономикалы ел болып шыққан АҚШ бүкіл антифашисттік одақ елдерінің арасында экономикалық-қаржылық жағынан көп «пайда» тапқан, «жеңген» елге айналды. Соғыстан кейін бүкіл әлемдік саяси және әскери орталық Еуропадан АҚШ-на ауысты. Осы жағдайды өзінің экономикалық-әлеуметтік қиындықтары мен шиеленістерін шешу мақсатында Туркия АҚШ-мен байланысты нығайтуына себеп болды.

1947 жылы наурыз айының басында Туркия билеушілері АҚШ-нан арнайы түрде көмек сұрады. Мұхиттың арғы жағындағы өзінің экономикалық, саяси, идеологиялық және әскери күш-қуатын арттырған АҚШ Туркияға көмектесуге келісті. Туркияға көмектесуіне себеп болған екі себепті атап өтейік:

Біріншіден, АҚШ өз кезегінде Кеңестер Одағымен көршілес жатқан капиталисттік елдермен қызықты;

Екіншіден, Туркия табиғи байлыққа мол мемлекет болатын, осы жәйтті АҚШ өз капиталы мен тауар экспорттарын молайту мақсатында пайдаланғысы келді.

1947 жылдың 12 наурызында АҚШ президенті Трумэн Грекия мен Туркияға әскери көмек көрсету туралы конреске жолдау жасады. «Трумэн доктринасы» жарияланғаннан кейін Туркиядағы Ұлттық Республикалық партиясы мен демократиялық партия арасындағы партияаралық талас-тартыс тіпті ушыға түсті. Ұлттық Республикалық партиясы да, демократиялық партия да АҚШ билеуші топ өкілдерінің қолдауын табуға асықты:

Ұлттық Республикалық партиясы-АҚШ қолдауы арқылы өз билігін сақтап қалуды көздесе;

ДП-АҚШ қолдауы арқылы билікке келуді көздеді. ДП лидерлері АҚШ-ның Туркияға әскери көмек көрсету туралы ұмтылыстарын жан-жақты мақтау арқылы өз ілтипаттығын блдірді. Баяр былай жазады: «АҚШ түрік халқының маңыздылығын өз дәрежесінде бағалай алды, өйткені Туркия Таяу Шығыстағы, сондай-ақ бүкіл әлемдегі басты, маңызды фактор. Біз Трумэннің ұсыныстарын үлкен рахметпен және құрметпен қарсы аламыз» [2].

Сонымен қатар Демократиялық партия Ұлттық Республикалық партиясы қарсы кең көлемдегі оппозициялық іс-әрекеттерді жан-жақтан ұйымдастырды, түрлі баспасөз жиындарын, минтингтер мен аты-шулы парламенттік пікір-таластар өткізді. ДП шыққан депутаттар көбінесе мәжіліс залынан шығып кету әдетін қолданды, жергілікті сайлауды байкоттауды да әдетке айналдырды. Халықтың назарын өзіне аудару мақсатында үкіметтің ішкі саясатқа қатысты жүргізіп жатқан барлық шараларын сынға алып отырды. Демократиялық партияның лидерлері келесі талаптарды қойды:

- Биліктің шектен тыс қысымын азайтуды;
- Конституцияға қайшы келетін заңдарды ұсыну және қабылдауды тоқтату;
- Елдің ішкі саяси өмірінде мәжілістің ролін көтеру;
- Шаруалар мен жұмысшылардың өмір сүру деңгейін көтеру;
- Жұмысшылар мен шаруалардың көтеріліске, митингілерге шығуына рұқсат беру;
- Баспасөз немесе бұқаралық ақпарат құралдарының құқығын арттыру, сөз бостандығын қамтамасыз ету;
- Шетелдік капиталды ел экономикасына тарту;
- Білім беру мен денсаулық саласын дамыту;
- Паракорлық пен мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің өз қызметін пайдалануды тоқтату;
- Республика президентінің партияаралық істерге араласуын тоқтату;
- Құпия сайлаудың (парламентте, мәжілісте) болуы [3].

Дегенмен де, Мендерес үкіметі қалыптасудан алдын-ақ Мендерес пен Баяр Ұлттық Республикалық партиясы-ның сыртқы саясатын жан-жақтан қолдады. Ұлттық Республикалық партиясы-ның Еуропа мен АҚШ елдерімен тығыз экономикалық-саяси байланыстарын қолдады, КСРО мен «дұшпандық» қарым-қатынасты жүргізуді де дұрыс деп санады.

1950 жылы 16 ақпанда №5545 сайлау туралы заң қабылданды, ол заң бойынша мәжіліс депутаттарын сайлау мажоритарлы жүйе бойынша жүргізілетін болды. Заң қабылданғаннан кейін екі басты саяси партиялардың арасында билік үшін күрес басталды. демократиялық партия либерлері өте көп уәделер берді, оның ішіндегі ең өзекті уәделерді атап өтсек:

- Қара теңіз жағалауы мен Кызыл-Ирмак және Ешил-Ирмак өзендерінің арасындағы құнарлы жерлерді жерсіз қалған шаруаларға бөліп беру арқылы жермен қамтамасыз ету;
- Барлық елдермен бейбітшілік, достық қарым-қатынастарын орнату, сыртқы саясатты нығайту;
- Ел ішіндегі жұмыссыздықты азайту;
- Сөз бостандығын, демократия позицияларын тарату;
- Шетелдік капиталды тарту;
- Банк салымдарын айналымға ендіру;
- Салық мөлшерін азайту;
- Экономика және қаржы саласында ірі қайта жаңғыртуларды жүзеге асыру;
- Мемлекеттік шығындарды азайту (бір сөзінде Баяр «мемлекет жарататын қаражат-халықтың ақшасы болып табылады» деген болатын);
- Жұмысшылар митингтер мен бас көтерулер жасауға құқық берілді;
- Азаматтардың конституциялық құқықтарын қайтару;
- Саяси мәселелермен тұтқынға алынғандарға амнистия жариялау;
- Республика президенті қызметін партияның төрағасы қызметінен ажырату;
- Діни бас бостандықты қалпына келтіру (Жұмы күнін демалыс күні жариялау, мұсылмандық жыл санауды қалпына келтіру, діни дұғаларды араб тілінде оқуға рұқсат беру және т.б.) [4].

Демократиялық партияның лидерлері мемлекеттің түпкір-түпкірін аралап, өз бағдарламалары мен уәделерін үйіп-төгіп берді. «Мондта» Мендерестің сайлау алды әрекеттері туралы былай жазады: «Ол ешбір шаршаусыз ауылдар мен аймақтарды айналып өтті, халыққа саяси және экономикалық бостандықты, шектеулерді тоқтату, Ататүрік негізін қалаған этатизмге қарсы еркін кәсіпкерлікті уәде етті. Сондай-ақ Мендерес өндіріс, сауда, ауыл шаруашылығы салалары ешқандай алдын ала жоспарсыз дамуы керек, тек уақыт өткен соң статистикалық нәтижелер шығарылып отыру керек деген ұсыныс жасады» [5].

1950 жылдың 14 мамырында мәжіліске сайлау өтті, ел ішінде Ұлттық Республикалық партиясы-ның сайлаушылар арасында қысым көрсеткендігі туралы түрлі сыбыстар жарияланып кетті. Жандармерия сайлаушы топ урналарына жақындап, Ұлттық Республикалық партиясы үшін сайлауды талап еткен туралы да мәліметтер кездеседі. Халықтың 75 пайызы сайлауға қатысты. Ұлттық Республикалық партиясы мүшелерінің әрекеттеріне қарамастан бұл партия жеңіліске жетті. Иненю мәжіліске Анкара мен Малатья вилайеттерінің атынан сайланды. Шамсетдин Гюналтайдан басқа үкіметтің бірде бір мүшесі қайта сайланбады. Демократиялық партия 54,31% дауыс жинады, Ұлттық республикалық партия 41,05% дауыс жинаған. Дегенмен мажоритарлы жүйе бойынша мәжілісте демократиялық партия –дан 434 депутат мандаттығына ие болса, Ұлттық Республикалық партиясы 51 мандатқа ие болды. Тек Стамбул вилайетінің өзінде ДП 27 орынға иеленді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ягудин Б.М., Кадыров Р.Р. Политика Демократической партии как первый опыт политической и экономической либерализации Турции (1950-е годы) // Отечественная османистика и туркология: Доклады и сообщения международного научно-практического семинара. 2 июля 2009 г. – Казань: Казанский государственный университет, 2009. – С.253-287
2. Киреев Н. Г. История этатизма в Турции. – М.: Наука, 1991. – 340 с.
3. Полат Салих. Процесс развития светского государства в Турции // Религия и право. – 2001, № 2. – С. 122–167.
4. Гасанова Э. Ю. Идеология буржуазного национализма в Турции. – Баку, 1966.
5. Розалиев Ю. Н. Мустафа Кемаль Ататюрк: Очерк жизни и деятельности. – М.: Восточная литература, 1995.

## **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМУ**

**Баймуратова Г.Е.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – п.ғ.к., профессор м.а. **Арзымбетова Ш.Ж.**

Біз «Студенттердің кәсіби сапаларын дамытудың мазмұндық-үдерістік моделін» түзу барысында педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Модельдеу әдісі танымның көрінісі мен танымның объектісін саналы талдаудың кеңінен танылған түрі болып табылады. Өзінің мәні жағынан модельдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық ұғымдардың негізінде шыққан, өйткені математикалық ұғымда абстракциялау деген заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлумен түсіндіріледі.

«Модель» ұғымы қазіргі ғылым саласында әр түрлі мағынада қолданылады. «Философиялық сөздікте» модельдеу (фр. Modele – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту [1, 279 б.].

Білім беру технологиялары оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Білім беру технологиясын оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін білім саласы; оқытуға ықпал ететін барлық факторларды есепке алу мен іріктеу негізінде оқытуда мейлінше жоғары жетістікке жету мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ғылыми білім саласы; білімді меңгерудің барлық аспектілерін қамтитын жоспарлаудың, қамтамасыз етудің, басқару мен бағалаудың кешенді, кіріктірілген үдерісі; қойылған білімдік мақсаттарды табысты іске асырудағы оқыту мен тәрбие үдерісінің әдістері мен құралдарының жиынтығы түрінде тұжырымдау кең тараған.

Педагогикалық тәжірибе - педагог мамандығы жолындағы өте күрделі және маңызды кезең. Өйткені, студенттің ұстанымы белгілі бір екіжақтылықпен сипатталады: ол екі түрдегі қатысушы болып табылады – академиялық (оқу) және кәсіби. Педагогикалық тәжірибе барысында студенттің кәсіби дамуының мәселесі, іс жүзінде аяқталмаған (оқу), басқасымен бірге жүретін (педагогикалық), жүзеге асыруға мақсатты құралдарға ие (мақсат, түрткі, құрал, бақылау, бағалау) іс-әрекет болып табылады. Енді, жоғарыда келтірілген түсініктерді басшылыққа ала отырып, зерттеу жұмысының мақсатына қарай өз анықтамамызды береміз: *Педагогикалық тәжірибе аясында дамыған студенттердің кәсіби сапалары* – болашақ маманның педагогикалық қызметтің барлық салаларына, яғни, пәндік, оқушының оқу іс-әрекетіне және оның әдістемелік қамтамасыз етілуіне жан-жақты бағдарлануы, өзінің тәрбиелік өзара әрекет етуі мен оны ұйымдастыруы, тәжірибенің түрлі түрлері ықпал ететін зерттеушілік жұмыс әдісін меңгеруі [2].

Анықталған өлшемдер негізінде студенттердің кәсіби сапаларының даму деңгейлері анықталды.

Жоғары деңгейде студент саналы түрде әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыра алады, қарым-қатынаста интеллектуалдығымен ерекшеленеді, қатынасушылармен қарым-қатынаста тепе-теңдікті сақтай біледі, тұлғалардың әлеуметтік қызметінде табыстылықты қамтамасыз ететін тұрақты дамуын болжайды және мотивациялы-тұлғалық, когнитивті-процессуалдық және мінез-құлықтық-жобалық компоненттерді қамтитын, тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін құнды қасиеттерді толық меңгереді.

Орта деңгейде студент берілген үлгіге сәйкес оқытушы жетекшілігімен нақты формада рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді; шешімдерді өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда білімді мақсат тұтпайды, әлеуметтік құзыреттіліктің кейбір көрсеткіштері жеткілікті деңгейде ұйымдасқан және әлеуметтік мәнді қызметтің табысқа жетуіне арналған белгілі бір саланың негізін салуға мүмкіншілігі бар, ал басқалары төменгі деңгейде.

Төмен деңгейде – тұлғалық жаңа білімнің әлеуметтік бейімділігіне қажетті қалыптасқан құрамалардың төменгі дәрежесімен сипатталады.


Тәжірибе барысында болашақ педагог педагогикалық қызметтің келесі басым бағыттарын меңгеруі тиіс: студенттерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту деңгейін талдау және бағалау; жағдайды және олардың педагогикалық қызметінің құбылыстарын және басқа педагог қызметін талдау; білім беру қызметін жоспарлау, дайындау және өткізу (сабақ); сабақтар мазмұнын жобалау және оқу материалын оқушылар үшін қол жетімді түрде өзгерту; дамушы білім беру ортасын құру; диагностикалық қызметті жүзеге асыру, студенттермен түзету жұмыстары; білім беру қызметінде жаңа технологияларды пайдалану және құру; коммуникативтік, білім беру, ұйымдастыру, гностикалық және сындарлы-жоспарлау функцияларын жүзеге асыру; білім беру қызметінің басқа субъектілерімен интеграциялану нысандары[3].

Студенттердің педагогикалық практикасы нақты оқу үдерісін белсенді, шынайы түрде меңгеруіне сәйкес болуы керек. Болашақ педагогтың кәсіби дамуы студенттің өз педагогикалық қызметіне жауапкершілікпен қараған кезде маңызды өмірлік тапсырма ретінде түсініледі. Кәсіби жолдың басталуы әртүрлі пропорцияларда: еңбек пен шығармашылық жолдар, жеке және қоғамдық өмір, сыртқы оқиғалар және жеке тұлғаның ішкі әлемі болып табылады, онда өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі тану сияқты қасиеттер қалыптасады.


Сондықтан да, біз төменде келтірілген суреттерде «Студенттердің кәсіби сапалары құрылымы», «Студенттердің кәсіби сапаларын дамытудың мазмұндық-үдерістік моделін» келтіреміз.

Біздің жасап отырған моделіміз педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамыту үдерісі элементтерінің байланысы мен құрылымдарының шектеулі сипатын көрсетеді. Біз алдымызға қойылған мәселенің толықтай шешімін емес, оны шешудің мүмкін нұсқаларын ұсынамыз.

Қорыта келе, педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамыту мәселесінің зерттелу дәрежесін алғышарттарын қарастырдық деп айта аламыз. Жасаған мазмұндық-үдерістік моделіміздің мақсаты педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің кәсіби сапаларын дамыту болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру үдерісінде ұстанымдарды таңдауға, мақсаттылыққа, сенім мен қолдауға сүйенуіміз қажет. Жасалып отырған модель келесідей жағдайларда тиімді жүзеге асырылады: студенттердің кәсіби сапаларын дамытуда ынталандыруды қамтамасыз ету, студенттердің кәсіби сапалары дамуы деңгейіне сәйкес оқытудың мазмұнын іріктеу, студенттердің кәсіби сапалары дамуының динамикасын және мерзімін болжау.



1 сурет - Студенттердің кәсіби сапалары құрылымы



2 сурет - Студенттердің кәсіби сапаларын дамытудың мазмұндық-үдерістік моделі

Деңгейлердің арақатынасы студенттердің қалыптасып келе жатқан кәсіби сапалары көрсеткіштерін жүйелі түрде анықтап отыр. Педагогикалық тәжірибе аясында студенттердің



кәсіби сапаларын дамытудағы даму ерекшеліктерін тәжірибелі зерттеу нәтижесіндегі мәнді құрамы: студенттердің ішкі тұлғалық мәселелерін бөліп көрсетуге мүмкіншілік берді.

Қарастырылып отырған студенттердің бұл компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты және қалыптасудағы күрделі деңгейлік құрылымын құрайды.

Көрсетілген компоненттер құрамын нақтылы байыту, олардың жоғары оқу орны білім беру үдерісінде жүзеге асырылуы қалыптастыру тәжірибесінің нысанасын құрайды. Оның барысы мен нәтижелері келесі бөлімде баяндалады.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесін жоғарыда келтірілген үш компоненттің қалыптасу деңгейіне қарай бағалауға болады. Біздің ойымызша, осы үш компонент бірлігі, олардың көрсеткіштері мен өлшемдері студенттердің кәсіби сапалары дамуы деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер**

1. Философиялық сөздік /Ред. басқарған: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Г. Ақмамбетов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2006. -525 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқарған А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп».- 2002. -256 б.
3. Хмель Н.Д. Технология реализации целостного педагогического процесса: Программа спецкурса для магистратуры университетов. – Алматы: Қазақ университеті. -2008. -24 с.
4. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студентов пед. Вузов. В 2 -х книгах. –М.: Центр Владос. Кн. 1 -1999. -575 с.

ӘОЖ 372.82

## **МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ**

**Жанжигитова Ж.**

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – (PhD) философия докторы,  
қауымдастырылған профессор

**Казиев К.С.**

Инклюзивті оқыту мәселелеріне арналған теориялық еңбектерді жан-жақты талдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектелген балаларды инклюзивті оқытудың әр түрлі үлгілеріне талдау жасаймыз. Біріктіріп оқытудың тарихына көз жүгірте отырып тоқталымға келетін болсақ, ең әуелі баланың кемістігінің және психикасының ерекшелігіне қарап біріктіріп оқыту түрін таңдау қажет. Сонымен қатар ескере кететін жайт, дамуы тежелген балалар тек қана бір кемістік түрімен ғана шектелмейді, яғни біріншілік кемістік және олардың салдары екіншілік кемістіктің құрамын да ескеру қажет. Оқыту түрлеріне қатысты мәселені толық ашып көрсетейік.

Әрдайым жүретін толық түрде біріктіріп оқыту

Бұл түрдегі оқытуда кемістігі бар балаларды қалыпты балалармен бірге, оқыту процесі бір сыныпта немесе бір топта жүргізіледі. Мұнда егер де кемістігі бар баланың даму деңгейі қалыпты нормаға жақын болса бұл оқыту түрі тиімді болып есептелінеді. Сонымен қатар бала психологиялық тұрғыдан дайын болуы қажет.

Жоғарыда айтылғаныдай әрдайым жүретін толық түрде біріктіріп оқыту әдеттегідей дамудағы балалармен бірдей мектепке дейінгі топтар немесе сыныптарда оқуын болжалдайды. Толық интеграция психофизикалық және тілдік дамуы жас мөлшерлеріне сәйкес немесе жақын болғанда, сонымен бірге бала сау құрдастарымен бірге оқуға психологиялық тұрғыдан дайын болған жағдайларда тиімді болуы мүмкін.

Баланың психикалық дамуының ойдағыдай дамудағы құрдастарымен салыстырмалы деңгейі, әдетте, бала дамуындағы ауытқуларды ерте анықталғандығы және баланың өмірінің алғашқы айларынан жүйелі түрдегі коррекциялық жұмыстар жүргізілген жағдайда қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, коррекциялық көмектердің ерте басталғандығы және сауатты ұйымдастырылғандығы баланың құрдастары мен тең немесе нормаға жақын психикалық даму деңгейіне жетуіне, сондықтан ертегі көмек – баланың әлеуметтік және жалпы білімдік ортаға толық интеграциялануының ең сенімді жолы болып табылады.

Соңғы жылдары арнайы мекемелер өз тәрбиеленушілерін әдеттегі оқушылармен қарым-қатынастарын кеңейту бойынша жұмыстарды күшейтуде.

Инклюзивті оқытудың әр түрлі үлгілерін талдау, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының арнайы мектептері және жалпы білім беретін мектептерінің өзара байланыстарын жан-жақты зерделеу, олардың кіріктіре оқытудағы мүмкіндіктерін қарастыру жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың моделін құрастыруға мүмкіндік береді (Сурет 1).

Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың моделі зерттелінетін үдерістің құрылымын және олардың өзара байланыстарын сипаттайды.

**Мақсаты:** мүмкіндігі шектелген балаларды қалыпты дамыған балалар ұжымына интеграциялау және оларды дамыту; қалыпты дамыған оқушылардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға гумандық қатынастарын қалыптастыру, өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін толығырақ көрсетуге ынталандыру.

**Міндеттері:**

- арнайы педагогикалық көмекті, баланың тұрғын жеріне жақындату;
- дамуында кемістігі бар балаларды біріктіру нәтижесінде өзін қоршаған ортасындағы қалыпты балалармен тең құқылы болуын қамтамасыз ету;
- ата – аналарға қажетті мағлұматтарды, кеңестерді жиі беріп отыру;
- жалпы мектепке біріктірілген сыныптармен жұмыс жасайтын мұғалімдерді әрдайым әдістемелік тұрғыдан қолдау.

**Инклюзивті оқыту түрлері:**

- әрдайым жүретін толық түрде біріктіріп оқыту;
- әрдайым жүретін толық емес біріктіріп оқыту.
- әрдайым жүретін бөлшекті біріктіріп оқыту.
- дүркін біріктіріп оқыту.

**Мұғалімнің инклюзивті оқытуға кәсіби құзіреттілігі**


- мотивациялық;
- когнитивтік;
- рефлексі;
- операциялық.

**Құрылу деңгейлері:**

- информациялы бағытталған;
- квазикәсіптік;
- қызметтік.

**Ұйымдастыру формалары:** жеке-даралық, жеке-жұптық; топтық, ұжымдық; кіріктірілген сабақтар; жарыстар; көрмелер; мейрамдар; үйірмелер.

**Әдістері:** тәрбиелеп оқыту; дәстүрлі; белсенді; жекелей келу; интербелсенді әдістер тобы.



1 сурет - Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектелген балаларды инклюзивті оқытудың моделі

**Нәтижесі:** қалыпты дамыған балалар ұжымына интеграцияланған, даму деңгейі жоғары мүмкіндігі шектелген оқушы тұлғасы; мүмкіндігі шектеулі адамдарға гумандық қатынастар танытатын, өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін толығырақ көрсетуге ұмтылыс жасайтын қалыпты дамыған балалар.

Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың зерттеу барысында жасалынған моделі жаппай мектептерде инклюзивті оқытуды ұйымдастыру технологиясын жасауға негіз болды.

## Әдебиеттер

1. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті оқытудың үлгілерін жүзеге асыру// Абай атындағы ҚазҰПУ ХАБАРШЫ 2011, № 3/5.- Б. 11-17.
2. Мектеп ұжымының инклюзивті білімдік орта қалыптастырудағы қызметі // Тәуелсіздіктің 20жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Жас ғалымдардың заманауи зерттеулері». 1-том, 2012.- Б. 105-108.
3. Малинович В.И. Особенности обучаемости младших школьников с умственной отсталостью и задержкой психического развития: дис. ... канд. пси х. наук.: 19.00.10.- Нижегородский государственный педагогический университет /НГПУ/.- 2000. – 192 с.

ӘОЖ 37.31

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУҒА ДАЯРЛЫҒЫ

Жұмабекова К.С.

Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – п.ғ.к., профессор м.а. Арзымбетова Ш.Ж.

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жалпы мәдени құндылықтардың өзектілігі байқалады. Осыған байланысты жеке тұлғаны заманауи мәдениеттің көбеюі мен дамуына қосуды көздейтін мәдени көзқарас басым болады. Мәдени мұраның едәуір бөлігі ақпарат көздерінде көрінеді, олармен жұмыс істеу үшін адамның ақпараттық мәдениетінің сапалы жаңа деңгейі қажет.

Сонымен қатар, білім беруді ақпараттандыру процесінің ерекшелігі жеке тұлғадан түбегейлі басқа білімді, дағдылар мен қабілеттерді талап етеді, бұл оның өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етеді және қоғамда лайықты орынға кепілдік береді. Осыған байланысты білім беру процесінде жаңа, ақпараттық қоғамға көшуге байланысты міндеттер қойылады.

Білім беруді ақпараттандыру процесі бастауыш мектептен бастап ЖОО-ға дейінгі және одан кейінгі барлық білім беру сатыларын қозғайды, олардың әрқайсысында білім алушылардың дайындығы мен даму деңгейіне сәйкес келетін мақсаттар мен міндеттер қойылады. Қазіргі уақытта осы процестің іргелі негіздері бастапқы буынға салынатын бағдарламалар жиі жасалуда.

Қазіргі жағдайда бастауыш мектептің өзі де өзгереді. Әр түрлі типтегі және вариативті бағдарламалардағы білім беру мекемелерінің пайда болуы негізгі міндеттердің бірін анықтайды-бастауыш сынып оқушысын әртүрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, қажетті білімді өз бетінше алуға үйрету. Бұл, ең алдымен, оның ақпараттық мәдениетін дамытуды білдіреді, өйткені бұл бастауыш мектепте оқытудың келесі кезеңдерінде дамудың негізі қаланады.

Компьютер жетекші ақпараттық құрал ретінде адам өмірінің әлеуметтік және білім беру салаларына мықтап енгені және оның ақыл-ойы мен мәдениетін дамыту құралдарының бірі болып табылатыны жалпыға ортақ. Жақында оның көптеген отбасыларда пайда болғаны, сондықтан бастауыш сынып оқушыларына тікелей қол жетімді болғаны да маңызды. Компьютер қазіргі заманғы балалардың үлкен қызығушылығын тудырады, өйткені бұл олардың танымдық және ойын қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді ал бастауыш мектеп олардың сұраныстары мен осы саладағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға әлі дайын емес, тіпті егер ол компьютерлік сыныпқа ие болса да [1].

«Ақпараттық мәдениет» ұғымының мәнін анықтауға әртүрлі көзқарастар бар. Біздің зерттеуімізде ақпараттық мәдениет дегеніміз-біліммен, деректермен, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениеті, яғни.білімді ұсынудың негізгі әдістерімен сипатталатын қабілеттер жиынтығы,

сонымен қатар оларды мазмұнды есептер шығару және шешу үшін практикада қолдану мүмкіндігі. Біз ақпараттық мәдениет ұғымын ақпаратпен жұмыс істеу кезінде әртүрлі ақпараттық құралдарды ескере отырып, кең мағынада қарастырамыз.

«Тұлға мәдениеті», «тұлғаның ақпараттық мәдениеті», «бастауыш сынып оқушысының ақпараттық мәдениеті» категорияларын салыстырмалы талдау әрқайсысының орнын табуға мүмкіндік береді. олардың ішінде әлем туралы ең жалпы философиялық идея [2].

Бұл зерттеуде дайындық субъектінің іс-әрекеттерінің сипаты мен күрделілік деңгейіне сәйкестік критерийі бойынша олардың белсенді қабілеттерінің жай-күйінің сипаттамасы ретінде қарастырылады; іс-әрекет субъектісінде істің мәнін, қажетті білім мен дағдыларды, сондай-ақ оның мотивациялық саласының жай-күйін қажетті түсінудің болуы.

Дайындық келесі аспектілерде болады:

- субъектінің мотивациялық саласының жағдайы ретінде;
- алынған кәсіптік білімнің салдары және алдыңғы практикалық тәжірибенің нәтижесі ретінде;
- қызмет субъектісінде проблеманы қажетті түсінудің болуы ретінде;
- қызметті жүзеге асырудың тұрақты рефлексиясы және оны жетілдіру ретінде [3].

Болашақ мұғалімнің бастауыш сынып оқушысының ақпараттық мәдениетін дамытуға дайындығы деп біз болашақ мұғалімнің мотивациялық - құндылық, когнитивті, операциялық компоненті бар ақпараттық-педагогикалық қызметке қабілеттілігін көрсететін интегралды интегралды неоплазманы түсінеміз.

Дайындықтың белгілі бір деңгейіне жету қалыптастырушы әсерді, яғни жеке тұлғаға әсер етуді, оның ерекшеліктеріне сәйкес келетін жағдайлар жасауды қамтиды, ал қалыптастыру ұғымы қолайлы жағдайлар жасау ретінде қарастырылады, онда жеке тұлға өзінің мазмұнын және одан әрі дамудың мүмкін құралдарын еркін таңдай алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бастауыш сынып оқушысының ақпараттық мәдениетін дамытуға дайындығын қалыптастыру жүйесін әзірлеу зерттелетін мәселенің мәнін білдіреді.

Бастауыш мектепті ақпараттандыру процесінің ерекше қиындықтары мамандардың осы процесті білікті түрде жүзеге асыруға дайын готовстігімен байланысты.

Негізгі қарама - қайшылық, бір жағынан, қоғам бастауыш сынып мұғалімін даярлауға әлеуметтік тапсырысты талап етеді, ол бастауыш сынып оқушысының ақпараттық мәдениетін қазіргі заманғы жағдайларға сәйкес дамыта алады, ал екінші жағынан, қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесі әлі де тиісті дайындықты қалыптастыруды қамтамасыз етпейді [4].

XXI ғасырдағы қоғамдық өндірістің негізгі үрдісі ғылымды қажетсінетін, жоғары технологияларды басым дамыту, ғылыми жетістіктерді нақты өмірге кеңінен енгізу, қоғамды ақпараттандыру болып табылады.


Қоғамдық өмірдің барлық салаларын жаһандық ақпараттандыру процесіне негізделген қарқынды дамып келе жатқан ғылыми-техникалық революция ақпараттандыру мен білім беру саласын қажет етеді.

Осыған байланысты білім беру мазмұны мен жеке тұлғаның ақпараттық-компьютерлік мәдениетінің деңгейі туралы жаңа мәселе туындайды. Мұндай мәдениеттің дамуы білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар саласында құзыретті мамандар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру әрқашан білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болды және қазір бұл мәселе жаңа реңктерге ие болуда.

Болашақ педагогтар қоғамды ақпараттандыру жағдайында білім беру қызметтері нарығында сәтті бәсекеге түсуі үшін оларда болашақта бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-компьютерлік мәдениетін дамытуға ықпал ететін ақпараттық-компьютерлік құзыреттілік компоненттерін қалыптастыру қажет.

Педагогикалық жүйелерді модельдеу мен болжаудың теориялық және қолданбалы ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, біз Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-компьютерлік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жасадық.



Бұл модельді біз бастауыш білім беру саласындағы мамандарды кәсіби даярлаудың кіші жүйесі ретінде қарастырамыз және оған мыналар кіреді: мақсаты, мазмұны, детерминанттар жүйесі, кезеңдері, тетіктері және ақпараттық-компьютерлік құзыреттілік негіздерін қалыптастырудың болжамды нәтижесі.

Бастауыш білім беру мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі мақсатын қоғамды ақпараттандыру жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындықты қалыптастыру ретінде түсіне отырып, қалыптастырушы эксперимент кезінде біз оның барлық элементтері оның ұйымына бағынатын осындай білім беру процесін ұйымдастырдық.

Олардың ішінде біз ерекше атап өтетініміз: оқу ортасын құру, оқытудың мазмұны мен формаларын таңдау, әртүрлі оқыту технологияларын, оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту деңгейін арнайы ұйымдастырылған диагностикалаудың ерекше рөлін атап өткен жөн. Оқу білімін кәсіби білімге айналдыру педагогикалық практика процесінде жүзеге асырылады, сонымен қатар студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейінің бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-компьютерлік мәдениетін дамытуға әсері тексеріледі.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін – өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

#### **Әдебиеттер**

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

2. Роберт И.В., Панюкова С.В., Кузнецов А.А., Кравцова А.Ю. Информационные и коммуникационные технологии в образова-нии: Учебно-методическое пособие для педагогических вузов. / Под редакцией И.В. Роберт. - М.: ИИО РАО, 2006. - 374 с.

3. Таутаева Г.Б. Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдаланудың әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 18 б.

4. Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 160 б.

UDK808.5

### **FORMATION AND DEVELOPMENT OF INTENSIVE LEARNING OF FOREIGN LANGUAGES**

**Alipaeva A.N.**

Zh.A. Tashenev University, Shymkent

Scientific supervisor-candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer **Nazarova G. Zh.**

In recent years, promising results have been achieved in the practice of intensive teaching of foreign languages by a diverse contingent of students. Intensive methods are understood as the effective implementation of some progressive trends in pedagogy and psychology in general, in particular in the context of the problems of the educational role of learning processes. The methodology of intensive teaching of foreign languages is characterized by five basic principles: the

principle of collective interaction; the principle of personality-oriented communication; the principle of role Organization of the educational process; the principle of conscious language acquisition; the multifunctional principle of exercises and the principle of concentration in the organization of educational material and the educational process. All these principles ensure a clear relationship between the subject of study and educational activities and thereby contribute to the effective implementation of the goals of training.

A feature of the implementation of these principles is the use of opportunities that open up when considering the training group as a temporary team carrying out coordinated joint activities. The task is to provide the training team with a joint educational activity that has great personal significance, social value and pays the team, that is, contributes to the active formation of the personality, ensuring the positive impact of the team on the individual. This task is solved, first of all, by a special organization of educational material, which provides for joint activities that stimulate the emergence of new ideas and interests of students and allow the use of various forms and ways of interaction of students in the lessons. In intensive learning, the student is put in the first place, and around him, by his efforts, a consciously regulated system of communication with the teacher is built, which allows everyone to fully reveal, use and develop their capabilities. Thus, the activation and intensification of learning is carried out through the more active use of the psychological individual capabilities that the teacher and students have, as well as the socio-psychological capabilities inherent in the system of interaction and interaction of the developed educational team. For the organization of intensive training, the principle of personality-oriented communication is important. This principle finds its justification in the theory of activity of A.N. Leontev. Also in the rules of didactics on developmental learning. The principle of personality-oriented communication plays a leading role in the implementation of the goal of training.

In intensive learning, the first place is occupied by the student, around him, by his efforts, but consciously regulated teacher, a system of communication is built, which allows you to fully reveal, use and develop the capabilities of each person.

The active use of the intensive method of teaching allows the teacher to accelerate the educational process, increase the effectiveness of work on the active use of the psychological individual capabilities of each student to achieve the effectiveness of a foreign language lesson.

He proposed a realistic and consistent approach to the methodology of intensive learning, on the one hand, to mastering a foreign language as a socio-psychological problem and, on the other hand, as a controlled speech activity. This approach is based on socio-historical and laws that have defined new learning goals: if earlier teaching a foreign language as a system reached language learning, now the main goal of teaching is the acquisition of a foreign language by students. Intensive learning in practice is perceived by most teachers as a special system of teaching, which differs in a number of parameters of the methods of teaching foreign languages that have long been established and are currently used. Within its framework, new principles of selection and organization of language and language materials have been developed, among which the presenters are action, personality-role, situational-thematic. A new dynamic model of management and training of communicative and educational activities of students has been created. The assimilation of students in the management of a foreign language is the modeling of the processes of their formation in the practice of foreign language speech, the communicative interaction of semantic perception and language opinions and the formation of appropriate mechanisms. Also of particular importance is the acquisition by students of psychotechnics of language communication and the achievement of a number of pedagogical goals (especially in terms of educating a person in interaction with the team) in teaching.

Intensive learning of a foreign language is understood as training that is mainly aimed at mastering communication in the language being studied, relies on the psychological reserves of the individual and the activities of students that are not used in conventional teaching, especially on the management of socio - psychological processes in the group and the teacher's interaction with students and students, and is usually carried out in a short time [2, p. 5].

The purpose of intensive training is to acquire foreign language communication skills in a short time. Such a goal and the methodological approaches used to achieve it determine the feasibility of a



large concentration of training hours. The content of intensive training is the acquisition of a complex of skills and abilities sufficient and necessary for the effective implementation of activities in a particular field, as well as the acquisition of language materials that ensure the formation, development and use of these skills and abilities. However, in this definition, only one aspect of intensive learning is touched upon — its learning function.

Берікқара қорымының обасын (Талас өзенінің аңғарында) топографиялық зерттеу мұндағы үлкен обалардың топырақ үйінділері тастан қаланған шеңбер, төрт бұрыш, жол, құйрықты жұлдыз сияқты нәрселер түріндегі әр алуан тұлғалардың қайран қалдырарлықтай ұштасуын толықтыра түсетіндігін көрсетеді. Олардың сақ тайпаларының сол дәуірде болған діни және әлемнің шығуы туралы ғарышнамалық түсініктерін көрсеткеніне күмән жоқ.

Сырдарияның көне арналары Жаңадария, Қуандария және Іңкардариялардың бойларын, Страбонның айтуынша, аралдар мен батпақты жерлерді мекендеуші массагет тайпалары қоныстанған. Кейін гректегі Александр Македонскийдің жорығымен байланысты жазылған деректерге тағы төрт тайпаның: аппасиактар, тохарлар, аугастар және сакаравактардың аттары аталған. Аса қуатты мемлекет құрған бұл тайпалардан ғажайып ескерткіштері мол сақталған, олар Шірік-рабат, Баланды, Сеңгіртам, Қабылдың қорғаны қалаларымен сол қалалардың төңірегіндегі жерлеу рәсімі және ғұрыптық салттар өткізілген зәулім ғимараттар.

Шірік-Рабат қаласы Жаңадарияның оң жақ жағалауындағы көлемі 850- 600 м, сопақша келген төбе үстінде салынған. Сырты екі дуалмен және ені 40 м болатын ормен қоршалған. Ішкі дуал жақсы сақталған қалыңдығы 4,5 метрдей дуал бойына 50-ге жуық мұнарлар сақталған. Қаланың іші әр кезеңде үш рет осындай қорғандармен бөлінген. Қаланың оңтүстік биік бөлігінде төртбұрышты ғимарат орны бар. Бұл қаланың цитаделі болса керек. Одан солтүстікке қарай алты оба орналасқан. Маргулан А.Х бұл қаланы аппасиактардың астанасы деп есептейді [4].

Сонымен б.з.б. YI ғасыр обаларына бұрынғысынша тән нәрселер лақыттардың бұрыштарындағы шұңқырлардың сақталуы, ілуде бір болғанымен, жерден қазылған қабірлер мен жер үстіне салынған жерлеу құрылыстарының қатар қолданылуы, оттың жерлеу салтындағы елеулі рөл атқаруы. Табылған көптеген және алуан түрлі заттар б.з.б. YI ғасырларда Аралдың шығыс өңірі мекендеушілердің материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайды. Көптеп табылған заттардың қатарына жапсырылып істелген жергілікті ыдыстар мен құмырашы ұршықшасында жасалған керамика, қола пышақтар, киім әшекейлері мен сәндік бұйымдар, тас құрбандық ыдыстары мен жануыштар, ат әбзелдері мен қару-жарақтар жатады. Ағаш өңделгенде қолданылған, жер өңдеу жұмыстарына және қару ретінде пайдаланылатын қола шапашоттар сирек кездеседі. Басқа сақ тайпаларында мүлде кездеспейтін қола және темір балғалар, айбалта мен қанжардың қызметін қоса атқаратын өте тамаша жасалынған қола бұйымдар да бар.

Керамиканың материалдық мәдениет ерекшеліктерін мейлінше айқын көрсететіні және түрі ұқсас болған жағдайда түрлі аймақтардың металл бұйымдарының, керамикалық түрлерінің ерекшеліктері елеулі болуы мүмкін.

Түгіскен мен Ұйғарақта керамика барлық жерлеу орындарында кездесе берген жоқ. Биік тік мойыны бар және жайпақ түпті, көбінесе жылтыратылған, алмұрт бітімдес ыдыстар керамиканың негізгі түрлері болып табылады. Мұның өзі көңіл аударарлық жай, өйткені

савромат ескерткіштерінде алмұрт бітімдес ыдыстар б.з.б. III ғасырда ғана пайда болады және оларға тән емес. Олардың Орта Азиядан шыққан болуы неғұрлым ықтимал.

Ерте темір дәуірінде Шығыс Арал маңы территориясын және Оңтүстік Қазақстанның оған шектес аудандарын массагет-сақтардың құрамына кіретін этникалық топтар мекендеген. Олардың мәдениетінің ескерткіштері Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарындағы обалы қорымдар болып табылады.

Түгіскен қорымы екі дәуірдің ескерткіштерінен тұрады. Оңтүстік Түгіскендегі барлық сақ обалары б.з.б. VII–V ғасырларда тұрғызылған. Ұйғарақтағы сол заманның 80 обасы үш топқа: шығыс, орталық және батыс топтарға шоғырланған. Олардан 70 оба қазылды.

Екі қорымда да жерлеу құрылыстары әр тектес болғанмен, жерлеу ғұрпы бірдей және оның өзіне тән ерекшелігі – отқа табыну.

Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің құм үйінділері астынан б. з. б. VII–V ғасырлардың жерлеу құрылыстарының екі үлгісі қазылып ашылды. Оның бірі, негізінен Ұйғарақтан ғана шыққаны – адамдарды жердің бетіне, жеңіл қаңқалы ағаш құрылыстың не күркенін ішіне, қамыс төсеніш үстіне жерлеу. Мұндай құрылыстардың сыртқы бітімі дөңгелек, сопақ немесе тік бұрышты болған. Олар Солтүстік Түгіскендегі қола дәуірінің қарапайым жерлеу құрылыстарына ұқсас. Оларды Солтүстік Түгіскендегі жерлеумен жақындастыратын белгі – өліктің басын батысқа қаратып жерлеу және ішінара – өлікті өртеу салты.

Оңтүстік Түгіскенде жерлеудің басқа да түрі бар. Діни құрылыс ортасында беті ағаш бөренелермен жабылған жер шұңқыры бар, жан-жағы айнала қоршаған топырақ дуалдан тұрады. Дуалға қажет топырақ белдеулей қазылған ордан алынған. Бұдан басқа, топырақ дуалды қоршаған ор жаңғыш материалмен (шөпшекпен) толтырылған. Сірә, жерлеу кезінде барлық құрылысты айнала от жағылатын болған болуы керек.

Ақырында, Ұйғарақта жер қабірлердің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрыштары дөңгеленіп келген тік бұрышты тар шұңқырлар. Құрылымы жағынан оларды Түгіскен мен Ұйғарақтағы үлкен жер шұңқырға жерлеумен жақындастыратын белгі сырғауылдармен және бұтақтармен жабылуы.

Б.з.б. V ғасырдағы қорғандардан табылған алтын астарлардағы бейнелер Оралдың және Оңтүстік Орал өңірінің савромат дүниесінің өнеріне жақын. 53-обадан табылған қынның алтын қалақша-астарында бірінің артында бірі ”жер бауырлап” жатқан ғажайып екі аң бейнеленген; олардың жоңы мысық тұқымдас хайуанға ұқсайды, басы жылқының басы сияқты, ал иығына үшбұрыш түріндегі скифтердің аң стилінде қабылданған геометриялық өрнектер салынған. Түгіскен мен Ұйғарақтың обаларынан табылған барлық өнер заттары. Арал өңірі ауданын скифтік-сібірлік аң стилі ареалына әкеліп қосады. Соңғы жылдардағы зерттеулер оның шекараларын шығысқа, тек Қазақстан далаларына ғана емес, Туваға дейін де кеңейтті. Бұл орайда шығыс ескерткіштерінің бәрі аң стилінің пайда болу мерзімін б.з.б. VIII–VI ғасырлармен, бірқатар жағдайларда тіпті б.з.б. VIII ғасырдың басы мен белгілейтіні оның жекеленген мәдени аймақтарда өзіндік ерекшеліктерінің пайда болғаны айқын көрінеді. Мысалы, Тува, Алтай, Оңтүстік Сібір және Қазақстан аумағының дені Европалық скифтік-сарматтық және Жайық өңіріндегі сарматтық аймақтардан ерекше аймақ болып табылады. Арал өңірі сақтарының негізінен батыс савроматтық бағдардағы, бірақ Азиялық төлтума ерекшеліктері басым аң стиліндегі ескерткіштері аралық жағдай секілді сипатта болуы ықтимал, ал Арал өңірі сақтарының өздері аң стилінің ареалы болған ең басты екі аймақтың мәдени жалғастырушылары болуы мүмкін.

Алдыңғы Азиядан шыққан кейбір бейнелеу үлгілері Орта Азия арқылы скифтер заманындағы Алтай мен Оңтүстік Сібір өңіріне үйлесіп, сол арқылы орнығуы мүмкін деген жорамал расталып отыр. Бұл Оңтүстік Орал өңірінің савроматтық ескерткіштеріндегі кейбір бейнелер жөнінде де сондай дәрежеде дұрыс.

Сырдарияның төменгі бойындағы сақ тайпаларының тарихы ең әуелі қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі аймақ тұрғындарының жергілікті этникалық-мәдени ортасынан басталады. Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің жерлеу құрылыстарының ежелгі беткі қабаттағы құрылыстары, топырақ лақыттардың бағанды құрылымдары, ”жер столдар” деп аталатындар, жерлеу салтындағы кең тараған отқа табынушылық секілді өзіне тән белгілері нақ содан, Солтүстік Түгіскеннің кесенелері мен басқа да ескерткіштерінен басталады. Бірақ Арал өңірі сақтарының этникалық-мәдени дамуы жергілікті бағытпен ғана шектеліп қалған жоқ.



Сырдария сақтарының жерінде тек бекіністі ірі қоныстар ғана емес, қалалар да пайда болды. Олардың қатарына, мысалы, Шірік-рабат қаласы және Жаңадариядағы айналасында жергілікті қоныстар кешені мен дамыған суландыру жүйелері бар, көлемі кішірек бекіністі Бәбіш-молда қаласы жатады. Осы тектес тағы бір ескерткіш-Іңкәрдариядағы кішігірім бекіністі Баланды қалашығы. Оларға жақын манда зәулім жерлеу құрылыстары бар, оларда жергілікті ақсүйектер жерленген және алуан түрлі жерлеу мүліктері қойылған [5].

Арал көлінің қарауылдары, көтерілері және қоныстарында ескертулер жасау кезінде, Сақтар мемлекетінің адамдары мүлік теңсіздігін анықтау керек. Бірақ, бірінші құрылыс кезінде сарқыншақтар толықтыруы мүмкін емес. Бұл мал сату үшін, су жүйесі және үй кәсіптіктерімен байланысты тайпалардың әскери басқармасы болатын. Жалпы айтқанда, оңтүстік өңірінде сақ ескерткіштері ешқашан зерттелмеген. Ақылсыздық пен мал шаруашылығымен өзара байланысты көбірек өнерді жоюға жол ашады. Келесі ажырасу кезінде, археологтар бұл қоныстардың жасалған жерлерін зерттейді. Қазақстанда басқа аймақтар да бұл жылдардың ерте жаңа темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеуде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Төлеубаев Ә.Т. Шілікті патша обалары және сақ проблемасының кейбір түйінді мәселелері // Каспий-Арал өңірінің тарихи-мәдени мұралары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтау, – 2007. – 1 бөлім.
2. Самашев З.С. Древние номады казахских степей // Материалы 2-ой международной конференции. историческая роль Александра Гумбольдта и его экспедиций в развитии мировой, региональной и национальной науки. – Алматы, 2004
3. Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.
4. Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая. Из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г. // Известия Алтайского края. Вып.2. –Пг., 1991
5. Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибири. – Л., 1975

ӘОЖ 855.551.251

## **МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАҒА ОҚЫТУҒА БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ**

**Шамуратова Ф.К.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Қоғамның ой-санасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылуы жаңа заман жастарынан жаңашылдықты, ізденімпаздықты талап етеді. Бұл орайда математика пәні басты мәнге ие. Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған мәселелер аз емес. Солардың бірі – оқушылардың логикалық ойлау ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құштарлықтарын арттыру.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттырып, қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады.

Математика мектеп курсының негізгі пәндерінің бірі бола отырып, үлкен техникалық прогреске байланысты ерекше мәнге ие болды.

Математикалық әдістер және математикалық ойлау стилі адамның барлық өміріне енеді. Егер бұрын ерекше дарынды балаларды іріктеу туралы сөз қозғалса, онда кең математикалану салдарынан бұқаралық мектепте математикалық қабілеттерді диагностикалау қажеттілігі пайда болды.

Математика бойынша тереңдетіп оқытатын сыныптар 8-11 сынып оқушылары үшін құрылатынын, ал дарынды балаларды дамыту бойынша жұмыс осындай балаларды

"жоғалту" қаупі бар 5-6 сыныптарда басталуы тиіс. Осы жерден математикаға жоғары қабілеттілікті көрсететін оқушыларды дер кезінде анықтау туралы сұрақ туындайды.

Қабілеттер мәселелерін зерттеуге белгілі психологтар Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн, Н. Ф. Талызина, Б. М. Теплов, В. Я. Шадриков және т.б. елеулі үлес қосты.

Психологтардың көпшілігі белгілі бір қызметті тез және жеңіл меңгеруге, үлкен табысқа жетуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері деп санайды.

Әрбір оқушы математикаға сауатты болуы үшін төмендегі мақсаттарды жүзеге асыру тиіс:

1. математика іс-әрекет сипатына сай логикалық ойлауды қалыптастыру;
2. математикалық білімді игеру мақсатында тәжірибеде қолдану;
3. болмысты, табиғат пен қоғамды тануға қажет математикалық мазмұнда ойлап, сөйлей алуы қажет;
4. қойылған сұраққа немесе есептің жауабына дәл (жылдам, сенімді және дұрыс) жауап беруге дағдылану, ұмтылу;
5. қоғамдық өмір практикасында қажетті математикалық ойлауды қалыптастыру.

Солардың бірі — балалардың шығарамашылық іс-әрекетке бейімдеу мақсатын көздейтін, «Атамұра» баспасы бойынша оқулықта жасыл түсті қоршауға, ал «Алматыкітап» баспасы бойынша әр сабақта қалыптан тыс және қызықты жаттығулар, шығармашылық деңгейге арналған логикалық есептер, тапсырмалар беріледі. Ол жаттығулар негізінен балалардың логикалық ойлау қабілетін, ақыл-ойын дамытуды көздейді. Ондай жаттығуларды орындау барысында оқушылар мазмұнға сәйкес объектілерді бақылайды, байқайды, салыстырады; сондай-ақ әр алуан ақыл-ой іс-әрекеттерін орындайды, практикалық жұмыстар жүргізеді, зерделілік білдіреді, ізденеді, болжам айтады және оны негіздеп беруге немесе дәлелдеуге талпынады, математикаға деген қызығушылығын, ынта-ықыласын тудырады.

Шығармашылық жұмыстар математикалық біліммен қатар күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты болғаны дұрыс. Сондықтан есептерді оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негіздеймін. Баланың ойлау қабілетін оқу мен жазу арқылы дамыту барысында олардың логикалық есептер, кестелер, суреттер, ребустар, сөзжұмбақтар, анаграммалар, оқулық-дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады. Нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері жетіледі. Оқушылардың математика сабағында шығармашылық қабілеттерін дамытудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер оқушыларды еркін ойлауға, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға талпындырып, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеуге, басқаларды тыңдай білуге, қарым-қатынас жасауға, ел алдында өз ойын еркін айтуға мүмкіндік береді. Шығармашылық ізденіс, талдау және т.б. есептерді шығару, талдау жұмыстары жеке – жұппен – топпен атқарылады. Бұл кезеңнің оқушыға қоятын талабы жоғары. Сондықтан да оқушы сапалы білім мен шығармашылығын ұштастыра білу керек. Мектептегі оқу процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытуда математика курсының алатын орны ерекше. Сонымен қатар, дарынды балалардың математика сабағында жаңа ақпараттық технологияны, интернет жүйесін қолдануы, шығармашылық ізденістері өзіндік қабілеттерін ашып қана қоймай, жеке бір салаларды дамытады.

Осындай ой шеберлігін шынықтыратын тапсырмалар арқылы тың жаңалықтар да ашуға болады. Ол үшін мұғалім ізденіске жетелейтін зерттеу тақырыптарын беруі керек. Оқушылар арасында математика саласындағы шығармашылық сайыстарын ұйымдастырып, практикалық жұмыстарға қатысу, пән бойынша олимпиадаларға, Online олимпиадаларға, әртүрлі конкурстарға қатыстыруы керек.

Дарынды оқушыларды шығармашылыққа дайындаудың негізгі мақсаты: шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы шығармашылық ойлау, танымдық қабілетін дамыту болып табылады.

Аталған жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың өз бетімен ізденуіне және өз бетімен ізденуіне және өздерінің логикалық ойлау тұрғысынан шығармашылық жұмыстарын жүзеге асыруларына мүмкіндік береді.

Біз ақпараттық қоғамда өмір сүретін жеке тұлғаларды тәрбиелеп жүргенімізді міндетті түрде ескеруіміз қажет.

Шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті жеке тұлғаны қарым-қатынас арқылы дамыту ғана емес, математиканы компьютерлік технологиясымен сәйкестендіре отырып, келешекте өз өмірлерін өнермен байланыстыра білген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу ең басты фактор болып табылады.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан, математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Оқушыларға математикалық мәдениетті, ой-әрекетінің математикалық стилін қалыптастырудың негізгі жолы - әр түрлі математикалық есептерді шығару үрдісінде оқушылардың оқу әрекетін ұтымды, тиімді ұйымдастыру және басқару.

Америкалық педагог-математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Сондықтан, орта мектептің математика курсының бірінші әрі ең басты міндеті есеп шығарудың әдістемелік жақтарына назар аудару.

Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, тереңдік, жинақылық, жүйелілік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару - оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар.

Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылуы, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет. Математиканы үйренумен белсенді шұғылданду, шын мәнінде, есеп шығару. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеп жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді.

Математиканы оқуда, сонымен қатар оқушының жігер-қайраты, ілтипаты дамиды, жүйелі түрде жұмыс істеу, өз ойын (ауызша, жазбаша) дәл, дәйекті ақын көрсету дағдылары қалыптасады. Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға, деген құмарлықтарын арттыру. Я. А. Каменский «*Сен ешбір*

жаңа нәрсе меңгермеген және өзінің біліміне ештеңе қоспаған осынау күнді немесе сағатты бақытсыз сана» деген екен. Сондықтан әр оқушы математикалық есептеулерді жүргізген кезінде өзіне ыңғайлы, жаңа, жеңіл әдіс-тәсілдерді де іздеуі керек.

Әр оқушыға ғана емес кез келген адамда оған ойша есептеулер жүргізу керек болатын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалға қарапайым дүкендегі оқиғаны алсақ, қанша ақша қайтарып беру керек екенін немесе алған затымыздың санын бағасына көбейту үшін ауызша тез есептеу керек болады. Осындай жағдайларда тез есептеу үшін оқушылар жеңіл әдістерді білуі керек. Сонымен мен бұл мақалада ойша тез есептеуге болатын бірнеше тәсілдерді көрсетпекпін.

Есептеу алгоритмі дәл алыңғы мысалдағыдай, үстіне 13 және 15 сандарының 10-нан неше санға үлкен екенін жазамыз. Содан соң диагональ бойынша қосқанда 18 шығады, оны 10-ға көбейтіп 180 аламыз, ал үстіңгі сандарды көбейткенде 15 шығады. Жауапты екі санды қосу арқылы аламыз. Яғни  $180+15=195$ . Көрініп тұрғандай тез есептеулер өте жеңіл, тек негізгі қарапайым ережелерді есте сақтау керек.

Әрине ойда ауызша есептеу үшін осы әдіс-тәсілдерді автоматты түрде қолдану үшін көп тәжірибе жасап, есептеулерді жиі жүргізіп жаттығу қажет. Тез есептеуге жаттығу үшін оқушыларға «Ойдағы санды табу» фокусын жиі қолдануға болады.[1]

Сан ойла	$x$
2-ні қос,	$x + 2$
нәтижені 3-ке көбейт,	$3x+6$
5-ті азайт,	$3x+1$
ойланған санды азайт,	$2x+1$
2-ге көбейт,	$4x+2$
1-ді азайт	$4x+1$

Мысалы, фокусшы төмендегі таблицаны сол жақ бағанындағы амалдар алгоритмін орындауды ұсынған болсын дейік:

Сонан соң фокусшы ең соңғы шыққан нәтижені айтуды өтінеді, оны оған айтқан соң, сол сәтте ойлаған саныңды атайды. Ол мұны қалай тапты?

Мұны түсіну үшін таблицаның оң жағындағы бағанға қарау керек, онда фокусшының нұсқаулары алгебра тіліне аударылған. Осы бағаннан, егер қандай да бір  $x$  санын ойлаған болсақ онда барлық амалдарды орындаған соң жауабы  $4x+1$  шығуы керек. Осыны біле отырып, ойланған санды «табу» қиын емес.

Мысалы, фокусшыға 33 шыққанын айттық дейік. Сол кезде фокусшы ойша  $4x+1 = 33$  теңдеуін тез шешеді де,  $x = 8$  екенін табады. Екінші сөзбен айтқанда, соңғы шыққан нәтижеден

1-ді шегеріп ( $33 - 1 = 32$ ), шыққан санды 4-ке бөлу керек ( $32:4 = 8$ ), бұл ойланған сан (8) болып табылады. Егер де 25 шыққан болса, онда фокусшы ойша  $25-1=24$ ,  $24:4 = 6$  амалдарын орындайды да, сенің-6-ны ойлағаныңды айтады. Осы фокусты оқушылар біріріне жасыру арқылы тез есептеуге жаттығады деп ойлаймын.

Атақты француз ғалымы С.Д.Пуассон «Екі нәрсе ғана өмірдің сәнін келтіреді: бірі математикамен шұғылдану және одан сабақ беру» деген екен. Сондықтан оқушыларды математиканы сүйуге баулу, жеңіл есептеулерді үйрету арқылы қызығушылығын арттыру керек.

#### Әдебиеттер:

1. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі». Алматы «Білім» 2000 ж
2. Дүйсенбекова «Оқушылардың танымдық әрекеттерін дамыту». Бастауыш мектеп №10.2002ж.
3. Ю.К.Бабанский «Выбор методов обучения в средней школе». - М: Педагогика, 2004
4. Парфенов П.А. «Использование логики в системе правовых знаний». М., 2005.
5. Тұрғынбаев Ә. «Логика» А., 2000.
6. Бабаева, Ю.Д. Психология одаренности детей и подростков.// Лейтес, Н.С.- М.: Академия, 2006.

## ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨРСЕТУ

Маханова А. К.

Tashenev University, Шымкент қ.

Мақал - мәтелдер - ғасырлар бойы қалыптасып ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал- мәтелдерден халықтың ақыл- ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олар тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін көрсетіп, қорытынды жасайды.

Мақал-мәтел латын тілінде - proverbium, adagium, француз тілінде - proverbe, неміс тілінде - Sprichwort, ағылшын тілінде - proverb деп аударылады. Мақал-мәтелдерді көптеген тілдердің лингвистикасында паремия деген терминде қолданады. Паремия грек тілінде «рагоітіа» мақал - мәтел деген мағынаны білдіреді. Паремиолог ғалым Г.Л.Пермяков: «Вопрос о научной классификации пословиц и поговорок коренной вопрос современной паремиологии, без решения которого не может развиваться сама эта наука» деп көрсетеді[1].

Осы мақалада қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты туралы сөз қозғаймыз. Мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық немесе этномәдени сипатын тұрғысынан зерттеу көне дәуірден келе жатқан тұла бойы тарихқа толы мақал-мәтелдердің мағына қалыптасуының уәждерін, шығу тарихын, қалыптасуын, қазіргі тілдегі қолданылу жағдайын айтамыз.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деп ұлы ақын Абай атамыз айтқандай, осы мақалада қазақ және ағылшын мақал- мәтелдерінің мағына қалыптасуының уәждерін анықтай отырып, туыс емес екі тілдің ұлттық сипатына, тілдік ерекшеліктеріне мән беретін боламын.

Қазақ мақал-мәтелдерінің шығу тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, Халық ауызында ауызша таралған мақал-мәтелдерді жинақтап, қағаз бетіне түсірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» [2] еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [3,112 б.],— деп көрсеткен болатын.

Қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жариялауда: Ш.Ибрагимов, М.Герентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютшь, Ф.Плотников, И.Гродеков, А.Васильев, П.М.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, В.В.Катаринский, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Ө.Нұршайықов, Н.Төреқұлов сынды ғалым, ақын жазушылардың еңбектерін атап кеткен жөн.

Ал, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеген ғалымдар - Н.Барли, А. Дундэс, А.Крикман, М. Куузи, Г.Мильнер, А. Тэйлер, Г.Л. Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі қасиетті кітап інжілден, дарынды Шекспир сынды халыққа танымал ақын- жазушылардың шығармаларынан, сондай-ақ, көрнекті саясаткерлердің айтқан парасатты сөздерінен, басқа тілден енген «кірме» мақал-мәтелдерден бастау алғандықтары байқалады.

Қазақ және ағылшын паремиологизмдерінің түпдеректеріне қатысты негізгі айырма мынада: Қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би,шешен, ақылгөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады және сондай-ақ Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады [4,175].

Этнолингвистика саласының қазақ және ағылшын тіл білімінде қалыптасуына, зерттелуіне салғастырмалы шолу жасай отырып, оның, әсіресе, отандық тіл білімінде кеңірек ауқымда қарастырылып, ұлттық материалдық және рухани мәдениетке байланысты бірқатар мәселелердің басы ашылғаны айқындалды. Этнолингвистикалық уәжі халықтың тұрмыс-тіршілігі, менталитеті, әдет-ғұрпы, салт- дәстүрімен тығыз байланысты тұрақты тіркестердің түп-төркінін айқындау - әр басқа ұлттар мен әртіптес тілдер жөнінде мол мағлұмат алуға, танымдық көзқарасты қалыптастыруға, септігін тигізері сөзсіз [5,237].

Мақал-мәтелдердің тақырыбы әр түрлі болады. Қай тілдің мақал-мәтел қорын алсақ та, олардың тақырыптық топтары әр халықтың рухани мәдениетіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты. Бұл топтардың мазмұны мен уәждік негіздері де әр түрлі. Мақал-мәтелдердің мағынасы қалыптасуындағы уәждік негізін, мазмұнын анықтауда қандай өмір саласында қаншалықты жиі қолданғанын көруге болады. Соның ішінде өмір-орта, тұрмыс-тірлік, қоғамдық құбылыстар, адалдық, адамгершілік, достық туралы, еңбек-байлық, кәсіп-нәсіп туралы, сақтық, қырағылық туралы және де т.с.с. тақырыптарды қос тілде де жиі кездестіруге болады.

Еңбек ету, кәсіп нәсіп туралы мақал - мәтелдердің уәждік негізі. Туыс емес екі тілде де осы тақырып аясында мақал-мәтелдер саны жетерлік. Еңбек туралы мақал-мәтелдерге мысал келтірсек, Little strokes fell treat darks (Еңбек етсең емерсің), Easy come easy go (Тез келген бақ тез кетеді), You must reap what you have won (Не ексең соны орасың), Confessing a difficult makes half amends for it (Қателікті мойындау - оны жартылай түзеткенмен тең). Бұл тектес мақалдардан халықтың еңбекке деген көзқарасын, адал еңбекті ардақтайтынын көруге болады. Nothing is impossible to a willing heart (Қиын іс жоқғаламда, ықыласқойғанадамға), Easier said than done (Айтқуонай, істеуқиын), A tree is known by its fruit. (Еңбегінеқарайөңбегі), A cat in gloves catches no mice (Еңбекетсеңемерсің), Business before pleasure (Еңбектүбі - бейнет, Бейнеттүбі - зейнет), Care killed the cat (Еңбекқажытпайды, қайғықажытады) [3] сияқтымақалдардымысалғақелтіруарқылыеңбекетуонайеместігін, қиыншылығыменбейнеті, ауыртпалығыбарлығынескертеотырып, осылардыңбәрінеңбегіменжеңгенадамғанамқасатына

Денсаулықтуралымақал-мәтелдердіңуәждікнегізі. Health is above wealth (Денсаулық - зорбайлық), As hungry wolf, (Аштықасталғамайды), Who shall decide when doctors disagree (Ауру азайса, тәуіпауырады), Acorns were good till bread was founded (Тойғанда тоқтының еті топырақ татиды), An apple a day keeps the doctors away (Ас тұрғанжердеауруболмайды), Hunger breaks stone walls (Аштықтажегенқұйқандытоқтықтаұмытпа), A man is what he eats (Ас - адамныңарқауы), If each would sweep before his own door,he should have a clean city (Тазалықбаржердеденсаулықбар) Agues come on horseback but go away on foot. (Кеселбатпандапкіріп, мысқалдапшығады) сияқты қос тілдегі денсаулық туралы мақал мәтелдерді мысалға ала отырып, екі халықтың денсаулық, тазалық жайындағы ұғым түсінігін көруге болады. Халықтың ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінен жинақтап, саралап, денсаулықтың зор байлық екенін, тазалық сақтаған адам ауру сырқаудан аман болатынын түсіндіреді.

Оқу, білім туралы мақал –мәтелдердің уәждік негізі. Қазақ және ағылшын тіліндегі оқу, білім туралы мақалдарын алып қарасақ, екі тілдің де білімге ерекше мән бергендігін көреміз. Өнер білім, оқу, ғылым жайын сөз қылғанда, халық мақалы әңгімені бұлардың адам баласына тигізетін пайдасы көп екендігін көрсету ден бастайды. Жақсылығы көп жарық дүние оқу ғылым арқылы жасалады дей отырып, оны қараңғылық пен надандыққа қарама қарсы қояды, салыстыружасап, түйіндіқорытындышығарады. Live and learn (Оқусызбілімжөк, Білімсізкүнніңжөк), Knowledge is Power (Күш - білімде), Little learning is dangerous (Шалаоқуқауіпті), Learning is the eye of mind (Оқығанозар, оқымағантозар, Ақылдыкөндімдесе, ақымақжеңдімдейді), The fool does think he is wise,but the wise man knows himself to be a fool (Көргеніңдікөңілгетүй), So many men, so many minds (Көптіңойыкеменгер), Science is sea, knowledge is ship (Ғылым - теңіз, білім-кеме), Book and science is a teacher without tongue (Кітаппенғылым - тілсізмұғалім) [6] т.с.с. мақалдарыарқылыбілімніңмаңызынмақалдарарқылыерекшежеткізеді.

Ақыл, кеңес беру туралы мақал-мәтелдердің уәждік негізі. Тәлім- тәрбие тақырыптары ағылшын халықтарынада жат емес. Сондықтанда осы алуан да мақал-мәтелдер екі тілдеде

жетерлік. Better late than never (Игіліктіңерте-кешіжоқ; Ештенкешжақсы.), Example is better than precept (Өнеге-өтетиімдіөсиет), He that mischief hatches mischief catches (Біреуге оң қазба, өзіңтүсерсің), Make hay while the sun shines (Темірдіқызғандасоқ), Let sleeping dogs lie (Жатқанжыланныңқұйрығынбаспа), Rich gifts are poor when givers prove unkind (Ғайыптантапқаналтыннан, Ақсақалбергенбатаартық), Cut your coat according to your cloth (Көрпеңеқарайкөсіл), You sell his skin (Қашпағансиырдыңуызынішпе), The more haste the worse speed (Асыққаншайтанның ісі), Seeing is believing (Жүзретөлшеп, бірреткес), Don't cross bridge before you come to it (Байыбынабармай, балашпа), Two heads are better than one (Келісіп пішкен тон келте болмас) [6]. Осындай мақалдарды айта отырып, ақыл кеңес беріп, жамандықтаналшақтатып, жақсылыққа үндеп, сыйластықты, сақтықты, қырағылықты жырлайды. Сондықтаносыбағыттағымақалдардыңтәрбиелікмәнізор.

#### **Маңал-мәтелдерменжұмысжасаудаберілетінтапсырмалар:**

1. Мақал - мәтелдергеқазақшабаламасынберу;
2. Мақал- мәтелдергеағылшыншабаламасынберу;
3. Мақал - мәтелдерді аяқтау;
4. Мақал-мәтелдерді сәйкестендіру;
5. Әңгімені оқып, мазмұнына сәйкес мақал табу;
6. Мақал-мәтелдің ішінен етістіктің (сын есім, зат есім) астын сыз;
7. Мақал-мәтелге мысал келтіру;
8. Берілген мақал-мәтелді қолдануға болатын ситуациялық жағдай ойлап табу;

Сонымен қатар грамматиканы түсіндіруде де мақал мәтелдерді пайдалануға болады. Грамматикалық тақырыптарды үйрету кезінде тақырыпқа сәйкес мақалдарды жинақтап, оқушыларға ұсынуға болады. Кейбір тапсырмаларды қиындығына қарамастан, оқытудың кез келген сатысында қолдануға болады.

#### **1. Вері л ген сөздерді керекті жерге орналастыр: hare, horse, cat, bird,dog, bull.**

2. All are grey in the dark.
3. Barking seldom bite.
4. A in the hand is worse two in the bush.
5. Don't swap in the middle of the stream.
6. The must be taken by the horns.
7. Curiositykilledthe
8. The early catches the worm.
9. Every likes its own nest best.
10. First catch your , than cook him.
11. A stumbles that has four legs.
12. **Мағынасыжақынмаңал-мәтелдердіжинақта.**
13. As you brew, so you must drink.
14. As you make your bed, so you must lie on it.
15. As you sow, so you reap.
16. After a storm comes a calm.
17. After rain comes fair weather.
18. The darkest hour is that before the dawn.
19. Every cloud has a silver lining.
20. Hastemakeswaste.
21. Hasty climbers have sudden falls.
22. Morehaste, Iessspeed.[7]

Мақал-мәтелдерді оқып үйрену оқушылардың сөздік қорын молайтып, есте сақтау қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ халық даналығын таныстырады. Мақал-мәтелдерді үйрену жаңа сөздерді тез жаттауға көмектеседі. Мысалы, мақал-мәтелдер көмегімен сандарды тез үйренуге болады.

Two is company, three is none.

If two man ride on a horse, one must ride behind.

Rain before seven, fine before eleven.

A cat has nine lives.

Custom is a second nature.

Two heads are better than one[8].

Мақал-мәтелдер әр халықтың өз даму тарихын, өмір тәжірибесінен жинақталған ұтқырда ұтымды ойлары бейнелейтін асыл мұраларымыздың бірі. Ол бір ғана емес ертеден бері қалыптасқан ой дәлдігімен, мазмұнының тереңдігі мен ерекшеленетін ауыз әдебиетінің бір түрі. Токсан ауыздың сөздің тобықтай түйінін айтатын болсақ, мақал-мәтелді орнымен, дұрыс қолданып, оларды тартымды, мәнерлі де әсерлі тілмен сөйлегенге не жетсін.

Қорыта айтқанда, ағылшын және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеген сайын, олардың қоғамның барлық саласын қамтитындығын байқаймыз. Қай тілдің мақал-мәтелдерін алсақта, олардың түпкі ойы, берер мағынасы бір екендігін көруге болады. Бұған дәлел, қазақ және ағылшын - мақал-мәтелдерінің этно мәдени сипатын салыстыруда көз жеткіздік.

#### Әдебиеттер:

1. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. М., 1988
2. Уәлиханов ЛУ.ЛУ. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы: 1980.- 416 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
4. Мақал-мәтелдерде ағылшын сабағына қолдану// Иностранные языки в школе, 2005, 3
5. Қазақ мақал-мәтелдерінің жасалуындағы этнолингвистикалық уәждері // Түркітану мәселелері: бүгінгімен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қаз.мем. қыздар педагогика институты, 2001, 236- 239 б.
6. <http://sc0053.zerenda.akmoedu.kz/news/view/855FCB189CC78BA1.html>
7. «Английские пословицы и поговорки на уроке английского языка»// Николаева Галина Сергеевна // Учитель английского языка
8. <https://sites.google.com/site/folkenglishru/home/metodiceskie-osnovy-ispolzovania-anglijskih-poslovic-1-pogovorok-na-urokah-inostrannogo-azyka>

ӘОЖ851.541.221

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Шойбекова А.С.

Tashenev University, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (2010 жылдың 7 желтоқсанында № 1118 Президент жарлығымен бекітілді) сәйкес педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мәселесі тез арада шешуді талап етеді. Білікті педагогтар педагог мамандығының мәртебесін көтерудің қуатты факторы болып табылады. Педагогтың мәртебесі оның интеллектуалдық, кәсіптік деңгейімен, жеке тұлғалық қасиеттерімен белгіленеді. Аталған қасиеттерді жетілдіру үшін біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі осы бағытқа арналуы тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіне өзгерістер ендіру қажет.

Осы негізде жаңадан құрылған «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының миссиясы педагог кадрлардың біліктілігін жүйелі арттыру, бұл корпоративті басқару, әлемдік және қазақстандық тәжірибені тасымалдау негізінде білімнің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы бүгінгі таңда, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі негізгі ұйым болып табылады. Орталық педагогтардың сапалық құрамын арттыруға және кәсіптік шеберлігін жетілдіруге бағытталды. Орталық өз жұмысында мына принциптерді басшылыққа алады:

1. Қоғамға бағытталуы. Біліктілікті арттыру педагогтардың бойында азаматтық, әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады.



2. Ғылымилық және инновациялық. Жаңа ғылыми нәтижелерді қолдануға үнемі ұмтылу, жаңа технологиялар, ғылыми білім мен ақпаратты қолдануға дайындық.

3. Үздіксіздік. Педагогтардың өмір бойы үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету.

4. Көптүрлілік (Диверсификационность). Білім сапасын арттыруға және біліктілікті арттыру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қызметтің жаңа түрлерін меңгеру, қызметтердің түрлерін, санын көбейту.

5. Ашықтық (транспарентность). Орталықтың жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы және қол жетімдігі, құрылымдық тұтастық пен тұтас жүйенің айқындығы.

6. Автономия және академиялық тәуелсіздік. Басқарудың дербестік және коллегиялық сипаты мен демократиялық принциптер негізінде шешім қабылдау, әрбір адамның жеке жауапкершілігі, оқытушыларға білім беру қызметінде академиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету.

7. Заңға сәйкестік. Орталық өз қызметінде барлық құқықтық нормаларды сақтайды.

8. Көшбасшылық. Педагогтардың біліктілігін арттыруда көшбасшылыққа ұмтылу, басқарудың бір вертикалын және менеджменттің жаңа принциптерін енгізу [2].

Кәсіптік деңгейдің сапалық өсуін қамтамасыз ету үшін мына жұмыстар белгіленді:

- жаңартылған қысқамерзімді біліктілікті арттыру курстары;

- жаңа жүйе бойынша үш айлық біліктілікті арттыру курстары;

- e-learning электрондық оқытуды енгізу бойынша біліктілікті арттыру курстары;

- «Назарбаев интеллектуалдық мектептер» АҚҚ жанынан құрылған Педагогикалық шеберлік орталықтарында оқыту;

- шетелдік біліктілікті арттыру курстарында «Өрлеу» орталығының қызметкерлерін оқыту;

- қазіргі білім беруді дамытудың бағыттарына сәйкес жасалған біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын жаңарту;

- жаңа мазмұн жасау;

- ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануды ендіру.

Қазақстандық білім беру жүйесінде педагог мәртебесін арттыруда төмендегідей стратегиялық бағыттар анықталды:

1. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін жасау.

2. Үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибе негізінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мазмұнын модернизациялау.

3. Жоғары оқу орындары мен колледждің педагогикалық мамандықтарындағы оқытушылардың біліктілігін арттырудың инновациялық жүйесін дамыту.

4. Білім сапасын қамтамасыз ететін біліктілікті арттыру жүйесінің тиімді жұмыс жасауына қажетті жағдайлар тудыру.

Бұл мәселенің өзектілігі елдің экономикасын дамытуға негіз болатын адам капиталын қалыптастырудың басты механизмі білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан қойылып отырған жаңа талаптармен түсіндіріледі. Сондықтан елдің педагогикалық қауымдастығы алдында өндірістік күшті жетілдіру, қоғамның интеллектуалдық және рухани-адамгершілік әлеуетін дамыту әлеуметтік міндеттері айқындалды. Осы негізде қоғамдағы кәсіптік құндылықтар баспалдағында педагог еңбегінің орны мен маңызы белгіленеді.

Елімізде білім беру жүйесін дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Соңғы екі жылда білім мен ғылымды дамудың жаңа сатысына шығуына қажетті ресурстар мемлекет тарапынан толығымен қамтамасыз етілді. Білімге бөлінетін қаржыны белгілеу принциптері өзгерді. ҚР «Білім туралы» Заңында педагогтарды қолдаудың заңды негізі белгіленді. Педагог қызметкердің мәртебесі деп аталатын 7-тарауда 50-53 баптарда педагог қызметкердің мәртебесі, педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі, тиесілі әлеуметтік кепілдіктер анықталды. Әрбір педагог өзінің қызметінде нормативтік құжатқа сүйене отырып, өз жұмысын дұрыс құруға міндетті. Педагогтардың мәртебесін арттырудың бірден бір жолы – өз құқығын білуі және шығармашылықпен жұмыс жасау. Осы заңның 51 бабының 2

тармақшасына сәйкес педагог қызметкер ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқығы бар. Біздің ойымызша, бұл қазіргі жағдайда педагогтар үшін бәсекеге қабілетті болуына қажетті негіз болып табылады [3].

90-жылдары білім және ғылым жүйесіндегі кадрлардың көп бөлігі қызметтің басқа түрлері мен салаларына ауысып, шетелге кеткендер де болды. Нәтижесінде педагогикалық құрамның қартаюы, оның білімдік және интеллектуалдық әлеуетінің әлсіреуі байқалды. Сонымен бірге педагогикалық салаға феминизация тән екендігі мәлім. Ғалымдардың пікірінше, бұл құбылыс білім беру жүйесінің жұмыс жасау және даму сипатына, бұдан шығатын қорытынды, жалпы қоғам мен мемлекеттің дамуына ерекше әсерін тигізеді.

Осылайша, шынайы қалыптасқан жағдай өз шешімін қажет ететін бірқатар қарама қайшылықтармен белгіленеді. Олар: 1) білім жүйесін өзгерту қоғам тарапынан қойылатын талаптардың артуы мен білім сапасының артуын қамтамасыз етпейтін мұғалім мамандығының төмен әлеуметтік мәртебесі арасындағы;

2) педагогтардың кәсіби дайындығына қойылатын жоғары талаптар және педагог мамандығының беделінің күрт төмендеуі арасындағы;

3) болашақ педагогтарды дайындау деңгейі мен жоғары оқу орнындағы оқу процесінің мүмкіндіктерін педагогтың кәсіби мәртебесін қалыптастыруда жеткіліксіз деңгейде қолдану арасындағы.

Осы қайшылықтарды шешу мақсатында біз біліктілікті арттыру институты тарапынан курстарды өткізу, әдістемелік көмек көрсету және т.б. жұмыс бағыттары бойынша мынадай педагогикалық шарттар кешенін есепке алуды ұсынамыз. Олар: педагог тұлғасын педагогикалық қызметтің құндылықтарына бағыттау; 2) педагогикалық мәдениетті дамыту және жетілдіру; 3) педагогтардың өз қызметінің әмбебап сипатын, кәсіби білімі мен іскерлігін қызметтің басқа да салаларында қолдану мүмкіндігін ұғынуы; 4) қосымша кәсіптік білім жүйесіне педагогтарды ендіру; 5) кәсіби шеберлікті жетілдіру мақсатын белгілеумен байланысты жетістікке жету ситуациясын тудыру.

Білім мен тәрбие беру жүйесіндегі өзгерістер мен талаптарды басшылыққа ала отырып, облыс педагогтарымен бірлескен, ынтымақтасты жұмыстар жоспарға сай жүйелі жүргізілуде. Бүгінгі талап педагогтардың кәсіптік жаңашылдық қызметі мен әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жетілдіруді, өмірдегі өзгерістерге сай біліктілігін көтеруді, кәсіптік тұлғасын қалыптастыруды, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар сапасын көтеруге ықпал етуді, педагогикалық қоғамдық қызметінің белсенділігін арттыруды қажет етеді.

Педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстары негізінен төмендегідей бағыттарда жүргізіледі:

1. Мұғалімнің кәсіптік күзінеттілігін қалыптастыру, өз жұмысының түпкі нәтижесі үшін оқу үрдісін шығармашылықпен жүргізу;

2. Білім мен тәрбие беру барысында мұғалімнің зерттеушілік қызметін күшейту, өз пәнін жетік білу, үздіксіз білім алу, оқу, кәсіби шеберлік деңгейін көтеруді талап ету.

Мұндай сападан көріну әрине мұғалімнің өз жауапкершілігі мен ұмтылысына, қабілет-қарымына байланысты деуге болады. Педагогтарға қойылып отырған талаптар мен сұралып отырған қажеттілікке орай, бүгінгі жаңа формация педагогы мына бағыттарда өз деңгейін көтеруі қажет:

- педагогикалық-психологиялық деңгейін көтеру;

- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын, әдістемелер мен тәсілдерді зерттеп, меңгеру, оны жұмыс барысында қолдана білуі;

- өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, педагогтарды жаңалықпен қамтамасыз ету;

- авторлық бағдарламалар, курстар, әдістемелік құралдар, мақалалар дайындап, ізденістер жасауға ұмтылдыру, қолдау көрсету.

Филиал қызметінде қазіргі уақытта сапаға көңіл бөлініп, жаңашылдық басымдылығы күшейтілген. Облыс педагогтарына жаңарған және жаңартылған білім беру модульді

бағдарламалармен жұмыс жүргізіледі. Әзірлемелердің модульдік тәсілі курстардың мазмұнының жаңаруының тиімді жолы.

Курс бағдарламасының барлық модульдерінде белсенді оқыту әдістерін қолдану қарастырылған. Бағдарламаларда басымдылық негізінен тыңдаушыларды оқытудың тәжірибелік бөліміне беріліп, аудиторияда өткізетін тәжірибелік сабақтармен қатар жаңашыл, тыңдаушыларға бірлескен көшпелі тәжірибелік сабақтарды (КТС) көрсетерлік тәжірибесі мен шығармашыл педагогтары бар базалық жалпы білім беретін мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарда, балабақшаларда, мектеп-интернаттарда өткізіледі [4].

Курс тыңдаушыларымен ынтымақтасты байланыс орнату мақсатында желілік қауымдастық жұмыстары жолға қойылған. Облыс педагогтарын қолдау бағытында филиалдың жедел іс-шаралар жоспары жасақталған. Онда халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелде пікірлесу алаңдары, шебер сыныптар мен оқыту семинарлары, озат тәжірибені тарату жұмыстары бойынша шаралар жоспарланған. Іссапар шығындарын үнемдеу мақсатында шаралардың 50 пайызға жуығы онлайн режимінде өткізіледі.

Аталған шараларда іс-тәжірибесімен бөліскен ұстаздарға арнайы үлгідегі сертификаттар беріледі.

Облыс педагогтарының кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытындағы курстар мен курсаралық шаралардан кейін оң нәтиженің болғандығын айта кеткен жөн. Мәселен:

- Педагогтардың кәсіби-әдістемелік сауаттылықтарының артуы;
- Шығармашылық белсенділіктерінің жоғарылауы;
- Үштұғырлы тіл мәселесіне оң көзқарастың айқындалуы;
- Халықаралық, Республикалық, облыстық конференция, семинарларға қатысуға ұмтылыстарының көтерілуі;
- Оқушыларының да белсенділіктерінің артуы, нәтижелі көрсеткіштерінің жоғарылауы;
- Желілік қоғамдастық аясындағы іс шаралар мазмұнына қызығушылықпен қарауы;
- Әр түрлі мазмұндағы, ойлануға, қолдануға мүмкіндігі жоғары ресурстарды коучтармен талқылай алуы, ұсынуы;
- Мұғалімдер арасында көшбасшылықтың қалыптасуы, сапалы жұмыстар атқарылуы;
- Интернет сайт ашып, өз тәжірибелерін таратуы, әріптестердің пікірін алу, үнемі әріптестік байланыста болу мүмкіндігі;
- Педагогтардың әдістемелік талқылаулар, зерттеулер жасай білуі, кәсіби деңгейлерін көтере білуі [5].

Филиалдың профессор-оқытушылар құрамымен бірлесе отырып, инновациялық дамуын ғылыми-әдістемелік қолдау, біліктілік арттыру жүйесінде оқу әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік тәжірибе туралы ақпаратты талдау және жинақтау жұмыстарын жүргізе отырып, өзгермелі қоғамға лайық кәсіби мамандарды қалыптастырып, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру бағытындағы ауқымды жұмыстар атқарыла береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері және бағыттары.
2. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Қазақстан республикасының білім беру жүйесінде тәрбие берудің 2013-2015 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы
4. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагог мәртебесін қалыптастырудың жолдары
5. Азаматтық құқықтық пәндер бойынша тәжірибелік сабақ өткізудің әдістемелік негізі мен ерекшелігі.

## **Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Абдуманова Г.С.**  
Tashenev University, Шымкент қ.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және оларға өздерінің бір-біріне, жанұясына, басқа адамдарға, Отанға, мемлекетке деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелері.

Адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу мен ізгілендіру үшін әдебиеттің маңызы зор. Тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Бұл факторлар балалардың кәдімгі және күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінезқұлықтарының тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан, өз қылықтарының адамгершілік салдарын болжай білуден, іштей бақылау сезімінің – ождан, қылықтың моральдық жағын және өзін адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде сезінуінен көрінеді.

Адамгершілік қасиеттердің жетілуі – тәрбие жүйесінің нәтижесі және тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі критерийі. Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Оқушылар ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен ісәрекеттері де үлкен әсер етеді.

Ең алдымен, тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысты екенін тұңғыш қарастырған К.Д.Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып “Тәрбие көзі халықтық педагогика” деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы ағартушы Ы.Алтынсарин адамгершіліктің мынадай 7 қасиетін атап көрсетеді: 1. Иmandылық. 2. Жоғарғы әділдік. 3. Адалдық, ақкөңілділік. 4. Сыпайылық, момындық. 5. Адал ниетпен өсиет беру. 6. Жомарттық, қайырымдылық. 7. Дұрыс заңдылық [2,266]. Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүние жүзіндегі педагог-ғалымдардың ерте замандардан бері үлкен көңіл аударып, айырықша көтерген мәселесінің бірі болып саналса, солардың қатарында 19-ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтармен, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог-ғалымдары Қ.Д.Ушинский, Л.Н. Толстой, Н.Ф.Бунаковтармен пікірлес болды [2].

Мектеп бағдарламасында Ы.Алтынсариннің шығармашылығын меңгертуге бірнеше сағаттар бөлінген. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ұлы ағартушының тәрбиелік мәні өте жоғары әңгімелері мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып-үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі. Әр шығармасында Ы.Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары өлшемі деп санайды. "Кел, балалар, оқылық" өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырады:

Істің болар қайыры Надандықтың белгісі  
Бастасаңыз алдалап. Еш ақылға жарымас...  
Оқымаған жүреді

Жөн білмеген адамға Қараңғыны қармалап. Қыдыр ата дарымас...

Сондықтан да халық мүддесін ойлау, ол үшін жан аямай қызмет ету ағартушы шығармаларының негізгі өзегі болып табылады. Ол өзінің «Қырғыз хрестоматиясының» кіріспесінде: «...біздің әрқайсымыздың міндетіміз – Отанымыздың пайдасы үшін қолымыздан келгенше өз үлесімізді қосу», деп жазады. Өз пайдасы үшін халық мүддесіне үлкен зиян келтіріп жүрген адамдарды аяусыз сынап отырған. Өзінің 1880 жылы 14 ақпанда В.В.Катаринскийге жазған хатында бір уезд бастығының өз пайдасын ойлап, мектепті өзінің бұрынғы ескі, тар үйінде ұстап отырғанын айтады. «Осындай жеке пайдасын ойлаушы адамдардың, деп көрсетеді ол, ұлы қоғамдық іске зиянын тигізіп, оны жаншып-таптап отырғанын біреуге айтудың өзі ренішті». Ы.Алтынсарин өз өлеңдерінде де ондай қасиеттерге соққы беріп отырады. Ол бір өлеңінде былай дейді:

Азған елдің адамына,  
Қашан тоба қылғанымша,  
Айтсаң тілді алмағай  
Үзіп жұлқып алайын деп,  
Кетсе шарлап жылмағай...  
Өлшеп берген өмірін,  
...Бүгін тоба қылайын,  
Зая қылса керек-ті.  
Ертең тоба қылайын,

Бұдан ақынның өмірді зая өткізбеудің амалын, адам бақытының неде екендігін шешуге тырысқаны байқалады. Адам бақыты бұл өмірде барға қанағат ету екенін де әңгімелерінен байқатады. Тіпті бұл жерде Ы.Алтынсариннің ойлары ертеде өмір сүрген грек ойшылдарының пікірлерімен үйлесіп жатқанын байқауға да болады. Мысалы, біздің заманымызға дейін V-IV ғасырларда өмір сүрген грек философы Демокриттің «кімде-кім аз дүниеге қанағат тұтып, шын көңілімен ішкі сезімін байсалды ұстаса – ол бақытты; ал кімде-кім көп дүниеге қанағат тұтпай, көңілсіз жүрсе – ол бақытсыз» және де «егер сен көпті керек етпей, азға қанағат тұтсаң, онда аздың өзі саған көптей көрінеді» т.б. тұжырымдарын оқып отырып, Ы.Алтынсарин сол ойларды ары қарай жалғастырғандай әсер аласыз. Дәлірек айтқанда, Ы.Алтынсарин өзінің «Қанағат» деп аталатын әңгімесінде: «...қанша малы көп болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды, қанша малы аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады; соның үшін байлық қанағатта», деп көрсетеді. Осы ойын Ы.Алтынсарин өзінің жақын достарына жазған хаттарында да қуаттайды. 1885 жылы 25 қазанда мұғалім Мазохинға жазған хатында: «Менің ақылыммен емес, араб философының ақылын басшылыққа ала отырып, өмір сүріңіз. Біреу араб философынан «байлық пен бақыт неде» деп сұрағанда, «қанағатта» деп жауап беріпті», деп жазады. Осы айтылғандардың бүгінгі таңда өзектілігі шексіз артып тұрғандай. Қазіргі таңда адам баласына қажет болып отырған «қанағат» деген ұғымға ой жүгірту үшін, бәлкім Ы.Алтынсарин шығармаларын қайтадан оқып шығуды ұсыну керек шығар...

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлықты, әділетсіздікті сынап, ескілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал еңбектің, адамгершілік мінезқұлықтың артықшылықтарын бейнелейді.

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беруде, олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейтуде «Қазақ хрестоматиясы» тек сол кезең үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор туынды. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылу, елін-жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік-жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, жалпылай айтқанда, адамгершілік ұғымына тән тағы басқа жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Мысалы: Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана-сезімдеріне лайықталып, педагогика ғылымының талап ететін мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар оқу, еңбек, талап, мейірімділік тақырыптарына лайықты әңгімелерді әдейі,

саналы түрде таңдап алғандығын көреміз. Кезіндегі жағдаймен санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі мектеп ашу, бала оқыту жалпы халықты ағарту жұмысы да, екіншісі халықтың ой санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құрал – мектеп». Ол кезде мектеп, оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға шақырса, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқу өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарас соққы берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүйшілікке шақырды [4].

Адам бақытындағы еңбектің өте зор рөлін Ы.Алтынсарин чехтың XVII ғасырдағы ұлы философы Ян Коменскийдің сөзімен түсіндіре келіп: «Кімде-кім өз адал еңбегімен өмір сүріп отырмыз дей алатын болса, сол адам ғана нағыз бақытты», деп көрсетеді. Сол үшін де ол мұғалімдерден игілікті іс істеуді және жоғары адамгершілікті талап етіп отырады. «Мұғалімдерді, деп жазады ол, ешқандай пайдасыз бос сөздері үшін емес, олардың оқушыларға көрсеткен үлгілері мен еңбектерінің жемісі арқылы бағалайды».

Ы.Алтынсарин өз өлеңдерінде, әңгімелерінде және хаттарында адамның жақсы мінезді, құлықты, адамгершілігі жоғары болу үшін тәрбиенің, әсіресе еңбек арқылы тәрбиелеудің маңызын баса көрсетіп отырады. Мысалы, өзінің «Бақша ағаштары» деп аталатын әңгімесінде әкесі баласына қисық өскен ағашты көрсете жүріп ақыл айтады. Келесі бір жерде ол өзінің осы ойын толықтыра түсіп, дұрыс тәрбиенің маңызын баса көрсетеді. «...әрбір іс, деп жазады ол, бастан түзу бола келмесе, түбінде түзелуі қиын болады...» [1]. Ы.Алтынсарин жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды. Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі екенін айтады. Адамгершілік адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Міне, осы бағыттағы еңбектерінің орны бір төбе.

Көркем әдебиеттің күрделі жанры болып саналатын әңгіме жазуда оның түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізудегі шеберлігін талай зерттеушілер дәлелдеп қойған. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Ол туралы белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы

болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар", деп жазды [2]. Ыбырай жазған әңгімелер ең алдымен, уақиғалы, қысқа, қызықты, тартымды. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық және оқу, өнер, адамгершілікке жетектейтін тәлім-тәрбие беретін қасиеттері жағынан алғанда мазмұнды. Кез келген жастағы балалар қызыға отырып оқумен қатар, өздері-ақ ой түйе алады. Оның қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» т.б. шығармаларын атауға болады. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. "Бай баласы мен жарлы баласы" Ыбырай шығармаларының биік шыңы леп атауға болады. Бұл әңгімені оқып отырған мектеп жасындағы балаға еңбек етудің қажеттілігін сезінуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Автордың Үсеннің іс-әрекетінен адамгершілік деп аталатын асыл қасиеттердің жиынтығын көрсетуді мақсат еткені анық сезіліп тұр. Асан мен

Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап береді. Бұл әңгімені оқыған бала адамдарға жанашырлық таныту, өзгелердің қайғықасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету; кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу; рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу; көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру сияқты қасиеттерді бойына жинары анық.

Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқу-білімге, өнерге шақыруы, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік өмірдегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы болып саналса, сонымен бірге қазақтың қазіргі проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушылардың бірі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды ның биік адамгершілік қасиетін, азаматтық ұлы тұлғасын көруге болады.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "ХҮШХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», деп баға береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж.
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008ж, № 4,5
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, «Жазушы», 1989 I том
4. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006ж
5. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж.

ӘОЖ 871.220.121

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Пулатова Н.М.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Қабілет – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға қатысы бар жеке даралық психологиялық ерекшелік және өзінде бар дағды, ептілік және білімдерге сәйкестенбестен-ақ бұл білім мен дағдыларды жеңіл әрі тез меңгерумен түсіндіруге болады деп жазады. Қабілет бұл дамудың нәтижесі, ал нышан - қабілет дамуының негізінде туа пайда болған анатомиялық-физио-логиялық ерекшелік. Қабілетті реалды зерттеуші оны туа және жүре пайда болған «қоспалық» деген түсінік жұмыс істейді және ол үшін де, потенциалды мүмкін-шіліктері бар

Жеке адамның психологиялық қасиеті ретінде адамның қабілеттер сапасы, көлемі бойынша, олардың үйлесімділігінің өзіндік ерекшелігі, даму дәрежесі бойынша бөлінеді. Әрбір адам негізінде жеке даралық сипат болады: конституциялы ерекшеліктері, мидың нейродинамикалық қасиеті, ми жарты шарлардың функционалды ассиметриялық өзгешеліктері және т.б.

Американдық ғалым Блум әйгілі адамдарға зерттеу тәжірибесін жүргізіп, оның нәтиже көрсеткішінен, осы адамдардың қабілеттерінің толық даму-ының тәрбиелік және білімділік әдістерінің моделін ұсынды. Блумның айтуынша, қабілеттің ерте дамыған түрлері, егер белсенділік және арнайы оқыту әдістері болмаса, ол ары қарай дамымағандықтан, күйреуге ұшырайды.

Қабілет мәселесі арнайы психологиялық зерттеудің пәні ретінде - ағылшын ғалымы Ф. Гальтон ұсынған адамдағы ерекшеліктердің эксперименттік және статистикалық

зерттеулерінің негізінен болып табылады. Ф. Гальтон адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеп, 1869 жылдан бастап ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Сонымен бірге ұлы да қабілетті адамдардың өмірлерін бақылай келе кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқым-қуалаушылық негізгі шарт деген қорытындыға келді.

20 ғасырда неміс психологі У. Штерн жеке дара ерекшеліктерді зерттеп, жеке даралық психологияның негізін қалады. Сонымен бірге ол адамның ақыл ойын анықтауға арналған «қабілеттілік коэффициентін» ұсынды, әрі ақыл-ой қабілеттілігіне мынандай анықтама берді: «Ақыл-ой қабілеттілігі - өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл –ой қабілеттілігі».

Бастауыш сыныпта оқыту барысында баланың білім мен қабілеттілігін қалыптастырады. Қазіргі мектептегі дамыта оқыту баланың таным процестерін дамытып, барлық іс-әрекет түріне қабілеттілігін қалыптастыруға үлкен ықпал жасайды. Оқу барысында баланың танымдық қабілетін дамыту жолдарын зерттеген И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, Д.Б.Занков, М.И.Махмутов, Б.Тұрғынбаева, К.Бозжанова т.б. ғалымдар осы проблеманы жан-жақты зерттеген. Б.М.Теплов қабілет табиғаты және оны қалыптастыру жолдарын анықтаған.

Қабілеттің дамуына әсерін тигізетін факторлар өте көп. Олардың әрқайсысының тигізетін әсері өте мол.

Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамға тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты. Мәселен, оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін техникалық конструкциялардың құрылысын жақсы білуі, оны тәрбие жүзінде пайдалана алуы қажет. Баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай (дамуы үшін) дамып отырады. Мәселен, кейбір мұғалімдер өз оқушыларының үлгеріміне көңілі онша тола қоймайды. Ол өз оқушысының бар мүмкіндігімен жұмыс істемейтіндігін айта келіп, егер ол сабаққа бар ынтасымен кірісетін болса, бұдан да гөрі жақсы оқи алар еді-ау деп қынжылады. Бұл жерде мұғалім қолынан істесе, іс келетін, дағдыға тез машықтанғыш баланың, қажырлы әрекетке бостын жөнді ұсына алмағандықтан, қабілетін жөнді көрсете алмай отырғанын айтып отыр.

Оқу-тәрбие процесінде қабілет, білім, дағды, ептілік сияқты психологиялық ұғымдарды өз мәнінде түсіне алмау мұғалімдерді педагогикалық қателерге ұшыратуы да мүмкін. Мұны дәлелдейтін мысалдар көп. Сурет академиясына оқуға келген Суриковтың арнаулы қабілеті ерте көрінгенмен де, сурет салуға қажетті дағды мен білімі болмаған. Сондықтан да ол академияға қабылданбаған. Академияның мұғалімдері Суриковтың сурет өнеріне тиісті білімі мен дағдысының жоқтығына қарап, оның зор қабілеттілігін көре алмай, үлкен қате жіберген. Кейін ол өзінің зор қабілетінің арақасында сурет өнеріне қажетті білім мен дағдыны екі-үш ай ішінде меңгереді де, академияға түсуге право алады.

Бұл мысалдар академиялардың Суриков жөніндегі пікірлері қате болғандығын аңғартады. Бұл мысалы адамның қабілеттілігін білімі мен икемділігі, дағдыларды тез меңгеруге жағдай туғызатынын, сондай-ақ балалардың қабілеттерін дұрыс байқай алып, онымен санасып отырудың қажеттілігіне мұғалімдердің зер салуын керек етеді.

Ежелгі Рим мақалында: «Біз білімді мектеп үшін емес, өмір үшін үйренеміз» делінген. Осы мақалдаң мағынасы бүгінде өзекті. Балаларда қандай да бір өзгерістер болсын, оларды тоқтатпайтындай етіп үйрету. Оның мақсаты-оқушылар мүмкіндігінше көп нәрсені білуі емес, қалай әрекет етуді, білуді, ақпарат алуды, жалпылауды, қажетті білімді талдауды және кез-келген жағдайда мәселелерді шешуді, яғни балалардың ойлауын дамытуды көздейді. «Ойлау-бұл адам танымының жоғарғы сатысын құрайтын объективті шындықты бейнелеу процесі» [1].

Ойлау дегеніміз-объективті шындықтың тұрақты, маңызды байланыстары мен қатынастарындағы жалпыланған көрінісі.

Ол сөйлеу ортақтығы мен бірлігімен сипатталады. Басқаша айтқанда, ойлау дегеніміз-субъективті жаңа білімді ашумен, мәселелерді шешумен, шындықтың шығармашылық өзгеруімен байланысты танымның психикалық процесі. Ой жұмыс істейтін негізгі элементтер:

— ұғымдар (кез-келген заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды белгілерінің көрінісі),



- пайымдау (заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты орнату;
- ол шынайы және жалған болуы мүмкін),
- қорытындылар (жаңа шешімнің бір немесе бірнеше пікірлерінен қорытынды), сондай-ақ бейнелер мен көріністер).

Бастауыш мектеп — балалық шақтың шыңы деп аталады. Қазіргі психикалық даму кезеңінде бастауыш мектеп оқушылары 6–7-ден 9–11 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл жаста өмір салты мен стилі өзгереді: жаңа талаптар, оқушының жаңа әлеуметтік рөлі, іс — әрекеттің түбегейлі жаңа түрі-оқу әрекеті. Оқушылар мектепте жаңа білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Қарым-қатынас жүйесіндегі орнын қабылдау өзгереді. Баланың мүдделері, құндылықтары, бүкіл өмір салты өзгереді; жан-жақты психикалық дамудың белсенді процестері басталады, ол барлық жеке салалардың, соның ішінде танымдық салалардың жеке компоненттерін қалыптастыруда көрініс табады. Ойлауға ерекше рөл беріледі, өйткені дәл осы кезеңде ол одан әрі дамуға негіз береді. Бастауыш мектеп жасындағы баланың ойлау қабілеті дамудың алғашқы кезеңінде. Осы кезеңде осы жастағы негізгі болып табылатын визуалды-бейнелі ойлаудан ауызша-логикалық, тұжырымдамалық ойлауға көшу жүзеге асырылады[2].

Қазіргі педагогика мен психологияда балалардағы ойлаудың логикалық құрылымын қалыптастыруды зерттеудің әртүрлі бағыттары бар [3]. Қазіргі ғалымдардың, дамытушылық оқыту жүйесін жасаушылардың пікірінше, дәстүрлі оқыту сабағындағы уақыттың көп бөлігі мұғалімнің сөзімен толтырылған — сұрақтарды қайталау, оқушылардың жауаптарын қайталау, (мұғалім үзіліске төтеп бере алмайды, оқушының оймен жауап беруін күте алмайды), бірақ бұл дұрыс емес. Мұғалімнен үлкен білім талап етіледі: жетекші рөлмен, баланы өзін-өзі тану еркіндігімен қамтамасыз етумен қатар сабақтың басынан аяғына дейін бала өзінің, тіпті жетілмеген ойларын, байқауларын батыл білдіретіне жағдайлар жасау керек. Сондықтан балаларға нақты жауаптарды айту емес, нақты нұсқаларды қажет ететін сұрақтар қоюды үйрену өте маңызды. Осылайша, бастауыш сынып мұғалімінің басты міндеттерінің бірі-оқушыларды ойлаудың өзіндік логикалық әдістеріне үйрету деп айтуға болады. Ойлаудың арқасында адам қабілетті енді материалдық емес, іс жүзінде емес, объектілерді ақылмен өзгерту және табиғат құбылыстары арқылы. Адамның ойлау қабілеті оның практикалық мүмкіндіктерін ерекше кеңейтеді. Бұл қазіргі заманғы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Мектепте білім беру — оқушылардың ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Бастауыш мектеп жасында ойлауды дамыту ерекше рөл атқарады. Мектептегі оқудың басталуымен ойлау ең маңызды орынды алады. Лев Семенович Выготский: Баланың психикалық дамуы және басқа психикалық функциялар жүйесінде шешуші болады, ол оның әсерінен интеллектуалды және ерікті сипатқа ие болады. Қазіргі психологияда-ойлау «адамның танымдық іс-әрекетінің жалпыланған және болмыстың жанама көрінісі; шығармашылық белсенділігі [4].

Вера Владимировна Левитес ойлаудың екі ерекшелігін айтып өткен: Ойлаудың бірінші ерекшелігі-оның жанама сипаты. Бұл адам тікелей біледі немесе тікелей біле алмайды, ол жанама түрде біледі, жанама: кейбір қасиеттерді басқалар арқылы, белгісіз — белгілі арқылы біледі. Ойлау әрқашан сенсорлық тәжірибенің деректеріне сүйенеді-сезім, қабылдау, ұсыну — және бұрын алынған теориялық білім. Жанама білім-бұл жанама білім. Ойлаудың екінші ерекшелігі-оның жалпылануы. Жалпылау шындық объектілеріндегі жалпы және маңызды білім ретінде мүмкін, өйткені бұл объектілердің барлық қасиеттері бір-бірімен байланысты. Жалпы бар және тек жеке, нақты түрде көрінеді. Вера Владимировна Левитестің еңбектерінде ойлау негізінен адамдардың өмірі үнемі алға тартатын мәселелерді шешу ретінде әрекет етеді. Мәселелерді шешу әрқашан адамға жаңа, жаңа білім беруі керек. Шешімдерді іздеу кейде өте қиын, сондықтан ақыл-ой белсенділігі, әдетте, белсенді әрекет болып табылады.

Ойлауды дамыту мәселесін көптеген психологтар зерттеді, олардың ішінде Жан Пиагет, Анри Валлон, Барбель Инельдер және отандық Людмила Айдарова, Александр Константинович Дусаицкий, Аэлита Капитоновна Маркова, Юрий Александрович Полуянов, Владимир Владимирович Репкин, Виталий Владимирович Рубцов, Галина Анатольевна Цукерман, Лев Семенович Выготский, Алексей Николаевич Леонтьев, Сергей

Леонидович Рубенштейн, Петр Яковлевич Гальперин, Анатолий Александрович Смирнов және басқалар [4].

Әр түрлі авторлардың анықтамаларын қорытындылай келе, ойлау дегеніміз — жаңа нәрсені іздеумен байланысты процесс, сол арқылы таным дамуының ең жоғары сатысын құрайды деп қорытынды жасауға болады. Бастауыш мектеп жасындағы ойлауды дамыту басқа психикалық функциялардың арасында маңызды орын алады. Жас оқушының ойлау қабілеті оның дамуының жоғары қарқынымен сипатталады; зияткерлік процестерде құрылымдық және сапалық өзгерістер орын алады. Мектепке дейінгі жаста пайда болған визуалды-бейнеден ауызша-логикалық ойлауға көшу аяқталады. Балада логикалық тұрғыдан дұрыс ойлау бар: ойлау арқылы ол операцияларды қолданады. Бірақ бұл формальды логикалық операциялар емес, өйткені жас студент әлі ойлана алмайды. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуға арналған көптеген жаттығулар бар. Мұғалім ойлау қабілетін арттыратын жаттығуларды күнделікті қолданып отырса, балалардың ойлауын одан әрі дамытатыны сөзсіз. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар: Жасау Бұл ойын таныс заттар арасында әр түрлі, кейде мүлдем күтпеген байланыстарды тез орнату, жеке бөлшектелген элементтерден жаңа тұтас бейнелер жасау қабілетін дамытады. Кездейсоқ мағынада байланыссыз 3 сөз алынады, мысалы, «көл», «қарындаш», «және» аю». Осы 3 сөзді қамтитын мүмкіндігінше көп сөйлемдер жасау керек (сіз олардың жағдайын өзгерте аласыз және басқа сөздерді қолдана аласыз). Жауаптар қарапайым болуы мүмкін («аю көлге қарындашты жіберіп алды»), қиын, жағдайдан тыс, үш бастапқы сөзбен және жаңа заттармен («бала қарындаш алып, көлде шомылатын аюды салды») және шығармашылық, осы заттарды стандартты емес байланыстарға қосады («бала, қарындаш сияқты жұқа, көлдің жанында тұрды, ол аю сияқты айқайлады»).

Артық мөлшерді алып тастау Кез келген 3 сөз алынады, мысалы, «ит», «қызанақ», «күн». Тек бір нәрседен ұқсас заттарды білдіретін сөздерді қалдыру керек, ал осы жалпы белгісі жоқ артық сөз алынып тасталуы керек. Қосымша сөзді алып тастаудың мүмкіндігінше көп нұсқаларын табу керек, ең бастысы — қалған екі сөзді біріктіретін және алынып тасталмаған, артық емес белгілер. Бірден пайда болатын нұсқаларды елемей («ит» шығарып, «қызанақ» пен «күнді» қалдырыңыз, өйткені олар дөңгелек), стандартты емес және сонымен бірге өте дәл шешімдерді іздеген жөн. Жауаптары көп адам жеңеді. Бұл ойын құбылыстар арасында күтпеген байланыс орнатып қана қоймай, сонымен қатар оларға ілінбестен бір байланыстан екіншісіне оңай өту қабілетін дамытады. Ойын сонымен қатар бір уақытта ойлау өрісінде бірнеше затты ұстап, оларды бір-бірімен салыстыруға үйретеді. Ойын заттардың белгілі бір тобын біріктірудің және бөлудің мүлдем басқа тәсілдері мүмкін деген көзқарасты қалыптастыратыны маңызды, сондықтан сіз бір «дұрыс» шешіммен шектелмеуіңіз керек, бірақ олардың барлығын іздеу керек. Баланың ойлау қабілеті оның таным-білімімен байланысты, неғұрлым көп білген балада жаңа ойлар құрастыруға қажет ұғымдар қоры ұлғая түседі. Бірақ, жаңа білімдерді жинақтау барысында бала өзінің алғашқы ұғымдарын жетілдіре түсумен бірге, мағынасы күңгірт, белгісіз болған болжаулар мен түсініксіз сұрақтар шеңберіне шырмалады [5].

Бұл қарқынды дамудағы танымдық үдеріске кедергі жағдайларды тудырады. Түсініксіздерге кезіккен бала дамуы енді сәл тоқырауға кез болады. Ойлау үдерісі жас шектеуіне кезігіп, «балалықтан» шыға алмай әуре болады. Әлбетте, әртүрлі айла жолдарымен бұл жағдайдан аттап өтуге болар, бірақ, 6 жасар баланы оқыту тәжірибесі көрсеткендей, мұнымен айналысудың қажеті жоқ. Кіші жастағы бала өте қызыққыш, көп сұрақтар беріп, қапелімде жауабын талап етеді. Бұл жаста ол шаршап-шалдығуды білмейтін зерттеушіге айналады. Педагогтардың көпшілігі мұндай жағдайда баланың талғамдарын қанағаттандырып, құмарын басу үшін ол неге қызықса, не жөнінде сұрап жатса, соған жауап беріп, үйрету, оқыту орынды болатынын алға тартады.

#### Әдебиеттер:

1. Леонтьев А. Н. Психология мышления. Хрестоматия./под ред. Ю. Б. Гиппенрейтер, В. В. Петухова. — М: МГУ, 1982
2. Гальперн Д. Психология критического мышления. СПб., 2000. с 34–39

3. Коменский Я. А. Избранные педагогические сочинения / Я. А. Коменский. — В 2-х т. — М., Педагогика, 1982.
4. Тихомиров О. К. Психология мышления: учебное пособие. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. — 272 с
5. Левитес В. В. О способах и средствах развития логического мышления младшего школьника / В. В. Левитес // Перспективы развития.

ӘОЖ 842.223.123

## **КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫМЕН ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР**

**Сахова Э.А.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Бүгінгі таңдағы танымдық (когнитивтік) ғылым өзінің бастауын ежелгі дәуірден алатындығы белгілі, себебі танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау ерте заманалардан пікірталас тудырып келген түсініктер. Бұл дегеніміз танымдық ғылымның ең маңызды да, басты мәселесі классикалық мәселе - тіл мен ойлау екендігін анықтай түседі.

Поэтикалық мәтіндегі тіл мен ойлаудың өзара қатынасы ертеде философтарды бірден-бір ойландырған мәселе болса да, бүгінгі таңда осы мәселе де күн тәртібінде тұрғандығын көруге болады. Бұның айғағы Платонның «Кратили» - тілдің танымдық құрал екендігі жөнінде сөз қозғалған ең алғашқы философиялық талдауы. Тіл жөніндегі Платонның тәржімелеуінің негізі-атаулардың қоршаған ортаны танып білуде абсолюттік дәлме-дәл еместігінде. Платонның пікірі бойынша атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысы байқап бағдарлап, мән-мағынасын түсіне танып білу болып саналады. Платонның тілдің танымдық қызметін бұндай шеңберде шектеуі сол дәуірдегі тілді символдық белгі ретінде қарастырмай, табиғи белгі тұрғысынан қарастыру көзқарасының қалыптасуынан деп тұжырым жасауға болады.

Ал үндітанушы ғалымдардың пікірлері бойынша, үнді философы Анандавардханидың (IX б.э.) іліміндегі семантикалық өзгерістердің сипаты, ойлау мен тіл арақатынасы (ойдың пайда болуы мен сөзбен жеткізу арақатынасы) мәселелері бойынша айтқан ойлары қазіргі кезде де өз құндылығын жоймаған.

Мұсылмандық қайта өрлеу кезеңі болып саналатын X ғасырда Абу Хайан тілдің кез келген болмасын элементінің маңыздылығы айта келе, тілсіз ешқандай да ойлаудың болмайтындығы нағізінде тіл мен ойлаудың өзара тығыз арақатынасы туралы айтқан ойларын орта ғасырлық шығармаларды зерттеген ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Уақыт өте келе тіл мен ойлау мәселесі Лейбництің (форманың мағынаны берудегі ролі), И.Кант пен Г.Фреге еңбектерінде де сөз болады. Соңғысының мағына теориясы жоғарыда атап өтілген Анандавардханидің семантикалық іліміне ұласады [3].

Демек, сонау Платон ой тоқтатқан тіл мен ойлау, танымдық процесіндегі тілдің алатын өзіндік ролі мәселелері әлі күнге қазіргі заман ғылымдары болып табылатын таным ғылымының нысаны болып саналады.

Әрине, бұл мәселенің ізденіс шеңбері кеңейіп, таным, интенционал, тіл логикасы т.б. ұғымдарымен толықтырылып жаңа концепсиялар, бағыттар негізінде зерттелуде. Қазіргі кезде әсіресе, шет елдік ғалымдарының өзіндік зерттеу нысанына байланысты танымдық бағыттағы көптеген ғылыми ізденістері жарық көрді.

Лингвистика ғылымындағы «когнитивті лингвистика» деген термин 80-ші жылдары М.Бирвиштін еңбегінде сөз болған. Әйтсе де тілдік құбылысты когнитивтік тұрғыдан зерттеудің жалпы үрдісі 60-70-жылдары амеркандық Хомский, Лакофф, Коок т.б.

ғалымдардың еңбектерінде айтылған болатын. Негізіне бұл бағыт өз бастауын В. фон Гумбольдттың лингвистикалық философияға қатысты зерттеулерінен алады деген тұжырым бүгінгі күнгі лингвистика ғылымындағы ғылыми айналымда кең көлемде қолданылады.

Когнитивтік лингвистика ғылымы алғашқыда нейролингвистика ғылымы (жасанды интеллект және компьютерлік ғылымдар) аясында зерттелінді [4].

Зерттеу барысында ғалымдар оның адамзат баласының дүниетанымын, парасат-пайымын, ойлау деңгейін, тілдік бейнесін де қарастыратындығына көз жеткізген болса, кейін келе адамның танымын, білімін, ойлау құбылыстарының сан қырын ашу бұл ғылымның маңызды аспектілеріне айналады. Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымдарына алғаш рет көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Дж. Миллер когнитивті ғылымды «XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының сипозитумы» деп бағаласа, 1960 жылы Гарвард университетінде американдық профессор Дж. Бруннер Дж. Миллермен бірге когнитивтік зерттеу орталығын ашады. Аталған орталық когнитивтік лингвистика ғылымының негізін қалауға айтарлықтай үлес қосады.

XX ғасырдаң ортасында когнитивтік лингвистика қазіргі антропоцентристік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде қарастырылады. Осы бағытта көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осының нәтижесінде Еуропада XX ғасырдың соңына қарай когнитивтік ғылымның теориялық бағыттары жетіліп, тамырын тереңнен тартып, терең зерттеліп қанатын кеңге жая түсті. Осы тұста Дж.Лакофф, Р.Лангакер, Т.Ван Дейк, Дж.Хэйман, Х.И.Шмидт, М.Джонсон, М.Витгенштейн, Г.Н.Сент сияқты шетелдік ғалымдардың когнитология саласына қатысты зерттеу еңбектері жарық көреді. Зерттеушілер танымдық ғылымдар аясында тілдің «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы қызметіне айрықша назар аударады. 1975ж. Дж.Лакофф пен Г.Томпсонның «Когнитивті грамматиканы ұсынамыз» атты мақалалары, 1985ж. Ж.Фоконьенің «Ментальды кеңістік» атты еңбегі 1987ж. Р.Лангакердің «Когнитивті грамматика негіздері» атты зерттеуінің 1-томы, ал 1991ж. 2-томы жарық көрді. Танымдық мәселелерге өзіндік тұжырыммен келген зерттеулер қатарында ғалымдар Дж.Лакоффтың «Әйел, от және қауіпті заттары» мен М.Джонсонның «Тән ойлау үстінде» атты кітаптарын да атап өтеді. 80-жылдардың аяқ шенінде «Бенджаминс» баспасынан Б.Рудзки-Остынның басқаруымен дайындалған «Когнитивті лингвистика мәселелері» атты көлемді мақалалар топтамасы да шығарылды. Осындай ғылыми зерттеулердің қайсысы болмасын тілдің танымдық ерекшелігін әр қырынан сипаттай отырып, когнитивті лингвистиканың теориялық ұстанымдары мен бірліктерін айқындауға, танымдық элементтердің адам санасында жүзеге асу, қызмет ету өзгешеліктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқандығы мәлім [5].

Когнитивтік психология. Когнитивтік социология. Когнитивтік антропология. Когнитивтік лингвистика. Бұл ғылымдардың қазіргі қоғамда алатын орны, оны зерттеудің қажеттігі, оның өзектілігі. Когнитивтік психологияның нысанын білімнің құрылымы мен түсінік аппараты немесе адамның ойлау әрекеті құрайды. «Когнитивтік психология» деген терминді 1967 жылы У.Найсер ұсынды. Психологияның танымдық бағыты субъектілердің қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерін жан-жақты талдау негізінде адамның ішкі, көзге көрінбейтін әрі нақты механизмдер мен процестер арқылы емес, сана, жады қызметтерінің көмегімен бақыланатын мәселелерді шешуге бағытталды (Оразалиева Э.Ж., 153). Ғалым-лингвист Дж. Кесс психоллингвистика дамуында төрт негізгі кезеңді атап көрсетеді: қалыптасу кезеңі; лингвистикалық кезең когнитивтік кезең; когнитивтік ғылымның ағымдық кезеңі.

Алғашқы кезең үшін структурализм мен бихевиоризм идеяларының әсері тән болса, екіншісі лингвистика мен психоллингвистикадағы трансформациялық туындатушы (порождающей) грамматиканың басым болуымен байланысты. Когнитивтік кезең Н. Хомский жариялаған грамматиканың негізгі қызметінен бас тартып, оның (грамматиканың) семантикамен, ал тілдің - тілді меңгеру мен пайдалану үдерісіне қатысатын басқа да когнитивтік және жүріс-тұрыстық (поведенческие) жүйелерімен байланысын мойындаумен

сипатталады. Психо-лингвистика дамуының ағымдық кезеңі когнитивтік әдістің психолингвистикалық білімдер (знания), ділдік (ментальные) репрезентациялар табиғатын орнатумен байланысты зерттеуге әкеп соғады. Сонымен қатар, психолингвистика дамуының бұл кезеңі аталмыш білімдер мен репрезентациялардың талқылау және шешім қабылдау сияқты ойлау қызметінде пайдалануын анықтайды. Дж. Кесс атап көрсеткен соңғы екі кезеңнің ажыратылуын түсіну үшін «когнитив» элементімен сәйкес келетін бірнеше терминдердің ара-жігін ашып алған жөн, себебі бұл мәселе өте күрделі болып танылуда.

Алдымен, сананы ғылыми зерттеу пәні ретінде зерттеу мүмкіндігін жоққа шығарып, психиканы жүріс-тұрыстың түрлі формаларына жатқызып жүрген бихевиоризмге ментализм (адамның ойлау санасына көңіл бөлу) және когнитизм қарсы болғанын ескеру керек. Когнитивизм бойынша алғашқы кезде сынға қатты алынған ойлау, шешім, қабылдау сияқты қасиеттер ділдік үдерістерге жатқызылады. Танымдық, яғни когнитивтік үдерістер табиғатын зерттейтін когнитивті психология алғашқы кезден бастап-ақ жасанды интеллект саласындағы зерттеулер тарапынан қатты әсер алды. Алайда осыған негізделген теориялар адамның танымдық үдерістері аталмыш үдерістердің механизмдерін түсіндіріп жеткізуге жеткіліксіз болды да, мұның өзі философтар, психологтар, лингвистер, нейрофизиологтер, жасанды интеллект саласындағы мамандарды біріктірген когнитивті ғылым ретінде жүзеге асатын пәнаралық (междисциплинарные) әдістің қажет екенін мойындатуға әкелді. «Бүгінгі күні көптеген ғылым салалары когнитивтік лингвистиканың ықпалымен дамып, оның ұтымды нәтижелерін қолдануға тырысады» деп Д.Сулейменованың атап өткеніндей, кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде когнитивтік психология, когнитивтік антропология, когнитивтік социология сияқты ғылым салалары пайда болды. Соңғы онжылдық ішіндегі деп психолингвистикалық (ПЛ) еңбектерді талдай келе, ПЛ, когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика, жасанды интеллект, сонымен қатар, прагматика саласындағы зерттеулердің ортақ мәселені қарастыратынын байқауға болады [6].

Когнитивтік психология («тіл біліміндегі психологизм» туралы) дегенміз - адамдардың дүниесі, әлем, қоршаған орта жайлы ақпаратты қалай алатыны мен адам ОСЫ ақпаратты қалай ұғынады, ақпараттың есте сақталып білімге айналуы мен осы білімдердің біздің зейініміз бен жүріс-тұрысымызға тигізетін әсерін зерттейтін психологияның бір саласы, Басқаша айтқанда, адамның шындық жайлы алған ақпаратты түсіне біліп, оны шешім қабылдау, күрделі мәселелерді шешуде қолдана білуге тырысуы когнитивтік әдіс арқылы іске асады. Когнитивтік психологияның нысанын білімнің құрылымы мен түсінік аппараты немесе адамның ойлау әрекеті құрайды.

Когнитивизмнің зерттеу нысаны адам ақыл-ойы, санасы және солармен байланысты үдерістер. Қазір «когнитивизм» термині аясында төмендегі мәселелер қарастырылады: а) адамның «ойлау механизмін» зерттеу бағдарламалары; ә) әр түрлі каналдар арқылы адам миына түсетін ақпараттарды өңдеу үдерістерін зерттеу; б) әлемнің менталды моделінің құрылымы; в) әр текті когнитивтік актілерді қамтамасыз ететін жүйелердің құрылысын; г) табиғи тілде баяндалған ойларды адамның және компьютерлік бағдарламалардың қалыптастыруы мен түсінуі; мәтінді түсінуге және тудыруға қабілетті компьютерлік моделдердің жасалуы; д) ойлау актілеріне қызмет ететін психикалық үдерістердің түрлері.

Адамның когнитивті дүниесі оның қылығы мен әрекеті арқылы зерттеледі. Бұл орайда тіл белсенді рөл атқарады. Тіл адамның кез келген әрекетінің ойлау жүйесін, мотивін т.б. танытады. Сөйтіп, когнитивизм Адамды әрекет етуші, және белсенді ақпарат тудырушы және қабылдаушы ретінде қарастырып, бұл процестер барысында, яғни ойлау қызметінде анықталған схема, бағдарлама, жоспар, стратегияларды басшылыққа алатынын түсіндіреді.

Когнитивті лингвистика ғылымына қатысты Р.Шепард бұндай сипаттама жеткіліксіз дей келе, өз тарапынан адам ми қыртысындағы менталды процестерді белгілі бір жүйеге келтіріп, басқарып отыратын жалпы қағидалар туралы ғылым деген анықтама береді. Ал бұл принциптердің пайда болуы мен олардың қызмет атқаруын ғалым жалпы дүниенің белгілі бір заңдылықтарға сүйенетіндігімен ұштастырып, ойлау" заңдылықтары мен механика заңдылықтары арасында ұқсастықтар табады.

Танымдық ғылымның аясының кеңдігі мен күрделілігі, оның зерттеу нысаны болып табылатын білім мен танымның табиғатын, білімнің шығу көздерін, оларды жүйелеу, білімнің дамуын, бұның бәрі психология, антропология, философия, нейрология, тіл және де

жасанды интеллектіні үлгілеу т.б. ғылымдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жан-жақты зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз.

Тілге грамматикалық теорияларда берілген когнитивтік сипаттамалар психолінгвистикалық зерттеулерде «төрден» алған орындарынан айрылып, олардың атқаратын рөлі тек басқадай когнитивтік және жүріс-тұрыстық (поведенческие) модульдермен қатар сөйлеу үшін қолдану және меңгеру үдерістерінде ғана ескеріліп жүр. Когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистиканың қарастыратын ортақ мәселелері: жады (есте сақтау), ішкі сөздік қор, сөйлеу әрекетін туғызу мен қабылдау. Когнитивтік социология. Когнитивтік социология социолінгвистика мен когнитивтік лингвистика ғылымдарының қалыптасып дамуына ықпал жасады. Бүгінгі таңда әлеуметтік лингвистика тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін қоғам өміріндегі тілдің атқаратын қызметін зерттейтін ғылым. Социолінгвистика тілдің негізгі қызметі коммуникативтік, яғни тілді адамзаттың қарым-қатынас құралы деп есептейді. Тілдің әлеуметтік негізі, әлеуметтану, тіл білімі, социология (әлеуметтану), әлеуметтік психология және этнография ғылымдарымен қиылысқан жерінде қалыптасқан социолінгвистика бойынша қазіргі қазақ тіл білімінде зерттеулер аз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. -Алматы, 2007.-312 б.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. -Минск, 2004. -256 с.
3. Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 Б.
4. Аманжолов С. Қазақ тіл теориясының негіздері. - Алматы: Ғылым, 2002. - 368
5. Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері эмоция, символ, тілдік сана. -Алматы: Ғылым, 1998.-140 б.
6. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. - Алматы, 1996. -207 с.
7. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер. с нем. -М., 2000. - 400 с. Сепир Э, Избранные труды по языкознанию и культурологии. —М., 1993. — 656 с.
8. Краткий словарь когнитивных терминов. //Под общей редакцией Е.С.Кубряковой. М.. 1996. -245.

ӘОЖ 825.451.141

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІ БОЙЫНША МӘТІН МАЗМҰНЫ МЕН ОНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ИГЕРУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

**Шаймерденова Г.А.**

Tashenev University, Шымкент қ.

Баланың қабілеттерін дамыту, ақыл - ойын жетілдіру мәселелеріне ежелгі грек ғалымы, философы Сократ, Шығыстың әйгілі ойшылы Әл - Фараби, өзімізге етене жақын ұлы ойшылы, ақынымыз Абай да аса назар аударған. Олардан кейінгі педагогика мен психологияға ден қоя қараған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтар баланың ақлын, танымын, еркі мен зейінін қалыптастыру арқылы бойға біткен қабілетті дамытып жүйелі ой түйіп, білім тұңғығына бойлауға мүмкіндіктер ашатындығын атап айтқан.

Кәсіби шеберлік, шәкіртті баурап алып, қызығушылықтарын арттыру, терең білім беру -ұстаздың талмай ізденуінде. Бойына жинақтаған теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра отырып, ізденістен жалықпаған ғана кәсіби шеберліктің шыңына шығары анық.

Мен оқытатын орыс тілінде жүргізілетін мектепте қазақ тілінен 31 жылға жуық білім беріп келемін. Осы жылдар аралығында мектеп пен қоғамда қаншама өзгерістер болып өтті.

Мәтін және оны қабылдау да - өз шешімін таппай отырған, кең ауқымда зерттеуді қажет ететін мәтін лингвистикасының өзекті мәселелерінің бірі. « Мәтін анықтамасын түсінуде ол феноменді оқып - үйренудің түрлі әдістемесі мен амал - тәсілі анықталады. Бүгінгі күнде мәтін аударуда ». Сонымен бірге лингвистер бірінші кезекте тілдің функционалдық - коммуникативтік сапасы мен мәтін арқауын құрайтын құралға назар аударды. « Мәтін » деген түсінік « Мәтін грамматикасы, мәтін стилистикасы », « Мәтін лингвистикасы » деген лингвистикалық терминдер атауымен кіреді. Бірақ дәл тіл білімінің ауқымда « мәтін » әлі нақты анықтамасын алған жоқ. Ол көп қырлы болғандықтан түсінікті тілдік категория тарапынан қиюластыру мүмкін емес. Сондықтан « сөйлемнің күрделі бірлігі », « сөйлемнің бірізділігі », типтік анықтама және тағы басқа үнемі қисынсыз болады, сондықтан да ол материалдық құрылысын, оның экстралингвистикалық көрсеткішін, сонымен бірге коммуникацияға қатысушылар рөлін назардан тыс қалдырады. Сонымен бірге мәтін мағынасы оның жарыққа шығу себебімен анықталады.

Демек, мәтін феноменінің көп құрлығын есепке алған жағдайда, оған түрлі анықтамалар беруге болады. Мұның өзі шындығында мәтін ретінде оған анықтама беруде негізгі рөл атқаратынына дәлел бола алады. Мәтін сөйлеу шығармашылығы таңбалық жүйелілік сияқты ақпараттық кеңістікті анықтайды. Семиотикада мәтін коммуникацияның кез келген формасы, мәселен, салт, би, әдет - ғұрып және тағы басқа кез келген таңбанын бірізді, байыпты жүйесі деп түсіндіріледі.

Филология ғылымында, атап айтсақ, тіл білімінде, мәтін - таңбаның ауызша ( сөздің ) жүйесі деп таньшады. Сөйтіп, мәтін бір мағынаны - бастапқыда коммуникативтік мағынаны білдірген, сондықтан мәтін - коммуникативтік бірлік деп ататады.

Мәтін сөзі ( латын тілінде *textus* ) « тұтасып кеткен, біріккен ткань » деген ұғымды білдіреді. Сондықтан көңіл аударарлық бір жайт, не бірігеді, қалай, не үшін бірігеді деген нәрсені анықтап алу қажет. Қалай дегенде мәтін - мағыналық жағынан біріккен жүйелі таңбалық бірлік, негізгі өзіне тән байлаулы және тұтастық қасиетке ие. Ондай жүйелі таңба коммуникативтік бірліктің жоғары деңгейі, сондықтан ол әдеби шығарманың толық анықталған мағынасына ие, яғни аяқталған ақпараттық және құрылымдық тұтастық. Бұл бүтін, әрі таңғаларлықтай жат құбылыс. Қомақты билік болғанымен, тұтастық үнемі функционалдық құрылым болып табылады және бұл құрылымда тұтастықтың өз орны бар.

Мәтін категорияларының мәндері (мағыналық, құрылымдық, функционалдық, коммуникативтік) әр түрлі болғанымен, бір - бірімен байланыспайды, тек бір - біріне ықпал етеді, ол - аса сапалы түрде құрастырылған тұтастық,

Қисындылық пен тұтастық - мәтінге ғана тән қасиет ол тек дербес талдауды қажет етеді. Сондықтан да бұл екеуі мәтін шеңберінде бірін - бірі толықтырады және өзара бірлікте қолданылады: мәтін мазмұнын біртұтас мағына, дәл берілген тілдік құралдар ашады. Сөйтіп, тілдік қисындылық Сонымен бірге мағыналық тұтастық оның көрсеткіші болады. Әлбетте, егер табиғи ситуацияны ескеретін болсақ, мәтін пайда болған кезде айқын мақсатты мағынаны көрсетуді талап етеді.

Мәтін теориясында мәтін туралы мәселеге ерекше назар аударып, оны теориялық жағынан саралаудың маңызы зор. Текстология сияқты филология саласының да ерекше қарастыратыны -мәтіннің айрықша формасы. Лингвистика мәтіннің интонациялық, лексикалық және синтаксистік амал - тәсілдерін, графикалық әріппен белгілеу және пунктуациялық ерекшеліктерін зерттейді [1].

«Мәтін» деген ұғым тек тілдік жағынан құрастырылған және әдеби шығармаға ғана тән болады, алайда оның бөліктеріне, айтарлықтай дербес көзқарасты микромәтінге қолданылмауы мүмкін. Тек сондай мәтін, оның тарауы, бөлімі, параграфы, мәтін кіріспесі, қорытындысы, тағы басқа туралы айтуға болады.

Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу - ол әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Өйткені оқушыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтандыруға

дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімді ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір мұғалімнің негізгі алға қойған міндеті — шәкірттердің ой - өрісін кенейтуге, биік адамгершілік қасиеттерін өалыптастыру [2].

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты - оқушыларға қазақ тілін менгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет -ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, Сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс - тіршілігімен жан - жақты терең таныстыру.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі - сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс дегеніміз - сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс;
2. Сөздіктермен жұмыс;
3. Сөздік қорларын жетілдіру;
4. тіл дамыту;
5. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.
  - 1.1. Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:
    1. Мәтінді оқығанға дейінгі кезең;
    2. Мәтінмен жұмыс кезеңі;
    3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең;
  - 1.0. Мәтін оқығанға дейінгі кезең мынадай бағытта жүргізіледі:
    1. Бірнеше бөлімге бөліп оқыту;
    2. Бөлімдерге ат қою;
    3. Негізгі, жаңама ойды таптыру;
    4. Мәтін бойынша сұраққа жауап беру;
    5. Оқығанның мазмұнын айту;
    6. Жоспар құру.
  - 1.3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең:
    7. Жағдаят шешу;
    8. Пікірталас;
    9. Мәтінге ат қою;
    10. Диалог, ситуация құру;
    11. Шығармашылық тапсырмалар орындау;
    12. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту [3].

Мәтінді оқудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолданамын:

1. Дауыстап оқыту арқылы оқушының сөйлеу элементтерін менгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі- оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

Depending on the approach and the final aim there can be observed several trends in style study. Common to all of them is the necessity to learn what the language can offer to serve the innumerable communicative tasks and purposes of language users; how various elements of the language participate in storing and transferring information; which of them carries which type of information, etc. The divisions in stylistics are the following:

1. Stylistics of resources is a descriptive stylistics. It studies stylistically coloured language means, expressive abilities and semantic nuances of words, forms and constructions.

2. Comparative stylistics analyses the stylistic resources not inherent in a separate language but at the crossroads of two languages, or two literatures and is obviously linked to the theory of translation.

3. Linguostylistics compares National Language Standard or Norm with particular, typical to different spheres of communication subsystems (called functional styles) and dialects and studies language means with relation to their ability to express and evoke different feelings, additional associations and evaluation. The language means may be studied at different levels: vocabulary, grammar and phonetics, thus distinguishing lexical, grammatical and phonetic stylistics

However any kind of stylistic research is based on the level-forming branches that include:

#### 1. Stylistic lexicology

It studies the semantic structure of the word and the interrelation of the denotative and connotative meaning of the word, as well as the interrelation of the stylistic connotations of the word and the context.

#### 2. Stylistic Phonetics (Phonostylistics)

It is engaged in the study of style-forming phonetic features of the text. It describes the prosodic features of prose and poetry and variants of pronunciation in different types of speech.

#### 3. Stylistic grammar

3.1. Stylistic Morphology, which is interested in the stylistic potentials of specific grammatical forms and categories, such as the number of the noun, or the peculiar use of tense forms of the verbs, etc.

#### 3.2. Stylistic Syntax

It deals with the expressive order of words, types of syntactic links, figures of speech, etc.

4. Literary stylistics studies the totality of expressive means characteristic to a work of art, a writer, a literary school or the whole epoch, and studies factors determining artistic expressiveness.

5. Functional stylistics deals in fact with all the subdivisions of the language and all their possible usages, is the most all-embracing, "global" trend in style study

In terms of information theory the author's stylistics may be named the stylistics of the encoder: the language being viewed as the code to shape the information into the message, and the supplier of the information, respectively, as the encoder. The addressee in this case plays the part of the decoder of the information contained in the message; and the problems connected with adequate reception of the message without any informational losses or deformations, i.e., with adequate decoding, are the concern of decoding stylistics.

And, finally, the stylistics, proceeding from the norms of language usage at a given period and teaching these norms to language speakers, especially the ones, dealing with the language professionally (editors, publishers, writers, journalists, teachers, etc.) is called practical stylistics.

## REFERENCES

1. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык. Учебник для вузов М.: Флинта: Наука, 2012.
2. Гальперин И. Р. Очерки по стилистике английского языка. М.: Изд-во литературы на иностранных языках, 2018.
3. Кухаренко В.А. Практикум по стилистике английского языка. М.: Высшая школа, 2016.
4. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. М.: Просвещение, 2018. 5.Мороховский А. Н., Воробьева О.П., Лихошерст Н.И., Тимошенко З.В. Стилистика английского языка. Киев, 2014.
5. Скребнев Ю.М. Основы стилистики английского языка. Учебник для институтов и факультетов иностранных языков. М.: Астрель, АСТ, 2013.
6. Galperin I. R. Stylistics. M.: Higher School, 2021.

ӘОЖ 612.24

### АҒЫЛШЫН, ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

**Жанғазы Б., Турашбекова К.**

ФК 22-2к,4к топтарының студенттері,

Ж.Тәшенев университеті

Ғылыми жетекші – аға оқытушы **Турсынова Г.И.**

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сын есімдер өнімді сөз табы болып табылады. Екі тілде де сын есім семантикалық ерекшелігіне қарай, затты сыр-сипат (сапа, түр, рең, салмақ, көлем т.б.) жағынан анықтайды, бірақ сын есім анықтауыш қызметін атқарып тұрғанда, еш уақытта тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді. Сын есімдер заттың әртүрлі сыр-сипаттары мен белгілерін тікелей де, басқа заттардың қатынастары арқылы да білдіреді

Лексика-грамматикалық сөз табы ретінде сын есімдер заттардың: а) сапасын: *splendid view* - көркем көрініс, *a brave man* - батыл адам, *a lazy boy* - жалқау бала, *a qualitative production* – сапалы өнім; ә) бір заттың бір затқа қатынасын: *a happy woman* – бақытты әйел; *a mountainous region* – таулы аймақ; б) көлемін, мөлшерін, аумағын: *a high building* – биік ғимарат, *a square table* – төрт бұрышты стол, *a deep thought* – терең ой, *deep knowledge* – терең бұрышты стол, *a deep knowledge* - терең білім; в) мекендік немесе мезгілдік қатынасын: *daily bread*- күнделікті керекті нәрселер, *a weekly salary*- бір жұмалық жалақы; *an urban area*- қалалық жер; 2) түр-түсіне: *a black suit* – қара костюм, *a green coat* - жасыл пальто, *a red dress*- қызыл көйлек; 3) мінезіне және қасиетіне қатынасын білдіреді: *a clever pupil* – ақылды оқушы, *a loyal friend* – сенімді дос, *a difficult child* - қиын бала. [1,168 б.]

Осындай жалпы сипаттарымен байланысты сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай ағылшын және қазақ тілдерінде сапалық сын есімдер (Qualitative adjectives) және қатыстық сын есімдер (Relative adjectives) деп 2 салаға бөлінеді [2,231б.]

Заттардың әр алуан белгілерін, яғни түсін, дәмін, сапасын, қасиетін білдіретін сапалық сын есімдердің екі тілде де қызмет ететін негізгі ұқсас белгілері бар:

1) Сапалық сындарға тән сөздерге сынның әртүрлі реңін білдіретін шырай категориясының жұрнақтары қосылады;

2) Оларға сындық белгіні күшейту немесе өсіру үшін үстеме сөздер қойылады;

3) Кейде сындардың семантикалық ерекшеліктеріне қарай (*a fast walk* - шапшаң жүріс) адвербиальдық (*to walk fast* - тез жүру) қызмет атқарады.

Мысалы: a great man- ұлы адам, cold water- суық су, a better room- жақсырақ бөлме, the most difficult task - ең қиын тапсырма.

Біз қарастырып отырған екі тілдің де өздеріне тән сапалық сын есімдегі айырмашылықтары кездеседі.

Сапалық сын есімдердің бәрі шырай категориясы бойынша жасалына береді десек те, қазақ тіліндегі- *сыбыр* - *сыбырлау* (*immobile*), *керең* - *кереңдеу* (*deaf*), *соңғы* - *ең соңғы* (*final*) сөздерінің берілген мағынасы бойынша күшейтпелі немесе салыстырмалы шырай жұрнақтарын және үстеме сөздер қолдана алсақ, ағылшын тілінде қолданыстағы сын есімдер шырай категорияларын құрамайды.

Белгілі бір заттың сын сипаты мен белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы білдіретін қатыстық сын есімдер екі тілде де: 1) уақытқа: *yearly* - жылдық, *monthly rose*- ай сайынғы раушан гүлі; 2) материалға: *woolen blanket* - жүн көрпе, *wooden hut* - ағаш лашиқ, *leathern gloves* - былғары қолғап; 3) мекенге: *European continent*-Еуропалық континент, *Northern America* - Солтүстік Америка, *Southern Kazakhstan* - Оңтүстік Қазақстан; 4) қарым-қатынасқа байланысты қолданылады: *fatherly duty* - әкелік міндет, *friendly help* - достық көмек.

Қазақ және ағылшын тілдерінде қатыстық сын есімдер тиісті жұрнақтар арқылы басқа да есімдерден және етістіктерден жасалып, заттың сыры мен сынына, қасиеті мен сипатына, мекені мен мезгіліне, сыртқы түрі мен түсіне және басқа белгілеріне қатысты сындық мағына бере алады.

Біз салыстырып отырған екі тілде сын есімдердің едәуір ерекшеліктері бар. Олар біріншіден, аударғанда бір сөздің көп мағыналығы; екіншіден, сол аударылған сөздердің ішіндегі сын есімдер кейде сапалық және қатыстық сын есім болып келуі. Ағылшын тілінен аударылған сын есімдердің жасалуы.

Кесте 1

<b><i>Етістік+жалғау</i></b>	<b><i>Сын есім</i></b>	<b><i>Сапалық сын есім</i></b>	<b><i>Қатыстық сын есім</i></b>
to change +able <i>өзгерту</i>	changeable	-	өзгеріп тұратын
to act +ive <i>іс істеу</i>	active		белсенді
to insist +ent <i>айтқанын істеу</i>	insistent	өжет, қайсар	табанды
to differ +ent <i>ерекшелену</i>	different	әртүрлі	
<b><i>Зат есім+жалғау</i></b>	<b><i>Сын есім</i></b>	<b><i>Сапалық сын есім</i></b>	<b><i>Қатыстық сын есім</i></b>
beauty + ful <i>әдемілік</i>	beautiful	әдемі	
care + ful <i>қамқорлық</i>	careful	қамқор	қамқоршыл
glory +ious <i>атақ</i>	glorious	тамаша	даңқты, атақты
dirt +y <i>лас</i>	dirty	лас	крлі
frost +y <i>аяз</i>	frosty	суық	аязды
Sun +ny <i>күн</i>	sunny	шат,мәз	көңілді, қуанышты, күнгеі
<b><i>Сын есім+жалғау</i></b>	<b><i>Сын есім</i></b>	<b><i>Сапалық сын есім</i></b>	<b><i>Қатыстық сын есім</i></b>
red + ish <i>қызыл</i>	reddish		Қызғылт, қызғылттау
stout + ish <i>жуан</i>	stoutish		жуандау



*White - ақ, high - биік, low - аласа, warm - жылы, small - кіші, grey - сұр, large - үлкен,* сияқты сапалық сын есімдер бөлшектенбейтін түбір сөздер есебінде негізгі сын есімдер (Simple adjectives) деп қарастырылады.

Қазақ және ағылшын тілдерінде сын есімдердің жасалуы әртүрлі әдістермен, яғни ең тиімді морфологиялық әдіс: ағылшын тілінде префиксті - суффиксті, қазақ тілінде аффиксальді және сөз қосу болып табылады.

Ағылшын тілінде сын есімдер морфологиялық құрамына байланысты негізгі, туынды және құрама сын есімдер болып бөлінсе, қазақ тілінде негізгі және туынды болады.

Жоғарыда айтылған екі тілдегі қатыстық сын есімдер туынды сын есімдер деп айтылады. Ағылшын тіліндегі туынды сын есімдердің көп қолданылатын сөз тудырушы префикстерін, және суффикстер мен префикстерден құралған.

1.Сын есімдер зат есімдерге –al, –ish, –ly, –ous, –y, –ful, суффикстері жалғану арқылы жасалынады: *central - орталық, careful - қамқоршыл, Polish - поляктық, famous - атақты, rainy - жауынды, friendly - жолдастық;* –al, –ful, –y, суффикстеріне қазақ тіліндегі –ды, –ты, –лық, –тық, –шыл сәйкес келеді.

2. Болымсыз мағынадағы суффикс –less зат есімге жалғануы және –in, –il, –ir, –in, –up префикстерінің сын есім алдында қолдануы арқылы жасалынады, *unhappy - бақытсыз, unknown - белгісіз, incapable - қабілетсіз, inexperienced - тәжірбиесіз, hopeless - үмітсіз, homeless - үйсіз, irresponsible - жауапсыз, illegal - заңсыз, impatient - шыдамсыз.* Ағылшын тіліндегі болымсыз суффикстерге және префикстерге қазақ тіліндегі –сыз, –сіз, суффикстері сәйкес.

3.Етістіктен сын есім тудыратын –ent, –ant, –ive, *different - әртүрлі, resistant - мықты, active - белсенді, restrictive - шек қоятын.*

4.Сын есімнен сын есім туыратын суффикс-ish: *reddish - қызғылт, brownish - мықты, active - қоңырқай,* қазақ тіліндегі –ғылт, –қай суффикстеріне сәйкес келеді.

Ағылшын тілінде туынды сын есімдерден басқа құрама сын есімдер (Compound adjectives) [2,2336] ең кемі екі түбірден құралады.

1.Зат есім + сын есім *high – class - жоғары класстық (ұшаққа, пойызға байланысты), colour –blind - дальтонизмнен азап шегуші.*

2.сын есім + сын есім *blue – grey - көкшіл сұр, deaf – mute – керең - мылқау*

3.үстеу+есімше *well – trained - жақсы дағдыланған, newly – painted - жаңадан сырланған*

4.Зат есім/есімдік + етістіктен жасалған зат есім *man made - жасанды, heart - breaking-жан түршіктіретін.*

5.сын есім/үстеу + зат есім + ed суффиксі *down – hearted-солғын, басылыңқы, blue-eyed-көк көзді, long-legged - ұзын сирақты.*

Дәл ағылшын тіліндегідей сын есімдерді құрама деп қарастырмаймыз, өйткені сол құрама сын есімдер аударылғанда негізгі немесе туынды сын есімнің формасын алады. Яғни екі тілдің арасындағы морфологиялық құрамына қарай осындай ерекшелігін жоғарыда берілген мысалдардан көруге болады.

### Әдебиеттер

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы; Ана тілі, 2021. 384б.
2. Кобрин Н.А., Корнева Е.А., Ассовская М.И., Гузеева К.А., Грамматика английского языка; Морфология, Синтаксис. СПб., Издательство Союз, Лениздат, 2020, 496б.
3. Блок М.Я. Теоретическая грамматика английского языка. М.; Высшая школа, 2020, 381б.
4. Барабаш Т.А. Пособие по грамматике современного английского языка. М.; Международные отношения, 2015, 288б.
5. Vaugh L. Sye. Essential of English Grammar- Illinois, 2017. P.146.

## THE INVESTIGATION OF PECULIARITIES OF TRANSCRIPTION OF PROPER NAMES OF THE ENGLISH LANGUAGE INTO THE KAZAKH LANGUAGE

**Ismail Z.**

Nazarbayev University Foundation Year Program, Astana  
Akramkulov Saidbek, Mashrapova Kumush  
Tashenev University, Shymkent  
Scientific supervisor – **senior teacher Tursynova G.**

The concept of ‘household’-‘тұрмыстық’ in the Kazakh and English culture is associated also family members, the role of father, mother and children, sometimes neighbours. Proverbs and sayings here also represent special interest for researches in the field of linguistic genderology, as they embody cultural-national outlook of every nation. Because the people are divided into: men and women who have mostly their roles and places, characteristics as we have already mentioned above.

There numerous proverbs about characteristics of men and woman in compared languages. While analyzing proverbs about women, we distinguish two main characteristics of women: cruel and wise: characteristics about men: brave and mean. In Kazakh the concept of home is connected with, firstly, ‘hospitality’ There is a proverb like: ‘Kici кірмеген үй — моламен тең’, which is very important to have guests at home every time, especially, during holidays. Here, we can say that different nations have different gender perceptions in the history and their perceptions are displayed through the proverbs and sayings of each nation about men and women.

The distinctive feature of Kazakh in comparison with the English languages is that there are proverbs characterizing men. All of them convey positive characteristics and they are about resoluteness, courage, superiority, straightforwardness: Тура ағаш үйге тірек, тура жігіт елге тірек, Ауыр жүкті нар көтерер, ел жүгін ер көтерер, Батыр жігіт жол бастар, ақін жігіт т ойбаста. But, the attitude towards women in Kazakh culture is different.

According to some proverbs in Kazakhstan woman is for example: Men make houses, women make homes – Әйел үй сақтайды, Еркек түз сақтайды; Еркек — үйдің егесі, Әйел — үйдің шересі. Having analyzed a set of proverbs and sayings according to the gender components in English, Kazakh languages we draw up the following conclusion: the considerable number of proverbs belong to women, and some of them have negative connotation of females. In ancient times, the people intended to blame special people to different unsuccessful activities and phenomena. As women are always thought to be weaker than men physically and even mentally, they were always easy to blame them for bad habits and consequences. Let us analyze some examples of proverbs and sayings related to women. In Kazakh there is a proverb: Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. It is transformed as: Women have long hair, but short minds (narrow minds). In English and Russian languages there are number of equivalents, confirming similarity of such estimation of women: Women are the devil’s nets According to the result of analysis of three languages it is possible to make the following conclusion: in the Kazakh linguistic worldview the concepts woman and man at home are presented in their quantitative ratio more widely than in the English and Kazakh languages. The greatest number of proverbs is proverbs reflecting social characteristics. Possible explaining of the given fact can consist in the fact that in Kazakh culture relationship are closely supported that is expressed by nominative density of terms of relationship: brother, daughter-in-law, sister-in-law, brother-in-law, mother-in-law, father-in-law, son-in-law, parents and etc. But, sometimes, Kazakh people thought of enemies at home, and they might be guests or relatives at home: Үй ішінен жау шықса, Тұра қашып құтылмасың. According to the above mentioned research we observe language and rocentrism. It means that the majority of paremias reflect male point of view and domination of men. The image of women is not always negative. We can rather say about a tendency, than a negative attitude. But a certain degree of and

rocentrism takes place. The study of gender relations in proverbs and sayings is one of the ways of development in society. Besides, the science of linguistics and its language units are more clearly show the state of consciousness of society.

While comparing and contrasting proverbs in different languages we should find their equivalents in other languages by their meaning. As stated before, the classification system starts with main themes [3, p. 33], which for the most part represent basic aspects of human life and it is common to all languages. They are grouped under certain topics and themes. These themes in Kazakh and languages are common and they are easily seen in the following examples: Home, family: East or west, home is best--Өз үйім-өлең төсегім. This proverb is one of the well-known and has equivalents in all languages. Because all people have homes which they make and build where they relax and spend the whole of their lives. Өр құстың өз ұясы өзіне қымбат. - В гостях хорошо, а дома лучше East or West, home is best. – Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің, Кімнің жақын-алысын іс түскенде білерсің. Family and home are associated with different objects, like: My home is my castle –Мой дом моя крепость –Өз үйім – кең сарайдай боз үйім. The theme of family has subtopics as: child, parents, upbringing, family relations, traditions each of which is a big topic: Like mother, like daughter –Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш. These proverbs are result of long observations and experience, because people are always concerned with their children and family members. All people try to bring up their children in a proper ways: Little children, little sorrow, big children, big sorrow - Баланы жастан –People always understand the role of children and upbringing have been most important subject of every time. Балалы үйдің ұрлығы жатпас. Балалы үй базар, Баласыз үй қу мазар. Бесіксіз үйде береке жоқ. Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын баласы болса. so many countries, so many customs family relations, upbringing, family traditions vary from country to country. Even now upbringing has become more complicated from year to year. Another subtopic of family is love and marriage as the good family relations is based on marriage, even sometimes they confirm: Marriage comes by destiny –Екі жақсы қосылса, өлгенше дос болады, екі жаман қосылса, өлгенше қас болады hospitality: for example: Kazakh has different equivalents: Қонақ келсе — құт, Қарақшы келсе — жұт. Отты үрлей берсең, өшіресің, Көршіні күндей берсең, көшіресің. But this proverb has not identical function and equivalent in English. Attitudes about the world: The following proverbs are pure examples of attitudes expressed about one's faults and mistakes, which people always regret after making it. These types of proverbs are based on experience of people in the society as result of their relationship, manners and behavior. He lives long that lives well - “Көңілдің үйінде күнде мейрам, күнде той”. This proverb has no stylistic colouring in compared languages. They are simple sentences which ordinary people use in everyday speech and have become a proverb as a result of long and frequent use of people: Үйлері қоңыр екен деп, көп ауылдан кетпеңіз. Үйі аппақ екен деп, Оңаша үйге түспеңіз. Some of the proverbs taken from social life are based on peoples' experiences and used as warnings and advice to do not to do this or that activity. Social interaction has bred most part of proverbs and sayings in the three languages, as social status and habits of people play most important role in the life of people. Social communication: The proverb: Do in Rome as the Romans do is usually associated with the respect of others' culture and customs: Кімнің жерін жерлесен, соның отын ота –in Russian: В чужой монастырь со своим уставом не ходят. In every country people respect other's private property, if not it can be regarded as a rude and offensive manner. People mostly accept peaceful and mutual relations and negotiations between each other: Алыстағы ағайыннан, алдындағы көрші артық.

Some proverbs of communication are based on people's emotions, like happiness, joy and wealth and etc. For example: He lives long that lives well Көңілдің үйінде күнде мейрам, күнде той - В добрый жите кудри вьются. This proverb has no stylistic colouring in compared languages. They are simple sentences which ordinary people use in everyday speech and have become a proverb as a result of long and frequent use of people.. Үйдің жылы-суығын, Қыс түскенде білерсің. Ағайынның алыс-жақынын Іс түскенде білерсің. Sometimes in social interaction the people with firm and stable character are positively treated, but not those who are talkative or chatter-boxes, which has been the source of a number of proverbs, like: Great talkers are

great liars- Кто много говорит, тот мало делает-Аз сөз – алтын, көп сөз - күміс. This proverb shows that in every nation perceives much talk as: lie, nonsense, lazyness, boasting, gossips etc.

Proverbs of communication are treated in different aspects in national culture. Social interaction has bred most part of proverbs and sayings in the three languages, as social status and habits of people play most important role in the life of people. We can add other classes as: love, betrayal, knowledge to the list which show the people's characters, ability etc. Phraseological units can be also classified according to the syntactical norms. Phraseological units can be classified as head word parts of speech formed. This classification was suggested by I.V. Arnold.

In I.V. Arnold's classification there are also sentence equivalents, proverbs, sayings and quotations. Proverbs are usually built metaphorical, e.g.: while sayings are as a rule non-metaphorical, e.g. Жаксы да болса — өз үйім, Жаман да болса — өз үйім, Кең сарайдай боз үйім.. Contrastive-comparative study of proverbs and sayings and idioms gives us an opportunity to reveal their ethical-aesthetic characters and the functions in the context. Understanding and knowledge of different languages helps to broaden one's mind and master the learned language professionally.

Comparison of three languages' set expressions has shown a lot similarities in their formation, meaning, function and pragmatics of proverbs and sayings. It shows that even they belong to different families and types of language groups and pronounce the words in different forms, the evolution and formation of human language takes its beginning from one root and source. Құм үстінде ине сабақтама, Түсіп кетсе, табылмас. Қонар үйді бір күнде адақтама Қоналқы ертең табылмас.

Proverbs and sayings are very important part of English speech culture, so why an interpreter needs to be prepared for translating proverbs and sayings. There are some nuances and some kind of problems with translating. There are many ways transferring proverbs and sayings from one language into other, but we have to remember that the actual process of transferring of proverbs and sayings is not limited to the selection of equivalent linguistic equivalents. Because it is a complex process, which in addition the role of an interpreter and translation of the customer play important role. And a set of cultural knowledge potential recipients which focuses on the translator and the nature of relationships in contact cultures, and many other factors can affect the acceptability of transference. The following examples of proverbs are taken from the list of proverbs about money in three languages: (ST) Easy come, easy go (TT) Оңай келген, оңай кетеді.

There is a number of English proverbs and sayings, which meaning and stylistic direction are the same with Kazakh and English languages ones. These Kazakh and English languages proverbs and sayings are English equivalents. If interpreter needs to translate a proverb, he can find it's equivalent in Kazakh and English languages, if the proverb has it, the interpreter can use it in translation. For example: (ST) Like father, like son (TT) Шешесіне қарап қызын ал. Comparing proverbs and sayings in different languages help to understand national values and peoples' understanding the outer world.

Proverbs and sayings have great lingua-cultural values in linguistics. They need to find equivalents of the original meaning, so the word-for-word translation is not impossible. One of the methods of translation is also descriptive translation which can be used in translation of proverbs and sayings in case the one of the languages doesn't have any equivalents: Үй болған соң шыны аяқ сылдырламай тұрмайды. –Skeleton in the cupboard. In conclusion, the common history of home and life of people is connected with common things and phenomena. It is the main universal character of phraseological units: proverbs and sayings in non-related English, Kazakh and languages. As a result of comparative-contrastive analysis, proverbs and sayings are grouped according to lingua-cultural thematic groupings, like: proverbs of precautions, proverbs of peoples' experiences, critical thinking of peoples' habits, wisdom of people, philosophic views. The research has also proven that proverbs and sayings transferred from language to language mostly on the basis of translation equivalence.

## References

1. Akhmetov S.G. Dictionary of English proverbs, sayings, phraseological units and methods of transmission in Russian, Kazakh and German languages.- Almaty Mektep, 2009.-224p.
2. Modestov V. English Proverbs and Sayings with their Russian equivalents. – Moscow: Khudezhestvennaya Literatura, 2000 -412p.
3. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. Спб, Лань.- 1996 4. Английские и русские пословицы и поговорки в иллюстрациях.- М.: Просвещение, 1995.
4. Баймаханов Т., Байтелиев А.А., Утешева Н.И., Тайтулеуова Н. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках. Алма-Ата: Мектеп, 1998

ОӘЖ 811.161.2

## ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ОМОНИМДЕРДІ ТАЛДАУ

**Каримова М., Талипбекова М.**

Ж.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекші - аға оқытушы **Турсынова Г.И.**

Омонимдер дегеніміз дыбысталуы, сыртқы тұлғасы бірдей, бірақ ешбір мағыналық байланысы жоқ сөздер. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің өзара жақындығы бар. Осыдан келіп, кейде оларды бір-бірінен айыру қиындыққа соғады. Бірақ көп мағыналы сөздерден омонимдерді айырудың қиындығы барлық омонимдерге бірдей қатысты емес. Омоним сөздердің айырықша бір түрі есебінде омофондар мен омографтардың сөз тіркестеріндегі орфографиямен, орфоэпиямен қарым қатынасын ескермей болмайды. Омофондар дегеніміз — біркелкі айтылып, түрліше жазылатын сөздер. Мысалы, Ашы — ас даярлайтын адам. Ашы — қарсы мағынасы — тұщы. Екеуінің де айтылуы — *ашшы*. Қарала — қарама-қарсы мағынасы — ақта. Қара ала — Қара түс пен ақ түстің аралас келуі; екеуінің айтылуы — қарала. Омографтар дегеніміз — *біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер*. Мысалы: бөлме («үйдің бөлігі») бөлме (бөл деген етістіктің болымсыз түрі), тартпа («столдық қағаз салатын жәшігі»), тартпа (тарт деген етістіктің болымсыз түрі). Жұп-жұбымен келген осы секілді омографтардың сыңарлары айтылуда екпін арқылы ажаратылады. Екпін аталған сөздердің зат есім сыңарларының соңғы буынына түседі де, етістік сыңарларының бас буынына түседі. Омонимдер – лексиканың бір тармағы. Ағылшын тілін енді ғана үйрене бастаған адам, әсіресе, омонимдерді естіп, қатты қиналады. Келеңсіз жағдайлар мен түсініспеушіліктер болмауы үшін, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттауды әдетке айналдырған жөн. Тиімдісі, сөздерді жұп түрінде жаттаған абзал. Ағылшын тіліндегі толық омонимдер дегеніміз *дыбысталуы мен жазылуы жағынан бірдей сөздер*. Олардың түрлі сөз таптарынан болуы да ғажап емес.

Мысалы: *a) advance – 1. ұмтылыс, прогресс (зат есім);*

1. *үстеме, айлық үстемесі (зат есім); 3. алдынала (үстеу); 4. to advance – ұмтылу (етістік); 5. to advance – даму (етістік);*

1. *back – 1. арқа, дене мүшесі (зат есім);*

2. *орындық арқасы (зат есім); 3. қорғаушы, әсіресе, спортта (зат есім); 4. қайта (үстеу); to back (етістік) артқа шегіну; 5. to back (етістік)*

*арқа сүйеу; 6. to back (етістік) қаржыландыру;*

1. *call – 1. айғай (зат есім); 2. телефон қоңырауы (зат есім); 3. қажеттілік (зат есім); 4. to call (етістік) – ат қою, есім беру; 5. to call (етістік) – айғайлау (назар аудару мақсатында); 6. to call (етістік) – қоңырау шалу; 7. to call (етістік) – жиналысқа шақырту;*

2. *demand* – 1. сұраныс (зат есім); 2. Экономикалық сұраныс (зат есім); 3. жүктеме (зат есім); 4. шығын (зат есім); 5. қажеттілік (зат есім); 6. тұтынушылық (зат есім); 7. to demand (етістік) – талап ету; 8. to demand (етістік) – сұрақ қою; 9. to demand (етістік) – қажет ету;

10. to demand (етістік) – сотқа беру;

1. *department* – 1. бөлім, бөлімше (зат есім);

2. ведомство, департамент (зат есім); 3. министрлік (зат есім);

1. *drive* – 1. саяхат (зат есім); 2. подъезд (зат есім); 3. табандылық (зат есім); 4. кампания (зат есім); 5. соққы, әсіресе футбол мен теннисте (зат есім); 6. драйв (зат есім); 7. дисковод, компьютерде; 8. to drive (етістік) – көлік айдау; 9. to drive (етістік) – қозғалысқа келтіру; 10. to drive (етістік) – тебу, қуу; 11. to drive (етістік) – жүру;

2. *match* – 1.сіріңке (зат есім); 2.матч (зат есім); 3. жұп, теңі (зат есім); 4. to match сай келу, үйлесу (етістік)

3. *meaty* – 1. етті (сын есім); 2. Мазмұнды (сын есім);

1. *mean* – 1. сараң (сын есім); 2. пасық (сын есім); 3. әркімге тиіскіш, сөзбен мұқатқыш (сын есім); 4. to meanбілдіру (етістік); 5. орта, ортасы (зат есім);

6. іші тар, қызғаншақ (сын есім);

1. *master* – 1. қожайын (зат есім); 2. мұғалім, ұстаз (зат есім); 3. шебер (зат есім); 4. нұсқа, түпнұсқа (зат есім); 5. to master (етістік) – игеру, меңгеру.

2. *mind* – 1. ақыл-ой, сана (зат есім); 2. to mind (етістік) – есте сақтау; 3. пікір, көз-қарас, ой (зат есім); 4. ынта, талпыныс, құлшыныс (зат есім); 5. көңіл-күй (зат есім); 6. to mind бағыпқағу, қарау (зат есім); 7. to mind – қамқор болу;

8. to mind – қарсы болу. 9. to mind – құлақ тұру.

10. to mind – ұмытпау, есте сақтау.

1. *mine* – 1. шахта, кен, көмір кені (зат есім);

2. мина (жарылғыш зат); 3. to mine (етістік) – көмір қазу, кен өндіру;

1. *spring* – 1. көктем (зат есім); 2. бұлақ көзі (зат есім); 3. серпіме (зат есім); 4. to spring (етістік) – бітеу; 5. to spring (етістік) – секіру;

6. to spring (етістік) – орнынан көтерілу, қарғып тұру; 7. to spring (етістік) – пайда болу;

1. *spread* – 1. ара-қашықтық (зат есім);

2. таралым (зат есім); 3. айырмашылық (зат есім); 4. паста (зат есім); 5. бұрылыс(зат есім);

1. to spread (етістік) – таралу, созылу; 7. to spread (етістік) – қанат жаю;

1. *square* – 1. шаршы (зат есім); 2. тор (зат есім); 3. алаң (зат есім); 4. төртбұрышты, тікбұрышты (сын есім); 5. дәлме-дәл, тура (зат есім); 6. перпендикулярлы, түзу (сын есім); 7. to square түзелту, дұрыстау, түзу ұстау(етістік); 8.to square тұрақтау (етістік); 9. to square – келісу (етістік);

2. *start* – 1. басы (зат есім); 2. старт, әсіресе жарыстарда (зат есім); 3. to start (етістік) – бастау; 4. to start (етістік) – оталдыру; 5. to start (етістік) – құрылу; 6. to start (етістік) – тітіркену;

2. to start (етістік) – пайда болу; 8. to start (етістік) – жолға шығу, аттану;

Назарларыңызға ағылшын тіліндегі дыбысталуы жағынан бірдей, бірақ жазылуында ерекшеліктері бар, ең көп таралған омонимдік жұптарды ұсынамыз:

ОМОНИМ	ДЫБЫСТАЛУЫ	ОМОНИМ
night – түн	[nait]	knight сері
blew – үрледі ( to blow үрлеу)	[blu:]	blue көк
cent цент	[sent]	sent – жіберді ( to send жіберу)
knew – білді ( to know білу)	[nju:]	new – жаңа
sea – теңіз	[si:]	see – көру

wood – орман	[wu:d]	would – модальды етістік
right – оң, дұрыс	[rait]	write – жазу
week – апта	[wi:k]	weak – әлсіз
bury – жерлеу	[beri]	berry – жидек
know – білу	[nou]	no – болымсыз бөлшек
flower – гүл	[flauə]	flour – ұн
I – жіктеу есімдік	[ai]	eye – көз
red – қызыл	[red]	read – оқыды (to read – оқу)
meat – ет	[mi:t]	meet – кездесу
bare – киімді шешу	[beə]	bear аю
role – роль	[roul]	roll – орау, роғалик
son – ұл	[sʌn]	sun – күн
two – екі	[tu:]	too – де атты қосымша бөлшек
brake – тежегіш	[break]	break – сындыру
sale – сатылым	[seil]	sail – теңізде қайықпен жүзу
not – болымсыз бөлшек	[nɒt]	knot – түйін, шишка
made – жасады (to make – жасау, өндіру)	[meid]	maid – қызметші, қыз
dear – қымбат	[diə]	deer – елік, бұғы
male – ер адам	[meil]	mail – пошта
way – жол	[wei]	weight – ауырлық
choose – таңдай	[tʃu:z]	chews ( chew – шайнау) – ол шайнайды
stair баспалдақ	[steə]	stare – тесірейе қарау

Ағылшын тіліндегі омофондар мен омографтар.

*Омографтар* дегеніміз – айтылуының әртүрлігіне қарамастан, бірдей жазылатын сөздер. Мысалы: lead. Өз кезегінде омофондар – бұл айтылуы бірдей, бірақ жазылуында ерекшеліктері бар сөздер. Мысалы: rose (паушан гүлі) және rose («to rise» етістігінің өткен шақ түрі). Егер де ағылшын тіліндегі омофондар мен омографтар тақырыбы сізге қызықты болса, онда мына сериялы кітапқа жүгінсеңіз болады *Collins Cobuild English Guides*. Ағылшын тіліндегі бірқатар омонимдерге көз жүгіртейік:

can (консерві банкісі) – can (модальды етістік)

wreak (кек) – reek (жағымсыз, жаман иіс) soul (жан) – sole (жалғыз, дана)

route (маршрут) – root (түбір, тамыр)

cent (цент) – sent («to send» етістігінің өткен шақ түрі) – scent (хош иіс)

cell (жасуша, топ) – sell (сату) flat (пәтер) – flat (жазық)

lie (алдау, өтірік айту) – lye (қышқыл) lead (қорғасын) – lead (бастау, жүргізу) pray (сыйыну) – prey (құрбан)

need (қажет ету, қажетсіну) – knead (нан илеу) isle (арал) – aisle (қатарлар арасындағы жол, өткел)

foul (лас, кір, сүйкімсіз) – fowl (үй құсы)

die (қайтыс болу) – dye (боюу, сырлау) Ағылшын тіліндегі омонимдер өзінің әртүрлілігімен таң қалдырады, ағылшын тілі өте бай тіл. Сіздің де шетел азаматымен сұхбат, пікір алмасу барысында, келеңсіз жағдайларға тап болмау мақсатында, сөздік қорыңыз әжептәуір жақсы болғаны абзал. Ағылшын тіліндегі омонимдердің көптігі соншалық, тіл үйренуші адам біраз қиындықтарға жолығуы мүмкін. Асылында, мұндай сөздер адамды тығырыққа тірейді, өйткені әр сөздің аудармасы сөйлемнің толық мағынасын ашпайды.

*I can not open this can without your help. – Мен бұл консерві банкіні сенің көмегіңсіз аша алмаймын.*

*Көріп тұрғандарыңыздай, сөйлемде екі can сөзі кездеседі, бірінші – бұл модальды етістік, оның аудармасы «жасай алу, мүмкіндікке ие болу», екіншісі «консерві банкісі». Әрине, бұл сөздің 1-ақ мағынасын білсеңіз, сөйлемді тәржімалау кезінде қиындықтарға кезігуіңіз ғажап емес. Мысалдан байқағандарыңыздай, шет тіліндегі сөздерді жаттау барысында, оның барлық мағыналарын қарастырған абзал. Сондықтан да, мұғалімдер мен оқытушылар синонимдер мен антонимдерге ерекше көңіл бөледі.*

*Ағылшын тілінде can тәрізді сөздер қатары алуан. Шет тіліндегі сөздік қорларыңызды кеңейту, байыту үшін синонимдер сөздігі мен антонимдер сөздіктерін қолдансаңыздар болады, мысалы, Collins сөздігі – тамаша туынды.*

*I rose a rose near my house yesterday. – Кеше үйімнің жанындағы раушан гүлін көтердім.*

Бұл мысалда бірінші rose to rise етістішінің Past Indefinite, яғни өткен шақ нұсқасы, ал екінші rose – бұл раушан гүлі.

*Do you sell this parrot with cell or not? – Сіз бұл тотықұсты торымен бірге сатасыз ба, жоқ па?*

*Sell және cell сөздері әртүрлі жазылғанмен, дыбысталуы жағынан бірдей, яғни бір сөздер – омофондар болып табылады. Біріншісі бұл to sell етістігі – сату дегенді білдіреді, екіншісі – cell бұл тор мағынасын көрсетеді.*

*Lead is in the store. I'd better lead you there. –*

*Қорғасын қоймада. Мен сізге сол жаққа жол көрсетейін.*

*Бірінші lead сөзі – қорғасын, бірақ бұл сөздің транскрипциясы [led]. Екіншісі – апару, жол нұсқау деген мағынасындағы етістік, оның оқылуы -[li:d]. Бұлар бір-біріне – омографтар болып келеді.*

Шет тілін үйрену барысында, ағылшын тілінің кәдімгідей сөздік қорын құрайтын омонимдерге ерекше назар аударып, оларды жаттаған әрбір үйренушінің өзін тілдік ортада еркін сезінуіне көмегін тигізеді.

## Әдебиеттер

1. Akhmanova O.S. Lexicology: Theory and Method. M. 1972 p. 59
2. Arakin English Russian Dictionary M.Rusky Yazyk 1978 p. 119
3. Arnold I.V. The English Word M. High School 1986 p. 143
4. Bloomsbury Dictionary of New Words. M. 1996 p.276
5. Buranov, Muminov Readings on Modern English Lexicology T. O'qituvchi 1985 p. 47
6. Burchfield R.W. The English Language. Lnd. ,1985 p.47



## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІ ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Макхамбаева М., Аширбай А.

Ж.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

Ғылыми жетекші - аға оқытушы Турсынова Г.И.

XX ғасырда салғастырмалы әдіс арқылы туыстас емес тілдерді де зерттеу керек деген пікір кең өріс алды. Бұл әдістің соңғы жылдары кең тарағандығы соншалық, тіпті осыған байланысты тіл білімінің жаңа тараулары, зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды: салғастырмалы фонетика, салғастырмалы лексикология, салғастырмалы фразеология, т.б.

Зерттеушілер ағылшын тілін білім беру жүйесінде оқытудың әдістемесін, оның қағидалары мен салыстырмалы сипаттамаларын төмендегідей атап көрсетеді:

А. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі әдістемесі: коммуникативтік әдістеме; жоба әдістемесі; интенсивті әдістеме; іс-әрекеттік әдістеме; қашықтықтан оқыту әдістемесі.

Б. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің әдістемелік ұстанымдары. Коммуникативтік әдістеме:

- қарым-қатынас арқылы шетелдік мәдениеттің барлық аспектілерін игеру ұстанымы;
- шетелдік мәдениет аспектілерін өзара байланыста оқу ұстанымы; шетелдік мәдениет аспектілері мазмұнын модельдеу ұстанымы;
- оқу үдерісін оны кванттау (оқу үдерісінің құраушыларын (мақсаты, құралы, материалдары, т.б.) бөлу) және бағдарламалау негізінде басқару ұстанымы;
- шетел тілін оқытуды ұйымдастырудағы жүйелік ұстанымы;
- шетел тілін ситуация негізінде өзара қарым- қатынас ретінде оқыту ұстанымы;
- шетел тілін игеруді жеке даралау ұстанымы;
- шетел тілін игеруде оқушылардың, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауын және сөздік ойлау іс-әрекеттерін дамыту ұстанымы;
- шетел тілін оқытудағы функциональдылық ұстанымы;
- шетел тілін оқытудағы жаңалықты ұстанымы.

Көптеген әдістемелерде (әсіресе, қашықтықтан оқыту, жоба) көрнекілік ұстанымы пайдаланылады.

Бұл келтірілген шетел тілін оқыту қазіргі заманғы әдістемесі мен әдістемелік ұстанымдарының салғастырмалы сипаттамасын білу оқытушы үшін қажетті шарт болып табылады. Олар:

- әдістеменің ерекшелік белгілері (жоғарыдағы бес әдістемеге байланысты);
- әдістемелердің ұқсас белгілері;
- әдістемелердің оң және теріс жақтары.

Қазіргі зерттеушілер шетел тілі сабағының негізгі құрылымдық бірлігі ретінде мыналарды атап көрсетіп жүр: фонетикалық жаттығу; жаңа тілдік материалмен танысу; жаттықтыру; сөз тәжірибесі; сабақты қорыту.

Аудармадағы транскрипция дегеніміз – бастапқы лексикалық бірліктердің аударма тіліндегі фонемалар арқылы фонемалық ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің фонетикалық имитациясы.

Аударманың келесі тәсілі транслитерация

– бастапқы лексикалық бірліктерді аударма тілінің әліпбиі арқылы әріптік ресми қайта жаңғыруы, негізгі сөздің әріптік имитациясы. Бұл жерде бастапқы сөз аударма мәтінінде аударма тіліндегі айтылу сипатына сай түрде беріледі.

Мәселен, *Shakespeare* – *Шекспир* есімінің қазақ тіліне аударылуы ағылшын тілі

дыбыстарының оқылу заңдылықтарына ішінара сәйкестенсе, қазақ тілінде фонетикалық сәйкессіздік болған жағдайда ішінара ұқсас түрлеріне түрлендіріледі. Мұндай транскрипция амалы ағылшын есімдерін қазақ тіліне аударуда қолданылады.

Ғалым Б. Тілеубердиевтің тұжырымдауынша, тілде көрініс тапқан адам ұғымын анықтауда этникалық өзіндік сана аса маңызды, себебі ол этникалық қауымды қалыптастыратын барлық негізгі факторлардың іс-әрекеті нәтижесінің ерекше тегі болып табылады [1,98] Реалия аудармасы – тілдің ұлттық және тарихи маңызды мәселелерінің берілуі. «Реалия» деген сөздің өзі латын тіліндегі көпше түрде қолданылатын сын есім. (realis – нағыз, шын дегенді білдіреді). Реалия көбіне затты білдіреді және оны көп жағдайда мағынасы жағынан «өмір» деген түсінікпен байланыстырады. Сөздік анықтамаларға сәйкес реалия бұл мәдениет, тарих мәліметтері, мемлекеттік институттар, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлер аттарының аңыздар пәні болып табылады.

Ж.А. Жетесованың «Аударма негіздері» оқулығында реалия аудармаларының берілу тәсілі берілген. Мысалы қазақ тіліндегі Айсәуле не- месе Гүлім есімдері ағылшын тіліне транс- литерация тәсілі арқылы Aisaule, Gulim деп аударылып, мәтін ішіндегі есім рөлін атқарады. Бірақ, сөзсіз мәтіннен тыс ассоциацияны жояды: Айсәуле – айдың сәулесі және Гүлім – гүл. Ағылшын тіліндегі Bloody Mary бастапқы мәдениетке сай бір уақытта коктейль және ағылшын ханшайымының тарихи титулына сәйкес аллюзия бола отырып, екі мағынаға да бір атау кейпіне ие болады [2,8].

Қазақ тілінде бұл атаудың екі түрлі формасы берілген: Қанды Мэри (коктейль) және Қанды Мария (ханшайым). Көптеген контекстерде бастапқы бірлікті біріктіру маңызды емес, бірақ бастапқы мәтін авторы оны күрделірек мәтіндік дүние – стандартты түрде тәуелсіз бірліктер жүйесіне толы бейнелеуде қолданса, аудармашы қиын жағдайда қалып, өзінің стилистикалық тәсілін таңдауына апарып соқтырады

Тілдерді салғастыру барысында бұл құбылыстарды білдіретін сөздер баламасы жоқ лексикаға жатады. Баламасы жоқ сөздер деп басқа мәдениетте кездеспейтін түсініктерді білдіруге қызмет ететін сөздерді айтамыз. Олар басқа тілге бір сөзбен аударылмайды және сол тілде бұл сөздерге сәйкес баламалары бол- майды. Аудармашы суреттеу арқылы немесе өз неологизмдерін ұсына алады. Мысалы: Victor (радио және теледидар жабдықтарын шығаратын фирма атауы), book-maker (жүгіру және секіруден жиналған қауымнан үстеме ақша алатын адам).

Басқа тілдік реалиялар сәйкессіздігі келесі жағдайларда байқалынады:

Реалия тек бір тіл тобына ғана тәнб ал екінші топта бұл сөздер кездеспейді: Drugstore (АЕ), the chemist's (ВЕ) – дәріхана

Реалия екі тілдік топқа да тән, бірақ олардың біреуінде реалия ерекше көрсетілген: Cloverleaf (АЕ) – машинаның үш бағытта ашылу жолдары.

Әртүрлі ортада ұқсас функциялар түрлі реалиялармен беріледі: hot dog (АЕ) – тоқаш нан, soda fountain (АЕ) – кафе – балмұздақ

Лингвоелтану реалияларының қатарына оно- мастикалық реалиялар жатады:

1. Топонимдер – мәдени-тарихи ақпараты бар географиялық атаулар: Boston Pops – музыка- кадағы Бостон оркестрі.

2. Антропонимдер – тарихи тұлға, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, көркем әдебиет кейіпкерлерінің аттары: Mickey Mouse МикиМаус тышқан.

3. Әдеби шығармалардың ел өмірінде орын алған тарихи жағдайлардың, мемлекеттік және қоғамдық кеңселердің аттары: popart – поп арт, BBC – British Broadcasting Corporation – Британияның радио тасымалдау компаниясы.

Бұл жерде бастапқы сөз аударма мәтінінде аударма тіліндегі айтылу сипатына сай түрде беріледі.

Мәселен, *Shakespeare* – *Шекспир* есімінің қазақ тіліне аударылуы ағылшын тілі дыбыстарының оқылу заңдылықтарына ішінара сәй- кестенсе, қазақ тілінде фонетикалық сәйкессіздік болған жағдайда ішінара ұқсас түрлеріне түрлендіріледі. Мұндай транскрипция тәсілі ағылшын есімдерін қазақ тіліне аударуда қолданылады.

Осы салада XIX ғасыр соңына дейін қолданысқа енген есім түрлеріне қатысты жалпы тіларалық транскрипция ережелері бар.

Мәселен, ағылшын королі *James I Stewart* есімі әдебиеттерде *Иаков I Стюарт* деп аталса, соңғы жылдары баспасөз беттерінде *Яков I* есімі кездеседі. Дегенмен, бұл ішінара дәстүрлі түрден ауытқу шын есім транскрипциясына әлі өткен жоқ, яғни *Джеймс I* негізгі есімі әзірге қолданыс аясында кездеспейді.

Зерттеуші Жетесованың түсіндіруі бойынша, аударма тәжірибесінде жалқы есімдердің аудармасы үшін қолданылатын транскрипция және транслитерация тәсілдері жеткіліксіз болып келеді. Егерде жалқы есімдер негізіне символдық қызметтер жатса, яғни ерекше объект есімі болса немесе есім орнына емес, қосымша есім орнына қолданылса, онда олар жалпы есімге айналады. Өйткені, есім тұлғаның тұлғалық қасиеттерін және белгілерін білдіреді.

Мұндай жағдайларда транскрипциядан басқа немесе оның орнына калькалаумен бірге семантикалық аударма үйлесімділігі қолданылады. Мысалы, ағылшын мәтіндерінде кездесетін *Chief White Halfoat* есімін қазақ тіліне әртүрлі тәсілдер арқылы жеткізуге болады: Чиф Уайт Хафоут (транскрипция), Қолбасшы Ақ Сұлы (семантикалық аударма), Қолбасшы Уайт Хафоут (аралас аударма: семантикалық аударма мен транскрипция үйлесімділігі). Джозеф Хеллердің *Catch – 22* романында бұл есім аралас мағынада қолданылған: мұнда *Chief* кейіпкердің үндіс екендігін білдіретін қосымша есімімен бірге, тарихи қалыптасқан, ағылшын тіліне аударылмайтын ресми негізгі үндістердің жанұялық атауы болған *White Halfoat* тегі үйлескен.

Осы жерде қолдануға қажетті тәсіл – аралас аударма болғанымен, «метис» мағынасын білдіретін *half-bread, half-blood* сияқты әдіспен жасалып Хеллердің сатиралық «атына заты сай» *Halfoat* есімі өз мағынасын жоғалтады және есім мен кейіпкерді суреттейтін контексттік тәуелділікті ұстанады: *White Halfoat was a handsome, swarthy Indian from Oklahoma with a heavy, hard-boned face and tousled black hair, a half-blooded Creek from Enid...*

Жалқы есімдерді аударудағы транскрипция мәдениетаралық үйлесімділіктер аясымен байланысты болады: өзге мәдени атауларды ағылшын тіліне транскрипциялау қазақ тілінен өзгеше болуы мүмкін. Осындай атаулардың қазақ және ағылшын тілінің мәдениетіне сай дәстүрлі түрлері әртүрлі болып келеді.

Мысалы, қазақ тіліндегі *Шыңғыс хан* нұсқасын ағылшын тілінде *Genghis Khan* (*Jenghiz*) деп аударуда екпін бірінші буынға түседі, Қы- тай астанасы *Пекин* атауын ағылшын тіліне аударғанда мүлдем өзгеше *Beijing* деп аударылса, *Валтасар* патша есімі ағылшын тілінде тануға қиын кейіпте *Bel-shaz-zar* (екпін екінші буын- да) деп, *Amenophis IV* (Ikhnaton) қазақ тілінде *Аменхотеп* не *Эхнатон* болып өзгереді. Мұндай сәйкессіздіктер тізімі біршама үлкен болғандықтан, аудармашыдан тілдік және жалпы мәдени көрегендіктің болуын талап етуі орынды.

Аудармашы қиын мәселелердің бірі деп басты назар аударатын нәрсе – бастапқы мәтіндегі мәдениетке сай, бірақ аударма тілінің мәдениетінде мүлде кездеспейтін ұлттық-мәдени объектілер атауы – реалийлер. Кең көлемді мәдениетаралық коммуникация жағдайында бұл атаулар үлкен топ құрайтындықтан, оларды аударуда транскрипция не транслитерация әдістерін қолданған қолайлы.

А.Ш. Тәжикеева ағылшын тілдік дүниенің бейнесіндегі паремиологияда «ер адамның» жас ерекшелігі жөнінде қалыптасқан стереотиптік көзқарастар ер адамның әйелдерден артықшылығын сипаттайды деп тұжырым жасайды. *Man is as old as he feels, and woman as old as she looks* (с.с.а.: Ер адам өзін қаншалықты сезінсе, сол жаста, әйел қанша жаста көрінсе сол жаста); *Men age like wine, women age like milk* (с.с.а.: Ерлер шарап сияқты қартайады, әйелдер сүт сияқты) [3,108].

Дегенмен, осындай есімдердің біраз бөлігі, әсіресе объектінің белгілі бір шынайы қасиетін білдіретін мағыналық құрамдары барлары аралас аударма не калькалау арқылы аударылады. Ғалым З.Д. Попованың түсіндіруінше, «Ұлттық менталитет – ұлттың когнитивті стереотиптер жиынтығымен анықталатын шындықты қабылдау мен түсінудің ұлттық тәсілі» [4,59].

Ономастикалық зерттеулер Елбасымыз ұсынған «ұлттық идеяны» қалыптастырудағы құнды фактор болып табылады. Ономастикалық ізденістерді осы тұрғыда жүргізу, когнитивтік, этнолингвистикалық культурологиялық зерттеулер – осы күннің талабы.

Ғалым Н.М. Рсалиева ағылшын тілінің фонетикалық транскрипциясындағы таңбаларды қазақ дыбыстарының көмегімен таныстыру қазақ аудиториясында ағылшын тілін оқытуда ең қиын да, ұзақ уақыт жұмсалатын үдерісті жеңілдетеді, жеделдетеді, бұл тәсіл ағылшын тілін өз бетінше үйренушілерге де пайдалы [5,] деп есептейді, біз де осы тұжырымды мақұлдаймыз.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі жалқы есімдерді ағылшын тіліне тілдің транскрипциялау мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, транслитерация тәсілі арқылы қабылданады. Ал ағылшын тілінің жалқы есімдері қазақ тіліне фонетикалық принципке негізделіп, транскрипция тәсілі арқылы қабылданады.

#### Әдебиеттер

1. Еркебаева Г. Сопоставительное исследование языков // Поиск (серии гуманитарных наук). – 2000. №6. – 25-28б.
2. Нұрмаханов А. Түркі мақал-мәтелдерінің сөздік құрамының кейбір мәселелері // Ізденіс. – 1998. №5. – 4-9б.
3. Мүсірепов Ғ. Уақыт іздері //Авгейдің ат қорасынан бастайық. –Алматы, Жалын, 1977. – 353-363 б.
4. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасы кеңеюі мен тараяуы. – Алматы. 1997.

UDC 811.11.112

### DIVERSITY OF GENDER LINGUISTICS IN ENGLISH- RUSSIAN AND KAZAKH PROVERBS

**Ismail Sh.**

Kazakh State University of Jurisprudence named after M.Narikbayev, Astana

**Mirkamalov R., Zhunisbek Y.**

Tashenev university, Shymkent

scientific supervisor – **senior teacher Tursynova G.I.**

Nowadays we can observe booming growth of researches devoted to studying gender aspects in language and speech. Gender linguistics is one of the perspective directions which investigated language and its units containing gender components.

Most of the people have misconception that the terms “gender” and “sex” both convey the same meaning. However, these two terms are quite separate from each other. Sex is a term that is used to describe the difference between male and female in biological respect. Sex refers to biological differences; chromosomes, hormonal profiles, internal and external sex organs. Gender is something, which is not at all depended on biological aspects; rather it is the masculine or feminine characteristic that has been developed as an impact of the social, cultural norms and affiliations. It is very important to remember that a person develops this particular behavior due to the society he or she is living in and this behavior is completely alterable by the will of the person.

Phraseological fund of any language represent very interesting and factful material for gender researches as it reflects many aspects of people’s life: history, national consciousness, morals, values, preferences, relations and the way of life. It is essential to point out that research on proverbs has not only been carried out within phraseology, but also in other scholarly branches. Thus in the field of paremiology (paremia = proverb), the scholarly field that deals with proverbs, much research has been conducted over the centuries. Moreover, in comparison to phraseology, paremiology has a far longer tradition. Paremiology mainly deals with collecting and classifying proverbs as well as tracing the nature and origin of individual proverbs and investigating their socio-historical significance.

In the history of studying proverbs and sayings there were attempts to find distinctive features. Proverb is always statement, containing some specified conclusions. Proverbs are popular wisdom, code of rules of life, practical philosophy, and historical memory. A saying is a short, clever expression that usually contains advice or expresses some obvious truth. Proverbs and sayings represent special interest for researches in the field of linguistic genderology, as they embody «cultural-national outlook» of every nation.

Having analyzed the fund of proverbs and sayings with the gender components in three languages we revealed the following tendency: the considerable number of paremias is devoted to women and most of them contain negative connotation of female representatives.

The common thing in the languages of analyzed cultures is stereotypic opinion about low mental abilities of a woman. *Әйелді шашы ұзын, ақылы қысқа.* In the English and Russian languages there are number of equivalents, confirming similarity of such estimation of a woman: Women are the devil's nets, Куда чёрт не поспеет, туда бабу пошлёт. The attitude towards woman in Russian and English cultures is different. In Russia a woman is not considered as a person: Кобыла не лошадь баба не человек. As for Englishmen a woman is a secret: Woman is the key to life's mystery.

Appearance is not the main thing. It is not the most important condition for being beautiful. It is much more important for a woman to be a good mistress, to be kind, careful and quick-witted. *Красота приглядится, а щипки не прихлебаются.* Не ищи красоты, ищи доброты! *Қыз қылығымен жағады.*

The distinctive feature of Kazakh in comparison with the Russian and English languages is that there are proverbs characterizing men. All of them convey positive characteristics and they are about resoluteness, courage, superiority, straightforwardness: *Тура ағаш үйге тірек, тура жігіт елге тірек, Ауыр жүкті нар көтерер, ел жүгін ер көтерер, Батыр жігіт жол бастар, ақын жігіт той бастар.*

According to the result of analysis of three languages it is possible to make the following conclusion: in the Kazakh linguistic worldview the concepts "woman" and "man" are presented in their quantitative ratio more widely than in the English and Russian languages. The greatest number of proverbs is proverbs reflecting social characteristics. Possible explaining of the given fact can consist in the fact that in Kazakh culture relationship are closely supported that is expressed by nominative density of terms of relationship: brother, daughter-in-law, sister-in-law, brother-in-law, mother-in-law, father-in-law, son-in-law, parents and etc.

According to the above mentioned research we observe language androcentrism. It means that the majority of paremias reflect male point of view and domination of men. The image of women is not always negative. We can rather say about a tendency, than a negative attitude. But a certain degree of androcentrism takes place.

Studying gender relations is one of the ways of understanding of social changes in society. And linguistics and its language structure are more clearly show the state of consciousness of society.

#### References:

1. Wolfgang Mieder. Proverbs are Never out of Season. Popular Wisdom in the Modern Age. New York: Oxford University Press, 1993
2. Apperson G.L. English proverbs and proverbial phrases., Lnd 1969
3. Горошко Е. Пол, гендер, язык // Женщина. Гендер. Культура. - М., 1999
4. Кирилина А. В. Гендер: лингвистические аспекты. М., Институт социологии РАН, 1999
5. Даль В.И. Пословицы русского народа. - М., Высшая школа, 1957
6. Акқозин М. Ө Қазақ мақал-мәтелдері. –Алматы, 1990 ж. 288 бет.

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЯНДАУЫШ ҰҒЫМЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТЫ

Рузакулова Г., Талапбекова С.

Ж.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.  
Ғылыми жетекші - аға оқытушы Турсынова Г.И.

Халықаралық және тілдерлік қатынастар дамыған осы кезеңде шетел тілін ана тілімізбен салыстыра зерттеудің тіл білімінің әрбір саласы, оның ішінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, елтану ғылымдары үшін маңызы зор. Сонымен қатар, ағылшын–қазақ тілдеріне қойылатын талаптарға сай, жүйелі түрде жасалған предикаттар сөздігінің осы кезеңге дейін жасалмауы мақала тақырыбының өзектілігін көрсетер бірден-бір фактор.

Тұрлаулы мүшелер - сөйлем құрауға негіз болатын предикативтік бірлік. Тұрлаулы мүшелердің сөйлем құрауда атқаратын рөлі туралы ғалымдар арасындағы пікірталас бас мүшелерінің тығыз грамматикалық байланысынан туындаса керек. Бастауыш-сөйлемдегі ұйымдастырушы бас мүшенің бірі, оған баяндауыш грамматикалық тұлғасы жағынан тәуелді. Алайда баяндауыштың қолданылуындағы дербестік, сөйлемдегі ойды тиянақтау мүмкіндігі-баяндауыш мүшенің сөйлемдегі доминанттық рөлін айқындайды.

Жүргізілген зерттеу етістіктердің дара, күрделі болып бөлінуі екі тілге де тән екендігі және есімнен және етістіктен жасалған баяндауыштар ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де дара, күрделі болып кездесетіндігі, сонымен қатар, екі тілде де құрама баяндауыштардың кездесуін көрсетті.

Берілген ақпаратты саралай отырып, төмендегі байламдарға келдік:

1. Етістіктердің дара, күрделі болып бөлінуі екі тілге де тән. Мысалы: дара етістік – 1) John runs quickly. 2) Тұлкінің жүгірісін қыран байқар. Күрделі етістік – 1) Andrew and he began to talk about the famous clinic. 2) Қалует Баршагүлге күле сөйлеп келеді.

2. Есімнен жасалған және етістіктен жасалған баяндауыштар ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де дара, күрделі болып кездеседі: 1) Есімнен жасалған дара баяндауыш. Мысалы: 1) My son a clergyman. 2) Қой баласы қозыдан.

2) Етістіктен жасалған күрделі баяндауыш.

Мысалы: 1) This man is my father. 2) Екі ауданның арасы – бір жүз елу бес километр.

3. Ағылшын тілінде құрама баяндауыштар төрт түрге бөлінеді:

1) күрделі модальды етістікті есім баяндауыш. Jane must feel better pleased than ever.

2) күрделі модальды есім етістікті баяндауыш. We were anxious to cooperate.

3) күрделі кезеңді есім баяндауыш. He was beginning to look desperate.

4) Модальды кезеңді күрделі баяндауыш. You ought to stop doing that.

5) Қос бағытты күрделі есім баяндауыш. Mrs Bacon is said to be very ill.

Осы түрлерге сәйкестікті қазақ тілінен де табамыз: Қазақ тілінде құрама баяндауыштардың бірінші бөлігі таза есім, екінші бөлігі есімге шақтық, видтік, модальдық мағына беру мақсатында көмекші етістіктер жалғанады. Екі тілдің баяндауыштарын салыстыра отырып, келесі айырмашылықтарға көз жеткіздік:

1. Қазақ тілінде сөйлемді болымсыз немесе сұраулы формаға айналдырғанда, ағылшын тіліндегідей do, does, did, will көмекші етістіктері қолданылмайды. Мысалы: When did life begin on earth? - Жер бетінде өмір қашан басталған?

2. Байланыстырушы қызмет атқаратын to be етістігі ( қазақша «болу») қазақ тілінде қолданылмайды. Мысалы: I am a student. – Мен студентпін.

3. Кезеңдік құрама баяндауыш сөз тәртібінде айырмашылық бар.

1. Кезеңді білдіретін етістік ағылшын тілінде негізгі іс-әрекетті білдіретін етістіктен бірінші тұрады. Мысалы: Andrew and he began to talk about the famous clinic.

Ал қазақ тілінде керісінше сөз тәртібі орын алады. Мысалы: Жұмыс аяқталып қалды. Марк Твеннің «The Adventures Of Tom Sawyer» шығармасы қазақша аудармасымен талдау материалы ретінде қолданылды.

1) ...that he began to feel pain in the toe. – енді саусағы шыныменен ауыра бастаған сияқтанды. began to feel қимыл кезеңін білдіретін күрделі етістік, қазақ тіліне де сол етістіктің түрімен ауыра бастаған деп аударылған. Айырмашылық сөз тәртібінде. Кезеңді білдіретін етістік ағылшын тілінде негізгі іс-әрекетті білдіретін етістіктен бірінші тұр.

2) was going to start – бұрыла беріп ем was going to start - ағылшын тілінде есім сөздердің модальды тіркеспен берілумен жасалған етістікті күрделі баяндауыш қызметін атқарып тұр, қазақ тілінде бұрыла негізгі етістікке беріп ем көмекші етістік жалғану арқылы күрделі етістікті баяндауышпен аударылып тұр.

3) there was a slight noise – 1) ағылшын тілінде оқырманға белгісіз белгілі бір орынды білдіру мақсатында there was жекеше түрде, белгісіз артикльмен қолданылып тұр;

2) was бар болу көмекші етістігімен және noise зат есімді есім сөзбен күрделі есімді баяндауышты білдіріп тұр.

... болар-болмас сыбдыр естілді – қазақ тілінде дара етістікті баяндауышпен, яғни есті етістігінің түбіріне –ді жұрнағы арқылы ырықсыз жасап және – ді жедел өткен шақ жұрнағының жалғануы жасалып тұр.

4. he's full of the Old Scratch ( southwestern for “afternoon”) – is бар болу көмекші етістігі және full of the Old Scratch сын есімді фразамен келген күрделі есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Қолды-аяққа тұрмайтын-ақ бала –зат есімнен жасалған дара есімді баяндауыш болып тұр.

5. you are a coward and pup - are бар болу көмекші етістігі және a coward and pup сын есім мен зат етістіктен жасалған күрделі есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Сен қорқақсың әрі күшіксің – қазақ тіліндегі сапалық есімдерден болған II жақтағы жіктік жалғауында тұрған дара есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

6 ... they were shoulder to shoulder – were бар болу көмекші етістігі және shoulder to shoulder жағдай есім сөздерімен берілген күрделі есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Иықтарымен көп қағысты–қазақ тілінде ортақ етістің –ыс жұрнағымен және – ты жедел өткен шақтың жұрнағымен жасалған дара етістікті баяндауыш қызметін атқарып тұр.

7. both brothers were imaginary - were бар болу көмекші етістігі және imaginary сын есімді есім сөзден жасалған күрделі есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Екеуінің де ағалары жоқ – қазақ тілінде жоқ сөзінің баяндауыш қызметінде жұмсалған дара есімді баяндауыш қызметін атқарып тұр.

8. life to him seemed hollow – өмірдің өзі оған бір мағынасыз нәрсе болып көрінді: seemed hollow– етістік пен сын есімнен құралған күрделі есімді қос бағытты баяндауыш, қазақ тілінде болып көрінді етістіктен жасалған күрделі баяндауышпен аударылған.

9. The child began to cry – Бала жылап қоя берді. began to cry қимылдың басталу кезеңін білдіретін етістікті күрделі баяндауыш, қазақ тілінде жылап қоя берді деген қимылдың басталу кезеңін білдіріп күрделі етістікті баяндауыш болып тұр. Кезеңді білдіретін етістік ағылшын тілінде негізгі іс-әрекетті білдіретін етістіктен бірінші тұр.

10. ... there was no answer – ешкім жауап бермеді. there was no answer– ағылшын тілінде no көмекші етістігі зат есімнің алдында тұрып күрделі есімді баяндауыш жасап тұр. Қазақ тілінде бермеді деген,яғни ме болымсыз етістіктің жұрнағы және ді жедел өткен шақтың жұрнағымен жасалған дара етістікті баяндауыштың қызметін атқарып тұр.

11. ... what is the matter – не болды саған. what is the matter– бөлінбейтін сөздер тобымен келген күрделі есімді баяндауыш, қазақ тілінде не болды саған деген синтаксистік қызметінің өзгеруі бойынша бастауыш – баяндауыш, бұрынғы баяндауыш – бастауыш болып келетін дара есімді баяндауыштың қызметін атқарып тұр.

Талданған мысалдарға сүйене отырып, күрделі етістікті баяндауыштар қазақ тіліне де күрделі етістікті баяндауыштық формасын сақтап аударылатынына көз жеткіздік. Кезең

етістіктер to begin, to start, to commence, to set about, to take to, to fall to, to come to go on, to keep, to proceed, to continue would, used to stop, to finish, to cease, to give up, to leave off ағылшын тілінде негізгі етістіктің алдында келсе, қазақ тілінде негізгі етістіктен кейін тұрады. Күрделі есімді етістіктер қазақ тіліне дара есімді және дара етістікті баяндауыш болып аударылады.

### Әдебиеттер

1. Twain M. The Adventures of Tom Sawyer. The Adventures of Huckleberry Finn. Foreign Languages Publishing House., Moscow 2020.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері А., 2017.
3. Шабанова, Т. Д. Семантическая модель английских глаголов зрения. М.: ИЯ РАН - Уфа, 2018.
4. Шабанова, Т.Д. Тестирование как метод выявления компонентов значения/ Т.Д. Шабанова// Аспектуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранного языка: Межвузовский сборник научных трудов. Уфа: Изд-во БГПИ, 2017.

ӘОЖ 82-145

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУ СИПАТЫ

**Sultanova M.**

University of Central Lancashire, School of Humanities,  
Language and Global Studies, Preston, Great Britain

**Тастемір Ж., Абилда А.**

ФК 22-2к тобының студенттері, Ж.Тәшенев университеті  
Ғылыми жетекші – аға оқытушы **Турсынова Г.И.**

Абай Құнанбайұлының өлеңдері жанрлық ерекшеліктеріне қарай түрліше көркемдік бейнелеу құралдарының қызметімен ерекшеленеді. Қайсыбір жанрдағы өлеңдер тобында көркемдік бейнелеу құралдары күрделі, ұлттық реңі бай болып келсе, енді бір жанрлық топтағы өлеңдерінің тілі қарапайым, нақты. Алғашқы жанрлық топтағы өлеңдерді басқа тілге аудару аудармашыдан үлкен еңбекті, көп ізденісті талап етсе, кейінгі топтағы өлеңдерді аудару едәуір жеңіл. Алайда, аудармашылық шеберлігі кемел жетілген аудармашылар үшін де Абайдың өлеңдерін тәржімелеу, Абаймен ақындық жарыстыра отырып тәржімелеу оңай емес. Бұған Абай өлеңдерінің аудармалары толық негіз бола алады.

Абай Құнанбайұлының “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” өлеңін М. Петровыхтың орыс тіліне және Ричард МакКейннің ағылшын тіліне тәржімелеген аудармаларымен салыстырып көрейік:

Түпнұсқа:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,*

*Пайдасын көре тұра тексермедім.*

*Ержеткен соң түспеді уысыма,*

*Қолымды мезгілінен кеш сермедім.*

*Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,*

*Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?*

*Адамның бір қызығы – бала деген,*

*Баланы оқытуды жек көрмедім.*

*Баламды медресеге біл деп бердім,*

*Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.*



Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.  
Еңбегіңді білерелік еш адам жоқ,  
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

Орысша аудармасы:

*Я презрел познание, юноша пустой.  
Видал пользу в нем, но шел стезей другой.  
Возмужал — наука из-под рук ушла.  
Поздно к ней ты устремился, разум мой!  
Кто повинен, что остался я ни с чем?  
Смолоду учась, я был бы не такой!  
Из людских отрад одну зовут — дитя  
Обучение детей - наш долг прямой.  
Сына отдал в медресе: "Учись, родной!"  
Цель не в том, чтобы достался чин большой.  
Сам к высотам я стремился всей душой.  
В красноречии мне уступал любой.  
Но ведь некому здесь оценить мой труд...  
Под конец я предпочел всему покой .*

Ағылшынша мәтіні:

*When I was young I didn't give much thought to  
knowledge,  
I saw the use, but didn't test it out.  
When I grew up, I didn't know how to latch onto it.  
I stretched out my hand to it very late.  
Who should I blame that I was left with nothing?  
If I'd striven in time would I be like this now?  
Children are one of the joys of life.  
I'm not against teaching children.  
I put my son in the madrasah, so that he could  
acquire knowledge  
and not so that he could gain favour and status.  
I myself strove to better myself  
In the field of rhetoric I was second to none among the Kazakhs.  
But no one can value your works,  
and so I preferred in everything the peace of solitude.*

Аудармашы М. Петровых аудармасында Абайдың өлеңі едәуір өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен, аудармашы ақын өлеңінің мазмұнын, оның сезім сырын, ақынның көңіл күйін жіті танып, толық және дұрыс жеткізген. Түпнұсқаның әр сөзін, әр тармағын терең түсіну, соның нәтижесінде өлеңнің мәнін, рухын ұғыну аудармашыны жалаң жадағай аударудан сақтандырып, тиісті шығармашылық табысқа жеткізген. Аудармашының басты жетістігі – өлеңнің мазмұнын, ішкі эмоциялық байлығын орыс тілінде белгілі дәрежеде дұрыс бере білуінде. Әйтсе де, аудармашы бұл жерде де өз тарапынан өзгертулер жасаған. Абай осы өлеңінде өзінің ғылым жолын жастай қумағанына, ержеткен соң іздегенде ғылым жеткізбей кеткеніне өкініш білдіріп, сол өкінішін сыр қылып толғайды.

Аудармада ақынның осы сыры қосымша желілермен толықтырылған. Түпнұсқада істің құбылыстың иесі ақынның өзі болса, аудармада ғылымға кеш ұмтылған ақын емес, оның ақыл-ойы болып шыққан. Түпнұсқадағы “түспеді уысыма”, “қолымды мезгілінен кеш сермедім”, “қолымды дөп сермесем, өстер ме едім” деген сөз тіркестерін өзге тілдерге аудару қиын. Тұрақты тіркес дәржесінде пайдаланылған мұндай тілдік құралдардың мазмұнын аудармашы орыс тіліне қарапайым, тура мағынадағы тілдік құралдардың тобы арқылы аударған. Өлеңнің мазмұндық желісі де осы бағытта тәржімеленген. Бірақ та, ол

түпнұсқаның мағыналық құрылымына, тақырыбы мен идеясына, ондағы мінез табиғатына мүмкіндігінше терең бойлаған. Соның нәтижесінде аудармашы түпнұсқаны сөзбе-сөз немесе жолма-жол аударуға бармай, оның мазмұны мен мағынасын терең жеткізуге жол тапқан. Сонымен қатар, ол түпнұсқаның пішініне тән ерекшеліктерді де сақтауға күш салады. Аудармада жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, кейбір аударылмай, өзгерістерге, толықтыруларға түскендігіне қарамастан, аудармашының шеберлігі, түпнұсқаның әлеуметтік эмоциялық мазмұнына адалдығы ойдағыдай деңгейде көрініс табады.

Абайдың бұл өлеңі ағылшын тілінде көркемдігін, әуезділігін жоғалтқан. Аудармашы осы өлеңді жай, қарапайым тілмен тәржімелеген. Және де түпнұсқадағы кей сөздерді өз мағынасынан бұрмалап, басқаша аударған. Түпнұсқадағы “Ержеткен соң түспеді уысыма, /Қолымды мезгілінен кеш сермедім” дегенді ағылшынша “When I grew up, I didn't know how to latch onto it. /I stretched out my hand to it very late”, яғни, “Мен өскенімде, оны қалай алуды білмедім. /Мен оған қолымды кеш создым” деп берген. Бұл жерде аудармашы “сермеу” дегеннің орнына “созып” деп қате жіберген. Осы бір ғана сөз өлеңнің сол екі тармағының мазмұнын бұзып, мәнін кетіріп тұр. Түпнұсқадағы “шен” сөзін аудармада “favour and status” деп берген, оны қазақшалап “ықыластық және мәртебе” болып шығады. Жалпы алғанда ол сөздер түпнұсқа мазмұнын ашып тұр. Әйтсе де, қазақша сөздің ағылшынша өз нақты баламасымен, яғни, “rank” деп аударуы керек еді деп ойлаймын. Аудармашының тағы бір жіберген қателігі мынада: аудармашы ақынның “Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім” дегенін “and so I preferred in everything the peace of solitude” деп тәржімелеген. Аударманы қазақшаға қайтадан тәржімелесек “енді мен бәрінен де жалғыздықты тандадым” болып шығады. Ақын өлеңінде жалғыздық туралы әңгіме болып отырған жоқ, тек тыныштық туралы. Ал, аудармада бір өзінің жалғыз қалғанын тілеп отырғандай болып көрінеді. Ағылшын тілінде оқитын оқырман бұл өлеңнің осы тармағының мағынасын дұрыс түсінбей, және де осы өлеңді жазған ақынды ғылымнан да, айналасындағы адамдардан да айырылып қалған деп ойлауы әбден мүмкін. Дегенмен, аудармашы Абайдың бұл өлеңінің кей сөздерін дұрыс тәржімелемесе де, әуезділігін, ырғағын кетірсе де, жалпы мағынасын берген деп есептейміз.

### Әдебиеттер

1. Президенттің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан 2020ж.
2. Слова Назидания Великого Абая в стихах 11 января 2019.
3. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. -Орал: Оптика, 2006. -164 б.
4. Абай туралы философиялық трактат.Ғарифулла.Е Алматы.2004
5. Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері. Ә.Молдаханов.Алматы.2011

ӘОЖ 378.02:372.857.854:378

UDC 378.02:372.857.854:378

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРМЕУШЛІГІН БОЛДЫРМАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**Жұмабаева Д. Х.** Пф-19-5к2 -топ  
Ж.Тәшенев атындағы университет  
а.о.Сарсекенова А.Ж.

#### Түйіндеме

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгермеушілігін болдырмаудың жолдары

Мектептегі оқу жұмысының сапасы-мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Оқу – баланың өзінің танымдық

белсенді әрекеті. Оқу басқа іс-әрекеттерге қарағанда, оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады.

#### Abstract

The quality of educational work at school depends on the ability of the teacher to properly organise the learning activities of students, to improve its efficiency as much as possible. The main and leading form of student activity is reading. Reading is an active cognitive activity of the child. Reading, unlike other activities, develops students' cognitive abilities and gradually forms a moral attitude to the world.

«Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау».

Оқытудағы оқушының сапалық сипаттамасының құрамдас бөлігі ретіндегі базалық компетенцияларының кең ауқымды сипаты түрінде нақтылынған мақсат оқытудың күтілетін нәтижелерін береді. Нәтижеге бағдарланған білім жүйесін қалыптастыру жеке тұлғаның сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып жүргізілуде. Жаңа мазмұнға сай ұлттық базалық компетенциялары анықталып, білім беруді демократияландыру негіздері мен жалпы аймақтары нақтыланып, түйінді және пәндік компетенциялар айқындалуда. Оқу сапасын жетілдіруде білім мақсаттарының күтілетін нәтижеге бағдарлануы жан-жақты білімді, өз мамандығын жетік білетін, бәсекеге түсе алатын жеке тұлғаны бастауыш сатыдан бастап дайындауға бағыттайды. Осыған орай мектептің бастауыш сатысында оқыту мазмұнын жаңалау және технологияларды пайдалануға байланысты жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Педагогиканың негізін қалаушы ағартушылар: Я.А.Коменский, Т.А.Ильина, А.С.Макаренко, Жан-Жак Руссо, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев т.б. берік білім беру пікірлерін білдірген.

Қазіргі кезде бұл мәселемен Қазақстан және ТМД ғалымдары: Р.М.Қоянбаев, А.А.Бейсенбаева, В.П.Карибжанова, Г.К.Шолпанқұлова, ал бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімі мәселесімен Т.Жүндібаева, К.Тілеубергенова, С.Нашарипова сынды озық тәжірибелі педагогтар айналысуда.

Оқытудың, тәрбиелеудің, білім берудің түрлі мүмкіндіктерінің алдын - ала болуын қалау, сабақ берудің сапалы деңгейін көрсететін білік пен дағдыларды қалыптастыру, қазіргі мұғалімдердің ең басты міндеттерінің бірі.

Көптеген мектептерде мемлекеттік білім стандарттарын енгізумен қатар жаңа пәндердің көптеп қосылғандығы, авторлық білім беретін және тәрбиелік бағдарламалардың жиі қолданатындығы, халықаралық білім беру бағдарламаларының игеріліп өз нәтижесін беріп жатқандығы кеңінен мәлім. Мұның барлығы шәкірттермен жұмыс істейтін әр типтегі барлық білім беру мекемелеріндегі балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие саласын жетілдіруге бағытталған.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Ол алдын-ала жасалған жоспар мен бағдарлама бойынша мұғалімнің басшылығымен жүйелі түрде іске асырылып отырылады. Сондықтан, оқу басқа іс-әрекеттерге қарағанда, оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады. Оқу – баланың өзінің танымдық белсенді әрекеті.

П.П.Блонский өзінің «Қиын оқушылар» атты еңбегінде үлгермейтін оқушылардың типтерін физикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты бөліп қарастырған.

Үлгермейтін оқушылардың типологиясы бойынша құнды материал «Үлгермейтін және тәртіпсіз оқушыларға жеке ықпал ету» Л.С.Славинаның кітабында жазылған. Бұл еңбекте үлгермейтін оқушылардың топтары, үлгермеушіліктің негізгі себебі анықталған.

Б.Г.Ананьев ғылымында педагогикалық үрдістегі бағаның ролі көп жақты зерттелді.

«Жеке тұлға психологиясының очеркі» атты В.С.Мерли (1959) еңбегінде

кейбір оқушыға мына жұмысты жақсы орындадың деген жеткілікті. Ал басқаның жұмысын осы түрде бағалағанда, ол жеткіліксіз, оған үлкен баға қажет екені анықтады. «Оқыту оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» – дейді ғалым-педагог Л.В.Занков:.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуы- нан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» – деп тұжырым- дайды.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы,оны істей білуі мен танымды белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын тол ғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабақта оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Философия тұрғысынан танымға мынадай анықтама берілген. «Таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой- өрісінің күрделі үрдісі». Адам танымы байқаудан нақты аңғарудан заңдарды теория жүзінде ашуға, сонан кейін ол заңдарды теория дан практикада қолдануға қарай жүріп отырады.

Практика тұрғысынан оқушылардың танымы-өзіне тән ерекшелігі бар күр делі психикалық үрдіс. Оқушылардың нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себептер болады. Оқушылардың білім алуды ілгері қарай бастауына себепкер болатын негізгі күш түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қиындықтар мен қайшылықтар кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асыры лады. Оқыту үрдісіндегі ең негізгі қайшылық, ол – педагогикалық міндет талаптармен оқушылардың мүмкіндіктерінің білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі деңгейі арасындағы қайшылық.

Бастауыш сынып оқушылары дегеніміз 6-10 жас аралығындағы балалар. Осы жаста олардың жеке психологиялық, әлеуметтік адами қасиеттері қалыптасады және оларға тән өзгешеліктер де пайда болады. Мәселен, біріншіден, олардың материалдық, қарым-қатынас тық, эмоционалдық қажеттіктерін отбасы қамтамасыз етеді. Олар ата-ананың қамқорлығында. Екіншіден, олардың әлеуметтік-танымдық қызығушы лық құштарлықтарын мектеп қалыптастырады, дамытады. Үшіншіден, ата-ана, мектепке арқа сүйей отырып, сыртқы жағымсыз нәрселерден бастауыш сынып оқушыларын қорғай алады. Себебі ата-ана, мектеп-бастауыш сынып оқушыларының қамқоршылары.

Бастауыш сынып жасындағы баланың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі- кешегі мектеп жасына дейінгі бала-бүгін бастауыш мектеп оқушысының болуы. Мектеп жасына дейінгі бала мектепке келгеннен кейін бұрынғы еркіндіктен айырылады, мұғалім балаларды мектеп тәртібіне шақырады, бостандықта болып қалған бала мектептегі тәртіпке бірден көндіге алмайды, содан балалармен ересектерарасында өзара түсінішпеушілік пайда болады.

Бастауыш сынып жасындағы бала бұрын ойынмен айналысса, енді оқумен айналысуына тура келеді, оқу-ойынға қарағанда өте күрделі үрдіс. Оқуда танымдық, адами қасиеттер күрделене түседі, сондықтан да бала іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан қайта құруда мына төмендегідей кезеңдерден өтеді:Біріншіден, мектеп өміріне үйрену.

Екіншіден, мектеп, сынып ұжымдары арқылы қатынастарды реттеу, ересектермен (ұстаздармен) қарым-қатынасты орнату.

Үшіншіден, мектептің ішкі тәртібіне бағыну, қабылдау, қалыптасу.

Осы үш кезеңнен сүрінбей өту, ішкі тәртіпті дұрыс қабылдау бастауыш мектеп оқушыларының ұжымға мүше болып үйренуіне мүмкіндік береді. Дегенмен, балалардың мектеп өміріне үйренуінің өзіндік қиыншылықтары да бар.

1.Бірінші қиындық. Баланың уақытысында ұйқыдан ояна алмауы, мектепке керекті оқу құралдарын мезгілінде жинай алмауы, сабақта тәртіп сақтап тыныш отыру, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындау, үй тапсырмасын, қоғамдық тапсырманы орындау, т.б. бастауыш сынып оқушыларына қиынға соғады. Бала психологиялық, педагогикалық тұрғыдан дайын емес болғандықтан алғашқы күндері осы тәртіпке көн- діге алмайды, сондықтан бала үйде шатақ шығарып, мектепке барғысы да келмейді.

2.Екінші қиындық. Сыныптағы оқушылармен, ұстазымен қарым-қатынасты үйлестіру жұмыстары. Бастауыш сынып оқушысы үшін алғашқы мұғалім періште, пайғамбардай

болып көрінеді, ұстаз бәрін білетін адам, ол бәрінен ақылды, данышпан, тек соған ғана сену керек деп ойлайды, кейбір оқуда үлгере алмайтын оқушыға мұғалім ұрыс- қақ, зәлім, тажал болып көрінуі мүмкін. Бастауыш сынып мұғалімі балаларға мейірімді, қамқоршы, жанашыр, кез келген уақытта көмек бере алатын, өзі тәрбиелі, білімді адам болып, жағымды жағынан көрінгені абзал, бала мұғалімнен қорықпауы, силауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тағы бір мәселесі- ол балалардың сыныптағы өзара қатынасы. Бұл жерде де мұғалім бастауыш сынып тағы балалар қатынасын үйлестіруші. Бала барлық нәрсеге мұғалімнің көзімен қарайды. сыныпта антогонистік қайшылықтар: балалар ұжымы жағдайы жақсылар, жағдайы нашарлар болып екіге бөлінуі мүмкін, мұғалім оны шешуі тиіс. Мұғалім шеше алмаса жақсы ұжым құрып, дұрыс тәрбие бере аламайды, баланы тәрбиелеуде педагогикалық кемшіліктер жіберіп, балаларды жастайынан жаман жолға итерме- леуге себеп болады.

Бірінші кемшілік- балаға адами құндылықтың, адамгершіліктің не екенін педагогикалық тұрғыда түсіндіре алмау, балада адамгершіліктің бастауы қалыптаспаған, соған жастайынан үйренбеген.

Екінші кемшілік- ақыл ойдың педагогикалық тұрғыдан дұрыс дамымауы. Осыдан барып баланың оқуға деген жалқаулық, оқығысы, үйренгісі, білгісі келмеуі туындайды.

Үшінші кемшілік- адами-әсемдік, сұлулық дегенді білмей, түсінбей өсуі. Әсемдік, көркемдік, сұлулықты түсінбеген баланың жүрегінің жылуы болмайды.

Төртінші кемшілік- медициналық-педагогикалық. Баланың денсаулығының, ақыл-ойының кемістігі, патологиялық кемшілігі. Ондай бала тазалық, тәртіп, сыйластық, қамқорлық дегенді түсінбей өтуі мүмкін.

Бесінші кемшілік-баланың еңбекке деген адами құлшынысының жоқ болуы. Мұндай жағдайда жалқаулық бойын мендеп, «жатып ішер ас болса» деген адам өседі. Әрине бұл кемшіліктердің бала бойында болуына біріншіден ата -ана жауапты, ал мектепке келгеннен кейін ол кемшіліктердің жойылуына мұғалім көп көңіл бөліп, жеке жұмыстар жүргізіп, көп еңбектенуі керек.

Осы бес кемшілікті жою- балаларды әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда қорғау, жаман жолдан сақтандыру болып табылады.

3. Үшінші қиындық. Балалардың отбасымен қатынасы. Мектепке барған нан кейін бала бұрынғы балалық дәрежесінен айырылып, жауапты адамдар қатарына қосылады, бұл кезде бала төзе алмай түрлі жағдайға ұшырауы мүмкін.

Біріншіден, ата -анасы балаға мектепке керекті құрал-жабдықтар алған, ол ойыншықтардан күрделі және сабаққа дайындық керек сондықтан балаға бақылау күшейеді, ол балаға ұнамайды, тәртіп сақтаудан қашады, осыдан бала мен ата-ана арасында кикілжің пайда болады.

Екіншіден, керісінше, балаға жаңа рөл беріліп, сабаққа жауапкершілік пен қарайды, көп нәрсені өзі тындырады. Бірақ бұған ата-ана жөнді мән бермейді де, ол әрекетті баланың ойыны ретінде қарайды, ол өзіне көңіл бөлінбегендігін түсініп, біртіндеп сабаққа деген ықыласы төмендей береді.

Үшіншіден, бала ата-ананың өзінің оқуға деген ықыласына көп көңіл бөлгенін біліп, үстіне төніп тұрғанын сезіп, ол да өз шартын алға тартады, кей жағдайда әрбір жақсы бағаға сыйлық ақша талап етеді.

4. Төртінші қиындық. Бастауыш сынып оқушыларының үй жұмысын, үйге берген тапсырмасын орындауда қиналуы.

Зерттеуші ғалым-педагогтардың айтуынша бастауыш мектеп оқушыларын үй жұмысын орындауда бірнеше топқа, кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші топ оқушылары үй тапсырмасын көтеріңкі көңілмен, қиналмай орындайды. Мұндай оқушылар тобын романтиктер дейміз. Олардың оқуға деген қызығушылығы бар. Өздерін ересектер санатында ұстайды. Бірақ уақыт өткен сайын сол балалардың кейбіреуі оқудан жалығады, қызығушылығы басылады, үлгерімі төмендей береді. Бірақ сабақты орындау міндет екенін ғана біліп, үй жұмысын орындау тек салтқа айналады.

Екінші топ оқуды, үй жұмысын орындауды шарт деп білу, балалардың сабаққа деген ынтасына қарай, оларды үш топқа бөлуге болады:

Бірінші – ынтамен оқитындар.

Екінші- жалпы үрдіспен оқу керек, ата-ананы, мұғалімді ренжітпейін деген оймен оқу, яғни өзі үшін емес, біреу үшін.

Үшінші – сабақтан үлгере алмай, артта қалып қойғандар тобы.

Осы үш топтың әрқайсысымен өзіндік жұмыс жүргізу- бастауыш сынып ұстаздары мен ата-аналардың міндеті. Бірінші топтағы оқушыларды қолдап отырса, екінші топтағыны көтермелеп, ал үшінші топтағыны бірде міндеттеп, бірде мақтап, барлық жағдайда қолдау көрсетіп, көмектесіп оқыту керектігін ұстаздар мен ата-аналардың естеріне саламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2020.
2. Сарсекенова А.Ж. «Қоршаған ортаны оқыту әдістемесі» А.Прайст лист.2022
- 3.Бабаев С. Бастауыш мектеп педагогикасы.- Алматы, 2017.
4. Мирозова А.Т. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудағы мұғалімнің кәсіптік шеберлігі. // Ұлағат. 2/ 2018, 3-8 бет.

ӘОЖ 378.02:372.857.854:378

UDC 378.02:372.857.854:378

## ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Дадаева Д. Х. Пф-19-5к 2 -топ  
Ж.Тәшенев атындағы университет  
а.о.Сарсекенова А.Ж.

### Түйіндеме

Оқытудың инновациялық технологияларын, ойын элементтерін, көрнекілік терді тиімді қолдану арқылы оқушылардың танымдық ой – өрісін кеңейтіп, есте сақтау, ойлау, шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, зердесін тереңдетеді. Оқушылардың пәнге қызығуын арттырып, сабақта алған білімін жетілдіруге, өздігінен ізденіп, шығармашылық жұмыспен айналысуға, алған білімдерін пайдалануға, алғырлыққа шыңдауда ойын сабақтары мен ойын элементтерінің маңызы өте зор.

Abstract

Through the effective use of innovative teaching technologies, game elements, and visual arts, students expand their cognitive thinking field, improve their memory, thinking, creativity, and deepen their intelligence. Game lessons and game elements are very important in increasing students' interest in the subject, improving the knowledge they have acquired in class, doing independent research, engaging in creative work, using the knowledge they have acquired, and improving their skills.

Ойын – балалар үшін оқу да еңбек те. Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ойын балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Ойын арқылы баланы жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке әдептілікке тәрбиелеуге болады. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Ойын ойнамай өсер бала бола ма?» деп ойынның бала өміріндегі маңызын сипаттаған болатын.

Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды.

Оқушылардың дүниетанымдық ой-өрісін дамыту, пәнге деген қызығушылығын ояту оқыту үрдісіндегі басты проблеманың бірі.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Нәтижесінде ойлау қабілеті дамиды, білім алады. Нашар оқушылардың сабаққа ынтасы артады. Психикасына сапалы өзгерістер әкеледі. Мінез құлқы қалыптасып, таным қабілеті артады. Ойынды ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне тікелей байланысты. Бала ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және не дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу- тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

«Ұйқасын тап» ойын түрлерін қолдану оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Шай ішетін кеше, Сатып алдық (кесе).

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.

Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, қызығушылығы артып, шығармашылығы дамиды.

Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

Мақсаты– ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын, ой өрісін қалыптастыру, шығармашылығын, пәнге қызығушылығын инновациялық технологияларды білім беруде қолдану арқылы арттыру.

Оқытудағы ойынның міндеті:

\* Ойын арқылы оқу мен тәрбиені ұштастыра отырып, білім деңгейімен дағдыларын жетілдіру.

\* Ойната отырып, жаңа білімді меңгерту.

\* Танымдық қызметі мен ой-өрісін кеңейту.

\* Оқушының өзіне деген сенімін арттыру, оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін дамыту.

\* Оқушыларды адамгершілікке бір-бірін сыйлай білуге, көмектесуге үйрету.

\* Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру.

Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді, ойын элементтерін пайдаланудың ерекшеліктері көмектеседі.

Заты мен аты бар ойынын ойнату әдісі: Ойынның мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге жаттықтыру, тілдерін ұстарту.

Жемістердің бәрі бар,

Бау бақшадан танып ал.

Ол үшін не керегін, Берем әр зат дерегін:

Біреуін қағу керек, Біреуін шағу керек, Біреуін жару керек, Біреуін ору керек,

Біреуін қазу керек, Біреуін үзу керек, Біреуін үгу керек, Біреуін жұлу керек,

Біреуін турау керек, Біреуін теру керек, Біреуін тілу керек, Біреуін аршу керек,

Біреуін қуыру керек, Біреуін пісіру керек, Шатастырмай айт, қане,

Ол қай жеміс аттары? Жауаптары(дұрыс па түсіндір):

Қағатының – алма, Шағатының – жаңғақ, Жаратының – қарбы. Оратының – тары,

Қазатының – картоп, Үзетінің – жүзім, Үгетінің – жүгері, Жұлатының – қияр,

Турайтының – орамжапырақ, Теретінің – шие, Тілетінің қауын, Аршитының пияз,

Қуыратының – күнбағыс, Пісіретінің – асқабақ... Міне, осы дұрысы.

Ал, қалайша бұрысы?

Қарбызды қақпайсың, Алманы шақпайсың, Пиязды жармайсың,

Жаңғақты ормайсың, Асқабақты қазбайсың, Картопты жұлмайсың,

Орамжапырақты үкпейсің, Тарыны үзбейсің, Жүгеріні турамайсың,

Күнбағысты термейсің, Шиені тілмейсің, Жүзімді аршымайсың,

Қауынды қуырмайсың, Қиярды пісірмейсің.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады. Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады. Сабақты өткізуден алдын оқушылардың назарын, ынтасын сабаққа психологиялық жаттығу арқылы аударамыз.

Психологиялық дайындық

Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін

Қайырлы түн, қайырлы күн, Күліп шықты бүгін күн

Сабақта оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруға қолданылатын дидактикалық ойындар:

“Интервью” ойыны.

Ойынның ережесі: Сынып 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың 1 оқушылары жұп құрастырады: біреуі корреспондент болады, екіншісі кейіпкер (үй жұмысын тексерерде күні бұрын дайындалып келуге болады, сұрақтарды дайындайды)

“Кім тапқыр?” ойыны.

Ойынның ережесі: сынып 3-4 топқа бөлінеді, бұл топта қамқорлар көп екенін анықтауға керек. Әр оқушының алдында дөңгелекшелер дайындалған. Мұғалім тақта алдындағы жолақшаларға дөңгелекшелермен бір сөздің схемасын құрастырады. Мысалы, 000. Мен қандай сөз құрастырдым? Кім жауап бере алады? Әр топтың жауаптары фишкамен белгіленеді. Тапсырманы өзгертуге болады. Бұл ойыннан кейін фишканы жазғызуға болады. Есіңізде қандай сөз қалды. Ұмытқан оқушылар дөңгелектерге қарап естеріне түсіре алады. Неше әріп болу керегін де санай алады.

